Одной из ведущих идей Концепций являлась переориентация педагогических вузов на подготовку самостоятельно мыслящих учителей, способных к постановке целей, планированию и реализации учебного процесса, обладающих способностью и готовностью к всемерному формированию у учащихся

ключевых компетенций, созданию доброжелательной атмосферы в классе и умеющих отслеживать и оценивать результаты своей деятельности, осуществлять духовно-нравственное, гражданско-патриотическое, экологическое и здоровьесберегающее воспитание молодого поколения казахстанцев в рамках непрерывной педагогической практики на базе школ, начиная с первого и до последнего года обучения.

Концепции прошли широкое обсуждение в республиканской педагогической прессе (газеты «Учитель Казахстана», «Казахстанская правда», журнал «Высшая школа Казахстана») и на международной конференции «Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития» (18-19 мая 2004 г.), где была проведена их презентация. Педагогическая общественность одобрила эти документы и рекомендовала их для представления в Министерство образования и науки РК.

21 декабря 2005 года Коллегией МОН РК Концепции были утверждены и было принято решение о необходимости разработки и внедрении с 2007-2008 учебного года в вузах Казахстана стандартов высшего педагогического образования на основе ведущих положений утвержденных Концепций. Приказ Министерства образования и науки РК от 4 января 2006 года требовал обеспечить реализацию решений данной Коллегии.

Необходимо отметить, что в «Государственную программу развития образования в РК на 2005-2010 гг.», в пункт «Подготовка, переподготовка и повышение квалификации педагогических кадров» включены некоторые положения из Концепции непрерывного педагогического образования и Концепции высшего педагогического образования Республики Казахстан.

Конкретными шагами по реализации данных Концепций стали разработка учеными кафедры педагогики КазНПУ им. Абая ГОСО и типовых учебных программ по педагогическим дисциплинам «Введение в педагогическую профессию», «Развитие школы и педагогической мысли в истории человечества», «Педагогика», «Методика воспитательной работы» и по непрерывной педагогической практике. Одним из значимых результатов внедрения основных положений Концепций является создание учебника нового поколения «Педагогика» (на казахском и русском языках). Вместе с тем до сих пор эти Концепции не получили полной и должной реализации.

В концепциях говорилось о том, что учет и реализация такого важнейшего принципа как практическая направленность требует радикальных изменений в структуре профессионально-педагогической подготовки будущих учителей по схеме 4+1.

Предложенная структура педагогического образования (4+1) предполагала 4-х годичную профессионально-педагогическую подготовку и год стажерской практики в организациях образования в качестве **учителя-стажера.**

В Концепциях отмечалось, что работа выпускников педагогических вузов в качестве учителя-стажера (5-й год) позволит:

- решить задачу непрерывной профессиональной подготовки будущих учителей от первого до выпускного курса;
- адаптировать выпускника педагогического факультета к реальному процессу непосредственно на производстве;
- закрепить молодые педагогические кадры в системе образования;
- сделать окончательный выбор жизненной стратегии – осуществлять профессиональную деятельность в организациях образования, продолжить обучение в магистратуре;
- приобрести практический педагогический опыт, дающий возможность в перспективе на качественно ином уровне осуществлять научно-педагогическую деятельность.

Сегодня, уже под руководством ректора КазНПУ им. Абая, академика НАН РК С.Ж. Пралиева, данная идея продолжает свое развитие [8] в рамках нового проекта общеуниверситетской кафедры педагогики «Системная модернизация педагогического образования Республики Казахстан», где поставлен вопрос о дуально-ориентированной подготовке будущего учителя в рамках единого образовательно-производственного кластера вуз-школа. Проект Концепции данной подготовки будет представлен 27 мая 2016 года в рамках Международной научно-практической конференции «Системная модернизация педагогического образования Республики Казахстан: проблемы, пути решения» в контексте национальной идеи «Мәңгілік Ел», посвященной 25-летию независимости Казахстана.

1. Корнев А.К. Дуально-ориентированная подготовка педагога профессионального обучения в формате образовательно-производственного кластера вуза// Среднее профессиональное образование. 2014. № 6. – С. 26-27.

2. Янковский В.Е. Система и содержание профессиональной подготовки учителя в современных западных странах. Дисс… к.п.н., 13.00.01. – Москва,2002. – 151 с.

3. Баскаев Р.М. О некоторых моделях профессиональной подготовки учителей в разных странах /jurnal.org/articles/2008/ped9.html копия

4. Кузьминых Ж.О. Профессионально-педагогическая подготовка будущих учителей в школах профессионального развития США: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01, 13.00.08 . – Йошкар-Ола, 2007. - 263 с.

5. Садыков Т.С., Жампеисова К.К., Хмель Н.Д., Бейсембаева А.А. Хан Н.Н., Калиева С.И. К вопросу о реформировании системы непрерывного высшего педагогического образования. – Алматы, 2004.

6. Садыков Т.С., Жампеисова К.К., Хмель Н.Д., Бейсембаева А.А. Хан Н.Н., Калиева С.И. Концепция развития непрерывного профессионального педагогического образования РК // Вестник КазНПУ им. Абая. №1(6). 2004. – С-3-12.

7. Садыков Т.С., Жампеисова К.К., Хмель Н.Д., Бейсембаева А.А. Хан Н.Н., Калиева С.И. Концепция высшего педагогического образования РК // Вестник КазНПУ им.Абая. №1(6). – 2004. – С.12-23.

8. Пралиев С.Ж., Жампеисова К.К., Хан Н.Н., Колумбаева Ш.Ж., Кайдарова А.Ж. Концептуальные основы системной модернизации педагогического образования Республики Казахстан //Педагогика и психология: научно-методический журнал КазНПУ им. Абая. – №1(22), 2015. – С.44-60.

Түйіндеме

Мақалада болашақ мұғалім дайындығының дуалды-бағдарлы оқыту аясындағы сапалық өзгерістерінің мән-жайы мен ерекшеліктері ашылады. Мұндай дайындықтың шетелдік тәжірибесі АҚШ, Ресей елдерінің мысалында ұсынылған. 1) Қазақстанда болашақ мұғалімді дуалды-бағдарлы дайындауға көшу қажеттігі жайында Абай атындағы ҚазҰПУ-да әзірленген «Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогынның үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамасында» (2005 ж.) және «Қазақстан Республикасы жоғары педагогикалық білімі тұжырымдамасында» (2005 ж.) айтылғандығы; 2) осы Тұжырымдамалардың ҚР БҒМ Алқасында бекітілгеніне қарамастан, олардағы 4+1 үлгісі бойынша (тағылымгер-мұғалім ретіндегі мектептегі 1 жыл жұмыс) жоғары педагогикалық білімнің құрылымын өзгерту аясындағы ұсыныстардың жүзеге аспағандығы; 3) осы көзқарастардың аталған университеттің педагогика кафедрасы жаңадан әзірлеген «Қазақстан Республикасы педагогикалық білімін жүйелі модернизациялау тұжырымдамасында» ұсынылғандығы сөз болады.

Summary

The paper reveals the essence and specifics of qualitative changes in training of future teachers in the framework of dual-oriented learning. It includes brief description of foreign experience of implementing such training in the United States and Russia. It includes the following: 1) the need of transition to dual-oriented training of future teachers in Kazakhstan was discussed in "The Concept of continuous pedagogical education of teachers of new formation of the Republic of Kazakhstan" (2005) and "The Concept of Higher Pedagogical Education of the Republic of Kazakhstan" (2005) developed by Abay KazNPU; 2) recommendations presented in these Concepts in the framework of restructuring of higher pedagogical education by model 4 + 1 (one year of work in the school as a teacher-intern) have not been implemented, despite the fact that these Concepts were approved by the Board of MES RK; c) today, these items are presented in the updated "Concept of systemic modernization of pedagogical education of the Republic of Kazakhstan" (2016.), which has been developed at the Department of Pedagogy of this University.

ӘОЖ 54.372.8

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Тугелбаева Л.М. – *х.ғ.к., жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының доценті,*
Рыскалиева Р. Г. – *х.ғ.к., бейорганикалық және жалпы химия кафедрасының доценті,*
Космаилова Б.С. – *«6М011200 – Химия» мамандығының 2 курс магистранты*
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
tugelbaeva-leila@mail.ru; balzhan_serik@mail.ru

Мақалада білім беру сапасын проблемалық жағдайды қолдану арқылы қалай жақсартуға болатыны жайлы қарастырылған.

Жоғары білікті маман дайындауда, жаратылыстану ғылымында жоспарлау, тәжірибелеу, талдау және нәтижелерді жария ету және кәсіби міндетін білуге, кәсіби мәселелерді шешуге, тиімді қарым-қатынаста болу және т.б. жаңа формадағы білім беруді қажет етеді, сонымен қатар білім сапасының жақсаруына септігін тигізеді. Оқытушылар студенттің тек білімін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар олардың эмоциялық ойына әсер етуі арқылы студенттердің өз білімдерінің күшіне сенуі үшін және олардың ойлау кезінде ой өрістерінің күрделі болып, өздеріне деген сенімін қалыптастыруды қадағалау керек. Және студенттердің білімге қызығушылығын қадағалап, қызығушылығын демеп студенттің ары қарай дамуына жағдай жасайды. Оқытудың дамытушылық кезі проблемалық оқытуды пайдаланғанда іске асады. Студенттердің білімге деген қызығушылығы, сол оқу барысында қойылған проблемаларды шешу кезінде арта түседі. Студенттердің проблемаларды шешу барысында түрлі ақпараттарды ізденуі, бұл олардың зерттеу құзырлықтарының дамуына көп септігін тигізеді.

Оқу үдерісі кезінде жоғарғы нәтижеге жету үшін, студенттердің белсенді қатысуы қажет, яғни олардың пәнді аса зейінмен тыңдауы, белгісіз нәрсені білуге деген құштарлығы болуы шарт. Студенттердің ойлау қабілеті жауап күтіп тұрған сұрақ бойынша жұмыс жасайды. Сол себептен, студент белсенді түрде жұмыс жасауы үшін, оның алдына таным міндетін қою керек. Сонымен қатар, бұл шын мәнінде жауапты қажет ететін нақтылы сұрақ болуы керек және химия пәніне деген қызығушылықты арттыратындай болуы керек. Проблемалық оқыту бұл студенттердің танымдық міндеттерін арттыратын және белсенділігін қажет ететін, оқытушымен бірге байланысты болатын технология. Проблемалық жағдайлар студенттердің еріксіз назарына сүйене отырып, сатылы түрде олардың зерттеу объектісіне ерікті назарын қалыптастыруына және ешқандай қиындыққа қарамастан пәнді меңгеруге деген құлшынысын арттыруға ықпалын тигізеді.

Түйін сөздер: проблемалық оқыту, проблемалық жағдай, оқыту, белсенді әдістер, ақпараттарды іздену, зерттеу объектісі, қызығушылық, тәжірибелеу, талдау жасау.

Дәстүрлі білім берудегі қалыптасқан оқу үдерістері әрқашан тиімді бола бермейді. Жыл өткен сайын ақпараттық өріс кеңеюде, ал ақпараттық құралдар жылдам және тиімді болуда. Заманауи оқытушылар міндетіне, оқыту барысында студенттерге тиімді білім алуы үшін жаңа білім беру технологияларын пайдалану керек. Химия ғылымы негізгі ғылым және тірі жүйені зерттеудегі мықты құрал болып табылады. Сондықтан таңдаған мамандыққа қарамастан студенттер бұл ғылымның идеяларын, заңдарын, әдістерін меңгеру керек.

Химияны оқытудағы оқу үдерісіне барлық оқу түрлері жатады, яғни дәріс, семинарлық сабақ және тәжірибелік сабақ. Сабақ беру барысын мұғалім өзі таңдайды, яғни дәстүрлі немесе заманауи технологияны пайдаланады. Көбінде қашықтықта білім беруде ақпаратты-дамыту, проблемаға-бағдарланған және командалық технологиясын пайдалануға болады [1].

Оқытушылардың оқу үдерісі кезінде 1960-жылдардан бастап проблемалық оқытуға айырша көңіл бөле бастады, бұл оқытуды пайдаланғанда олардың дербестігін дамытады және танымдық белсенділіктерін арттыратынын байқады. Проблемалық оқытуды пайдаланғанда студенттердің оқу үдерісі кезіндегі қандай жағдайда болатыны дидактикалық және психологиялық зерттеулер бойынша байқап қараған. Оқу үдерісі кезінде жақсы нәтижеге жету үшін, психологтардың айтуы бойынша екі жақтың да жақсы жұмыс жасау керектігін мойындаған. Ресейдің ғалымы А. Коржуев былай деп жазған: «Білім беру кезінде оқытушы студентке алған білімнің тек мазмұнын ғана түсінуін үйретіп қана қоймай, сонымен қатар қандай жағдайларда іске асыруға болатынын үйреткен жөн, яғни студенттің шығармашылық қабілетін дамытуға үлес қосқаны абзал. Сол кезде үйрену мен шығармашылық арасындағы байланыс түзеліп, қайшылықтар жойылады [2].

Оқу үдерісі кезінде проблемалық тапсырмаларды орындау барысында студенттердің шығармашылығы, қиыншылықтарды шеше білуі және олардың танымдық белсенділіктерін дамытуға көп септігін тигізеді және тек білім ғана алмайды, сонымен қатар олардың шығармашылығы да арттырады [3]. М.И. Махмутовтың айтуынша: адамның жаңадан өзіне белгісіз жағдайда, бұрын үйренген білімінің

көмегіне жүгіне алмай, қиыншылықты сезетін психологиялық жағдайын проблемалық ситуация деп атаған. Бұл кезде студент бұрынғы біліктілігі арқылы бұл ситуациядан шыға алмағандықтан, жаңа әдістер іздей бастайды [4]. Сол себептен оқытушы студенттің қызығушылығын арттыру үшін проблемалық сұрақтар, тапсырмалар қойып отыруы керек.

Оқытудың проблемалық әдісіне тоқталып кетейік. Бұл әдіс барлық оқытушылардың назарын аудартады. Ол түрлі сабақтарды, оның ішінде химияны оқытқанда өзін ақтайды. Проблемалық оқытудың мәні неде екен?

Оқытудың мәні оқушыларға белгісіз әдістерді қолдану арқылы проблемалық сипаттағы тапсырмаларды беріп орындау. Химияда негізгі интеграция пәндері болып жаратылыстану циклінің пәндері жатады: биология, география, физика, экология және тағы басқалары. Химия бойынша бағдарламалық материалды саналы игеру және түсіну үшін қажетті білім көлемін ұлғайтатын аралық пәндермен өзара байланысты орнату болып табылады.

Студенттерге химияға деген қызығушылығын арттыру және де оқу процесін ары қарай мотивация-лауда ұнайтын пәнмен байланыстыра отырып, қызықтыруға мүмкіндік жасайды. Жүзеге асыру механизмі болып пәнаралық байланыс кешенінде химияны оқытудың методологиялық маңызды құралдарының бірі және оны «Жаратылыстану» аймағына енгізу әдісі болып пәнішілік байланыстар болады. Пәнаралық интеграция ретінде пәнаралық принципі болады. Проблемалық тапсырмаларды беру жағдайының өзі, белгілі қиыншылықтарға төтеп беруімен, сонымен қатар таным белсенділігі мен психикалық процестерді мобилизаялауымен, ойлау-сөйлеу әрекетінің шығармашылық элементтерін қосуымен байланысты болып табылады. Жаңа білімдерді және оларды табу әдістерін игеруді емес, сонымен қатар оқушылардың психикалық дамуының сонымен қатар олардың шығармашылық қабілеттіліктерінің дамуын қамтамасыз етеді [4].

Проблемалық оқыту негізі болып проблемалық тапсырма беру арқылы оқыту болып табылады. Химияны оқытуға байланысты проблемалық оқытудың ерекшеліктерін келесі негізгі ережелерге келтіруге болады:

проблемалық оқыту кезінде студенттерге өзіндік шығармашылық жұмыс ептілігінің қалыптасуына жағдай жасайды;

химияның табиғи процестері мен өзара байланысын көрсетеді, таным әрекетіне қызығушылықты арттырады;

мақсатқа жету үшін табандылықты, зейіндікті және жұмысқа қабілеттілікті тәрбиелейді.

Проблемалық оқытуды іске асыру шарттары

Проблемалық оқыту келесідей жағдайлар бар болса іске асырылады:

- проблемалық жағдайдың болуы;
- студенттің қойылған талапты шешуге дайын болуы;
- мағыналы мүмкіндік бойынша шешу жолдары.

Сонымен қатар, келесідей қабылдау түрлері проблемалық жағдайларды оқытуды атап көрсетеміз:

- проблемалық жағдайларды шешу мақсатындағы оқыту гипотезаларын қалыптастыру - болған жағдайлардын туындауын түсіндіру, ұғымдар арасындағы байланыстарды, шамаларды қалыптастыру;
- білім беру гипотезаларын дәлелдеу әдістері - салыстыру бойынша дәлелдеу, логикалық дәлелдер, оқыту-зерттеу бойынша тәжірибелер нәтижесі.

Проблемалық оқыту барлық студенттерге арналған. Бұл проблемалық жағдай тудырту арқылы студенттерді оқуға қызығушылығын арттырады, сонымен қатар олардың ойлануына қадағалауға көмек берді және студенттің ақпаратты тез және сол ақпаратқа жылдам нәтиже жасауына көмек көрсетеді. Егер де студенттің оқу үлгерімі төмен болса онда ерекше әдіс қажет. Яғни проблемалық жағдайды тудырғанда оның зейінін оңайырақ сұрақтарға бұру қажет, сол арқылы оны ары қарай күрделірек сұрақтарға қатысуына жағдай жасай білу керек.

Көбінесе проблемалық жағдайды оқыту әдісінің ең тиімді кезі, ол оқыту материалдары тұжырымдамаларды қалыптастыруда, заңдар және ғылымға байланысты теориялар, оқыту материалдары түбегейлі жаңа емес, яғни студенттердің дербес жаңа білім ізденуге, қойылған студенттерге дербес ізденуге қолайлы болатындай болуы қажет.

Студенттерге проблемалық тапсырмаларды берген кезде, олардың жай болжам ретінде берілген тапсырмаларды дәлелдеу арқылы нақтылы мысалдармен көрсете білуі керек және берілген тапсырманы талқылаған сайын, әр студенттің өз ойы болғандықтан бас кезіндегі берілген тұжырымдар өзгеріп отырады. Талдау кезінде көп ойлар айтылады, басқа арнаға ауып кетпес үшін оқытушы қойған сұрағын нақтылау керек және студенттерге бағыт беруі қажет.

Бейорганикалық және жалпы химия курстар заттардың қасиеттері және олардың құрылымына байланысты оқытулар кезінде проблемалық оқытуға бағдарланған оқуға мүмкіндік береді. Сол себептен түгел курсты танымдық проблемаларды мен оларды шешу жолдары жүйесі ретінде пайдалануға болады, бірақ проблемалардың ауқымы әр түрлі болады. Химиядағы бір бөлімі үлкен ауқымды қажет етсе, келесі бөлімі айтарлықтай ауқымды қажет етпейді. Мысалға алар болсақ, әр түрлі кластағы неорганикалық қосылыстардың ұқсастығы, проблемалық жағдайды студенттерге демонстрациялық тәжірибе ретінде көрсету арқылы олардың алған білімін бекітуге болады. Кейін студенттер өздері бұл заттардың ұқсастығын өздері аңғаруы қажет. Мысалы: тәжірибе жүзінде келесі қосылыстардың топқа жататынын анықтау. Кальций мен фосфор оксидтері және олардың қандай ұқсастықтары бар екенін көрсету. Қарапайым реакциямен студенттер қандай оксид түріне жататынын анықтайды. Кальций оксидіне сумен әрекеттестіргенде лакмус қағазының түсу көкке боялды, яғни бұл түзілген қосылыс негіздік оксид болып табылады, ал екіншісі фосфор оксидін сумен әрекеттестіргенде лакмус қағазы қызылға боялды, яғни бұл түзілген қосылысымыз қышқылдық оксид. Кейіннен түзілген 2 ерітінділерді араластырғанда, түзілген қосылыс күлгін түске боялды, негіз бен қышқыл әрекеттесіп кальций (II) фосфаты, яғни тұз түзілді.

$$P_2O_5 + 3H_2O = 2H_3PO_4$$
$$CaO + H_2O = Ca(OH)_2$$
$$3Ca(OH)_2 + 2H_3PO_4 = Ca_3(PO_4)_2 + 6H_2O.$$

Енді осы көрсетілген бейорганикалық қосылыстарды атап көрсетсек: кальций - бұл металл, кальций оксиді - негіздік оксид, ал кальций гидроксиді негіз болып табылады. Ал екіншісі фосфор - бұл бейметалл, фосфор оксиді қышқылдық оксид, фосфор қышқылы.



Проблемалық оқыту кезеңдері

Проблемалық оқытуды жүргізу бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Проблемалық жағдайды құру. Бұл күрделі және жауапты кезең.

2. Проблеманы қабылдауға дайындық. Білімді өзектендіру бұл оқытудың алдыңғы кезеңдерінде, басқа пәндерде, күнделікті өмірде игерілген білімдерін еске түсіру.

Проблемалық жағдай құру оқытушыдан жоғары шеберлікті талап етеді. Бұл жерде студентке қойылған сұрақтарды шешуде жаңа және қосымша білімді қажет етеді, себебі өз білімі мен іс-әрекеті негізінде қойылған міндетті шеше алмайды. Студент өзі қосымша білім қажет екенін сезінуі қажет. Бірақ проблеманы шешуге студенттің шамасы жететіндей болуы қажет. Егер студенттің тапсырманы орындауға білімі жетпесе, оқытушыдан қосымша нұсқау алады.

3. Проблеманы шешу кезеңі, бұл бірнеше сатыдан тұрады:

Болжам айту.

Әр болжамды тексеру үшін оны шешудің жоспарын жасау.

Болжамды растау немесе жоққа шығару.

4. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу, бұл кезең мүмкін болса практика жүзінде дәлелдеген ұтымды.

5. Проблеманы тұжырымдау, бұл туындаған проблеманы танымдық есеп немесе тапсырма түрінде тұжырымдау. Оқытушы өзі қай сұраққа жауап іздеуді көрсетеді. Егер де тұжырымды студенттің өзі жасаса, онда өте тиімді болады.

Оқу процесін ұйымдастыруда оқытушы жетекші және серік ретінде болуы керек, бірақ білім көзі болу кері әсер етеді. Студент өзі шеше алатындай түсінікті, нақты тапсырмалар берілуі қажет.

Проблемалық баяндау, бұл жерде студентте білімі жеткіліксіз болған жағдайда, яғни алғаш рет белгілі бір құбылыстармен кездескенде, оқытушы өзі ізденуі қажет. Оқытушы жаңа білімді ашу жолдарын және қалай іздену қажеттігін, қалай зерттеуге болатындығын көрсетіп береді. Ары қарай студент өзі үйренуі үшін [5].

Қорыта келе, химияны меңгеру кезінде проблемалық оқыту технологиясын қолданудың тиімді екенін және бұл әдісті пайдаланудың маңызы зор екені айқындалды. Пәнді оқытуда проблемалық оқытудың студенттің танымдық әрекетінде өзіндік ізденуін және шығармашылын, логикалық ойлауын дамытатыны, тәжірибе жасап, ақылмен сыни тұрғыдан ойлануға бағыттайтыны анықталды және әдісті қолдану мақсатты тұрғыдан оң нәтижелер береді.

Оқу процесі кезінде проблемалық оқыту технологиясын қолдануда студенттің оқуға деген ынтасын арттырады, сонымен қатар оның ізденуі мен зерттеуінің көмегімен жаңа бір құбылысты ашуымен, сонымен қатар игерілген жаңа білімді проблемалық жағдайларды шешуде болжамды дәлелдеу, болжам жасау, талдау сонымен қатар дұрыстығына көз жеткізу және іс-әрекеттің нәтижелі болуын сезіну секілді тәсілдерді меңгерумен сипатталады.

1. Калуцкий П.В., Литвинова Т. М. Роль исследовательской работы в подготовке медицинских кадров //Высшее образование в России. – 2010. – Т.1. – №1. – 102-104 с.

2. Коржуев А. Как формировать критическое мышление // Высшее образование в России. – 2001. – №5 – 55-59 с.

3. Дендебер С.В., Ключникова О.В. Современные технологии в процессе преподавания химии: развивающее обучение, проблемное обучение, проектное обучение, кооперация в обучении, компьютер-ные технологии. – М.: 5 за знания, 2007. – 112 с.

4. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2003. – 720 с.

5. Құрманәлиев М.Қ. "Химияны оқытудың қазіргі технологиялары" оқу құралы. – Алматы, 2009. –112 бет.

Резюме

к.х.н., доцент кафедры общей и неорганической химии **Тугелбаева Л.М.,**
к.х.н., доцент кафедры неорганической и общей химии **Рыскалиева Р. Г.,**
магистрант 2 курса по специальности «6М011200-Химия» **Космаилова Б.С.**
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
tugelbaeva-leila@mail.ru, balzhan_serik@mail.ru

Применение проблемной ситуации при обучении химии

В статье рассматривается как можно улудшить качество образования с применением проблемной ситуации.

Для того чтобы повысить качество образования, в том числе естественнонаучное, готовить высококвалифицированных специалистов, осознающих свои профессиональные обязанности, ориентирующихся в профессиональных проблемах, анализирующих, экспериментирующих, планирующих свою будущую деятельность, активно внедряются новые, инновационные формы образования.

Преподаватели должны не только формировать знание у студентов, но и оказывать на них эмоциональное воздействие, то есть учить вере самим себе, умению получать удовлетворение от своей деятельности. Необходимо обратить внимание на желание у студентов получать знания, влиять на их активность через интерес. Проблемное обучение является основой для получения знаний, развития интереса. Умение решать проблему должно увеличить познавательную активность студентов. Участие студентов в процессе решения тех или иных образовательных проблем, принятие мер, поиск информации, безусловно, являются ключевым фактором в развитии исследовательской компетентности.

Для достижения высоких результатов в обучении необходимо, чтобы сами студенты были активны в познавательной деятельности. Студенты начинают мыслить, думать над вопросом, требующим их решения. Для этого, необходимо поставить перед студентами познавательную задачу, заинтересовать их. Поставленная задача должно быть конкретной, актуальной и конечно, направленной на дальнейшее изучение химии. Если преподаватель умело использует проблемную ситуацию, у студентов активизируется желание познавать неизвестное. Непроизвольное внимание у студентов в проблемных ситуациях помогает им несмотря на встречающиеся трудности, искать решение поставленной задачи.

Ключевые слова: проблемное обучение, проблемные ситуации, обучение, активные методы, профессиональные задачи, образовательная деятельность, поиск решения, педагогический эксперимент, решение задачи, актуальность задачи.

Summary

Candidate of chemical science, Associate Professor, Chair of Inorganic and General Chemistry, **Tugelbaeva L.M.**
Candidate of chemical science, Associate Professor, Chair of Inorganic and General Chemistry, **Ryskalieva R. G.**
Master, 2 course by specialty «6M011200-Chemistry» **Kosmailova B.S.**
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, tugelbaeva-leila@mail.ru; balzhan_serik@mail.ru

Problem situation the learning chemistry process in training

In article is considerating how to inprove quality of education and apply problems situation.

In order to increase quality of education, including natural-science, to train the highly skilled experts realizing the professional duties, who are guided in the professional problems analyzing, experimenting, planning the future activity actively new, innovative forms of education.

Teachers have to not only form knowledge at students, but also make on them emotional impact, that is teach belief themselves, to ability to have satisfaction from the activity. It is necessary to pay attention to desire at students to gain knowledge, to influence their activity through interest. Problem training is a basis for knowledge acquisition, interest development. Ability to solve a problem has to increase informative activity of students. Participation of students in the course of the solution of these or those educational problems, taking measures, information search, certainly, are a key factor in development of research competence.

In training it is necessary that students were active in informative activity for achievement of high results. Students start thinking, thinking over the question dema

nding their decision. For this purpose, it is necessary to put an informative task before students, to interest them. An objective has to be concrete, actual and of course, the chemistry directed on further studying. If the teacher skillfully uses a problem situation, students will have desire to learn the unknown becomes more active. The involuntary attention at students helps with problem situations to them despite the found difficulties, to look for the solution of an objective.

Key words: problem training, problem situations, training, active methods, professional tasks, education, educational activity, search of the decision, pedagogical experiment, solution of the problem, task relevance.

ӘОЖ 378.016:54

ФИЗИКА МАМАНДЫҚТАРЫ ҮШІН «ЖАЛПЫ ХИМИЯ» КУРСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Таумова А.Б. – *химия және химиялық технология факультетінің магистранты,*
Тугелбаева Л.М. – *химия ғылымдарының кандидаты, доцент,*
Ашкеева Р.К. – *химия ғылымдарының кандидаты, доцент,*
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Бұл мақалада соңғы уақытта өзекті болып отырған физика-техникалық факультетінің студенттеріне арналған «Жалпы химия» курсында экологиялық білім берудің мәселесі қарастырылған. Білім беру жүйесіне экологиялық компонентті кіріктіру, экологиялық білім беруді ұйымдастыру және дамыту, физика-техникалық мамандықтарының студенттеріне химия курсын экологияландырудағы ұстанымдары мәселелері айқын көрсетілген. Бұл жұмыста физика мамандықтарының студенттері үшін «Металдар» тақырыбын экологияландыру жайлы мәліметтер келтірілген. Металдардың қоршаған ортаға әсері туралы деректер берілген, олардың атмосферада негізгі ластығыштар болып табылатындығы зерттелген. Сонымен қатар, бұл мақалада химиялық элементтердің физико-химиялық, токсикологиялық және басқа да қасиеттері, олардың қауіптілігі (токсикалығы) бойынша классификациясы ашып көрсетілген. Мақалада «Металдар» тақырыбы бойынша студенттердің білімдерін тексеру үшін және мәліметтерді бекіту мақсатында тақырыпқа арналған химиялық-экологиялық тапсырмаларды ұйымдастыру жолдары берілген.

Түйін сөздер: экология, экологиялық білім беру, пәндерді экологияландыру, металл, химиялық элемент, материал, экологиялық компонент.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің міндеттері көрсетілген. «Ең басты мәселе – білім алу үшін ұйымдастыруға бағытталған ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаның дамуы және кәсіби шыңдауға, ғылым мен практика жетістіктеріне қажетті жағдайлар жасау» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1].

Бүгінде тек тәуелсіз Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем алдында экологиялық апат тұр. Адам ақыл ойының нәтижесі алып ракеталар, атом станциялары, зауыттар мен фабрикалар, кейбір ғажайып көлік түрлері ғылыми прогресс жетістіктері өмірімізді байыта түсумен қатар, қауіп-қатер туғызуда. «Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыз өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиға ортаның таза болуы үшін күш салуы керек», - деп көрсетілген Елбасының халыққа Жолдауында [2].

Себебі экологиялық жағдайдың күрт нашарлауына байланысты қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерге адамның биологиялық – генетикалық құрылымы бейімделіп үлгере алмағандықтан, адам денсаулығына орасан зор нұқсан келуде. Табиғат тепе-теңдігін қалпына келтіріп, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау, табиғат қазынасының, оның ішінде адамның өзін сақтап қалу проблемасы әрбір адамнан экологиялық сауаттылықты талап етеді. Сондықтан жас ұрпаққа экологиялық білім беру – мектептің басты міндеті. Дүниежүзілік тәжірибелерді саралай келіп, біздің республикамыздың оқу жүйесіндегі 1999 жылы экологиялық білім берудің мемлекеттік бағдарламасы ұсынылды.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесі білім берудің жаңа стандарттарына өтуде. Профильді білім беру жүйесі енгізіліп және оқу бағдарламасының мазмұны өзгертілу үстінде. Химия курсының да құрылымында өзгертулер аз емес. Оның оқыту жүйесінде тұрмыстық өмірге және білім алушылардың алған білімдерінің практикалық қолданысына көп назар аударылуда. Біршама өзгертулердің қатарында химия курсын экологияландыру маңызды орын алып отыр. Яғни, оқу бағдарламасында химияның экологиялық аспектілерінің қарастыру көлемін ұлғайту және оны тереңдетіп зерттеу болып табылады.

Химия экология ғылымдарымен өзара тығыз байланыста болатын ғылымдардың бірі. Біріншіден, әртүрлі заттардың химиялық қасиеттері экологиялық зерттеудің маңызды негізі болып табылатын табиғаттағы зат айналым жағдайын пысықтайды. Екіншіден, өндірісте және тұрмыстық шаруашылықта қолданысқа ие болған химия жетістіктері соңғы он жылдықта ғаламшардағы экологиялық жағдайлардың ең маңызды себебіне айналып отыр. Халықтың экологиялық білімдерін тереңдету және кеңейту қажеттілігі ұлғаяды. Осыған орай, химияның оқу курсын оқыту жүйесінде оқу бағдарламасына экологиялық тематиканы енгізу мүмкіншілігі туады. Заманауи жоғары білім беру жүйесінің ең маңызды мәселесінің бірі білім алушының мектеп қабырғасында алған негізгі білімі болып табылады. Химияның экологиямен байланысы білім алушының негізгі білімі мен күнделікті шынайылықты табиғи жолмен байланыстырады. Осыған орай, химия курсын толық түрде экологияландыру білім алушылардың экологиялық оқытудағы мәселелерін шешіп қана қоймай, негізгі білімді практика жүзінде қолданысымен жақындастыруға мүмкіндік береді [3]. Қазір химия курсын экологияландыру әдісін педагогикалық оқыту үрдісіне енгізу тәсілдерімен Назаренко В.М., Безуевская В.А., Морозова Н.В., Гирусов Э.В., Данилов-Данильян В.И., Тарасова О.В., Ерыгин Д.П., Лисичкин Г.В., Коробейников Л.А., Чернобельский Г.М., Кузнецов Н.Е., т.б. айналысқан. Олардың еңбектерінде экологиялық білім беруді қарастыратын химияның маңзыды бөлімдері көрсетілген. Сонымен қатар экологиялық білім берудің эффективті формалары мен әртүрлі әдістері қарастырылған.

Әрқашан да көлемі өсіп отыратын жаңа химиялық, экологиялық, өндірістік-техникалық ақпараттар білім алушылардан теорияларды, заңдарды және түсініктерді жетік меңгеруді талап етеді. Дәл сол уақытта мыңдаған зерттеулер мен қадағалау нәтижесі бойынша білім алушының оқыту пәнге, әсіресе, химия пәніне деген қызығушылығы төмен екендігі анықталған. Химиялық білім деңгейін көтеру жолдарының бірі болып химия курсына қоршаған орта туралы мағлұматтардан тұратын экологиялық компонентті енгізу табылады.

Материалдардың қасиеттерін зерттеумен айналысатын физика және химия ғылымдарының бір бөлігі материалтану ғылымы болып табылады. XIX ғасырдың басынан бастап Материалтану өндірісінің негізі ретінде металтану ғылымы қызмет атқарып келеді. Металға химия, физика және техника позициясы тұрғысынан анықтама беруге болады.

Химияда металл – бұл Д.И. Менделеев элементтерінің периодтық жүйесінің сол жағында орналасқан, басқа элементтермен, соның ішінде металдармен де химиялық реакцияға түсер кезінде ядроның валентті электрондармен (иондар) өзара әсерлесу механизмімен ерекшеленетін химиялық элементтер.

Физика ғылымында металдар – түсімен, жылтырлық қасиетімен, балқу және қату қасиеттерімен, жылу және электрөткізгіштігімен, магниттілігімен және басқа да қасиеттерімен сипатталады.

Ал техника ғылымында металдар – өндірісте кең қолданыс тапқан жоғары өңделгіш қасиетімен, беріктілігімен, қаттылығымен, берік тұтқырлығымен және басқа да бағалы қасиеттерімен ерекшеленетін конструкциялық материалдар.

Металдардың қоршаған ортаға және тірі организмдерге тигізетін зиянды әсері олардың жоғары концентрациялы болуында. Сондықтан, металдар барлық салада міндетті түрде үнемі бақылауды қажет ететін приоритетті ластағыш заттар болып табылады.

Кесте 1. Элементтердің қауіптілік (улылық) кластары (СанПиН 2.1.7.1287-03)

Қауіптілік кластары	Элементтер
I	Мышьяк, кадмий, сынап, қорғасын, цинк, фтор
II	Бор, кобальт, никель, молибден, мыс, сурьма, хром
III	Барий, ванадий, вольфрам, марганец, стронций

Металдардың қоршаған ортаға тигізетін әсері олардың физико-химиялық, токсикологиялық, беріктілік және ішкі ортада жиналу қасиетімен жүзеге асырылады. Сол қасиеттерді келесідей бөліп қарастыруға болады:

1. Металдардың жоғары химиялық белсенділігі.
2. Токсикологиялық қасиеті – жоғары (улы) концентрациялы металдардың тірі организмдердің физиологиялық функцияларына жағымсыз әсері.
3. Жоғары кумулятивті қабілеттілігі (биоконцентрирлеу үрдісі).
4. Жоғары миграциялық қабілеттілігі.

Кесте 2. Металдардың қоршаған ортаны ластаудағы басты көздері

Элемент	Ауаны ластаудың басты көздері
Pb	Электроэнергетика, металлургия, металөңдеу, электротехника, химия, құрылыс материалдар өндірісі, автотранспорт тастандылары
Zn	Түсті металлургия өндірісі, зауыттар тастандылары
Cu	Түсті металлургия өндірісінің тастандылары (барлық антропогенді тастандылардың 98,7% Cu)
Ni	Түсті металлургия өндірісінің тастандылары (барлық антропогенді тастандылардың 97% Ni)
Fe	Құрылыс материалдар өндірісінің тастандылары
Mn	Машина жасау, металөңдеу, түсті металлургия, ұсақ өндіріс қалдықтары (сваркілік жұмыстар және т.б.)
Cr	Металлургия өндірісінің (легирлегіш қоспалар, балқымалар) және машина жасау (гальваникалық жабындылар) өндірісінің тастандылары
V	Автотранспорт, электроэнергетика, металлургия өндірісінің тастандылары
As	Электроэнергетика, құрылыс материалдар өндірісінің тастандылары

Химия курсын экологияландыру барысында танымдық оқыту циклі оқытудың экологиялық мәселелерін комплексті ашып көрсетуге ықпал жасайтын оқыту үдерісінің ұйымдастыру әдістері мен формаларды таңдау жүйесін анықтайды [4].

Химия курсының құрамына экологиялық компонентті енгізу жүйесі оң нәтиже бере бермейді. Оқыту-әдістемелік құралдар, соның ішінде оқу құралдары экологиялық мәселелерді қарастыру жүйесіздігінен көптеген экологиялық мәселелердің химиялық аспектілерін негізге ала бермейді. Осыған байланысты химия пәнінің оқытушылары білім алушының химия-экологиялық білім беру жүйесін құрастырған кезде біраз қиыншылықтарға тап болады.

Білім беру жүйесіне экологиялық компонентті кіріктіру көптеген жолдармен жүзеге асырылады:

- әр түрлі химиялық қосылыстардың тірі орагнизмге және қоршаған ортаға әсері жөнінде экологиялық білім беру;
- қоршаған ортадағы әр түрлі қосылыстардың термодинамикалық және кинетикалық сипаттамаларын қарастыру кезінде экологиялық білім беруді ұйымдастыру;
- экологиялық лабораториялық практикум жүргізу және экологиялық құрамдас есептерді шығару.

Экологиялық білім беруде химия курсының рөлі табиғат заңдарының, материя қозғалысының химиялық формалары мен оның қоғамдық адамзат өміріндегі маңыздылығын танымдық ғылымында ерекше орын алады.

Табиғатты қорғау жұмыстарын жүргізетін химия пәнінің оқытушысының алдына келесідей міндеттемелер жүктеледі:

- бейорганикалық және органикалық әлемнің бірегейлігін ашу, қоршаған ортаға адам қызметінің әсерін және осы негізде табиғатты аялау қажеттілігін ұйымдастыру;
- химиялық өндірістің табиғатпен қарым-қатынасында рөлін ашу;

• білім алушыларды табиғатты қорғауға сана-сезімдерін оятып, табиғатты қорғауға мүмкіндік тудыратын практикалық дағдылармен қамсыздандыру.

Табиғатқа және оның элементтеріне қарсы әсер ету әр түрлі бағыттармен әсер ететін өндіріспен, транспортпен, халықтық шаруашылықпен жүзеге асырылады:

1. Табиғат аясында химиялық заттарды тұтыну.
2. Қоршаған ортаны адамзат қызметінің қалдықтарымен ластау.
3. Қорашаған ортада табиғи көздерінен және өндіріспен синтезделіп бөлінген жаңа жоғары белсенді химиялық қосылыстардың пайда болуы.

Экологиялық білім беруді ұйымдастыру және дамыту мақсатында «ластағыштар», «ластану көздері», «табиғи және жасанды ластану», «тазалықтың санитарлы нормалары», «заттардың шекті рұқсат етілген концентрациялары (ШРК)» сияқты түсініктерді қарастыру қажет болады. Ластану мәселелерін шешу – бұл жаңа техника мен технологияны қалыптастыру және оны жүзеге асыру, өнімнің өндірісін арттыру және сонымен бірге өндіріс қалдықтарын мөлшерін азайту, сумен жабдықтау айналым жүйесін қалыптастыру, қалдықтарды утилизациялау жүйесін өңдеу мен тұйық технологиялық циклге өту болып табылады.

Химиялық оқыту үрдісінде экологиялық білім беруде табиғатты қорғау іс-шаралары жөнінде білімді заманауи өндірістің экологиялық принциптерінің негізін көрсете отырып беру қажет. Лабораториялық сабақтарда химиялық эксперименттен кейінгі қалдықтарды өңдеу жолдарын іздестіру және өңдеу сатыларын химиялық тәжірибелерге шектеу қоймай сол лабораториялық сабақтың әділ және қажетті компоненті ретінде әдістемелік кешеннің құрылымына енгізу қажет болады. Дәл осы жағдайда өңдеу барысында заттың (қалдықтың) жойылуы, олардың қоршаған ортада залалсыздандырылуы деген түсінік қалыптасады. Осындай қадам білім алушылардың «экологиялық тазалықтың рефлексі» экологиялық санасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады [5].

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қарастыру барысында білім алушыға химиялық-экологиялық сұрақтар мен тапсырмаларды ұсынуға болады. Химиялық-экологиялық сұрақтар мен тапсырмаларды құрастыру кезінде келесідей әдістемелік талаптар ұсынылады:

1. Тапсырманың талаптары мен нәтижелері практикалық мағыналы ақпарат беру қажет.
2. Бұл ақпараттар бағдарламалық материалдармен және шын мәнінде экологиялық мәселелермен тығыз байланыста болуы міндетті.
3. Білім алушыларға арналған тапсырмалар мен сұрақтар сәйкесінше мағыналы маңызды болуы міндетті.
4. Сұрақтар мен тапсырмалардың шешілу жолдары білім беру кешенінің мүмкіншіліктеріне сүйене отырып жүзеге асырылу керек.
5. Сұрақтар мен тапсырмалар білім беруді жүзеге асыру, түсіндіру, тексеру барысында қолданылуға арналған.

Химиялық-экологиялық сұрақтар мен тапсырмаларды құрылымына қарай үш түрлі типке бөлуге болады:

1. Табиғи объектілердің химиялық сипаттамасына арналған сұрақтар.
2. Қоршаған ортаның ластау көздері мен ластағыштар түрлеріне арналған сұрақтар.
3. Қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне және ластау көздерін залалсыздандыруға арналған сұрақтар.

«Жалпы химия» курсын экологияландыру мақсатында оның жүйелік құрамы ұсынылады, яғни, ең басты негізде химия-экологиялық объектілерді жан-жақты қарастыру негізінде курсты меңгеруді ұйымдастыру болып табылады. Химиялық термодинамика, кинетика, зат құрылысы, элементтер қасиеттері және олардың қосылыстарының сұрақтарын қарастыру экологиялық маңызды объектілерінің (реакция, заттар) мысалдарында жүзеге асырылады. Ал экологияның химиялық аспектілеріне қатысты материалдарды қарастыру кезінде химияның теориялық бөлімі қолданылады.

Елімізде әлеуметтік-экологиялық және технологиялық жағдайында жоғары оқу орындарында физика мамандықтарының студенттеріне химиялық және экологиялық білім беру мен тәрбие беруді қалыптастыру, болашақ физик мамандардың ойлау қабілеттерін дамыту - білім берудің басты міндеттерінің бірі. Студенттерге химиялық білім беру жолдарының бірі - химия курсында экологиялық компонентті енгізу.

Экологиялық мәселелерді шешудің бір жолы – экологиялық білім беру мен тәрбие беру болып табылады.

Физика мамандықтарының студенттеріне химия курсын экологияландыруды мынадай ұстанымдармен айқындауға болады:

1) экологиялық білім беруді пәнаралық байланыспен жүзеге асыра отырып беру;
2) экологиялық білім беру барысында жүйелілік пен үздіксіздік ұстанымдарын қолдану;
3) экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыру.

Осы ұстанымдарға сәйкес экологиялық білім берудің бағыттарының бірі жеке пәндерден берілетін ғылым негізін экологиялық материалдармен толықтыру.

Студенттердің химияның білім материалдарын меңгеруге экологиялық компоненттің оң әсері көрсетілуі, ЖОО-дағы «Жалпы химия» пәнінің мазмұнына экологиялық компоненттерді енгізу қоршаған ортаны қорғау үшін болашақ физиктер дайындауда зор септігін тигізеді.

Ғылыми, оқыту-әдістемелік және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде химия-экологиялық білім берудің әдістемелік үлгісі ұсынылады. Бұл әдістемелік үлгіде химиялық және экологиялық білім беруді ұйымдастыру жүйесі қарастырылады. Сонымен қатар, дәрістік және семинар сабақтарында экологиялық компоненттің химиялық мақсатты, құрамдас бөлік, қызметтік және диагностикалық-нәтижелі компоненттері кірістіріледі.

Экологияландырылған есептерді шығару, экологиялық лабораториялық жұмыстарды жүргізу білім алушының қарастырылып отырған сұраққа деген қызығушылығын тудырып, химияны оқыту мотивациясын күшейтеді және химиялық білім беру жүйесін меңгеру тиімділігін арттырады.

1 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 14 қаңтар. – [ЭР].

3 Шелуханова Ирина Николаевна. Экологизация курса химии в рамках ФГОС, Библиотека "МГУ-школе", Новые образовательные программы МГУ. – 2012. – 83 бет.

4 Заплатин В.Н., Сапожников Ю.И., Дубов А.В., Духнеев Е.М., Основы материаловедения (металлообработка). – Москва: Академия,2013.

5 Магеррамов А.М., Алиева Т.И., Пашаева А.А., Рафиева Г. Л., Гаджиева С.Р. Сущность, методологические основы, принципы, задачи экологического образования и воспитания. Содержание экологических знаний в курсе химии средней школы. – Пермь: Меркурий, 2011. – С. 97-99.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы экологического образования в курсе «Общая химия» для студентов физико-технического факультета, которое является актуальным в настоящее время. Раскрывается проблема введения экологической компоненты в содержание обучения химии, развития и формирования экологических знаний, принципы экологизации курса "Общая химия" для студентов физико-технического факультета. В данной работе рассматривается возможность экологизации темы "Металлы" для студентов физических специальностей. Приводятся данные о влиянии тяжелых металлов на окружающую среду, раскрываются физико-химические, токсичные и другие свойства химических элементов, приводится классификация их опасности (токсичности). В статье рассматриваются различные пути формирования химико-экологических знаний по теме "Металлы", способы их проверки и закрепления.

Ключевые слова: экология, экологическое образование, экологизация дисциплин, металл, химический элемент, материал, экологический компонент.

Summary

The article considers with the problem of environmental education in the course "General chemistry" for students of the Faculty of Physico-Technical, which is relevant in recent years. Expands the problem in the introduction of the environmental component to learning content, development and formation of environmental knowledge, the principles of ecologization «General chemistry» course for students of the Faculty of Physico-Technical. In the present paper provides opportunity on the ecologization of theme «Metals» for students of physical specialities. It provides opportunity on the effect of metals on the environment, disclose physical-chemical, toxic and other, properties of chemical elements, provide their hazard (toxicity) classification. The article considers with the way of formation of chemical-environmental knowledge of theme «Metals» and methods to test students' knowledge and conclusion.

Key words: ecology, ecological education, ecologization of discipline, metals, chemical elements, material, ecological component.

ӘОЖ 378. 147: 811. 512. 122(574)

ОҚУ ҮРДІСІН БЕЛСЕНДІРУГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мұқанова Қ.Қ. – *Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті, п.ғ.к.,*
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
e-mail: Mukanova.k@mail.ru

Мақалада оқу үрдісін белсендіруге негізделген жаңа оқыту технология түрлері қарастырылады. Білімалушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне бағытталған оқытудың жаңа технологиялары ұсынылады. Оқу әрекетін белсендіруге негізделген жаңа оқыту технология түрлеріне талдау жасалады. Әр жаңа технология түрінің анықтамасы беріліп, ерекшеліктері көрсетіледі. Оқыту мәселесіндегі жаңа технологияның теориялық, практикалық маңызы қарастырылады. Оқу үрдісін белсендіруге ықпал ететін жобалап оқыту, модульдік оқыту, дамыта оқыту, проблемалық оқыту технологияларының іске асырылу жолдары қарастырылады.

Тірек сөздер: оқу үрдісін белсендіру, оқыту технологиялары, білімалушылар, ғылыми-зерттеу, жобалап оқыту, дамыта оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту.

Қазіргі білім беру жүйесінің қоғамның даму мақсатына сай құрылуы оқу үрдісіне жаңа технологиялық әдістерді енгізуге ықпал етіп, оқыту әдістемесін жетілдіруді көздейді. Білімалушылардың оқу әрекетін белсендіруге негізделген және ғылыми-зерттеу қызметіне бағытталған оқытудың жаңа технологиялары оқу үрдісіне енгізілуде. Жоғары оқу орындарында білім беруде қолданылып жүрген тиімділігі жоғары модульдік оқыту технологиясын, проблемалық оқыту технологиясын, дамыта оқыту технологиясын, оза оқыт технологиясын, деңгейлік оқыту, саралап, даралап оқыту технологиясын, компьютерлік оқыту технологиясын, дебат технологиясын, ойын арқылы оқыту технологиясын, жобалап оқыту технологиясын атап көрсетуге болады.

Проблемалық оқыту технологиясы

Проблемалық оқытудың негізін С.И.Архангельский, Т.А.Ильина, Р.А.Наумова салды.

Проблемалық оқыту әдісі студенттердің ой-санасының белсенді жұмыс атқаруы арқасында ғана саналы жүзеге асады.

Дәстүрлі оқыту әдісінен проблемалық оқытудың екі түрлі айырмашылығы бар. Біріншісі – оқытудың мақсаты жөнінен, екіншісі – педагогикалық үрдісті ұйымдастыру қағидасы жөнінен. Біріншісі бойынша, мұнда әдебиеттерде дайындап көрсетілген білімді қайталап өз қалпында түсіну талап етілмейді. Керісінше, сол оқу әдебиеттерінде көрсетілген теориялық мәселелерден туатын жаңа пікірлерді, жаңа ұғымдарды студенттердің өз беттерімен іздестіру мақсаты қойылады. Мұнда студенттердің білімге деген ынтасын арттыру көзделеді. Екінші ұйымдастырудағы айырмашылық бойынша проблемалық оқыту әдісінде оқытушы оқу материалын баяндай отырып, оған байланысты бірнеше сұрақтарды оқушылардың өздерінің шешуіне жағдай жасайды. Яғни, проблемаларды студенттердің өздерінің шешуіне жол ашылады.

Проблемалық жағдай туғызуда мынандай ережеге сүйену керек:

проблемалық сұрақтарды студенттердің білмеуі;

проблемалық сұрақтарды шешуде студенттердің бұрынғы қалыптасқан білімін пайдалану, ол жетіспеген жағдайда жаңа ұғымдарды іздестіру.

П.И. Пидкасистый проблемалық жағдай туғызу мен оны шешудің 5 кезеңін былай деп көрсетеді:

1. Проблемалық жағдай туғызу.
2. Проблеманы шешу және оған өз тұжырымын беруге әрекет ету.
3. Қиындық тудырған мәселе бойынша талдау жасау, себебін іздестіру, оны шешудің гипотезасын беру.
4. Білімін жетілдіру арқылы гипотезаны дәлелдеу.
5. Проблемалық жағдайды шешу.

Проблемалық оқыту дегеніміз – оқытушы мен студенттердің бірлесіп оқу және іздену әрекеті. Проблемалық жағдайларды шешу, студенттердің өз беттерінше саралау, түсіну, игеру, талдау, баға беруі болып табылады.

Модульдік оқыту технологиясы

Оқу үрдісінің сапалы оқыту бағытын айқындайтын бірден-бір жаңа жол – модульдік оқыту технологиясы. Модуль арқылы оқыту идеясын ең алғаш 60 жылдары Американдық ғалымдар Н.Постлувейт,

Б.Л. Гольдшмид жасады. Қазір дүние жүзінде модульмен оқытудың 5 түрлі жолы бар: Американдық модуль, неміс модулі, Скавиннің орыс модулі, Алексюк пен Фурманның украин модулі, В.М. Монаховтың модульдік технологиясы

Модуль дегеніміз – бір-бірімен тығыз байланысты ірі блоктар, бағдарламадағы тақырыптар, яғни оқу модулі ақпараттардың аяқталған блогінен тұрып, білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, студенттердің өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін модульмен оқыту мәселелсін теориялық жағынан да, әдістемелік қырынан да зерттеп, ол туралы алғаш докторлық диссертация қорғаған ғалым К.Жақсылықованың пайымдауынша, модуль - іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгіленген деңгейіне жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульмен оқытудың негізгі құралы, басқаша айтқанда адамның өздік дамуының шамасы.

Модульдік оқыту технологиясының ең басты белгілерінің бірі – студенттердің оқу белсенділігі болып табылады. Оқу материалы белсенді іс-әрекет барысында сапалы меңгеріледі.

Модульдік оқытудың келесі бір белгісі – оқу материалының шағын бөліктерін үлкен бір тақырып ретінде алып, яғни, ірі блоктарға бөліп оқыту. Бұл ретте тірек-сызбаларды қолдану көзделген.

Кейбір ғалымдар икемділік пен еркінділікті де модульдік оқыту технологиясының негізгі белгілерінің қатарына жатқызады.

Модульдік оқыту технологиясы курсты 3 пайызға дейін қысқартуға мүмкіндік береді, оқу үрдісін оңтайлы, жүйелі ұйымдастыруға, оқу сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Оза оқыту технологиясы

Бекітілген оқу бағдарламаларының өте күрделілігі, оны меңгертуге уақыттың жетіспеушілігі сияқты мәселелер оза оқыту технологиясының пайда болуына негіз болды. Оза оқыту технологиясының авторы бағдарламада көрсетілген оқу материалын толықтай меңгеріп шығу үшін оқу үрдісін басқаша үлгіде ұйымдастыру керек деп есептеген. Оның пікірінше, нағыз сабақ, ол – барлығына және бәріне уақыт жеткізу.

Сабақта үнемі тілдік қарым-қатынастың болуы, оқушылар мен оқытушылардың бір-бірімен ынтымақтастықта, түсінушілікте әрекет етулері, оқушылардың ойлау әрекеттерін үнемі белсендіріп отыру – оза оқытудың негізгі белгілерінің бірі.

Оза оқыту технологиясы бірнеше бағытта жүргізіледі. Оның біріншісі – жеке оқушымен жұмыс. Ол бойынша әр оқушыға жекелеме сұрақтар (дифференцированный опрос) бере отырып, оқу материалын меңгерту және ол алдымен үлгерімі жақсы оқушылардан басталып сұралады. Одан кейін орташа оқитын оқушыдан, соңында үлгерімі төмен оқушымен жұмыс жүргізіледі. Оза оқыту технологиясының бұл түрінің негізгі қағидасы – білімді жақсы меңгерген оқушы арқылы білмейтін оқушыны үйрету.

Оза оқыту технологиясының келесі түрі – тірек-сызбалар (таблица, карточка, сурет) арқылы оқыту. Тірек-сызбалар арқылы оқытудың бір ерекшелігі – олар алдын ала дайындалып, сызылмайды. Тірек-сызбалар әр сабақ үстінде, яғни жаңа материалды меңгерту барысында дайындалады. Сонда оқушылар ережені, формуланы т.б. құр жаттап алмай, салыстыру, сызу, көру арқылы оқу материалын өздері меңгеріп, есте берік сақтайды. Ол тірек-сызбалар сабақ соңынан кейін көзден таса жерге алынып тасталмайды. Керісінше, білім берік меңгерілгенше оқушылардың көз алдарында ілініп тұрады.

Тірек-сызбалар арқылы оқыту, біріншіден қатені дер кезінде көрсетіп отырса, екіншіден, жіберілген қатені сол сәтте түзетуге, үшіншіден, әр өткен материалды әрбір сабақта есте түсіріп отыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ тірек-сызбалар уақыт үнемдеуге, оқу материалын жылдам меңгеруге игі ықпал етеді.

Дамыта оқыту технологиясы

«Дамыта оқыту» идеясы Пестолаци еңбектерінен бастау алып, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, Д.П. Эльконин сияқты Ресей ғалымдарының зерттеулерінде жасалғасын тапты. Дамыта оқыту технологиясының жеке тұлғаны тұтас дамытуға бағытталған оқыту технологиясы (Л.В. Занков), ақыл-ой әрекетін дамытуға негізделген оқыту технологиясы (Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов) сияқты бірнеше түрлері бар.

Дамыта оқыту технологиясы – белсенді іс-әрекетке негізделген, жеке тұлғаның ерекшелігі мен білім деңгейін ескеретін, жеке тұлғаның барлық қасиеттерін тұтас дамытуға негізделген оқыту технологиясы.

Дамыта оқыту технологиясының оқытуда қолданылатын негізгі ұстанымы: білімді күрделіден жеңілген қарай меңгерту, яғни қиын тапсырмалар беру арқылы меңгерту болып табылады. Бұл жердегі «қиын» ұғымы жолда кездескен бөгеттерді жеңіп шығумен байланысты берілген.

Ғалым Л.В. Занковтың пікірінше, жеңілден күрделіге қарай берілетін білім баланың дамуын тежейді.

Өйткені біртіндеп берілетін дайын білім баланы еш ойландырмайды. Ал оқу үрдісін қиын деңгейде ұйымдастыру арқылы баланың дамуына жол ашылады. Оқушы алдына саналы түрде белгілі бір мақсат қойылып, кездескен қиыншылықтарды жеңуге тырысады, ізденеді ойланады, өзіндік жұмыс атқарады.

Қорытындылай айтқанда, дамыта оқыту технологиясы:

- оқушыны жан-жақты дамытуға;
- мәселелік жағдайларды шешуге;
- ойлау қабілетін дамытуға;
- танымдық қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Компьютерлік технология

Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды қажет етіп отыр. «Жаңа ақпараттық технологиялар» деген тіркестің пайда болуы білім беру үрдісінде компьютерлерді пайдаланумен байланысты болды. Мысалы Г.А. Боровский мен В.Л. Извозчиков жаңа ақпараттық технологияларды білім беру үрдісінде оқытудың жаңа электрондық құралдарын, соның ішінде, компьютерді пайдаланумен байланыстырды. Бұндай көзқарасты басқа да көптеген ғалымдар қолдады. Сондықтан «жаңа ақпараттық технология» терминін қысқартып «компьютерлік технология» деп атайды.

Компьютерлік технология оқытушылардың оқыту әдістері мен оқу үрдісін ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқу үрдісін үнемі жаңартып отыруға, оқытушылар мен студенттерге өзіндік және бірлесіп шығармашылық жұмыс істеулеріне мүмкіндік береді.

Компьютерлік технологияны оқу үрдісінде қолдану арқылы:

- компьютер құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дамыған дара тұлға тәрбиелеуге;
- білімді демократияландыруға және ізгілендіруге;
- жаппай компьтерлік сауаттылық мәселесін шешуге;
- студенттердің шығармашылық қабілетін, іскерлігін дамытуға;
- оқыту сапасын арттыруға;
- студенттердің дамуына бақылау жасауға;
- бағдарламаларды қолдана білу шеберлігін жетілдіруге болады.

Компьютерлік технологияның басты ерекшелігі жалпы оқу материалын меңгерту, түсіндіру, бекіту, қайталау, білім, білік, дағдыны тексеру сияқты оқытудың барлық кезеңдерінде қолданылуында болып табылады. Сондай-ақ, компьютерлік технология оқу уақытын үнемдеуге, мол ақпарат алуға ықпал жасайды.

Дебат технологиясы

Австралиялық философ Карл Поппердің «Дебат» бағдарламасы бойынша қазір оқу үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген оқыту технологияларының бірі – дебат технологиясы.

«Дебат» француз сөзі. Пікір сайыс деген ұғымды білдіреді. Орыс тілі сөздігінде дебат сөзіне белгілі бір мәселені талқылау, пікір алмасу деген түсіндірме берілген. Яғни, дебат сөзі айтыс, жарыс сөз деген ұғымды білдіреді.

А.Х. Аралханов, Р.А. Жұмақанова сияқты ғалымдар дискуссия мен дебат екеуі бір нәрсе, екеуінің ешқандай айырмашылығы жоқ деген пікір айтады. Бірақ көптеген мақалалар мен еңбектерді талдай келе, дискуссия мен дебаттың өзіндік айырмашылықтары бар екендігіне көз жеткізілді.

Дебат дискуссиясының басқа түрлерінен өзіндік жаңа методологиямен және жоғары дәрежелі ой әрекеттестігі арқылы ерекшеленеді. Біріншіден, егер дәстүрлі дисскуссияда оған қатысушы адам алдын ала белгіленген көзқарасты қорғаса, ал дебат тәртібі бойынша әрбір қатынасушы адам көтерілген мәселені міндетті түрде қарама-қарсы көзқарас жағынан қарастырады. Ал ол дебатқа қатынасушылардың мәселені жан-жақты талдай білу шеберлігін қалыптастыратын, оппоненттердің пікірін сыйлай білуге үйрететін бірден бір жол. Екіншіден, дебат өзінің технологиялығымен жеке және ұжымдық ой әрекетінің нақты алгоритімімен ерекшеленеді. Бұл ерекшелік бойынша дебат технологиясы оқу үрдісінде жан-жақты білім алуды қамтамасыз етеді.

Дебат технологиясының өзіндік жүргізілу тәртібі бар. Дебаттың өз мәнінде өтуі оның тақырыбын таңдаумен тығыз байланысты. Таңдалатын тақырып қазіргі күннің талабын қанағаттандыра алатындай болуы тиіс. Сол жағдайда әрі қызықты, әрі пайдалы дебат ұйымдастыруға қол жеткізуге болады. Мысалы, қазіргі күннің кезек күттірмейтін мәселесі - ҚР-ның мемлекеттік тілі бойынша дебат ұйымдастырғанда, студенттерді үш командаға бөліп өткізуге болады. Бұндағы бірінші топ – даттаушы, екінші топ – жақтаушы топ, ал үшінші топ опоннент міндетін атқарады. «ҚР-ның мемлекеттік тілін білу қажет» деген

көзқарасты қолдаушылар жақтаушы топ болса, «ҚР-ның мемлекеттік тілін білу қажет емес» деген пікірді қолдаушылар даттаушы топ болады. Әр топ өкілдеріне дайындалуға 15 минут уақыт беріледі. Ал өз көзқарастарын қорғап шығу үшін 5 мин. уақыт беріледі. Үшінші топ мүшелеріне 3 минут беріледі.

Дебат технологиясы арқылы қазақ тілі сабағын ұйымдастырғанда оқу қызметінің бес түрін де (тыңдалым, тілдесім, оқылым, жазылым, айтылым) жетілдіруге болады. Дебат технологиясы студенттердің шығармашылық белсенділіктерін жетілдіреді, пәнге деген қызығушылықтары артып, пәннен терең білімділіктерін дамытады. Студенттердің сыни тұрғыдан ойлау дағдылары, зерттеу жүргізу дағдылары қалыптасады. Көтерілген мәселе бойынша көпшілік ақпарат құралдары мәліметтерімен, кітапханада, қосымша әдебиеттермен, статистикалық мәліметтермен, энциклопедиялық сөздіктермен т.б. жұмыс істей отырып білім қорларын молайтады. Қозғалған мәселе бойынша өз тұжырымдарын жасауға, қоғамда, адамзатқа пайдалы, пайдасыз не деген өлшеулерге өзіндік баға беруге үйренеді.

Даралап - саралап оқыту технологиясы

Даралап - саралап оқыту - студенттің әрқайсысымен жеке - жеке жұмыс істеу деген сөз. Әр студенттің жеке басын құрметтей отырып, білім беру - қазіргі оқытудың негізгі талабы. Адамдардың ойлау қабілеті бірдей емес. Бұған психологиялық тұрғыдан мән беріп, педагогикалық, әдістемелік шеберлікпен келу арқылы оқытушының ойдағыдай дәрежеге жететіні белгілі.

Оқушылардың барлығының ақыл-ой қабілеті, бағдарламадағы берілген материалды ұғынуы бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері оқытушылардың түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері орташа ұғады. Кейде үлгере алмаушылар да кездеседі. Сондықтан барлық студенттердің бірдей білім алуына қол жеткізу үшін өз мүмкіндіктеріне сәйкес үйрету керек. Өз мүмкіндіктеріне сәйкес үйретудің маңызын зерттеуші ғалымдарымыз ғылыми жағынан дәлелдеп берді. Ю.К. Бабанский нашар үлгеретін, даярлығы ойдағыдай емес және басқа оқушыларға даралап - саралап қатынас жасау қажеттігін айта келіп: «Педагоги школы всемерно опираясь на результаты изучения школьников, стремятся обеспечить дифференцированный подход в обучении к группам слабоуспевающих и наиболее подготовленных школьников, пытаются дойти к процессе обучения до каждого ученика» - деп қорытынды жасайды.

Даралап-саралап оқыту біріншіден, оқулықтарға, екіншіден, әдістемелік оқу құралдарына, үшіншіден, ұстаздардың шығармашылықпен еңбек етулеріне, төртіншіден, студенттердің даярлықтарына, талаптарына, белсенділіктеріне, бесіншіден, оқыту әдістемесінің жүзеге асуына байланысты. Даралап-саралап оқыту екі кезеңнен тұрады: дайындық және негізгі кезең. Дайындық кезеңінің басты міндеттерінің бірі - студенттер ішінен талапты, дарындыларды тауып, олардың қабілеттерін дамыту, білімге құштарлықтарын қанағаттандырып, белсенділіктерін арттыру. Негізгі кезең - студентті ынталандырған тақырыптарды айқындап, тереңдете оқытуға назар аудару.

Ойын арқылы оқыту технологиясы

Тілді үйретуде студенттердің сабаққа қызығушылығын, танымдық белсенділігін, тіл үйренуге деген ынтасын арттыру үшін түрлі ойындарды пайдалану - тиімді тәсілдердің бірі. Сабақ барысында ойын элементтерін пайдалану арқылы тілді жылдам әрі сапалы меңгеруге мүмкіндік туады. Жоғары оқу орындарында тілдерді оқытып үйретуде рөлдік және іскерлік ойындардың алатын орны ерекше. Себебі бұл ойындар студентті болашақ мамандығына бір табан жақындатып, іскерлік дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. «Появления деловых и ролевых игр, имитационных методов обеспечивают существенное повышение эффективности за счет экономий времени, трудозатрат и средств; решение проблем при дефиците информации; разрешение конфликтных ситуации» – деген тұжырым (47. 280 б.) уақытты үнемдеуге, мол ақпарат алуға мүмкіндік тудыратынын да көрсетеді.

Іскерлік ойындар алғашқыда әскери жаттықтыруларда қолданылған. Ал оқу үрдісінде ең алғаш іскерлік ойындар 1930 жылы Ленинградта пайда болды. Оның негізін салушылар М.М. Бирштейн мен Т.П. Тимофевский болды. 70-80 жылдардан бастап іскерлік ойындар әртүрлі зерттеу институттарында жан-жақты қарастырылып, оқу үрдісінде белсенді қолданыла бастады.

Іскерлік ойындар оқу, өндірістік және зерттеу ойындары болып үшке бөлінеді. Оқу ойындарының негізгі ерекшеліктері мыналар:

1. Кәсіпорын, ұйым жетекшілерін т.б. тағайындап, оның атқаратын қызметін анықтау.
2. Ойынға қатысушылардың рөлдерін бөліп беру.
3. Рөлдік мақсаттың әртүрлілігі.
4. Ойынға қатысушылардың өзара әрекеттестігі.
5. Ойын ұжымының ортақ бір мақсатының болуы.
6. Мәселені бірлесіп шешу.
7. «Шешім цепочкасын» ойын кезінде іске асыру.

8. Шешімнің көп варианты болуы. т.б.

Іскерлік ойындарды сабақта пайдалану студенттердің тек іскерлік шеберліктерін қалыптастырып қана қоймай, сондай-ақ, іскерлік, орындаушылық, шыншылдық, белсенділік, жауаптылық т.б. сияқты қасиеттердің де қалыптасуына әсер етеді.

Қарастырылған оқыту технологияларының әрқайсысы да қазақ тілін оқытып үйретуде тілдік қатынасты іске асыруды мақсат етеді. Өйткені тілді оқыту мәселесіндегі жаңа технологияның теориялық, практикалық маңызы оқушыларға, студенттерге, жалпы тіл үйренушілерге тілдік қатынасты үйренуге келіп тіреледі.

1 Богалюбов В.И. Педагогическая технология: эволюция понятия //Вопросы образования. – М.,1983. — №2. — С.125-132.

2 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.:Народное образование, 1988. — 274 с.

3 Қараев Ж.А. Педагогическая технология обучения Караева. – Алматы, 1988.— 112 с.

4 Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. – М.: Народное оброзование, 1996. —160 с.

5 Өмірбаева К.О. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 5-сынып оқушыларының сөйлеу тілін деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыту. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2001.— 132 б.

6 Давыдов В.В. Виды обобщения в обучений. – М.: Просвещение, 1972.— 432 с.

7 Юдин В. Сколько технологий в педагогике? //Школьные технологий. – 1999. —№3. — С.34-40.

8 Смирнов С. Еще раз о технологиях обучения //Высш.обр.в Россий.

9 Дьяченко В.К. Еще раз о коллективных учебных занятиях //Народное образование. – 1992. — №1-2.— С.12-17.

10 Арыстанов М. Проблемное обучение в учебном процессе вуза. – Алматы: Мектеп, 1975. — 80 с.

11 Пидкасистый П.И., Арыстанов М.Ж. Проблемно-модульное обучение: вопросы теорий и технологий. – Алматы: Мектеп, 1990. — 207 с.

12 Гонтарь Г.М. Использование проблемного подхода при обучений второму иностронному языку. Автореф. ... канд.пед.наук. – М., 1987.—16 с.

Резюме

Муканова К.К. — *доцент кафедры казахского языка и литературы, к.п.н.*
Государственныйуниверсиет им. Шакарима г. Семей

Образовательные технологии активизирующие учебный процесс

В данной статье анализируются образовательные технологии, рассматривается виды педагогических технологии обучения активизирующие учебные деятельности обучающихся.

Ключевые слова: интенсификация учебного процесса, образовательные технологии, обучающиеся, научно-исследовательский, проектное обучение, проблемное обучение, модульное обучение.

Summary

Mukanova K.K – *Associate Professor of Education Sciences, State university named after Shakarim Semey city.*

Educational technologies fer activisation educational process

This article considers different kinds of pedagogical technologies in educational process.

Keywords: the intensification of the educational process, educational technology, students, research, project learning, problem-based learning, modular training

ӘОЖ 377.091.004

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ - МАМАНДАР ДАЯРЛАУДАҒЫ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК КЕПІЛІ

Кубенова Ш.И. – *«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Ақтөбе облысы бойынша ПҚ БАИ директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, kubenovas@mail.ru*

Мақалада кәсіптік және техникалық білім беру жүйесіндегі дуалды оқытудың тиімділігі кәсіптік бағдар беру жұмыстарына, кәсіптік білім берудің мазмұнын жаңартуға, оқу лабораторияларын жаңа талаптарға сай жасақтауға, педагогикалық қызметкерлерге және өндірістік оқыту шеберлеріне материалдық тұрғыдан қолдау көрсетуге, түлектерді жұмысқа орналастыру, сондай-ақ және бос жұмыс орындарына бекітуге, педагогикалық қызметкерлердің өнеркәсіп орындарында квалификациялық біліктілігін арттыруға оң әсерін тигізетін артықшылықтары туралы айтылған. Болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелеріне назар аудара отырып, институт тарапынан жүргізіліп келе жатқан нәтижелі жұмыстарға тоқталған.

Тірек сөздер: дуалды оқыту, әлеуметтік серіктестіктер және мамандардың кәсіби құзыреттіліктері.

2016-2019 жж. білім берудің Мемлекеттік бағдарламасында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде қызмет жасайтын педагогтар алдына маңызды мақсат – қоғам сұранысына және экономиканың индустриалды инновациялық дамуына байланысты техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту мәселесін қойды. Қазақстан үшін бұл өзекті мәселені қоғам сұранысына сәйкес, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының сапалы даярланған білікті мамандарынсыз шешу мүмкін емес. Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі дуалды оқыту - дүниежүзінде кәсіптік техникалық білім берудің ең тиімді жолы болып танылып отыр. Бұл турасында Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Кәсіптік білім беруде дуалды оқытуды дамыту маңызды қолданбалы біліктіліктің жаңа орталықтары қажет**.** Бұл мамандықтар бойынша кадр жетіспеушілігін жояды...», - деп оқытудағы дуалды жүйеге көшудің тиімділігі мен маңызына басты назар аударған болатын [1].

Оқытудың дуалды жүйесіне көшу арқылы мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін Кәсіпкерлер палатасы, өнеркәсіптік мекемелер және оқу орындарымен бірлесіп қызмет етудің рөлі зор. Бұл мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Еңбек өнімділігіне, халықтың көшіп – қонуы азаюына оң әсерін тигізеді және әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді. Дуалды жүйені енгізудің нәтижесінде, колледждер өңірдегі нарық сұранысына сәйкес оқу бағдарламаларын дайындайды, өздерінің кәсіби әлеуеттерін дамытады, оқытушылар құрамының біліктілігін көтереді, тұтасымен алғанда, білім беру мекемесіндегі кадрларды дайындаудың сапасын арттырады.

Кәсіптік және техникалық білім беру жүйесіндегі дуалды оқытудың тиімділігі кәсіптік бағдар беру жұмыстарына, кәсіптік білім берудің мазмұнын жаңартуға, оқу лабораторияларын жаңа талаптарға сай жасақтауға, педагогикалық қызметкерлерге және өндірістік оқыту шеберлеріне материалдық тұрғыдан қолдау көрсетуге, түлектерді жұмысқа орналыстыру, сондай-ақ және бос жұмыс орындарына бекітуге, педагогикалық қызметкерлердің өнеркәсіп орындарында квалификациялық біліктілігін арттыруға оң әсерін тигізетін артықшылықтары арқылы кәсіптік және техникалық оқу орындарының жұмыс берушілер және әлеуметтік серіктестіктер байланысын нығайтуға мүмкіндіктер береді.

Дуалды оқыту кезінде төменгі курстарда жалпы теориялық база берілсе, екінші, үшінші курстарда өндірістік жағдайдағы тәжірибеге бағытталған оқу тапсырмаларын қамтыған жеке жоспар бойынша белгілі мамандық бойынша өндіріс жағдайының талаптарын орындау жоспарланады. Тұтасымен алғанда, білім беру мекемесіндегі кадрларды дайындаудың сапасын арттырады. Кәсіптік және техникалық білім беру жүйесіндегі дуалды оқытудың тиімділігі кәсіптік бағдар беру жұмыстарына, кәсіптік білім берудің мазмұнын жаңартуға, оқу лабораторияларын заманауи талаптарға сай жасақтауға, педагогикалық қызметкерлерге және өндірістік оқыту шеберлеріне материалдық тұрғыдан қолдау көрсетуге, түлектерді жұмысқа орналыстыру, сондай-ақ және бос жұмыс орындарына бекітуге, педагогикалық қызметкерлердің өнеркәсіп орындарында квалификациялық біліктілігін арттыруға оң әсерін тигізеді.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы «...Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы

бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр дей келе басты назарды әсіресе, білім берудің кадрлар даярлау мәселесіне аударды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс ...», - деп кәсіптік және техникалық білім беру алдына астарлы мақсаттар қойды. Ал қазіргі заманғы **«Дуалды оқытудың Ұлттық жүйесін жасау»** осындай келелі мақсаттарды жүзеге асыруға зор мүкіндіктер береді деп күтілуде. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде білім берудің КжТББ саласының өзекті мәселесіне айналуда. Осындай бәсекеге қабілеттілікті мойындататын білімді, экономикалық даму деңгейіне өз әсерін тигізетін мүмкіндіктерді жүзеге асыруға институтымыздың тарапынан нақты жұмыстар жүзеге асырылуда.

Мәңгілік еліміздің экономикасын көтеруге атсалысу ғана емес, бұл жаңа дәуір келбетін ұлықтай түсетін үдеріс екендігін мойындайтын инженер-педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда институт ұжымы біркісідей атсалысуда. Ол үшін «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалы тарапынан Ақтөбе облысының кәсіпкерлер Палатасы тарапынан және облыстағы жетекші оқу орындарының әлеуметтік серіктестері «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ тарапынан бесжақты келісімшарттар жасалды. Келісімнің **мақсаты** тараптардың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогикалық және басшы қызметкерлерінің біліктілікті көтеру саласында ынтымақтасуы болып табылады. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары**:**

- өзара қажеттіліктер мен қызығушылықтарын есепке алған теңдік қағидасы негізінде техникалық және білім ұйымдарының саласы бойынша педагогикалық және басқарушылық қызметкерлері саласындағы ынтымақтастықты дамыту;
- оқытудың дуалды жүйесін енгізу;
- колледждердің базасында қызметтік сала кластерлерін даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру және кадрларды сертификаттау;
- ТжКББ инженерлік – педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын жетілдіру, біліктілікті арттырудың оқу-тақырыптық жоспарын тәжірибелік-бағыттық компонентті енгізу жолымен, сондай-ақ жұмыс берушілер саласының қажеттіліктеріне жауап беретін заманауи мазмұндық саланы жетілдіру;
- келісімде енгізілген нормативтік-құқықтық актілер мәселелері және басқа да әлеуметтік-экономикалық сұрақтар бойынша қабылданған шешімдер туралы тараптарды ресми ақпараттандыру;
- әлеуметтік серіктестік тәжірибесі туралы кадрларды дайындау және қайта даярлау материалдарын Тараптардың ресми сайттарына орналастыру;

Дуалды оқыту жүйесін енгізу қазіргі қоғам алдындағы төмендегідей проблемаларды шешуге мүмкіндіктер береді:

- жастарға мектептерде, жұмыспен қамту орталықтары арқылы кәсіптік бағдар беру;
- жастардың мамандық таңдау еркіндігі кеңейеді (Болашақ студент өнеркәсіп орынымен келісе отырып, өзінің тағылымдамадан өтетін жерімен және болашақ жұмыс орнымен байланыс орнатады)
- оқудың 70 пайызы өнеркәсіп орнында өткізіліп, 20-30 пайызы ғана оқу орнында жүргізіледі;
- Жұмыс берушінің талаптарына сәйкес болғандықтан түлектерді жұмыспен қамтуды жүзеге асыру көрсеткіші жоғарылайды;
- студент санасында оқу орнында жүргенде-ақ болашақ қызметкердің психологиясы қалыптаса бастайды және түрлі әлеуметтік жағдаяттарға кедергісіз бейімделе бастайды;
- «Тәжірибеден теорияға» қағидасымен студент мәтіндер және шартты жүйелермен емес өндірістік жағдайттармен көбірек жұмыс жасайды;
- арнайы пән оқытушылары болашақ маман иесін теориялық біліммен ғана қаруландырып қоймай озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгереді.

Осы келісім аясында «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ филиалы мынандай міндеттерді шешуге өз тарапынан үлес қосып келеді:

- ТжКББ инженерлік-педагогикалық және басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының тәжірибелік сабақтарын өткізу кестесін жасауға және басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының тәжірибелік сабақтарын өткізу кестесіндегі өзгерістер туралы Тараптарды уақтылы ақпараттандыруға;

- ТжКББ инженерлік – педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын жетілдіруге, біліктілікті арттырудың оқу-тақырыптық жоспарын жасақтауға, оқу-бағдарламалық құжаттарға тәжірибеге-бағытталған компонентіне енгізілуін, сонымен қатар жұмыс берушілер саласының сұраныстарын қанағаттандыратын заманауи мазмұндық саланы жетілдіруге;

- «Өрлеу» БАҰО Құрылтайшы болып табылатын мерзімді басылымдарға инженерлік-педагогикалық және басшы қызметкерлердің ғылыми-әдістемелік мақалаларын жариялауға жәрдемдесуге;

- «Өрлеу» БАҰО курсаралық кезеңдерде өткізетін кластерлік саланың инженерлік-педагогикалық кадрларын конференцияларға, семинарларға, байқауларға, көрмелерге, дөңгелек үстелдерге, шебер-кластарға, және басқа да іс-шараларға жұмылдыруға;

- салалық кластерлердің әлеуметтік серіктестерін және инженерлік-педагогикалық басшы қызмет-керлерді, оқу-әдістемелік бағдарламаларды жасақтауда авторлық құрамды, жұмысшы топтары, сараптау комиссияларына қатысуға тартуға;

- осы келісім аясында облыстың кәсіпкерлер Палатасы ТжКББ инженерлік–педагогикалық қызмет-керлерінің және басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының оқу-тақырыптық жоспарлары және білім беру бағдарламаларын жасақтауды біліктілігін арттыру курстары жоспарларымен сәйкестікте оқу-бағдарламалық құжаттамалар тәжірибелік-бағыттағы компонентін сонымен қатар, жұмыс берушілер саласының қажеттіліктеріне жауап беретін заманауи мазмұндық саланы қамтамасыз етуді енгізуге;

- оқытудың дуалды технологиясын енгізуге;

- еңбек нарығы талаптарына сәйкес заманауи материалдарды қолданумен жаңа технологияларды оқыту және өндіріс бойынша басшылардың, оқытушылардың және өндіріс шеберлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруға;

- ынтымақтастық мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізуге;

- кадрлардың біліктілігін арттыру саласындағы әлемдік озық тәжірибелерді енгізу мәселелері бойынша Халықаралық ынтымақтастықты орнату;

- біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру үшін саланың жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету;

- осы келісімді жүзеге асыру нәтижелерін және бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру.

Сонымен Ақтөбе облысының колледждері институттың әдістемелік бағыт беруімен төмендегідей міндеттерді орында:

- еңбек нарығының талаптарына сәйкес заманауи материалдарды пайдаланумен қатар оқытудың жаңа технологиялары және өндіріс бойынша басшы және педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының тәжірибелік сабақтарының ұйымдастырылуына қатысады;

- ТжКББ инженерлік – педагогикалық қызметкерлерінің және басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының оқу-тақырыптық жоспарлары және білім беру бағдарламаларын жасақтауды біліктілігін арттыру курстары жоспарларымен сәйкестікте оқу-бағдарламалық құжаттамалар тәжірибелік-бағыттағы компонентін, сонымен қатар жұмыс берушілер саласының қажетттіліктеріне жауап беретін заманауи мазмұндық саланы қамтамасыз етуді енгізеді;

- оқытудың дуалды технологиясын енгізуді эксперименттік тәртіпте өткізеді;

- конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер және ынтымақтастық мәселелері бойынша кеңес берулерді өткізеді;

-кадрлардың біліктілігін арттыру саласында әлемдік алдыңғы қатарлы тәжірибелерді енгізу мәселелері бойынша халықаралық, ынтымақтастық жобаларын таратады. Қазіргі ортақ мақсат - әлемдегі бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосылу жөніндегі нақты қадамдарға өз үлесімізді қосу, қоғамымыздың жаңадан қалыптасып келе жатқан жаңа сапалық қарым-қатынастарды бойына сіңіре отырып, нарықтық қатынастар жағдайында жемісті қызмет ету, мінез-құлық мәдениеті мен адамгершілік қадір-қасиетері бар, өмірге деген жеке дүниетанымдық көзқарасы бар, рухани дүниесі бай, жалпы білімі мен кәсіби біліктілігі жоғары, әрі жан-жақты жетілген, кәсіби жағынан білімдар және құзыретті маман болу.

Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мамандардың - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

• *бағдарлы құзіреттілік* (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б.);

• *мәдениеттанымдылық құзіреттілік* (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

• *оқу-танымдық құзіреттілік* (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

• *коммуникативтік құзіреттілік* (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

• *ақпараттық-технологиялық құзіреттілік* (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

• *әлеуметтік-еңбек құзіреттілігі* (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

• *тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі* (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті). Әлеуметтендіру идеясын жүзеге асыру тұтас педагогикалық үдерісте оқу және оқудан тыс уақытты толыққанды пайдалануды, сондай-ақ мектептің отбасымен, қосымша білім беру ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықта болуын талап етеді. Әлеуметтендіру өзі өмір сүріп отырған қоғамға бара – бар өмір сүруі үшін индивидтің белгілі бір білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін меңгеру үрдісі. Әлеуметтендіру адамның әлеуметтік тәжірибені меңгеруіне қарай қоғамдық қатынастар мен қарым-қатынас формалары, қызмет түрлерінің ендірілуі арқылы жүреді [4, 28 б.].

Егеменді еліміздің болашағы, оның материалдық және рухани дамуы, экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан өркендеп өсуі жас ұрпақтың қолында, сонымен қатар, олардың оқу орындарында алған білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты.

Нарықтық қатынастар жағдайында білім беру мен кәсіби даярлау бағытындағы еліміздің оқу орындарының басты міндеті - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру, сонымен бірге түлектердің алған дипломдары барлық әлемге танылуы тиіс. Бұл міндеттерді шешу үшін болашақ мамандарды даярлауда қазіргі қоғам үрдісіне сай инновациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру қажеттілігі туындайды. Республикамызда бәсекеге қабілетті, өз ісін жетік меңгерген, сауатты, білімдар, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, жан-жақты дамыған құзыретті мамандарға деген сұраныстар көбеюде.

Қоғам қазіргі заман мұғалімінен жоғары мәдениеттілікті, терең рухани және адамгершілік қасиетті құндылықтарға көзқарастың қалыптасқан жүйесін, ұстаздың өзінің шәкіртінің шығармашылық деңгейінің дамуына қызығушылық танытуын, инновациялық іс-әрекеттерге қабілеттілігін, өздігінен жетіле алуын, кәсіби белсенділікті және т.б. қамтамасыз етуді талап етеді.

Құзіреттіліктің қалыптасу процесі білімнің, біліктің, іс-әрекеттің қалыптасуын қамтиды, ұстаздың жалпымәдени дамуын, өзінің көзқарасының және тұлғалық кәсіби құнды қасиеттердің қалыптасуын қамтиды.

Білім болашаққа бағдарланатын болғандықтан, кез келген маман даярлайтын оқу орнының басты міндеттерінің бірі - білім алушының кәсіби құзіреттілігін дамыту. Құзірет-тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы. Ал құзіреттілік-адамның өзінің іс-әрекет саласына сай тәжірибесін көздейді.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі даму кезеңіндегі қоғамның түрлі кезеңдерінде ақпарат көздерін кеңінен пайдаланылуы және 12 жылдық білім беруге көшуге дайындық барысында еліміздің әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, ақпараттық мәдениетті мен ақпаратты құзыреттілігі қалыптасқан тұлға болуы қажет. Бұл міндеттің шешімін табу еліміздің даму старатегиясына сәйкес қоғамымыздың барлық саласында жүріп жатқан ақпараттандыру процесі арқылы жүзеге аспақ. Ол үшін:

• Тұтынушылардың, яғни оқушылар талаптарын қанағаттандыру арқылы білім беру қызметі сапасын тиімді қалыптастыру.

• Корпоративтік мәдени сапасы бар бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін ішкі инновациялық орта жасау.

• Тұтынушылар мен қызығушы тараптардың сенім деңгейін нығайтуға.

• Құзыреттілік,уәжділік, кері байланыс және білім сапасы үшін барлық қызметкерлерді тарту ұстанымдарын пайдалану негізінде оңтайлы технологиялық ахуал жасау.

• Оқу орнының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қол жеткізу.

Педагогикалық үрдіске инновация енгізуге бағытталған төмендегідей іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс:

- Басқарудың мақсаттарымен міндеттерін анықтау.
- Оларға жету үшін нақты шараларды талдап белгілеу.
- Міндеттерді іске асыру операцияларының жекеленген түрлерін орайластыру, бөлу.
- Педүрдіс іс-әрекеттерін лауазымды басшылар арасынды тиімді бөлу.
- Оқу орны ішіндегі әртүрлі бөлімшелердің өзара әрекеттестігін үйлестіру.
- Салалық кластерлік топтарды анықтау,серіктестік әрекетті іске асыру.
- Іс-әрекет мотивациясын ойластыру және басшылық пен әлеуметтік жауапкершіліктің нәтижелі стильдерін іздестіру.

Болашақ маман – бұл қай кезде де, ең алдымен, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол - ақпарат көздерін өмірге енгізуге дайын, өзі еңбек ететін саласына жаңашырлық танытатын, қоғамның ең озық бөлігінің бірі. Оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнына және ұйымдастырылуына кешенді тұрғыда қарайтын зерттеушілік ыңғайға бейім, теориямен практика іс-әрекетін біріктіре білетін, өмірлік құндылық қағидалары-адамгершілік, ізгілік, еңбекқорлық, парасатты мінез-құлық қасиеттерді бойына сіңірген маман.

Бүгінгі маман білім мен ақпаратты тасымалдаушы ғана емес, ол Тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесін әлемдік деңгейге бағыттау мақсаты туындап жатқан қазіргі таңда маманға қойылатын талаптарға жауап бере алатын, білім мен іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігінің жоғары деңгейіне ие маман болуы тиіс. Кәсіптік және техникалық білім беру жүйесіндегі дуалды оқытудың тиімділігі кәсіптік бағдар беру жұмыстарына, кәсіптік білім берудің мазмұнын жаңартуға, оқу лабораторияларын жаңа талаптарға сай жасақтауға, педагогикалық қызметкерлерге және өндірістік оқыту шеберлеріне материалдық тұрғыдан қолдау көрсетуге, түлектерді жұмыска орналыстыру, сондай-ақ және бос жұмыс орындарына бекітуге, педагогикалық қызметкерлердің өнеркәсіп орындарында квалификациялық біліктілігін арттыруға оң әсерін тигізеді. Білімнің еңбек нарығындағы сұранысқа сай берілуі қазіргі заман талабы. Сондықтан оқытудың дуалды жүйесіне дүниежүзілік қолдау көрсетуге бір кісідей атсалысуымыз тиіс. Бұл болашақтада кәсіптік және техникалық оқу орындарының жұмыс берушілер және әлеуметтік серіктестіктер байланысын нығайтпақ.

1. *ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 11қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауы: «Нұрлы жол болашаққа бастар жол».*
2. *Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016 жыл.*
3. *Қазақстан Республикасында кәсіптік білім беру жүйесіндегі Кооперативтік (дуалды) оқыту енгізу. Ұсыныстар. – Астана, 2009.*
4. *Аникеев А.А., Артуров Е.А. «Современная структура образования в Германии» //Журнал «Alma mater». – Москва, 2012. –№3. – 67-68 бб.*
5. *Камербаев А.Ю., Кашук Л.И. «Для подготовки кадров новой формации» // Журнал «Современное образование». – Краснодар, 2012. – №2 (86). – С.55-57.*

Резюме

Кубенова Ш.И. – к.*ф.-м.н., доцент, директор филиала «Национального Центра повышения квалификации «Өрлеу» Института повышения квалификации педагогических работников по Актюбинской области,* kubenovas@mail.ru

Система дуального обучения – залог профессиональной компетентности в подготовке кадров

В статье рассматривается эффективность профориентационной работы в системе профессионального и технического образования и дуального обучения, обновление содержания профессионального образования, разработку новых учебных лабораторий требованиям, оказание поддержки педагогическим работникам и мастерам производственного обучения с материальной точки зрения, трудоустройство выпускников, а также вакантные рабочие места и на утверждение, говорится о повышение квалификации педагогических работников квалификационная преимущества окажет положительное влияние и на промышленных предприятиях. С развитием творческих способностей студентов, формирование компетенций будущих специалистов мышления, высокого уровня интеллектуальной активности, выхода нового знать, понимать, чувствовать недостаток знаний через обучение с акцентом на соискание направить в формировании ожидаемых результатов, проводимая институтом говоря продуктивной работы.

Ключевые слова: дуальное обучение, социальное товариществ и профессиональной компетентности специалистов.

Summary

Kubenova S.I. – *PhD, Director of the branch of JSC NTSPK Orleu – InSETTI of Aktobe oblast, Kazakhstan, Aktobe,* kubenovas@mail.ru

The system of dual training is the key to professional competence in training

The article considers the efficiency of career guidance activities in the system of vocational and technical education, dual training, update of vocational education content, development of school/university laboratories in compliance with new requirements, providing of financial support to educators and foremen of vocational training, employment assistance for graduates, as well as search of vacant positions; the article also discusses advanced training of educators, qualification advantages will have positive influence upon industrial enterprises as well. Competences of future specialists are formed by means of development of students' creative abilities, high level of intellectual thinking, obtaining new knowledge, realizing of own areas of growth in knowledge through training — for the purpose of demonstration of efficient results of productive activities performed by the institute.

Key words: dual training, social partnership and professional competence of specialists.

ӘОЖ: 378.02

КЕЙС-ӘДІСІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Байрысова А.Е.– *магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*
Тугелбаева Л.М.– *х.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*
e-mail: akmaral_23_10kz@mail.ru

Мақалада кейс-әдісінің шығу тарихы қарастырылған. Кейс-әдісінің негізі ертеректе қаланған; мұндай негіз ретінде оқыту мақсатында қолданылған пікірталастар мен талқылауларды қарастыруға болады. Ал бүгінгі таңдағы мемлекеттік білім беру саласындағы саясаттың басты бағыты – шығармашыл, сындарлы ойлай алатын, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әр түрлі мәселелерді креативті шешуге қабілетті азамат дайындау, яғни берілген білім, білік, дағдыны меңгеріп қана қоймай, оны өмірде пайдалана алуға баулу болып табылады. Осыған орай, заманауи дидактикада міндеті студентті оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ету болып табылатын құзіретті әдістер пайдаланылады. Сондай әдістердің бірі – кейс-әдісі. Мақалада «кейс-технология» ұғымының қазіргі заманғы әдебиеттерде сипатталуы мен мәні зерделенген, сондай-ақ кейс-әдісіне жан-жақты анықтамалар берілген. Кейс-әдісінің маңызды бөлігі – кейстерге талдау жасалынған. Жоғары оқу орындарында кейс-әдісін пайдалану барысында кейстерді құрастырудың ерекшеліктері талқыланған. Сабақ барысында кейс-әдісін пайдалана отырып, студенттердің нақты жағдаяттты мәселелерді шешу қабілеттерін дамыту жолдары көрсетілген. Сонымен қатар кейстің көздері сызба түрінде келтірілген. Өмір, білім және ғылым негізгі кейс көздері болып саналады. Бүгінгі таңда кейс-әдісін жоғары оқу орындарына енгізу өзекті мәселе болып отыр. Кейс-әдісін қолдану оқытылатын пәнге деген қызығушылықты арттыруға, шешім қабылдаудың зерттеушілік, коммуникативтік және шығармашылық дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

Тірек сөздер:кейс-әдісі, кейстер, жағдаят, кейс көздері, мәселелерді шешу, мәселелі-жағдаяттық талдау.

Қазіргі таңдағы мемлекеттік білім беру саласындағы саясаттың басты бағыты – шығармашыл, сындарлы ойлай алатын, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әр түрлі мәселелерді креативті шешуге қабілетті азамат дайындау. Осыған орай әлемдік қауымдастықта айтарлықтай ықпалы артып келе жатқан еліміздің білім беру саласын халықаралық дәрежеге көтеру, бәсекеге қабілетті маман даярлау мақсатында тың да нақты қадамдар жасалуда.

Адамның табысты болуы тек білім көлемімен анықталмайды, ол қажетті жаңа ақпаратты алу қабілетімен де анықталады. Осыған орай, заманауи дидактикада міндеті студентті оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ету болып табылатын құзыретті әдістер қолданылады. Бұл мақсатқа жету үшін оқытушы өз тәжірибесінде әр түрлі технологияларды пайдаланады, олардың ішінде кейс-технологияны атап өткен жөн. Бұл әдіс нақты мәселелерді-жағдаяттарды (кейстер) шешу арқылы оқытуға негізделген белсенді мәселелі-жағдаяттық талдау болып табылады. Бұл технологияның басты мақсаты – мәселелерді тудыру және олардың шешімін табу қабілетін дамыту, ақпаратпен жұмыс жасап үйрену. Басты назар дайын білімді алуға емес, оны өңдеуге, оқытушы мен студенттің ынтымақтастығына аударылады.

Кейс-әдісінің негізі ертеректе қаланған. Мұндай негіз ретінде оқыту мақсатында қолданылған пікірталастар мен талқылауларды қарастыруға болады. Антикалық алғашқы кейсолог Сократ болуы мүмкін. Өйткені, Диоген Лаэртскийдің пікірінше, Сократ алғашқы болып шешендік өнерден сабақ берумен айналысқан және өмір жағдайлары туралы пайымдаулар жасаған.

Заманауи түрдегі кейс-әдісі алғаш рет Гарвард бизнес-мектебінде басқару пәндерін оқыту барысында пайдаланылған. «Жағдаят» термині бұрын медицина мен құқықтануда қолданылғанымен, білім беруде бұл түсінік жаңа мәнге ие болды.

1910 жылы декан Гей (Gay) доктор Коуплендке (Copeland) лекцияларға қосымша ретінде студенттік талқылауларды қолдануға кеңес береді. 1909-1919 жылдары оқытушылар аудиторияға «мәселені таныстыру үшін» келетін болды. Студенттердің алдына мәселе қойылды, оның анализі, мәселені шешуге қатысты сәйкес ұсыныстар қарастырылды. Жағдаяттық жаттығулар жазылған алғашқы оқулықты 1921 жылы Гарвард бизнес-мектебінің жаңа деканы Волас Донамның (Wallace B.Donham) белсенді қатысуымен Коупленд жарыққа шығарды.

Уақыт өте келе жағдаяттық жаттығулар әдісі тек АҚШ-тың оқу бизнес-бағдарламаларында ғана емес, сондай-ақ басқа елдерде де қолданыла бастады.

КСРО-да XX ғасырдың 70-80 жылдары жағдаятты талдауға деген көзқарас ерекше болды. Ол экономиканы реформалау қажеттілігімен байланысты еді. Жағдаяттық талдауды жасауға және енгізуге М.М. Бирншейн, Г.А. Брянский, О.В. Козлова, М.Л. Разу, Ю.Ю. Екатеринославский, Ю.Д. Красовский, В.Я. Платов, Д.А. Поспелов, В.С. Рапопорт, О.А. Овсянников, И.М. Сыроежин және т.б. елеулі үлес қосты [1].

Кейс-әдісінің қолданылу сипатына байланысты бірнеше дәстүрлер кездеседі. Гарвард бизнес-мектебінен басқа нақты жағдаяттарды қолданудың тағы бір дәстүрін Манчестерлік (Еуропа) дәстүрді атап өткен жөн. Манчестерлік дәстүрде жағдаятты сипаттау қысқаша жүргізіледі, ал оның шешімі ашық түрде топтық пікірталастар нәтижесінде шығарылады. Сондай-ақ, жағдаяттық оқытуды пайдалануды Солтүстік Американың атақты университеттерінің бірі – Батыс Онтарио университеті (Канада) де қолға алып отыр [2].

Қазіргі заманғы педагогикалық әдебиеттерде «кейс-технология» (ағылшынша case – жағдай, жағдаят) ұғымын түсіндіретін бірнеше нұсқалар кездеседі. Олардың кейбірелеулеріне тоқталайық:

- Кейс-технология – теориялық білімді кәсіби сипаттағы шынайы практикалық тапсырмаларды шешу үшін пайдалануға мүмкіндік беретін дидактикалық құрал;

- Кейс-технология немесе нақты жағдаяттарды (case study) талдау технологиясы – дағдыларды жетілдіруге және мына салаларда: мәселелерді анықтау, таңдау және шешу; ақпаратпен жұмыс – жағдаятта сипатталған бөліктердің мәнін ұғыну; ақпараттар мен аргументтерді талдау және синтездеу; болжамдармен және қорытындылармен жұмыс; баламаларды бағалау; шешімдер қабылдау; басқа адамдарды тыңдау және түсіну – топтық жұмыс дағдылары салаларында тәжірибе алуға негізделген оқыту әдісі;

Кейс-технология – нақты жағдаяттарды (кейстерді) шешу арқылы оқытуға негізделген белсенді мәселелік-жағдаяттық талдау әдісі.

Кейс-технологияның мәні – студенттер тобы ортақ күш жұмсай отырып, нақты іс жағдайында пайда болған жағдаятты (case) талдайды, оның практикалық шешімін шығарады; кейспен жасалатын жұмыстың аяқталуы – ұсынылған шешімдер алгоритмін бағалау және қойылған мәселе шеңберінде ең үздігін таңдап алу [3].

Кейс-технология негізіндегі кәсіби-бағдарлы оқу үдерісі тиімді болуы үшін екі жағдай жасалуы қажет:

1) жақсы жасалған кейс;
2) кейстің оқу үдерісінде қолданылуының арнайы әдістемесі.

Кейс дегеніміз – берілген мәселелік жағдаяттың ақырғы шешімін табу үшін әр түрлі баламаларды ұсыну мақсатында студенттер зерттеп, талдап, бағалауға міндетті, шындыққа жақындатылған жағдайлар мен жағдаяттардың жиынтығы.

Жақсы кейс келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- Кейс шешімі білім алушылардың кәсіби қызметі үшін маңызды болып табылатын мәселелерден тұруы керек.
- Кейс нақты дидактикалық мақсаттарға бағытталуы керек және білім алушылардың ерекшеліктерін және дайындық деңгейлерін ескере отырып, сәйкес күрделілікке ие болуы қажет.
- Кейс зерттеу мен іздестіруге арқау болуы тиіс.
- Кейстің мазмұны пікірталасқа негіз болуы қажет.
- Кейс анық құрылымдалған, түсінікті мазмұндалған, қызығушылық тудыратын болуы керек.
- Кейс – «тірі» материал, ол мақұлданғаннан кейін түзетуді қажет етеді және өмірде болып жатқан өзгерістермен қатар жаңартылып отырады.
- Кейс тез ескірмеуі керек.

• Кейс мәселені шешу жолын іздеудің вариативтілігін, бағалаудың даулылығын және баламалы шешімдердің мүмкіндігін қамтамасыз етеді [4].

Кейстерді шешу үшін:

- студенттер 4-8 адамнан тұратын топтарда жұмыс істеуі керек;
- топтың барлық мүшелері қатысуы үшін, яғни ешкім жұмысты монополияламауы үшін координаторды таңдау керек; ол топтың зейіні төмендеген жағдайда оны белсендендіреді; мәміле ұсынады; осы мәмілені жазады; ақырғы шешімді баяндау үшін топтың өкілі рөлін атқарады.

Кейс шешілетін аудиториялық практикада студенттерге келесі әрекеттерді орындау ұсынылады:

- кейсті талқылау үшін сабаққа дейін дайындалу;
- кейсті бірлесіп оқу және мүмкін болатын жеке шешімдерді жоспарлау;
- ортақ шешім табу үшін топта жұмыс істеу;
- презентация: әрбір топ қойылған сұрақ бойынша өздерінің қорытындылары мен жауаптарын айтады және басқа топтармен бірге талқылайды.

Кейсті шешу барысында студент талқылауға белсене араласуы керек, мүмкін болатын баламаларды зерттеп, ұсынуы қажет, өзінің жорамалдарын тексеріп, шешімін ұсынуы керек.

Зияткерлік өнім ретінде қарастырсақ, кейстің өзіндік көздері бар. Сызба (1-сурет) түрінде оны былайша бейнелеуге болады:



Сурет 1. Кейс көздері

Өмір кейс көзі болып табылады деген сөздің ешкімде күмән тудырмайтыны анық. Қоғамдық өмір өзінің сан қырлылығы арқылы сюжеттің, кейстің фактологиялық негізі мен мәселелердің көзі бола алады. Кейстің тағы бір көзі – білім. Ол оқыту мен тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды. Ғылым – кейстің келесі бір көзі. Ол аналитикалық қызметпен және жүйелік тәсілдемемен анықталады [5].

Қазіргі таңда оқытудың белсенді әдістері, соның ішінде кейс-әдісі Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында экономика кадрларын дайындауда кеңінен қолданылуда. Экономикалық пәндерді оқыту әдісі ретінде құрастырылған кейс-әдісі медицинаны, заң және басқа да ғылымдарды оқытуда, сондай-ақ білім беруде пайдаланылады.

Кейс-әдісін жоғары оқу орындарына енгізу қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр. Біріншіден, білім берудің бағыты нақты білім алуға ғана емес, сондай-ақ, құзіреттілікті қалыптастыруға, ой қабілеті мен жеке тұлғаның дағдысын дамытуға, соның ішінде сан түрлі ақпараттарды игеруге бағытталады. Екіншіден, маманның сапасына деген талаптың жоғарылауы, яғни педагог әр түрлі жағдайда оңтайлы шешім таба білуі керек, жүйелілігімен және әрекетін тиімді ұйымдастыруымен ерекшеленуі керек. Кейс-

әдісін қолдану оқытылатын пәнге деген қызығушылықты арттыруға, шешім қабылдаудың зерттеушілік, коммуникативтік және шығармашылық дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

1 Ситуационный анализ, или анатомия кейс-метода / Под. ред. д-ра социологических наук, профессора Сурмина Ю.П. – Киев: Центр инноваций и развития, 2002. – 286 с.

2 Юлдашев З.Ю. Бобохужаев Ш.И. Инновационные методы обучения: особенности кейс-стади метода обучения и пути его практического использования / Ташкент: Iqtisod-moliya, 2006. – 88 с.

3 Жукова Г.С., Никитина Н.И., Комарова Е.В. Технологии профессионально-ориентированного обучения: учеб. пособие. – М.: Издательство РГСУ, 2012. – 165 с.

4 Методические рекомендации по разработке заданий для развития дивергентного и критического мышления студентов вузов: / Авт. сост. Д.С. Джантемирова, С.Ж. Зейнолла, С.Ж. Исалдаева. – Алматы: РИПКСО, 2015.– 47 с.

5 Золотарев А.А. Кейс-метод: особенности разработки и реализации (методические рекомендации). – СПб.: Изд-во Санкт-Петербургского университета управления и экономики, 2012. – 48 с.

Резюме

Байрысова А.Е. – *магистрант,Казахский национальный университет имени аль-Фараби*
Тугелбаева Л.М. – *к.х.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

Методико-технологические аспекты кейс-метода

В2 – владение приемами компьютерного моделирования и методами теоретического анализа результатов научных исследований;

В3 – применение географических знаний в различных областях деятельности;

В4 – понимание методологии научного исследования;

В5 – понимание взаимосвязи методологического, теоретического и прикладного уровней в научном исследовании по педагогике;

В6 – проведение диагностики и анализа развития, общения, деятельности обучающихся разного возраста посредством качественных и количественных методов психолого-педагогических исследований;

В7 – понимание соотношения основных научных концепций педагогики и общих проблем развития науки и общества.

✓ ***С – формирование суждений:***

С1 – инновационный стиль научно-педагогического мышления и целостное восприятие педагогической действительности;

С2 – самостоятельность и инициативность мышления, критические, аналитические, диагностические навыки;

С3 – осознание социальной значимости педагогической профессии, соблюдение принципов профессиональной этики, совершенствование профессионально-личностных качеств педагога;

С4 – способность к комплексному анализу и формированию суждений о глобальных экологических и экономических проблемах и рациональном использовании природных ресурсов;

С5 – развитие мировоззрения, сознания, активность, самостоятельная познавательная, научно-исследовательская и творческая деятельность;

С6 – профессионально-педагогическое самосознание, формирование потребности в дальнейшем личностном и профессиональном саморазвитии обучающихся.

✓ ***D – личностные способности:***

D1 – наличие профессиональных качеств личности педагога, владение технологиями общения, навыками педагогической риторики, стратегиями коммуникаций;

D2 – готовность к созданию новых ценностей, принятию творческих решений, толерантность и способность к педагогическому сотрудничеству;

D3 – стремление к развитию интеллектуальных, морально-нравственных, культуросообразных, природосообразных, коммуникативных, организационно-управленческих навыков;

D4 – стремление к высокой мотивации к педагогической деятельности, творческому применению педагогических инноваций, к самообразованию и самореализации;

D5 – способность понимать закономерности становления и развития научного знания как феномена культуры;

D6 – способность внести личный вклад посредством оригинального исследования, расширяющего рамки существующих знаний;

D7 – способность к реализации принципов здоровьесбережения, формирование культуры здоровья обучающихся, соблюдение охраны труда.

В стратегии и методах обучения даются общие результаты обучения, достигнутые посредством учебных мероприятий, таких как: аудиторные и внеаудиторные занятия, учебные и профессиональные практики, написание и защита дипломной работы (проекта) или диссертационной работы. Содержание образовательной программы специальности позволяет освоить обучающимся систему предметных, межпредметных, психолого-педагогических и методических знаний, демонстрировать знания и понимание в области изучаемых дисциплин, педагогики и психологии, применять эти знания и понимание на профессиональном уровне.

При подготовке бакалавров и магистров (соответственно 6-й и 7-й квалификационный уровень НРК) программа специальности предусматривает широкий диапазон различных форм контроля и оценки предполагаемых результатов обучения: текущий и рубежный контроль (опрос на занятиях, тестирование по темам учебной дисциплины, контрольные работы, защита практических и лабораторных работ, курсовых работ, дискуссии, тренинги, коллоквиумы и др.), промежуточная аттестация (тестирование по разделам учебной дисциплины, экзамен, защита отчетов по практикам), итоговая государственная аттестация (защита дипломной работы или магистерской диссертации, государственный экзамен по специальности). Методы оценки имеют целью развитие критического мышления, интеллектуальных, письменных и устных коммуникативных, презентационных навыков, научно-практических исследований.

Программа специальности также включает педагогическую практику в школе (для программ бакалавриата) и вузе (для программ магистратуры), что позволит обучающимся освоить практико-ориентированные компетенции в предметной области, по планированию и организации учебно-педагогической деятельности, методике преподавания учебных дисциплин, применению в учебном процессе инновационных технологий обучения, а также педагогическому взаимодействию обучающегося и педагога и др.

В матрице дисциплин и специальных компетенций наглядно представлены компетенции, осваиваемые как результат профессионального обучения. Матрица определяет уровень сформированности специальных компетенций будущих специалистов.

Структура и нормы распределения компонентов программы по видам деятельности, количеству кредитов, общему объему учебного времени в часах и неделях согласуются с общеобязательными стандартами образования РК.

Таким образом, разработанная программа специальности в рамках компетентностного подхода подготовки кадров как метода моделирования целей и результатов образования, безусловно, отражает результаты образования в целостном виде как систему признаков готовности выпускника к осуществлению той или иной деятельности.

Поставленные цели и содержание образования по избранной специальности, организация образовательного процесса, оценка запланированных результатов обучения, представленные в программе специальности, направлены на формирование креативной личности выпускника, соответствующего современным требованиям социального и экономического развития государства.

Доступность данного документа на сайте университета позволит всем заинтересованным участникам образовательного процесса ознакомиться со спецификой подготовки кадров по конкретной специальности, квалификационной характеристикой выпускника образовательной программы, результатами обучения, или компетенциями, перспективами трудоустройства или продолжения обучения на следующем уровне образования.

1. Лебедев О. Е. Качество – ключевое слово современной школы, (серия «Качество школьного образования»). – СПб: филиал издательства «Просвещение», 2008. –191с.

2. Егорова В.В. Рекомендации по разработке образовательной программы школы //Практика административной работы в школе. – 2003. – №3. – С. 3-9.

3. Шишов С.Е. Школа: мониторинг качества образования / С.Е.Шишов, В.А. Кальней – М.: Педагогическое общество России, 2000. – 320 с.
4. Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты: доклад на отделении философии образования и теории педагогики РАО 23 апреля 2002// Центр «Эйдос» http://www.eidos.ru/
5. www.kaznpu.kz/ru/134/pag

Түйін

Цыренжапова Г.Г. – *филолог.ғ.к.,* **Карбаева Ш.Ш. –** *п.ғ.к, доцент,*
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Мамандық бағдарламасы құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың басты шарты

Жоғары педагогикалық білім беруді ұйымдастырудың жаңа тәсілдері білім беру мекемелерінің нормативтік-басқару құжаттарын дайындауда жаңа талаптар белгілеп отыр. Нормативтік құжаттардың бірі – ол әрбір нақтылы білім беру мекемелерінде өзінің мазмұны мен құрылымы бойынша ерекшеленетін білім беру бағдарламалары.

Мақалада құзыреттілік тәсіл шеңберінде және жоғары педагогикалық білім беруді еуропалық білім беру кеңістігі ережелерімен үйлестіруші білім беру бағдарламаларын дайындау мәселелері қарастырылады, сонымен қатар мамандық бағдарламаларының жаңа құрылымы ұсынылып отыр.

Жаңа мамандық бағдарламасына білім беру үдерісіне қатысушылар, оның ішінде шетелдік жұмыс берушілер үшін алдымен түлектердің квалификациялық сипаттамасын, оқыту үдерісінде қалыптасатын құзыреттіліктер туралы мәліметтерді, олардың Дублин дескрипторымен және Ұлттық біліктілік шеңбері квалификациялық деңгей талаптарына сәйкестігін ендіру туралы қорытынды жасалды. Ұсынылып отырған құжат алдымен білім алушылардың еңбек нарқында бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында оқыту нәтижелеріне өздігінен бақылау жасауы үшін қажет.

Түйін сөздер: ұлттық жоғары білім беру жүйесі, құзыреттілік тәсіл, білім беру бағдарламасы, Дублин дескрипторы, оқыту нәтижелері, түйінді және арнайы құзыреттіліктер, Ұлттық біліктілік шеңбері.

Summary

Galina G. Tsyrenzhapova – *Cand. of Philology,*
Sholpan Sh.Karbayeva – *Cand. Sc., Assistant professor, Abay Kazakh National Pedagogical University*

Specialty Programme as condition of realization of competence-based approach

New approaches to the organization of the higher pedagogical education set new requirements for development of legal and administrative documents of the educational institution. One of the types of regulations are known as educational programs which are unique in its content and structure in each educational institution.

The article describes the problem of the development of educational programs in the competence-based approach and within the harmonization of the higher pedagogical education with the European educational space. The new structure of the speciality programme is proposed.

It is concluded that the inclusion of qualifying characteristics of a graduating student of the educational program first of all, inclusion of information on competencies generated in the learning process, their compliance with the Dublin Descriptors and requirements of the qualification level of the National Qualifications Framework to the new speciality programme, is important for all participants in the educational process, including foreign employers. First of all, the presented document is required for students for self-control of learning outcomes in order to increase personal competitiveness in the labor market.

Key words: national system of higher education, competence-based approach, educational program, the Dublin Descriptors, learning outcomes, key and special competence, the National Qualifications Framework.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Рахметова Р.С. – *п.ғ.д., доцент*
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
e-mail: raigul.67@mail.ru

Мақалада студенттердің кәсіби біліктілігін арттырудың маңызы туралы айтылады. Құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік ұғымдарының мәнін ашып, ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып жоғары оқу орнын бітірушілердің меңгеруі тиіс біліктілік түрлерін жіктейді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі мен біліктілігін анықтау туралы түрлі ғылым салаларындағы ғалымдардың: педагог, психолог, философ, физиологтардың тұжырымдарын талдайды. Автор кәсіби біліктілікті көп деңгейлі білім жүйесімен салыстырады. Кәсіби біліктілік үнемі жетілдіруді, дамытуды қажет ететіндігін айта келе, болашақ маман кәсіби біліктілігін жетілдіру жолдарын қарастырады. Кәсіби біліктілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауды,

күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуы мұғалімнің кәсіби деңгейімен байланысты екенін естен шығармау қажеттілігі сөз болады.

Тірек сөздер: құзыреттілік, біліктілік, кәсіби біліктілік, студент, болашақ маман, әдістеме.

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған маман даярлауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарлауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Қазіргі таңда қоғам болашақ маманнан ұйымдастырушылық қабілетті, өз ісіне жауапкершілікпен қарауды, кез келген жағдаятта шешім таба білуді, іскерлікті, кәсіби деңгейінің жоғары болуын, өзін-өзі дамытуға жіті көңіл бөлуін талап етіп отыр.

Кәсіби-педагогикалық даярлық белгілі бір мақсатты ұстанып, жалпы ұстанымдарды негізге алады. Ол интегративті бүтіндікті құрайды, түрлі құрылымдық бірліктер өзара байланысты болумен бірге, бір-біріне тәуелді болады және сыртқы ортамен белсенді түрде араласады. Жоғары оқу орнындағы оқытушының білім беру жүйесіндегі ең маңызды міндеттерінің бірі оның әдістемелік даярлығы болып табылады.

Осымен байланысты мұғалім даярлаудың мазмұны мен әдісін жетілдіруге баса көңіл бөлініп отыр. Кәсіби-педагогикалық даярлау – қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының қажеттілігіне байланысты өзгеріп отыратын үдеріс. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби даярлығы лингвистика, психология, педагогика, әдістеме және т.б. пәндермен тығыз байланысты.

Ғалым-әдіскерлер кәсіби-педагогикалық дағдыға оқытушының кәсіби құзіреттілігінің және оның кәсіби өзіндік өмір сүруінің жинақталған көрсеткішін; алған білімін әдістеме, педагогика, психология, лингвистикада қолдана білу шеберлігін; қазақ тілі сабағын және оқу үдерісін ұйымдастыру межесі мен ережесін сақтауын; педагогикалық тактінің, педагогикалық техника мен шеберліктің пайда болуын; педагогикалық сауаттылық пен білімділікті жатқызады. Студенттің кәсіби дағдысы оның міндетті пәндерді игеру дәрежесінен де байқалады. Міндетті пәндер студенттің кәсіби-педагогикалық даярлығын жетілдіруде айрықша орын алады. Синтаксисті қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытуда жоғарыда сөз болған мәселелер мен теориялық білімдерді негізге ала отырып, әдістеме ғылымының қол жеткізген жетістіктері мен әдіскер-ғалымдардың ұтымды тәжірибелеріне сүйенеді.

З.Бейсембаева әдістеме пәнінің мақсаты «студентті болашақ мамандығына бейімдеу, мектеп зертханасына енгізу, қазақ тілін оқытуға байланысты практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға негіз болатын теориялық және практикалық мағлұматтар беру» екенін айта келіп, студенттің «кәсіби-әдістемелік дайындығы пәннен берілетін теориялық материалдың көлеміне, мазмұнына, оны игертудің амалдарына, оқытудың әдістеріне, әдістемелік біліміне, мектепте қазақ тілін оқыту үрдісі туралы толық мағлұматына» байланысты болатынын атап көрсетеді [1].

Қазіргі ғылымда адамды «тіл – мәдениет – ойлау» үштағанының айналасында қарастыру туралы зерттеулер көп. Адамның іс-әрекетін, интеллектісін бұлай бағалау мұғалімнің кәсіби қабілетін дамыту мен жетілдіруге басқаша тұрғыдан қарауды қажет етеді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі мен біліктілігін анықтау туралы мәселе педагог, психолог, философ, физиологтардың және т.б. арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудырды. Тұлғаның кәсіби үдерісі көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзіреттілігімен байланыста қарастырыла бастады. В.А. Адольф, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Э.Ф. Зеер, В.А. Сластенин, Т.Ф. Лошакова және т.б. ғалым-әдіскерлер педагогикалық зерттеулерінде педагог кадрлардың кәсіби құзіреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтса, Д.Дьюи, У.Уоллер, М.Мид, К.Юнг, П.Сорокин, Ф.Знанецкий сынды философтар кәсіби біліктілікті адамның ортаға үйренуіне қажетті әрекеттер түрі ретінде қарастырды. Олар адамның мамандығы оның белгілі бір нәрсеге деген қызығушылығын тудыратынын, көзқарасын қалыптастыратынын, мақсатқа жетуге талпындыратынын, ортақ пікір алмасуға жетелейтінін дәлелдеді. Д.Л. Томпсон, Д.Пристли кәсіби біліктілікті жүйелі түрде алынған білім мен жоғары моральдық нормалар мен педагогтік кодекстің нәтижесі ретінде анықтады.

Әлеуметтанушылар кәсіби біліктілікті адамның кәсіби борышы, парызы түрінде айқындайды. Олар адамның әлеуметтік статусы білімі мен мамандығы және өмір сүру деңгейінің бірлігі арқасында қалыптасатынынын дәйектейді.

И.Н. Шпильриен, С.Г. Геллерштейн, Е.А. Климов және т.б. психологтар біліктілікті дара қабілет деп есептеп, оны күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі мәселелерді шешуге көмектесетін іскерлік, қабілет деп таниды.

А.Г. Соколов кәсіби құзіреттілікке төмендегідей анықтама береді: «Под профессиональной компетентностью целесообразно понимать способность эффективно решать практические задачи по социализации развивающейся личности, обеспечению внутренних условий, деятельностной интеграции личности в общество за счет развития ценностных ориентаций, ориентированности в природе, обществе, духовном опыте людей, самом себе, формирование практических умений деятельностной социально желаемой самореализации...» [2]. Ғалымдар жоғары оқу орнын бітірушілердің біліктіліктерін төртке бөліп саралайды:

- жалпы кәсіби біліктілік;
- арнайы кәсіби біліктілік;
- жалпы әлеуметтік-психологиялық біліктілік;
- арнайы әлеуметтік-психологиялық біліктілік.

Жалпы кәсіби біліктілік студенттің жалпы кәсіптік білімі, дағдысы, қабілеті мен мамандығының дайындығы арқылы анықталады. Сонымен бірге біліктіліктің бұл түріне студенттің ғылыми-зерттеушілік, басқарушы-ұйымдастырушылық қабілеттері мен кәсіби және педагогикалық қызметі жатады.

Арнайы кәсіби біліктілік бітірушінің белгілі бір мамандық бойынша кәсіби қызметті атқарудағы дайындығы мен оған ұмтылуы арқылы айқындалады. Олардың мазмұны мемлекеттік классификациялармен анықталады. Маманның жалпы арнайы *психологиялық біліктілігі* әлеуметтік ортаның талаптарын ескере отырып, адамдармен ортақ тіл табыса білуге, басқаларды түсінуге, әр нәрсеге дайын болуға ұмтылуынан байқалады.

Жалпы әлеуметтік-психологиялық біліктілікті ғалымдардың өз ішінен әлеуметтік, арнайы, ақпараттық, экологиялық, валеологиялық деп жіктеуі кездеседі. Студенттің *әлеуметтік біліктілігі* жауапкершілігінен, ұжыммен жұмыс істей білуінен байқалса, *арнайы біліктілігі* өзін-өзі дамытуынан, жетілдіруінен, өздігінен білім алуынан көрінеді. *Ақпараттық біліктілік* жаңа технологияларды игеруі мен қолдануы, шетел тілдерін меңгеруі арқылы айқындалады. *Экологиялық біліктілігі* қоғам мен табиғатты сақтау, қорғау және дамыту жөніндегі заңдар туралы білімді игеруі арқылы экологиялық жауапкершілікті сезінуінен танылады. Салауатты өмір салтын ұстануынан оның *валеологиялық біліктілігі* байқалады.

Арнайы әлеуметтік-психологиялық біліктілік маманның өзінің қабілеті мен дайындығын кәсіби деңгейде көрсете білуі арқылы анықталады. Арнайы әлеуметтік-психологиялық біліктілік мамандықтың классификациясына байланысты болып келеді. Е.А. Климов мамандыққа байланысты былайша жіктейді: адам – адам; адам – белгілер жүйесі; адам – көркем бейне; адам – техника; адам – табиғат [3]. А.К. Маркова мұғалімнің жоғары деңгейдегі педагогикалық қызметін, педагогикалық тіл табыса білу өнерін, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жеткен жетістіктерін және т.б. еңбектерін кәсіби біліктілік деп есептейді [4].

Кәсіби біліктілікті көп деңгейлі білім жүйесімен салыстыруға болады. Ол үнемі жетілдіруді, дамытуды қажет етеді. Заман талабынан шыға білу үшін мұғалім ізденіс үстінде жүреді. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қатысым мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек. Мұғалім қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп, ортамен, адамдармен, балалармен қарым-қатынасқа тез түсе алатын ұйымдастырушылық қабілетін жетілдіргенде, мол тәжірибе жинақтағанда және т.б. қасиеттерді бойына сіңіргенде оның кәсіби құзіреттілігі мен біліктілігі анық байқалып тұрады.

Болашақ маманның кәсіби біліктілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негізі қаланады. Кәсіби біліктілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауды, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуы мұғалімнің кәсіби деңгейімен байланысты екенін естен шығармау қажет.

Қорыта айтқанда, білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңарулар студенттен кәсіби біліктілігін үнемі көтеруді талап етеді. Қазіргі білім беру жүйесі өткен тарихымызды сақтайтын, қоғам мен мемлекетті дамыту мен жаңартуға өзіндік үлес қосатын, өзін-өзі үнемі дамытып, жетілдіріп отыратын маман талап

етіп отырғандықтан, студенттің кәсіби біліктілігін қалыптастыру мен дамытуға ерекше мән беріледі. Өйткені кәсіби деңгейі жоғары мұғалім кез келген ортада өзін көрсете алады және қазіргі талапқа толық жауап береді. Ол мектептегі оқу-тәрбие ісін де жетік меңгеріп, өз ісіне жауапкершілікпен қарайды. Сонымен бірге сабақ үрдісінде де өзін жоғары деңгейден көрсетуге тырысады. Осы талаптар өресінен шыға алу үшін жоғары оқу орындарында студенттерге теориялық білім берумен қатар, оның кәсібі мен білік, дағдыларын жетілдіруге жете мән берген жөн.

1. *Бейсеенбаева З. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2009. - 278 б.*
2. *Соколов А.Г. Научные основы управления профессионально-техническим учебным заведением. – М.: Высшая школа, 1984. – 64 с.*
3. *Климов Е.А. Пути в профессионализм (Психологический анализ): Учебное пособие. – М.:Московский психологосоциальный институт; Флинта, - 2003, - 320 с.*
4. *Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.:Международный гуманитарный фонд «Знание»,1996. - 312 с.*

Резюме

Рахметова Р.С. – *д.п.н., доцент, Казахского национального педагогического университета имени Абая*

Сущность развития профессиональной квалификации студентов

В статье говорится о важности совершенствования профессиональной квалификации студентов. Автор раскрывает сущность понятий компетенция, профессиональная компетенция, а также опираясь на труды известных ученых, дается классификация видов квалификации, которыми должен овладеть выпускник высшего учебного заведения. Анализирует взгляды и идеи педагогов, психологов, философов, физиологов о профессиональной компетенции и квалификации педагогов. Автор сравнивает профессиональную квалификацию с многоуровневой системой образования. Профессиональная квалификация требует постоянного совершенствования и поэтому будущий специалист рассматривает пути совершенствования профессиональной квалификации. Совершенствование профессиональной квалификации требует развития индивидуального творческого развития, правильного восприятия педагогических инноваций и адаптации к быстро изменяющейся среде. Социально-экономическое и духовное развитие общества тесно связано с профессиональным уровнем учителя.

Ключевые слова: компетенция, квалификация, профессиональная квалификация, студент, будущий специалист, методика

Summary

Rakhmetova R.S. – *Kazakh national pedagogical university named after Abai*

The essence of the development of professional skills of students

The article discusses the importance of improving the professional skills of students. The author reveals the essence of the concepts of competence, professional competence, also based on the works of well-known scientists, given the classification of types of qualifications, which must possess a graduate of a higher educational institution. It analyzes the views and ideas of teachers, psychologists, philosophers, psychologists about professional competence and qualification of teachers. The author compares the professional qualification with a multi-level system of education. Professional qualification requires constant improvement and, therefore, the future specialist is considering ways to improve the professional qualification. Improving the professional qualifications required of development of individual creative development, correct perception of pedagogical innovation and adaptation to the rapidly changing environment. Socio-economic and spiritual development of society is closely connected with the professional level of teachers.

Keywords: competence , qualification , professional qualification , a student , method

ӘОЖ 373.23

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ КЕЗІНДЕГІ КОНТЕКСТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ОРНЫ

Искакова П.К. – *п.ғ.к., Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, педагогикалық ғылымдар кафедрасының доцент м.а. Fari_77@mail.ru*

Керимбаева Б.Т. – *PhD докторы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, педагогикалық ғылымдар кафедрасының доцент м.а. Kerimbaeva-bota@mail.ru*

Мақалада болашақ мамандарды кәсіби даярлау кезіндегі контекстік оқыту технологиясының орны қарастырылады. Контекстік оқыту - бұл кәсіби маман қызметіндегі студенттің оқу үрдісі кезінде классикалық трансформация жағдайындағы кәсіби қызметтің әлеуметтік мазмұны мен динамикалық модельдеуге мүмкіндік беретін оқыту болып табылады. Контекстік оқыту студенттің белсенділігін арттыру бағытында оған дағды, білігі мен білімін жетілдіретін, кәсіби қызметтегі мақсаттардың шешімі ретінде қарастырылады. Оқу-тәрбие үдерісіндегі контекстік типтің негізгі сипаты ол дәстүрлі оқыту әдістерімен формаларын жаңа жүйеде жүзеге асыру арқылы болашақ кәсіби қызметтің әлеуметтік мазмұны мен пәндік сипаттағы моделдеу тілі болып табылады.

Түйін сөздер: контекст болашақ маман, кәсіби іс-әрекет, технология.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту және дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет делінген [1]. Сол білім беруді дамыту ісі жеке тұлғаға мәдени-тарихи құндылықтарды, нормалар мен дәстүрлерді, білім берудің арнайы таңдап алынған мазмұны мен нысандарын беру болып табылады. Нәтижелі білім алудың мәнісі, білімгердің іс-әрекеті, оның жеке басының әлеуетін іске асыруға негізделген және оның оқытылатын пәндер мен салаларға сәйкес келетін білім алуын талап етеді.

Бүгінде білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындайтын бірқатар құжаттардың қабылдануына байланысты жоғары білім беру жүйесінің құрылымында ауқымды өзгерістердің орын алуы жоғары педагогикалық білім беру жүйесін болашақ мамандардың кәсіби даярлығын ұйымдастырудың жаңа әдістеріне бағдарлауды талап етіп отырғаны анық. Осы мақсатта педагогикалық жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың едәуір тиімді, жаңа технологияларын пайдаланып қана қоймай, білімгерлердің кәсіби даярлығының құрамы мен мазмұнын да қайта қарастыруды қажет ететін, біртұтас дидактикалық жүйесін құру қажет. Болашақ мамандардың кәсіби даярлығын қамтамасыз ету нәтижесінде оқу және тәрбие жұмыстарына қатысты саналуан мәселелерді түгел дерлік шеше білетін әрі кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесі мол маман тұлғасы қалыптасуы қажет.

Жоғары педагогикалық білім беру мәселелерін жүйелі түрде шешу үшін жүйелік, жүйелі-қызметтік, технологиялық, синергиялық, квалиметриялық, жеке тұлғаға, құзыреттілікке, тіпті объектіге бағдарлы тұжырымдамалар мен әдістердің көмегіне жүгіну қажет. Алайда, жоғары педагогикалық білім беру жүйесін толығымен немесе оның жекелеген құрамдас бөліктерін реформалау кезінде педагогикалық жоғары оқу орындарының мақсаты мен міндеттерінің өзге жоғары оқу орындарымен салыстырғанда айтарлықтай өзгеше екендігі көбіне ескеріле бермейді.

Кәсіби позиция – бұл жұмысшының еңбекке, қоғамға, өзіне және өзге адамға деген қарым-қатынасының тұрақты жүйесі болып табылады. Яғни, жұмысшының кәсіби тұрғыдан өзін-өзі бағалауын, еңбек үдерісіндегі әлеуметтік қатынастар жүйесінде алатын орнына деген көзқарасын, талап деңгейін білдіреді. Кәсіби позиция жеке тұлғаның кәсібилігін қалыптастыру кезінде өзгеріске ұшырап, кәсіби дамудың алғышартына немесе нәтижесіне айналуы мүмкін [2].

Кәсіби позиция маманның кәсіби тұрғыдан қалыптасуы мен дамуының негізі ретінде оны кәсіби шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге және өз қабілетін өзбетінше тиімді пайдалануға жетелейді. Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау кезінде білімгерлердің бірінші курстан бастап кәсіби позициясын қалыптастыруға ден қою қажет. Болашақ мамандардың өз мамандығының мәні мен әлеуметтік маңызын жіті ұғынуы үшін оның бойына кәсіби құзыреттілікпен қатар мол теориялық білімді сіңдіруге көмектесетін инновациялық оқыту технологияларын қолдану керек. Д.Ф. Ильясовтың «педагогиканың плюралистік сипаты» деген түсінігін ескере және пайдалана отырып, оқыту технологияларын таңдау және құрастыру негіздерінің саналуан екенін айтуға болады [3]. Олардың ішінде біз үшін мамандарды кәсіби даярлау кезінде контекстік оқыту технологиясының орны бөлек.

"Контекст" түсінігі өзге ғылым салаларына логика мен лингвистикадан енген, сондықтан бұл түсінік психология мен педагогикада әлі де болса ғылыми ұғым мәртебесін иеленбеген және осы ғылыми салалардағы сөздіктерде оның толық сипаттамасы берілмеген.

«Контекст» сөзінің мағынасы кең: ол дене әрекетін, қимылды, сөзді, мотивтер жүйесін білдіруі мүмкін. Ендеше, контекстер әлеуметтік, мінез-құлықтық, эмоционалдық, тарихи, мәдени, іс-әрекеттік сипатта болуы мүмкін. Осы тұрғыдан алып қарағанда мектептегі немесе жоғары оқу орнындағы оқу үдерісі әлеуметтік тәжірибенің бір көрінісі болып табылады және қоғамдағы барлық заңдылықтарды

қамтиды. Олай болса, оқу үдерісі – көпқырлы қоғамдық өмір контекстінің бір бөлігі ғана, яғни оны бір ғана оқыту технологиясының көмегімен қалыптастыру мүмкін емес.

Психологияда контекст «жағдаят» түсінігімен (= субъектіні қозғаушы және оның белсенділігін туғызушы шарттар жүйесімен) байланысты. Яғни, жағдаятқа сыртқы факторлар да, субъектінің өзі де, онымен байланысқа түскен адамдар да қатысады.

Лингво-психологтар контекстінің ақпаратты қайта өңдеу үдерісіндегі рөліне ерекше тоқталып өтеді. Себебі, адам өз түйсігімен қабылдайтын өнімнен нені күтетінін және оны қалай түсінетінін жағдаяттың көмегімен біледі. Кез-келген адам қандай да бір іс-әрекетке көшпестен алдын мейлінше көп контекстілік ақпаратты жинауға тырысады. Оның қазіргі жағдайға қатысты білгені неғұрлым көп болса, келешекті болжамдауы соғұрлым оңайға соғады. Психологтар мұны (= күтуді, алдын-ала бейімделуді, түйсінуді) антиципация деп атайды. Яғни, мұнда адам іс-әрекетінің нәтижесіне әсер ететін құбылыстар мен оқиғалар пайда болғанға дейін ағзада туындайтын үдерістер жайлы сөз етіледі. Антиципациялар контекстілердің ықпалымен қалыптасады. Егер адамның бойында белгілі бір контекстіге қатысты іс-әрекеттердің үлгісі қалыптаспаса, мәселен, дағдарысқа ұшырағанда, даңққа бөлінгенде, т.б. жағдайларда қалай әрекет ететінін білмесе, онда оның ағзасы ырықсыз, импульсті түрде әрекет етеді.

Контекстік оқыту - болашақ кәсіби еңбектің пәндік және әлеуметтік мазмұны байланысқан және бұл арқылы білімгердің оқу қызметін маманның кәсіби қызметіне аударудың шарттары қамтамасыз етілетін оқыту.

Контекстік оқыту (тығыз байланысу, шиеленісу, тұтасу) – кәсіби қызметтің пәндік және әлеуметтік мазмұнын серпінді түрде модельдеуге мүмкіндік беретін және білімгердің дәстүрлі оқу қызметін маманның кәсіби қызметіне айналдыру шарттарын қамтамасыз ететін оқыту түрі. Контекстік оқыту теориясы Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейндердің әлеуметтік тәжірибені игерудің қызметтік теориясына негізделеді. Аталмыш теорияға сәйкес оқу мазмұнын игеру білімгердің жеке өзіндік ынтасы мен белсенділігін туғызу барысында жүзеге асады.

Г.М. Коджаспирова контекстік оқытуға мынадай анықтама береді: «...ғылым тілімен және оқытудың дәстүрлі немесе заманауи әдістері мен құралдарының көмегімен оқушылардың оқу қызметінде оның болашақ кәсіби қызметінің заттық және әлеуметтік мазмұнының модельденген оқыту түрі контекстік болып табылады» [4].

Контекстік оқыту білімгерлердің білім алуға, қабілеті мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған белсенділігін арттырумен қоса, олардың болашақ маман ретіндегі қызметтік міндеттерін атқаруына көмектесу мақсатында да жүзеге асырылады. Оқытудың кешенді жаңа және дәстүрлі нысандары мен әдістерінің көмегімен жүзеге асатын контекстік сипаттағы оқу-тәрбие үдерісінің басты сипаты болашақ кәсіби қызметтің пәндік және әлеуметтік мазмұнын модельдеу болып табылады.

Осыған сәйкес контекстік оқытуды қабылдау және есте сақтау үдерістеріне емес, бірінші кезекте, шығармашыл ойлауға, әрекет етуге және қарым-қатынас құруға негізделген білім беру мен оқыту жүйесін оңтайландыруды басты міндет санайтын білім беру технологияларының қатарына жатқызу керек. Міне, сондықтан контекстік тәсілде оқытудың белсендіруші әрі интенсивтендіруші әдістері мен нысандары немесе білімгердің және педагогтың қарқынды дамуын қамтамасыз ететін біртұтас технологиялар елеулі рөл ойнайды. Осы заманғы педагогикалық тәжірибеде оқу үдерісін ұйымдастыру ақпарат немесе іс-әрекет арқылы оқыту негізінде жүзеге асырылады. А.А. Вербицкийдің ғылыми жұмысында білімгерлер іс-әрекетінің саналуан (оқу, ғылыми, тәжірибелік) түрлерін біріктірудің концептуалдық негізі ретіндегі контекстік оқытудың анықтамасы берілген [5].

Контекст адамның белгілі бір жағдайға толығымен немесе оның жекелеген құрамдас бөліктеріне мән бере отырып, осы жағдайды қабылдау, түйсіну және соған сай бейімделу әрекетін қамтитын адам өмірі мен қызметінің сыртқы және ішкі шарттары ретінде сипатталады. Сыртқы контекст жағдайдың әлеуметтік-мәдени, пәндік және кеңістікті-уақыттық уақытша сипаттарын, ал ішкі контекст – адамның тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерін, игерген білімі мен тәжірибесін білдіреді. Контекстік оқыту технологиясының негіздерін білімгерлердің болашақ қызметінің пәндік және әлеуметтік контекстінің маңызы мен ықпалын сезінуі, оқытушылардың белсенді оқыту нысандары мен оқытудың қызметтік теориясын пайдаланудағы тәжірибесін талдап қорытуы құрайды.

Контекстік оқыту кезінде білімгерлер қызметінің үш негізгі және көптеген аралық нысандары мен түрлерін атап көрсетуге болады. Негізгі нысандарға академиялық сипаттағы оқу қызметі (мәселен, ақпараттық лекция), квазикәсіптік қызмет (мәселен, іскерлік ойындар) және оқу-кәсіби қызмет (мәселен, өндірістік тәжірибе) жатады. Ал, аралық нысандарға тақырыптық лекциялар, пікірталас сипатындағы

семинарлар, топпен жүргізілетін зертханалық-тәжірибелік сабақтар, өндірістік жағдайларды талдау сабақтары, арнайы курстар секілді оқытудың көптеген нақты нысандары жатады.

Демек, ғылыми білімнің мазмұны контекстік оқытуда да өзге оқыту түрлері мен нысандарындағыдай оқу мәліметі түрінде беріледі. Алайда, өзге оқыту түрлері мен нысандарына қарағанда мұнда әртүрлі тақырыптық жағдайларды, мәселелерді және тапсырмаларды қолданудың арқасында оқытудың басынан аяғына дейін білімгердің кәсіби болашағының кескіндері нақты айқындала бастайды. Басқаша айтқанда, оның танымдық қызметі толығып, өзін-өзі жетілдіруіне, қазіргі шақтан болашаққа бағдарлануына, оқудан еңбекке өтуіне кең мүмкіндіктер қалыптасады.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014 ж.

2. Вербицкий А.А. Контекстное обучение: теория и технологии // Новые методы и средства обучения. №2 (16). Педагогические технологии контекстного обучения / Под ред. А.А. Вербицкого. – М.: Знание, 1994. – С. 3-57.

3. Ильясов, Д.Ф. Психолого-педагогическое обеспечение профессиональной деятельности учителя. В 4-х ч. Ч. 2. Педагогические ситуации в школе: учеб. пособие для слушателей курсов повышения квалификации педагогических кадров / Д.Ф. Ильясов и др. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2012. – 328 с.

4. Коджаспирова Г.М. Педагогика. – М.: Издательство КноРус, 2010. – С. 636-645.

5. Вербицкий А.А. Психолого-педагогические основы контекстного обучения в вузе: Дисс ... д.п.н. – М., 1991.

Резюме

Искакова П. К. – *к.п.н. Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, и.о. доцент кафедры педагогические науки. Fari_77@mail.ru,*
Керимбаева Б. Т. – *PhD доктор, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, и.о. доцент кафедры педагогические науки. Kerimbaeva-bota@mail.ru*

Роль технологии контекстного обучения в профессиональной подготовке будущих специалистов

В этой статье рассматривается **роль технологии контекстного обучения в профессиональной подготовке будущих специалистов.** Контекстное обучение – это обучение, которое позволяет динамически моделировать предметное и социальное содержание профессиональной деятельности, что обеспечивает условия трансформации классической учебной деятельности студента в профессиональную деятельность специалиста. Контекстное обучение ориентируется на то, что знания, умения, навыки даются не как предмет, на который должны быть направлена активность студента, а в качестве средства решения задач деятельности специалиста. Основной характеристикой учебно-воспитательного процесса контекстного типа, реализуемого с помощью системы новых и традиционных форм и методов обучения, является моделирование на языке знаковых средств предметного и социального содержания будущей профессиональной деятельности.

Ключевые слова: контекст, будущий специалист, профессиональная деятельность, технология.

Summary

Iskakova P. K. – *Kh.A.Yasawi International kazakh-turkish university, associate professor of the department of pedagogical science. Fari_77@mail.ru*
Kerimbaeva B.T. – *Kh.A.Yasawi International kazakh-turkish university, PhD, associate professor of the department of pedagogical science. Kerimbaeva-bota@mail.ru*

The role of technology contextual learning in the professional training of future specialists

The article deals with the role of technology contextual learning in the professional training of future specialists. The contextual learning is learning that allows you dynamically to model the subject and social content of professional activity that provides the conditions of transformation of classical educational activity of the student in the professional activity of a specialist. Contextual learning focuses on what knowledge, abilities, skills are not given as an object that should be sent to the student activity and as a means of solving problems of a specialist. The main characteristic of the educational process context type, which is implemented through a system of new and traditional forms and methods of teaching, is modeling on the symbolic language of the subject and social content of future professional activity.

Key words: context, future specialist, professional activities, technology

УДК 378.016:81

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ КАК ИНТЕГРАТИВНЫЙ РЕСУРС В ПОДГОТОВКЕ ЮРИСТОВ-МЕЖДУНАРОДНИКОВ

Байтукаева А.Ш. - *к.п.н., и.о. профессора кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений КазНУ им.аль-Фараби , altynay.baitukayeva@mail.ru*
Байтукаева Д.У. – *докторант кафедры международного права КазНУ им.аль-Фараби, baitukaeva_dana@mail.ru*

Настоящее время характеризуется развитием образовательного процесса. Все мы знаем, что образование является очень важным этапом в развитии человечества. Оно должно быть высокого качества, чтобы выпускники высших учебных заведений могли продолжать обучение за рубежом. И в свете глобализации теперь очень важно изучать любой иностранный язык для того, чтобы добиться успеха. Знание иностранных языков позволяет каждому молодому специалисту быть конкурентоспособным на рынке труда. Возможности для изучения иностранного языка предоставляются многими различными способами, например, посредством официального обучения, обучения за рубежом, а также через интернет. Наше время характеризуется поиском новых методов и способов обучения. Высшее образование нуждается в таких методах обучения, которые способны не только учить, а прежде всего, развивать потенциал студента. На уроках иностранного языка такие формы, которые стимулируют коммуникативные навыки, способствуют формированию интереса студентов и стремления к изучению иностранного языка, занимают особое место. Эти задачи могут быть решены с помощью профессиональной направленности в обучении иностранному языку. Аргументы высказываются в пользу профессиональных аспектов языковой подготовки. Эти аспекты рассматриваются как интегративные факторы профессиональных и лингвистических компонентов образования. Мнение, что эффективность изучения иностранного языка определяется профессиональной мотивацией, оправдана. В этом случае, студенты будут заинтересованы в приобретении знаний и в возможности применения этих знаний на практике. Также профессиональная направленность в изучении иностранного языка дает возможность нашим студентам войти в мир своей будущей профессии. 21век характеризуется как эра информационных технологий. ИТ применяются практически в любой сфере нашей современной жизни; образование, тоже, не исключение. В статье анализируются также возможности использования компьютерных технологий и интернет для повышения эффективности иноязычного образования.

Ключевые слова: конкурирующий, поиск новых методов, эра информационных технологий, интернет-ресурсы, образовательное пространство.

Современное информационное общество и социальный заказ государства требуют формирования креативной личности, готовой к самореализации и умеющей решать проблемы наиболее оптимальными способами. С развитием наукоемких технологий возрастает роль информации и знания на всех уровнях и во всех сферах общественного развития. Знания и квалификация становятся приоритетными ценностями в жизни человека в условиях информационного общества. В таких условиях, владение иностранным языком становится важной составляющей в профессиональном образовании. Для специалиста уже недостаточно владеть информацией только на родном языке. Необходимо быть в курсе развития своей специальности в мировом масштабе. Именно поэтому ЮНЕСКО обозначило ближайшее столетие как век полиглотов.

Языковая проблема является одним из ключевых факторов при вхождении в международное образовательное пространство. Возросшие требования к выпускникам вузов по овладению иностранным языком на уровне не ниже европейской шкалы компетенций, имеющим законодательный характер, и сформулированными в терминах компетенций, вызвал необходимость перестройки процесса обучения иностранным языкам соответственно велению времени, чтобы максимально широко использовать его возможности в развитии общих компетенций студентов. Поэтому одним из современных условий высших учебных заведений является изменение целевой установки обучения – формирование творческой личности, компетентно владеющей профессиональными языковыми знаниями.

Наступление эпохи глобализации ставит перед преподавателями иностранных языков высших учебных заведений одну из важнейших задач: совершенствование иноязычной подготовки в связи с экономической востребованностью в специалистах, компетентных в иностранных языках; значимой социально-педагогической проблемой обеспечения качества языковой подготовки в вузах, поскольку в практике нередки случаи доминирования традиционных форм и методов обучения, ограничивающих самореализацию специалистов в профессионально-коммуникативной сфере.

Учитывая современный социальный заказ к специалисту с высшим образованием, содержание образования должно направлять деятельность преподавателя по превращению опыта в достояние обучаемого. Содержание образования как система существует в деятельности – формируется в деятельности педагогов, ученых, специалистов и т.д., передается и усваивается в деятельности преподавателей и студентов. Именно системно-деятельностный подход позволяет строить концепцию содержания образования с ориентацией на педагогическую действительность [1].

Содержание обучения является сильным источником мотивации учебного процесса, а также служит показателем качественных и количественных характеристик уровня языковой компетентности как итоговой цели обучения иностранному языку в вузах. Мнение ряда исследователей (M.Jung, G.Neuner,

D.Levy-Hillerich, M.Koenig и др.). заключается в том, что именно интегративность является той характеристикой иноязычного обучения, которая наиболее востребована обществом в условиях мировой глобальной экономики. В своей работе О.Х. Мирошникова подчеркивает «необходимо найти такую универсальную технологию обучения иностранному языку, которая, максимально соответствуя Болонскому контексту, обеспечит интеграцию языковой и общепрофессиональной подготовки, активизацию деятельности студентов на этой основе, развитие их профессионально-языковых и личностно-профессиональных компетенций» [2]. Иными словами, необходимо обеспечить профессиональную направленность языковой подготовки.

Реализация педагогической системы, формирующей у студентов мотивации к изучению иностранного языка, понимание студентами иноязычной информации, рефлексивной самооценки уровня иноязычной компетентности, способности к самоуправлению в процессе обучения является очень важной. Не менее важной педагогической задачей в организации учебного процесса является создание таких сильных мотивационных условий, при которых студент изъявляет желание самостоятельно изучать зарубежные источники по специальности, закреплять учебный материал, умения и навыки, приобретенные на практических занятиях. При этом действия преподавателя направлены на организацию достижения студентом успеха и коррекцию этого достижения, а действия студента направлены на совершенствование своих знаний по дисциплине и принятие корректирующего воздействия преподавателя, т.е. предметом взаимодействия преподавателя и студента является тщательное освоение дисциплины, а также создание ситуации, по мнению Я.А.Пономарева, благоприятствующей решению творческой проблемы [3].

В науке существует множество работ, посвященных методикам обучения иностранному языку специалистов различного профиля (А.Уотерс, Т.Хатчинсон, Р.Харрисон, Р.Ф. Идзелис и др.) Одним из факторов формирования иноязычной компетентности в вузах являются созданные и совершенствующиеся методики, позволяющие оптимально структурировать содержание обучения иностранным языкам в зависимости от избранной студентами специализации. Огромным достоинством данной группы исследований, по мнению исследователей, является четкая профессиональная направленность предлагаемых методик, например, «язык для специальных целей» понимается как особая система языковых средств, объединенных тематически в соответствующей узкоспециальной сфере человеческой деятельности [4].

Важными ресурсами формирования языковой компетентности студентов высших учебных заведений являются методики и технологии, основанные на личностно-деятельностном, проблемном, коммуникативном, компетентностном, системном, проектном, культорологическом и др. подходах, которые позволяют раскрыть у студентов способности решать как общекультурные задачи (правильно использовать полученную информацию, убедительно объяснять свою позицию), так и профессиональные задачи (выполнять переводы научных статей, изучать научные труды ученых, участвовать в проектных работах специальных кафедр и др.), используя языковые средства. Разнообразие методических приемов способствуют формированию умений и навыков, необходимых студенту в современной деловой жизни (умение перекодировать полученную на иностранном языке информацию в виде аннотации, реферата, подготовить презентацию по той или иной теме учебного материала, умение представлять результаты своей деятельности в научных публикациях и т.д.).

Все указанные выше виды деятельности значительно обогащают возможности студентов в овладении задачами профессиональной деятельности в поликультурном пространстве, углубляют базу знаний, раздвигают рамки научного поиска, позитивно влияя, тем самым, на качество образования.

Наиболее существенной составляющей системы обучения иностранным языкам является содержание обучения – методическая категория, определяющая чему нужно научить студентов: каким умениям, навыкам, знаниям, как должен быть организован необходимый для этого содержательно-смысловой и лингвистический материал.

Профессионально направленное обучение иностранному языку юристов-международников предполагает общеязыковую подготовку на начальном этапе в сочетании с ранней специализацией (аутентичные тексты из английских источников, учебников по праву, а также работ юристов, серия упражнений для развития навыков чтения и понимания литературы по специальности, задания монологического и диалогического характера, способствующие достижению коммуникативной компетенции) и углубленную языковую подготовку по специальности на продвинутом этапе (научные работы ученых, монографии, патенты, отчеты по науке, переписка с зарубежными учеными, печатные каналы о новых технологиях, открытиях в развитии международного права). Профессиональная направленность обучения выдвигает на первый план одну из главных проблем современной лингводидактики научно-обоснованный количе-

ственный и качественный отбор языкового материала и последовательное введение его в речевую деятельность обучающихся. Обучение профессионально-ориентированному языку юристов-международников предполагает тематическую обусловленность используемых учебных материалов, поскольку «невозможно изучать язык специальности и формировать соответствующие ему коммуникативные умения и навыки отдельно от составляющих профессиональную компетентность специалиста фактологических и контентных данных» [5]. Тематический принцип обусловлен целью – наполнить содержание обучения иностранному языку лексикой, отражающей язык специальности. Умение читать и понимать иноязычный текст по специальности предполагает обязательное умение самостоятельного раскрытия значения незнакомых слов, в том числе терминов, на основе знания словообразования, представляющего собой сложную и разветвленную систему, как в структурном, так и в семантическом плане. Эта система характеризуется довольно четкими закономерностями, которые могут быть усвоены студентами, даже на начальном этапе обучения языку. Учебные программы для юристов-международников, функционирующие в настоящее время, построены на селективном подходе: учебные материалы дифференцированы в зависимости от видов развиваемых умений и навыков, от характера рецепции, перцепции, продуктивности, репродуктивности. Критериями отбора материала для студентов являются: новизна профессионально-ориентированного материала, соответствие профессиональным интересам, насыщенность специальной лексикой. Ориентация обучения иностранным языкам в вузе на профессионально-ориентированную подготовку студентов является методически оправданной, т.к. именно языковая специализация является мощным стимулом и детерминантом мотивационной и прагматической ценности изучения иностранного языка студентами.

Необходимой предпосылкой формирования интереса к будущей специальности является активное вовлечение студентов в научно-исследовательскую работу. Одним из основных требований при отборе студентов в науку является знание иностранного языка. Для будущих юристов-международников сегодня на первый план выходят переводческая деятельность, направленная на постоянное совершенствование профессиональных знаний; научно-исследовательская работа, предполагающая умения поиска и обработки информации на иностранных языках по своей специальности, а также презентации результатов своего научного исследования на семинарах специальных кафедр, студенческих научных конференциях; умения в области работы с письменной формой профессионального языка, т.е. деловой документацией. Элементы научного исследования присутствуют, практически, в каждой самостоятельной работе студентов по изучаемой теме; исследования студентов завершаются выводами. Эта научная направленность многих самостоятельных работ студентов часто служат основой доклада на научную студенческую конференцию, которая проводится на иностранном языке. Присутствие научной компоненты в образовательном процессе, поиск и изучение материалов на английском языке создает мотивацию студента к научным исследованиям, повышает интерес его к изучению специальных дисциплин и иностранного языка, учит самостоятельно излагать мысли на иностранном языке, формировать выводы, делать прогнозы; в целом повышает уровень знаний и уверенность в себе. Таким образом, обучение иностранному языку, как предмету лингвистического образования на основе межпредметных знаний, дает положительный эффект. Следовательно, можно утверждать, интеграция иностранного языка в сферу будущей профессии может служить катализатором процесса самореализации будущих специалистов, предпосылкой успешной профессиональной деятельности, поскольку позволяет направить их внутренние личностные ресурсы на решение важнейших профессиональных задач.

Не менее эффективным фактором для развития интереса к профессии и повышении мотивации обучаемых является применение интернет-технологий, когда «исследовательски-ориентированная деятельность, в которой вся информация, используемая студентом, добывается из Интернета» [6]. При поиске и подборе профессионально-направленных материалов на английском языке по специальной тематике использование ресурсов Интернета, материалов глобальной сети, ведет к углублению знаний по предмету, а также формирует языковую компетенцию студента.

Анализ учебно-методической литературы по иностранному языку для студентов высших учебных заведений показывает, что в настоящее время наблюдается не укомплектованность современными профессионально-ориентированными учебниками нового поколения, тексты профессиональной направленности устарели. В связи с этим электронные учебники и учебно-методические пособия по различным специальностям на иностранных языках, которые являются доступными в настоящее время для студентов, позволяют ликвидировать имеющиеся пробелы. Считаем, что применение образовательных

электронных изданий создают комфортные условия для усвоения материалов в ходе самостоятельной работы студентов, ориентируют на профессиональную деятельность и предоставляют новую информацию по специальности, прививают потребность к самообразованию.

1. Аяшев О.А. Образование и воспитание в эпоху глобальных проблем: размышления о приоритетах современной педагогики. //Сборник Республиканской научно-практической конференции «Реформа высшего образования Казахстана: концептуализация, стандартизация гуманитаризация», 1995. – С.305-307.

2. Мирошникова О.Х. Профессионально-языковой портфель как средство реализации профессиональной компоненты в процессе иноязычной подготовки в неязыковом вузе //Преподаватель высшей школы в XXI веке. Труды международной научно-практической Интернет-конференции,ч.2, сб.6. – Ростов-на-Дону: РГУПС, 2008. – С.326-331.

3. Пономарев Я.А. Психология творения. – М., 1999.

4. Мыльцева Н.А. Система языкового образования в неязыковых специализированных вузах. Автореферат диссертации д.п.н. – Москва, 2007. – 41 с.

5. Зайченко А.А. Особенности профессионально-ориентированного обучения иностранным языкам студентов экономических специальностей //Вестник СевКав. ГТУ. Серия «Гуманитарные науки». №2 (12). – 2004.

6. Dodge Bernie. Some thoughts about WebQuests. [Электронный ресурс] San Diego State University, 1999. – Режим доступа://webquest.sdsu.edu/about_webquests.html.

Summary

Baitukayeva A.Sh. – *candidate of pedagogical science, associate professor, al-Farabi Kazakh National University, altynay.baitukayeva@mail.ru*

Baitukayeva D.U. – *PhD student, al-Farabi Kazakh National University, baitukaeva_dana@mail.ru*

Professionally directed trends in foreign language learning as the integrative resource of lawyers education

The present time is characterized by development of educational process. As we all know education is a very important stage in development of all human beings. It should be of high quality, so that graduates of higher schools could continue their studies abroad. And in the light of nowadays globalization it is really important to study any foreign language in order to succeed. Knowledge of foreign languages makes every young specialist be competitive in the labor market. Opportunities to learn foreign language are provided in many different ways such as through formal instruction, study abroad, as well as through the internet. Our time is characterized with the search of new methods and ways of education. Higher education needs such methods of education that are able not only to teach but first of all to develop the potential of a student. At a lesson of a foreign language such forms that stimulate communicative skills, contribute to formation of the students' interest and aspiration for studying a foreign language take a very special place. These tasks can be solved with the help of professionally directed trends in foreign language learning. Arguments in favour of professional aspects of language training are expressed. These aspects are considered to be the integrative factors of professional and linguistic components of education. The view that the efficiency of foreign language learning is defined by the professional motivation is justified. In this case students will be interested in the acquisition of knowledge and the ability to apply this knowledge in practice. Also the professionally directed trends in foreign language learning give the opportunity to our students to enter the world of their future profession. The 21st century is characterized as information technologies era. IT technologies are applied to almost any sphere of our modern life; education, too, is not exception. The article analyzes possibilities of using computer technologies and the Internet to improve the efficiency of foreign language education.

Key words: competitive, the search of new methods, information technologies era, internet resources, educational space.

Түйіндеме

Байтукаева А.Ш. – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, халықаралық қатынастар факультеті, дипломатиялық аударма кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, altynay.baitukayeva@mail.ru*

Байтукаева Д.У. – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, халықаралық қатынастар факультеті, халықаралық құқық кафедрасының PhD докторанты, baitukaeva_dana@mail.ru*

Заңгер- халықаралық білгірлерді дайындаудағы ықпалдастық ресурс ретіндегі шетелдік тілді үйретудің кәсіби бағдары

Қазіргі заман білім беру процесінің дамуымен сипатталады. Білім беру адамзат дамуындағы маңызды кезең екендігін барлығымыз білеміз. Білім беру орындарының түлектері шетелдерде оқуын жалғастыра алатындай, білім

беру өте жоғары сапалы болу қажет. Және де заманның жаһандануына сай үлкен жетістіктерге жету мақсатында кез келген шетел тілін меңгеру өте маңызды болып табылады. Шетел тілін білу жас әр – бір маманның еңбек нарығында бәсекелестік қабілетін арттырады. Шет тілін меңгеру түрлі әдістермен ұсынылады, мысалы, ресми түрде оқыту, шет елдік мемлекетте оқу, және интернет жүйесімен оқу. Қазіргі уақыт оқытудың жаңа әдіс – жолдарын іздестірумен айқындалады. Жоғарғы білім беру, студенттерді тек қана оқытып қоймай, сонымен қатар олардың қабілеттерін дамытатын тәсілдерді қажет етеді. Шет тілі сабағы барысында, әр студенттің қарқынды қатысуына кепілдік беретін, қарым-қатынастық дағдыларын ынталандыратын, білімгерлердің шет тілін үйренуге қызығушылығы мен талпынысын қалыптастыратын әдістер ерекше орын алады. Бұл міндеттерді шет тілді үйретудің кәсіби бағдарымен шешуге болады. Тілдік дайындықтың кәсіби бағдары негізгі дәлел болып табылады. Бұл негіздер білім берудегі кәсіби және лингвистикалық құрамдастың ықпалдастық факторы ретінде қарастырылады. Шет тілін үйренудің және функционалдық маңыздылығының тиімділігі кәсіби ынталандыру негізінде орындалады деген пікір толық ақталады. Бұл жағдайда студенттер, білім алумен қатар алған білімді тәжірибеде қолдану мүмкінділігімен құмартылады. Шет тілін үйретудегі кәсіби бағдар біздің білімгерлерге өз мамандығына еркін енуіне жағдай жасайды. 21 ғасыр ақпараттық технологиялар дәуірі болып табылады. Ақпараттық технологиялар біздің өміріміздің барлық саласында, сонымен білім беруде де кеңінен қолданылады. Мақалада шет тілін оқытудағы сапаны арттыру мақсатында компьютерлік технологиялар мен интернетті де қолдану мүмкіндіктері талданады.

Түйін сөздер: бәсекелес, жаңа әдістерді қолдану, жаңа технологиялар дәуірі, интернет – құралдар, білім беру кеңістігі.

УДК ОӘЖ. 338:796

СПОРТ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГ ҚЫЗМЕТІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Искаков Т.Б.–*Қазақтың спорт және туризм академиясы*
6D010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығының 1-ші курс PhD докторанты,
taiyrzhan.iskakov@bk.ru
Ғылыми жетекші: **Кулбаев А.Т.**– *PhD докторы, Қазақтың спорт және туризм академиясының дене шынықтыру және спорттың теориялық негіздері кафедрасының аға оқытушысы,*
shirganak_aibol@mail.ru

Мақалада спорттық маркетинг қызметінің спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу кезеңінің негізгі бөлігі болып табылатыны және спорттық іс-шаралардың тиісті деңгейде өтуіне, қоғамның спортқа деген қызығушылығын арттыруда маркетинг қызметінің маңыздылығы анықталған. Сонымен бірге, спорттық іс-шараларды ұйымдастыруда инновациялық технологияларды енгізу қоғамның әлеуметтік сұранысы мен спорттық маркетинг қызметіне жауапты ұйымдардың ұсынысы арасында байланыстың төмен деңгейде екені айқын байқалады. Спорттық маркетинг қызметінің ерекшелігі анықталып, Қазақстандағы спорт мекемелері мен ұйымдарына спорттық маркетинг қызметінің инновациялық маркетингтік коммуникацияларын енгізу жолдары қарастырылды.

Тірек сөздер: спорттық маркетинг, бәсекелестік, уәждеме, қажеттілік.

Тақырыптың өзектілігі. Жыл сайын физикалық белсенділік пен спорт жоғары дәрежеде адамдардың күнделікті өміріне енуде, спорттық клубтар мен ұйымдардың саны жаппай көбеюде, спортқа қатысатын адамдардың саны артуда, бұқаралық ақпараттың спорттық құралдарының саны мен сапасы да өсуде. Экономикалық қатынастардың жаһандануы, адамдардың қозғалысы мен ақпарат алмасу еркіндігі жағдайында жарысқа баратын, жарысты теледидардан көретін, радиотрансляцияларды тыңдайтын немесе компьютерлік желілерге қосылатын спорт жанкүйерлерінің саны тұрақты түрде артып келеді. Сондықтан қазіргі уақытта спорттық маркетингті пайдалану аясы өте кең болып табылады.

Зерттеу мақсаты. Қазақстан Республикасының кәсіби спорт индустриясында маркетингтік коммуникациялардың тиімділігін арттыру бойынша теориялық әдістер мен тәжірибелік ұсыныстарды даярлау.

Зерттеу міндеттері. Маркетингтік қызметтің еліміздегі және шетелдердегі дене шынықтыру және спорт саласындағы жұмыс істеу қызметін салыстырмалы анықтау.

Зерттеу әдістері.

- бейне бақылау;
- спорттық маркетингтің ұйымдастырушылық әкімшілік әдістері;
- ғылыми-зерттеу, педагогикалық әдебиеттерге шолу;

Зерттеу нысаны. Тұрақты дамып келе жатқан, ерекшелігі зерттеуді және тиімді маркетингтік құралдарды қолдануды талап ететін Қазақстан Республикасы спорт индустриясының нарығы болып табылады.

Зерттеу қорытындыларының нақтылығы мен негізділігі.

Қазіргі уақытта көптеген елдерде киім мен өмір сүру стилінде «спорттық стиль» қалыптасқан, сымбатты тұлғалы немесе көрнекі бұлшықетті болу сәнді болып есептеледі. Адамдардың қажеттілігіне нарық та сәйкесінше жауап беруде: спорттық тауарлар мен қызметтер өндіруші фирмалар өздері ұсынатын өнімдердің түрлерін кеңейтіп, оның сапасын жақсартуда және де жаңа сұраныс қалыптастыруда.

Спорттық тауарлар мен қызметтерге деген жоғары сұранысты кәсіби спортшылар, жаттықтырушылар, клубтық және басқа да дене тәрбиелік-спорттық ұйымдар ұсынады. Тұтынушылық сұраныстың бұл бөлігі спорттық өнімнің сапасына, ыңғайлылығына және оны пайдаланудағы сенімділікке қойылатын талаптарының жоғары болуына байланысты аса ерекше [1].

Қазіргі спорттық нарықтағы қалыптасқан үрдістер жаппай сұраныспен бірге спорттық өнімдер мен қызметтерді өндірушілерді үлкен пайдамен қамтамасыз етеді, оны иелену үшін қатаң бәсекелестік күрес жүруде.

Бәсекелестік бизнестің барлық құраушыларында көрініс табады, кез келген ағаттық немесе қателік жібергенде өзі туралы еске салады – жарнамада, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, бағаның қалыптасуында, сұранысты болжау және қалыптастыруда, өнімді өткізуде. Бәсекелес өндіруші фирмалармен және спорттық ұйымдармен үздіксіз күрес жағдайында бәсекелестік күресті тек нарық және нарықтық өзара байланыстар туралы қолданбалы сипаттағы ғылымдар кешенінен тұратын маркетингке жүгініп қана жеңуге болады [2]. Дәлірек анықтамада маркетинг (ағылш. market – нарық) – өнімді өткізуді қамтамасыз ету және пайданы барынша көбейтуге бағытталған фирманың өндірушілік және басқарушылық қызметін үйлестіру жүйесі.

Спорттық маркетинг жалпы маркетингтің өзіндік ерекше сипаттары мен ерекшеліктері бар құраушы бөлігі ретінде көрініс табады. Сондай-ақ, спорттық маркетинг аясына жанкүйерлер, демеушілер, спортшыларды сату-сатып алу, бұқаралық спорт, спорттық бизнес, салауатты өмір салты және басқалары сияқты ерекше объекттер мен қатынастар кіреді [3].

Спорттық маркетинг ғылым және тәжірибелік құрал ретінде спорттық тауарлар мен қызметтерді өндіру мен тұтыну айтарлықтай кеңейіп, клиенттер мен тауарды өткізуге деген бәсекелестік шиеленіскен XX ғ. ортасында қалыптаса бастады. Бұл кезеңде тұтынушылар үшін күрес өндіруші өз тауарын өткізуді тек маркетингтік іс-шаралар арқылы ғана қамтамасыз ете алатын сатыға жетеді. Ұсынылатын тауарлар мен қызметтерде таңдаудың кеңеюі себепті сатып алушылар талғампаз әрі таңдағыш бола бастады; олар өздері өндірушілерге өз шарттарын қоя бастады, керісінше емес. Осылайша, жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында көптеген өндіруші фирмалар мен кәсіби спорттық ұйымдар кәсіпорынның тұтынушылары, спорт клубының жанкүйерлері жемісті бизнестің бастапқы құраушыларының бірі екендігін, оларды тарту әрі ұстап қалу үшін маркетинг өте қажет екендігін айқын түйсінді.

Нарық жағдайында жұмыс істейтін кез келген коммерциялық кәсіпорынның немесе кәсіби спорт ұйымының басты мақсаты – пайда табу. Пайданы қалайша барынша көтеруге болады және ол үшін не істеу керек – бұл кез келген бизнестің ең негізгі мәселесі.

Пайда дегеніміз өнімді сату бағасы мен өндіріс шығыны арасындағы айырма екендігі экономикалық теориядан белгілі, яғни:

Пайда = (Баға – Шығындар) → max.

Келтірілген өрнектен көретініміздей, пайданы барынша көтеру үшін не өнімнің бағасын көтеру керек, не оны өндіру шығынын азайту қажет. Алайда мұнда екі аса маңызды жағдай бар:

- Біріншіден, бәсекелестік бағаны аса жоғары көтеруге мүмкіндік бермейді (егер ұқсасы жоқ жаңа тауар болмаса);
- Екіншіден, өндіруші фирма (немесе сатушы) шығынды кәсіпорын пайдамен жұмыс істей алмайтын болғанға дейін ғана тек белгілі бір шекке дейін азайта алады.

Жоғарыда айтылғандар, әрине, өндіруші фирма немесе спорттық ұйым баға белгілеудің немесе шығынды азайтудың теңбе-тең жүйесін құруы қажет емес дегенді білдірмейді. Алайда өткізудің кең нарықтары мен түрлі қажеттіліктерден тұратын қазіргі экономикада пайданы барынша көбейтудің басқа да жолдары бар. Мысалы, стадион жалпы пайдасын кіру билетінің бағасын жоғарылату есебінен емес, сату санын арттыру есебінен (яғни, айналым есебінен) көбейте алады. Сонымен қатар, спорттық өнімді өткізуді *қарқынды жарнама* арқылы, *тауарлар мен қызметтердің сапасын* арттыру арқылы, және де тұтынушыға *жаңа қасиеттермен жетілдірілген,* анағұрлым *жетілдірілген дизайнді,ұзақ уақытқа кепілдік* берілетін, анағұрлым *сәнді* немесе *беделдіөнім* ұсыну арқылы арттыруға болады.

Дегенмен жарнаманың қарқындылығын арттыру немесе өнімнің сапасын жақсарту бойынша іс-шаралардың механикалық жүзеге асырылуы пайданы барынша көбейту міндетін шешпейді. Қосымша жарнама және тауардың немесе қызметтің сапасын жақсарту бойынша шаралар елеулі капитал жұмсалымын талап етеді, ал, нәтижесінде, оның алынатын пайдамен салыстырғанда ақылға қонымсыз үлкен болуы мүмкін екені түсінікті. Басқаша айтқанда, дұрыс болып көрінген қағидаттарға дәлме-дәл еру спорттық ұйымды шығын мен банкроттыққа ұшыратуы мүмкін [4].

Мұндай қолайсыз жағдайдан қалай құтылуға болады? Өкінішке орай, мұнда әмбебап ереже жоқ. Тек маркетинг теориясы мен тәжірибесімен табылған, әрбір нақты жағдайда белгілі бір мөлшерде шығармашылық пен ізденіс енгізу қажет болатын танымал алгоритмдер бар. Осыған байланысты атап өтетін жайт: спорттық маркетинг – бұл ғылым, шығармашылық және ішкі түйсіктің қоспасы; бұл триаданы бөлуге және тек бір бағытта әрекет етуге деген кез келген талпыныстар сәтсіздікке ұшыратады.

Спорттық маркетингтің тәжірибелік міндеттерін шешудегі кешенді тәсілдің жақсы бір мысалын Германия мамандары қолданды. Берлиндік стадиондардың бірін қалпына келтіру кезінде футбол алаңының шөп төсемесін толығымен ауыстыру қажет болды. Шығындардың орнын жартылай болса да толтыру үшін шымдарды 13 см диаметрлік кішігірім шеңбер түрінде кесіп, оларды шыны түпқоймаларға салып, үстінен шөптің түсін бірнеше жылдарға сақтайтын әйнектей акрилді пластмассаны құйды. Нәтижесінде 5 мың кәдесый жасалып, футбол жанкүйерлеріне бір данасы 25 евродан сатылды. Сонымен бірге пенальти тебілетін жерлердің шөбі қымбатырақ болды және 130-150 евродан сатылды.

Сұранысты, қажеттілікті және уәждемені зерделеу

Спорттық ұйымның жемісті жұмысының маңызды шарты – оның тауарына сұраныстың болуы. Сұраныс дегеніміз не және ол неге тәуелді? Сұраныс – маркетингтің түйінді ұғымы, маркетингтік құралдардың үлкен бөлігі оны айқындауға және қалыптастыруға бағытталған.

Сұраныс – аса өзгермелі әрі болжануы қиын шама. Кейде ол кенеттен пайда болады және дәл солай тоқтап қалады. Кейбір жағдайларда ол жылдар, тіпті онжылдықтар бойы тұрақты болады. Кейде тұтынушы өзі де өзіне не керек екенін, неге сұраныс жасауға дайын екенін нақты айта алмайды. Мұндай жағдайда өндіруші бұл жұмбақты шешуі және нарыққа тұтынушы күткен өнімді ұсынуы керек. Тауар қажетті сәтте қажетті жерде болуы тиіс.

Сұранысты айқындау және оны басқару үшін спорт өнімдерін өндіруші фирмаларжәне спорттық ұйымдар сұраныстың психологиялық негіздерін, яғни қажеттілік пен уәждерді зерделейді. (5.1–суретті қараңыз).

5.1–сурет. Адам және оның қажеттіліктері

Қажеттілік – жеке тұлғаның бір нәрсенің қажет екенін сезінуі. Әрбір жеке адам өзінің қандай да бір қажеттіліктерін қанағаттандырғысы келгендіктен белгілі бір бағытта әрекет ете бастайды. Сонымен бірге қажеттіліктер, суретте көрсетілгендей, осы уақыттағы (жеке тұлғамен сезілетін немесе сезілмейтін) және нарықтың дамуы немесе сұранысты біреудің мақсатты бағытта қалыптастыруы нәтижесінде пайда болатын болашақтағы қажеттіліктер болып бөлінеді.

Адамның табиғатына қарай, алдымен анағұрлым маңызды, бірінші кезектегі қажеттіліктер қанағаттандырылады – тамақ, киім, баспана. Содан соң жеке тұлға анағұрлым жоғары деңгейдегі қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылады – қауіпсіздік, құрмет, өзін-өзі таныту, қандай да бір әлеуметтік топтың немесе спорт командасының құрамында болу.

Бірақ осы «түсінікті» қажеттіліктермен қатар адамның санасына уәж деп аталған кешенді себептер әсер етеді. Олар бізді бір нәрсеге талаптануға, сатып алуға, бір жерге баруға итермелейді. Яғни біздің мінез-құлқымыздың негізінде жатқан уәждеме саналы және санасыз, сезімтал, зияткерлік, мәдени және физиологиялық қажеттіліктердің белгілі бір кешенінің тұрақты түрде өзара ықпалдасуының нәтижесі болып табылады. Мұндағы уәждер бағыттары бойынша айтарлықтай түрлі – бірі адамдарды жасампаз, сындарлы қызметке қозғаса, ал екіншісі – керісінше, агрессивті әрі талқандайтын әрекеттерде көрініс табады.

Осылайша, мінез-құлық уәжі рационалды ой мен санасыз қозғаушы себептердің өзара әрекеттесуінің күрделі сипатында болады, нәтижесінде жеке тұлға кей кезде неге дәл осылай жасағанын өзі де жеткілікті түрде дәлелдеп түсіндіре алмайды. Сондықтан, сатып алудың шынайы себептері әрдайым саналы сипатта бола бермейді.

Мысалы, спорттық өнім өндіруші фирма тұтынушы қандай да бір кроссовканың түрін таңдағанда нені басшылыққа алатынын анықтамақшы болды. Маркетингтік сауалнамалар кезінде тұтынушылар

оларды тартатын әр түрлі себептерді атады, - кроссовкалардың түсі, олардың формасы, салмағы, табанының икемділігі, ұзаққа жарамдылығы, дизайні, қаптаманың көркем дайындалуы көрсетілді. Алайда анағұрлым мұқият зерттеуде тұтынушы кроссовканы қарағанда өзіне есеп берместен таңдалып жатқан аяқ киімнен шығатын иіске мән беретіні анықталды. Және де егер иіс жағымды болмаса, тұтынушы санадан тыс деңгейде кроссовкиді сапасыз деп бағалайды және соңында сатып алудан бас тартады. Осылайша, кроссовка сатып алғандағы маңызды фактор тіпті сауалнама кезінде де еске алынбаған санадан тыс әрекет болып шықты [5].

Өндіруші үшін бірінші кезектегі нәрсе оның әлеуетті клиенттерінің уәжін түсіну болып табылады. Өндіруші жеке тұлғаның тауарды өз қажеттіліктерінің тізіміне кіргізетінін немесе кіргізбейтінін шешетін ұғыну әрекетінен кейін орын алатын сатып алу әрекетіне ықпал ету үшін өзінің тауарының, қызметінің, қаптамасының, жарнамасының қандай болуы тиіс екені туралы ақпаратқа мүдделі. Сондықтан, сатып алу әрекеті бірқатар туындауға тиіс жағымды қабылдаулардан тұрады.

Адамды спортта не тартатынын түсінуге тырысып көрелік. Неге ол спорттық киім мен аяқ киім, спорттық жарыстарға билеттер мен абонементтер сатып алады, сүйікті командасының артынан түрлі елдер мен аймақтарға сапарға шығады және тіпті сырттай танымал спортшыларға ұқсағылары келеді?

Бірінші себебі, спорт – бұл сұлулық, қозғалыс, күш және сымбаттылық. Сұлулық ұғымына анықтама беру аса күрделі, - оның не екенін ешкім дәл білмейді; сұлу деп адамдарға өзінің сыртқы келбетімен ұнайтын және (немесе) оларды ішкі мазмұнымен тартатын объект есптеледі. Осылайша, сұлулық ұғымы бір жағынан субъективті, себебі әрбір адамның өзінің тұлғасына, өмірлік тәжірибесіне, мінезінің ерекшеліктеріне тәуелді өзіндік артықшылығы бар. Сонымен бірге сұлулықтың объективті құраушысы да бар, - адамдардың көпшілігіне дамыған бұлшықетті, ержүрек әрі мықты, сымбатты, көркем спортшылар ұнайды. Осыған байланысты көптеген адамдар оларға ұқсағысы келеді. Мұндай ықылас дене тәрбиесі және спортпен айналысуға, әрекет жасауға деген мықты ынталандыруға айналады.

Адамдарды дене тәрбиесі мен спортқа тартатын басқа маңызды себеп – бұл әділ әрі ымырасыз, белгілі бір ережелер бойынша күресу, ашық бәсекелестік мүмкіндігі. Бақталастық пен әділ бәсекелестік мүмкіндігі адамдарға өзін-өзі танытуға, қандай да бір спорт түрінде немесе қызмет аясында орнығуға және оларда шеберлік пен атақтың шыңына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Спорттағы маңызды уәждеме (әсіресе балалар және сауықтыру спортында) *денсаулықты сақтау* және *салауатты өмір салтын* жүзеге асыру болып табылады. Ата-аналардың басым көпшілігі өз балаларының спортпен айналысуға деген ықыластарына түсіністікпен қарайды, оларға осы бағытта жан-жақты қолдау көрсетеді. Ата-аналардың пікірі балалары үздік спортшы болмаса да, өз денсаулығының көрсеткіштерін міндетті түрде жақсартады деп түйінделеді.

Аға буын өкілдерінің уәждемесі біршама өзгеше. Көбінесе олар дене тәрбиесі және спортпен жоғары нәтижелерге қол жеткізу және спортта өзін-өзі таныту үшін емес, денсаулықтарын қолайлы деңгейде қалпына келтіру немесе сақтау үшін айналысады.

Соңғы жылдары жастар, орта буын өкілдері және ішінара аға буын өкілдері арасында уәждеменің маңызды факторы *спорттық стиль* болды. Спорттық киім, аяқ киім, спорттық стильде рәсімделген тұрмыстық бұйымдар сәнді болды. Сонымен бірге спорттық символика мен спорттың басқа да белгілері парфюмерия, ойыншықтар өндірісі, қол сағаттар және басқалары сияқты «спорттық емес» болып көрінетін салаларға да белсенді түрде ауысуда. Спорттық стиль мен спорттық тауарлардың сәнге айналуы спорттық индустрияны түпкілікті бұқаралық және қоғамдық өндірістің әлеуметтік маңызды саласына айналдырды.

Дене тәрбиесі және спортпен айналысудың тағы бір маңызды уәжі *қарым-қатынас*, өзі сияқты адамдармен спорттық ортада болу, олармен пікір алмасу, достық қатынастар орнату болып табылады. Сонымен қатар, көптеген адамдар үшін спортшылар санатына қосылу фактісінің өзі әлеуметтік топқа қосылу сияқты маңызды. Бұл жағдай олардың әлеуметтік беделін немесе жеке мәртебесін жоғарылатуы мүмкін.

Жанкүйерлер үшін анағұрлым маңызды уәж *демалыс*, *ойын-сауық* және *тілектес болу* қажеттілігі болады. Басқаша айтқанда, жанкүйерлер стадиондар мен спорт кешендеріне жақсы уақыт өткізу, өз эмоцияларын шығару, психологиялық күйзелістен арылу үшін келеді.

Мемлекеттің, кәсіпорынның және спорттық ұйымдардың уәждері туралы жеке айта кеткен жөн. Бұл құрылымдардың барлығы дене тәрбиесі мен спортты енгізуге және дамытуға мүдделі, себебі мұндай енгізу жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттырады, олардың зияткерлік және физикалық мүмкіндіктерін дамытады, дүниетанымын және қызығушылық аясын кеңейтеді.

Зерттеу қорытындысы. Қойылған міндеттерді шешуде біз жалпы спорт индустриясының барлық қырларын есепке ала отырып, білікті спорт маркетологтарының жетіспеуі мәселесіне кезігеміз. Мұнда шетелдік әріптестеріміздің тәжірибесін пайдалануымыз, үйрету әдістемесін алуымыз, семинарлар жүргізу

үшін әлемдік спорт маркетингінің «ұстаздарын» шақыруымыз және оларды ынтымақтастыққа шақыруды ескеруіміз қажет. Уақыт өте бұл шаралар отандық мамандардың жұмыс сапасының жақсаруына әкеледі.

Тек ірі спорттық форумдар мен жарыстарды алға тартып, жарнамалау арқылы облыс тұрғындарының арасында спортқа деген қызығушылықтың жоғары деңгейін ұстап тұру қиын. Халықтың барлық мақсатты бөлігін толықтай қамту үшін мұндай іс-шараларды барлық ұйымдастырушылық деңгейлерде дамыту қажет. Балалар спортын, әуесқой клубтарды, зейнет жасындағы тұрғындарға арналған түрлі спорттық іс-шараларды қолдау. Барлық санаттарды қамтып қана біз салауатты өмір салтына деген жалпы қызығушылық пен қажеттілік әсеріне қол жеткіземіз. Бірақ көлемді маркетингтік коммуникацияларды жүргізу үшін үлкен көлемде құралдар, соның ішінде қаржылық, қажет. Біз осы жағдайда бізге шығынды қаржылық базаны және шығынды төмендетуге, жүргізілетін маркетингтік коммуникациялардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін SMM, партизандық, вирустық маркетинг сияқты инновациялық маркетингтік коммуникацияларды пайдалануды ұсынамыз.

1 Вакалов Л.Г. Маркетинг в физической культуре и спорте: Учебное пособие для ин-тов физ. культуры // Краснодар: КубГАФК, 2003.

2 Томич М. Маркетинг в спорте. Рынок и спортивные продукты // М. Томич. - М.: МАФСИ, 2002.

3 Шитовой Н.А.Экономика физической культуры и спорта // Омск: СибГАФК, 1999.

4 Шааф Ф. Спортивный маркетинг: Теперь это не просто игра... = Sportsmarketing. Спонсорство. Радио и телевидение. Соглашения о поддержке. Проблемы спорт.сооружений. Менеджмент спортивного события. Лицензирование и торговля товарами // Ф. Шааф. Перс англ. - М.: "Филинь", 1998.

5 Кулбаев А.Т. Спорттық іс-шара ұйымдастыруда жарнама қызметінің маңызы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2(38). – Алматы, 2013 ж.

Резюме

Искаков Т.Б.– *докторант 1-го курса по специальности 6D010800–Физическая культура и спорт, taiyrzhan.iskakov@bk.ru*

Научный руководитель: **Кулбаев А.Т.** – *доктор PhD, старший преподаватель кафедры теоретических основ физической культуры и спорта, shirganak_aibol@mail.ru*

Роль маркетинговой деятельности в развитии спортивной сферы

В статье рассмотрены основные элементы, используемые в спортивном маркетинге при принятии решений управленческого характера. Проанализировано применение комплексных планов управления в контексте спортивного маркетинга. Проведен анализ использования теорий для повышения эффективности работы спортивного маркетинга. Также рассмотрены факторы, оказывающие влияние на модель спортивного потребительского поведения.

Ключевые слова: спортивный маркетинг, конкуренция, мотивация, потребность.

Summary

Iskakov T.B. – *1st cours doctoral candidate specialty of physical culture and sport, taiyrzhan.iskakov@bk.ru*

Scientific supervisor: **Kulbaev A.T.** – *doctor PhD, senior teacher of chair of theoretical bases of physical culture and sport, shirganak_aibol@mail.ru*

Role of marketing activity in development of the sports sphere

In article the basic elements used in sports marketing at decision-making of administrative character are considered. Application of comprehensive plans of management in the context of sports marketing is analyzed. The analysis of use of theories for increase of overall performance of sports marketing is carried out. The factors having impact on model of sports consumer behavior are also considered.

Keywords: sports marketing, competition, motivation, requirement

ӘОЖ: 378 (004)

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ақжолова А.Т. – *ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры*
e-mail: *aktoty_72@mail.ru*

Мақалада ақпарат, ақпараттық технология, ақпараттық-коммуникациялық технология, білімді ақпараттандыру, құзыреттілік, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік сөздеріне анықтама беріледі. Елімізде білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген мамандарға деген сұраныстардың артуы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып қолдануда тек техникалық мамандар ғана даярланып қоймай, қолдану салалары мен ауқымдарына байланысты ақпараттық мәдениеті жоғары мамандарды даярлау, болашақ мамандардың кәсіптік, ақпараттық бағыттылығын қалыптастыру өзекті болып отырғанмәселелер қозғалады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адам іс-әрекетінің барлық салаларына енуімен қоса, біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылатындығы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану әр түрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездететіндігі және жеңілдететіндігі қарастырылған. Бұл құзыреттілікті меңгеру, бір жағынан, уақыт талабына сай келуі, екінші жағынан, білім беру салаларын кіріктіру үшін ресурстар мен техникалық құралдарды өзге оқу пәндерді оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа құралы ретінде пайдалануы, болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыруда ие болатын дағдылары, мамандардың кәсіби, білікті, құзыретті, ізденімпаз, жаңашыл маман болуына әсерін тигізуі көрсетілген. Сондай-ақ, болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы қарастырылады.

Тірек сөздер: білім мазмұны, ақпарат, ақпараттық технология, ақпараттық-коммуникациялық технология, білімді ақпараттандыру, құзыреттілік, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2050 жылғы стратегиясында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де, тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек», - деп атап көрсетті [1]. Бұл қазіргі жастардың, яғни болашақ мамандардың барынша білім алып, оқуына жағдай жасалынып жатқанын көрсетеді.

Еліміздің білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген мамандарға деген сұраныстардың артуы мен оларды даярлаудағы кәсібилігінің, ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігінің, біліктілігінің қазіргі талаптарға сай болуын қамтамасыз ету өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруда.

Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың келуімен бірге білім берудің қуатты құралы пайда болды. Ал ақпарат мәліметтерін жинау, сақтау және өңдеу жұмыстарын автоматтандыру арқылы қоғамның интеллектуалдық деңгейін бірнеше есеге жоғарылата алды. Сонымен бірге, адамзатқа әлемдік ақпарат дүниесіне кіру, одан тез арада және қажетті түрде деректер алу жеңілдеді. Осындай мүмкіншілікке байланысты білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға мүмкіндік туғызу қажет және соған сәйкес болашақ мамандарды құзыретті маман ретінде қалыптастыру керек.

Демек, қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып қолдануда тек техникалық мамандар ғана даярланып қоймай, қолдану салалары мен ауқымдарына байланысты ақпараттық мәдениеті жоғары мамандарды даярлау, болашақ мамандардың кәсіптік-ақпараттық бағыттылығын қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Отандық тәжірибелерде ғалымдар Е.Ы. Бидайбеков, Ж.А. Қараев, С.М. Кеңесбаев, С.Ә. Әбдіманапов, Б.Б. Баймуханов, Д.М. Жүсібалиева, С.Кариев, С.Ю. Карпова, С.С. Кунанбаева және т.б. сынды ғалымдар өз еңбектерінде барлық оқу пәндерін зерттеуде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданудың нәтижелігін көрсеткен.

Ақпарат – бұл ақпараттық процесс барысында түзілетін қозғалыстағы объект [2].

Сонымен, ақпарат дегеніміз қоршаған орта құбылыстары мен нысандарының қасиеттері мен қалпы туралы мәліметтер.

Қазіргі ақпарат көздері – компакт дискілер мен қуатты процессорлар құрамына мәтіндік ақпарат, мультипликация, фото, бейне, модельдеу, дыбыстық сүйемел ететін жаңа сапалы бағдарламалар жасауға мүмкіндік береді. Көптеген жобаға қатысушылар эксперименттер өткізіп, зерттеу нәтижелерімен алмасады, электрондық почта бойынша бірлескен талдау жұмыстарын жүргізеді. Мұндай жобалар қазірдің өзінде бірнеше жыл бойына экология саласында жүзеге асырылуда, бірақ оларды арнайы пәнді, информатиканы оқытуда пайдаланудың да келешегі мол. Көптеген мектептердің мұғалімдері мен оқушылары ортақ мәселелерді бірлесе шешуге және зерттеу нәтижелерімен алмасуға мүмкіндік алған. Олар ақпаратты мәтіндер, графиктер және сандық мәліметтер күйінде жөнелте алады. Сонымен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың өркендеуіне байланысты оқу үдерісінде түрлі көрнекілік құралдармен толыға бастады.

Біздің пайымдауымызша, *ақпарат – жалпы тұрғыда нақты деректер мен олардың арасындағы тәуелділіктер жиыны.*

Сонда қоғам ақпарат арқылы өзін-өзі танып, біртұтас жүйе ретінде қызмет атқара алады.

Ақпаратқа нақты анықтама беру ғылымдағы күрделі мәселенің бірі болып келеді. Кибернетикалық тұрғыда ақпарат деп деректер, мәлімет, хабар туралы бастапқы хабарлау ұғынылады. Кибернетика ақпарат ұғымын адам сөзі мен коммуникацияның басқа да формалары аясынан шығарып, кез келген түрдегі мақсатты түрде бағытталған жүйелермен байланыстырады. Ақпарат үш түрлі формада көрінеді:

- биологиялық (биоток, генетикалық механизм байланыстары);
- машиналық (электр тізбегіндегі сигналдар);
- әлеуметтік (қоғамдық жүйедегі білім «қозғалысы»).

Жасанды интеллектіге байланысты түсіндірме сөздікте ақпаратты нақты деректер мен олардың арасындағы байланыс туралы білім жиыны деп, екіншіден есептеу техникасында берілген келісім арқылы белгілі бір деректер қорына ғана қатысты, ЭЕМ-ге енгізілетін, оның жадында сақталатын, өңделетін әрі пайдаланушыларға берілетін мазмұн екеніне акцент жасалады.

Ақпараттық технология – белгілі бір міндеттерді орындау бойынша әрекет сызбасы және оның техникамен қамтылуы. Интернет желісінде және компьютерде жұмысты жеңілдету үшін пайдаланылады. Ақпаратты тарату, өзгерту, сақтау, жинақтау үшін құрал ретінде қолданылады [3].

Ақпараттық-коммуникациялық технология – белгілі бір күткен нәтижені алу үшін ақпаратты қолдану, тапсыру, сақтау, өңдеу, автоматтандырылатын әдістер, амалдар, құралдар жиынтығын көрсететін информатиканың ғылыми аясындағы қолданбалы бөлігі [4].

Білімді ақпараттандыру – Интернетке қосылумен, электрондық оқулықпен мектепті компьютерлермен жабдықтауымен ғана шектелмейтін көпдеңгейлі күрделі үдерісі. Қазіргі таңда техникалық құралдарды қолданудың мазмұндық жағын қарастыру және дамыту қажет. Техникамен қамту ақпараттандыру үдерісінде маңызды іс болып табылады [4].

Қоғамды жаппай ақпараттандыру процесі, оның технологиялық ресурсын анықтайтын адамзаттың капиталы мен білімінің, яғни мемлекеттің стратегиялық қорының қайнар көзі, бұл мәселе білім беру бағытын қайта қараумен байланысты. Сондықтан да халықаралық қауымда тиісті орын алуға ұмтылған әрбір мемлекет, ешуақытта білімге және ақпараттық-коммуникациялық қоғам құруға арналған бағыттан бас тартпауы керек.

Білімді ақпараттандыру үдерісінің қарқынды дамуына байланысты соңғы онжылдықта ақпараттық-коммуникациялық технологиялар екпінді өсуде. Қоғамды ақпараттандыру жаңа есептеу технологиялары мен ақпараттарды жіберу құралдары негізінде ақпаратты жіберу, алу, жинақтау, өңдеу және сақтау әдістерін жаппай енгізу болып табылады. Адам іс-әрекетінің барлық салаларында ойдың дамуына ықпал ету, есептеу әдісін талап ететін міндеттерді шешу жаңа білім мен әдістерді жинауда маңызды үдеріс болып табылады. Есептеу үдерісі ғылыми, әлеуметтік, ішкі жетістіктер мен өнертабыстар, оның ішінде медицина, экономика және білім негіздерінде құрылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адам іс-әрекетінің барлық салаларына енуімен қоса біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездетеді және жеңілдетеді.

Құзыреттілік ұғымы белгілі бір сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алу, - дегенді білдіреді [5].

Құзыреттілік – маманның жеке тұлғасының білімдері мен біліктіліктерінің, қасиеттерінің, ішкі психикалық жағдайының күрделі жүйесі: оның кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешу барысында кездесетін дамыту жұмыстарын жүргізуге даярлығы.

Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік – бағдарлай, өздігінен іздей білу, талдай, таңдай, өзгерте, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі [6].

Біздің пайымдауымызша, *ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік* – қарым-қатынасқа, байланысқа түсе отырып ақпаратты қабылдау, сақтау, өңдеу және тарату білігі.

Бірнеше елдерде білім берудің басым бағыттарының бірі болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Болашақ мамандардың бұл құзыреттілікті меңгеруі, бір жағынан, уақыт талабына сай келеді. Ал екінші жағынан, білім беру салаларын кіріктіру үшін ресурстар мен техникалық құралдарды өзге оқу пәндерді оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа құралы ретінде пайдаланады. Ақпарат көлемінің екпінді өсуі мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты ауқымды ақпараттар ағымында оқушыға бағыт таба білу

дағдысын қалыптастыру және күнделікті өмірде, оқыту үдерісінде, келешектегі еңбек қызметінде әртүрлі мәселелерді шешуде жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Сонымен қатар, оқушылар ақпаратты пайдалануда этикалық және құқықтық нормаларды ескере отырып сақтауы маңызды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ғасыры адамдар арасында, жаңа идеяларды талқылауда, тәжірибе алмасуда, мәдениеттер мен қауымдастықтарда іскерлік қарым-қатынастарға үлкен мүмкіндік бере отырып, «қашықтық» ұғымын өзгертті.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, телеконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуы керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты:

1) үйренушінің шығармашылық әлеуетін дамыту; коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды дамыту; сараптамалық-зерттеу қызметі дағдыларын дамыту; оқу қызметі мәдениетін дамыту;

2) оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерін қарқындандыру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру;

3) қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болатын әлеуметтік тапсырысты өткізу.

«АКТ» пәні ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалана отырып, басқа білім беру салаларынан және өмірден алынған міндеттерді шешу үшін оқу үдерісінде практикалық дағдыларын дамытуға көп уақыт беруді көздейді.

Үлкен көлемді ақпараттармен жұмыс істеу мақсатында аталған пәнді оқыту болашақ мамандардың логикалық, алгоритмдік, жүйелік және сыни бағалау тұрғысынан ойлау қабілеттерін қалыптастыруына және дамуына ықпал етеді.

Болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың маңыздылығы маманның жеке тұлғасы мен оның қызметіне деген объективті талаптарымен сипатталады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі, оның өзіне деген сенімділігінен, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен байқалады.

Қазіргі заманда ақпараттық техника мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоғамның барлық саласында қолдануда. Сондықтан қоғам маманның кәсіптік даярлығымен қатар ақпараттық-коммуникациялық даярлығын қажет етеді. Болашақ мамандардың кәсіби қызығушылығы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы қалыптасады деп ойлаймыз, себебі:

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар болашақ маманның ой-өрісін кеңейтіп, жүйелі комбинаторлық ойлау қабілетін күшейтеді;
- танымдық, тапқырлық, шапшаңдық қасиеттерін қалыптастырады;
- шығармашылыққа жол береді;
- өз бетімен жұмыс жоспарын жасай білуге үйретеді;
- ұжымдық жұмыс жасай біледі және оған талап қоя біледі;
- электронды оқулықтарды оқи отырып, пәнге деген ынтасы, қызығушылығы арта түседі;
- өз мамандығының қажетті салаларын меңгереді [7].

Болашақ маманның ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі ретінде біз оның өз пәнін оқытуда жоғарырақ нәтижелерге жету үшін ақпараттық технологиялар көмегімен педагогикалық инновацияларды пайдалану қабілетін ұғынамыз. Ақпараттық құзыреттілік технологиялық ойлаудың жалпыланған іскерлігі арқылы көрініп, мұғалім бойында аналитикалық, болжау, жобалау мен рефлексивті іскерліктерінің болуын байқатады. Технологиялық ойлау дегеніміз – педагогикалық қызметте туындап отыратын мәселе негізін ажырата отырып, мультимедиалық технологиялар көмегімен оны шешудің тиімді жолдарын таба білу.

Қазақ халқының көрнекті ағатушысы А.Байтұрсынов мұғалімнің жеке тұлғасы туралы мәселені көтере отырып, «жақсы мұғалім мектепке жан кіргізетін... Мұғалім нашар болса, сайлы мектепте отырып сабақ бере алмайтынын» айтты. Сондай-ақ ол мұғалімдерге қойылатын талаптарды тұжырымдады: «Бала оқытуын жақсы білем деген адам, әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек» [8].

Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану ойлау, шығармашылық әрекеттерінің жаңа формаларын туғызады. Сондай-ақ, мұны адамның психикалық үдерістерінің даму үдерісі ретінде де қарастыруға болады. Осыған сәйкес, болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру мамандардың кәсіби, білікті, құзыретті, ізденімпаз, жаңашыл маман болуына әсерін тигізеді. Болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыруда ие болатын дағдыларын келесі кестеде келтірдік (Кесте 1).

Кесте 1 – Болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыруда ие болатын дағдылары

Болашақ мамандардыңақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыруда ие болатын дағдылары			
ақпараттық-комуникациялық технологиялар құралдарын пайдалана отырып ақпаратты іздеу, жинақтау, өңдеу, сақтау және әртүрлі формаларда жіберуді іске асыру	әртүрлі программалық қосымшаларды пайдалана отырып, нақты жүйелер мен оқиғалардың моделін өңдеу, талдау және түрлендіру, сонымен қатар өз ойларын іске асыру	кездескен түрлі тапсырмалар орындау арқылы өз логикалық, алгоритмдік, жүйелік және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту	бір-бірімен сөйлесу, ақпаратпен алмасу және өзара жұмыс істеу мақсатында АКТ құралдарын пайдалану

Болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық дайындығының қалыптастырылуының маңыздылығы теориялық оқу және дидактика, тәрбие теориясы мен тәлімдік жұмыс әдістемесі бағытындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері арқылы көрінуде.

Қорыта айтқанда, қазіргі заманда болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру «оқып үйрену» және өздігімен жұмыс істеу, қызығушылығы бар, сенімді, жауапты және зияткерлі тұлға болу қағидасы білім берудің басым бағыттарына әкеледі.

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2050 жылғы стратегиясы. – Астана, 2012.

2 Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері // Түркістан, 2006, – 314 б.

3 Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н. Педагогтардың АКТ-ны қолдану арқылы құзырлылығын қалыптастыру бойынша портфолио. – Алматы, 2012. – 30 б.

4 Сарбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру. – Қарағанды, 2005. – 144 б.

5 Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. – Алматы, 2014. – 161 б.

6 Амирова А.С. Ғылым мен бастауыш білімнің қазіргі мәселелері. – Алматы, 2015. – 390 б.

7 Устемиров К., Шаметов Н.Р., Васильев И.Б. Профессиональная педагогика. – Алматы, 2005. – 432 с.

8 Әбділдабек А. А.Байтұрсынов бастауыш мектеп мәселесі хақында //Бастауыш мектеп. – 1992. – №3. – Б.3-6.

Резюме

Акжолова А.Т. – *к.ф.н, профессор КазНПУ им. Абая*

Важность формирования информационно-коммуникационной компетентности у будущих специалистов

В статье дается определение словам: информация, информационная технология, информационно-коммуникационная технология, информатизация образования, компетентность, информационно-коммуникационная компетентность. В статье рассматриваются такие актуальные вопросы как: возрастание спроса специалистов, владеющих

знаниями в области информационно-коммуникационных технологий в сфере образования; подготовление к применению информационно-коммуникационных технологий в использовании не только у технических специалистов, но и у будущих профессиональных специалистов с высокой информационной культурой; формирование профессиональной и информационной направленности у будущих специалистов в стране. Так же оповещается, что информационно-коммуникационные технологии в деятельности человека являются неотъемлемой частью нашей повседневной жизни, включая проникновение во все сферы информационно-коммуникационных технологий, использование различных средств позволяет работать сразными видами информации, а также облегчает и ускоряет данный процесс. Так же указаны навыки в формировании информационно-коммуникационной компетентности у будущих специалистов, которые оказывают влияние быть профессиональным, квалифицированным, компетентным, талантливым специалистом; освоение компетентности, с одной стороны, соответствует требованиям времени; с другой стороны, использование информационно-коммуникационных технологий в качестве новых средств в обучении учебных дисциплин для интеграции ресурсов и иных технических средств в сфере образования. А также рассматривается важность формирования информационно-коммуникационной компетентности у будущих специалистов.

Ключевые слова: обновленное содержания знания, информация, информационная технология, информационно-коммуникационная технология, информатизация образования, компетентность, информационно-коммуникационная компетентность.

Summary

Akzholova A.T. – *k.f.s, associate professor, KazNPU named after Abai*

The importance of the formation of information and communication competence of future specialists

In article is given definition to words:information, information technology, information and communication technology, informatization of education, expertise, information and communication competence. The article excited topical issues: the increase in demand professionals who own information and communication technologies in education, prepared for the use of information and communication technologies in the use of not only technical specialists, but also the future professionals with high information culture, the formation of professional and information orientation in future specialists in the country.Also is notified that the information and communication technology in human activity is an integral part of our everyday life, including penetration into all areas of information and communication technologies; the use of different tools simplifies and speeds up the information and views set out in the work process. Also were listed skills in the formation of information and communication competence of future professionals, to influence to be a professional, qualified, competent and talented specialists, development of competence, on the one hand, meets the requirements of the time, on the other hand, the use of information and communication technology as a new tutorials of learning disciplines to integrate resources and other technical devices in the field of education. And also discusses the importance of the formation of information and communication competence of future specialists.

Keywords: renovated contents of knowledge, information, information technology, information and communication technology, informatization of education, competence, information and communication competence.

ӘОЖ 378.013.42

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Үсенова А.М. – *PhD докторант,*
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Мақалада болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың диагностикаларының теориясына қысқаша шолу жасалып, әдістемелері берілген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қоғамдағы табыстылығы оның әлеуметтік табиғатымен, оның мәнді бастауымен байланыстылығы туралы айтылған. Жүргізілген диагностикалау жұмыстары мен қортынды нәтижелеріне талдау жасалған. «*Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері*» атты арнайы курс бағдарламасын әзірленіп, қолданысқа ұсынылған.

Кілт сөздер: әлеуметтік табыстылық, диагностика, мотивациялық іс-әрекет, эксперимент әдістеме.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «әлеуметтік, саяси-мәдени жағдайларға кеңінен талдау жасап, болашақ кәсіби мамандарын даярлау үдерісінде сапалы кәсіптік білім беру көкейкесті мәселелердің бірі» - деген пікіріне сүйенсек, қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі арта түседі [1].

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, біздің зерттеуімізге қатысты бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың жалпы мәселелері Ресей ғалымдарының (К.Абдуллаев, С.И. Волкова т.б.) еңбектерінде зерттелінсе, ал бастауыш білім берудің әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік аспектілері Қазақстандық ғалымдар: Қ.Аймағамбетова, С.Р. Рахметова, Ә.С. Әмірова және т.б. еңбектерінде қарастырылған [2]

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге сүйенсек, әлеуметтік табыстылық психология және педагогика ғылымының әлі де толық зерттелмеген саласы. Адамның қоғамдағы табыстылығы оның әлеуметтік табиғатымен, оның мәнді бастауымен байланысты. Тұлғаның дамуы оның қоғаммен әрекеттестігін көрсететін өмірдің екі өзара байланысты жақтарының динамикалық тепе-теңдігінде мүмкін: социумға енуі және одан оқшауланы, яғни қоғаммен бірге болуы және өзінің әрекетімен бөлінуі, мойындалуы. Сондықтан осы екі бағыт арасындағы қарама-қайшылық тұлғаның әлеуметтік табыстылығының әлеуметтік-психологиялық көрсеткіштерін айқындайды. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселесін өзектендіреді.

Аталмыш мәселе бойынша, эксперименттік-тәжірибе жұмыстары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде іс-тәжірибелік сынақтан өткізілді.

Зерттеу бойынша эксперименттік - тәжірибе жұмыстары ұйымдастырылып, экспериментке Абай атындағы ҚазҰПУ және Алматы университетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығының студенттері қатысты.

Анықтау экспериментінің мақсаты – жоғары оқу орны жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде студенттердің әлеуметтік табыстылығының алғашқы мәліметтеріне сүйене отырып, дамытудың жолдарын анықтау, сонымен бірге болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту моделінің үш компоненттері *(мазмұндық, мотивациялық, іс-әрекеттік)* бойынша студенттердің әлеуметтік табыстылық деңгейлерін (жоғары, орта, төмен) айқындау болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері-студенттердің әлеуметтік табыстылығын дамытудың диагностикасын ұйымдастру барысында біз төмендегідей әдістемелер кешенін пайдаландық:

- тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау» әдістемесі (Т.Элерс) [3];
- «Шығармашылық ойлау» тесті, шығармашылық белсенділік деңгейін диагностикалау, яғни жеке тұлғаның шығармашылық диагностикасы (Е.Е.Туник) [5];
- тұлға құрылымының мотивациялық диагностикасы (В.Э.Мильман) [4].

Эксперименттік – тәжірибелік зерттеу барысында оқудан тыс әрекетте әлеуметтік табыстылығының құраушылары ретінде өзінің табысқа жету құндылығы мен мотивациясын қалыптастыруға әсерін зерттеу мақсатында студенттермен сауалнама жүргізілді.

Т.Элерстің «Тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау әдістемесі».

Бастауыш оқыту педагогикасы мамандығының II курс студенттеріне (6 студент), педагогика және психология мамандығының, орыс бөлімінің III курс студенттеріне (32) және сонымен қатар II курс студенттері (23) мен магистратура бөлімінің студенттеріне (26) жауап парағы мен нұсқаулық ұсынылды. Онда берілген 41 сұрақтың әрқайсысына "ИЯ" немесе "ЖОҚ" деп жауап беру қажеттілігі түсіндіріліп, студенттердің жауап парағы сауалнаманың кілтімен тексеріледі: "Иә" жауабына 1 ұпайдан мына реттік нөмірдегі сұрақтарға қойылып, барлығы қосылады: 2–5, 7–10, 14–17, 21, 22, 25–30, 32, 37, 41 және "жоқ" - келесі: 6, 13, 18, 20, 24, 31, 36, 38 және 39. 1, 11, 12, 19, 23, 33–35 және 40 сұрақтарының жауабына қосылмайды. Барлық ұпайлар саны қосылады. Табысқа деген мотвацияның интерпретациясы (Элерс тестінің нормасы): Ұпайлар саны жоғары болған сайын, табысқа деген мотивация жоғары болады. 1 ұпайдан 10 ұпайға дейін - табысқа деген мотивацияның төмендігі; 11 ұпайдан 16 ұпайға дейін - табысқа

деген мотивация деңгейі орташа; 17 ұпайдан 20 ұпайға дейін - табысқа деген мотивация деңгейінің аса жоғарылығы; 21 ұпайдан жоғары - табысқа деген мотивацияның тым жоғарылығы. Студенттердің басым көпшілігінің табысқа деген мотивацияның төмендігі байқалды (жауаптары бойынша 10-11 ұпай жинаған).

Студенттер жауаптарына Т.Элерс сауалнамасының кілтіне сәйкес талдау жасап, оны төмендегі кестеде көрсеттік.

Кесте -1. Т.Элерс сауалнамасының нәтижесі

Р/с	Мамандық атауы	Студент саны	Курс, тобы, бөлімі	Мотивация деңгейі –орташа (пайыздық көрсеткіші)	Мотивация деңгейі – жоғары (пайыздық көрсеткіші)
1	Бастауыш оқыту педагогикасы	6	II курс, қазақ бөлімі	47%	23%
2	Педагогика және психология	23	II курс, қазақ бөлімі	45%	25%
3	Педагогика және психология	32	III курс, орыс бөлімі	65%	25%
4	Педагогика және психология, дефектология, бастауыш оқыту (магистратура)	26	I курс, қазақ бөлімі	73%	27%

Келесі әдістеме - Тұлға құрылымының түрткілік диагностикасын анықтау болды (В.Е.Мильман). Әдістеме тұлғаның жалпы және шығармашылық қабілетіне, қарым-қатынасына, әлеуметтік статусына және т.б. кейбір ұстанымдарына әсер етеді. Тұлғаның бағыттылығына және жұмысына қатысты сұрақ-жауап құрастырылады.

Нұсқаулықта: Сіздің өмір салтыңызға және өмірлік ұстанымдарыңызға қатысты 14 дәлел көрсетілген. Берілген сұрақта 8 нұсқа бар (а,б, в, г, д, е, ж, з). Мақұлданған жауаптың тұсына келесі көрсетілген белгіні қойыңыз (+) келісемін, (=) әрқалай, (-) жоқ, (х) келіспеймін, (?) білмеймін. Әрбір көрсетілген 1-ден 14-ке дейінгі сұрақтарға ұзақ ойланбай тезірек жауап беруге тырысыңыз. Жауап қате белгіленбеуін қадағалаңыз делінген.

В.Е. Мильман ұсынған тұлғаның мотивациялық диагностикасын анықтау үшін педагогика және психология мамандығының II курс (32 студент) студенттерінен тест алынды.

Нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау. Сыналушының жауаптары баллмен көрсетіледі «+» - 2 балл, «-» - 1 балл , «=» немесе «?» - 0 балл. Баллдар шкала бойынша бағаланады: өмірлік қолдау (ө), жайлылық (ж), әлеуметтік жағдай (ә), қатынас (к), жалпы қызмет (жқ), шығармашылық қызмет (шқ), әлеуметтік пайда (әп). Сосын график құрылады (мотивациялық профиль). Егер сыналушы шкала бойынша (жқ), (шқ), (әп) жоғары балл жинаса, демек онда «қызметтік» тұлғаның мотивациялық профилі, ал егер шкала бойынша одан жоғары балл жинаса ө, ж, ә, жқ (немесе басқа шкаламен тең жағдайда) демек тұлғаның күнделікті мотивациялық профилі көрініп тұр.

Кілт: Өмірлік қолдау – жауабы: 1аб, 2а, 3а, 4е, 5а, 6з, 8а, 10д, 11а, 12а

Жайлылық – жауабы: 1е, 2г, 7в, 8в,з, 9в,г,е, 10г, 12д,е

Қатынас – жауабы : 1в, 2д, 3в, 4б,в, 7б,з, 8б,г, 9д,з,10а, 11г, 12в

Жалпы қызмет (жқ) – жауабы: 1г,з, 4а,г, 5з, 6а, 7д, 9б, 10в, 12з

Шығармашылық қызмет (шқ) –жауабы: 1ж,з, 2е,ж, 3ж, 4д, 5д,е, 6е, 7е,ж, 8д,ж, 10ж, 11з, 12г.

Әлеуметтік пайда (әп)– жауабы: 1д, 2з, 3г,д, 4в,ж, 5г,ж, 6ж, 8е, 9ж, 10б,е, 11е,ж, 12ж.

Бұл шкаладағы балл қосындысы жеке тұлғаның жұмысқа бағыттылығын сипаттайды.

Мысалы, педагогика және психология мамандығының II курс студенті Н. сауалнама нәтижесін талдар болсақ, «Өмір әрекетінде қандай ұстанымдарды ұстану қажет?» деген сауалға «Ең бастысы – денсаулық. Өзін және жүйке жүйесін сақтау» деп жауап берген. Жұмыс әрекетінде жұмыс – бұл өмір сүрудегі қажеттілік деген ұстанымды ұстанса, бос уақытымда орын алатын жағдайлар: демалыс, қызығушылық деп көрсетсе, ал жұмыс уақытында орын алатын жағдайлар: қосалқы, табыс табу жұмыстары деп көрсеткен. Сонымен қатар, студент Н. демалыс уақытында көңіл көтергісі келетіндігін, егер жұмыс уақытын жоспарлауға мүмкіндік берілсе, онда білімді жетілдіретіндігін және көбіне ортақ таныстары бар ортада болғысы келетіндігін атап көрсеткен. Сәтсіздікке ұшыраған қателіктерін түсінуге тырысады және қазіргі уақыттағы жеткен жетістіктері: басқаларға қажет екенін сезінеді.

Студенттің жұмысқа бағыттылығын сипаттау үшін жоғарыда көрсетілген сауалнаманың кілтімен нәтижелерді өңдейміз. Өмірлік қолдау, жайлылық, қатынас шкаласы бойынша студент жоғары балл жинап, демек тұлғаның күнделікті мотивациялық профилі жоғары.

Сондай-ақ, осы негізде студенттердің әрбір жауабын жеке талқылап, күнделікті немесе қызметтік мотивациялық профилін анықтадық.

Нәтижесінде 32 студенттің 7 студентінің, яғни күнделікті мотивациялық профилі жоғары болса, ал 12 студенттің, қызметтік мотивациялық профилі төмен екендігі анықталды.

Келесі сауалнама мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, педагогика және психология, бастауыш оқыту педагогикасы мамандықтарының магистратура бөлімінен (26 магистрант), педагогика және психология мамандығының I курс (25 студент), II (33 студент), бастауыш оқыту педагогикасы мамандығының I курс (25 студент) және III курс (4 студент) студенттерінен алынды. Сауалнама 18-27 жас аралығында жүргізілді. Студенттерге оқу жылында орын алған факторларды белгілеулерін сұрадық. Сауалнама сіздің оқуыңызда табысқа жетуіңізге өз үлесін қосқан және сіздің табысқа жетуіңізге не кедергі болды деген факторлар негізінде құралған. Табысқа жетуге үлес қосқан факторлар: еңбек жағдайы, ыңғайлы кесте, үйден қашықта жүретін жұмыс, менің тәртібім, өз жұмысымды орындауға қызығушылық т.б., ал табысқа жетуге кедергі болатын факторлар: жұмыс кестесі ыңғайсыз, үйден қашықта жүретін жұмыс, ата-аналар, әріптестер мен басшылықтың әлеуметтік жағдайы, жұмыстың дұрыс жоспарланбауы т.с.с. Студенттерден алынған сауалнаманың нәтижесі төмендегідей:

Мамандық	**Курс, студент саны**	**Табысқа жетуге үлес қосатын факторлар**	**Табысқа жетуге кедергі факторлар**
Педагогика және психология	I курс, 25 студент	Ыңғайлы кесте; Еңбек жағдайы; Тұрақты бақылау; Белгілі сабақтарды өткізетін мұғалімдердің болуы	Ыңғайсыз кесте; Басқа жұмыстардың кедергі болуы; Іс-шараларды атқаруға уақытымның болмауы;
Педагогика және психология	II курс, 33 студент	Ыңғайлы кесте; Өз жұмысымды орындаудағы қызығушылық; Белгілі сабақтарды өткізетін мұғалімдердің болуы	Ыңғайсыз кесте; Біліктіліктің төмендеуі
Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі	I курс, 25 студент	Жеке жұмыс тәжірибемнің болуы; Ыңғайлы кесте; Ұйымдағы қолайлы ахуал;	Ыңғайсыз кесте; Басқа жұмыстардың кедергі болуы; Іс-шараларды атқаруға уақытымның болмауы
Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі	III курс, 4 студент	Өз жұмысымды орындаудағы қызығушылық; Біліктілікті жоғарылату үшін курстардан өту	Біліктіліктің төмендеуі; Жоғары тығыздықтағы жұмыс жоспары
Педагогика және психология, мектепке дейінгі оқыту, бастауыш оқыту педагогикасы мамандықтарының магистратура бөлімі	I курс, 26 магистранттар	Ыңғайлы кесте; Еңбек жағдайы; Тұрақты бақылау; Бір айлық іс-шаралардың нақты жұмыс жоспарының болуы; Өз жұмысымды орындаудағы қызығушылық; Менің тәртібім Белгілі сабақтарды өткізетін мұғалімдердің болуы	Жұмыс кестесі ыңғайсыз; Жоғары тығыздықтағы жұмыс жоспары; Қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы; Басқа (жоспарда жоқ) жұмыстардың кедергі болуы; Іс-шараларды атқаруға уақытымның болмауы; Біліктілікті жоғарылату үшін курстардан өту

Қорытындылай келе, педагогика және психология мамандығының I курс студенттерінің 89%-ы табысқа жетуге үлес қосатын факторлар ыңғайлы кесте, еңбек жағдайы, тұрақты бақылау, белгілі сабақтарды өткізетін мұғалімдердің болуы деп, ал 87%-ы табысқа жетуге кедергі келтіретін факторлар ыңғайсыз кесте, басқа жұмыстардың кедергі болуы, іс-шараларды атқаруға уақытымның болмауы деп есептесе, II курс студенттерінің 91%-ы ыңғайлы кесте, өз жұмысымды орындаудағы қызығушылық, белгілі сабақтарды өткізетін мұғалімдердің болуы деп, ал 82%-ы табысқа жетуге кедергі келтіретін факторлар ыңғайсыз кесте, біліктіліктің төмендеуі деп есептейді екен.

Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі мамандығының I, III студенттерінің жауаптарына талдау жасар болсақ, I курс студенттерінің 94%-ы табысқа жеткізетін факторлар жеке жұмыс тәжірибемнің болуы, ыңғайлы кесте, ұйымдағы қолайлы ахуал деген нәтижені көрсетсе, 91%-ы табысқа жетуге кедергі келтіретін факторлар өз жұмысымды орындаудағы қызығушылық, біліктілікті жоғарылату үшін курстардан өту деген нәтижені көрсетіп отыр. Ал III курс студенттерінің 93%-ы табысқа жеткізетін өз жұмысымды орындаудағы қызығушылық, біліктілікті жоғарылату үшін курстардан өту деген факторларды көрсетсе, 95%-ы біліктіліктің төмендеуі,жоғары тығыздықтағы жұмыс жоспары деген факторлар табысқа жетуге кедергі келтіреді деп есептеген.

Педагогика және психология, мектепке дейінгі оқыту, бастауыш оқыту педагогикасы мамандықтарының магистратура бөлімінің I курс студенттерінің 94%-ы ыңғайлы кесте, еңбек жағдайы, тұрақты бақылау, бір айлық іс-шаралардың нақты жұмыс жоспарының болуы, өз жұмысымды орындаудағы қызығушылық, менің тәртібім, белгілі сабақтарды өткізетін мұғалімдердің болуы деген факторлар табысқа жетуге үлес қосады деп есептесе, ал 95%-ы оқуда табысқа жетуге кедергі келтіретін факторлар жұмыс кестесі ыңғайсыз, жоғары тығыздықтағы жұмыс жоспары, қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы, басқа (жоспарда жоқ) жұмыстардың кедергі болуы, іс-шараларды атқаруға уақытымның болмауы, біліктілікті жоғарылату үшін курстардан өту деп есептейді екен. Сонымен, жоғарыдағы біз өткізген диагностиканы қорытындылай келе, зерттеу мәселемізге қатысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің табысқа деген түрткілік деңгейі әлі де болса өз шешімін таппаған екенін анықтадық. Осы мәселенің шешімі ретінде студенттердің әлеуметтік табыстылығын дамытуға бағытталған «*Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері*» атты арнайы курс бағдарламасын әзірлеп, ұсындық. Курстың мақсаты: заманның талабына сай әлеуметті табысты тұлғаны дамытуға жағдай жасау болды.

Резюме

Усенова А.М. – *PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

Организация диагностики развития социальной успешности будущих учителей

В данной статье был сделан краткий теоретический анализ диагностических методикразвития социальной успешности будущих учителей начальных классов. Показана заимосвязь социальной успешности будущих учителей начальных классов с их социальной природой и инициативой. Автор обобщил и проанализировал результаты проведенного диагностического исследования. В статье предложена к использованию программа специального курса «Основы развития социальной успешности личности».

Ключевые слова: социальный успешность, диагностика, мотивационный деятельность, эксперимент, методика.

Summary

PhD students, Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Organization of diagnostics of social success of future teachers

This article concludes the outcome of the research which has been done to find out the theoretical analysis of diagnostic methods of development of successfulness of future primary school teachers. The correlation between social successfulness of future primary school teachers with their social nature and initiative was shown. The author summarized and analyzed the results of provided diagnostic studies. The article suggests the use of special program of the course “Basics of social successfulness of an individual”.

Key words: success, social success, diagnostics, motivational activities, experiment technique

1.Назарбаев Н.А. «Инновациялар мен оқу – білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына»: Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде оқылған лекция. – Астана, 2006. – 43 б.

2. Элерс Т. Методика диагностики мотвации к достижению успеху /Розанова В.А.Психология управления. – М., 1999. – С.105-106.

3. Мильман В.Э. Метод изучения мотивационной сферы личности /Практикум по психодиагностике. Психодиагностика мотивации и саморегуляции. – М., 1990.

4. Диагностика успешности учителя: об методических материалов для директоров и заместителей учебных заведений. – М.: Педагогический поиск, 2004. – 160 с.

5. Туник Е.Е. Психодиагностика творческого мышления. Креативные тесты. – СПб.: СПбУПМ, 1997.

ӘОЖ: 378

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН БАҚЫЛАУ ТҮРЛЕРІ

Торғаева Қ.Б. – *магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*

Мырзаханова А.Б. – *магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*
e-mail:kyralai_94_94@mail.ru

Мақалада қазіргі заманның өзекті мәселесі құзыреттілікті студенттің ақыл-ойына мәдениет және педагогика арқылы ендіртудің маңызы, оның педагогикалық бақылау түрлері қарастырылған.

Еліміздің егемендік алып, басқа елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланыстарға түсуі шет тілін оқытудың маңыздылығын көрсетіп, оның мақсатын анықтап беретіндігі және шет тілін оқыту барысында оқушыларды өздеріне жат әлемді түсіне білуге үйрету керектігі сипатталған.

Әрбір тілді үйренушілер тек сол тілдің жүйесінде кездесетін ерекшеліктерге ғана емес, сондай-ақ сол тілді қолданушы елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшеліктерге де жолығады. Жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, басқа мәдениет өкілдерінің әрекеті мен сөзін түсіне білу үшін өз мәдениеті мен басқа мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге үйренетіндігі айқын көрсетілген. Олар өз әлемін, тілін, мәдениетін білмей, мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігіне қол жеткізу мүмкін емес. Басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Студенттер жаңа шығармашылық іс-әрекетке, жаңа ақпараттық технологияларды үйренуге, жеке тұлғалық және мәдениетаралық қарым-қатынаста туындайтын қарама-қайшылықты болдырмауға және оларды шешуге икемді болуы қажет.

Түйін сөздер: мәдениет, құзыреттілік, бағалау, жүйе, кредиттік жүйе, бақылау, білім, білік, дағды, баға.

Өркениетті елдер қатарына жету деңгейінде жастарды қазіргі қоғамда ізгілікке, парасаттылыққа баулитын жалпы мәдениеттілігі, болашақ мамандағына деген кәсіби құзыреттілігі мен білімділігін арттыру өзекті мәселенің бірі болып отыр. Жалпы рухани құндылық, ұлттық мәдениет пен дәстүрді қорғау мәселесі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдары болып келеді. Демек, еліміздің қоғамда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық және саяси, мәдени өркендеуі өндірістің барлық салаларында қызмет жасайтын мамандарды даярлаудың сапасын жетілдіруді қажет етеді. Бұлар білім беру мен тәрбиелеу ісін жаңаша сипатта жаңғырту, жетілдіру міндеттерін қамтитын білім беру жүйелерінің қабылданған жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамаларда т.б. көрсетілген. Жоғары оқу орындарындағы студент тұлғасын қалыптастыру, олардың кәсіби маман есебіндегі көрінісін білдіретін құзыреттілігін мәдени тұрғыда қалыптастыру білім беру саласындағы түйіткілді мәселе. Бұл мәселені теориялық талдауды алдымен арнайы ұғымдарды, түсініктерді анықтаудан бастаған дұрыс деп есептедік. Сондықтан бұл ұғымдардың ғылыми – педагогикалық, әдістемелік т.б. әдебиеттердегі талдануын зерделеу маңызы.

Әрбір тілді үйренушілер тек сол тілдің жүйесінде кездесетін ерекшеліктерге ғана емес, сондай-ақ сол тілді қолданушы елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшеліктерге де жолығады. Жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, басқа мәдениет өкілдерінің әрекеті мен сөзін түсіне білу үшін өз мәдениеті мен басқа мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге үйренеді. Ал, кейде екі мәдениет өкілі арасында белгілі бір дәрежеде қиындықтар болуы мүмкін. Ол , әрине, тілдегі ерекшеліктер ғана емес, мәдениетке тән өзгешеліктерге де байланысты болып келеді. Өйткені, әрбір тіл мен оны қолданушы тіл иелерінің өздеріне тән ерекшеліктері болады. «Тіпті адамдар бір тілде сөйлесіп жүріп, әрқашан бірін-бірі түсіне бермейді», - деп көрсетеді Е.М. Верещагин [1, 514].

Студенттердің дидактика бойынша білім, білік, дағды яғни құзыреттіліктерін бақылау және есепке алу ерекшеліктерін педагогика бойынша студенттердің оқу-танымдық әрекетінің нәтижелерін тексеру. Бұл мәселеге педагогикалық көп көңіл бөлінеді. Зерттеулерде оның:

- оқу-таным әрекетінің спецификасы, әрдайым тексеру мен бағалаудың қажеттілігі;
- тексерудің оқыту және тәрбиелеу сипатында болуы;
- білім беру міндеттері мен сипатын, оқу пәні мен міндеттердің спецификасын есепке алу;
- тексерудің оқу процесін ұйымдастыру және оның сипатымен тығыз байланыстылығы жақтары көрсетіледі;
- Бұл қағидалар оқу-танымдық әрекетін тексеруді белгілейді. Міне, сондықтан, теориялық материалдың білімін анықтаумен қатар түрлі жаттығулар, практикалық тапсырмалар, есеп шығару әдістері ұсынылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында келесі мәліметтер көрсетіледі:

- Барлық жұмыс түрлерін бағалау ережесі (максималды балл, айыптық және көтермелеу балдары).
- Қорытынды (емтихан) бағасын қою критериялары және аппеляция ережесі.

- Сабаққа кешігу, сабақты қалдыру, дәрісханадағы тәртіп, жұмысты кеш тапсыру, емтиханға қатыспау, т.б. мәселелер [2].

Жоғары оқу орнындағы бақылау жүйесін емтихандар, сынақтар, ауызша жауаптар, жазбаша бақылау, реферат, коллоквиум, семинарлар, курстық жұмыстар, зертханалық бақылау жұмыстары, жобалар, күнделікті жазбалары, бақылау журналдары құрайды. Ауызша бақылау барысында тек білім тексеріліп қоймайды, сонымен қатар, ауызша сөйлеуге жаттығады, педагогикалық қарым-қатынас дамытылады. Жазбаша жұмыстар материалдың меңгерілуі деңгейін құжат түрінде көрсетуге мүмкіндік береді, бірақ оны өткізуге көп уақыт жұмсалады.

Емтихан студенттердің психикасына қосымша әсер етеді. Курстық және дипломдық жұмыстар болашақ маманның шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бақылау түрлерін үйлесімді біріктіру – ЖОО-дағы оқу үдерісін ұйымдастырылу деңгейінің көрсеткіші және оқытушының педагогикалық біліктілігінің маңызды көрсеткіші.

Уақыты бойынша педагогикалық бақылау ағымдық, тақырыптық, аралық, қорытынды, соңғы болып бөлінеді. Ағымдық бақылау студенттерді үлгерімі төмен және үлгерімі жоғары деп ажыратуға мүмкіндік береді, оқу мотивациясын тудырады (сұрау, бақылау, тапсырмалар, өзін-өзі бақылау мәліметтерін тексеру). Тақырыптық бақылау – бағдарламаның нақты тақырыбын және тарауының нәтижелерін бағалау. Аралық бақылау – оқу материалының бір бөлігінен келесі сатысын өту үшін әрбір студенттің оқу жетістіктерін тексеру. Қорытынды бақылау – курс бойынша емтихан. Өтілген пәнді оқытудың нәтижесі, бұнда студенттің әрі қарай оқуға қабілеті анықталады. Соңғы бақылау – мемлекеттік бақылау, дипломды жұмысты немесе ғылыми жұмыстар мен жобаларды қорғау, мемлекеттік емтихан комиссиясының біліктілік беруі [3, 205].

Бағалау және баға – өтілген педагогикалық бақылаудың нәтижелері. Бағалау – студенттердің білімі, іскерлігі, дағдысының оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігінің/сәйкессіздігін бекітетін тәсіл және нәтиже. Ол үлгермеушіліктің себептерін анықтау, оқу әрекетін ұйымдастыру мүмкіндіктерін береді. Оқытушы жауаптағы қателердің себептерін анықтайды, студентке қайта тапсыру, қайта қарау үшін не нәрсеге көңіл аударатынын көрсетеді [4].

Баға – бағалаудың сандық анадогы. Білімді бағалауда мына ұсыныстардан шығу керек:

- «Өте жақсы» берілген көлемдегі материалдық нақты және берік білген жағдайда қойылады. Жазбаша жұмыста қате болмауы тиіс. Ауызша сұрау кезінде студенттің сөзі қисынды негізделген және грамматикалық қатесіз болуы тиіс.

- «Жақсы» елеусіз қателіктер, дәлсіздіктер (екі-үштер артық емес) барында пәнді берік білгені үшін қойылады.

- «Қанағаттанарлық» - елеулі қателіктері бар пәндік білім үшін қойылады, бірақ ол қателер әрі қарай оқуды жалғастыруға кедергі болмауы тиіс.

- «Қанағаттанарлықсыз» - ауызша жауабында немесе жазба жұмыстарында қате көп жіберілетін болса, пәнді білмесе қойылады.

Бұнда шкаланың артықшылығы – оның қарапайымдылығы, сондақтан ол кең таралған. Кемшіліктері: 1) оқытушы студенттің үлгерімін жеке түсінеді. Мұнда оқытушының субъективтілігі, ағымдық үлгерімге реакциясы, студенттің сабаққа қатысуы, іс-әрекеті, сыртқы түрі, өзін-өзі ұстауы, киім киісі және сөйлеу әсер етеді. Бірақ сабаққа келмей-ақ жаттап алуға, конспект жазбай-ақ өте жақсы жауап беруге болмайды ма?! 2) әлсіз саралау қабілеті. Бұл жүйе (бес баллдық жүйе деп аталғанмен, төрт бағалау категориялары қолданылады) тек төрт топқа жіктеуге мүмкіндік береді.

Білімді бағалау мәселесі өзектілікке ие. Көптеген оқытушылар бес баллдық жүйеге «+» немесе «-» белгісін қосып, нәтижесінде 10 баллдық жүйе алады.

Кредиттік білім беру жағдайында, білімді бағалау 100 балдық жүйеде жүріп, бағалау саясатына байланысты мәліметтер силлабустың арнайы бөлімінде көрсетіледі.

Білім бағалау мәліметінде білім бағалау шкаласы, критериясы, жұмыс түрлерінің тізімі және осы жұмыстарды орындау талаптары беріледі.

Құзыреттілік әдіс – бұл білім беру нәтижесіне баса көңіл бөлетін әдіс, оның үстіне нәтиже ретінде меңгерілген ақпарат жиынтығы емес, адамның әр түрлі мәселелік жағдаяттарда әрекет етуге қабілеттілігі. Басқаша айтқанда, компетенцияларды меңгерген түлектің қабілеттерін, яғни оның қандай іс-әрекет тәсілдерін игергенін, не істей алатынын, неге дайын екенін анықтау [5, 32].

Құзіреттілікті іс-әрекетте, қарым-қатынаста, әдіскерлік, белсенділікте және т.б. қызмет барысында байқауға болады. Сонда да зерттеулерде «құзіреттілік» ұғымының маңызды сипаттамасын ашуда айтылған пікірлерде бірауыздық немесе біркелкілік жоқ. Сондықтан «құзіреттілік», «құзірет» ұғымдары мен «сту-

денттердің мәдениетаралық құзіреттілігі» деген мазмұны терең ұғымның мәніне ерекше көңіл бөлу қажет етіледі.

«Құзіреттілік» ұғымына жасалған сипаттамаларын талдау жалпы мәдени құзіреттіліктің мазмұны мен мәнін ашуға, оның құрылымын бөлшектерге бөліп, оны тиімді қалыптастыруға ықпал жасайтын педагогикалық кешенді шарттарды сынақ тәжірибеде тексеріп, теорияда негіздеуге, тәжірибеде тексеруге мүмкіндік береді. Құзіреттілік туралы жалпы айтылған ұсыныстарды ғылыми тұрғыда немесе дәрежеде әр түрлі бастамалардан алынған «құзірет», «құзіреттілік» ұғымдарына жасалған кейбір анықтамаларға талдау жасау негізінде қарастырамыз.

Құзыреттілік (лат. Competence – үйлесімді, сәйкес, тиісті, қабілетті, білуші) белгілі бір саладан жан-жақты білім меңгерген, абыройлы адамның сапасы [6, 137].

Құзыреттілік – «істі білетін» деген ұғымды білдіретін жалпы бағдарлаушы термин, ол тұлғаның қызмет жасай білетін қабілетін білдіреді. Әдетте, бұл термин белгілі бір әлеуметтік-кәсіби лауазымы бар тұлғаларға қолданылады, айталық, шешімі табылатын мәселелер мен міндеттердің орындалу деңгейінің күрделі болуына байланысты ол тұлғаның түсінігі, білімі мен қабілетінің соңы орындауға сәйкес болуымен сипатталады [7, 21].

Құзырет – 1. Белгілі бір тұлғаның мәселелер шеңберінен жақсы хабардар болуы. 2. Белгілі бір тұлғаның өкілеттігі мен құқығының шеңбері.

Құзырет – орасан көлемде білімді және тәжірибеде шеберлігі шыңдалған белгілі бір тұлғаның тәжірибесі немесе білімінің аймағы [8, 7].

Педагогика мен психологияда «құзыреттілік» және «мәдени құзыреттілік» терминдері жиі қолданылса да, оларды әр түрлі жағдайда әр қалай түсіндіреді. Маңызды деген ғылыми жұмыстарда құзыреттілік төмендегідей тұрғыда қарастырылған:

Өз ісін түбегейлі толық білетін, орындайтын жұмысының мәнін, күрделі байланыстардың, құбылыстар мен үдерістердің мәнін білетін, жоспарланған жұмыстарға қол жеткізудің тәсілдері мен құралдарының мәнін білетін тұлға [9, 37];

Күнделікті қызметтегі міндеттер мен мақсаттарын орындай алатын субъектінің еңбекке қабілеттілігі мен кәсіби дайындылығы [10, 99];

Алуан түрлі әлеуметтік және кәсіби қызметтерге еркін бағдарланған мамандағының қабілеті [11, 48].

Оқудың нәтижесінде қол жеткізілген білімділіктер, құндылықтар, тәжірибе мен білімге негізделген ерекше қабілеттілік [12, 19].

Философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдаулар «мәдениет» ұғымының бейнесі тым көп екендігі көрсетеді. Біз «мәдениет» дәрежесін талдаймыз. Алайда, шешімін іздеп отырған мәселеге байланысты біз мәдениеттанымдық білімдерді ортаға саламыз немесе тікелей пайдаланамыз. «Мәдениет» ұғымын анықтайтын көптеген анықтамалардан біз, біріншіден, мақаламызға сәйкестерін, екіншіден, адамның субъективті жасампаздық қызметін өзекті ететінін таңдадық, Ресей ғалымы мәдениеттің мазмұнын төмендегі ретпен ашады:

Мәдениет адамның қабілеті мен шығармашылық қуатын, қоғам дамуының қадір-қасиетін және қызмет түрлерін түгел қамтиды, сондықтан ол адам болмысының бірегей тәсілі.

Адамның өзін дамыту тәсілі, қоғамдағы сан қилы іс-әрекеттерде оның маңызды қуатын жүзеге асыру әрі кеңейту. Адамның өмір сүру тәсілі. Бойында біртұтастық пен жан-жақтылық қасиеттері бар шығармашылық, жасампаз іс-әрекеттер жасайтын адамның сипаты [13, 77].

Ұстаздың міндеті тәрбиеленушінің мәдениетке қажеттілігін ояту, әрі оны қалыптастыру, әрекет жасауға ынталандыру, қоршаған ортаны, мәдениетті, өзін бағалауды және түсінуді үйрету, мақсатқа жетуге және өзінің тұлғалық ұстанымын жүзеге асыруға жетелеу, жалпы айтқанда, өзін мақлұдату әрі оны мәдениетті етіп жасау. Ұстаз өзі жаңа мәдениетті жасайтын тәсілдерді меңгергенде ғана студентті жоғарыда аталған дәрежеге жеткізе алады. Ал бұл жаңа жағдай туғызады: әр бір тұлға қандай да бір дәстүрлі тыйымдармен шектелген жаңа мәдениет үлгілерін игеріп әрі оны жаңа іс-әрекеттерде орындауды меңгереді. Сонда мәдениетаралық құзыреттілік терең мазмұнды, сапалы болып, тұлғаны жекелендіреді, оған жеке тұлғалық бейне береді. Жеке тұлға оқу, білім арқылы рухани, интеллектуалды дамиды мәдениеттілікті меңгереді және бұл тек ата – тегіне немесе қандай да бір әлеуметтік, этникалық немесе конфессиялық топтарға қатынасы барына байланысты болмайды.

Ресейлік ғалымдар К.А. Абульханова - Славскойдың, Б.Г. Ананьвтің, А.Н. Леонтьевтің, Б.Г. Рубинштейннің зерттеулері және Қазақстандық А.Қ. Рысбаева, Р.Дюсупова олардың арасындағы мазмұндық ерекшеліктердің бар екенің көрсетеді. Ғалымдардың зерттеулерінде «индивидті» адамның

ерекше кескіні деп қарастырса, басқа ғалымдардың пікірінше, индивит адамды оның жасына, жынысына, жеке тұлғалық сипатына, психологиялық және физиологиялық іс-әрекетіне, тіршіліктегі қажеттілік құрылымдарына қарай танытады немесе белгілейді. «Субъект» ұғымына тоқталар болсақ, педагог ғалымдар бұл ұғымды адами қалыптағы құзіреттілікті көрсетуге арналған деп қарастырады. Адамды субъект ретінде оның өмірінің біртұтас күйі, оның сипатының қоры немесе жиынтығы деп келтірген. Қоғамдық қатынастар жүйесінде өзінің өмір тіршілігін саналы басқаратын субъектіні өзін көрсету, белгілеу деп атап көрсеткендерде болған. Педагогикада өте көп қолданылатын сөз тіркесі «іс-әрекеттің субъектісі» деп қарастыру теориясының негізін қалаушы С.Л. Рубинштейн. Оның тұлға іс-әрекеттің субъектісі деген тұжырымын К.А. Абульханова – Славская терең жетілдірді. Ол субъект ұғымын тек іс-әрекетті орындаушы ғана емес, ол алғашқы кезеңнен бастап субъектінің іс-әрекеттерді қалай жүзеге асыратынын сипаттады және субъектінің қоғамдық пәнін әлеуметтік тұрғыдан белгілеуіне және оның әлеуметтік ұстанымдарына байланысты әлемді сезінуіне де сипаттама жасағанын еңбектерінен көруімізге болады.

«Тұлға» ұғымын адамның жан-жақты дамыған деңгейі деп түсіну түрлі жағдай. «Тұлға» дәрежесін «жеке тұлғалық» дәрежесі ұғымымен байланыстыруда Б.Г. Ананьев: егер тұлға дегеніміз адамның ең биік даму деңгейі болса, онда жеке тұлғалық ұғымы оның терең өлшемі. Өмірдің біртұтас субъектісі «тұлға» ұғымымен орындалады», дейді. Ол: «Тұлға болып өмірге келмейді, тұлға болып қалыптасады» - деп есептейді [14, 50].

Мәдениетаралық қатысымда басты мәселе – әр түрлі мәдениеттер өкілдерінің өзара түсінісудің қатысым кезіндегі түсініспеушіліктердің алдын алу. Тілдер мен мәдениеттер арасында қаншалықты айырмашылықтар көп болса, соншалықты деңгейде тілді мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгеру күрделі болады. Әр түрлі қарым-қатынас жағдаяттарындағы тілдік тұлғаның іс-әрекеті мәселесімен көптеген ғалымдар айналысуда. Олардың ойынша қатысым барысында жетістікке қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді іске асыру маңызды:

- Әр түрлі мәдениеттер өкілдерінің өзара әрекеттесуі мен тіл табысуы үшін қажетті дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру.
- Мәдениет ерекшелігіне байланысты түсініспеушіліктерді боллдырмау.
- Басқа мәдениетке, мінез-құлыққа төзімділік, құрмет қалыптастыру.

Ұлы ғалым Вильгелм фон Гумбольдт: «Тілдің алуан түрлілігі біз танып білетін әлем байлығына есік ашады; адами болмыс біз үшін ауқымды болуда сондықтан тіл нақты жағдайларда ойлау мен қабылдаудың әр түрлі жолдарына мүмкіндік береді» [15, 94].

Ағылшын тіліне оқытуда мәдениетарлық құзыреттілікті қалыптастыру үшін интернеттің алатын орнына тоқталсақ, студенттер электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары, конференцияларға қатыса алады. Интернет шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, сол тіл өкілін тыңдау, олармен қарым-қатынас жасау табиғи тілдік ортаны қалыптастырады. Студенттер бойында мәдениетарлық қарым-қатынас біліктілігін дамытудың тиімді әдістеріне ойын технологиясын, проблемалық оқытуды жатқызуға да болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, қазіргі заманауи техникалық құралдардың мүмкіндіктері мен инновациялық мүмкіндіктерін ұштастырып оқыту мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін үйретуді ұйымдастырудың ұтымды тәсілі болмақ.

1. Верещагин Е.М., Костомарова В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение и преподавание русского языка как иностранного. – М. : Русский язык, 1990. – 1308 с.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Негізгі ережелер. ҚРМЖБС 2.003-2009. Ресми басылым. ҚР Білім және ғылым министрлігінің №566/1 бұйрығымен 22.11.2007 жылы бекітілген.

3. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. – 1955. – Б. 287.

4. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – 2002.

5. Леонтович О.А. международное обучение на базе Центра американистики ВГПУ // Модернизация содержания и методов иноязычного обучения как приоритетное направление в условиях непрерывного языкового образования» : Тез. Докл. II регион науч. – практ. Конференции, Волгоград 17-18 января, 2003. Сост.: С.А. Пятаева. М.А. Железнякова. – Волгоград: Перемена, 2003. – С -32-33.

6. Плужник И.Л. Формирование межкультурной коммуникативной компетенции студентов гуманитарного профиля в процессе профессиональной подготовки» : автореф. Докт. Пед. Нпук. – Тюмень, 2003. – 326 с.

7. Привалова И.В. Ранообразие подходов в развитии теоретических основ межкультурного общения. Вестник МГУ. Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация . – 2004. - №3. – С. 18-38

8. Тарасов Е.Ф. межкультурное общение – новая онтология анализа языкового сознания. // Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 1996. – С. 22

9. Шиян О.М. Аутопедагогическая компетентность учителя // Педагогика. – 1999. – № 1. – С. 63.
10. Сластенин В.А., Подымова Л. С. Педагогика: Инновационная деятельность. – М., 1997.
11. Ситаров В.А. Дидактика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений.
12. Шишов С.Е., Кальней В.А., Гирба Е.Ю. Мониторинг качества образовательного процесса в школе (монография). – М.: Издательский дом ИНФРА-М., 2013.
13. Каган М.С. ФИЛОСОФИЯ КУЛЬТУРЫ. Учебное пособие. – Санкт-Петербург, 1996 г.
14. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: в 2 т. / Акад. пед. наук СССР. – М.: Педагогика, 1980. — (Труды действительных членов и членов-корреспондентов Акад. пед. наук СССР)
15. Вильгельм фон Гумбольдт «Язык и философия культуры» Издательство: "Прогресс" (1985)

Резюме

Торгаева К.Б. – *магистрант, Казахский государственный женский педагогический университет*
Мырзаханова А.Б. – *магистрант, Казахский государственный женский педагогический Университет*

Обучение студента компетентности для видов кортроля

В статье рассматривается актуальная проблема современности: значимость внедрения компетенции в сознание студента через культуру и педагогику, также рассмотрены виды ее педагогического контроля. С получением суверенитета в нашей стране стали укрепляться политические, экономические и культурные связи с другими государствами, что и явилось показателем важности изучения иностранного языка, определив его цели и указав на необходимость обучения учеников пониманию чужого мира в процессе обучения иностранному языку. Изучающие иностранный язык не должны обращаться только к особенностям, встречающимся в изучаемой языковой системе, но, наряду с ними, необходимо прибегать и к языковым особенностям своего родного языка. Понимая чужую культуру, осваивать свою собственную, для понимания действий и слов представителей других культур, необходимо сравнивать свою культуру с культурой других народов, умея четко находить их сходства и различия.

Они не зная свой мир, свой язык, свою культуру, не могут достичь компетентности межкультурного общения. Для того, чтобы уметь находить место другого народа в обществе, культуре, мало овладеть языком того народа, необходимо освоить культуру народа, говорящего на этом языке. Для того чтобы приучить студентов к творческой деятельности, новым информационным технологиям, личностным и межкультурным взаимоотношениям, необходимо не допускать возникновение противоречий и пути их решения должны быть гибкими.

Ключевые слова: культура, компетентность, система оценки, кредитная система, контроль, знаний, навыков,цена.

Summary

Torgaeva K.B. – *undergraduate, Kazakh state women pedagogical university*
Myrzakhanova A.B. - *undergraduate, Kazakh state women pedagogical university*

Types of pedagogical competence of students

In the article the actual problem of the present: the importance of the implementation of the student's competence in consciousness through culture and pedagogy are also considered forms of pedagogical control. On receipt of the sovereignty of our country became stronger political, economic and cultural ties with other countries, which was an indicator of the importance of learning a foreign language, defining its goals and pointing to the need to train the students understanding of an alien world in the process of learning foreign language. Learning foreign languages should not apply only to the features encountered in the study of language system, but, along with them, it is necessary to resort to the language features of their native language. Understanding other cultures, to develop their own, to understand the actions and words of other cultures, it is necessary to compare their culture with the culture of other nations, is clearly unable to find their similarities and differences.

They do not know their own world, their language, their culture, can not achieve intercultural competence. In order to be able to find the location of other people in society, culture, few learn the language of the people, you must learn the culture of the people speaking the language. To teach students to creative activity, new information technologies, personal and intercultural relations, it is necessary to prevent the emergence of conflicts and their solutions have to be flexible.

Keywords: culture, competence, evaluation system, credit system, control, knowledge, skills, and price.

ӘОЖ 802.0 =00:371.15

СТУДЕНТТЕРГЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТА ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Раманова Л.Б. – *PhD докторант,*
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
e-mail: lyakosh_k_88@mail.ru

Мақалада тілдік саясаттың негізгі форматының идеясы тілдің үшбірлігі, атап айтқанда, мемлекеттік тілді дамыта отырып, орыс тілін қолдап, ағылшын тілін үйрету арқылы биология пәнін оқытудың мәселелері қарастырылған.

Жаһандану тұсында үштілді оқыту ең өзекті мәселенің бірі болып отыр, бұл мақалада үштілділіктің маңыздылығы және тұлғаны үштілді білім беру негізінде қалыптастыру жайы берілген. Сондықтан өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, бәсекеге қабілетті, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру келтірілген. Жоғары оқу орындарында студенттердің көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзырлылығын қалыптастыру компоненттерін қалыптастыру үшін дамыта оқыту мәселесін қарастыру мақаланың өзектілігін арттыра түседі.

Тірек сөздер: интербелсенді, жаһандану, кәсіби құзыреттілік, көптілді, көпмәдениетті, когнитивтік, психологиялық және мотивациялық компоненттер, коммуникативтік қатынас, мультимедиа, ұлтаралық қатынас, патриотизм, халықаралық стандарт

Қазақстан Республикасының шетелдермен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін білетін мамандар қажет-ақ.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің — мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Тек қана жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен бірге, мектептерде де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер дайындау жұмысы да дұрыс шешілуі тиіс. Бір жағынан мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту бізде шешімін таппай жатқан мәселе. Ол ұлттық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайтудағы рөлін арттыру ең басты мәселелердің бірі [1].

Тілдік форматтың негізгі идеясы тілдің үш бірлігіне негізделген. Ол мына кескін арқылы нақтыланып берілген (1-сурет).

1-сурет. Тілдің үш бірлігі

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы көптілді білім беру жоғары білім беру саласының негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Көптілді тұлғаны қалыптастыру жолында жоғары оқу орнының рөлі зор, себебі негізгі құндылықтар мен өмірлік қағидалар осы уақытта қалыптасады. Жоғары оқу орнында студент өзінің мәдени-ұлттық, этникалық қажеттіліктерін жүзеге асырып, оның бойында гуманистік, жалпы адамзаттық қасиеттердің қалыптасуына қолайлы жағдай және орта жасалады. ҚР БҒМ ұсынған

мәліметтеріне сәйкес жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді еңгізу 2008 жылы басталған. 360 мың күндізгі оқу бөлімінің студенттерінің 1,4%-ы шет тілінде оқиды, ал 40,5 мың адамды құрайтын профессор-оқытушы құрамының 8,3% шет тілін меңгерген. 2011 жылы бакалавриат деңгейінің типтік оқу бағдарламасына «Кәсіби қазақ (орыс) тілі» мен «Кәсіби шет тілі» пәндері енгізілді. Халықаралық стандарттарға сай тілдерді оқудың деңгейлік моделі енгізілуде, институционалды және арнайы акредиттеуден ЖОО-ры үш тілде өтуі мүмкін, ЖОО-на арналған негізгі оқулықтарды мемлекеттік тілге аудару, құрастыру мен басып шығару бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде [2].

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Ана тілінен басқа шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді. Маманға шет тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне жол ашады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ [3]. Сондықтан қазіргі таңда мектептерде шет тілін бастауыш сыныптардан бастап оқыту енгізілуде. Себебі, ағылшын тіліне ерте жастан оқытудың тілді жақсы әрі еркін меңгеруге тигізер әсері мол. Ол адамның интеллектуалдық, тәрбиелік және рухани әлеуетін жақсартады. Көпжылдық зерттеу көрсеткендей, ағылшын тіліне ерте жастан оқыту балалардың жалпы және тілдік дамуын реттейді, бастауыш мектепте тәрбиенің жалпы білімдік құндылығын көтереді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге және құрметтеуге үйретеді. Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, үлкен адамға қарағанда кішкентай бала ағылшын тілін тез меңгереді. Баланың ағылшын тілін үйренуге деген қабілеттілігі өсе келе бәсеңдейді. Дегенмен, сол көптілділік іргетасы ана тілден қалануы керек. Мысалы, жапондар секілді. Олар баласын қашан жапон тілінде дұрыс сөйлей білгенше өз тілінде оқытып, үйретіп, содан кейін ғана барып басқа тілді білуге ден қоя бастайтын көрінеді [4,5].

Себебі осы саладағы ағылшын тілін оқыту жұмысы әлемдік талапқа сай болмай отыр. Осыған байланысты келешекте осы мәселені шешу үшін нақты іс-шаралар өткізілу керек екендігі айтылып та жүр, іске асырылып та жүр. Сондықтан жоғары білім беруді жаңартудың негізгі құжаттарында ең негізгі мақсат білікті маман даярлау деп көрсетілген болатын. Ал, ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тілді-қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы керек.

Үш тілді білім беру жүйесіндегі жоғары білім беру орны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандарты талаптарына сәйкес студенттердің оқу дәрежесін алуына барынша қолайлы жағдайлар жасайды. Ең алдымен, жоғары оқу орны оқу жұмысын әдістеме жағынан қамтамасыз етуге жауапты. Осы мақсатта:

1. Әрбір студентті қамтамасыз ету үшін анықтамалар.
2. Әрбір пәннен студенттер мен оқытушылар үшін оқу-әдістемелік кешендер.
3. Әрбір пәннен дәрісхана жұмыстарын жүргізуге арналған материалдар: дәріс көшірмелері, тәжірибелік және зертханалық сабақ жоспарлары, оқу құрал жабдықтары.
4. Студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған материалдар: үй тапсырмалары, мәтіндері, әр пәннен бақылау мен тексеру сұрақтары, тақырыптық баяндамалар және курстық жұмыстар, электрондық оқу құралдары.
5. Білімді бақылауға арналған материалдар: жазбаша бақылау жұмыстары, тестілер, емтихандық билеттер және т.б.

Тәжірибе жұмысын жүргізуге арналған материалдар: тәжірибе жұмысын жүргізу үшін әдістемелік нұсқаулар және жоспарлары, есеп беру, құжат түрлері әзірленеді

Осыған байланысты біздің модель құрудағы мақсатымыз - университет студенттерінің арнайы және экономикалық дайындықтарын жетілдіру (1-кесте).

1-кесте. **Тіл маманы студенттерінің кәсіби бағыттылығын дамыту моделі**

Мазмұндық сипаттама	**Студенттердің кәсіби бағыттылығын дамыту**			
	Таным	**Қарым-қатынас**	**Өзін-өзі**	**Тұлғалық**

Психологиялық сипаттама			жетілдіру	көріністері
Когнитивтік компонент	- жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынаста кәсіби қызметтің қоғамдық маңызын түсіну - білу; - таңдаған кәсібі саласында кәсіп-керлік іс-әрекеттің мүмкіндігін түсіну-білу; - нарық кәсіби өнімінің және білім ұсынысын түсіну - білу.	- кәсіби қызметтің байлығын және көп бейнелігін түсіну-білу; - тіл кәсібі саласында нәтижелі қызмет ету факторы ретінде ынты-мақтастықтың рөлін түсіну - білу	- тіл кәсібінің бәсе-келестік өлшем-дерін түсіну -білу ; - өз іс-әрекетінің жағымды және жағымсыз жақ-тарын түсіну-білу; - болашақ кәсіби қызметінде тұлға-лық өсу жолдарын түсіну-білу	өзін-өзі бағалау
Мотивациялық компонент	- жаңа әлеуметтік - экономикалық жағ-дайда кәсіпке қызы-ғушылық білдіру; - нарық саласында өз білімін ұсынудың жолдарын табуға талаптану; - өмірде тұлғалық маңызды мақсаттарын барынша жүзеге асыру.	- тұлғаға объект және субъект ретінде көңіл бөлу; - тұлғааралық қатынасқа ұмтылу; - іскерлік қарым-қатынастыққа ұмтылу.	- білім беру саласында жетістіктерге жетуге ұмтылу; -өзінің жеке тұлғалық өзгешелігін көрсетуге ұмтылу; -білімін заман та-лабына сай жетіл-діріп отыру	Біліктілік
Мінез-құлық компоненті	-кәсіби қызметінде білімін қолдана білу.	- қарым-қатынас жасай білу, тәжірибесінің болымды жақтарымен алмасу	- көздеген мақса-тына барынша жету үшін өз іс-әрекетін түзету	Белсенділік, өз мақсатын жүзеге асыру

Қорыта айтқанда, қазіргі Қазақстандық жоғары оқу орындарының үш тілді білім беру жағдайында кәсіби бағыттылықты дамытудың ерекшеліктеріне студенттердің білім алу траекторияларын өз беттерімен тиянақты жоспарлауы; бірыңғай халықаралық жоғары білікті еңбек нарығында бәсекелестік қабілетке дайындығын дамыту. Сондықтан, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілдіңді құрметте» демекші жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығушылығы мен талпынысын арттыруымыз керек және де сол арқылы Отанға деген патриоттық сезімі жұдырықтай жүректерінде оттай лаулап тұратын тұлға тәрбиелеуді – басты міндетіміз деп білуіміз керек.

1. *Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Орта мектепте оқыту процесінде көптілділікті дамыту мәселелері / Әдістемелік құрал. – Астана 2013.*
2. *http://www.akorda.kz/kz/category/poslaniya_narody. Қазақстан Республикасы Президентінің Ресми сайты.*
3. *http://baq.kz/kk/regional_media/post/45590. Университет тынысы газеті. Көптілді білім берудің бүгінгі жағдайы мен өзекті мәселелері. 17 қаңтар. 2014.*
4. *http://www.group-global.org/ru/publication/view/3526. Сулейменова Г.М. Үш тілді меңгеру – полимәдениетті тұлға қалыптастыру кепілі. 19.04.2013*
5. *К вопросу изучения межпредметных связей в профессиональной подготовке студентов языковых специальностей. - Вестник КарГУ. - 2007.- №1(45). – С. 79 -81. (Соавтор Г.К. Нургалиева)*

Резюме

Раманова Л.Б. – *PhD докторант, Кызылординский государственный университет имени Коркут Ата*

Thus, we can say that the females showed higher motivation achievements in the neutral conditions, and the young men to bolster the motivation needed special achievement (intellectual leadership) stimulation. In addition, girls to motivate the necessary social incentives (related to the adoption group). I.e. the motive of the avoidance (or fear) of success is not found in females (as suggested by the developers at the time), while certain conditions stimulate them to hope for success, i.e., marked differences in achievement motivation for males and females is not detected. In our view, these trends erase gender differences in motivation related to modern conditions of competition in various fields and the same orientation of students, caused by dynamics and mobility of modern society.

3. Processing the sex-role questionnaire of Sandra BEM on the study of masculinity – femininity showed that the highest scores on a scale of masculinity gained students of the 4th course, the most feminine of the third – year student, androgynous young men enrolled in the 3rd year. Thus from the total sample (60 students) sex-typed was only 18.3% of students. I.e. modern students increasingly exhibit traits that are in demand in the society, girls are becoming less feminine and men more androgynous.

The concept of androgyny implies that some of welcome qualities are "masculine" and some "feminine", because it radically contradicts our intention to reduce gender polarization.

Conclusion

So, our perception of genders as "opposites" is not confirmed by the results of our mini-research on gender differences. Theoretically, we are almost convinced that is inherent in us from birth strategies of information processing may contribute to the exaggeration of gender differences.

Theory, which States that the person belongs to the group much kinder than others, and it allows him to gain self-esteem, is called the theory of social identity. As a result of interviews with men and women we have seen that this theory is valid. But this theory is completely built on the basis of gender schemas and stereotypes. I.e., the interview confirmed the presence of gender stereotypes among students.

I n the end we can conclude the following: if we have expectations of the genders, we are more likely to notice and remember all the cases, confirming our expectations. This will be due to the fact that our expectations act as a scheme.

Conduct educational conversations with students about gender stereotypes and a reminder that in cases when people resort to such stereotypes, also help to get rid of gender bias. The impact of the schemes can be significantly reduced in cases when people start to realize how the scheme can make them biased thinking, and

when they begin to think about examples that do not fit into the framework of the scheme. It is very important that both gender when assessing the behaviour of each other would resort to stereotypes.

We must not forget also that the underlining of gender differences contributes to the formation of prejudice against their group and biased to a stranger and provokes conflicts between the genders. Teachers and parents should create children an environment in which gender equality reigns, to model equitable gender-role attitudes and to prevent the occurrence of gender stereotypes portrayed in the media.

1. Fiske, S. T., & Taylor, S. E. Social cognition. – New York: Random House. – P. 7.

2. Hell HP, D. Ziegler theory of personality (basic provisions, research and application). SPb, 1999. –p. 608. – P. 479.

3. Bergen, D. J., & Williams, J. E. Sex stereotypes in the United States revisited: 1972-1988. Sex Roles, 24, 413-423.

4.Williams, J. E., & Best, D. L. Measuring sex stereotypes: A thirty-nation study (rev. ed.). 1990, Beverly Hills: Sage. – P.240.

5.Williams, J. E., & Best, D. L. Sex stereotypes and intergroup relations. In S. Worshel& W. G. Austin (Eds.), Psychology of intergroup relations. Chicago: Nelson-Hall. – P. 244-259.

6. Bendas T. V. Gender psychology: textbook. - SPb.: Peter, 2006. - 431 with: ill. - (Series "study guide").

7.Bem, S. L. Gender schema theory: A cognitive account of sex typing. sychological Review, 1981, 88. – P. 354-364.

8. Dossey, J. A., Mullis, I. V. S., Lindquist, M. M., & Chambers, D. L. The mathematics report card: Are we measuring up? Trends and achievement based on the 1986 National Assessment. Princeton, 1988, NJ: Educational Testing Service.

9. Hekhauzen X. Motivation and activity. Vol. 1. St. Petersburg, 2003. – C.37-42.

10. Workshop on cave psychology / Under the editorship of I. S. and Clarinol. SPb.: Peter, 2003. – P. 277-280.

Резюме

Отарбаева А.Б. – *к.п.н., кафедры педагогики и образовательного менеджмента КазНУ им. аль-Фараби,*
sarah-991@mail.ru

Гендерные стереотипы и реальное проявление гендерных различий

В статье авторы рассматривают проблему гендерных стереотипов и теоретически обосновывают возникновение феномена гендерных различий в обществе. В частности анализируются понятия «гендер», «гендерная идентичность», «полоролевая идентификация», «гендерные стереотипы», «гендерные схемы», «авто-стереотипы», «гетеро-стереотипы», «гендерно-ролевая социализация», «гендерная сегрегация» и др. с точки зрения зарубежных исследователей гендера. Также рассматриваются особенности мужской и женской полоролевой идентификации, связанные с возникновением стереотипизирования. Красной нитью по статье проходит идея о том, что гендерные схемы, как когнитивные категории гендера начинают управлять процессами обработки поступающей к нам информации таким образом, что мы начинаем воспринимать, запоминать и интерпретировать ее в соответствии с нашими представлениями о гендерах.

Ключевые понятия: гендер, гендерная идентичность, поло-ролевая идентификация, гендерные стереотипы, гендерные схемы, гендерно-ролевая социализация, гендерная сегрегация.

Түйіндеме

Отарбаева А.Б. – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, педагогика және білім беру менеджмнті кафедрасының п.ғ.к.,*
sarah-991@inbox.ru

Гендерлік стереотип және оның шынайы көрінісі

Мақалада авторлар қоғамдағы гендерлік ерекшеліктердің пайда болу феноменін теориялық негіздей келе, гендерлік сетеротиптердің ерекшеліктерін қарастырады. Оның ішінде «гендерлік», «гендерлік ұқсастық», «жыныстық-рөлдік ұқсастық», «гендерлік стереотиптер», «гендерлік-рөлдік әлеуметтену», «гендерлік сегрегация» және басқа да ұғымдарға шетелдік зерттеушілердің пікірі бойынша талдау жасалынған. Сондай-ақ стереотиптеудің пайда болуымен байланысты ерлер мен әйел адамдарының жыныстық-рөлдік ұқсастықтарының ерекшеліктері қарастырылады. Мақала бойынша негізгі мәселе гендер туралы біздің қабылдауымыз мен есте сақтауымыз гендер категориялары туралы ақпаратты өңдеу үдерісін басқару сияқты гендерлік кесте пікірімен көрсетіледі. Мақалада берілген шағын зерттеу жұмысы гендерлік стереотиптердің жеке психологиялық аспектіде нақты гендерлік ерекшеліктері мен ер адам мен әйел адам өкілдерінің қабылдауына әсерін зерттеуге арналған.

Кілтті сөздер: гендер, гендерлік ұқсастық, жыныстық-рөлдік ұқсастық, гендерлік стереотиптер, гендерлік кестелер, жыныстық-рөлдік әлеуметтену,гендерлік сегрегация.

ӘОК 687.16

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІН ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЖЕТІЛДІРУ

Дарменова Р.А. – *п.ғ.к., профессор м.а. e-mail: rahiya1961@mail.ru*
Бәкірова Л.Ш. – *магистр, аға оқытушы e-mail: 15.01.70@mail.ru*

Мақалада ұрпақ тәрбиесін халықтық құндылықтар негізінде жетілдіру жалпы білім беру, орта-кәсіптік, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдер дайындау барысында қазақтың ұлттық қолөнерін жасату арқылы еңбекке тәрбиелеу жүйесі теориялық және практикалық тұрғыдан оқыту процесі қарастырылған.

Тірек сөздер: тәрбие, халықтық құндылық, жоғары, орта, жалпы білім беретін оқу орындары.

Атадан балаға мирас болып келген қол өнер халық арасындағы жекеленген шеберлердің қажыр-қайраты мен терең зейінпаздығының арқасында күні бүгінге дейін мұра болып сақталып, бізге жетіп отыр.

Демек, ұрпақ тәрбиесі мәселесін халықтық құндылықтар негізінде жетілдіру, қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған ауқымды істердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда жалпы білім беретін орта оқу орындарында қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарын жаңа технологияның негізінде жасату арқылы еңбек тәрбиесін беру - әлеуметтік сұраныс талаптарына сай көкейкесті мәселе екендігін көрсетеді. Сондықтан еңбек тәрбиесін беру жүйесіндегі педагогикалық қызмет ету қажеттілігін қалыптастыруда жоғары оқу орындарында болашақ технология пәні мұғалімдерін даярлау процесінің көкейкесті мәселесі – олардың кәсіби іс-әрекетке қызығушылығын, іскерлігін дамыту [1].

Мемлекеттік стандартқа «Технология» аты білім бөлімін енгізу жай ғана жаңа новация емес. Бұл ойдың негіздеушілері еңбекке баулудың дәстүрлі түрі әлеуметтік-экономикалық жағдайға, уақыттың қалауымен қарама қайшылыққа шығу мүмкіндігін алдын ала болжады. Ғалымдар XXI ғ. адамзаттың тұрмысында ғылым және инновацияны өзгерту – технология ғасыры деп бағалады.

Мектептегі технология, математика, физика, химия және т.б. курстарын, ғылыми білімдерінің синтезін өндірісте, ауыл шаруашылығында қолданатын интерактивті білім беру жүйесімен тікелей байланыстыру көзделіп отыр. Технология сабағының ықпалы техникалық және ғылыми-жаратылыс, ағартушылықпен шектелмейді. «Технология» пәнінің қайта өзгертушілік мәні мұғалімнің жұмысындағы әлеуметік орнық-қан орнын қалыптастыру құқықтылы және жауапкершілігі мол өмір иелерін тәрбиелеу, оларға өмірдің қатаң талаптарына бейімдеуге жағдай жасау, Қазақстанның қалыптасып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық ортасының «авторитарлы» болуына көмектесу [1. 15 б.].

Кәсіптік білім саласы бойынша даярланатын ұстаздардың білім мазмұны жаңа педагогикалық ғылым-дардың жетістіктері негізінде және жаңашыл мұғалімдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесі мен қазіргі за-манғы техника мен технология өндірісінің негізінде құрылуы керек. Себебі, арнайы пән оқытушысы мен технология пәні ұстаздары сабақ барысында сарамандық жұмыспен өндірістік жұмысты жақсы байла-ныстыра білуі тиіс. Кәсіптік білім – болашақ мұғалімдерді кәсіби шеберлікке, білімділікке үйретуде маңызы зор екені белгілі. Сондықтан да жалпы білім беретін мектептердің «Технология» пәні оқытушысы өзінің жұмыс орнында еңбегін дұрыс жоспарлауды, оқушылардың белсенділігін арттыруды, нұсқау карта-ларын дұрыс пайдалануды, еңбек қауіпсіздігі ережесін және тазалық сақтауды т.с.с жетік білуі тиіс. Осы мәселені шешу мақсатында оқу-әдістемелік құралында мектептің іс-тәжірибесінде оқыту формалары және ондағы жаңа технологиялармен қатар теориялық, практикалық сабақтарды жүргізу, оқу барысында сара-мандық жұмысын жасау және де педагогикалық іс-тәжірибені өту әдістемесі кеңінен қамтылған [2, 6 б.].

Бұл сарамандық оқытудың мақсаты – студенттерді болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың әдістемелік негізін қалау, жалпы білім беретін мектептерде оқушылармен бастауыш, кәсіптік білім оқу бағдарламаларының тарауларына сәйкес жемісті жұмыстар жүргізуіне, Республикадағы жаңаша әлеумет-тік және экономикалық жағдайларда еңбекке дайындауға қажетті білім, іскерлік және дағдысын қалып-тастыруға жол ашады.

Бұл жаңа әдістемелік нұсқау өмір сүруге қажетті алғашқы білімдерді және үй шаруашылығын, отбасы экономикасын жүргізуге қатысты іскерліктерді, адамның табиғатпен, қоғаммен өзара қатынасындағы негізгі салаларды қоса алғанда, баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына бағытталған. Мектептегі технология – қоршаған ортаның өзгеруі мен қайта құру барысында адамның іс-әрекет тәсілдері туралы ғылым. Технология оқулығы жалпы білім беретін арнайы пән мұғалімдеріне сынақтан өткен көп жыл-дық тәжірибенің нәтижесі көлемінде ұсынылады. Технология оқулығының құрылымы міндетті және таңдаулы компонент бойынша тақырыптың өзектілігі, сабақты ұйымдастыру шаралары, сабақ жоспары,

лекциялық материалдар, технологиялық карталар, бұйымның дайын, өңделген суреттері, мұғалімге арналған тақырыпқа байланысты кең көлемді материалдар ұсынылады, сабақ жүргізу әдістемесіне кең көлемді мүмкіндіктер ойластырылған [2. 11 б.].

Рухани мәдениетіміздің зерттелу тарихын дәл мына уақыттан басталды деп басып айту қиын. Халықтық мәдениет қаншалықты көне болса, оның зерттелу тарихы да соншалықты тереңге таратады. Сол сияқты рухани мұрамыздың жиналуы, саралануы, насихатталуы да тереңге тамыр созады.

Мәдениет - қоғам өмірінің қозғаушы күші. Қазақстанның мемлекеттік басшысы Н.Ә. Назарбаев: «... бүгінгі таңда біздің төл мәдениетіміздің міндеттерін өзіміз айқындай алатын мүмкіндігіміз бар. Оны шешу мәдени санаткерлеріміздің еншісінде» екенін атап көрсетті. Қазақ мәдениетінің үш мың жылдық тарихы ұрпақтарға жалғастық пен сабақтастық арқылы жетіп отыр. Мәдениеттің басты таратушылары болған көшпенді ата-бабаларымыз рухани қазынаны ең биік құндылыққа қоя алғандықтан және өздері сол рухани құндылықты бойына жинақтай да білді. Қазіргі бізге жеткен ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптардың қайсысын алып қарасақ та осыны аңғарамыз. Кешегіге дейін өткеніміз бен бүгінгімізді жалғастырған нәзік жіп үзілмей, ұрпақ пен ұрпақты байланыстырып келеді. Сәби кезімізден анамыздың әлдиі мен әжеміздің ертегісін тыңдадық. Демек, ұрпақтар сабақтастығы үзілген жоқ. Мәдениетіміз тірі, оған серпін мен ырғық керек. Ғасырлар бойы екшеленген мұраларды бір сәт те естен шығармаған абзал» - деген.

Мәдениет - жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Мәдениет - әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты.

Мәдениеттің тұрақты жағы – мәдени дәстүр, соның арқасында тарихтағы адамзаттық тәжірибесіне сүйеніп, оны кемелдендіреді, дамытады. Өмірдің заңына сәйкес мәдениет үнемі жаңғыруды қажет етіп отырады. Өзен өзінің мөлдірлігін суы ағып жатқан кезде сақтайды, тазалығымен адамды тәнті етеді, әлемділігімен табиғатты құлпыра түседі. Сол сияқты кез келген мәдениет жаңа толқынға, жаңа мағынаға ұмтылады, оған зәрулік танытады. Әрине, бұл дегеніміз ғасырлар сынағынан өткен дәстүрлі құндылықтарды түбегейлі жоққа шығару деген сөз емес. Өйткені, тарихи сабақтастықтың логикасына сәйкес мәдениеттің ілгері үлгілері болады, онсыз ұлттық мәдениеттің қабырғасы сөгіледі, іргесі шайқалады. Міне, сондықтан жаңа үлгілерге жаппай бетбұрыс жасаудың өз қисыны, өз ырғағы, өзіндік келбеті бар. Сондықтан, өтпелі кезеңнің мәдени өзгерістерінен дәстүрлік пен жаңашылдықтың ерекше синтезін іздеуіміз қажет сияқты. Әрбір жаңа нәрсені ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып қабылдаған абзал. Мәдениеттің басқа салаларында жіктелген заттық және руханилық объектілік және идеалдық, рационалдық және эмоционалдық... - осылардың бәрі өнерде жігі бұзылмай, бірлесе, біте қайнасып жатыр [2. 13 б.].

Өнер - қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі. Ол сананың басқа формаларынан, мәселен ғылым мен философиядан айырмашылығы сол, ғылым мен философия сыртқы дуниенің теориялық бейнесі, яғни олар теориялық ойлау болып табылса, өнер шындықтың көркем бейнесі болып табылады. Осы бағытта еңбек ете отырып, толыққанды, мәдениетті, эстетикалық талғамы мол, жеке тұлға қалыптастыруда қолданбалы өнерінің ықпалы, зор екенін, өмірде болашақ маманның алатын орны ерекше маңызды екенін көрсете білу. Керемет өнер арқылы эстетикалық тәрбие бере отырып, ата-бабаларымыздың көпжылғы еңбек, мұраларын жастарға мысал ретінде және болашақтың сәттілігі екенін дәлелдеу.

Халықтың дүниені танып білуі, өзі өмір сүріп отырғын ақиқат дүниеге деген көзқарасы күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі, шаруашылығы мен кәсіби қызметіндегі тәжірибеге негізделген. Қандай да болсын белгілі бір зат пен құбылысты тану оның сыртқы бейнесі мен адамға тигізетін пайда зиянын ажырата білу, оның түрлі әсерін бақылап, түйсіну, күнделікті тәжірибеде қолданудың нәтижесінде жүзеге асады. Танылған заттар мен құбылыстар айрықша қасиеттеріне, өзіндік ерекшелігі мен пішініне, адам санасында қалдырған әсеріне қарай белгілі бір атауға ие болады. Бұрынғы тұрмыстағы адам ақыл-ойы мен еңбегінің арқасында жасалған сан алуан заттар, бұйымдар, құбылыстар халқымыздың этнографиялық мұрасы болып табылады.

Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру сұлулыққа, тазалыққа үйрету. Жастарға еңбектің даму өміріндегі мәні мен маңызын түсіндіру, шығармашылық еңбекті дамыту, еңбек дағдысын баланың бойына жастайынан сіңіру, оны табиғи қажеттілікке айналдыру, жоғары білімділікке бейімдеу.

Оқушыларды еңбекке дайындау мынадай талаптарға сай болуы керек: белсенділік, екпінді еңбек үлгіге сәйкес емес шешім қабылдай білу, тапқырлық, жеке жауапкершілік тәріздес қасиеттерді қалыптастыру.

Халық өнерін игеру – оқушыны еңбек сүйгіштікке, әсемдікке талаптандырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулиды. Қазіргі заман талабына сай оқушыларды халқымыздың көнеден келе жатқан қолөнеріне үйрету бүгінгі күнде маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Оқушылардың көркемдік білім алуын арттыру және рухани деңгейін дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу қазіргі кездегі көзделініп отырған негізгі мәселе. Сондықтан оқушының жеке дара қабілетін ескеріп, өз бетімен ізденуге жағдай туғызу керек және өз ойын еркін жеткізіп бейнелеуге, шығармашылық жұмыс жасауға жұмылдыру біздің басты парызымыз.

Өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол іждахат, мейірімділікпен қоса кәсіби талант, ізденімпаздық, іскерлік керек екендігін қадай айтуымыз керек [3. 13 б.].

Осы халық қолөнерін бүгінгі күнде өнімді технология сабағы барысында кең қолданып, жаңаша мазмұн беріп, жастарды шеберлікке үйретсек, өз үлесімізді қостық деп санауға болады.

Жастардың өміріне, жүріс-тұрысына, ізеттілігіне, тіпті еліне деген құрметіне бұл әрекеттердің қаншалықты әсері болады деген алаңдаушылық болса керек.

Осы кезекте қолөнерді үйретудің, ондағы тәрбиелік жүйенің қоғам өркениетіндегі мәні бұрынғыдан да арта түсіп жаңа шығармашылық ізденістерді талап етеді [4. 11 б.].

Бұл – қазіргі өнердің барлығын жоққа шығару емес, керісінше жастарды жақсылыққа бейімдейтін, адамгершілікке, парасаттылыққа жетелейтін өнерді тани алатын, өнерді кәсіби тұрғыдан сараптап, талдай білетін маман етіп дайындаудың қажеттілігін түсіну деген сөз.

Технология пәні қазіргі білім жүйесіндегі ең маңызды, әрі өзекті проблемалардың бірі. Өйткені бабаларымыздың мұралық негізін, әдіс тәсілін, еңбектің қайнар көзін ашатын да осы технология пәні. Сондықтан да біз қолдан келгеннің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып бабаларымыздан келе жатқан дәстүрлі өнерді қазіргі заман талабымен байланыстыра отырып барынша ұрпаққа үйретуге тырысуымыз керек.

Ұрпақ тәрбиесі мәселесін халықтық құндылықтар негізінде жетілдіру, қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған ауқымды істердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда жалпы білім беретін орта оқу орындарында қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарын жаңа технологияның негізінде жасату арқылы еңбек тәрбиесін беру, әлеуметтік сұраныс талаптарына сай көкейкесті мәселе екендігін көрсетеді. Сондықтан еңбек тәрбиесін беру жүйесіндегі педагогикалық қызмет ету қажеттілігін қалыптастыруда жоғары оқу орындарында болашақ технология сабағы мұғалімдерін даярлау процесінің көкейкесті мәселесі – олардың кәсіби іс-әрекетке қызығушылығын, іскерлігін дамыту. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы болашақ технология сабағы мұғалімдерінің білім сапасынан және оны оқушыларға еңбек тәрбиесін беру процесінде пайдалана білуі іскерлігі мен дағдыларынан талап етіледі. Осыған орай болашақ технология сабағының мұғалімдерін даярлау барысында оқу орындарының оқу-тәрбие процесіне қазақтың сәндік қолөнерін жаңа технология үлгісінде жасартудың теориялық және практикалық негіздерін енгізу өте қажет [5. 23 б.].

Жалпы білім беру, орта-кәсіптік, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдер дайындау барысында қазақтың ұлттық қолөнерін жасату арқылы еңбекке тәрбиелеу жүйесі теориялық және практикалық тұрғыдан оқыту процесінде әлі де болса нақты зерттеле қойған жоқ. Оның ең басты себебі, жоғары оқу орындарындағы мамандандыру пәні оқытушыларының және қазақ мектептеріндегі, сурет-сызу, технология пәні мұғалімдерінің қолөнер бұйымдарын жасаудағы біліктілігі мен іскерлігі, ұлттық тәлім-тәрбиеден ұғымдары жеткіліксіз болуынан туындап отыр. Сонымен педагогика ғылымы саласында жарық көрген жұмыстарға жасалған талдау, болашақ технология мұғалімдерін қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарын жаңа технология үлгісінде жасауға даярлау педагогикалық мәселе тұрғысынан, мұғалімнің іс-әрекет объекті ретінде жеткіліксіз қаралғандығын, қазақтың ұлттық бұйымдары жас өспірімдерге эстетикалық, тәрбие беру мақсатында зерттелгендігін дәлелдейді [4. 5 б.].

1. *Адамқұлов Н.М. «Ұлттық қолданбалы қолөнер». – Алматы, 2005.*
2. *“Технология” журналы. – Алматы, 2007.*
3. *“Қазақстан мектебі” журналы. – Алматы, 2010.*
4. *Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы, 1995.*
5. *«Этнокөркемдік мәдениет» журналы. 2010-2014 жж. сандары.*

Резюме
Дарменова Р.А. – *к.п.н., профессор*.,
Бэкірова Л.Ш. – *магистр, старший преподаватель*

Формирование воспитания молодого поколения на основе народного достояния.

В статье рассматривается процесс воспитания к труду молодого поколения на основе народного достояния при обработке декоративно-прикладных искусств в высших, средних и общеобразовательных учебных заведениях на практических и теоретических занятиях учебного процесса.

Ключевые слова: воспитание, народное воспитание, высшее, среднее и общеобразовательные учебные заведения.

Summary
Darmenova R.A. – *professor*., **Bakirova L.S.** – *senior lecturer*

Formation of the education of young generation on the basis of national wealth

The article deals with the process of education to the young generation of labor on the basis of national wealth in the processing of decorative and applied arts in the top , middle and secondary schools in the practical and theoretical studies of the educational process .

Key words : education , public education , higher education, secondary and secondary schools

ӘОЖ: 37.018.11-053.81

ЖАСТАРДЫ ОТБАСЫ ӨМІРІНЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жиентаева Б.Ж. – *п.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің доценті,*
Жанзакова М.К. – *Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 1-курс магистранты*

Мақалада болашақ мамандарды кәсіби тұрғыда даярлаудың, білім беру жүйесінің бағыттарының бірі ретінде отбасылық өмірге дайындаудың ерекшеліктері, негізгі мәселелері және педагогикалық-психологикалық негіздері қарастырылады. Сонымен қатар, студенттерді отбасылық өмірге дайындау білім берудің әлеуметтік бағыттары ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: отбасылық өмір, білім берудің әлеуметтік бағыты, отбасылық қарым-қатынастар.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасында және Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз жергілікті деңгейде де отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керекпіз. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғызбасты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы, балалардың алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз. Ата-аналар балаларына, ал балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда – еліміз үшін алаңдамауға да болады... Қандай жағдайда да, әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін отбасын жоспарлаудың өркениетті жолына түсуіміз керек. Жас шамасына қарай жүргізілетін саясатта біз жастар мен жеткіншек ұрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларға көңіл бөлуді күшейтуге тиіспіз», - деп атап көрсетті.

Біздің қоғамның маңызды мәселелерінің бірі – отбасы тұрақтылығын, отбасылық қатынасты нығайту, отбасылық-некелік өмірге жастарды даярлауды жетілдіру.

Қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және құқықтық қатынастардағы елеулі өзгерістер білім беру үрдісіндегі бағыттар мен талаптардың мазмұнындағы жаңа бетбұрыстардың қалыптасуына ықпал етуде. Жоғары оқу орындарында білім беру стратегиясының басты мақсаты жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беруді әлемдік және ұлттық білім беру жүйесінің озық үлгілеріне сай, мәдениет пен ғылымның соңғы жетістіктері негізінде қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталады. Сонымен қатар болашақ маманның рухани қуаты мол, дүниетанымы кең, ой-өрісі биік парасатты, саналы азамат және жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету барысында, ұлттық құндылықтарды, этникалық саналылық қағидаларын, ел мен жердің шежіресін, жалпы адамзаттың мәдени құндылықтары мен мұрасын қастерлеу бағыттары ескерілуі тиіс.

Болашақ мамандарды даярлауда білім негіздерін ғана үйретіп қоймай, олардың кәсіби даярлықтарының, кәсіби бағдарлануы және дағдыларының қалыптасуына аса мән беріледі. Осыған орай студенттерге білім беру үрдісінде теориялық мәселелерді терең, тиянақты және шығармашалықпен меңгерулеріне жағдай жасап, өздерінің шығармашылық бастамаларын қолдап отырудың маңызы зор. Оқыту үрдісінде студенттердің жаңа педагогикалық инновацияларды қабылдап, оларды шығармашалықпен ұштастыра білу дағдыларына үйрету сыни ойлауға машықтандырумен байланысты.

Қоғамдағы әлеуметтік маңызға ие болып отырған ұстанымдар қатарында ғылым мен өндірістің барлық салаларында қызмет атқаратын болашақ мамандарды даярлауды сапалық және тұлғалық жағынан жетілдіру мәселелері айтылады. Жоғары оқу орындарындағы білім беру мен тәрбиелеу шараларын жаңа сипатта, жаңа әлеуметтік қажеттіліктерге сай бағытта жетілдіруді ұлттық құндылықтар мен ұлттық дәстүрлер негізінде жүзеге асыру уақыт талабы болып отыр өйткені, жеке адамның қалыптасуы ұлттық тағылымдардың бағыттарына сай оның саналы әрекеттеріне, моральдық - адамгершілік қасиеттеріне, дербестігіне, мінез-құлқының ұстамдылық ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Психолог ғалымдар тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік ортаға араласуы барысында оның өзіндік көзқарастары негізінде жеке бағыттары, бағдарлануы, болашақ өмірлік іс-әрекеттеріне байланысты жоспарлары мен саналы әрекеттері, жеке дара тұлғалық ерекшеліктері, танымдық қызығушылықтары, дербестігі қалыптаса бастайтынын зерттейді. Бұл болашақ мамандығына керекті білімді, шеберлікті және тәжірибелік іс-әрекеттерді талап ететін кәсіби даярланудың бастапқы кезеңіне сай келеді.

Болашақ мамандарды биік адамгершілік қағидаларға сай тәрбиелеуде ұлттық ұстанымдардың, халқымыздың рухани асыл мұраларының, тарихи жәдігерлердің орны ерекше, ұлттық тәрбие мен тәлім құндылықтарын білім беру үрдісімен ұштастырудың елжанды, ұлттық болашағы үшін қызмет ететін мамандар даярлаудағы ықпалы зор.

Халқымыздың тәлімдік, даналық және тәрбие мектебінде болашақ ұрпақтың бойындағы ар-ұят, намыс, әдеп сезімдерін дамыту, ізгі адамгершілік, отаншылдық қасиеттерге, еңбексүйгіштікке баулу мәселелері қарастырылады, ғасырлар бойы жаңғырып келе жатырған халқымыздың тәрбие бағыттары адамгершілікке негізделіп, ұрпақтың ой-өрісі мен дүниетанымын арттыру үшін, оларға білім беруді басты қағида ретінде ұстанған. Халқымыздың рухани құндылықтары ретіндегі тәлім-тәрбиеге байланысты осы бағдарларын ескере отырып, қазіргі заман талабына сай болашақ мамандардың өркениеттің үздік мәдени және білім үлгілеріне сай білімдар болуына, адамзатқа ортақмәдени мұралардан хабардар болып, әлеуметтік және қоғамдық сұраныстарға орай бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына ықпал ету уақыт талабы болып отыр.

Білім берудің ғаламдық жүйесінде де өскелең ұрпаққа өз ұлтының мәдени, рухани және дәстүрлік құндылықтарын терең ұғындыра отырып, олардың этникалық санасын қалыптастыруға, ұлттық дәстүрлер негізіндегі тәрбие бағыттарына маңыз берілуде. Тәрбиелеу үрдісіндегі ұлттық нақыштар болашақ маманның жеке тұлғасын тәрбиелеуде ұлтқа, барлық ұлттарға және адамзатқа тән тәрбие мұраларын, этномәдени құндылықтарды және адамгершіліктің биік қағидаларын қолдануды қарастырады.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісіндегі әлеуметтік және тұлғалық бағыттардың бірі ретінде студенттерді отбасылық өмірге дайындау мәселелері маңызды болып отыр, өйткені қоғамдағы әлеуметтік сұраныстар білім берудегі осы бағыттарды жетілдіруді талап етуде [21-23. Б. 1].

«Отан - отбасынан басталады» дегендей кез-келген қоғамда болашақ қоғам мүшелерін, елдік дәстүрді ардақтайтын және сақтайтын мұрагерлер тәрбиелеуге, халқын, туған жерін ардақтайтын ұлтжанды азамат тәрбиелеуге үлкен мән берілген.

Ұрпақ тәрбиесі, отбасылық қарым-қатынастар мемлекеттің ең өзекті мәселелері қатарынан саналады, жас ұрпақтың қалыптасуында отбасының алатын орны ерекше екендігі Қазақстан Республикасының «Отбасы және неке туралы» Кодексінде отбасының бала тәрбиелеудегі орны мен маңызы жан-жақты тұжырымдалған.

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында және «Қазақстан-2030» старатегиялық бағдарламасында: «жас шамасына қарай жүргізілетін саясатта біз жастар мен жеткіншек ұрпаққа, сондай-ақ, жас отбасыларға көңіл бөлуді күшейтуге тиіспіз» деп атап көрсетілді.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесі болашақ мамандарды кәсіби бағдар мен кәсіби даярлық тұрғысынан ғана даярлап қоймай, олардың өмірдегі өз орындарын тауып, «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп дана Абай айтқандай адал еңбекті мұрат етіп, белсенді қызмет етуіне, отбасын құрып, адал да сенімді жолдас болып, ұрпақ өсіруіне яғни қоғамдық әлеуметтік өмірдің барлық саласына әзір болуына ықпалды болуы қажет. Студенттерді отбасылық өмірге дайындаудың бағыттарын түрлі мазмұнда қарастыруға болады.

Жалпы білім беру үрдісінің басты ұғымдары оқыту, тәрбиелеу және тұлғаны дамыту болғандықтан, болашақ мамандарды отбасына дайындау тікелей мәселе ретінде қойылмайды. Отбасылық қарым-қатынас, отбасын құру тұлғаның жеке әлеуметтік бағыт-бағдары ретінде қарастырылғанымен, студенттерді отбасылық өмірге дайындау білім берудің әлеуметтік бағыты немесе қызметі ретінде маңызды болатыны анық.

Бірқатар ғалымдардың еңбектерінде отбасылық өмірдің ерекшеліктері, отбасы психологиясының мәселелері, некелік қатынастар туралы зерттелген (Ф.Бизақова, И. Қарақұлов, Г.Исаева т.б.).

Қазір отбасына деген көзқарас қандай? Сәбидің дүниеге келуінің төмендеуі, ажырасу санының көбеюі және осыған байланысты баланың панасыз да қараусыз қалу санының өсуімен қатар отбасына әлеуметтік қаупі барынша төнуде. Некеге тұру мерзімі 28-30 жасқа дейін созылды. 18 жасқа дейінгі балалардың тек төрттен бір бөлігін ғана сау деп есептеуге болады.

Ата-аналардың көбі балаларын жатсынуынан дарашылдық пиғылдың етек алуы, балалардың бетімен кетуі және т.б. байқалған дағдарыстан шығудың жолын қарастыру туралы түсінігі жоқ. Одан басқа ақылой және мүше дамуының кемшілігі бар балалар саны өсті. Елде нашақорлық өсіп барады, балалар маскүнемдігі азаймай отыр, ЖИТС (СПИД) ауруы қатты қауіп-қатер төндіріп тұр.

Сондықтан жастарды отбасы-некелік өмірге дайындаудағы басты педагогикалық-психологиялық іс-әрекет – отбасы туралы көзқарастарын қалыптастыру, отбасы туралы толық білім беру және отбасындағы үлгілі іс-әрекеттерге тәрбиелеу болып табылады. Отбасы мен неке туралы ғылыми әдебиеттерде жыныстық қызметті биологиялық құбылысқа жатқызу қабылданған. Алайда отбасындағы жыныстық қызметті көбірек, толық қарастырсақ, ол биологиялық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік қызмет екенін, бұл отбасындағы басқа әлеуметтік қызметтермен қатар қоюға құқық береді деген қорытындыға келуге болады [168-172. Б. 2].

Болашақ мамандарға білім беру жүйесінің қызметінің бірі ретінде отбасылық өмірге дайындаудың педагогикалық-психологиялық негіздерін қарастыру барысында, қоғамдағы әлеуметтік жағдайлардың тұрақтылығы және қоғамның орнықтылығы ең алдымен, қоғамдағы отбасылық қарым-қатынастарға, отбасылық мәселелердің орнықтылығына тікелей байланыста болатынын ескеру қажет. Отбасының тәрбие институты ретіндегі маңызы жоғары, өйткені жеке тұлға отбасында өмірге келеді, оның ержетіп, тұлға ретінде қалыптасуына да отбасы ұзақ, мағыналы тәрбиелік ықпал етеді. Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы отбасы жағдайына тікелей байланысты болатыны түрлі зерттеулерде қарастырылған [3].

Отбасы тәрбиесі тұлғаның өзіндік санасының қалыптасуына әсер етеді. Отбасындағы қолдау мен өзара сенім тұлғаның мінез-құлқының орнықты болып қалыптасуына да ықпал етеді.

Белгілі ғалым А.Б. Харчев отбасы ұғымына «отбасы жеке тұлға мен әлеуметтік өмір арасын байланыстырушы аралық тізбек болып табылады» деп анықтама береді. Осыған орай, отбасының тәрбиелік қызметінің психологиялық тұрғыдағы ықпалы өте зор және отбасы мүшелерінің өзара сенімді сыйластыққа және құрметке негізделген қарым-қатынасынан тұлғаның қоғамға, өзгелерге деген оң көзқарастары қалыптаса бастайды деп есептейміз. Сондықтан, студенттерді отбасылық өмірге дайындауда отбасындағы тұлға аралық қатынастарда: өзара сыйластықты сақтау, үлкенге құрмет көрсету, кішіге үлгі болудың маңызды екенін ұғындыру қажет.

Адамзат тәжірибесінде ұрпақ тәрбиелеу, отбасын құру дәстүрлері атадан балаға мұра болып келген. Осы ұлттық жәдігер ретіндегі отбасы мәселесі қазіргі таңда да жеке адамның ғана емес халықтың, қоғамның және ұлтымыздың ертеңге деген сенімі мен аманатын жалғайтын асыл мұраты болып отыр.

Студенттерді отбасылық өмірге дайындауда халықтық салт-дәстүрлерді, даналық қағидаларды қолданудың маңызы зор. Сонымен қатар, отбасы мәселелерін, оның қалыптасуы мен даму үрдісін және қоғамдағы әлеуметтік маңызы мен қызметін талдау жастардың отбасылық өмірге дайындықтарына тиімді ықпал етеді.

Отбасындағы қарым-қатынастарды және жеке тұлғаның қалыптасуындағы отбасының алатын орнын зерттеушілер отбасындағы эмоциялық жағдайлар мен ондағы тұрақты, өзара сенімге негізделген ахуал тұлғаның кәсіби әрекетінің табысты болуына оң әсер ететіндігіне назар аударады. Олар отбасылық қатынастарды адамның жеке тұлғалық қалыптасуындағы басты фактор ретінде қарастырады [4].

Қазіргі таңда қоғамдағы саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер жағдайында қоғамның отбасына ықыласы мен қамқорлығы, әлеуметтік жеңілдіктері мен қолдаулары барынша арта түсуде. Отбасының қоғамда алатын орны, ана мен бала тақырыбы, отбасына жүйелі түрде әлеуметтік қызмет көрсету мәселелері туралы нақты шаралары қолға алынып, ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Алайда, осы

отбасы мәселесіне қатысты ажырасу санының артуы, демографияның төмендеуі, балалар үйіндегі жетім балалардың жағдайы бұл мәселенің өзектілігін айқындай түседі.

Ғалымдар отбасын құрмау немесе ажырасудың себебін шынайы іскерлікті талап етпейтін қияли сезімдермен байланыстырады. Жастарды отбасылық өмірге дайындауда осындай келеңсіздіктердің алдын алу үшін түрлі әлеуметтік қолдаулар көрсету және психологиялық кеңес беру маңызды.

Қоғамның әлеуметтік маңызды бағыттары ретінде отбасының берік әрі тұрақты болуына жағдай жасау, отбасылық қатынастарды нығайту мәселелері қатарында студенттерді отбасылық өмірге дайындаудың негізділігі айқындала түседі. Студенттерді отбасын құруға дайындаудың психологиялық негіздері ретінде олардың мінез-құлқының орнықты болуына және сезімдерінің шынайы әрі тұрақты болуына ықпал етуді айтуға болады.

Студенттердің жалпы отбасылық өмір туралы ұғымымен оң көзқарасы болуының орны бөлек, сонда ғана олар отбасын құруға дайын тұлға ретінде шынайы сезім арқылы өмірлік серігін таңдап, үлкен өмірге сенімді қадам баса алады,бұл өз кезегінде тұлғадан үлкен ерік-жігерді, қабілетті, өзіне деген сенімді, өзін тәрбиелеуді және үлкен жауапкершілікті талап етеді. Отбасылық өмірге дайындаудың педагогикалық мәселелері қатарында тұлғаның бойында рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, отбасылық өмір туралы ұғымдарының болуы, бала тәрбиелеудің заңдылықтарын, отбасы құндылықтарын білуі туралы айтуға болады.

Студенттердің отбасылық құндылықтар туралы ұғымдарын қоғамның әлеуметтік сұраныстарына орай жүйелі, сапалы түрде қалыптастыруға бағытталған шаралар жастардың өз болашақтарына деген сенімі мен жауапкершіліктерін арттырып, ата-баба дәстүрін жалғастыратын ұрпақ сабақтастығының мұрагерлері ретіндегі орнын айқындай түсері анық.

Жастар отбасын құруға дайындалуда оның өздеріне қатысты жеке мәселе болумен қатар, қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілік екенін де сезінулері керек.

Қоғамның келешегі, елдігіміздің ертеңі ұлттық мұраларды, мәдени құндылықтарды қадірлейтін, ғылыми білімдер мен кәсіби дағдыларды меңгерген, ақылды және парасатты жастардың отбасылық өмірге жан-жақты дайындықтарына тікелей байланысты. Жоғары оқу орындарында білім беру үрдісінде әлеуметтік бағыт ретінде отбасылық өмірге дайындау мәселелерін қарастыру жастардың болашағына дұрыс бағдар береді, өмірдегі өз жолын адаспай табуына ықпал етеді. Студенттер өздерін отбасылық өмірге дайындауда әлеуметтік орта, кәсіби мамандар және ата-аналары тарапынан қолдауды көріп, сезінген жағдайда олар үлгілі отбасын құруға бар ықыластарын салатыны анық. Сондықтан білім беру үрдісінде отбасылық өмірге дайындауға бағытталған білімдік, тәрбиелік және әлеуметтік шаралардың маңызы зор.

1 Бизақов Ф., Мамашбаева Ш. Отбасылық дағдарыс психологиясы. – Алматы: Фолиант, 2010. – 21-23 б.

2 Отбасы – жеке тұлғаның қалыптасуын анықтайтын фактор. // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті. «Шоқан тағлымы-10» халықаралық ғылыми конференция. II-том. – Көкшетау, 2005. – 168-172 б.

3 Бутенова Қ. Некелік өмірге даярлау мәселесінің кейбір қырлары // Қазақстан мектебі. – №4. – 2003.

4 Мандыкаева А. Р., Кенжеғараева А. Б. Отбасылық өмірге қадам басып келе жатқан жастардың қарым-қатынас мәселесі. // Абай атындағы ҚазҰУ, Хабаршысы. Психология және социология сериясы. №4. 2004.

Резюме

Жиентаева Б.Ж. – *к.п.н., доцент ЕНУ имени Л.Н.Гумилева,*
Жанзакова М.К. – *магистрант 1курса ЕНУ имени Л.Н.Гумилева.*

Основные вопросы подготовки будущих специалистов к семейной жизни

В этой статье рассматриваются особенности, основные вопросы и психолого-педагогические основы подготовки к семейной жизни как одно из напралений подготовки будущих специалистов и системы образования. Также, здесь рассматривается подготовка студентов к семейной жизни как социальные направления образования.

Ключевые слова: семейная жизнь, социальное направление образования, семейные отношения.

Summary

Zhientaeva B.Zh. – *Candidate of pedagogic sciences, assistant professor,*
Zhanzakova M.K. – *1st year master student, L.N. Gumilyov Eurasian national university.*

The main issues of preparing future specialists for the family life

This article discusses the features of the major issues and psycho-pedagogical bases of the preparation future specialists for family life as one of the main directions in the educational system. Also, the preparation of students for family life is considered as social direction of education.

Keywords: family life, social direction of education, family relationships.

ОӘЖ: 378.013.42

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ ЛИДЕРЛІК САПАЛАРЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТАБЫСТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

Алимбекова А.А. – *PhD докторант, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*
Усенова А.М. – *PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Мақалада әлеуметік табыстылық болашақ педагогтардың кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттерін қамтамасыз ететін лидерлік сапаларын дамытудың маңызды құраушысы ретінде анықталады. Әлеуметік табыстылық болашақ педагог тұлғасының кәсіби-маңызды лидерлігін анықтайтын ұйымдастырушылық, коммуникативтілік және тұлғалық сапаларының дамуына тікелей ықпал етеді.

Бүгінгі студент болашақ педагогтан талап етілетін кәсіби білімдермен бірге мақсаттылық, белсенділік, жауапкершілік, көпшілдік т.б. көптеген маңызды лидерлік сапаларды меңгеруі қажет. Сондықтан жоғары оқу орнында студенттің лидерлік сапаларын дамыту өзекті мәселе. Себебі, ол болашақта педагогикалық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, әлеуметтік табысты маманның қалыптасуына ықпал етеді

Түйін сөздер: табыс, табыстылық, әлеуметтік табыстылық, лидер, лидерлік сапа, педагог тұлғасы, болашақ педагогтың лидерлік сапасы

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығы XXI ғасырда білім мен ғылым саласындағы әлемдік білім беру кеңістігіне сәйкес білім алу, жалпы ғаламдық таным мен ойлауды дамыту, ұлттың интеллектуалды әлеуетін арттыру, өз іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы кезек күттірмес міндеттердің жүзеге асырылуында әртүрлі бағыттағы жұмыстар атқаруда. Соның ішінде: түйінді, басқарушылық, әкімшілік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастырумен байланысты ғылым, экономика, техника және жоғары білімнің модернизациясы бағыттында дайындалған «Жоғары білімдегі қазіргі заманғы лидерлік» (16 ақпан, 2015 жыл) жаңа білім беру жобасының бағдарламасы маңызды болып табылады [1].

Болашақ педагогтың бойында анықталған лидерлік сапалары қазіргі заманғы қоғамдық нормалар, құндылықтар, дәстүрлер жүйесін меңгеру деңгейін көрсететін әлеуметтік табыстылығы.

Әлеуметтік табыстылық әр түрлі деңгейде көрініс табады: тұлғалық және әлеуметтік жетістіктер деңгейінде; ұйымдастырушылық және әлеуметтік лидерлік деңгейінде; әлеуметтік жарыс деңгейінде, карьера мен гендерлік рөлдер деңгейінде; әлеуметтену және әлеуметтік бейімделу деңгейінде; әлеуметтік сапа, әлеуметтік сезім және әлеуметтік жауапкершілік; әр түрлі әлеуметтік институттар, құрылымдар мен үрдістер деңгейінде, т.б.

Осыған орай бүгінде болашақ лидерлерді даярлау мемлекеттің стратегиялық міндеті болып саналады, оны шешу жоғары кәсіби білім беру жүйесінің оқу-тәрбие үрдісінде табыстылыққа жеткізетін лидерлік сапаны және лидерлік әлеуетті дамыту үшін психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық шарттарды қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Ол жоғары оқу орнында студенттердің кәсіптік-маңызды лидерлік сапаларын дамыту мәселесі бойынша теориялық, қолданбалы сипаттағы педагогикалық зерттеулерді талап етеді.

Жоғары білімі бар маманның кәсіби біліктілік дәрежесі бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтайды. Яғни жас маманға теориялық білімін тәжірибеде тиімді қолдана алуы лидерлік сапаларына байланысты. Бойында лидерлік сапалары дамыған мамандардың теориялық білімдерін практикада сенімді қолдана алу мүмкіндіктері басым, сондықтан олар бәсекеге қабілетті келеді. Нарықтық қоғамда маманның лидерлігі ерекше орынға ие. Сол себепті кез келген жұмыс беруші бойында лидерлік сапалары анықталған мамандарды жұмысқа алғысы келеді.

Лидерлік сапалардың дамуының маңызы рефлексиялық қабілеттердің дамуымен, адамға жағымды ықпал етумен, қоғамға белсенді және жауапкершілік қатынаспен. Қоғамдық мәнді іс-әрекетпен анықталады. Демек қоғамның білім беру мекемесіне лидер-педагогты, табысқа жетуге қабілетті маманды қалыптастыру мәселесі әлеуметтік сұраныс болып табылады.

Қазіргі заманғы педагогтар іс-әрекетінің тәжірибесі көрсеткендей, бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті тұлға лидер ретінде дербестік, инициативтілік, ұйымдастырушылық икемділік, өзін-өзі танытуға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға қабілеттілік сапаларын меңгергені және кәсіби іс-әрекетте белгілі бір жоғары деңгейде екендігі айқындалады.

Ғалымдардың (Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров, Р.Л. Кричевский және т.б.) пікірінше, осы сапа-қасиеттерді меңгерген адамдар лидерді сипаттайды.

Жалпы педагог кәсіби іс-әрекетінде балалар ұжымын (сыныпты) басқарады, әртүрлі оқу-тәрбиелік істерді ұйымдастырады, мінез-құлық үлгісі ретінде әлеуметтік маңызды тұлғалық құндылықтарды тасымалдаушы болып табылады.

Кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері адамның іс-әрекеттері, олардың өзара байланысы мәселесі және оның әртүрлі аспектілері философияда (Б.Ф. Ломов, А.В. Петровский және т.б.), психологияда (Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн, және т.б.), педагогикада (Х.И. Лийметс, Г.И. Щукина және т.б.) қарастырылады. Ғалымдар тұлға адамның әлеуметтік рөлді қаншалықты игеруіне, әлеуметтік іс-әрекетке қаншалықты қосылуына байланысты өмір бойына қалыптасып дамиды деп тұжырымдайды. Философтар (М.С. Каган, Э.Г. Юдин, т.б.) еңбектерінде адамның іс-әрекетінің жетекші ережелері мен қағидалары анықталған.

Іс-әрекет қоршаған әлемге, мазмұны оның тұтастығын өзгерту және қайтадан құруды құрайтын белсенді қатынастың өзіндік адамзаттық формасы ретінде анықталады. Білім беру саласындағы *іс-әрекеттік тұрғыдан* қарау теориясы сана мен іс-әрекеттің бірлігі деген психологиялық теорияға негізделеді. Бұл теория бойынша болашақ маман ретінде әрбір студенттің оқу-танымдық іс-әрекетке саналы, белсенді қатысуы арқылы өзін-өзі іске асыруы, табысқа жетуі, кәсіби өзін-өзі анықтауы тиіс. Кез келген мәселені тиімді, дұрыс шеше алатын, еңбек іс-әрекетіне және танымдық іс-әрекетке қабілетті, кәсіби білімді тұлға қашанда қоғам талаптарының сұраныстарына ие мамандар болмақ. Әрбір тұлға тек өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы ғана табысты дами алады.

А.Байтұрсынов «іс-әрекет атаулары көп болар. Солардың бастылары «өшпес жарық, кетпес байлық» даналыққа ұмтылу. «Өнердің кілті – ғылымда екенін» анық тани отырып, саналы түрде біліммен қарулану, сөйтіп жан-жақты толысу. Сөз жоқ білім – ақылдың қазынасы. Дана қашан да біліммен мақтанады. Білек бүге алмағанды білім бүгетіні жастарға мәлім», - десе [2], Ш.Құдайбердиев «құбылған әлем жарысы, ақылды жанның табысы», - деп тұжырымдайды [3].

Е.К. Климов табыстылық кез келген әрекеттің маңызды сипаттарының бірі деп тұжырымдай отырып, іс-әрекет табыстылығының өлшемдеріне: еңбектің өнімділігі, өнімнің сапасы, жылдамдық, еңбек әрекетінің нәтижелігі, т.б. жатқызады [4, 60 б.].

Кәсіби табыстылық тұлғаның болашақ маман ретінде кәсіби іс-әрекетте кәсіби өзін-өзі танытуының шарты, ол субъектінің өз еңбегіне қанағаттануынан көрінеді. Табыстылық тұлға іс-әрекетінің соңғы нәтижесіне және оның тиімділігіне тікелей байланысты. Сондықтан табыс субъектінің өзіндік бағалауының және әріптестерінің бағалау өлшемі, лидер ретінде әлеуметтік мойындалуын сипаттайды.

Лидерлік қоғам дамуының барлық сатысында ерекше орын алған мәселе. Бір жағынан, билік пен лидердің жауапкершілігіне, оны мойындау және құрметтеуге, екінші жағынан, сол немесе басқа қоғамдағы құндылықтар жүйесі мен мораль нормаларымен тікелей байланысты. Демек лидерлікті қабылдау, оны түсіну және оған деген қарым-қатынас мәселесі барлық уақытта өзекті болған. Ал табыстылық - бұл қазіргі заманғы қоғамдағы лидерлік үшін маңызды өлшем.

Лидерлік көне заманда да, қазіргі кезеңде де философ, педагог, психолог және тарихшы мамандардың шұғылданып келе жатқан мәселелерінің бірі. Лидерлік мәселесіне арналған зерттеулер нысаны сан алуан түрлі. Лидерлік феноменін зерттеудің ғылыми тәсілінің ғасырлық тарихы бар. Алғашқы зерттеулерде лидерліктің жетекші, бағынушылар іс-әрекетін бақылау, үйлестіру және реттеу секілді қызметтерін зерттеуге назар аударылды.

Қазіргі білім беру контексті жағдайында лидерлік субъектінің мақсатты бағыттағы белсенділігін көрсететін тұлғаның сапасы ретінде ерекше мәнге ие. Лидерлік мәселесі философиялық-тарихи (В.Ю. Большаков, Е.В. Осипова, т.б.); саясат (Г.А. Авцинова, Е.В. Кудряшов, т.б.); әлеуметтік-психологиялық (Т.А. Бендас, М.Вебер, А.Л.Ершов, А.В.Петровский, т.б.); экономикалық (П.Друкер, О.В. Лукашова, т.б.); технологиялық (Дж. Адаир, А.Г. Золотова, т.б.) аспектілерде зерттелінген.

Бүгінгі қоғамда лидерлік қажетті сапа. Ол табыстылықтың синонимі, бірақ әрқайсысының өзіне тән мағыналық, стильдік ерекшеліктері бар. Лидерлік және табыстылық феномендері пәнаралық тұрғыдағы мәселе. Бірқатар зерттеушілер лидерлікті адамның табысқа жету үшін айналадағылардың күшін біріктіре отырып, оларға ықпал ету қабілеті ретінде қарастырады. Лидерлік сапа адамның тұрақты ішкі ерекшеліктері болса, лидер өзін таныта алатын, әрекет ететін адам.

Табыс әлеуметтік-педагогикалық құбылыс, ол адамның қоғамдағы беделі, оның өмірдегі рөлі мен орны; оның мақсаттары мен қажеттіліктері иерархиясының шыңы ретінде қарастырылады. Сондықтан

табыс – бұл адамның дамуында, өзін-өзі танытуында қажеттіліктерге жауап беретін өмірлік міндетті ісі, оған бағытталуының шарты [5,6].

Педагогикада табыстылық уақытқа байланысты іс-әрекеттер нәтижесінің сапалы сипаттамасы ретінде қарастырылып, адамның табыстылығы іс-әрекеттің сан алуан түрінде, оның ішінде әлеуметтік, кәсіптік іс-әрекеттер де ерекше көрініс табады.

Жалпы алғанда мұғалім балаларды адамгершілік құндылықтарға тәрбиелейді және олардың басымдылықтарына ықпал етеді және оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін ынталандырады және жағымды ұстанымдарын қалыптастырады. Осындай жұмыстарды жүзеге асыру, білімалушылардың оқу-тәрбие үрдісін тиімді басқару, субъект-субъектілі қатынастар негізінде нәтижелі өзара әрекеттесу тек беделді, белсенді, мәртебелі, рефренттік, әсер етуші педагогқа ғана тән.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерді (Р.С. Немов, А.В. Петровский, т.б.) талдау осы сапалардың лидердің түйінді қасиет-сапалары болып табылатынын көрсетеді. Осыдан лидерлік сапаларды меңгере отырып, болашақ педагогтар лидер болуы тиіс деп тұжырымдауға болады.

Осы орайда педагог тұлғасын және оның әлеуметтік маңызды сапаларын зерттеген ғалымдар еңбектеріне назар аударылды. Соның ішінде ғалымдар (И.А. Зимняя, Н.В. Кузьмина, т.б.) ұйымдастырушылық, коммуникативтілік және тұлғалық, яғни лидерге тән сапаларды бөліп көрсетеді.

Е.В. Андриенко педагогикалық іс-әрекеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтың лидерлік сапаларының екі тобын бөліп көрсетеді. Бірінші топқа табысты қарым-қатынасқа мүмкіндік беретін сапалар жатады: көпшілдік, басқаға бағыттылық, ынтымақтастыққа икемділік, эмпатия, әдептілік, өнегілілік, сабырлылық, эмоциялық тұрақтылық, жаңа рөлді меңгеруге икемділік, шеберлік. Екінші топ сапалары педагогикалық еңбектің ерекшеліктерімен анықталады: жоғары интелллектуалдық икемділік, сыни және жылдам ойлау, шешендік, өзіне сын көзбен қараушылық, дербестік, ынталылық, т.б. Ғалым бөліп көрсеткен мұғалімнің лидерлік сапаларының ішінде, тек педагогқа ғана тән өзіндік ерекше және басқа кәсіби іс-әрекет лидерлеріне тән жалпы қасиет-сапалар да кездеседі [7].

Сондықтан осы мәселе бойынша зерттеулерге жасалған талдау лидерлік сапалардың келесі құраушыларын анықтауға мүмкіндік берді: ұйымдастырушылық (жинақылық, жауапкершілік, топты күшейтуді ықпалдастыру қабілеті); коммуникативтілік (көпшілдік, ашықтық, ықпал етуге икемділік) және тұлғалық (белсенділік, жауапкершілік, дербестік) сапалар [8,9].

Жоғары оқу орнында болашақ педагог ретінде студенттің лидерлік сапасын қалыптастыру және дамытуға бағдарлана отырып, олардың барлығының мұғалім жұмысында маңызды екендігі айқындала түседі.

Осы орайда педагогтың кәсіби іс-әрекетіне сүйене отырып, олардың мүмкіндіктері ашып көрсетіледі. Ұйымдастырушылық құраушысы, яғни бұл сапаның жоғары деңгейі педагогқа әрбір білімалушының және жалпы топтың іс-әрекетін тиімді құруға көмектеседі. Коммуникативтік құраушы сапаларының қалыптасуы педагогқа оқушылармен тұлғаралық қатынастарды нәтижелі құруға және оқушылар, олардың ата-аналары, әріптестер арасындағы қарым-қатынасты реттеуге мүмкіндік береді. Тұрақты және жағымды бағыттағы мақсаттылық, сенімділік, жауапкершілік, белсенділік секілді тұлғалық сапалар мұғалімнің кәсіби өзін-өзі жетілдіруге және тұлғалық өсуге мүмкіндік туғызады.

Демек, лидерлік сапаларды педагог тұлғасының маңызды құраушылары ретінде мойындай отырып, оларды болашақ педагогта қалыптастыру және дамыту мүмкіндіктерін қарастыру қажет деп тұжырымдаймыз.

Осы бағыттағы зерттеулерді талдау студенттердің лидерлік сапаларын қалыптастыруға әсер ететін әртүрлі ішкі және сыртқы факторларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: лидер болуға деген ынта-тілек (И.Вагин, А.Глущай); «дамудың жақын зонасы» (Л.С. Выготский); студенттердің бағыттылығы мен топтың даму деңгейі (М.Ю. Кондратьев, А.В. Петровский).

Сондықтан И.В. Пескованың лидерлік сапаларды қалыптастыру мүмкіндіктері жөніндегі көзқарастарына сүйенуді жөн көрдік. Оның пікірінше, тұлғаның жеке қасиет-сапаларын белгілі мөлшерде дамытуға болады, мысалы, атап айтқанда, топ ішіндегі қарым-қатынасқа аса назар аудару; сыныптастармен мазмұнды қарым-қатынас жасау; сан алуан түрлі қажеттіліктер мен талпыныстарға қамқорлық таныту, т.б. [10, Б. 57].

Жоғарыдағы бөліп көрсетілген факторларға сүйене отырып, студенттің лидерлік сапаларын бірінші курстан бастап қалыптастыру қажет, себебі ЖОО-ның бітіру сәтінде ол тиімді әрі нәтижелі болады, сонымен қатар ары қарай дамиды.

Қорыта келгенде, лидерлік сапаның болуы педагогтың табысты жұмысының қажетті шарты болып табылады. Олар педагогқа білімділік және тәрбиелік міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Сондықтан лидерлік сапаларды қалыптастыру және дамыту жоғары оқу орнындағы кәсіби білім алуда маңызды болып саналады.

1. «Современное лидерство в высшом образовании» - Новый образовательный проект Ассоциации вузов Казахстана по повышении квалификации руководителей, администраторов и ППС вузов. – Алматы. – 16 февраля 2015 г.www.edurk.kz/.../5501-sovremennoje_liderstvo_v_vysshem_obrazovani..

2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – А.: Жазушы,1989. – 464 б.

3. Құдайбердиев Ш. Өлеңдері мен поэмалары. – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.

4. Климов Е.К. Психологические критерии успешности предпринимательской деятельности:дисс...канд. психол. наук. – Калуга, 2004.

5. Адлер А. Практика и теория индивидуальной психологии. – СПб.: Питер, 2003. – 256 с.

6. Карнеги Д. Как завоевать друзей и оказывать влияние на людей: перевод с англ./Под общ.ред. предисл. В.П.Зинченко, Ю.М.Жукова. – М.: Прогресс, 1989. – 712 с.

7. Андриенко Е.В. Социальная психология. – М.: Акадамия, 2000. – 264 с.

8. Евтихов О.В. Тренинг лидерства: монография. – СПб.: Речь, 2007. – 256 с.

9. Клименко О.Е. О лидерах и лидерстве: воспитание личности лидера в условиях профессионального объединения. Студенчество: Диалоги о воспитании. – 2007. – №2. – С. 9-10.

10. Пескова И.В. Организационно-педагогические условия формирования позитивных лидерских качеств у детей. Дис. канд. пед. наук. – Нижний Новгород, 2003. – 176 с.

Резюме

Алимбекова А.А. – *PhD докторант, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева*
Үсенова А.М. – *PhD докторант, КазНПУ им. Абая*

Лидерские качества будущего педагога показатель социальной успешности

В статье анализируется проблема формирования и развития лидерских качеств у студентов как будущего педагога, обеспечивающих им в будущем успешную профессионально-педагогическую деятельность. Рассматриваются лидерские качества как профессионально-значимые качества личности будущего педагога, являющиеся сложным образованием, включающим в себя организаторские, коммуникативные и личностные составляющие.

Современный студент как будущий педагог должен обладать профессиональными знаниями, а также помимо их успешного педагога на сегодняшный день отличают такие важные и необходимые качества, как целеустремленность, активность, ответственность, общительность, т.е. востребованы педагогу, являющиеся лидерами. Следовательно, в вузе необходимо формировать и развивать лидерские качества студентов, которые в будущем позволят им эффективно осуществлять педагогическую деятельность.

Ключевые слова: успех, успешность, социальная успешность, лидер, лидерские качества, личность педагога, лидерские качества будущего педагога.

Summary

Alimbekova A.A. – *Eurasian PhD students L.N.Gumilyov National University*
Usenova A.M. – *PhD students Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

The leadership skills of a future pedagog is a key to social successfulness

Key words: success, success, leader, leadership, personality of the teacher, the quality of future teachers.

The article analyzes the problem of the formation and development of leadership skills of students as future teachers, providing them a successful professional and educational activities in the future. We consider leadership as a professional-significant qualities of the person of the future teacher, is a complex form, comprising organizational, communication and personal components.

Modern student as a future teacher should possess professional knowledge, as well as in addition to their successful teacher of today, is distinguished by such important and necessary qualities of commitment, activity, responsibility, sociability, ie demanded the teacher, are leaders. Therefore, in high school you need to build and develop the leadership qualities of students, which in the future will enable the

ӘОЖ: 371.38

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кемалова Г.Б. – *магистр, оқытушы*
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
e-mail: gul_kemalova@mail.ru

Мақалада шығармашылықты оқытудың өзектілігі, шығармашылықтың түрлері мен қарым-қатынасы қарастырылған. Шығармашылық ізденудегі ойлау мен ойлаудан тыс элементтеріне сипаттама берілген. Шығармашылық дамудың міндеттері көрсетілген. Соңғы жылдардағы ғылыми шығармашылық жетістіктер және де ғалымдардың әдістемелік көзқарастары бейнелеу өнеріне, щығармашылыққа, қабілетке, дамуға анықтамалар берілгенін көруге болады.

Тірек сөздер: шығармашылық, креативтілік, бейнелеу өнері, педагогика, психология, сабақ, үрдіс.

Өнер деп адамның рухани болмысына, сезіміне, эмоциясына әсер етіп, оны толғандыратын суреткер қолынан шыққан шығармашылық үлгісін айтамыз. Өнер – адами ақиқат, адамдандырылған «екінші әлем». Өнер, көркем бейне және жасампаздық тікелей әлеуметтік адам тұлғасымен байланысты категориялар.

Жалпы берілген тақырып бойынша ғалымдардың көзқарастарына сүйенбестен бұрын, зерттеу тақырыбымыздың теориялық анықтамаларына тоқталғанымыз жөн болар еді. Өнердің жекелеген түрлерін және олардың бір-бірінен ерекшеліктерін білу, ажырату адамзатты көнеден бері толғандырып келеді. Сондай ерекше өнердің бір түрі – бейнелеу өнері.

Бейнелеу өнері – дүниені көзбен көріп түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы.

Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме, мүсін, графика, қолданбалы қолөнер, дизайн өнері, сәулет өнері жатады. Сондай-ақ, театр, кино, теледидарға безендіруді, көркем дизайнды да бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болды. Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді [1]. Уақыттық даму процесі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді.

Бейнелеу өнерінің барлық жанрындағы шығармалары мазмұнына қарай монументальді – сәндік және қондырмалы шығармалар негізінен музейлер, галереялар немесе үй интерьерлерін безендіріп, сол жерлерде орналасады. Монументальді мүсін архитектура кешендерде, қала көшелері мен алаңдарда, мекеме ғимараттарының қасбеті мен интерьерлерінде орналасады. Бейнелеу өнеріне тарихи даму процесі барысында қалыптасқан портрет, пейзаж, натюрморт сияқты жанрлар ортақ [2].

Қазіргі уақытта бұл өнерді бағалаушылар қазақстандық шеберлер А.Бренердің, Б.Шульцтың, А.Жұмаеваның, К.Ибрагимовтың. Ш.Ноғайбаевтың, Е.Нүсіповтың еңбектерін ерекше атап жүр.

Осыған орай, үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Сол білім беруді дамытуды оқушыларға мәдени–тарихи құндылықтарды, нормалар мен дәстүрлерді, білім берудің арнайы таңдап алынған мазмұны мен нысандарын беру болып табылады. Нәтижелі білім алудың мәнісі сол, мұнда оқушының іс-әрекеті оның жеке басының қабілетін іске асыруға негізделген және оның оқытылатын пәндер мен салаларға сәйкес келетін білім алуын талап етеді.

Сондықтан өмірге жан-жақты дайындалған, еңбек сүйгіш, ынталы, шығарамашылықпен ойлайтын, интеллектуалдық және адамгершілік тұрғысынан бай, жоғары білімді, өнерлі студентті оқытып-тәрбиелеу қажеттігін дамыту мәселесі тұр [3].

Қазақ халқының бүкіл ұлағатты мәдениеті тарихында үлкен орын алатын ұлы ақын Абай Құнанбаевтың біздің зерттеуіміз үшін зор мәні бар ойларының бірі - адамдардың әртүрлілігі және кісілік жайлы пікірлер. Оның «Адам бол» деген шығармасындағы негізгі философиялық ойда адамның өз орнын табуының маңыздылығын айта отырып, әр адам ішкі мүмкіндігін іске қосып, өзін жетілдіре алады және жетілдіруі тиіс екендігі өтіледі. Сонда ғана жаратылысынан өзіне берілеген орынға сай келетіндігіне ерекше назар аударылады. Бұл үшін оған жол сілтеу, бағыт беру қажеттілігі оның барлық шығармаларының

негізгі мотиві деуге болады [4]. Мысалы ақынның терең философиялық шығармаларының бірі – 1896 жылы жазған «Сенбе жұртқа...» деп басталатын сол дәуірдің жалпы жұртына ғана емес, көкірегі ашық, көзі ояу ойлы жанға арналған өлеңінің негізгі идеясы кісіні биік мұратқа бастайтын, сол мұратқа жеткізетін ұлы күш оның өз бойында дегенге келіп саяды. Онда шын асыл әр адамның жүрегінде, сол асылды таңдаған адам «жүрегінің түбіне терең бойлап», іздегенін тек содан ғана табады деген терең де тағылымды философиялық тұжырым жасаған.

Ақын бұл ойының психологиялық сипаттамасын 43 қара сөзінде келтіреді: онда адам баласының екі нәрсемен: тән және жан қуатымен адам екенін, оның ішінде жан қуатын ерекше бөліп атап, әуелде оның кішкене ғана болатынын, ескеріп баққан адам оны үлкейтіп, ұлғайтып, зор айтатынын, ал ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады делінген. Біздің зерттеп отырған шығармашылық қабілетте жан қуатына жататын құбылыс, оның зорайып сол адамның өз қажетіне жарауы тек кісінің сол асылды аршып ала білуі, қаншалықты іске қоса алуына байланысты деген көзқарасымызды білдіре кеткіміз келеді.

Халқымыз аққан жұлдызға балаған ғалым, этнограф, саятшы Ш.Уәлиханов адамды табиғаттың өзгеруіне байланысты өзгеретін биологиялық тіршілік деп қарайтын антропологиялық материализмге қосылмайтындығын атап өтеді. Адам табиғаттың бір бөлігі болғанымен одан айырмашылығы онда (адамға) білім бар. «Білім – миға, жүйкеге әсер ете отырып, адамды өзгертеді. Сондықтан адам білім ала отырып, табиғаттан тәуелсіз бола алады», - деген пікір білдіреді.

Қазақ ағартушыларының көрнекті өкілі Ыбырай Алтынсарин арнайы философиялық тақырыпта еңбек жазбаған, дегенмен оның ағартушылық шығармалырында дүниетанымдық ерекше пікірлер болғаны белгілі. Ол уағыздаған «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңінің басты идеясы халықтың өркендеуі, оның өркениетке ұмтылуы деген насихат еді. Мұндай үндеу егемендікті енді алып жатқан еліміздің қазіргі күнгі де басты ұрандарының бірі болуы тиіс екендігі білімге қатысты барлық мемлекеттік құжаттарда көтеріліп келеді. Шығармашылық – білімді адамдар жететін биіктік. Демек бұл ойлардың өзектілігі жойылған жоқ деуге болады.

Қазақтың рухани мәдениеті мен менталитетінде өшпес із қалдырған тұлғалардың бірі – Шәкәрім Құдайбердиев Абай көзқарастарындағы адамдыққа байланысты ойларды жалғастыра отырып, батыстағы материализм және идеализм сияқты екі анықпен шектелмей, өз жолы үшінші анықты ұсынады.

Осы философиялық ойдың заңды жалғасы С.Торайғыровтың мына бір өлеңінде байқалады десек қате болмас:

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмейтін бұл дүниеде жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе?
Жүргенше өмір сүріп надан болып.

Дәл осы шығарманы бүгінгі күннің адамға деген сұраныстары тұрғысынан қарастырар болсақ, «адам болу» бұл жерде көптің бірі болып қалмау, артында із қалдыру деген философиялық тұжырымға сәйкес келеді деген болар едік. Шығармашыл болу да ақын көксеген «адамдықты» аша түсетін сипаттаманың бірі емес пе?

Шығармашылық мәселесінің дамуына ерекше үлес қосқан философтардың бірі Л.Фейербах болды. Ол шығармашылыққа антропологиялық тұрғыдан қарап, оны адамның жеке қасиеттермен байланыстырады. Ойшыл шығармашылықты тек қана адамның өз белсенділігі, күші мен ерік-жігері және еркіндігі деп қарастыратын идеяға негізделген тұжырымдаманы ұстана отырып, адамның ішкі қуаттары мен қабілеті туралы мәселе көтереді. Бұл идея қазіргі уақытқа дейін шығармашылыққа қатысты зерттеудің негізі болып отырғаны белгілі. Біздің зерттеуімізде де осы идея басшылыққа алынады.

XIX-XX ғасырларда ойшылдар арқасында әр адамның бойында шығармашылыққа бастайтын негіз болатындығы жайлы көзқарастар айтыла бастайды.

Сондай ойдың иесі шығармашылық жайлы өзіндік пікір қалдырған А.Шопенгауэрдің тұжырымдамасында адам ерік пен интеллектінің иесі ретінде қарастырылады. Оның назарына адамның субъектілігінің сезімдік астарларынан гөрі ерік күші көбірек ілігеді. Философтың ойынша шығармашылық әрекет ететін адамдар – дарынды адамдар. Ал дарындылықтың ең жоғарғы көрінісін ол даналық деп есептейді. Бұл қасиеттің сақтаулы және дамытылуы қажеттілігіне баса назар аударады.

Осы оймен сабақтаса айтылған Ф.Ницщенің пікірінше, шығармашылыққа қабілеттілік ешкімге ұқсамайтын, ерекше адамдарға тән сапа. Ол өз философиясында шығармашыл адамдар айрықша жаратылғандар екенін атап өте отырып, дегенмен «шығармашылық біздің құзырымызда: біздің биік мақсаттар мен

құндылықтарымыздың құра алуымызда», - дейді. Ф.Ницщенің адамның өз мақсатын, өмірінің мәнін анықтауы оның шығармашылығын туындатады деген ойы сол уақыт үшін аса құнды пікір еді. Бұдан адамның барлық өмірі шығармашылық әрекеттен тұрады деген қорытынды жасауға болады.

Шығармашылық туралы келесі ой айтқан тарихи тұлғалардың бірі К.Маркс оны саналы қоғамдық әрекет деп санаған. Ол бұл әрекет нәтижесінде айнала және адамның өзі де өзгереді деген тұжырым жасаған. Оның адамның еңбек арқылы пайда болуы – нағыз шығармашылық деген ойы бүкіл әлемдік тарихта қалды. Шығармашылықтың субъектісін талқылау оның «ұйқыда жатқан қабілетін» немесе ішкі күштерін зерттеуге әкеледі. Оның пікірінше ішкі күштер – ол қажеттіліктер мен қабілеттер. Қажеттіліктер адам белсенділігіне түрткі болады да, ал қабілеттер қажеттіліктерді қанағаттандыратын әрекет түрінде қарастырылады. Дәл осы ойлар шығармашылыққа арналған теориялық және практикалық зерттеудің негізі болып есептеледі.

Студенттің шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын, шығармашылық теориясын жасауға деген көптеген ізденістердің болғанынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты – бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сапа, рухани сана қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соңы шешімдер іздестіру болып табылады.

Көрнекті педагогтар К.Д. Ушинский, Ы.Алтынсарин, А.С. Макаренконың шығармаларында қабілеттерді дамытудың жолдары қарастырылса, адам шығармашылығына бағыт бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын, (1923).

Жалпы – адамның ақыл-ой өзгешелігінің жеке қасиетін көрсететін кез-келген адамнан табылатын қабілет.

Арнаулы – іс-әрекеттің жеке салаларында көрініп, нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілет.

Практикалық – ұйымдастырғыштық, конструктивті техникалық қабілет.

Қабілет – әр адамның әртүрлі іс-әрекетінің орындалу жолындағы жетістіктерінде көрінетін қасиет. Психологтардың айтуынша қабілетті айқындау мақсатындағы зерттеулер XIX ғасырда басталған.

Қабілет психологияда жалпы ұғым бойынша жеке адам мінез-құлқын реттеп отыратын және оның өмір сүру жағдайына қызмет ететін психикалық қасиет.

Қабілеттің дамуы үшін оқушы бойында міндетті түрде **талаптың** болуы шарт. Талап, құлшыныс болмаған жерде қабілет дами алмайды.

Қабілеттілік «оқу» және «шығармашылық» болып екіге бөлінеді. Бұл екеуі егіз ұғым. Өмірді танып – білу, оқып-үйренуден бастау алады. Сонан соң адам сол білімін шығармашылықпен пайдалануға ұмтылады. Яғни студент бір деңгейден екінші деңгейге көтеріліп, әрі қарай талпынып, келмелдене түседі.

Психологтардың пайымдауынша қабілетсіз шәкірт болмайды. Бұл пікірді орыстың ұлы жазушысы, ойшылы Л.Толстой «Барлық мүмкіндіктер балалардың бойында» деген даналық сөзімен тереңдете түседі.

Демек, сол ашылмай жатқан мол мүмкіндіктерді дер кезінде аша білуіміз, дұрыс жолға бағыттай білуіміз керек.

Психологтар қабілеттердің екі түрлі деңгейінің болатындығын дәлелдейді.

1. *Репродуктивті* – іс-әрекетті, білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі.
2. *Шығармашылық* – жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Қабілеттің педагогикалық қызмет тұлғаның шығармашылық әрекеті арқылы жүзеге асады. Біздің зерттеуіміз шығармашылық қабілет сияқты сапаның оқушы тұлғасында жетілуіне арналып отырғандықтан, оқушының шығармашылық қабілетін дамытудың диалектикалық астарлары ең алдымен «даму», «тұлғаның дамуы» ұғымдарының мәнін теориялық тұрғыда қарастыруды талап етеді.

«Даму» ұғымына философияда «мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып сапалық өзгерістерге айналуы» деген анықтама беріледі, яғни мәңгі, қажетті қозғалыс, уақыттағы өзгеріс деп түсіну қажет. Даму спираль тәрізді, қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінде, санның сапаға ауысуы түрінде және керісінше өрбиді.

«Даму» - жаңару үрдісі. Жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаға сәйкес. Демек, жаңаның пайда болуы мен даму тікелей байланысты. Барлық табиғат құбылыстары сияқты табиғат туындысы адамда диалектикалық жолмен дамып, бір деңгейден екінші деңгейге ауысып, өзгеріп отырады.

Дамудың барлық түрі – қозғалыс, алайда қозғалыстың барлығы бірдей даму бола бермейді. Тек сапалық өзгерістерді қамтамасыз ететін, кері қайтпайтын сипаты бар қозғалысты даму деп айтуға болады.

Жоғарыда талданып кеткен философиялық ой-тұжырымдар уақыт тексерісінен өткен, бүгінгі күнге дейін өзінің көкейтестілігін жоғалтпаған идеялар болып табылады. Бұл идеялар қазіргі білім философиясының негізгі ұстанымдары мен амалдарында да айқын көрініс тауып отыр. Осыған байланысты айтылған көзқарастарымызды саралай отырып, бейнелеу өнері арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың жолдарына мынадай теориялық анықтама бере аламыз.

Бейнелеу өнері сабақтарында студенттердің шығармашылық қабілеті арнайы берілген дизайн өнері негізінде, оның жасалу техникасының негізгі түсініктері мен анықтамалары, әртүрлі өнер түрлерінің көркем эстетикалық мәнін ашу мен, бейнелеу өнері түрлерімен танысу арқылы қалыптасады.

Қорыта айтқанда, шығармашылық жолы – ол үміттер мен күдіктер, жеңілістер мен жеңістер жолы. Осы жолдан өзіне сабақ ала білу, жетер биігін белгілей білу, өзінің жетістіктерін мен кемшін тұстарын талдай алу – оқушының шығармашылығын дамытуға стратегиялық бағыттар болып табылады.

Әр индивидтің бойында болатын шығармашылықтың бастауларынының болатындығы жайлы мәселе адамның жан қуаттарының барлық қызметтерінің қатысуы нәтижесінде болатын оның жаңа сапалық деңгейі болғандықтан, психологиялық және педагогикалық еңбектерде кең қарастырылған.

1 *Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. 2015 жыл.*

2 *Яковсон П.М. Психология художественного восприятия. – М., 1998 г.*

3 *Мизанбаев Р.Б. «Живопись». – Алматы, 2005 г.*

4 *Кожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы,1998 г.*

Резюме

Кемалова Г.Б. – *магистр, преподаватель*

Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова

Особенности научно-теоретической определений в развитие творческих способностей студентов

В данной статье рассматриваетсяактуальность изучения творчества. Виды творчества и их взаимосвязь. Логические и внелогические элементы творческого поиска. Развитие теории решения творческих, изобретательских задач. Творческое мышление и его изучение с учетом последних достижений науки и техники. Теоретические методологические определение ученых на тему изо, творчество, способность, развитие.

Ключевые слова: творчество, креативность, изо, педагогика, психология, урок, процесс.

Summary

Kemalova G.B. – *master of Pedagogics and Psychology Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov*

Features theoretical determinations in developing creative flairs of students

This article discusses actuality the studying of creativity. Kinds of creativity and their interrelation. The logical and extra-logical elements of creativity. Development of the theory creative, inventive problems solving. Creative thinking and its learning based on the latest scientific and technological achievements. Theoretical methodological definition of scientists on the theme Fine Art, creativity, ability, development.

Keywords: creative work, creativity, Fine Art, Pedagogics, Psychology, lesson process.

ӘОЖ: 00.009

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ

Кдыралиева Ж.Б. – *ҚазҰПУ, филология кафедрасының магистры,*
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ эксперті
e-mail: zhandai-88@mail.ru

Мақалада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы негізінде Мәңгілік Ел - жалпы қазақстандық ұлттық идеясының мәні мен маңызы қарастырылды. Ұлттық идея негізінде жасыл экономиканы, тілді, дінді, халықтар достастығын, еңбек тәртібін, болашақ ұрпақты жан-жақты ұлттық құндылықтар негізінде оқыту жолдары, білім мен ғылымды барынша дамыту керектігі жөнінде жазылды. Сондай-ақ, ғылыми мақалада білім мен ғылымның бүгінгі таңдағы рөлі, болашақ ұрпақты Мәңгілік ел ұлттық идеясы негізінде, барынша ұлттық тәрбие арқылы оқыту керек екендігі жөнінде нақты мысалдар келтірілді.

Түйін сөздер: білім, ғылым, жаңа технология, болашақ, Мәңгілік Ел, дамушы ел, ұрпақ, Елбасы, жас мемлекет, тіл, діл, дін, инновация, балабақша, бастауыш мектеп, негізгі орта мектеп, жоғары сынып, жоғары мектеп, тәрбие.

Елбасымыздың Қазақстан халқына арналған қандай жолдауы болмасын білім мен ғылым мәселесінен аттап кеткен емес. Мемлекет басшысы заман ағымын толығымен пайымдай келе келешектің кілті кемел білім мен сол білімді кемелдендіретін ұлы күш ғылым екендігіне, ғылымды қажетсінетін экономиканы жүзеге асыру бағытында өскелең елдің айбынды болашағын қамтамасыз ету үшін ең әуелі білім сапасын арттыру қажеттігін баса айтады. Білім кілті көп есікті ашатындығы, көксеп, болашақта мақсат тұтып келе жатқан «Мәңгілі Ел» атануымызға да зор ықпалын тигізетіні белгілі. Яғни, «Мәңгілік Ел» атануымыз үшін ең дамыған 30 мемлекеттің қатарында көрініп, ел экономикасын өркендету, бәсекеге қабілетті болу, индустриялық-инновациялық дамыту бағдарламасынан ғылымға негізделген экономикалық стратегияға бірте-бірте ауыса отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау білікті де білімді жастар еншісінде екені белгілі. Сондықтан да, еліміздің білім саясатында ғылыми-техникалық әлеуетіне жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгіздірту инновациялық дамудың негізгі көзін, болашақтағы даму бағытын айқындайтын маңызды факторлардың бірі білім саясатының дұрыс әрі нәтижелі жүргізілуі өте маңызды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады» [1] - деп көрсетілгендей, ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш – тұлттық білім мен ғылымда екендігін көреміз. Ұлттық білім мен ғылым дамымай біз алысқа бара алмайтындығымыз, жаңа технологиялардың, инновациялық әдістерді меңгермейінше алға ілгерлемейтінімізді түсінуіміз керек. Сондықтанда бүгінгі білім беру парадигмасы төмендегідей кесте негізінде болмақ:

Білім және ғылым

«Мәңгілік Ел» құндылықтарына негіздел-ген «Ұлттық білім беру моделін» білім беру сатысына қарай, кезең-кезеңмен енгізу

Жеткіншек ұрпаққа мектеп табалды-рығынан бастап, ЖОО-на дейін әлемдік деңгейде білім мен тәрбие берілуімен қатар, ғылыммен шұғылданатын дағдылар жүйесін құру.

1-кесте

Осы кестенің негізінде ұлттық білім беру моделін шығарамыз. Яғни:

Ұлттық білім беру моделі:

1. Балабақша жасында (таза ұлттық білім беріледі)
2. Бастауыш мектеп буынында (Патриоттық тәрбие негізі қаланады)
3. Негізгі мектепте (басқа ұлттар мәдениетімен танысу, адамзат дүниесіндегі озық тәрбие және діни сауаттылық, діни тәрбие негіздері)
4. Жоғарғы сынып сатысында (өз ана тілі негізінде әлемдік мәдениет құндылықтарын, шетелдер тілін меңгеру арқылы интеллектуалды жастар қалыптастырамыз)
5. Кәсіптік білім беруде (Мәдениет, дәстүрді қоғам жетістігімен байланыстыра анықтау, Тәуелсіз Қазақстандағы мәдени үрдістер және «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жаңа иедаялармен толықтыру)
6. Жоғары мектепте (Елдің бәсекеге қабілетті және индустриялық-инновациялық дамуы жағдайындағы білім мен ғылым негіздері) формасында деп алып, жеке-жеке қарастырамыз

Тәрбиенің діңгегі отбасынан қаланып, балабақшада жалғасын тауып жетілетіндіктен, балдырғандардың санасына ұлттық тәрбиенің нәрімен сусындаты өте маңызды. Бұл жөнінде Ел Президентімізі: «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеп өсіру, білім беру бүгінгі отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» [2] - деп нық айтқан да болатын. Ұлттық тәрбие арқылы баланың жеке басын үйлесімді дамытып, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулып, оның мүдделерін қанағаттандыру мен қабілеттерін дамыта отырып, қоғамдық-әлеуметтік, табиғи ортада өмір сүруі мен жемісті әрекеттенуіне мүмкіндік беретін жеке тұлғаның әлеуметтік-рухани қасиеттерінің қалыптасуына септтігін тигіземіз. Ол үшін ең алдымен:

- *Тәрбиешілер мен жас мамандар педагогикалық* кеңестер мен ұлттық құндылықтарға, қанық болып, семинар, тренингтерден дәріс ала отырып, халық педагогикасымен, психология, философиядан хабардар болуы өте маңызды, себебі бүлдіршіндерді осы салалардың негізінде тәлім берудің маңызы зор.
- *Екіншіден, баланың ой-өрісіне әсер ету үшін балабақшаның* қабырғаларында әдемі әсемделген суреттермен қоса, қазақтың ұлттығын дәріптейтін образдар, ертегі кейіпкерлері сияқты (қазақтың ою-өрнектері, ұлттық киімдері, аспаптар, қыздардың, апа-аталардың, әкелердің киім үлгілері, замануи бағытта көркемделген) суреттер міндетті түрде болуы тиіс

Балаға тәлім-тәрбиені халықтық педагогика негізінде жас ерекшелігіне қарай кезең-кезеңмен жүріп отыруы тиіс.

Ал, Бастауыш мектеп буынында, Ұлттық тәрбиемен таныс, рухани құндылығы даму үстінде жүрген балалар бастауыш сыныпқа қадам басқанда жеке тұлға ретінде адамгершілік қасиеттерді, қоршаған ортаға деген эмоциональды-құндылық қатынастарды, оқу процесіне оң мотивацияның қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен шеберліктерінің дамуын, сондай-ақ, патриот азамат ретінде қалыптасуға көшеді. Жеке тұлғаның бойына мұндай қасиеттерді қалыптастыруға ата-аналар мен мұғалімдердің еңбегі талап етіледі. Бұл жөнінде қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін жазылған *«Ұлттық тәрбие» атты оқу бағдарламасында* бастауыш сынып балаларына білім мен тәрбие үдерісін жүйелі түрде ұйымдастырып, оларға туған жерінің, ата-тегінің, табиғат жайлы (аспан-жер, аң-құс, өзен-көл, тау-тас, өсімдіктер әлемі мен адамдардың оларға қарым-қатынасы) танымын арттырып, көркем және ғылыми шығармаларды оқыту арқылы қоршаған ортаға, табиғатқа, сүйіспеншілік сезімін оятып, экологиялық мәдениетін тәрбилеу мен салауатты өмір салты арқылы адамзаттың рухани тағылымын әсемдік әлемімен ұштастыра оқыту керек екендігі дұрыс жазылған. Мұның негізінде, бастауыш кезеңнін портреті өз отанын қастерлейтін, жақсы көретін, отанымен мақтана алатын, ана тілін жетік меңгерген, қазақ жерінде тұратын өзге ұлт өкілдерін сыйлап, құрметтей білетін баланы көруіміз керек. Сондықтан жас жүректің бойына еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін қызықтыру арқылы оятуымыз керек.

Негізгі мектепте (басқа ұлттар мәдениетімен танысу, адамзат дүниесіндегі озық тәрбие және діни сауаттылық, діни тәрбие негіздері) Баланың балабақшадан, бастауыш мектеппен жалғасқан рухани құндылықтары, қоршаған әлем жайлы түсініктері, адамгершілік, сыпайлық, мейрімділік қасиеттері негізгі орта мектепке келгенде өзге ұлттар мәдениетімен танысу, көпұлтты жандарды құрметтеп, сыйлау керек екендігін ұғына бастайтын жасқа келеді. Негізгі орта мектеп балаларына тәлім-тәрбие мен білім беруде кең байтақ қазақ жерінің, Қазақстандағы ұлттар достастығы, толеранттылық ұымы, Тәуелсіз Қазақстан келешегі жастар екендігі, Отанға қызмет ету ұғымы, экологиялық тәрбие мен еңбек тәрбиесін, ең бастысы

адами қарым-қатынасты үйренетін кезге келеді. Себебі, осы жастағы балалар оң солын тануға, ақ пен қараны ажырата алуға қабілетті кезеңге көшіп жатады.

Балалардың қабілетіне қарай, өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін оқытып, үйретіп, өзгені сыйлау, өзіңді сыйлаумен тең екендігін пән мұғалімдері өз сабақтарында дұрыс үйрете білулері қажет. Мысалы ән сабағында әр ұлттың әнін салыстырмалы түде талдап, шырқап, биінің ерекшелігі мен танысып, ділі мен дінімен танысып жалпы мәдениетімен қаныққаны дұрыс. «Дінтану» сабағында діннің өзектілігіне аса мән беріледі. Дін мәселесі дамыған елдерде бастауыш сыныптан негізге алынған, атап айтқанда, Аустрия, Ұлы Британия мемлекеттерінің орта мектептерінің білім беру стандартындағы бағдарламаларында кездеседі. Оның түпкі саясаты – тұлға жастайынан саналы түрде өзінің өмірлік бағытын дұрыс түсінуге, ұлтының дінін ұғуға, туралық және әсемдікке тәрбиелеуге негізделгені айғақ. Жалпы дін туралы білім қазіргі қоғамдық жағдайда маңызды мәселердің бірі. Өйткені, дін дегеніміз – адамды шындыққа жеткізетін жарық, ақылды адамдарды өз қалаулары бойынша ізгілікке бастайтын құдайлық шариғат адамдарды тек игілікке, жақсылыққа бағыттайтын заңнама ретіндегі іс-әрекеттер жиынтығы [3] Ал қазіргі кездегі діннің маңыздылығы – рухани-адамгершілік құндылықтардың жаңартылған жүйесін құруға бағыттау, экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйрету, сол зиян әсерлердің алдын алуда, дұрыс жолдан адаспауын, тұрақты ой қалыптастыруда дінтану ілімінің рөлі ерекше. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кейбір мемлекеттерде діни білімсіздіктен халықтың басқа секталарға кіру орын алып, ақырында бір мемлекеттің бірлігі шайқалып, келеңсіз оқиғалармен аяқталып жатыр. Қазіргі кезде біздің елімізде де белгілі бір идеологиялық білім ретінде дінге деген қажеттілігі бар. Сол себептен, Қазақстан халқы түрлі ұлттан тұратындығын, конфессиялық сипатын ескере отырып, дінтану пәнін орта мектептерде оқытылу бұйрығы енгізілді. Осы тұрғыдан Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз бұқара санасындағы діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек, онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ. Жалпы дін өздігінен өнегелі ақиқаттан бөтен ештеңе үйретпейді. Жалғыз-ақ, бізге қауіп төндіретіні: діни біліміміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғаны» [4] - деген ескертпесі бүгінде айрықша теориялық-әдіснамалық мағынаға ие екендігін көрсетті. Қазіргі еліміздегі және дүниежүзіндегі діни жағдайларды бағалай білу, интернеттегі діни мәліметтерді саналы түрде ақиқаттылығын ажырата білу, діни экстермизм әрекеттерді болдырмау және алдын алу секілді, жалған діни идеяның дұрыс бағыттағы діннен айырмашылығын ажырата алу сынды тақырыптар қазіргі қоғамдағы діни топтардың сыртқы келбеттері, дінге шақыру әрекеттерінің әдістерін бойынша айыра білуі үшін бұл пәннің сұранысы жоғары болуы тиіс. Осы пәнді оқыту барысында, елімізде және дүниежүзінде дінге қатысты қазіргі болып жатқан оқиғалармен байланыстырып, түсіндіріп, жасөспірімдердің өмірге деген дұрыс көзқарасын тұрақтандыру міндетін қою керек.

Жоғарғы сынып сатысында (өз ана тілі негізінде әлемдік мәдениет құндылықтарын, шетелдер тілін меңгеру арқылы интеллектуалды жастар қалыптастырамыз) Жоғары сынып сатысы негізгі орта мектеппен салыстырғанда күрделі, кәсіби даярлық алды, маңызды баспалдақ. Жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтар негізінде, ғылым мен білімді ұштастыратын, кәсіби шыңдалуға негізделген буын өкілдері қалыптасатын мектептің түлектері. Бүгінде тауар өндіруші елдер қатарына қосылу, бәсекелестікке қабілетті елдер қатарында болу үшін білім мен ғылымның соңғы жетістіктермен қаруланған, ғылымның соңғы жетістіктерін өндіріске ендіруге бейім, жаңа бағытта дамып келе жатқан әдістер мен инновациялық жобалар, заманауи технологияларды меңгерген тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл міндетті орындаудағы мәселелердің бірі білімге енгізіліп жақтан өзгерістің бірі «Үш тілділікті» айтуға болады. Үш тілді білу заман талабынан туындап отырған мәселе. Ертеңгі күннің еншісін ұстар жастарымыз үш тілді білуі тиіс. Ағылшын және орыс тілі қазақ тілінің ығында ғана өмір сүретіндігін, ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейтіндігімізді, ол - әлемдік бизнес тілі екендігін түсіне білуіміз керек. Қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып, “ақылды” экономиканы енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Ал бұл бағыттағы толайым табыстарға, ілім-білімге алып барар жол – ғаламшардағы үстемдік құрған тілдерді үйрену. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Кәсіптік, жоғары мектепте де осы мәселелердің күрделі формасынан қарастырып оқытқан жөн.

Қорытындылай келгенде, «Мәңгілік Ел» идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін, еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі, болашағымызға бағдар бола алатын, ұлтымызды ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін тұғырлы идея болмақ. Осы идея бізді 30 дамыған елдің қатарынан бой көрсетуімізге себеп болары сөзссіз. Жұмысымызда нақты көрсетіп кеткендей, білім мен

ғылым сапасын жақсарту ұлттық білім корпусын барлық буынға кезең-кезеңімен өткен жағдайда нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

1. *Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы–2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – 17 қаңтар. – 2014.*
2. *Тәрбие өзегі балабақшадан басталады. http://referatikz.*
3. *Білімділер порталы http://bilimdiler.kz*
4. *Назарбаев Н.Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезінде сөйлеген сөзі. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің «II сьезі». – Алматы, 2006. – 147 б.*

Резюме

Кдыралиева Ж.Б. – *КазНПУ им.Абая, магистр кафедры филологии Эксперт. НИИ Формирование интеллектуальной нации*

Развития науки и образования на основе идеи "Мангилик Ел"

В статье написанно о послании народу Казахстана «Казахстанский путь - 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» Глава государства Нурсултан Назарбаев изложил и обосновал совершенно новую концепцию в отечественной истории - «Мәңгілік Ел». По этим путем мы должны провести индустриализацию страны, перейти на «зеленую» экономику, сохранить язык и религию, сохранить единство народа, строить добрососедские отношения с сопредельными странами, воспитывать молодое поколение на примерах предков, дать детям достойное образование, развивать науку и при этом добросовестно трудиться. А также четко рассмотренно о важности образовании и науки.

Ключевые слова: образование, наука, новые технологии, будущео, Мангилик ел, развивающая страна, поколение, Президент, молодая страна, язык, религия, менталитет, инновация, детский сад, начальная школа, средняя школа, старший класс, университеты, воспитание.

Summary

Kdyralieva Z.B. – *Pedagogical University, Department of Philology master's Experts Institute of formation of the intellectual Nations*

Development of science and education based on the idea of " Mangylyk El"

The article is written on the message of the people of Kazakhstan "Kazakhstan's way - 2050: Common goal, common interests, common future" President Nursultan Nazarbayev stated and substantiated a completely new concept in the country's history - "Mangilik El". In this way we have to industrialize the country, go to the "green" economy, to preserve their language and religion, to preserve the unity of the people, to build good-neighborly relations with neighboring countries, to educate the younger generation on the examples of the ancestors, to give children a decent education, to develop science and at the same time in good faith work. And clearly the consideration of the importance of education and science.

Keywords: education, science, new technologies, the future, Mangilik eating, developing countries, the generation, the President, a young country, language, religion, mentality, innovation, kindergarten, elementary school, middle school, high school, university, education.

ӘОЖ 159.92

ФРЭНСИС СКОТТ ФИЦДЖЕРАЛЬДЫҢ «ҰЛЫ ГЭТСБИ» РОМАНЫНДАҒЫ ЭМОЦИЯЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІНЕ ОРТАҚ МІНЕЗДЕМЕ

Кабылова М.С. – *І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы. Талдықорған қ. e-mail: madina.3024 @mail.ru*

Бұл мақалада ХХ-шы ғасырдың америка әдебиетінің классигі Фрэнсис Скотт Фицджеральдың 1925 жылы жарық көрген, әлем оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген «Ұлы Гэтсби» атты романындағы алынған бірнеше эмоцияның көркем мәтінде берілу тәсілдерін кешенді түрде ұсынылуы болып табылады. Романындағы көркем мәтініндегі эмоциялардың лингвистикалық және психологиялық деңгейлеріннің ортақ мінездемесі мен баяндалады. Эмоцияның көркем мәтінде берілу тәсілдерін кешенді түрде ұсынылуы болып табылады. Эмоция және оның түрлері мен эмоция болмыстың көрінісінің формасы, адамның өз сезімдерін бастан кешіруі, оны біліп, жасап жүрген нәрсеге деген көзқарасы, қатынасы ретінде қарастырылады. Эмоция – тікелей күйінішін, жағымды және жағымсызды сезінуін, адамның әлемге және адамдарға қатынасын, оның іс-тәжірибелік әрекетінің үрдісі мен нәтижелерін көрсететін субьективті психологиялық жағдайдың ерекше түрі. Эмоция тобына көңіл-күй, сезім, аффект, құмарлық, күйзеліс жатады. Олар адамның барлық психикалық үрдісі мен жағдайында кездесіп отырады.

Кілттік сөздер: эмоция, аффект, ынтықтық ым-ишара, мимика, пантомимика, вербалды, бейвербальды қарым-қатынас, коммуникативтік қарым-қатынас, лингвистика, паралингвистика, инверсия, пейзаждық лексика, авторлық ремарка.

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс. Бір тіл – бір ұлт. Кез келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады, халық даналығы, дүниетаным көзқарасы тілінде түйінделеді. Тіл – халықтың рухани болмысымен біте қайнап, ұлттың тағдырына қызмет етіп, өмірімен өзектес жүріп отырады. Әр кезең, әр дәуір өзіне қажетті жаңалықтар туғызады. Осыған орай тәуелсіздік туымен ел өмірінде қаншама жаңалықтар еніп отыр. Бүгінде егеменді қазақ халқының бүкіл әлем халқымен терезесі тең. Қазіргі таңда әлем халықтарының қақпалары айқара ашылып, бір-бірінің тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін құрметтеп салыстыра зерттеу үрдісі белең алып келеді. Тілдегі әлем көрінісі – сол тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығы, және әр ұрпақ тілмен бірге ұлттық мінез, дүниетаным адамгершілік, т.б. мәдениеттің толық жиынтығын алады. Қазіргі жаһандану заманында халықаралық қатынастардың нығайып, еліміздің шет мемлекеттермен экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың дамуы – шетел тілдерін, соның ішінде әсіресе ағылшын тілін жетік меңгеруді талап етеді. Тіл ғылымы соның ішінде ағылшын тілі де психологиямен тығыз байланысты. Олай дейтін себебіміз, психология түйсік пен қабылдауды, ес пен ойды, сезім мен эмоцияны, зейінді зерттейді. Ал бұлардың сөйлеу процесіне оны қабылдап, түсіну процесіне тікелей қатысы бар екені баршаға аян. Өйткені, біреудің айтқанын қабылдау, оны ұғыну процесі болмаса, қарым-қатынас жасау, пікір алысу да болмаған болар еді. Адам сөз арқылы белгілі бір затты атап қана қоймай, сонымен бірге, сол затқа, іске, құбылысқа өзінің қатынасы мен оған қалай қарайтындығын эмоция арқылы білдіреді. Яғни тіл ойды білдірудің ғана құралы емес, сезімді де білдірудің құралы.Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынаста эмоцияның болуы, олардың бір-бірін жақсы түсінісуіне себтігін тигізеді. Бұл мақалада атақты, ХХ-шы ғасырдың америка әдебиетінің классигі Фрэнсис Скотт Фицджеральдың 1925 жылы жарық көрген, әлем оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген «Ұлы Гэтсби» атты романындағы эмоцияның көркем мәтінде берілу тәсілдерін кешенді түрде ұсынылуы болып табылады. Роман мәтініндегі эмоциялы сөйлемді талдамас бұрын, алдымен эмоцияның адам өміріне қаншалықты психологиялық маңызды орын алатын саралауымыз керек.

Эмоция – тікелей күйінішін, жағымды және жағымсызды сезінуін, адамның әлемге және адамдарға қатынасын, оның іс-тәжірибелік әрекетінің үрдісі мен нәтижелерін көрсететін субъективті психологиялық жағдайдың ерекше түрі. [1] Эмоция тобына көңіл-күй, сезім, аффект, құмарлық, күйзеліс жатады. Олар адамның барлық психикалық үрдісі мен жағдайында кездесіп отырады. Адам эмоциясының басты қызметі: эмоцияның көмегімен біз бір-бірімізді жақсы түсінеміз, сөзді пайдаланбай-ақ бір-біріміздің жағдайымызды біле аламыз және өзара әрекет және қарым-қатынасқа тиісінше бағыштала аламыз. Мысалы, әр мәдениетке жататын адамдардың басқа адамды оның бет-әлпетіне қарай айна қатесіз қабылдап және бағалай алатындығы, соның нәтижесінде қуаныш, ашу, мұң, қорқыныш, жек көру, таңқалу сияқты эмоционалды жағдайларды анықтай алуы керемет факт болып табылады. Өмірді сезімсіз сияқты эмоция-

сыз да елестету мүмкін емес. Атақты жаратылыстанушы Ч.Дарвин эмоциялар эволюция үрдісінде тіршілік иелері өздері үшін өзекті болып табылған қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған белгілі бір шарттардың маңыздылығын анықтайтын құрал ретінде туындаған деп есептейді. [2] Ф.И. Шаляпиннің мысалы бойынша, шетелге бірінші рет саяхат жасағанда ағылшын тілін білмейтін Федор Иванович «бірде мейрамханада қатар стөлде отырған көршілері ағылшындарға ағылшын тілінің ырғағын ыммен келтіріп «Great! (қошемет сөзін)» айтады, бірақ мұның ағылшын тілінде сөйлескенге ұқсауы және биік шляпалы Шаляпиннің айбарлы келбетінің сенімді әсер еткені сонша, ағылшындар оны түсініп, өздерінің отандасы екен деп қабылдағандай ыммен стакан соғыстырады. [3]

Бұл жерден эмоцияның қарым-қатынастағы эмоциялық күй түрінде пайда болуын көреміз. Әңгімеге араласқан адам әңгімелесушіге эмоцияның ыңғайына икемделгенін көреміз. Адамның эмоционалды-суреттеу қимылдары – мимика, ым, пантомимика қарым-қатынас құралы қызметін атқарады, яғни сөйлеушінің жағдайы және оның дәл осы уақытта болып жатқан жағдайға көзқарасы жайлы ақпарат береді. Сонымен қатар, ықпал ету қызметін атқарады. Эмоционалды-суреттеу қимылды қабылдаушы субъекті болып табылатын адамға ықпал етеді. Мұндай қимылдарды қабылдаушының түсінуі оның қатынас орын алып отырған контекске сәйкес қозғалуы негізінде жүзеге асады. Адамның айқын қимылдары тілмен шебер сараланды, оның көмегімен тіршілік иелері өздерінің жағдайы және айналада болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратпен алмасады. Эмоциялар ішкі тіл, субъектіге болып жатқан оқиғаның өзінің қажеттіліктіктеріне қарай маңыздылығын білдіретін дабыл жүйесі ретінде қабылданады.

Өз кезінде П.К. Анохин эмоцияның мобилизациялық, интегративті-қорғаныштық маңызы туралы айтып кеткен болатын. Ол: «Эмоциялар барлық ағза қызметінің дереу түсіндіре отырып (біртұтас, бірігу), ең алдымен пайдалы немесе зияндының ағзаға әсерінің абсолютті дабылы бола алады, көп жағдайда ағза әсерді өршітпеу жолдарын анықтап және жауап ретінде реакциясының нақты механизмдерін анық-тауынан да бұрын болады» - деп айтқан болатын. [4] Дер кезінде туындаған эмоцияның көмегімен ағза қоршаған орта жағдайына тиімді бейімделе алады. Ол сыртқы әсердің түрін, формасын және тағы басқа жекелеген нақты параметрлерін анықтамастан-ақ оған тез және өте үлкен жылдамдықпен жауап қата алады. Тіршілік иелері арасында эмоционалдық күйініш формасының ең қарапайым түрі кең таралған және шығу тегі жағынан, ең ежелгі органикалық қажеттіліктерін қанағаттандырылуынан ләззат алатын және мұны істеу болмауымен байланысты сәйкес қажеттіліктердің күшеюі кезінде наразылық тудырады. Барлық қарапайым органикалық сезімдер эмоционалды реңге ие. Эмоция мен ағза әрекетінің тығыз байланысын барлық эмоционалды жағдай кезінде ағзаның көптеген физиологиялық өзгеріске түсуі дәлелдейді. Психолингвистердің бұл өзгерістерді арнайы эмоциялық жағдаймен (күй) байланыстырылды бірнеше мәрте және органикалық өзгерістер кешенін, сондай-ақ басынан өткерген сезімдерінің сан алуандығын дәлелдеуге бағыталып отырды. Дегенмен, қандай субъективті мәліметтер әртүрлі эмоционалды күйініштер кезінде қандай органикалық өзгерістер орын алатындығын нақты анықтау мүмкін болмады. Бұл жағдай эмоцияның өмірлік маңызын түсінуде елеулі болып табылады. Біз басымыздан өткеретін эмоциялық жағдайлардың ерекшелігі олармен қоса жүретін органикалық өзгерістерге қарағанда, нәтижесінде туындайтын сезімдерге байланысты Адам басынан кешіретін негізгі эмоционалдық күйлер эмоция, сезім және аффект болып бөлінеді. Эмоциялар мен сезімдер қажеттілікерді қанағаттандыруға бағытталған, идеаторлық сипатқа ие және оның бастамасы болатын үрдісіне алдын ала масаттандырады. Эмоциялар мен сезімдер адам үшін дәл қазіргі уақыттағы қажеттілік тұрғысынан өзекті болып табылатын жағдаяттың мәнін, оның алда тұрған қимыл немесе әрекетті қанағаттандыру үшін маңызын ашып көрсетеді. [5]

Эмоциялар шынайы және елестетілген жағдайларға байланысты туындауы мүмкін. Адамдар оларды сезімдер сияқты өзіндік ішкі күйініштері ретінде қабылдайды, олар да басқа адамдарға беріледі, өзгелердің аяушылығын тудырады. Егер адам өз сезімін жасыра алатын болса, эмоциялар салыстырмалы түрде сыртқы мінез-құлықта әлсіз байқалады, кейде өзге тұлғаларға байқалмайды. Олар белгілі бір қылықпен қатарласа келетіндіктен, әрдайым түсіне бермейміз, дегенмен біз анықтағанымыздай барлық мінез-құлық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталғандықтан эмоциямен тікелей байланысты. Адамның эмоционалды тәжірибесінің шегі оның жеке күйініштеріне қарағанда әлдеқайда кең. Ал адам сезімі керісінше, сырттай байқала бермейді.

Эмоциялар мен сезімдер – тұлғалық қалыптастырушы. Олар адамды әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан сипаттайды. Эмоционалдық үрдістердің жеке тұлғалық маңызына назар аудара отырып, В.К. Вилюнас: «Эмоционалды оқиғалар әртүрлі жағдайларға жаңа эмоционалдық қатынасты қалыптастыруы мүмкін... Ұнату-жек көру, өшпенділік нысаны субъекті қанағаттану не қанағаттанбау себебі деп танитын нәрселердің барлығы болады» деп жазған. [6] Эмоциялар, әдетте уәжді жүзеге асырады және оған субъекті әрекетінің барабарлығын тиімді бағалайды. Олар рефлексияның емес қалыптасқан қарым-

қатынастар күйінішінің тікелей бейнесі. Эмоциялар әлі болмаған, бұрын басынан кешкен жағдайлармен байланысты немесе елестеткен жағдайлар мен оқиғаларды таңдана ете алады.

Ал сезімдер заттық сипатқа ие, белгілі бір нысан туралы идея немесе елестетумен байланыстырылады. Сезімнің тағы бір ерекшелігі олардың үнемі жетілдірілуінде, олар дами келе, тікелей сезімдерден бастап, рухани құндылықтар мен мұраттарға қатысты жоғары сезімдерге дейінгі деңгейлер қатарын жасайды. Сезімдер тарихи сипатқа ие. Олар әр халықта әртүрлі болуы мүмкін және бір ұлт пен мәде-ниетке жататын адамдарда әр алуан тарихи дәуірлерде түрліше бейнеленуі мүмкін. Адамның жеке дамуында сезімдер маңызды әлеуметтендіруші рөл атқарады. Олар жеке тұлғаны, әсіресе, оның уәждік саласын қалыптастыруда маңызды фактор болады. Жағымды эмоционалды күй арқылы сезімнің түрлері байқалады және адамның мүдделері мен қажеттіліктері бекиді. *Сезім* – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам қажеттеріне сәйкес келуі келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психикалық процестің түрін сезім деп атайды. Сезім - адамның мәдени-тарихи дамуының өнімі. Олар әрқашан сананың жұмысымен тығыз байланыста болады және өз еркінше басқара алады. Олай болса, адамның сезімдері де қоғамдық сипатта болып, сезімнің мазмұнын қоғамдық болмыс белгілеп отырады. [7]

Аффект – латынша «аффектус» деген сөз, қазақша жан ұшыру, күйіп пісу деген мағынаны білдіреді. Қысқа уаққытта созылсада, бұрқ етіп қатты көрінетін эмоцияның бір түрі. Аффект ол - адам көңіл-күйінің кенеттен өзгеріп, әсерленуі. Аффектер кейде адамның бүкіл психикалық қалпын бұзып, мәнерлі қозғалыстарға толы, ерік күшінің әлсіреу жағдайында өтеді. Аффект кезінде оқыс қимыл-қозғалыстар жасалып, қатты дауыс шығады. Мысалы, тынышсызданудан басталған қорқу сезімі үрейленуге ұласып, аффект дәрежесіне жетеді. [8]

Ынтықтық (құмарлық) – ұзақ мерзімді жіне тұрақты эмоциялық жағдай болып табылады. Бірақ, көңіл күйден айырмашылығы, құмарлық күшті эмоциялық жағдай. Тек қана адамда кездесетін эмоционалдық күйдің тағы бір күрделі, сапалық жағынан ерекше түрі. Жастарға арналған өзінің белгілі хатында И.П. Павлов ғылыми-зерттеу жұмысында ынтызарлықтың ерекше рөл атқаратынынан атап көрсетті; «Ғылым адамнан үлкен қиындықты және ұлы құмарлықты талап етеді. Өз жұмысыңыз бен ізденістеріңізге құмар болыңыздар». [9] Ынтықтық белгілі бір әрекет түрі немесе зат айналасында шоғырланған эмоциялардың, уәждер мен сезімдердің жиынтығын құрайды. Ынтықтық нысаны адам болуы да мүмкін. С.Л. Рубенштейн «ынтықтық әрқашан жинақталған (шоғырланған) түрде, ниеттің жинақылығы мен күші, олардың бір мақсатқа бағытталуы арқылы көрінеді. Ынтықтық барлық талпыныстардың құлшыныс, елігу (құмарлық), бағытын және тұлғаның күшін бір бағытта, олардың бір мақсатқа бағытталуын білдіреді» деп жазған.[10]

Сипатталған эмоция түрлерінің әрбіреуі іштей жіктеледі, ал олар өз кезегінде әртүрлі белгілері бойынша бағаланады, атап айтқанда: қарқындылығы, ұзақтығы, тереңдігі, саналылығы, шығу тегі, туындау шарттары мен жойылуы, ағзаға әсері, даму динамикасы, бағыты (өзіне, басқаларға, әлемге, өткеніне, осы уақытқа немесе болашаққа), оларды жеткізу амалдарына (экспрессия) және нейрофизиологиялық негіздері бойынша. Бұл мақалада эмоция болмыстың көрінісінің формасы, адамның өз сезімдерін бастан кешіруі, ол біліп, жасап жүрген нәрсеге деген көзқарасы, қатынасы ретінде қарастырылады. Объективті түрде байқалатын құбылыс ретінде эмоцияның әртүрлі формасы мен реңктерінің спектрі кең болады. Эмоциялар динамикалық: дами отырып олар сапалы түрде күрделенеді, сондықтан оны бір ғана белгісіне қарай жіктеуге болмайды. Психологтар эмоцияны дәстүрлі түрде жағымды, жағымсыз және амбиваленттi деп бөледі. Лингвистикалық талдау үшін жұмыста типтік эмоция түрлері ретінде қуанышты білдіретін эмоциялар, жағымсыз эмоциялар мен оқыс жағдай ұсынылып отыр.

Эмоционалды синтаксис зерттеуде ең алдымен ағылшын тіліндегі олардың эмоционалдық реңктері өзіне ғана тән тұрақты құрылымы, интонациясы, әртүрлі интенсификатор сияқты белгілерін көрсететін сөйлемдердің құрылымдық бөлшегі ретінде назар аударды. Мұндай құрылымдар тек сөйлемнің мазмұнын ғана емес, олардың субъективті-бағалауыштық, айтушының ойға қатысты эмоционалды реңкті көзқарасын да жеткізуді мақсат етеді және эмоционалды коннотацияларды білдіреді. Бұл құрылымдардың барлық түрлері негізінен екі құбылысқа – элипсис пен инверсияға негізделеді. [11] Кешенді түрде атау және тақырыптық топтарға жіктеу мәселесі және оны шешу осы мақала жұмысының өзегі болмақ, эмоцияларды атау, эмоцияны түсіндіру, эмоцияны жеткізу түрлері анықталды. Әр тәсілдің мәні мынада: көркем мәтінде берілген әр эмоция лингвистикалық немесе паралингвистикалық құралдар арқылы атау керек. Бұл атау эмоцияны тікелей және жанама түрде сипаттауы тиіс. Эмоцияны дешифраторы (түсіндірушісі) эмоционалды перформативі эмоционалды құрылым, контекст, пейзаждық лексика, авторлық ремарка және т.б. болуы мүмкін. Контекст (жағдаят), пейзаждық лексика деңгейінде бір сөзбен ғана

жеткізілмейтін эмоционалдық туындайды, оның мағынасы интонацияның әсерімен ерекше трансформацияға ұшырайды. Эмоция сипатын айқындаушы форма оны жүзеге асырушы эксплицитті мағына болып табылады.

Кейбір жағдайларда эмоция тілдік әрекетпен қатар жүретін, тіпті оның орнын алмастыратын паралингвистикалық амалдар арқылы беріледі. Экстралингвистикалық құралдардың эмотивті қызметі адресаттың эмоциясына әсер ету қабілетімен байланысты. Басымдыққа ие паралингвистикалық амалдар коммуникативтік жүйені жеткізетін, вербалды коммуникативтік жүйенің қызметін атқаратын мимика, ым және дене қимылы болып табылады. Эмоцияны тақырыптық топтарға жіктеудің жетекші құралына авторлық баяндаудың формасын анықтау да жатады. Автордың жеке стилінің бір белгісі тілдің көптеген грамматикалық және лексикалық формаларының ішінен мәтіннің сәйкес эмоционалды мазмұнын неғұрлым сәтті ашатынын таңдай білуі болып табылады. Авторлық баяндау тілдік және тілдік емес құралдардың санымен безендірілетін терең мазмұн болып табылады, оның көмегімен автор шығармашылық тұлға ретінде эмоцияны оқырманның сезіміне әсер ете отырып ашады. Эмоцияны тақырыптық топтарға жіктеудің тағы бір әдісі – эмоцияны жеткізетін басымдыққа ие құралдарды анықтау. Қаһарманның эмоционалдық күйін жеткізуде тілдік құралдар да, тілдік емес құралдар да басымдыққа ие болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда эмоцияның сипатын ашуда олардың ішінен ең маңыздысын анықтауға болады. Дегенмен эмоционалды жүктемеге екеуі де ие болуы мүмкін, ондай жағдайда эмоцияны жеткізуші басым құрал лингвистикалық және паралингвистикалық құралдардың жиынтығы болады. [12]. Сонымен, автор эмоцияны тақырыптарға жіктеуде әртүрлі құралдарды пайдалана алады. Тек қана олардың қалай қызмет атқаратындығын анықтау керек: мәтінге тән бола ала ма, белгілі бір эмоцияны көрсететін дәстүрлі немесе автор ойын айқындайтын (шығармашылық, эмоцияны жеткізетін дәстүрлі емес тәсіл) бол ала ма? Эмоцияның гиперсипаты дегеніміз осы.

Тәсілдердің өзара әсерінің негізінде эмоция кешенді түрде тақырыптық топтарға жіктелді.

Ф.С. Фицджеральдың «Ұлы Гетсби» романында эмоциялы көңіл-күйді талдай отырып, ағылшын тілінде берілу жолдарын қарастырамыз.

1. “Suppose you met somebody just as careless as you self”. – “I hope I never will”, she answered. “I hate careless people. That’s why I like you”.

– “Сізге өзіңіз сияқты ұқыпсыз адам тап болса ше?” – «Тап болмас деп үміттенемін», - деді ол. «Ұқыпсыз адамдарды жеккөремін. Міне, сондықтан да сіз маған ұнайсыз».

Берілген мысалда лексикалық деңгейде *«to like»* және «ұнату» сөздері сәйкес келіп тұр. Автор бұл етістікті қыз балаға жас жігітті ұнататынын, тіпті оған ғашық екендігін, сол сезімді білдіру сәтін суреттеу үшін пайдаланған. Демек, аталған лексикалық бірлікті «қуаныш» эмоциясын жеткізу үшін таңдап алуын көрсетіп отыр.

2. “The old Metro pole”.

– «Ескі Метрополь».

Бұл жағдайда лексикалық тұрғыда *«old»* және «ескі» сөздерінің «жақсы таныс», «өте жағымды», «жайлы» деген мағынада қолданылып, сәйкес келіп тұрғандығын байқаймыз. Бұл сын есім сондай-ақ еркелету мәнін де күшейте түседі: «өте жақсы таныс», «ең сүйікті», яғни оқырманның «Метрополь» дәмханасына деген ыстық ілтипатын, жақсы көзқарасын тудырады. Автор бұл құрылымды шығарманың кейіпкерлеріне бұл орынның қаншалықты қымбат екендігін, олардың бұрынғы басынан кешірген уақыттарын, олардың жастық дәуренін және «Метропольдің» адамға лық толы болатын кезін қайтарып алғысы келетіндігін жеткізу мақсатында қолданған.

Әдеби шығармаға жасалған талдау лексикалық бірліктің тағы бірі

3. «I love New York on summer afternoon when everyone’s away. There’s something very sensuous about it – overripe, as if all sorts of funny fruits were going to fall into your hands».

– «Нью Йорктің жазын, әсіресе, түстен кейін, ол бос болған кезін ұнатамын. Онда сезімтал бірнәрсе бар. Қолыңды созсаң болғаны-ақ, таңғажайып жемістер үзіліп түсе беретіндей».

Мысалда көрініп тұрғандай, автор кейіпкердің сезімін табиғатты суреттеу және салыстыру арқылы беруге тырысқан.

4. ‘To like’

“I like to come,”- Lucille said. - «Маған осы жер ұнайды », - деп Люсиль айтты.

Бұл мысалда қыз бұл жердің қолайлығын және жақсы екендігін көтеріңкі көңіл күймен хабарлайды, яғни бұл жерде өз ойын қабылдап отырған адресат адамға тағы да бір рет мұнда келгісі келетіндігін біл-

діререді. Демек, to like етістігі осы ұсыныста экспрессиялылықтың бірінші дәрежесіндегі қуаныш эмоциясын көрсетіп тұр.

5. ‘Good’

- “Did you have a nice ride?”
- “Very good roads around here”.
- «Жақсы жол жүріп келдіңдер ме?»
- « Ия, мұнда жолдар жақсы екен ».

‘Good’ сөзі бұл жерде сын есім болып қолданылып тұр, бірақ бұл мысалда, ‘good’ сөзі сәтті сапар болғанын көрсетсе, ал екінші жағынан бұл жолмен жүргізуші көлікті жүргізу кезінде еш қандай да кедергісіз ләззат алатынын білдіреді. Яғни бұл жерде оң эмоцияны сынап көрсетіп тұр. Автор өз ойын айтқанда қаһарман күйін келтіріп, экспрессиялылықтың бірінші дәрежесіндегі қуаныш эмоциясын көрсетіп тұр.

6. ‘To love’

- “Come along”, he said but- to her only.
- ” I mean it”, she insisted.
- I’d love to have you. Lots of room.

Тек сол қызға ғана назар аудара отырып. - «Жүр кеттік» деді ол, -

- «Жоқ, шыныменде» деді қыз, - ұсынылған ұсыныстан бас тарта. Егер сен келіссең жақсы болар еді, орын бәрімізге де жетеді» - деді жігіт.

Бұл сөйлемде “ to love”, етістігі қуаныш белгісін білдіре қоймай, сонымен қатар қыздың серуендеуге келісім беруі жігіт үшін жағымды жаңалық боларын білдірер еді.

7. «Old sport»

«They can't get him, old sport. He's a smart man».

– «Достым, ештеңені дәлелдей алмады. Оны құрықтау оңай емес».

Мысалдан сөйлеушінің өзінің тыңдаушысына деген жағымды қатынасын, ал өз пікірінің нысанына тіпті ирониялық қатынасын байқауға болады. Сәйкесінше *«old sport»* тіркесі айтушының өзінің пікірінде жағымды күйді жеткізуіне қызмет ететін психологиялық мәнге ие болады.

8. «Fine»

«The grass looks fine, if that's you mean».

– «Егер сіздер шөп жайлы айтып тұрсаңыздар, ол тамаша».

Сөйлеуші өзінің сұхбаттасушысына үйдің айналасындағы шалғынның әдемілігін, оған бағбанның мұқият қарайтын көк шөптің балғындығының ұнайтындығын жеткізу арқылы жағымды көңіл-күй тудырмақшы. Сәйкесінше, бұл пікірде негізгі экспрееивті жүктемеге *«fine»* сын есімі ие болып тұр.

Қорытындылай келе, көркем мәтіндегі эмоцияны талдай отырып адам эмоцияның көмегімен біз бірбірімізді жақсы түсінеміз, сөзді пайдаланбай-ақ басқалардың жағдайы жайлы біле аламыз, ортақ әрекет пен қарым-қатынасқа бейімделе аламыз. Әр мәдениет өкілдері адамды жүзіне қарап қабылдап, бағалай алады. Тіпті қуаныш, ашу, мұң, қорқыныш, жеккөру, таңқалу сияқты эмоционалды күйді қатесіз аңғарып қабылдай алады. Бүгінгі ғаламдастыру, жаһандандыру саясатының аясында ғылымдардың даму көкжиегін жаңа бағыттармен кеңейту, қайсыбір ғылым саласы болмасын, оны "адами факторлармен, адами құндылықтармен" бірлікте қарастыру - адамзат өркениеті мен заманауи керуенінің алға тартып отырған кезекті талабы. Әлемдік қолданбалы және теориялық ғылымдардың ішіндегі негізгі қоғамдық, әлеуметтік коммуникацияның жетекші идеяларын жүзеге асыруда мақсат еткен ағылшын тіл ғылымының қазіргі бағыт-бағдары ғасыр талабына толық жауап беріп отыр. Эмоцияны объективті шындықтың бейнелену, танылу және бағалану формаларының бірі. Ол жағымды немесе жағымсызды сезіну, адамның адамдарға және әлемге деген қатынасы, үрдіс және оның тәжірибелік әрекетінің нәтижесін тікелей басынан өткеру, сезіну формасында көрсететін субъективті психологиялық күйдің ерекше түрі.

1. *Артемьева Е. Ю. Психология субъективной семантики. – М., 1980.*
2. *Дарвин Ч. Выражение эмоций и животных и человека. – Соч., т. 5. – М., 1939.*
3. *Буряков М. А. К вопросу об эмоциях и средствах их языкового выражения // Вопр. языкознания. – 1979. – № 3.*
4. *Анохин П.К. Эмоции. - В кн.: энциклопедия, т. 35. –М., 1964.*
5. *Дерябин В. С. Чувства, влечения, эмоции. – Л., 1980.*
6. *Вилюнас В. К. Психология эмоциональных явлений. – М., 1976.*

7. Макдауголл У. Различение эмоции и чувства. – В кн.: Психология эмоций. Тексты. /Под ред. В.К. Вилюнаса и Ю.Б. Гиппенрейтер. – М., 1984.
8. Выготский Л. С. Психология искусства. – М., 1986.
9. Вилюнас В. К. Психология эмоциональных явлений. – М., 1976.
10. Столин В. В. Самосознание личности. – М., 1983.
11. Новиков А. И. Лингвистическое толкование художественного текста. – М., 1979
12. Бабенко Л. Г. Обозначение эмоций в языке и речи. – Свердловск, 1986.

Резюме

Кабылова М.С. – *Жетысуского государственного университета имени Иьляса Джансугурова, Магистр педагогических наук, преподаватель. г Талдыкорган e-mail:madina.30243024@mail.ru*

Обшая характеристика психологического и лингвистического анализа и их общий уровень в романе Фрэнсис Скот Фицжераля «Великий Гэтсби»

В статье рассматриваются о сюжете художественного романа Фрэнсис Скотт Фицджеральда «Великий Гэтсби» в котором описываются лингвистические и психологические уровни эмоций. Вхудожественном произведении восполняются в полной мере способы иследования проявления эмоций.

Эмоции – особый класс субъективных психологических состояний, отражающих в форме непосредственных переживаний, ощущений приятного или неприятного, отношения человека к миру и людям, процесс и результаты его практической деятельности. Основные эмоциональные состояния, которые испытывает человек, делятся на собственно эмоции, чувства и аффекты. Эмоции и чувства предвосхищают процесс, направленный на удовлетворение потребности, имеют идеаторный характер и находятся как бы в начале его.

Ключевые слова: эмоция, аффект, мимика, пантомимика, комуникация, вербалный комуникация, не вербальный комуникация, коммуникативный, лингвистика, паралингвистика, инверсия, пейзажный лексика, ремарка.

Summary

Kabylova M.S. – *Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, master of pedagogic and psychology sciences, teacher. e-mail:madina.30243024@mail.ru*

General characteristics of psychological and linguistic analysis and the overall level of the novel by Francis Scott Key Fitzgerald "The Great Gatsby"

This article discusses about the plot of the novel feature F. Scott Fitzgerald's "The Great Gatsby" in describing the linguistic and psychological levels of emotion. Vhudozhestvennom work fully replenished ways isledovanija displays of emotion. Emotions - a special class of subjective psychological states, which reflect in the form of immediate experiences, pleasant or unpleasant feelings, man's relationship to the world and people, the process and the results of his practice.

Major emotional states experienced by people are divided into their own emotions, feelings and passions. Emotions and feelings anticipate the process aimed at meeting the needs are ideational in nature and are, as it were at the beginning of it.

Key words: emotion, affect, facial expressions, pantomime, communications, verbal communication, non-verbal communication, communicative linguistics, paralinguistics, inversion, landscape vocabulary remark.

УДК. 796.8

ОСОБЕННОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ

Анарбаев А.К., Сейдахметов Е.Е., Баймуханбетов Б. – *кафедра «Физического воспитания» Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясави, E-mail: Almas_6262@ mail. ru*

В статье рассматриваются вопросы проведения занятий физической культуры в высшем учебном заведении. Исследуются конкретные направления и организационные формы использования массовых оздоровительных, физкультурных и спортивных мероприятий в условиях высших учебных заведений, которые зависят от пола, возраста, состояния здоровья, уровня физической и спортивной подготовленности занимающихся, а также от имеющейся спортивной базы, традиций вуза и других условий. Выделяются гигиеническое, оздоровительно-рекреативное, общеподготовительное, спортивное, профессионально-прикладное, лечебное направления физической культуры.

Ключевые слова: физическая культура, формирование здорового образа жизни, учебные занятия, самостоятельные занятия.

Физическая культура в высшем учебном заведении является неотьемлемой частью национальной программы по формированию общей и профессиональной культуры личности современного специалиста. В условиях реформирования высшего образования приоритетным направлением в работе по физическому воспитанию является поддержание и укрепление здоровья студентов, формирование у них здорового образа жизни и потребности в физическом самосовершенствовании. Это направления отражены в важнейших государственных нормативно-правовых документах Республики Казахстан [1]. Физическое воспитание студентов в основном учебном отделении помогают сосредоточить все внутренние ресурсы организма на достижении поставленной цели, повышают работоспособность, позволяют втиснуть в рамки короткого рабочего дня выполнение всех намеченных дел, вырабатывают потребность в здоровом образе жизни.

Физическая культура - часть общей культуры общества, одна из сфер социальной деятельности, направленная на поддержание здоровья, развитие физических способностей человека и использование их в соответствии с потребностями общественной практики.

Под физической культурой понимают совокупность всех присущих данному обществу целей, задач, средств, форм мероприятий, способствующих физическому развитию и совершенствованию людей. Сюда входят физическое воспитание, спорт и т.п.

Физическое воспитание – это педагогический процесс, который направлен на совершенствование форм и функций организма человека, формирование двигательных навыков, умений связанных с ними знаний, а также на воспитание физических качеств. Физическое воспитание связано с другими сторонами воспитания – нравственной, эстетической, производственной, трудовой [2]. Физическая культура объективно является сферой массовой самодеятельности. Она служит важнейшим фактором становления активной жизненной позиции.

В ряде исследований установлено, что у студентов, включенных в систематические занятия физиической культурой и спортом и проявляющих в них достаточно высокую активность, вырабатывается определенный стереотип режима дня, повышается уверенность поведения, наблюдается развитие престижных установок, высокий жизненный тонус. Они в большей мере коммуникабельны, выражают готовность к сотрудничеству, радуются социальному признанию, меньше боятся критики. У них наблюдается более высокая эмоциональная устойчивость, выдержка, им в большей степени свойствен оптимизм, энергия, среди них больше настойчивых, решительных людей, умеющих повести за собой коллектив. Этой группе студентов в большей степени присущи чувство долга, добросовестность, собранность. Они успешно взаимодействуют в работе, требующей постоянства, напряжения, свободнее вступают в контакты, более находчивы, среди них чаще встречаются лидеры, им легче удается самоконтроль. Эти данные подчеркивают основательное положительное воздействие систематических занятий физической культурой и спортом на характерологические особенности личности студентов.

Основным этапом в воспитании этих качеств является образовательный период в жизни человека (8 – 26 лет), в течение которого происходит закрепление нужного учебного материала для его дальнейшего применения в жизни. Конкретные направления и организационные формы использования массовых

оздоровительных, физкультурных и спортивных мероприятий в условиях высших учебных заведений зависят от пола, возраста, состояния здоровья, уровня физической и спортивной подготовленности занимающихся, а также от имеющейся спортивной базы, традиций вуза и других условий. Можно выделить гигиеническое, оздоровительно-рекреативное, общеподготовительное, спортивное, профессионально-прикладное, лечебное направления [3].

Лечебное направление заключается в использовании физических упражнений, закаливающих факторов и гигиенических мероприятий в системе лечебных мер по восстановлению здоровья или отдельных функций организма, сниженных или утраченных в результате заболеваний или травм.

Учебные занятия являются основной формой физического воспитания в высших учебных заведениях. Они планируются в учебных планах по всем специальностям, и их проведение обеспечивается преподавателями кафедр физического воспитания.

Самостоятельные занятия студентов физической культурой способствуют лучшему усвоению учебного материала, позволяют увеличить общее время занятий физическими упражнениями, ускоряют процесс физического совершенствования, являются одним из путей внедрения физической культуры и спорта в быт и отдых студентов. В совокупности с учебными занятиями правильно организованные самостоятельные занятия обеспечивают оптимальную непрерывность и эффективность физического воспитания. Эти занятия могут проводиться во внеучебное время по заданию преподавателей или в секциях.

Физические упражнения в режиме дня направлены на укрепление здоровья повышения умственной и физической работоспособности, оздоровление условий учебного труда, быта и отдыха студентов, увеличение бюджета времени на физическое воспитание.

К группам здоровья относятся группы утренней гигиенической гимнастики (зарядки), реабилитационной (восстановительной) гимнастики и лечебной гимнастики.

Занятия проводятся с широким использованием разнообразных средств физического воспитания и включают виды легкой атлетики, плавания, лыжного спорта, гимнастики, а также общеразвивающие физические упражнения, подвижные и спортивные игры и др. Реализация программы занятий может осуществляться последовательно, когда занятия одним видом физических упражнений через некоторое время сменяются другим видом, или комплексно, когда в одном занятии присутствуют различные виды физических упражнений. Практический опыт показывает, что комплексные занятия более эффективны. С помощью целесообразно подобранных для каждого занятия упражнений и применения соревновательно-игрового метода можно повысить эмоциональность занятий, что позволяет добиться от занимающихся максимального проявления их физических способностей [4].

Наряду с разнообразными упражнениями в процессе занятий можно большее внимание уделять совершенствованию в каком-либо одном виде спорта с учетом интересов и пожеланий занимающихся, возможностей преподавателей и условий материальной базы. Такой подход поможет привить интерес к занятиям спортом.

Для определения эффективности занятий применяются функциональные пробы, дающие представление об уровне работоспособности сердечно-сосудистой и дыхательной систем, антропометрические индексы, показывающие изменения в физическом развитии, и выполнение контрольных нормативов (тестов), характеризующих степень развития физических качеств (силы, быстроты движений, ловкости, гибкости, выносливости). Важны также показатели самоконтроля: самочувствие, настроение, сон, аппетит и др.

В группы специальной физической подготовки зачисляются лица, отнесенные по результатам медицинского освидетельствования к основной или подготовительной медицинской группе. К зачёту допускаются студенты, полностью выполнившие практический раздел учебной программы, т.е. выполнившие все запланированные практические контрольные упражнения и нормативы. Контрольные упражнения и нормативы по оценке физической подготовленности студентов выполняются только в условиях спортивных соревнований. К выполнению зачётных требований, упражнений и нормативов допускаются студенты, регулярно посещавшие учебные занятия и получившие необходимую подготовку. Отметка о выполнении зачёта по физическому воспитанию вносится в зачётную книжку студентов в конце каждого семестра. В процессе прохождения курса физического воспитания каждый студент обязан:

- систематически посещать занятия по физическому воспитанию (теоретические и практические) в дни и часы, предусмотренные учебным расписанием;
- повышать свою физическую подготовку и выполнять требования и нормы и совершенствовать спортивное мастерство;

- выполнять контрольные упражнения и нормативы, сдавать зачёты по физическому воспитанию в установленные сроки;
- соблюдать рациональный режим учёбы, отдыха и питания;
- регулярно заниматься гигиенической гимнастикой, самостоятельно заниматься физическими упражнениями и спортом, используя консультации преподавателя;
- активно участвовать в массовых оздоровительных, физкультурных и спортивных мероприятиях в учебной группе, на курсе, факультете, в вузе;
- проходить медицинское обследование в установленные сроки, осуществлять самоконтроль за состоянием здоровья, физического развития, за физической и спортивной подготовкой;

Врачебный контроль в вузе обеспечивает медицинское наблюдение за динамикой здоровья студентов в течение всего периода обучения в вузе и проводится в следующих формах:

- регулярные медицинские обследования студентов, занимающихся физической культурой;
- врачебно-педагогические наблюдения за студентами во время занятий по физическому воспитанию (в т.ч. физкультурно-оздоровительных мероприятий и соревнований);
- санитарно-гигиенический контроль за местами и условиями проведения занятий, физкультурно-оздоровительных мероприятий и спортивных соревнований;
- санитарно-просветительская работа, пропаганда здорового образа жизни, физического развития, степень приспособленности (адаптации) к физическим нагрузкам и медицинскую группу.

На основе данных медицинского обследования студенты распределяются на 3 медицинские группы: основную (лица без отклонений в состоянии здоровья), подготовительную (лица с недостаточным физиическим развитием или подготовленностью) и специальную (лица, имеющие отклонения в состоянии здоровья и требующие ограничения физических нагрузок). Занятия физическими упражнениями проводятся с этими студентами по специальным учебным программам.

Целью физического воспитания в вузах является содействие подготовке гармонично развитых, высококвалифицированных специалистов. В процессе обучения в вузе по курсу физического воспитания предусматривается решение следующих задач:

- воспитание у студентов высоких моральных, волевых и физических качеств, готовности к высокопроизводительному труду;
- сохранение и укрепление здоровья студентов, содействие правильному формированию и всестороннему развитию организма, поддержание высокой работоспособности на протяжении всего периода обучения;
- всестороняя физическая подготовка студентов;
- профессионально-прикладная физическая подготовка студентов с учётом особенностей их будущей трудовой деятельности;
- совершенствование спортивного мастерства студентов-спортсменов;
- воспитание у студентов убеждённости в необходимости регулярно заниматься физической культурой и спортом.

Процесс обучения организуется в зависимости от состояния здоровья, уровня физического развития и подготовленности студентов, их спортивной квалификации, а также с учётом условий и характера труда их предстоящей профессиональной деятельности. Физическая подготовка студентов является одной из главных задач высших учебных заведений.

Непосредственная ответственность за постановку и проведение учебно- воспитательного процесса по физическому воспитанию студентов в соответствии с учебным планом и государственной программы возложена на кафедру физического воспитания вуза. Массовая оздоровительная, физкультурная и спортивная работа проводится спортивным клубом совместно с кафедрой и общественными организациями.

1. Типовая учебная программа по дисциплине физическая культура. Департамент высшего и послевузовского образования международного сотрудничества от 03.11. 2014года 03-3/529.

2. Мухамеджанов Б.Қ. Болашақ дене мәдениеті мамандарын кәсіби дайындаудың ғылыми практикалық негіздері Пед. ғыл. докт. дисс....- Түркістан, 2010.

3. Беляков Р.Н. Педагогический и медицинский контроль физического воспитания учащихся, посбие для преподавателей физической культуры и медицинских работников учебных заведений Р.Н. Беляков, Г.А. Баник, И.А. Мотевич. – Минск,2004.

4. Әбділлаев Ә.К., Мухамеджанов Б.Қ. Дене мәдениеті. ЖОО арналған оқу құралы. – Түркістан ,2008 ж.

Түйін

Анарбаев А.К. – *педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, E-mail: Almas_6262@ mail.ru.*

Сейдахметов Е.Е. – *доцент, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.*

Баймуханбетов Б.М. – *PhD, и.о. доцента, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.*

Мақалада дене мәдениеті сабағын ЖОО-да өткізудің ерекшеліктері қарастырылған. ЖОО-да студенттердің жастық, жыныстық ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылған спорттық және дене шынықтыру сауықтыру іс-шараларының формаларының нақты бағыттары, сонымен бірге ЖОО-ның дәстүрлі ерекшеліктері мен оларда бар спорттық базасын зерттеледі. Дене мәдениетіндегі гигиеналық, рекреативті-сауықтыру, жалпы даярлық, спорттық кәсіби-қолданбалы, емдік бағыттары ескеріледі.

Кілтті сөздер: дене мәдениеті, салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқу жұмыстары, өзіндік жұмыстар.

Summary

Anarbaev A.K. – *Phd Assosiate professor of International Kazakh-Turkish University named by A.Yasawi*
E-mail: Almas_6262@ mail.ru

Seidakhmetov E.E. – *assistant professor of International Kazakh-Turkish University named by A.Yasawi*

Baimukhambetov B.M. – *PhD,p.d. of assistant professor of International Kazakh-Turkish University named by A.Yasawi*

The article deals with issues of physical training in higher education. We study the specific directions and organizational forms of the use of mass health, physical education and sports activities in the conditions of higher education institutions that depend on sex, age, state of health, level of physical and athletic preparedness involved, as well as from the existing sports facilities, university traditions, and other conditions. Are allocated hygienic, health-recreational, vocational and crafts, medical direction of physical training.

Keywords: physical education, promoting a healthy lifestyle, training sessions, self-study.

ӘОЖ: 37.017:37034:371

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МҰРАЖАЙ МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Омаров Д.К. – *PhD докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*
e-mail: daulet_omarov_2014@mail.ru

Мақалада заманауи қоғамның өмірінде отандық білімді жаңғырту және мұражай рөлін күшейту үшін мұражай ортасының жағдайында және білім беру мекемесінде педагогикалық тапсырмаларды шешуге қабілетті мамандардың кәсіби дайындығы қажет екені ескеріледі.

Автор мұражай педагогикалық әдіспен арнайы ұйымдастырылған дамытатын білім беру ортасын құру негізінде білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және рухани-адамгершілікпен сауықтыру мәселелері жолдарын қарастырылуда. Ол болашақ педагогтардың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда мұражай материалдарын пайдаланудың тұжырымдамалық бағыттары көздеп отыр. Осыған орай ол мұражай материалдарын оқу үдерісінде пайдалану кезінде ЖОО оқытушысы білуге қажетті нұсқалар айқындаған.

Тірек сөздер: рухани-адамгершілік тәрбие, рухани-адамгершілік мәдениет, мұражай, мұражай мұрағаттары, мұражайлық ескерткіш, гуманистік тұжырымдама, мәдени-тарихи құндылықтар

Өсіп келе жатқан адамның дамуы, оқуы және тәрбиесі үшін өткен ұрпақпен, мәдени және тарихи ескерткіштің қалыптасуымен байланыста болу ерекше маңызды. Бала осы сезімдерді жете ұғынуы үшін оқып шығу, көру немесе қажетті ақпаратты есту ғана жеткіліксіз. Сол дәуірге жанасып, оны қолмен ұстап және жасанды дүниені эмоциялық тұрғыда бастан кешіру қажет. Бұл тұрғыда мұражай педагогикалық әдіспен арнайы ұйымдастырылған дамытатын білім беру ортасын құру негізінде білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және рухани-адамгершілікпен сауықтыру мәселелерінің кешенді шешімін қамтамасыз ете отырып, білімнің ресми (жалпы) және бейресми (қосымша) бірлігін қамтамасыз ету мүмкін-

дігін береді. Бұл орта топсаяхаттың және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыру ғана емес, оқушылардың және оқытушылардың педагогикалық қызмет барысындағы мұражайлық жәдігерлерді жинауы және зерттеуі болып табылады.

Білімдегі гуманистік тұжырымдаманың артықшылығы бүгінде теориялық деңгейде де, сондай-ақ Ш.А.Амонашвили, Л.И. Новикова және Е.В. Бондаревская қызметінің тәжірибесі растайтын педагогикалық тәжірибеде де дәлелденген. «Оқыту, тәрбие беру және білім беру педагогикалық үдерісінде субъектілердің мүмкіндіктерді және жеке тұлғалық мүдделерді еркін есепке алуға» бағытталған гуманистік психология негізінде қалыптасқан педагогикалық тәжірибеде оқушыны мұғалімнің серіктесі ретінде қарастыруы әдеттегідей болып кеткен, яғни «оқыту және тәрбиелеу объектісі» емес, ал «оқыту және тәрбиелеу субъектісі» ретінде қарастырған [1, 486 б.]. Мұражайлық педагогика үшін бұл тұжырымдаманың ерекшелігі, оның гуманистік бағытымен, баланың шығармашылық дамуына ықпалымен, сондай-ақ педагогикалық ортаның мәдени сәйкестігінің мағынасы туралы пайымдауымен анықталады.

Жоғары оқу орнындағы және мұражайдағы оқу мен тәрбиелеу үдерісінің негізі ретінде білім алушылар шығармашылыққа нұсқама алады. Себебі дәл осы шығармашылық тұлғаның маңыздануына және өзін-өзі тануына жол нұсқайды. Мұражай эмоциялық, білімдік, тәрбиелік және ақпараттық шамаларды ашатын мәдениет құралдарын жинайды, сақтайды, зерттейді, көрмеге қойып көрсетеді. Мұражай зат-тарында адамның ғасырлық білімі, оның әлеуметтік тәжірибесі мен кәсіби қызметі, мәңгілік және таңғажайып құндылықтары туралы көрінісі тіркелген. Мұражай арқылы адамның өмірге, өзіне, әлемге, табиғатқа деген қарым-қатынасын түсінуге және зерделеуге болады. Бұл мұражайдағы бұрынғы және қазіргі шеберлердің қолымен жасалған төлтума заттардың сақталуы нәтижесінде болуда, бұл заттар көптеген адамзат ұрпақтарының өмірі мен шығармашылығымен тікелей байланысты. Мұражайдағы заттар бұрынғы өткен ұрпақ пен қазіргі өмір сүріп жатқан ұрпақтың және осы ғасыр мен өткен ғасырдың арасындағы көзге көрінбейтін көпір, делдал секілді тұрады. Тәрбиелік-оқыту жұмыстары үдерісінде мұра-жай мен студенттерді өзара әрекеттестіре отырып, біз білім беру, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендіру мақсаттарына сүйенеміз. Бұл мақсаттардың әрбірі студенттер аудиториясымен, мұражай қызметінің негізгі үлгілерінің бағытымен және педагогикалық шамамен сәйкес келетін нақты мағыналық мәнді таратады.

Білім беру мақсаты студенттер ой-өрісінің кеңеюін, олардың жалпы дамуы мен кәсіби қызметі үшін қажетті білім алуын шамалайды. Тәрбиелеу мақсаты өзіне студент жастарын азаматтық-отан сүйгіштік, эстетикалық, рухани-адамгершілік тәрбиелеуді және олардың дүниетанымдық және құндылықты бағдарын қалыптастыруды қосады. Дамыту мақсаты болашақ маманның тұлғалық және кәсіби сапаларын дамытуға негізделеді. Әлеуметтендіру мақсаты студенттерді өзінің кіші және үлкен Отанының, әлем халықтар мен өз халқының мәдени-тарихи құндылықтарына араластыруға ниеттенеді. Әрбір мақсат түрі сарқылмайтын білім беру мүмкіндіктерінде, аймақтық мұражайлардағы сабақтар мен саяхаттар барысында ойдағыдай іске асырылуы мүмкін.

Мұражай материалдарына сүйенетін сабақтарды ұйымдастыру кезінде оқытушы мұражаймен өзара әрекеттің әдіснамалық тәсілдер мен тұжырымдар қатарының негізінде болатынын ескеруі қажет екенін атап өту қажет (№ 1 кестені қарау):

№	Тұжырымдар мен әдіснамалық тәсілдер	Жұмыс мазмұны
1	Гуманистік тәсіл	Мұражай жұмысында келушілердің сұранысына, олардың қызығушылықтарына, ықыластарына бейімделуге басым жағдай жасау, олардың кәсіби және әлеуметтік ерекшеліктерін есепке алу, адамның пікірі мен ұстанымын, мұражайға деген қарым-қатынасын құрметтеу
2	Мәдениеттану тәсілі	Мұражай залдарында студенттер өз халқының ұлттық ерекшеліктері, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, олардың әлем мәдениетінің дамуына қосқан үлесі туралы қызықты ақпарат пен жалпы мәдени білім алады.
3	Қызметтік тәсіл	Мұражайдағы сабақтар мұражай құралдарының, ой әрекетінің және ойлану маңыздылығын ұғыну, бұл құралдарды тұрмыста, адамның тәжірибелік қызметінде қолдануы туралы болжамдар негізінде құрылады.

4	Интегративтік тәсілі	Болашақ мамандарда жалпы мәдени және кәсіби ұстанымдарды қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орындарындағы студенттермен мұражайдағы сабақтарды біріктіреді.
5	Ақпараттық тәсіл	Студенттердің кәсіби қызметі үшін мұражайдағы қажетті мәдени-тарихи ақпаратты алу.
6	Коммуникативтік тәсіл	Мұражай жағдайында сабақтар өткізу кезінде мәселелерді қою, сұқбаттасу, әңгімелесу негізінде студенттермен өзара әрекет жасау.
7	Жеке бағытталған тәсіл	Мұражайда студенттермен әртүрлі кәсіби бағыттағы сабақтар мен саяхаттар жүргізу үшін қолайлы орта құрылады, олардың жеке және жас ерекшеліктеріне бағдар жасалады.
8	Тәжірибелік бағытталған тәсіл	Болашақ мамандардың, әсіресе болашақ педагогтардың заманауи мектеп жағдайында оқитындардың оқу-тәрбие жұмысында мұражайда алған білімдерін қолдануға мүмкіндіктері бар.
9	Құндылықты тәсіл	Студенттер мұражайда Адам, Өнер, Мәдениет, Еңбек, Отан, Сұлулық, Әлем және басқалар туралы білетін жалпы адами құндылықтарға бағдар жасау.

Аталған тәсілдерді есепке алу оқытушыға мұражаймен өзара әрекет етуде жоғары оқу орнында оқу-тәрбиесі үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мұражай материалдарын оқу үдерісінде пайдалану кезінде ЖОО оқытушысы білуге қажетті мамандармен ұсынылған осы үлгінің негізгі нұсқаларын атаймыз:

1. *Танымдық* – келуші мағлұмат алу мақсатымен мұражай қызметкерімен (саяхаттанушы, сақтаушы, қайта қалпына келтіруші және т.б.) тілдеседі, ал жәдігер бұл тілдесудің мазмұны немесе құралы ретінде қызмет етеді (К.Хадсон). Бұл үлгі көркемдік емес бағыттағы мұражайларда кеңінен таралған. Аталған байланыс түрі монологтік, сондай-ақ сұхбаттық сипатқа ие болуы мүмкін.

2. *Эстетикалық* – мұражайға келуші маңыздылығы бар жәдігермен тікелей тілдеседі (Г.Осборн, Д.Вайлер). Бұл тілдесудің мақсаты - өнертану ақпаратының басымдығы емес, эстетикалық қабылдау. Мұндай байланыс түрі ең алдымен көркемдік мұражайға қатысты болады.

3. *Белгілік* – мұражай келушісі әлеуметтік-тарихи мазмұнның (Ю.Ромедер) қандай да бір белгісін көрсететін жәдігер арқылы өткен шақтың, осы шақ пен болашақтың байланысын қалпына келтіре отырып, оның жасаушысымен, иесімен және т.б. "тілдеседі". Жәдігер мәдени-тарихи қашықтықты еңсеру және басқа тарихи уақыттың мәдениетімен тілдесу құралы болып табылады.

4. *Сұхбаттық* – мұражай келушілері өзара тілдеседі. Зерттеушілердің пікірі бойынша (Р.Стронг, Е.Александер), бұл байланыс үлгісі мәдени және қоғамдық өмір орталығының "қызметін" орындайтын мұражай үшін ерекше сипатқа ие. Келушілердің әртүрлі санаттары - балалар мен үлкендер, әртүрлі халықтың өкілдері және т.б. арасында туындайтын сұхбаттар (пікірталас) кенеттен немесе ұйымдастырылған болуы мүмкін. Осылайша мұражай қоғамдағы әртүрлі құндылықты мақсаттардың тіршілігі мен өзара әрекетін анықтайды.

5. Пәнаралық – заманауи мұражай гуманитарлық сипаттағы кешенді мәселелердің шешімін іздеуші мұражайтанушы, өнертанушы, тарихшы, психолог, мәдениеттанушы, әлеуметтанушы және т.б. әртүрлі бағыттағы мамандардың ынтамақтастық орны болып табылады. Пәнаралық тәсіл ғалымдармен әртүрлі бағыттағы мұражайлардың ынтамақтастығы үшін ерекше пайдалы деп қарастырылады (М.С. Каган, Б.А. Столяров).

6. Ақпараттық-байланыс – мұражайды келушілер әлеуметтік ортаға қосылған "Мұражай — Келуші" ерекше биожүйелік құрылымды құрайтын компонеттер болып табылатын нысанның әлеуметтік мәдени кеңістігінде қызмет етуші ретінде қарастырады (С.В. Пшеничная).

Қарастырылған мұражай байланысының алты құрылымдық үлгісі мұражай бағытынан емес, оның қызметтік жұмысының дамуы және көрермендердің келу мақсаты мен уәждеріне, қызығушылықтарына қатысты әртүрлі түрлерін пайдалану мүмкіндігін дәлелдейді. Сол себепті мұражай өз тәжірибесінде аталған үлгілердің барлық элементтерін пайдаланады. Осылайша, келушілердің мұражай жәдігерлерімен тілдесу үдерісі құрылып жатқан негіз ретінде жасала отырып, мұражай байланысының теориясы XX ғасырдың 1930-50 жылдарында қалыптасқан мұражайды білім беру жүйесінің формалды қосымшасы деген көзқарасты еңсеруге мүмкіндік берді. Осылайша, 1950-80 жылдардағы мұражайлардың білім беру қызметін гуманистік педагогика идеяларымен байыту және мұражай байланысы теориясын дамыту олардың жасөспірім-балалар аудиториясымен жұмыс істеу мүмкіндігін кеңейтті және мұражай педагогикасының теориялық аспектілерін әзірлеуге негіз дайындады.

Мұражайдың жаңа тұжырымдамаларын әзірлеу әлеуметтік мәдени институт секілді мұражайдың білім беру қызметінің маңыздылығын бекітуге негізделеді. Сонымен бірге, шетелдік және отандық зерттеушілер білім беру саласындағы мұражайдың төмендегідей міндеттерін бөліп шығарады [3,4,5].

1. Білім алушыларды материалдық ортаның құралдарын немесе табиғат құбылыстарын бақылау негізінде бірінші қайнар көзден ақпаратты алу қабілетін дамыту.

2. Материалдық ортаның құралдарымен және табиғатпен тілдесу, бақылау арқылы түсінік аппаратын қалыптастыру.

3. Өздігінен оқуға дағдыландыру.

4. Оқыту үдерісінің уәждемесі, оқыту барысында «қуаныш тәжірибесін» оқушылармен иемдену.

«Физикалық әлемнің, адами жетістіктердің құралдары мен көріністерін жинау және көрмеге қою, сондай-ақ өзінің топтамаларын адами білім мен өзара түсінікті көбейту үшін қолдану» – еліміздегі мұражайлардың жалпы міндеттерін ресми мәлімдей отырып, біз қазіргі уақыттағы мұражайлық білім берудің маңыздығы мен мәнін белгілейміз [6]. Жоғарыда аталған ой-пікірлерге сүйене отырып, бүгінгі күні мұражайдың білім беру қызметіне қатысты келесі үлгілердің дамуына жоғары оқу орны оқытушыларының көңіл аударуы қажет:

Бұл үлгідегі *бірінші* және басты үлгі үш элементтен тұратын мұражай компоненті болып табылады:

1. Мұражайлық ескерткіш – мұражайды басқа білім беру мекемелерінен ажырататын басты білім беру құралы.

2. Мұражай – қоғаммен сеніп тапсырылған мәдени мұраның жай-күйіне жауап беретін, оны сақтайтын, қайта қалпына келтіретін бірегей мекеме.

3. Пәнаралық және гуманистік тәсілдерден құралатын білім беру қызметі. Егер оқушы әртүрлі оқу пәндерінің мазмұндары арасындағы өзара байланысты табуға үйренсе, оған мәселелерді шешу және өзінің білімін біртұтастыққа байланыстыру оңай болар еді.

Екіншіден, қарастырылатын үлгінің құраушысы меншікті білім болып табылады. Сөз мұражай мен мектеп/ЖОО өзара әрекет ету аясында мұражай ортасының, осы негізде білім беру бағдарламаларын дайындауда және тиімді педагогикалық ойлар мен технологиялардың бірігуі туралы болуда.

Үшінші құрастырушы білім беру үдерісінің негізгі міндетіне «бағынышты» және оның тиімділігін күшейтуге мүмкіндік беретін білім шеңберін таңдаумен анықталады. Мұндай білімнің таратушысы табиғи ғылыми мұражайда оның ғылыми қызметкері, ғалым, өнертапқыш болуы мүмкін. Көркемдік мұражайда суретші, қайта қалпына келтіруші, ғылыми қызметкер және т.б. болса, ЖОО білім беру үдерісінде мұғалім болып табылады.

Осыған орай, мұражай білімі мен тәрбиесіне жаңа көзқарас тұтас алғанда ғылыми жүйелі тұжырымдамаға негізделуі және оқу-әдістемелік материалдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Мұражай білімінің және тұлғаның рухани-адамгершілік даму мәселесіне жаңа тәсілдер тұлғаның рухани-адамгершілік мәдениетінің қалыптасуының тиімді тетігі болып табылатын мұражай маңыздылығының құндылығын арттыруға себепші болады. Біздің зерттеулеріміздің аясында педагогикалық кезеңнің пән сабақтарында, студенттердің рухани-адамгершілік қалыптасу үдерісінде мұражай материалдарын пайдалану бойынша әдіснамалық және әдістемелік базасы ұсынылды.

Мұражайдың, мұражай материалдарының білім беру қызметінің тұлғаға әсер етуі үш бағытта жүзеге асырылатыны көпшілікке мәлім:

А) танымдық бастаманы күшейту;

Б) дүниетанымды қалыптастыру;

В) жалпы және гуманитарлық мәдениетті дамыту.

Бұл қызмет екі озық қағидадан құралады – танымдық мағлұмат алу және тарихты тану. Мұражай материалдарының пайымдауына сүйсіну тілсіз мағлұмат түрі болып табылатын тұлғаның эстетикалық тәжірибесін қамтамасыз етеді. Көптеген зерттеушілердің (Г.Осборн және басқалар) осындай тәжірибенің қалыптасуын мұражайдың білім беру-ағартушылық қызметінің маңызды міндеті ретінде көретіні кездейсоқ емес.

Екіншіден, әлем және адам туралы көріністерді кеңейтуде, оның дүниетанымын қалыптастыруда тұлғаға мұражай материалының әсер ету мәнін қарастыра отырып, қабылдау үдерісінің зиялылық маңыздылығын айрықша айтуға болады. Оқушыны/мұражайға келушіні танып білудің үздіксіз үдерісіне қатыстыра отырып, мұражай материалдары олардың өмірлік тәжірибесін байытады, сондықтан мұражай әрбір жеке тұлғаның икемділігі мен тәжірибесінің дамуына мүмкіндік туғызуы тиіс. Алайда аталған қызметтің

бұл элементтерінің ара қатынасы білім беру үдересінің нақты ұйымдастырушылары мен қатысушыларының ұстанымдарына тәуелді болады.

Заманауи мұражайдың жоғары оқу орнымен өзара әрекет ету жоспарындағы білім беру қызметін қамтамасыз ету үшін келесі қағидаларды сақтау қажет:

- қоғамның барлық әлеуметтік және жас аралық топтарына мұражай топтамасына барынша ашықтық және қолжетімділік;

- өткен дәуірдің мұражай ескерткіштерінде, тарихи-мәдени айғақтарында сақталып қалған әлемнің суреттерін мұражай экспозицияларында іске асыру;

- мұражай экспозицияларының сұқбаттастығы (өткен мен осы шақтың, ескеркіш пен келушінің, мұражай қызметкерінің, мұғалім/оқытушының, оқушы/студенттің және т.б. арасындағы сұқбат). Себебі, «мұражай – бұл адамзат қоғамының сан ғасырлық тарихы мен салт-дәстүрінен, өнері мен мәдениетінен, ғылымы мен білімінен ең қысқа уақыт ішінде хабардар ететін ақпараттық жылдамдыққа ие бірден-бір ғылыми танымдық орын, әрі көп қырлы тарихи қалыптасқан мәдени-әлеуметтік институт» [7,175 б.].

Студенттермен жұмыс істеу кезіндегі жаңа тәсілдер тұлғаның шығармашылық шамасын ашуға бейімделген. Осылайша, мұражай педагогикасының басым мақсаты өзін өзі тану мен өз ойын білдіруге апаратын шығармашылық, адамгершілік қабілеттер арқылы тұлғаның үйлесуі, ал оған жету әдісі – оның кең мағынасындағы сұхбат болып табылады (мұражай материалымен (жәдігермен), педагогпен сұхбат және нақты мұражай материалы, сонымен қатар тұтас мұражай туралы тұлғааралық сұхбат).

Жоғары оқу орны мұражайының жалпы міндеттері:

1. Отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу.

2. Тәрбиеленушілер үшін тарихи, көркемдік немесе басқа да құндылықтарды көрсететін мұражай заттарын, қайнар көздерін, түпнұсқаларын сақтау.

3. Мұражай материалдарын оқу үдерісіне енгізуге мүмкіндік жасау.

4. Мұражайлық заттарды өткен дәуірлердің ақпараттық және эмоциялық қабылдау құралына түрлендіру.

5. Өз Отанының тарихын қалпына келтіру, оқып-білу бойынша іздеу-зерттеу қызметіне, әлеуметтік мәдени шығармашылығына студенттерді қосуға мүмкіндік жасау.

6. Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік жасау.

Жоғарылатылған міндеттердің шешімі келесі қағидаларды сақтаған кезде негізге алынуы тиіс:

- жоғары оқу орнында оқытылатын пәндердің тереңдетілген мазмұнын және қосымша білімді құрайтын жоғары оқу орны мұражайының педагогтары мен ата-аналардың, оқушылардың біріккен теориялық және тәжірибелік қызметі арқылы жеткіліксіз дағдыларды, білім мен икемділікті қалпына келтіруге мүмкіндік туғызатын *қосымшалылық*.

- *түсінік пен әрекеттің тұтастығы* (А.Н. Леонтьевпен және С.Л. Рубинштейнмен қалыптасқан), демек адами психика еңбек, оқу, ойын және т.б. – белсенді қызметтерде көрінеді және қалыптасады; аталған қағида бағыт ретінде соңғы нәтижеге жетуді ғана емес, білім алушылардың қандай тәсілдермен әрекеттенгендері, қалай қол жеткізгендері, мұражай қызметінің «затына» тікелей қызығушылықты қалыптастыру арқылы олардың уәждемелері қандай болғанын, олардың танымдық қызметінің қаншалықты өзіндік екеніне жағдай жасайды;

- білім алушының дамуының жас және психофизикалық ерекшеліктерін есепке алуды, оның қолжетімділігі жағынан қосымша бағдардың жоғары оқу орнындағы негізгі пәндері мен бағдарламалары бойынша оқу-тәрбие материалдарының мазмұнын талдауды және зияткерлік, моральдық, физикалық жүктеме мен қолайсыздықты көрмейтін оқу мен тәрбиелеу ұйымын талап ететін *оқудың қол жетімділігі;*

- мұражай педагогикасының белсенді түрлерін пайдалану арқылы өмірмен жоғары оқу орындарындағы оқыту пәндерінің *оқу және тәрбиелеу мазмұнының байланыстары.* Аталған қағиданы іске асыру оқушының шынайы өмірде, мұражай қызметіндегі тәжірибелік тапсырмаларды шешуде жоғары оқу орнында алған білімін пайдалану үдересін ынталандырады, өмірге қажетті жеке көзқарастар мен адамгершілік сапасын қалыптастыра отырып, қоршап тұрған болмысты талдауға, ал алынған тәжірибелік білімді сабақтарда пайдалануға мүмкіндік береді.

- мұражайдың даму білім беру кеңістігінде дәрісханалық, дәрісханадан тыс қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен *ұжымдық және жеке үлгілерін ұтымды байланыстыру.* Аталған қағиданы іске асыру тәрбиелеу, дамыту және рухани-адамгершілік сауықтыруды ұйымдастырудың әртүрлі үлгілерін пайдалануды, сондай-ақ тұрақты және ауыспалы сабақтардағы, кіші және үлкен топтардағы, әртүрлі жастағы ұжымдардағы жұмыс және жеке жұмыс секілді қызмет түрлеріне білім алушыларды өзара әрекеттестірудің әртүрлі тәсілдерін бағамдайды.

- білім алушылармен әлеуметтік ортада жүріс-тұрысты және өмірлік мұратты таңдаудың негізіне қызмет ететін, Отанға деген сүйіспеншілік пен отансүйгіштіктің, рухани-адамгершілік және азаматтық сапаларын қалыптастыруға бағытталған даму, тәрбиелеу және рекреациялық сипатта тұлғаға *кешенді ықпал жасау.*

Қорыта келгенде, мұражайдың дамушы-білім беру ортасы әртүрлі ғылыми салаларды білуге, жалпы және қосымша білім беруді ұйымдастырудың, қызметтің педагогикалық технологиялары мен әдістерінің үлгілері мен мазмұнын біріктіруге, тұлға аралық байланыс дағдыларын дамытуға, студенттердің пәндік, пәнаралық және негізгі тұжырымдамаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұражаймен іске асырылатын қосымша білім білім алушылардың эмоциялық түрде мазасызданыуына, жоғарғы оқу орны білімімен баюына және түйсінуіне мүмкіндік береді, шығармашылықтың, баланың жеке зияткерлік және эмоциялық аясын дамыта отырып, олардың ой-өрісін кеңейтеді, азаматтық және дербес ұстанымды қалыптастырады.

1 Бордовская Н.В. Диалектика педагогического исследования. – СПб., 2001. – С. 486.

2 Alexander E.P. Museums in motion: an introduction to the history and functions museums. – Nashville, 1978. – P. 308.

3 Вишина Г.В. Музейная педагогика как направление развития системы дополнительного образования: дис.к-та пед. наук: 13.00.01 / Г.В. Вишина. – Липецк, 1999. – 203 с.

4 Knowles M.S. The Modern Practice of Audit Education; From Pedagogy to Andragogy. Chicago, 1980.

5 Жибраев С.К. Қазақ әдебиеті сабақтарында музей мұрағаттарын пайдаланудың әдістемесі: педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты – Алматы,2003.

6 Museum education: History, Theory and Practice / Ed. N. Berry and S. Mayer Reston. – 1989. – P. 90.

7 Омаров Д. Мұражай - рухани-адамгершілік тәрбие орталығы// Ғылыми журнал «Қазақстанның ғылымы мен өмірі- Наука и жизнь Казахстана». – Астана, 2016. – №1(35). – 175-177 бб.

Резюме

Омаров Д.К. – *PhD докторант, Кызылординский государственный университет им.Коркыт Ата*

Концептуальные подходы к использованию музейных материалов в процессе формирования духовно-нравственной культуры будущего педагога

В статье автор констатирует, что модернизация отечественного образования и усиление роли музея в жизни современного общества обусловили необходимость профессиональной подготовки специалистов, способных решать педагогические задачи в условиях музейной среды и образовательного учреждения.

Исходя из этого он раскрывает концептуальные подходы по использованию музейных материалов в процессе формирования духовно-нравственной культуры будущего педагога. Автор научно обосновывает, что музей позволяет обеспечить интеграции формального (общего) и неформального (дополнительного) образования, обеспечивая комплексное решение вопросов воспитания, обучения, развития и духовно-нравственного оздоровления обучающихся на основе создания педагогически целесообразно организованной развивающей образовательной среды.

Ключевые слова: духовно-нравственное воспитание, духовно-нравственная культура, музей, музейные материалы, музейный экспонат, гуманистическая парадигма, историко-культурные ценности

Summary

Omarov D.K. – *PhD students, Korkyt Ata Kyzylorda State University*

Conceptual approaches on the use of museum materials in the formation of spiritual and moral culture of the future teacher

The author notes that the modernization of the national education and strengthening the role of museum in modern society necessitated the training of specialists capable of solving the pedagogical problems in a museum environment and the educational institution.

On this basis it reveals the conceptual approaches to the use of museum materials in the formation of spiritual and moral culture of the future teacher. Author Research proves that the museum allows for the integration of the formal (public) and non-formal (additional) education, providing a comprehensive solution to the issues of education, training, development and moral improvement of the students through the creation of pedagogically useful to organize a developing educational environment

Key words: spiritual and moral education, spiritual and moral culture, museum, museum materials, museum piece, humanistic paradigm, historical and cultural values

ӘОЖ: 37.377

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БОЛМЫСЫН ЭТНОПЕДАГОГИКА ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ

Сейсенбаева Ж.А. – *Абай атындағы ҚазҰПУ.*
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директордың орынбасары,
филология ғылымдарының кандидаты,Ы. Алтынсарин атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері
e-mail: janka-1980@mail.ru,
Мырзагельдиева М.А. – *Тараз инновациялық гумманитарлық университеті*
Педагогика және Психология кафедрасының 2 курс магистранты

Ғылыми мақалада білім алып жатқан болашақ мамандардың рухани-адамгершілік болмысын этнопедагогика құралдары арқылы дамытудың ғылыми негізі қарастырылады. Жоғары оқу орнында оқу барысында болашақ маман ретіндегі студентті еңбек нарығының сұраныстарына сай қалыптастыруда ұлттық құндылықтармен толағай білім нәрімен сусындата отырып, оқу үрдісін қазіргі білім беру талаптарына сәйкес жоспарлы және мақсатты ұйымдастырудың ғылыми мәні ашылады. Болашақ маманның рухани – адамгершілік болмысын этнопедагогика құралдары арқылы дамыту жолдары анықталады.

Түйін сөздер: маман, рухани-адамгершілік, этнопедагогика, тәрбие, жоғары мектеп, оқу үрдісі, ұлттық білім, ұлттық құндылықтар, еңбек нарығы, әдіс, ұлттық болмыс, тұлға, салт-дәстүр, халық педагогикасы, озық тәсілдер, халық ауыз әдебиеті.

Елімізде жүріп жатқан экономикалық өзгерістер мен әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру саласын жаңаша бағдарлауды, кәсіби қызметтің барлық үрдісіндегі мамандарды даярлау іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Жоғары оқу орнының түлегі жоғары деңгейде дамыған, коммуникативті ептіліктерді меңгерген, өзгермелі ортаға бейім, алғыр, бәсекеге қабілетті тұлға болуы тиіс. Сондықтан, жоғары мектепте барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық инновациялық білім беру технологиялары мен қатар этнопедагогикалық білім негізін, оқу іс-әрекетінің жаңа әдістері мен тәсілдерін белсенділікпен қолдануда тәрбиенің басты қырларын жоғары орынға қою – маңызды мәселелердің бірі. Жоғары оқу орнында оқу барысында болашақ маман ретіндегі студентті еңбек нарығының сұраныстарына сай қалыптастыруда ұлттық құндылықтармен толағай білім нәрімен сусындата отырып, оқу үрдісін қазіргі білім беру талаптарына сәйкес жоспарлы және мақсатты ұйымдастырумен тығыз байланысты. Ол үшін оқыту үрдісіне жаңа және бұрын қолданылған озық тәсілдер мен бағыттарды жетілдіре енгізу қажет. Олардың ішінде рухани адамгершілік болмысын қалыптастыруда этнопедагогика ғылымы айрықша орын алады. Оқу үрдісіне білім мен қатар тәрбие берудің ықпалын белсенді енгізу білім беруде дағдарыстарды жеңуге мол мүмкіндік береді, әрі білім беру мазмұны мен әдістерінің қоғамның және тұлғаның өзгермелі талаптарына сай болуын қамтамасыз етеді. Этнопедагогика құралдары арқылы білім бере отырып, білім алушының бойына ата-бабамыздан қалған игілікті тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды білімдік тұрғыдан қалыптастыра отырып, болашақ маман иесін ғана емес, өмірге даяр, еліміздің ертеңін қалыптасарымыз анық.

Қоғам жаңарған сайын адам да жаңара түседі, оның мінез-құлқы да жаңарып отырады. Ол заңды да. Экономикалық және әлеуметтік табыстардың түп қазығы жаһандану сипатындағы моральдық және мәдениеттілік сипатында екендігі түсінікті. Білім берумен қатар, қоғамға адал, арлы мәдениеті мол адам тәрбиелеу оқу орындарының міндеті. Осы жолда рухани-адамгершілік болмысын этнопедагогика құралдары арқылы қалыптастырудың білім беру сипатындағы жолдарын айқындап алғанымыз жөн. Ұлттық тәрбиелік білім беру ғасырлар бойы жалғасқан мол халықтық мұра – тәлім-тәрбие негіздері қайта қаралып, ғылыми сипатқа ие болу деген мақсатта болуы тиіс. Оның басты түйіні халық ауыз әдебиетінің түрлері мен аңыз-әңгімелерінде, ертегілерінде, батырлық жырларда, ғибраты мол би-шешендердің нақыл сөздері мен тәрбиелік ой-пікірлерінде жатыр. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [1. 56 б.], - деп, кезінде ғалым М.Жұмабаев айтып өткеніндей, ұлт тәрбиесін білім алушыға дұрыс деңгейде бере білсек, бүгінде белең алып жатқан жастар арасындағы келеңсіз оқиғалардан арылуға жол салған болар едік.

Этнопедагогика ғылымының зерттеу объектісі – халықтың ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан мәдениеті мен мінездерінің нормалары, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың жиынтығы, ал, оны білім беру үрдісіне ендіріп, рухани адамгершілікке баулу білім бағдарламаларына қойылатын міндеттердің бірі. Этнопеда-

гогикалық мәдениет, ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрып, мінездердің нормалары өмір тіршіліктің өзгеруіне сәйкес өзгерістерге ұшырап, үздіксіз даму үстінде болды, және сол өзгерістерді қоғам сұраны-сына сай дамыта отырып, болашақ маманның тұлғасын дамытуға пайдалана білу керек. Бұл, біріншіден, қоғам дамуының заңдарын білдірсе, екіншіден, белгілі бір кезеңдерде жаңаша сапаның пайда болып, әлеуметтік өмірдегі жағдайларды өзгертуге себепші бола отырып, білім алушының ұлттық құндылық-тармен толықтырылған білім негізінің қалыптасуының бірден бір жолы.

Этнопедагогика ұғымын айналымға тұңғыш енгізген чуваш ғалымы Г.Н. Волков. Этнопедагогика – халықтың тәрбиелік тәжірибесін, оның көзқарасын зерттейтін ғылым, сонымен қатар тұрмыстық педагогикасы, ұлт, ру, тайпа педагогикасы туралы ғылым. Зерттеу объектісі халықтың тәлім-тәрбиесі жөніндегі ұғым түсініктері, дәстүрлері, тәжірибесі болып табылатын ғылым саласы ретіндегі этнопедагогика қалыптасу, даму үстінде. Әсіресе соңғы жылдары оның зерттеу пәні, әдістері туралы, халықтық педагогикалық идеяларды бүгінгі тәрбие теориясы мен практикасында жүзеге асыру жолдарының мәселелері туралы зерттеулер едәуір көп. Бұлардың ішінде халықтық педагогиканың пайда болуы мен дамуы, қазіргі жайы жан-жақты сөз етіліп, оның теориялық - әдістемелік мәселелерін анықтауға бағытталған еңбектердің маңызы айтарлықтай [2].

Көрнекі қазақ ғалымдары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов халықтық педагогиканың тәжірибесін зерттей білуге ерекше мән берді. Сонымен қатар, этнопедагогика, халықтық педагогика мәселелеріне қатысты ой түйіндерді Г.Н. Волков, К.Ж. Кожахметова, Е.Л. Христова, З.Ә. Әбілова, Қ.Б. Жарықбаев, Ә.Табылдиев сияқты ғалым зерттеушілердің осы мәселені жан-жақты зерттеген еңбектерінен кездестіреміз.

Ұлттық рухты үнемі ұлықтап жүретін қазақтың тәлім-тәрбиесінің қайнар көзі тым тереңнен басталады. Ұлттық тәрбие алған ұрпақтың дені сау, ақылды, білімді, ұлтжанды, еңбекқор, кішіпейіл болып өседі. Халықтың өмірін, рухын және тілдерінен тұратын ішкі заңдары, оның ұлттық мінезін, болмысын таныту бүгінгі таңда жастарымыздың тәрбиесіне берер пайдасы мол. Ұлттық тәрбие берудегі негізгі тетіктерін айырып, білім беру үрдісіне ендіру жолын дұрыстау – бүгінгі күндегі елеулі мәселелердің бірі. Ол тетіктерге біріншіден – мемлекетшілдік нышандарды дамыту, оны ұлттық тәрбиемен ұштастыру, сөйтіп, алдымен отаншылдық рухын ояту керектігін айта кету қажет. Ұлттың мәңгілік болуы оның уақытқа бағынбайтындығында және ұлттың мәңгілік болуы халқын, жерін, елін сүйетін азаматтарды қалыптастырып, тәрбиелеуде болмақ. Сондықтан да, жаңа ғасырды жақсы қарқынмен бастап келе жатқан егеменді еліміздің болашағы үшін саналы да, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық сипатын жанды-рып, дамыту жолында ұлттық болмысты қалыптастыру жолын нақтылағанымыз жөн. Өркениетке қадам басқан тұстағы оның алғышарттарының бірі ұлттық тәлім-тәрбие мен сапалы білім беру болып табылады. Себебі, жастарға ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты тәрбие беру – сол өркениетке жету жолындағы мұратымыздың кепілі. Біз – жаңадан аяғына тұрып келе жатқан дамушы мемлекетпіз. Егер де, қазіргі жағдайымыз бен күш-қуатымызды білім-білік пен рухы биік жастарды отаншыл етіп тәрбиелер өнегелі білім беру жолына негіздегеніміз жөн. Бұл жайында еліміздің ертеңі – жастарымыздың өмірден өз орнын тауып, қарым-қабілеттерін шыңдап, әлеуетін анықтап, танытуына барынша жағдай жасау керек екендігі туралы Елбасы өзінің халыққа жолдауында да ашық айтқан болатын. Мұның өзі жастарды қоғамда белсенділігін арттыруға, олардың бойында ұлттық сана мен отаншылдық қасиеттердің дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуы үшін ашылған ақ жол тәрізді, рухты демеп отыратынына септігін тигізбек. Біз жастарды тәрбиелегенде шынайы отаншылдарды тәрбиелеуді естен шығармағанымыз жөн, себебі, солар ғана еліне игілікті істер тындырып ауқымды үлес қоса алады. Жалпы, келешек ұрпақтың қамын бүгін ойлау – аға ұрпақ борышы.

Егемендік алып, тәуелсіз ел болған тұста біз тәрбие процесін ұлттар мен халықтардың, тайпалар мен ұлыстардың ғасырлар бойы қалыптасқан этностық белгі-қасиеттеріне, салт-санасына, дәстүрлеріне негіздеуге ден қойып, халықтардың өткен тарихы мен салт-дәстүрлерін жаңғыртып, тәлім-тәрбиелік істерін қазіргі заман талабына сай қайта құруға бет бұруымыз – әлеуметтік өмір талабынан туындап отырған мәселе. Бұлар этнопедагогикалық зерттеулерде ұлттық тәлім-тәрбие істерінің мазмұнын тереңдетіп, объективті түрде шындықтың бетін ашып көрсетеді. Ал, біз қарастырып отырған ұлттық тәрбиелік білім беру – жаңа сипатта білім беру бағдарламасында зерттеліп келе жатқан ғылыми сала.

Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыпқа, әсерлі әдет-ғұрыптар салт-дәстүрлерге айналып, халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер салт-сана болып қалыптасқан. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн жорал-

ғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі толысып, дамып, жаңарып отырады [3].

Салт-дәстүр дегеніміз – халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс [4]. Халықтың игі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иманжүзділік – барлық мәдени үлгі өнегелі іс-әрекеттердің көрінісі - әдеп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерін айқындап, дәлелдей келе, халықты рухани тазалығы жағынан алып, қазақ халқын әдепті, яғни қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады.

Этнопедагогикадағы салт-дәстүрлердің ұлттық санаға сіңіп, біржола заңдандырылуы – салт-сана деп аталынады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер сол ұлттың ой санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қозғаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абырой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Халықтық педагогиканың құрамдас бөліктері: әдет-ғұрып, таным, наным, ұғым, салт, сана және дәстүрлер.

Қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешу үшін халықтың осы уақытқа дейінгі тәжірибесін меңгеру қажет. Мәдени құндылықтарды жасауда әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар. Халық әрдайым әсемдікті іздеді, қолдан жасады және оны өмірде, тұрмыста, еңбекте бекітуге тырысады. Оны халқымыз үй жиһаздарын жасауынан және оны әсемдікті сезінудегі тәрбие құралы ретінде пайдалануынан көруге болады.

«Педагогикалық үрдіс барысы кезінде жинаған іс-тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің мынадай мүмкіндіктерін аштық.

- Қазақ халқының салт-дәстүрлері жастарға ұлттық құндылықтарды бойына сіңірте отырып, оны меңгерген, жас ерекшеліктеріне сай өмірде жүзеге асыра білетін шығармашылық тұлға қалыптастырудың кепілі.
- Халық педагогикасы – адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, дене және эстетикалық тәрбиенің жүзеге асыру құралы.
- Халық педагогикасының мазмұны оқу-тәрбие, тәлімдік жұмыстардың негізі бола алады» [5. 45 б.]. - делінген, Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде) оқу құралында.

Сонымен, болашақ мамандардың рухани-адамгершілік болмысын этнопедагогика құралдары арқылы қалыптастыруда ғылыми сарапталған ғалымдардың еңбектерін пайдаланып, еліміздің ертеңіне нық қадам басқан тұлға дайындауды мақсат тұтуымыз керек. Ол үшін этнопедагогика ғылымында іргелі білім құралдарын орынды пайдалана білгеніміз абзал.

1. *Жұмабаев М. Шығармалар. 2, 3 Т. – Алматы: Білім, 1996. – 512 б.*
2. *Волков Г.Н. Этнопедагогика. – М.: Педагогика, 2000. – 188 с.*
3. *Әдібай Табылды. Этнопедагогикалық оқылымдар. – Алматы: Білім, 2006, 2-кітап, – 312 б.*
4. *Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы, 2001. – 298 б.*
5. *Піралиев С.Ж. Нуриев М.А. Сейсенбаева Ж.А. Оразымбетқызы Ә. Ұлттық тәрбие/салт дәстүр әдет-ғұрып негізінде / Оқу құралы. – Аламты: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011 ж. – 164 б.*

Резюме

Сейсенбаева Ж.А. – *КазНПУ имени Абая*
заместитель директора НИИ формироваия интеллектуальной нации кандидат филологических наук.
Лауреат государственной премии им. Ы.Алтынсарина
Мырзагельдиева М.А. – *Таразский инновационно-гуманитарный университет.*
Магистрант 2 курса психолого-педагогической кафедры

Научное основания развития духовно-нравственного воспитания у будущих специалистов путем этнопедагогического воздействия

В настоящее время особую роль приобретают проблемы формирования духовного, нравственного и физического здоровья подрастающего поколения, воспитания нового типа граждан – истинных патриотов, самостоятельно мыслящих, активно действующих, обладающих интеллектуальным потенциалом и нравственными принципами. Важнейшей целью современного образования, общества и государства является воспитание, социально-педагогическая поддержка становления и развития высоконравственного, ответственного, творческого, инициативного, компетентного гражданина Казахстана.

Ключевые слова: специалист, духовно-нравственное воспитание, этнопедагогика, высшая школа, учебный процесс, национальное образование, рынок труда, национальные ценности, национальная сущность, личность, традиции, национальная педагогика, новейшие технологии, устная народня литература.

Summary

Seisenbayeva Zh.A. – *KazNPU Named after Abai*
Deputy director of Research Institute of the formation of the intellectual nation
candidate of philological sciences Winner of the State Prize.by Y.Altynsarin
Myrzageldiyeva M.A. – *Taraz Innovative Humanitarian University*
Master student of the 2nd course of Department of Education and Psychology.
Scientific substantiation of spiritual and moral education of future professionals by ethno pedagogical exposure

Future professionals in the scientific basis for the spiritual and moral development by means of ethnopedagogics

Now the special role is got by problems of formation of spiritual, moral and physical health of younger generation, education of new type of citizens – the true patriots who are independently conceiving, actively acting, possessing intellectual potential and the moral principles. The most important purpose of modern education, society and state is education, social and pedagogical support of formation and development of the highly moral, responsible, creative, initiative, competent citizen of Kazakhstan

Keywords: expert, spiritual and moral education, ethnopedagogics, the higher school, educational process, national education, labor market, national values, national essence, personality, traditions, national pedagogics, the latest technologies, literature.

ӘОЖ: 796.07

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Нарықбай Р.Т. – *оқытушы*
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті e-mail: dene-tarbiesi@mail.ru

Бұл мақалада жеке адамның мәдениеті, әдетте, оның өзі жататын әлеуметтік топтың мәдениетінің шеңберінде қалыптасады, бірақ үлкен ауытқудың болуы мүмкін. Бұл көбіне құқықтық мәдениетке қатысы. Құқық мәдениеті ресми-идеологиялық құбылыс ретінде жеке адамның саяси және құқықтық сана-сезімінің, олардың құндылықты-нормалық кешенінің, сонымен қатар құқықтық ортадағы жүріс-тұрысы мен қызметінің қалыптасуына және дамуына мемлекет пен қоғам арқылы бағытталған. Бұл ықпал айқындалған құқықтық көзқарастарды, рухани байлық, қазыналарды және т.б. бекітеді: құқықтық идеология мен құқықтық сана-сезімнің мазмұнының дамуы мен мүлдем өзгеруі, жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың, бүкіл қоғамның құқықтық сана-сезіміне жаңа көзқарастарды, құқықтық құндылықтарды және т.с.с. көнерген құқықтық таптаурындарды, үлгілерді, көзқарастар мен құндылықтардың бөлшектерін енгізу арқылы жүзеге асады.

Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан құқықтық мәдениет тұтас құқықтық жүйе сияқты құқықтық нормаладың және адамның шынайы мінез-құлқының бірлігімен, мөлшерлер мен құндылықтардың сәйкес келуімен, құқықтың әлеуметтік тиімділігіне жетуімен сипатталады. Демек, құқықтық мәдениеттің интеграцияланған, яғни кіріктіріліп дарытылған қасиеттері нормалық бағыттаудың мәнімен шектелмейді. Оның мақсаты - әлеуметтік ортаға белсенді енуі, қалыптасқан ұстанымдарға ықпал жасауы, ұжымдары мен әлеуметтік топтардың мүшелерін ілгерішіл нормалардың, олардың құқықтық жүріс-тұрысына қажеттілігін түсінуге бағыттау болып табылады. Құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы ашылған. Құқықтық тәрбие берудің түрлері мен әдістері одан әрі жетілдіруді жолдары қарастырылған.

Тірек сөздер: Сараптау, дамыту, білім беру, руханият, жетілдіру, дағды.

Қазақстанның қазіргі даму кезеңі қоғам өмірінің барлық саласындағы терең өзгерістермен сипатталады. Осыған орай қазіргі заман адамға: өз іс-әрекетіне жауапты болу, әлеуметтік өзгерістер жағдайына тез бейімделе отырып, байыпты шешім қабылдай білу және т.с.с. жаңа талаптар қоюымен ерекшеленеді.

Сондай елеулі өзгерістердің бірі – демократиялық-құқықтық мемлекет құру міндетін шешу.

Мемлекеттік саяси-құқықтық қайта құрудың маңызды құрамдас бөлігі – адамның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеруге тікелей тәуелді. Өйткені, құқықтық мемлекетке азаматтардың жоғары саяси және құқықтық білімділігі, құқық бұзушылыққа қарсы тұра білу қабілеттілігі мен дайындығы тән.

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде дамуы әрбір азамат бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастырудан көрініс береді. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына – адам, адамның бостандығы мен өмірі десек, бүгінгі жас ұрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды. Сол себептен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы да осыдан басталады. Оны қалыптастыру үшін жүйелі де мазмұнды тәрбие қажет [1].

Осыған орай, құқықтық тәрбиенің мақсаты – жастарды мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу болып табылады. Тұлғаның аталған сапалары болашақ қоғам азаматының құқықтық мәдениетінің мәнін құрайды.

Құқықтық мәдениет қамтамасыз етілмеген жерде шынайы бостандық пен жеке тұлғаның қауіпсіздігі, азаматтық белсенділіктің болуы мүмкін емес.

«Өркениетті қоғамда құқықтық мәдениет әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша, біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл» деген Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың пікірі қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына аса назар аудартады.

Сондай-ақ, осы мақсатта мемлекеттік деңгейде басқа да маңызды шаралар жүзеге асырылды.

Солардың бірі жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды іске асыруды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету болды. Мәселен: 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы Бала құқықтары туралы Конвенцияныақабылдады. 1994 жылы Қазақстан Республикасы Конвенция ратификацияланды. 2002 жылы 8 тамызда ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы; 2004 жылы 7 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы және осы жылы 9 шілдеде «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың және балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев 2007 жылғы 28 ақпандағы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды ерекше атап өтті.

Дегенмен, жоғарыда аталғандай, студенттің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға байланысты игі шаралармен қатар кемшіліктер де жеткілікті. Соның бірі, тәжірибе көрсеткендей, бүгінгі таңда құқықтық мәдениетті қалыптастыру ісіне әлі де қажетті назар аударылмауы кездеседі [2].

Ғылыми зерттеу барысында мәселеге қатысты әдебиеттерді зерделеу нәтижесі жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселесі әр кезеңде де өзекті болғанын көрсетеді. Мәселен құқықтық мәдениет мәселелері философ-ойшыл, ағартушылар әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев және т.б. еңбектерінде әр қырынан көтерілген. Ал психологиялық-педагогикалық тұрғыда құқықтық мәдениетті қалыптастыруды В.Г. Баженов, Л.К. Керимов, В.В. Трифонов, Л.А. Байсеркеев, М.В. Лукьяненко, Ә.Табылдиев, Г.П. Давыдов, В.М. Обухов, Р.Р. Бирюшев, Г.М. Дайрабаева, Д.Р. Жарықбаевалар зерттеген. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы және оның алдын алуды заң ғылымында К.С. Сапарғалиев, К.А. Бегалиев, Ө.Қопабаев, М.С. Нәрікбаев, Е.К. Нұрпейісов, М.Нығметоллаев, А.Ибраева, А.К .Мұхтарова, Д.Б. Бұғыбаева, Л.Қ. Ерінбетова, С.Б. Бейсебаева, Ш.Ж. Колумбаева т.б. жете қарастырған. Демек аталмыш мәселе әр кезеңде де әр қырынан біршама жақсы зерттелген деген қорытындыға келуге болады. Дегенмен, білім беретін орындардағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру жеткілікті зерттелген, оның тиімділігін көтеруге қажетті педагогикалық жағдайлар туғызудың шарттары мен тетіктері анықталған деп айта алмаймыз.

Педагогикалық-психологиялық және әдістемелік әдебиеттерді, ғылыми зерттеулерді, жалпы орта білім беретін мектептердің тәжірибелерін зерттеу нәтижесінде біз:

- қазіргі қоғамның белсенді, заңды құрметтеуші азаматтарға мұқтаждығының артуы мен халықтың, оның ішінде жастардың құқықтық құзырлылығы мен құқықтық мәдениет деңгейінің төмендігі;
- жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру үрдісінің тиімділігін арттыру мен осы саланың теориялық және әдістемелік қырларының әлі де жеткілікті зерттелмеуі;
- оқу-тәрбие үдерісінде жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру қажеттіліктері, мүмкіндіктері мен жалпы білім беретін мектептерде педагогикалық кадрларды даярлауды жүзеге асырудың жеткіліксіздігі;
- жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға қазіргі сұраныстың өзектілігі мен оны ұйымдастырудағы педагогикалық ұжымның дайындығының төмендігі мен оны жетілдіру жолдарының толық айқындалмағандығы арасында қарама-қайшылықтардың әлі де бар екендігін анықтадық.

Аталған қайшылықтар жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің өзектілігін дәлелдейді.

Еліміз әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қарым-қатынасты жаңарту, құқықтық жүйенің жаңа типін қалыптастыру жолына түсті. Оның табысты жүруі бір жағынан, заңшығарушылық пен мемлекеттік басқаруды жетілдіруді қажетсінсе, екінші жағынан, субъективті фактор – жеке тұлғаның жаңа өмір жағдайларына дайындығы, әр адамның заң үстемдігін қабылдауы мен жүзеге асыруы, азаматтардың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейімен қамтамасыз етіледі [3]. Ғылыми зерттеу жұмысымыздың түйінді ұғымдарының бастысы «құқықтық мәдениеттің» шығу, қалыптасу тарихына тоқталмас бұрын, құқық және құқықтық тәрбие ұғымдарына тоқталған жөн. Өйткені, құқықтық мәдениет жүйелі жүргізілген

құқықтық тәрбиенің жемісі екені түсінікті. Ал құқық ұғымының мәнін әр қырынан түсініп алмай, құқықтық тәрбиені жүргізу мүмкін емес. Зерттеушілердің пікірінше, құқық мемлекетпен бірге пайда болған. Құқықтың пайда болуының бірнеше негіздері бар: *әлеуметтік негізі* – адамдар мінез-құлқы мен психологиясындағы өзгерістерге байланысты. *Экономикалық негізі* – бірте-бірте өнеркәсіп пен сауда айналымының өсуі алынған өнімді жеке иелену тәжірибесін дүниеге әкелді, яғни жеке меншік пайда болды. Жеке меншіктік қатынастарды реттеудің ең икемді құралы ретінде құқық дүниеге келді. Өйткені, моральдық, діни нормалар мен дәстүр өз табиғатында жеке меншіктік қатынастардан аулақ болды. *Саяси негізі* – қоғамдық қатынастардың дамуы өмірге мемлекет, әлеуметтік топтар және т.б. адамдардың ұйымдасу құрылымдарын әкелді. Нақты басқару жүйесі бар мемлекет бір қалыпты жүйеге түсірілген мінез-құлық ережелерін бекітті. Құқықтың саяси негізі осылайша қаланды. Мораль, дін, не дәстүр ережелері өздерін сақтау үшін күш қолдануды қажет етпейтін, тіпті олар көптеген жағдайларда күш қолдануға қарсы болды. Сондықтан олар мемлекетке құқық сияқты тірек бола алмады.

Заң ғылымында «құқық» термині бірнеше мағынада қолданылады:

- біріншіден, құқық – ресми түрде танылған жеке және заңды тұлғалардың заңға сүйене отырып, әрекет жасау мүмкіндігі. Мысалы, азаматтардың еңбек ету бостандығы, білім алу, меншік иесі болу, кәсіпкерлікпен шұғылдану құқығы. Бұл субъективтік мағынада қолданылуы деп түсінеміз;
- екіншіден, құқық дегеніміз құқық нормаларының жүйеге келтірілген жиынтығы. Бұл объективтік мағынадағы құқық, себебі олардың жасалуы жеке адамның еркіне байланысты емес;
- үшіншіден, құқық термині оқу пәнін білдіретін ұғым ретінде қолданылады. Құқық пәндері түрлі салаларға бөлінеді: конституциялық құқық, әкімшілік құқық, еңбек құқығы, отбасы құқығы, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қаржылық құқық т.б.;
- төртіншіден, «құқық» термині тұлғалық құқық пен объективтік құқықтың жиынтығы ретінде де қолданылады [4].

Осыған байланысты «құқық жүйесі» деген түсінік бар. Мысалы, қазіргі жағдайда елімізде Қазақстанның құқық жүйесі қалыптасуда. Біздің тұжырымымыз бойынша, «құқық - мемлекет бекітіп, жүзеге асырылуын қадағалайтын, жалпыға міндетті тәртіп ережелерінің жиынтығы және қоғам өмірінде тұлғалардың заңға сүйеніп әрекет етуінің көрсеткіші» деген анықтама ұсынамыз.

Мемлекеттік құқық жүйесінің тарихы туралы сөз еткенде ежелгі заң ретінде Вавилонның «Хаммурапи заңы», Үндінің «Ману заңы», көне Римнің «XII кестесі» заңдары айтылады.

Құқық жүйе болып қалыптасқанға дейін оның дамып, қалыптасуына белгілі тұлғалар ықпал етіп, үлес қосып отырды. Периклдің тұсында мемлекеттік құрылысты, сот құрылысын және сот ісін жүргізу жүйелерін жетілдіру заң шаралары белгіленген. Платон – саяси ғылымның, құқық пен заң ғылымының ең алғашқы негіздерін жасады. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігін бөлу идеясы – Аристотельдің негізгі құқықтық тұжырымдамасы. Цицерон мемлекетті барлық еркін адамдардың келісілген құқықтық қатынасы деп түсінеді. Юстиниан таққа отырған екінші жылы-ақ Азаматтық құқықтар жинағын жасауға кіріскен. Джефферсон Солтүстік Америкада тәуелсіздік үшін соғыс жүріп жатқан тұста Конгресс қабылдаған атақты Тәуелсіздік декларациясының авторы. Джефферсон Декларациясының негізгі қағидалары барлық кезеңде, барлық халықтар үшін пайдалы болып шықты.

XVII-XIX ғғ. қазіргі заманғы құқықтық жүйелердің негізі қаланды деуге болады. Жаңа дәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет, жалпыға бірдей бостандық пен теңдік ұстанымдарына шақырған «Адам және азамат құқықтарының Декларациясы» өмірге келді. Ол 1789 жылы қабылданды. «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Жеті Жарғы» заңдары көшпелілердің талай мың жылдар түзген, адамның адам ретінде өмір сүруіне кепілдік беретін ережелерге негізделген еді. Бұл ережелер мыңдаған жылдар көшпелілердің мемлекет пен құқықтық кодекстеріне, билеріне үлгі болып келді, көшпелілермен қарым-қатынасы бар көптеген отырықшы елдердің заң ережелерінің қалыптасуына ықпал етті. 1867-1868 жылғы «Уақытша ережелердің» енуі қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын түбегейлі өзгерістерге ұшыратып, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуші заң жүйесінің де өзгерісін талап етті. Осы уақыт талабына сай, 70-ші жылдардан бастап «Ережелер» келді. Кеңес империясы және коммунистік-тоталитарлық режим қалыптастырған Жеке адамның басына табынушылық, бір партиялық жүйенің диктатурасы, мемлекеттің демократиялық институттары құзырларының шектелуі, адам құқығының аяққа тапталуы сияқты көріністер мемлекеттік құқықтық идеяларға тікелей әсерін тигізді. Тәуелсіз Қазақстанда құқықтық реформаларды іс жүзіне асыруда прогрессивтік, халық мүддесіне сай келетін мемлекеттік-құқықтық идеялардың рөлі өлшеусіз мағынаға ие болып отыр.

Мемлекеттік-құқықтық идеялардың дамуы мемлекет пен құқықтың пайда болуымен тікелей байланыстылығын айта отырып, құқықтанушы отандық ғалым Сәкен Өзбекұлы құқық ұғымының генезисіне талдаудың нәтижесін, бірнеше кезеңге бөліп қарастырған жөн деген қорытынды жасайды [5].

1 кезең. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі аралықта Қазақстан территориясында қалыптасқан әскери демократия санатындағы мемлекеттік құрылымның мемлекеттік – құқықтық идеялары.

2 кезең. Қазақ хандығы кезінде дамыған мемлекеттік құқықтық идеялар. XV-XVIII ғасырлар аралығында дамыған мемлекеттік - құқықтық идеяларды қамтыған заң жинақтары дүниеге келді.

3 кезең. Ресей империясының отарына айналған Қазақстанда қалыптасқан мемлекеттік -құқықтық идеялар XIX-XX ғасырды қамтиды.

4 кезең. Кеңес империясы және коммунистік-тоталитарлық режим қалыптастырған мемлекеттік-құқықтық идеялар. (1917-1991 жж.)

5 кезең. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің мемлекеттік-құқықтық идеялары. (1991 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейін)

Оқу-тәрбие үдерісінде құқықтық мәдениетті қалыптастыру тек студенттерді құқықтық білім және түсініктермен қаруландыруды ғана білдірмейді, сонымен қатар іс-әрекетте жүзеге асатын күнделікті заңды мінез-құлық дағдылары, біліктері мен әдеттері негізінде құқықтық салада белсенді ұстанымдарын тәрбиелеуді білдіреді. Құқықтық тәрбие – бұл тәрбиеленушілерде терең және тұрақты сенімдер мен сезімдерді, жоғары құқықтық мәдениетті, заңдық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсатында олардың санасына, психологиясына, барлық қоғамдық өмір құрылысына, идеологиялық факторларға нақты бағытталған жүйелі әсер ету [6].

Құқықтық мәдениет мазмұны жалпы адамзаттық рухани мәдениет мазмұнына енеді. Оны екі тұрғыда қарастыруға болады. Біріншісі – кең мәнінде алғанда, құқықтық межелер, құқықтық қатынастар, құқықтық мекемелер әрекетінің ауқымын қамтиды. Ал екіншісі – тұлғалық, психологиялық және педагогикалық мәнінде қарастыру. Құқықтық тәрбие адамның құқықтық мәдениетімен тығыз байланысты.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыруға қатысты заң, философия ғылымдары саласында мейлінше жақсы зерттелсе, педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдары саласында әлі де әр қырынан зерттеуді қажетсінеді деп есептейміз.

Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру дегеніміз – олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, құқықтық мәдениет элементтерін қоғамдағы шынайы құбылыс ретінде қабылдатуды мақсат ететін, арнайы ұйымдастырылған педагогикалық әрекет. Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың табысты жүруі оның жалпы мәдениетінің даму деңгейі мен осыған сәйкес білім беру ұйымында оларға өзін-өзі танытуға және шығармашылығына мүмкіндік беретін, құқықтық кеңістіктің болуымен тікелей байланысты.

Жастардың бойында құқықтық мәдениетті қалыптастыру олардың құқықтық санасы мен құқықтық мінез-құлқын жетілдірудің басты жолы болып табылатындықтан, оның негізі құқықтық білім беруде десек, гуманитарлық пәндер шеңберінде құқыққа ерекше орын береміз. Құқық пәнінің тәрбиелік әлеуеті де өте жоғары.

Оқу орындарында құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмысының жүйесі білім беру технологияларын, оқу іс-әрекетінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды, жеке тұлғаға бағдарланған амал, жобалар әдісі және т.б. қолдану арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу мәселесін зерделеу барысында құқықтық тәрбие берудің түрлері мен әдістері одан әрі жетілдіруді талап ететіндігіне көз жеткіздік. Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру жұмысының тиімділігін диагностикалау әдістері теориялық жағынан әрі қарай зерттеуді қажетсінеді.

Педагог ғалымдар К.Қожахметова, М.Демеуова және т.б. еңбектерінде: «Құқықтық мәдениет – қоғамның қазіргі даму кезеңінде құқықтық жетістіктерін айқындайтын азаматтардың құқықтық білімінің мазмұны, сипаты, деңгейі мен дағдысы» деп атап көрсетеді [7].

Теориялық әдебиеттерде жастардың тәрбиелік деңгейін өлшеуде үш - жоғары, орташа, төмен деңгейлер алу қалыптасқан. Дамудың жоғары деңгейі деп біз, осы барлық көрсеткіштердің қойылатын талаптарға сәйкес келуін, ал орташа деңгей деп осы өлшем көрсеткіштердің жартысына немесе жартысынан көбірегіне сәйкес келуін, төмен деңгейде өлшемнің жалпы санының жартысынан азымен немесе олардың мүлдем болмауы деп қарастырамыз. Ол белгілердің маңыздылық деңгейі әрбір өлшем көрсеткішінен тұрады. Көрсеткіштер мотивациялық (бағалаушылық), танымдық және мінез-құлықтық салада қарастырылады.

Құқықтық мәдениетті құқықтық сана мен іс-әрекеттің бірлігі ретінде анықтаймыз, яғни мотивациялық (қажеттілік, түрткі, қызығушылық), танымдық (білімдік), мінез-құлықтық (іс-әрекет, қылық, тәртіп) компоненттерін қалыптастыру арқылы жүзеге асатын, адамдардың қылықтары, сөздері және істерінде заттанған сана ретінде сипаттаймыз.

Тәжірибелік жұмысымыздың айқындаушы кезеңінде теориялық, әдістемелік зерттеулерімізге сүйене отырып, жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың жүзеге асыру жолдарын ұсынамыз.

Заң мамандығында білім алатын студенттер «Заң клиникасын» оқытушылар мен құқық қорғау органдарының қатысуымен ұйымдастыру.

Оқу орындарында «Заң және біз» үйірмелерін оқытушылардың бақылауымен студенттердің өткізуі. Мысалы, студенттер құқықтық тақырыпта семинарлар, конференциялар, іскерлік ойындар, жеке тақырыптар бойынша сабақтар, құқық қорғау органдарына экскурсия т.б. өткізілуі тиіс.

Қорыта айтқанда құқықтану материалдары мақсатты бағытталып, жүйелі жүргізілетін болса, онда жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің оңтайлы шешімін табады. Құқықтық мәдениет деңгейінің жоғары болуы білім беру жүйесінің, қоғам, елдің дамуы қажеттілігінен туындайды.

1 Қазақстан Республикасы. Конституция (1995) Қазақстан Республикасының Конституциясы : ресми мәтін. – А. : Заң әдебиеті, 2008.

2 Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құрал / Т. Ағдарбеков. – Қарағанды:Болашақ баспа, 2001.

3 Баққұлов С. Д. Құқық негіздері: Оқу құрал / С. Д. Баққұлов. – А. : Атамура , 2004.

4 Баянов Е.К. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері: Оқулық /Е.К. Баянов. – А.: Юрист, 2003.

5 Маймақов Ғ.С. Қазақстан Республикасының саяси құқықтық тарихы: оқулық / Ғ.С. Маймақов. – А.: Жеті жарғы, 2000.

6 Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: оқу құрал / Ғ. Сапарғалиев. – А.: Жеті жарғы, 1997 .

7 Сапарғалиев Ғ. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құрал / Ғ. Сапарғалиев. – А.:Атамұра, 1998.

Резюме

Нарықбай Р.Т. – *преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави*

Правовой культуры молодежи

В этой статье, как правило, формируется в рамках группы, к его социальной культуры, но могут быть большие отклонения. В основном это имеет отношение к правовой культуре. Официальный правовой культуры-личности как явление идеологического и политического правосознания, их ценности-комплекса нормативно, правовой среде, а также поведения и деятельности, направленных на становление и развитие государства и общества, через. Это влияние определенных правовых взглядов, духовности, ценностей и т.б. утверждает: правовой идеологии и правового самосознания, развитие и изменение содержания вообще, личности, социальной группы, всего общества, правовое сознание новых взглядов, правовых ценностей и т.с.с. устаревших правовых стереотипов, образцов, ценностей, взглядов и осуществляется путем внедрения деталей. Социально-психологической и правовой культуры как правовой системы в целом в реальных нормаладың человека, правового поведения, единством, ценностей и норм, в соответствии с приходом, характеризуется достижением социальной эффективности права. Следовательно, интегрированной правовой культуры, т.е. соответственно выше, не ограничивается значением свойства дарытылған маршрутизации. Его цель - активное вхождение в социальную среду, влияние сложившихся принципов, норм, социальных групп, коллективов и прогрессивных членов, их правового поведения является необходимость понять направление. Значимость формирования правовой культуры. Пути дальнейшего совершенствования формы и методы правового воспитания.

Ключевые слова: Экспертизы, образования, развития, духовность, совершенствование, навыки.

Summary

Narikbai R.T. – *Lecturer, H. A. Yssawi International kazakh-turkish university*

Legal culture of youth

In this article, usually formed within the group, its social culture, but can be large deviations. Basically it has to do with legal culture. Official legal culture of personality as a phenomenon of ideological and political consciousness, their values-complex regulatory, legal environment, and the behavior and activities aimed at formation and development of the state and society, through. The influence of certain legal opinions, spirituality, values etc. claims: legal ideology and legal consciousness, development and change of contents in General, personality, social groups, entire society, the legal consciousness of new attitudes, legal values and T. S. S. legacy legal stereotypes, samples, values, attitudes, and implemented by implementation details. Socio-psychological and legal culture as a legal system as a whole in real normality human rights, legal behavior, the unity, values and norms, in accordance with the parish, is characterized by the achievement of social efficiency of law. Therefore, an integrated legal culture, i.e., respectively, above, is not limited to the value of daryala routing. His goal - an active role in the social environment, the influence of existing principles, norms, social groups, progressive groups and members, their legal behavior is the need to understand the direction. The significance of formation of legal culture. Ways to further improve the forms and methods of legal education.

Keywords: Education, development, spirituality, improvement, skills.

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ

УДК811.161.1

ЮСУФ БАЛАСАГУНИ И АБАЙ: ВЗАИМОВЛИЯНИЕ КОНЦЕПТОВ ГУМАНИЗМА ВЕЛИЧАЙШИХ ЭПОХ МИРОВОЙ ИСТОРИИ

Кошербаева А.Н. – *д.п.н., профессор КазНПУ имени Абая*

Уважаемые коллеги! Нынешний 2016 год объявлен Международной организацией тюркской культуры Turksoy Годом Юсуфа Баласагуни и 1000-летним юбилеем мыслителя. В*еличайший ученый и поэт Караханидской эпохи стоит в одном ряду с такими выдающимися деятелями как Абу Наср аль-Фараби, Ходжа Ахмед Яссауи, Махмуд Кашгари и др. Мыслитель жил и творил в XI веке в столице государства Караханидов в городе Баласагун. Еще при жизни он был удостоен звания «Хас Хаджиб» за первый трактат на тюркском языке «Кудатгу Билиг» («Благодатное знание»), ставший шедевром письменной литературы и памятником, сконцентрировавшим в себе истоки педагогики гуманизма и человековедения.*

В представленной ниже статье даются аналитические размышления, изложенные автором в рамках первого докторского исследования и монографии по педагогическим взглядам Юсуфа Баласагуни - преемственность концепции гуманизма тюркского ученого и Абая Кунанбаева.

Исключительной особенностью кочевой цивилизации является то, что рельефнее всего и с большей зрелостью она выступала именно в Центрально-Азиатской части мира, именуемой в истории Великой Степью. Основной формирующей этнической группой здесь были тюрки и их предки. Отсюда Степь в культурно-этническом смысле называли Тураном или Туркестаном.

Эпоха тюрков – время больших культурно-исторических свершений. Это расцвет городов, развитие просвещения и науки. Это соприкосновение великих цивилизаций Востока. Древнейшая земля Турана впитала лучшие традиции византийской, арабской, персидской, индийской, китайской культуры. Именно на этот созидательный период человечества приходится появление известного трактата многогранного значения «Кутадгу билиг», написанного великим тюркским мыслителем Юсуфом Баласагуни» [1,2].

Глубина содержания древнетюркского сочинения «Кутадгу билиг», на что указывал сам автор, была доступна только избранной аудитории читателей. «Полезна, во всем безупречна она, Но многим из тюрков понятьем трудна» - писал Юсуф Баласагуни. И в тоже время он утверждал: *«кто руки и очи к сей книге приложит, тому в двух мирах она делом поможет».* Автором предельно четко очерчен круг читателей. Тем не менее, книга завоевала большую популярность сразу после своего выхода в свет. Неисчислимое количество ее почитателей – это те, кто по – настоящему понимал назначение произведения для своего времени и особенно в плане воспитания подрастающего поколения.

Пожалуй, одним из самых внимательных и творческих читателей, на наш взгляд, является Абай Кунанбаев. Именно ему в полной мере удалось понять, переработать и развить основы гуманистической педагогики о нравственном совершенствовании личности Юсуфа Баласагуни. Еще в 1934 г. биограф акына Мухтар Ауэзов отмечал: «Концепция Абая, ставшая сама по себе своеобразным познанием, собственным его философским представлением, имела в своих истоках по некоторым признакам общие черты с основами философии морали, которая насчитывает многовековую историю на Древнем Востоке».

Знакомство Абая Кунанбаева со средневековым тюркским сочинением не оставляет сомнений. Из биографических свидетельств его двоюродного брата Шакарима Кудайбердиева, известного философа, можно прочесть, что тюркоязычный памятник XI века «Кутадгу билиг» имелся в библиотеке акына. И как справедливо отмечает знаток творчества Абая, ученый М. Мырзахметов «это дает нам полное основание, чтобы признать необходимость исследования возможностей познания Абая и средневекового мыслителя Юсуфа Хас-хаджиба Баласагуни» В тоже время им подчеркивается важная деталь о том, что Мухтар Ауэзов в своих конспектах, говоря о старотворческих литературных источниках, оказавших благотворное влияние на Абая, имел в виду книгу «Кутадгу билиг» [2].

Таким образом, на преемственную взаимосвязь творчества двух титанов восточной мысли указывают солидные источники, что позволяет окончательно убедиться в существовавшей исторической преемственности и представить собственные суждения в этом вопросе.

Сходство в миропонимании двух мыслителей наблюдается, прежде всего, в теме познания души человеческой. Как известно из вышеупомянутых исследований [2]. вопросы *хауаса* занимают в ,творчестве Абая превалирующее место. *Хауас* – в переводе с арабского означает нечто вроде ощущения, чувства. Но это только прямое лексическое значение слова, которое приобретает у Абая философский, теологический смысл. Акын раскрывает свои мысли в нескольких произведениях, в числе которых «Алла деген сөз женіл» («Сказать слово «Аллах» легко»). Здесь раскрывается тезис Абая о *хауас селиме* – врожденных здоровых органах чувств. В 38 Слове Назиданий об этом сказано наиболее отчетливо. Абай, обращаясь к детям, пишет: «Любовь человека неотделима от его разума, человечности, знаний. Исходной, изначальной причиной этих свойств являются те совершенства, которые даются человеку от рождения – крепкое здоровье, прекрасная внешность, все остальное зависит от благородства отца и матери, от мудрых наставников и добрых друзей. Устремленность и понятливость порождаются любовью. А разум, человечность и знания будят в человеке интерес к науке». Одним словом, природные и социальные факторы личностного развития человека предопределяют три важных компонента. *Это разум, человечность и знание*. Созвучные мотивы мы находим у Баласагуни. Разум возводится им в основу системы познания. Категория человечности пронизывает все его учение. Знание – это фундаментальная линия его концепции. Разум воплощен в образ молодого юноши, открывшего вершины многих наук. *Очевидной является параллель в обращении Абая и Юсуфа к молодому поколению как самой значительной опоре общества.* Последний посвящает самостоятельный раздел поэмы «Кутадгу билиг» повествованию о том, что “достоинство сынов человеческих – в знаниях и размышлениях”. Эти свойства людям дарованы от Творца, который выделил их в числе всех живых существ. Помимо этих двух, творец отличил человека *речью*. Если не брать во внимание религиозные оттенки этих познаний, то все учение выглядит примерно так, как повествует современная психологическая наука. В вопросе о соотношении таких понятий как «человек - индивид – индивидуальность» с понятием «личность» свойства сознания, речи и деятельности выдвигаются в качестве главных, указывают на отнесенность существа к высшей ступени развития живой природы – человеческому роду. У Юсуфа Баласагуни категория деятельности созвучно понятию *знание*, ибо им сказано: «ученым вершатся труды и дела [1, 167]. Что касается *речи*, на ней Юсуф акцентирует неоднократное внимание. О *слове*, как высшем божественном даре он упоминает в составе важнейших человеческих компонентов, панорамно освещается эта тема в беседах главных героев поэмы. Монолог Юсуфа – завершающий аккорд в теме «о достоинствах и пользе языка» (7 глава). Кульминацией всех умозаключений, по нашему убеждению, являются мысли: «Всеведущий создал язык твой толковым – храни свою голову, властвуй над словом!» [1, 169]. В числе необходимых признаков «властвующих над словом» названы праведность слова, мудрая речь, немногословие, умеренность в речи, разумное слово. Последний признак звучит в сочетании с добрым делом, что подразумевает гуманные действия. По существу, идея Баласагуни очень созвучна современным учениям о Деятельности и Общении, благодаря которым совершенствуется личность человека. Таким образом, логическая категория *хауас салима* в воззрениях Баласагуни получает четкие очертания воспитательной направленности, позволяющие говорить об основах педагогики гуманизма.

Несколько столетий позже философско-этические познания о хауас углубляются в размышлениях Абая Кунанбаева. Комплекс внутренних и внешних чувств присущи Аллаху: восемь неизменных ликов и девяносто девять благостных имен выражают неповторимый образ и действия его. Абай обстоятельно анализирует, выделяя в качестве первых – *Науку* и *Могущество*, остальные являются неотъемлемой составной частью, дополняющей и объясняющей сущность первых двух. Отмечается одно из шести ликов – *жизнь*. Что касается *Слова*, то есть речи, разве оно «может обойтись без буквенных знаков и голоса? Только слово Аллаха беззнаково и безголосно. Но коли есть потребность говорить, есть способность *слышать* сказанное и *видеть* зримое …». Следующий его образ – Созидание, то есть претворение в жизнь. Отсюда следует – благодаря *Науке* и *Могуществу* находят единение все восемь ликов Аллаха. Наука безмерна и совершенна. Могущество – всесильно и безупречно (4, 217 – 222 – Слова). Дифференция Абая выглядит следующим образом: 1) Жизнь (хаят); 2) наука; 3) могущественная сила (худрет); 4) зрение (басор); 5) слух (салип); 6) желание (ирада); 7) речь (калам); 8) сотворение (тякин); 9) милосердие (рахим); 10) справедливость (гадалет). Профессор М.Мырзахметов уточняет, что последние два свойства, дополненные Абаем, новые черты Аллаха. Справедливость и Милосердие

находят целостную интерпретацию в поэме Баласагуни. К тому же на четвертый и пятый признаки – Басор (зрение) и Салиг (слух) указывает в поэме Огдильмиш (эквивалент Разума):

Два глаза, два уха Бог создал, - заметь, -

Сей мир и грядущий *слушать* и *зреть.*

На первый взгляд ничем не выделяющиеся поэтические бейты хранят очень ценную познавательную информацию. И безошибочное их прочтение – задача не из легких. Спираль с собранной в ней информацией заслуживает обстоятельной расшифровки.

В познаниях Абая Кунанбаева встречаются такие сложные философские воззрения как *имани гул* (культ сердца*), жуәнмәрттілік* (человечность)*, камили инсани* (нравственная личность). Выделяя комплекс этих понятий, М.Мырзахметов отмечает, что система этих взаимосвязанных построений выражает взгляды Абая на ключевые вопросы нравственно полной личности. Особенно интересны суждения профессора о троекратной любви в системе *имани гул,* которую необходимо рассматривать в рамках философии морали. Первым условием троекратной любви – учения об *имани гул* (культе сердца) считалось необходимость «больше жизни любить Аллаха, так как он создал с великой любовью человечество». Вторая любовь заключалась в идее беспредельной любви каждым всего человечества, как своего брата. Третья любовь восходит к аргументам из нравоучительных *наклия* и *гаклия*, которым посвящено Тридцать восьмое слово. В нем сформулированы понятия о справедливости идеальной и абсолютной (гадалет). Главная мысль стихотворения «Әсемпаз болма әрнеге» («Не будь пристрастным ко всему») также адекватна этой третьей любви – «*любить справедливость»* [3, 4].

Концепция троекратной любви с заметной устойчивостью освещается в «Кудтадгу билиг». Особенно вторая и третья: любить человечество и любить справедливость, которые интерпретируются Абаем. По всей видимости, они исходят из диалогов главных героев «Кудтадгу билиг». Шаг за шагом Юсуф подводит своего героя Элика Кюнтогды к разъяснению сущности справедливости. Сначала он дает ответ на вопрос Айтолды о том, в чем функция Солнца как справедливости, затем о сущности добра и доброго человека и в конечном итоге: «справедливость – какая она есть»? Справедливость, по сути, и есть человечность. Людей много, но качество человечности очень редкое: «людей справедливых немного пока» [1, 866]. *Справедливый человек сверяет свое слово только сердцем.* Подобно тому, как справедливость Солнца не меркнет: «Достойным и злым светит солнце равно» [1, 826,831], так и справедливость должна быть присуща всем. В мировоззрении Баласагуни динаково регламентируются системы *имани гул* и *имани акыл.* Это очевидно из идеи «эквивалентности» в системе образов. Справедливость и Разум во главе всей фабульной линии. Открыто культивируется понятие *сердца.* Тезис «быть сердечным» характерен для всех персонажей поэмы. Таким образом, преемственность взглядов Юсуфа и Абая в этом вопросе не исключена. Обратим внимание на то, что Абай, также как и Юсуф, передает свои основные мысли через диалог персонажей. В Семнадцатом слове Назиданий разворачивается целая система суждений между Разумом, Волей и Сердцем. Наука, выступившая главным арбитром в споре триады, разрешает её в пользу Сердца: «*Вам следует объединиться и во всем повиноваться сердцу. Если вы все трое мирно уживетесь в одном человеке, то прахом с его ног можно будет исцелять незрячих. Не найдете согласия, я отдам предпочтение Сердцу. Береги в себе человечность, Всевышний судит о нас по этому признаку. Так сказано и в писаниях – сказала Наука»* [4, с.173-174]. Отсюда следует, что Абай бесспорно брал за основу учения восточных мыслителей. На наш взгляд, акыну симпатизировали сюжеты из диалогов героев «Кудтадгу билиг». Слишком созвучен композиционный строй, близки идеи. Хотя надо отметить то, что Баласагуни не дает такой панорамной картины как его предшественники в лице аль-Фараби. Но придает значимость сердцу: справедливость, счастье, разум, непритязательность должны развиваться в согласии с сердцем. *Не только «рацио» (разум), а гуманные чувства – вот что необходимо человеку.* Каждый герой «Кутадгу билиг» провозглашает сердце, согласно канонам средневекового учения Жуәнмәрттілік-*Жуанмартство* (казахский вариант основы слова – *жомарт)*. Главный герой Элик перечисляет три уникальных качества, характерные для человека, щедрого душой: во – первых, кто своими деяниями приносит пользу народу; во – вторых, кто осознанно творит добро для народа, не требуя благодарения; в – третьих, кто бескорыстен и щедр, не дожидается благ от людей и не ищет ответной щедрости. Совокупность этих качеств составляет суммированный образ совершенной личности. В этом монологе Элика собрано всё средневековое учение о гуманизме [5].

Преемственность научных знаний очевидна: учения аль-Фараби перерабатываются его последователями, в частности Баласагуни и ко времени творческой деятельности Абая Кунанбаева создается солидная школа, исследующая проблему совершенства человека. Благодаря мощной историко-генети-

ческой платформе, гуманистические воззрения акына-философа поднимаются до уровня философского повествования. Гармонически совершенная личность представлена в системе: разум-сила-сердце.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласын елден бөлек

Вместе с тем, Абай размышляет над такими понятиями как *толық адам (нравственная личность)*, *толық инсаният (нравственное человечество), инсанияттың кәмәләттігі (совершенность человечества), пенделіктің кәмәләттігі (совершенность раба божьего)***.** [4,с.258]

Таковы основные контексты нашего анализа о взаимовлиянии и преемственности учений гуманистов двух величайших эпох истории. Они не претендуют на завершенность. Тематика познаний мыслителей, их органическая взаимосвязь заслуживают более обстоятельного исследования. В то же время, представленная точка зрения позволяет заключить, что программные идеи Юсуфа Баласагуни и Абая Кунанбаева претендуют на бесспорные педагогические знания, являются высшей целью гуманного воспитания личности. Не случайно их повествует юный Огдюльмиш, как знамение нового поколения, а в своих «Назиданиях» Абай обращается к детям.

1. Юсуф Баласагуни. Благодатное знание / Перев. С.Н. Иванова, вступ. статья М.С. Фомкина. Примеч. А.Н. Малеховой. – Л.: Сов. писатель, 1990. – 560 с.

2. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. / Көне түркі тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.

3. Мырзахметов М. Восхождение Мухтара Ауэзова к Абаю. – Алматы: Санат, 1994. – 320 с.

4. Кунанбаев Абай. Книга слов. Поэмы. Перевод с казах. К. Серекбаевой, Р. Сейсенбаевой. – Алма-Ата: Ел, 1992. – 272 с.

5. Ұлы ойшыл Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны- түркі халықтарының рухани өзегі. - Хабаршы-Вестник КазНПУ имени Абая, № 4, 28 вып.,2009. – С.15-20.

Түйін

Мақалада екі ғасырдың ұлы даналары Жүсіп Баласағұн мен Абай Құнанбаевтың имандылық және гуманизм мәселелері бойынша көзқарастары талқыланады.

Summary

The article describes the humanistic views Yusuf Balasaguni and Abay on the perfect person, the two greatest humanists of the medieval period.

ӘОЖ 378.091.3:070

ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҮРЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

(*2005-2014 жж. аралығындағы*)

Абсатова М.А. – *п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ*
Педагогика және психология кафедрасының профессоры, absatovamar@mail.ru
Таженова Г.С. – *Абай атындағы ҚазҰПУ*
6D010300 – Педагогика және психология мамандағының1 курс докторанты, karakulovagulsara@bk.ru

Мақалада Қазақстан ғалымдарының педагогикалық зерттеулеріндегі құзыреттілік ұғымының мазмұны ашылады. Қазақстан ғалымдарының құзыреттілікті зерттеу жұмыстарында анықтаған құзыреттілік ұғымының мәні, зерттеулерінде келген тұжырымдары, нәтижелері, құзыреттілік ұғымының теориялық және қолданбалы жолдарын қарастыру сөз етіледі. Бұл бүгінгі жоғары оқу орындарының алдына болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру үшін, оқытуды құзыреттілікке бағыттап ұйымдастыру, білім беруден күтілетін түпкі нәтижені құзыреттілік тұрғысынан айқындау қажеттілігін талап етеді, сондықтан еңбекте осы мәселелер алға қойылып қарастырылған. Жалпы құзыреттілік ұғымы туралы көптеген отандық ғалымдардың ғылыми педагогикалық пікірлері сараланып, ғалымдардың 2005-2014 жж. аралығындағы педагогикалық зерттеулерін (п.ғ.д. және п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялары бойынша) талдау негізінде «құзыреттілік» түрлерінің мазмұндық контент-талдауы берілген.

Сондай-ақ, қазақстан ғалымдарының педагогикалық зерттеулеріндегі құзыреттілік түрлерінің мазмұнына талдау, құзыреттілік - күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын мәселелер мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін, ізденімпаздықпен, жауапкершілікпен әрекет етуге адамның еңбегінің нәтижесінде байқалатын, біліктіліктермен білімдерді оқу іс-әрекетін жобалауда, оны әрі қарай дамытуға қабілеті; өз іс-әрекетінің тиімділігі мен нәтижелілігін талдауда шығармашылық пен зерттеушілік ізденісі; белгілі бір дәрежеде әмбебап болатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеттер жиынтығы - деп, өз тұжырымдарын беруге тырысқан.

Түйін сөздер: білімділік, біліктілік, құзыреттілік, іскерлік, қабілеттілік, оқу белсенділігі.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім алушылар үшін: «баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу; коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту», – деп көрсетілген [1]. Бұл бүгінгі жоғары оқу орындарының алдына болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру үшін, оқытуды құзыреттілікке бағыттап ұйымдастыру, білім беруден күтілетін түпкі нәтижені құзыреттілік тұрғысынан айқындау қажеттілігін талап етеді.

Ендеше, қазіргі студенттің мамандыққа қажетті дағдыларды игеруі қаншалықты маңызды болса, олардың бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуы, құзыреттілікке ие болуы соншалық маңызды. Осыған байланысты соңғы жылдары педагогика саласында құзырет, құзыреттілік терминдері кең тарала бастады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау көрсеткендей, құзыреттілікті зерттеу жұмыстары Л.А. Петровская еңбектерінен басталса, ал жалпы білім беру саласындағы құзыреттілікті зерттеу И.А. Зимняя еңбектерінен байқауға болады. «Құзыреттілік» ұғымы тұлға субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде еніп отырған ұғым болғандықтан, белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алу, - дегенді білдіреді [2]. Н.Хомский «құзыреттілік» терминін латын тіліндегі «Competere» - бір нәрсеге қабілетті болу, яғни айрықша тілдік қызметті атқаруға қажетті қабілеттілік, - деп тұжырымдайды. И.Л. Зимняя «құзырет» терминінің мәні «құзыреттіліктен» әлдеқайда кең мағына беретінін айтады [2]. Ғалымдардың ойынша, «құзырет» адам әрекеті ретінде танылса, «құзыреттілік» осы әрекетті орындай алу деңгейі түрінде анықталады. Құзырет студенттің білуі қажет нәрсе болса, құзыреттілік осы нәрсені жақсы істеуі, өзін-өзі тануы, білімі, білігі, өзін-өзі бағалауы және т.б. мәселелерді қамтиды.

Жалпы құзыреттілік туралы көптеген отандық ғалымдардың ғылыми педагогикалық пікірлерін саралай отырып, зерттеуіміздің мақсатын ғалымдардың 2005-2014 жж. аралығындағы педагогикалық зерттеулерін (п.ғ.д. және п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялары бойынша) талдау негізінде құзыреттілік түрлерінің сипаттамасын ашу деп анықтадық.

Төмендегі кестеде біз ғалым – зерттеушілердің 2005-2014 жж. аралығындағы еңбектерінде құзыреттілік түрлерінің контент-талдауын беруді жөн көрдік. (Кесте -1)

Кесте 1 – Қазақстандық ғалым – зерттеушілер еңбектеріндегі 2005-2014 жж. аралығындағы «құзыреттілік» түрлерінің мазмұндық контент-талдауы.

№	Ғалымдарың аты - жөні	Еңбектің тақырыбы және шыққан жері	Түрі, мазмұны
1	Б.Т. Кенжебеков	ЖОО жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. п.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Қарағанды, 2005 ж. 235 б.	Жоғары білімді маманның кәсіби құзыреттілігі – маман тұлғасының ішкі психологиялық қасиеттері мен күйлерінің, кәсіби іс-әрекетті атқаруға қабілеті мен дайындығының күрделі де тұтас жүйесі.
2	Ш.Т.Мұқанбетова	Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. п.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Атырау, 2008ж. 35 б.	Құзыреттілік – бұл ситуацияға сәйкес, құзыреттіліктерді (іскерлік пен дағды) пайдалану үшін таңдау. Түйінді құзыреттіліктер жөнінде айтылғанда жаңа ситуацияларды меңгеруге «есікті» ашатын құралдар, «кілттер» деп түсіндіруге болады. Түйінді құзыреттілік – бұл анықтаушы құзыреттілік, себебі жүзеге асыру жағдайларына сәйкес келеді, олар шектелмеген, спецификалық емес, бірақ белгілі бір дәрежеде әмбебап болып келеді.
3	М.А. Ғалымжанова	Мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары. п.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Атырау, 2008 ж. 38 б.	Құзыреттілік - бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік. Ақпараттық құзыреттілік – ізденімпаздықпен, жауапкершілікпен ірекет етуге адамның еңбегінің нәтижесінде байқалатын, белгілі бір еңбек функциясын қабілеттілікпен және біліктілікпен АКТ-ны меңгеруіне мүмкіндік беретін психологиялық жағдай.
4	К.А. Жолдасбекова	Студенттердің жалпы мәдени құзыреттілігін этнопедагогика материалдары негізінде қалыптастыру. п.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Шымкент, 2010 ж. 47 б.	Этнопедагогика материалдары негізінде студенттердің жалпы мәдени құзыреттілігі дегеніміз – болашақ кәсіп иелерінің халықтық рухани құндылықтарын түсінуі арқылы оларды құзыреттілікте қолдана алуымен анықталатын, кәсіби мәнді, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын құрайтын адамгершілік тұрғыдағы мәдени басқарушы іс-әрекеті.
5	С.Н. Исабаева	Студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. п.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010 ж. 25 б.	Ақпараттық – технологиялық құзыреттілік тұлғаның алдына қойған міндетті шешу мақсатында алынған ақпаратты сын көзбен бағалай және талдай, жүйелей тұжырымдай білуі, өз іс-әрекетінде, қандайда бір әрекетте алынған ақпаратты жоспарлау мен жүзеге асыру, ақпараттық сұраныстарға бар ақпаратты құрылымдай білу, оны тасымалдаушы арқылы әртүрлі түрде беру қабілеті ақпараттық және технологиялар туралы білімі және іс-әрекет технологиясы, әдістері, құралдары, формасы және оларды қолдану, ұйымдастыру шарттары бойынша білімі және сәйкесінше біліктіліктермен білімдерді оқу іс-әрекетін жобалауда, өз іс-әрекетінің тиімділігі ме нәтижелілігін талдауда шығармашылық түрде қолдана алуы.
6	Ш.О. Омарбекова	Университеттік білім беру жадайында студенттердің ақпа-	Студенттердің педагогикалық құзыреттілігі – кәсіби біліктілігі, педагогикалық қызметті

		раттық – коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. п.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010 ж. 17 б.	жүзеге асырудағы теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі, шығармашылық іс-әрекеті мен зерттеушілік әрекетін айтамыз.
7	С.С. Измуханбетова	Оқушылардың зерттеушілік әрекеттері арқылы коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық шарттары. п.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Атырау, 2010 ж. 46 б.	Коммуникативтік құзыреттілік – бұл оқушының өз коммуникативтік мүмкіндіктерін сай әрекеттерін ұйымдастыруға, өзіндік жазбалар жүргізуге ынтасы; жазбаша рәсімдеу түрлерін білуі; нәтижелік өнімді презентациялау, сөз сөйлеу, монолог, диалог, полилог ережелерін меңгерген, оны әрі қарай дамытуға қабілетті тұлға.
8	Б.Ж.Еспенбетов	Ұлттық қолданбалы қолөнері негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби – көркемдік құзыреттілігін қалыптастыру (айшықты ши тоқу мысалында). п.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Қарағанды, 2010 ж. 42 б.	Болашақ мұғалімнің кәсіби-көркемдік құзыреттілігі педагогтарды кәсіби даярлаудың нәтижесі және кіріктірілген кәсіби-тұлғалық сипаттамасы, яғни кәсіби – көркемдік білімділік және біліктілік, кәсіби-көркемдік іс-әрекетке лайық танымдық іскерлік пен дағдылар, кәсіби мәні бар тұлғалық қасиеттердің біртұтас жиынтығы болып табылады. Ол болашақ мұғалімдердің кәсіби-көркемдік әрекетінің сапасын анықтайды, үнемі өзгеріп тұратын кәсіби жағдайларда оңтайлы іс-әрекет жасау қабілетінде көрінеді және өзін-өзі дамытуға, өзіндік баға беруге дайындығын бейнелейді.
9	А.Т.Дюсенбаева	Мектептегі қоғамдық ұйымдарда оқушылардың менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыру. п.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010 ж. 27б.	Оқушының менеджерлік құзыреттілігі дегеніміз – ол басқару іс-әрекетіне деген жағымды мотивациясы негізінде басқару туралы білімдерін, тәжірибесін өз өмірі мен іс-әрекеті және қоршаған ортадағы құбылыстарды басқаруда қолдана алу қабілеттілігін сипаттайтын оқушы тұлғасының кіріктірілген қасиеті.
10	А.Д.Рысқұлбекова	Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. п.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010 ж. 27 б.	Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру диалогтық сөйлеу, көпшілік алдында сөз сөйлеуі, жазбаша қарым-қатынас және топтық қарым-қатынасқа түсе алу білімі, білігі, дағдысы және тұлғалық сапалар жиынтығы.
11	К.Т.Мулдабекова	Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандықтарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2014 ж. 35 б.	Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігі – алған теориялық тілдік білімін тәжірибеде пайдалана білу белсенділігі, болашақта таңдаған мамандығына сәйкес кәсіби даярлығына қатысты қарым-қатынас әдістері, технологиялары мен құралдарын меңгеруде ақпараттық технологияларды саралап, өзінің даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларын шеше алатын тұлғаның қасиеттер жиынтығы.
12	Дәулетбекова Ж.Т., т.б.	Тілді оқыту: интеграциялық білім мен интеллектуалдық тұлға қалыптастырудың сабақтастығы. Монография. Алматы: «Нурай Принт Сервис», 2014.- 216 б.	Мәдени-танымдық құзыреттілік – өз бетінше жаңа білімді игеруі, білім деңгейін үнемі жетілдіруге дайын болуы, өзін-өзі ұйымдастыра алуы және дамытуы, жеке, қоғамдық, кәсіби өмірде мәдени танымдық қызметті дамытатын қабілетінің болуы.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған қазақстандық зерттеушілердің пайымдауынша, құзыреттілік күрделі, көпастарлы ұғым болып табылады. «Құзырет» және «құзыреттілік» терминдері өзара сабақтас,

мағыналас, «құзырет» кең мағынадағы ұғым да, «құзыреттілік» - осы құзыретті қолдана білуі, іске асыруы, білімі, білігі, дағдысы.

Нәтижесінде төмендегідей «құзыреттілік» түрлерін байқадық (сурет-1):

Сурет – 1. Құзыреттілік түрлері

Қорыта келгенде, біздің көзқарасымыз бойынша, қазақстан ғалымдарының педагогикалық зерттеулеріндегі құзыреттілік – *бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын мәселелер мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін,ізденімпаздықпен, жауапкершілікпен әрекет етуге адамның еңбегінің нәтижесінде байқалатын, біліктіліктермен білімдерді оқу іс-әрекетін жобалауда, оны әрі қарай дамытуға қабілеті; өз іс-әрекетінің тиімділігі мен нәтижелілігін талдауда шығармашылық мен зерттеушілік ізденісі; белгілі бір дәрежеде әмбебап болатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеттер жиынтығы*, – деп өз тұжырымызды жасаймыз.

1. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы – Астана, 2010 жыл.

2. Зимняя И.А. Компетентностный подход в образовании. Проблемы качества образовании. – М.: Уфа Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.- 34-38 б.

3. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь: Для студ. высш. и сред. пед. учебн. заведений. –М.: Изд. центр «Академия», 2001. – 256 с.

4. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007. – 236 б.

5. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образования. – 2003. – № 5.

Резюме

Абсатова М.А. – *д.п.н., профессор кафедры педагогики и психологии КазНПУ им. Абая,* ***absatovamar@mail.ru***

Таженова Г.С. – *докторанторантка 1 курса по специальности 6D010300*

Педагогика и психология, ***karakulovagulsara@bk.ru***

Характеристика видов компетентности в педагогических исследованиях ученых Казахстана

В статье раскрывается содержание понятия «компетентность» в педагогических исследованиях Казахстанских ученых. Рассматриваются сущность понятия «компетентность», выводы, результаты, теоретические и прикладные пути, выявленные в исследовательских работах ученых Казахстана. Это ставит перед вузами требование о формировании компетенции будущих специалистов, организации компетентностно-ориентированного обучения, о необходимости выявления окончательного ожидаемого результата образования с точки зрения компетенции, поэтому в труде рассмотрены эти первостепенные вопросы. На основе анализа научно-педагогических литературы многих

отечественных ученых о компетентности с 2005 по 2014 годы (по диссертациям на соискание ученой степени д.п.н. и к.п.н.) были рассмотрены виды компетенций и дана содержательная характеристика видам компетентностей.

Кроме того, на основе проведенного анализа видов компетентностей, рассмотренных в педагогических исследованиях казахстанских ученых, было уточнено сущность компетентностей как способность, дающая возможность эффективного решения проблем и задач, появляющихся в конкретных ситуациях каждодневной жизни, способность, проявляющаяся в результате творческого, ответственного труда человека, способность проектирования знаний и навыков в учебной деятельности и их дальнейшего развития; творческий и исследовательский поиск при анализе эффективности и результативности своей деятельности; набор интегрированных качеств личности, становящегося в определенной степени универсалом.

Ключевые слова: образованность, квалификация, компетентность, деловитость, способность, активность знания.

Summary

Absatova M.A. – *doctor of pedagogical sciences, professor,*
KazNPU named after Abai, ***absatovamar@mail.ru***
Tazhenova G.S. – *1th course PhD doctoral specialty of Pedagogy and psychology,*
KazNPU named after Abai, ***karakulovagulsara@bk.ru***

Characteristic comptentence in pedagogical researches of Kazakhstan scientists

The article reveals content of notion "competency" in pedagogical research works of Kazakh scientists.Also it Discusses the essence of concept "competence", conclusions, findings, theoretical and applied paths identified in the research works of scientists of Kazakhstan. This puts a higher requirement on competence formation of future professionals, organization of competence-orientation in teaching, about need to identify final expected result of education from the point of view of competence, therefore this work is devoted to these priority issues. Based on the analysis of scientific-pedagogical views of many Russian scientists about competence and analysis of pedagogical research of scientists from 2005 to 2014 (dissertations on competition of a scientific degree Ph. D. and Ph. D.) examined the types of competencies and given content and a content analysis of kinds of "competencies".

In addition, we conducted content analysis of types of competencies addressed in teacher training among researchers that tried to give the following definitions: "the ability that gives the ability to effectively solve problems and tasks that appear in concrete situations of everyday life, the ability manifested in the result of a creative, responsible labor rights, the ability of design knowledge and skills in training activities and their further development; creative and research finding in the analysis of the efficiency and effectiveness of its activities; a set of integrated qualities becoming to some extent a generalist".

Keywords: education, qualification, competence, efficiency, ability, activity.

ҒЫЛЫМ МЕТРИКАСЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Меңлібекова Г.Ж. – *педагогика ғылымдарының докторы, профессор,*
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Email: gmen64@mail.ru

XXI ғасырда жоғары білімнің сапасын қамтамасыз етудегі әлемдік үрдістердің дамуы білім, ғылым және инновациялардың өзара байланысын, ғылым мен білімнің кірігу тетіктерінің тиімділігін арттырудың маңызын айқындай түседі. Ғалымдарды даярлауда ғылым мен білім салаларының тұтастығын қамтамасыз ететін бірыңғай ғылыми-білімдік кеңістіктегі жүзеге асырылып отырған білім беру бағдарламалары мен ғылым субъектілері ғылыми зерттеулерінің сапасын өлшеудің қажеттілігі таным аймағына деген құндылықтық қарым-қатынасты және көзқарастар жүйесін қайта қарауды керек етеді. Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңында (2000 ж.): «Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің негізгі мақсаттарының бірі іргелі зерттеулерде және ғылыми талдамаларда өлшем дұрыстығын қамтамасыз ету», - деп көрсетілген.

Шығыстың ғұлама ойшылы әл-Фараби «Ғылым классификациясы туралы трактат» деген іргелі еңбегінде зерттеудің пәнін анықтады, атап айтқанда:

- бірінші бөлім – тіл және оның бөліктері туралы;
- екінші бөлім – логика және және оның бөліктері туралы;
- үшінші бөлім – математикалық ғылымдар, яғни арифметика, геометрия, оптика, жұлдыздар туралы ғылым, музыка;
- төртінші бөлім – физика және оның бөліктері, метафизика және оның бөліктері;

- бесінші бөлім – азаматтық ғылым және оның бөліктері, юриспруденция және догматикалық дін ілімі [2]. Бұл орайда Шығыс әлемінің данышпан ғалымы әл-Фараби зерттеу пәнін философиялық тұрғыдан түсінудің мәніне жете назар аударып, логикалық аргументация негізінде диалогты таным әдісі ретінде қарастырудың қажеттілігін тұжырымдағаны айқын көрінеді.

Олай болса, «Заманауи әр түрлі өркениеттер (шығыстық және батыстық) мен мәдениеттер арасындағы өзара қатысым арнасында зияткерлік қауымдастықта жүзеге асырылатын ғылыми іс-әрекеттің өзіндік өлшем бірліктері қандай болмақ?», - деген сұрақтың ғылым мен білім тарихының сахнасында занды орын алатыны ақиқат.

Ғылымды өлшеу (scientometrics) ғылымтанудың бір бөлімі ретінде зерттелгені баршаға белгілі. XX ғасырдың екінші жартысында Львов қаласында ғылымның дамуын кешенді зерттеуге арналған бірлескен симпозиумының өткізілуі тарих сахнасына әлемдік деңгейде ғылыми зерттеудің нәтижелерін өлшеудің қажеттіліктерін негіздеді.

Ғылымды өлшеу туралы ғылымның (scientometrics) ірге тасын қалаушы «Ғылымның әлеуметтік функциясы» атты классикалық туындының авторы J.D. Bernal болатын. Ол: «Ғылым институт, әдіс, білім дәстүрлерін жинақтау, өндірісті қолдау мен дамытудың маңызды факторы, адам және адам әлеміне сенімді және қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етуші фактор ретінде қарастырылуы мүмкін», - деп жазды [1,13].

Ғылымның даму үдерісін зерттеуге мүмкіндік беретін логикалық схемалардың кең аспектілері туралы айта келе, ғалым келесі үлгілерді ажыратып көрсетті, атап айтқанда: ақпараттық үлгі (ғылым өзінің ақпараттық ағымын өзі басқаратын жүйе ретінде қарастырылды, яғни ақпараттық ағымды басқару негізінде ғылымның дамуы); логикалық үлгі (ғылым идеялардың логикалық дамуы ретінде түсіндірілді. Бұл үлгі Б.М. Кедровтің «Ғылым классификациясы» атты монографиясында егжей-тегжейлі зерттелді); гносеологиялық үлгі (ғылыми зерттеу әдіснамасын зерттеумен айналысады және математика, болжам, эксперимент, эксперименттің математикалық теориясы т.с.с. басты мәселелерді шешуге бағытталдаы); экономикалық үлгі (ғылым және елдің экономикалық дамуының өзара әрекеттестігі зерттеледі, сонымен қатар ғылыми зерттеулердің экономикалық тиімділігі бағаланады); саяси үлгі (ғылымның саяси идеологиямен өзара әрекеттестігі, ғылымның дамуы және елдің мәртебесі, сондай-ақ оның қорғаныс әлеуетімен байланысы зерттеледі); әлеуметтанушылық үлгі (ғылыми қызметкерлердің көпшілігі әлеуметтік топ ретінде қарастырылады); демографиялық үлгі (елдің ғылыми әлеуеті демографиялық мәселе ретінде зерттеледі және «кәрі қалалардағы жас ғылыми ұжымдарды сақтауға бола ма?» деген мәселемен айналысты); «ғылыми қызметкер – шығармашыл белсенді индивидуум» үлгісі (ғылыми шығармашылық психологиясы), системотехника (ғылымды жүйе ретінде қарастыру көзделді). 1967 жылы А.А.Ляпуновтың жетекшілігімен ғылыми әзірлемелерді оңтайлы ұйымдастыру мәселелері бойынша арнайы симпозиумның өткізілуі де ғылым метрикасының қоғамның сұранысына ие болғанын көрсетті.

Дирек Прайс ғылымның дамуын зерттеуде сандық әдістерді қолдану аясын кеңейтуге атсалысты. 1961 жылы Калифорнияда ғылыми ақпараттар институты ұйымдастырылып, «Ғылыми сілтемелер индексі» (Science Citation Index) даярланды. XX ғ. ғылымтану мәселелерімен кәсіптік деңгейде айналысқан ғалым, «Ғылым туралы ғылым» атты монографияның авторы Г.М. Добров болды. 1967 жылдардың өзінде КСРО ғылым академиясының жаратылыстану және техника тарихы институтында ғылымның дамуын зерттейтін сандық әдістеріне арналған қалалық семинар өткізіліп тұрды.

«Ғылымды ақпаратты үдеріс ретінде зерттеуде сандық (статистикалық) әдістерді қолдану мүмкін болғандықтан, бұл бағыттағы зерттеулер ғылымды өлшеу (scientometrics) деп атауге негіз болды»,- деп тұжырымдады J.D.Bernal. Демек, бұл –«кибернетикалық тұғыр» дегенді білдіреді.

L.Leydesdorff «Ғылымды өлшеу дегеніміз – ғылыми коммуникацияны сандық зерттеу - ұйымдасқан білімді өндіруді және оны бақылауды көрсете отырып, өлшеуге болатын, ғылым мен технологияның зерттеу мәселесі», - деген анықтама ұсынды [2, 27].

М.Е. Солнышков «орындалған ғылыми-педагогикалық зерттеулердің сапасына ғылыми ретроспективтік өлшемдік талдауды жүзеге асыру керектігіне назар аударды.

Д.Л. Солодкин ғылымды өлшеудің даму тарихын үш кезеңге бөлді:

Бірінші кезең «Жүйелі жарияланым» деп аталды. Бұл кезеңде «Journal des sgavans» тұңғыш ғылыми басылым жарыққа шығып, ғылыми іс-әрекет нәтижелері мерзімді басылымда үзбей жарияланып отырды, бірақ ғылыми қорытындыларға талдау жүзеге асырылмады.

Екінші кезең «дәйексөз индекстері» зияткерлік құрал ретінде», - деп белгіленді, өйткені 1955 жылы Филадельфиядағы ғылыми ақпарат институтын құрған Ю.Гарфилд ғылыми дәйексөздің индекстері

туралы жұмысын жариялаған болатын, сегіз жыл өткеннен кейін, яғни 1963 жылы Institute for scientific information ғылыми дәйексөз индекстерін жариялай бастады, сондықтан нәтижесінде библиографиялық сілтемелер мәліметтерінің тұңғыш қоры пайда болды. «Ғылыми сілтемелер көрсеткіштерінің» ("Science Citation Index" – SCI) ғылыми жарияланымдарды бағалаудағы мүмкіндіктерін зерттей отырып, ғылыми дәйексөз алудың талдау жүйесін құруға ұмтылыс жасады.

Үшінші кезең «ғылыми іс-әрекетті талдау» делінді. 1990 жылы Web of Science платформасы пайда болып, ғылыми өлшемдік талдауға арналған коммерциялық, кәсіптік өнімдер дами бастады. Бұл талдаудың нәтижелері ғылымды әкімшілік басқаруда кеңінен қолданыс тапты

Ғалым: «ғылымды өлшеудің қолданбалы нәтижелері ғылымды басқару үшін, ал дәйексөз индексі ғылыми ақпаратты іздеу үшін көп қолданылады. Қазір аталмыш ғылыми пәннің әзірлемелері коммерциялық өнімдерде қолданыс тапты. Осы сәттен бастап жеке экономикалық сала - ғылыми өлшемдік өнімдер нарығы қалыптасып келеді», - деп тұжырымдайды [4, 187].

Жүйелік тұрғыдан қарағанда ғылыми іс-әрекеттің дамуын оның өзара байланысқан және өзара тәуелді үш түрінің (қол жеткізілген білімді жинау; жаңа білімді өндіру; белгілі және жаңа білімдерді табыстау) өзгеру деп қарастыруға әбден болады. Адамның жастық шағында (зерттеушінің ғылыми іс-әрекетінің бастапқы кезеңінде) зерттеудің қол жеткізілген ғылыми білімдері мен әдістерін меңгеруге бағытталған күш-жігері басым болады. Іс-әрекеттің бұл түрі жаңа білімдерді өндіруге серпін береді. Кейінірек жинақталған және өндірілген ғылыми білімдерді табыстау мен оны жүзеге асырумен байланысты болатын іс-әрекет түрлері басымдау болады. Ғалымның жеке жасаралық кезеңдерінде көрсетілген жинақтау, өндірушілік, табыстаушылық басымдықтар біріздiлігінің болуы оның шығармашылық жолындағы іс-әрекеттерінің арақатынасына тән өзгеру ықтималдығының дәрежесін көрсетеді [5, 82].

Ғылымтанудың мақсаты ғылымды теориялық ұғынуды әзірлеу, өмір және қоғамның дамуында ғылымның рационалды қатысу тәсілдері мен критерийлерін анықтау болып табылады. Ғылымтану ғылыми іс-әрекетті ұйымдастыру мәселелерін, ғылыми қауымдастықтың және ғылыми мамандықтың әрекет етуін реттеуге бағытталған өзін-өзі басқаратын үдерістерді, ғылым саласындағы саясатты жүзеге асыру мен ғылыми білімдерді ұйымдастыру мен оның өсуінің ақпараттық ерекшеліктерін; ғылыми әлеуеттің құрылымын; әлеуметтік-экономикалық дамуды ғылыми тұрғыдан болжау; жаһандық және ұлттық ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды зерттейді.

В.В. Налимов ғылым өлшемін дамыту үшін негізгі міндеттерді шешіп алуды ұсынды: нені өлшеу керек және қалай өлшеу керек. Ғылымның дамуын айқындайтын сандық параметрлердің қаншалықты дұрыс таңдалып алынғанын бағалау да қажет [6]. Өлшенетін параметрлердің ішінде жарияланымдардың саны, ғылыми қызметкерлердің саны, ғылыми ұжымдардың мөлшері т.с.с. кең таралды. Бұл жанама көрсеткіштер ғылымның өсу үдерісінің жеке аспектілерін ғана сипаттады. Ал нақты ғылымдарда көп жағдайларда жанама көрсеткіштерді зерттеу және оларды өлшеумен шектелді. Әрине, отандық ғылымның дамуының өсуіне талдау жасау мен оны құру; ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру құрылымын зерделеу; мамандарды даярлау және оларды іріктеуді зерттеу; ғылым дамуын болжау мен басқару мәселелері де қарастырылды. В.В. Налимов: «ғылымды басқару міндеттерін шешу үшін келесі сұрақтарға жауап іздеу керек:

1) ғылыми зерттеулерге мемлекет қанша қаражат бөлуі керек және бұл қаражат білім салалары арасында қалай бөлінуі керек;

2) жеке ғылыми бағыттардың дамуын сандық жағынан байқау жүйесін қалай ұйымдастыру керек?» дей келе, отандық ғылымның даму тиімділігі осы міндеттерді шешуге тікелей байланыстылығын атап көрсетті [7]. Сондықтан да ол ғылымның құрылымы анықталғаннан кейін ғылым метрикасына назар аударуға және библиографиялық сілтемелер құрылымын талдауға айрықша мән берді.

Ғылыми метрикалық талдау жасау барысында ғылыми ақпараттық ағымдарының ағылшын және орыс тілдеріндегі ағымдар деп бөлінетінін ескеру керек.

Ғылым метрикасы құзырет туралы ілімнің, яғни құзыреттанудың құрамдас бөлігі болып табылады. Ғылым метрикасының құралдарына зияткерлік құралдар болып саналатын ғылыми метрикалық индекстер және библиометриялық ақпарат жатады. «Ғылыми қызметкерлердің іс-әрекетіне жан-жақты объективті әрі тыңғылықты сараптамадан және көпшілік алдында алынған ғылыми нәтижелерді талқылаудан өткеннен кейін ғана баға берілуі тиіс» [8].

Дәйексөз алуды қолданудың үш аспектісін ажырытуға болады: дәйексөзді келтіру бойынша жарияланымдарды іздеу; ғылыми жұмыстың сапасын анықтау; зерттеулердің «қарқынды» бағыттарын айқындау және ғылыми бағыттың пәндік құрылымын белгілеу. Дәйексөзді келтіруге негізделген әдістер қатарына статистикалық (жарияланымдарды дәйексөзге алу статистикасы ғылыми пәннің даму заңды-

лықтарын зерттеуге мүмкіндік береді), аналитикалық (дәйексөздер желісіне талдау жасау) әдістерді жатқызуға болады.

Дәйексөз индексі ғылыми әлемде қабылданған көрсеткіш ретінде ғылыми мерзімдік басылымдарда ғалымның жарияланымына жасалған сілтеменің санын және нақты ғалымның еңбегінің нәтижелігін көрсетеді Хирш индексі – нақты ғалымның өнімділігінің сандық сипаттамасы болғандықтан, басқа мамандардың оның еңбегіне жасалған сілтеме санын есептеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл орайда назар аударатын нәрсе - басылымның ғылыми беделінің есепке алынуы. L.Egghe «информетрия» ұғымына өзіндік анықтамасын ұсынды. Оның пікірінше, «информетрия» информатикамен байланысты метрикалық зерттеулерді қамтитын термин, соның ішінде библиометрия (библиография, библиотекалар т.с.с.), ғылым метрикасы (ғылыми саясат, дәйексіз келтіруге талдау жасау, зерттеулерді бағалау т.с.с.), вебометрия (Интернет желісінің метрикасы, ынтамақтастық желісі, тағы басқа әлеуметтік желілер) бар [11].

«Білім» бағыты бірнеше мамандықтарды («қазақ тілі және әдебиеті», «орыс тілі және әдебиеті», «шет тілі: екі шет тілі», «математика», «физика», «информатика», «химия», «биология», «мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие», «бастауыш білім беру», «дене-тәрбиесі мен спорт», «бейнелеу өнері», «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» т.б.) қамтиды. Болашақ педагогикалық қызметкерлердің білім ұйымдарындағы зерттеушілік іс-әрекетін дұрыс өлшеудің білімге негізделген қоғамның дамуында маңызы бар. Өйткені олардың зерттеушілік іс-әрекеттің тетіктерін жетік меңгеруі және ғылыми нәтижелерді дұрыс өлшеу қабілетінің болуы кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыру мен оны басқару негізінде жүзеге асады.

Жоғары білімнің үшінші деңгейіне (докторантура) арналған құзыреттіліктің әмбебап сипаттамасының Дублиндік үлгісінің («дублиндік дескрипторлар») құрылымы келесі бөліктерді қамтиды:

- білім және ұғыну (өзінің зерттеу шеңберін жүйелі ұғынуы және осы шеңберде пайдаланатын зерттеу дағдылар мен әдістерді игеру);
- білім мен ұғынуын қолдану (тұтас ғылыми зерттеу жобасын құру қабілеттілігі, ұлттық және халықаралық басылымдарда жариялауға лайықты ғылыми нәтижелерге қол жеткізу нәтижесінде зерттеу аумағын кеңейту арқылы ғылымға үлес қосу);
- ой -пікірді, пайымды тұжырымдау (сыни тұрғыдан талдау, бағалау және жаңа кешенді идеяларды топтау қабілеттілігі);
- коммуникативті қабілеттіліктер (өз әріптестерімен, ғылыми қауымдастықпен және жалпы қоғаммен өзінің мамандану саласымен байланысты мәселелер бойынша диалогты форматта қарым-қатынас жасау қабілеттілігі);
- оқуға, үйренуге қабілеттілігі (академиялық және кәсіби арнада технологиялық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерге жету қабілеттілігі).

Демек, білім (сананың ақпаратты кодификациялау құралдарына байланысты перцептивті, ұғынымдық, дискурсті, интуитивті, эмпирикалық, теориялық, ғылыми, ғылымнан тыс т.с.с. білімдер) мен ұғынудың өзара байланысы зерттеу аумағының ерекшеліктерін білу (когнитивтік), ізденістік дағдылар мен ғылыми әдістерді игеру үдерісі (танымдық-әрекеттік) негізінде қамтамасыз етіледі.

«Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға аралған мемлекеттік бағдарламасында» межеленген тарихи міндеттерді шешу ғылым метрикасының ұстанымдары мен көрсеткіштерін басшылыққа алуды, ғылыми-білімдік үдеріс субъектілерінің зерттеушілік әлеуетін дамытудың теориялық негіздері мен қолданбалы тетіктерін жетілдіруді, әр түрлі ғылым (жаратылыстану және гуманитарлық) салаларының нәтижелерін синтездеу мүмкіндіктерін зерделеу негізінде жаңа ғылыми білімдерді өңдеуді керек етеді.

1. *Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. – Алма-Ата, 1985.*
2. *Bernal J.D. Science in history. -London, Watts, 1954.*
3. *Loet Leydesdorff. The Challenge of Scient0metrics. The Development, Measurement, and Self-Organization of Scientific Communications. The Netherlands, 1995.*
4. *Солнышков М.Е. Педагогическая наукометрия: история, теория, практика: Монография/ Под ред. Е. А. Михайлычева. – Таганрог: Изд-во ИП Ступина А. Н., 2009. – 244 с.*
5. *Солодкин Д.Л. К вопросу о становлении и развитии наукометрии//Вестник Омского университета. – 2013. Выпуск. -№ 3 (69). – С.185-189.*
6. *Оноприенко В.И. Поколения в науке: взгляд социолога //Социологические исследования. – 2007. – №4. – С.75-85.*
7. *Налимов В.В., Мульченко З.М. Наукометрия: Изучение развития науки как информационного процесса. – М.: Наука, 1969. – 192 с.*

8. Грановский Ю.В. Можно ли измерять науку? Исследования В.В. Налимова по наукометрии //Науковедение. – 2000. – № 1.

9. Глущенко В.В., Глущенко И.И. Компетенциология как составляющая Современной науки, социальной и экономической практики // Компетентность. – 2015. – № 3. – С.36- 41.

9. Marx W., Cardona M. The citation impact outside references – formal versus informal citations // Scientometrics. – 2009. –V. 80 (1). – P. 1–21.

10. Hirsch J.E. An index to quantify an individual's scientific research output //Proc. National Academy of Sciences of the USA. – 2005. – V. 102 (46). – P. 16569–16572.

11. Egghe L. Expansion of the field of informetrics: Origins and consequences // Information Processing & Management. – 2005. –Vol. 41. - Iss. б. – P. 1311-131б.

Резюме

В статье рассматриваются возможности наукометрики в управлении процессом развития исследовательского потенциала, раскрываются сущность и содержание понятия «наукометрика». В статье дана характеристика различных моделей наукометрики в истории развития науки, определяются возможности управления наукой с учетом применения наукометрических криетериев и показателей, выявлены соотношения наукометрики и компетенций в теории и практике подготовки научных кадров нового поколения.

Ключевые слова: наука, науковедение, метрология, наукометрика, модель, компетенция

Summary

This article discusses scientometric capabilities to manage the process of development of scientific potential, reveals the essence and content of the concept "scientometrics". The paper presents the characteristics of different scientometric models in the history of science and science management capabilities are determined based on the use of scientometric criteria. The ratio of scientometrics and competence in the theory and practice of training a new generation of scientific personnel have been identified.

Keywords: science, metrology, scientometrics, model, competence

УДК 37.01

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ЗАҢ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МОДЕЛІ

Нөкетаева Д. – *п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Мақалада бүгінгі заманауи мемлекеттің жаңа тұрғыда дамуы, білімнің сапасын арттырып жоғары дәрежеге жеткізу мақсатының жүзеге асырылуы мектеп табалдырығынан бастау алып, патриоттық сипатқа ие болу тетіктері қарастырылды. Мектеп табалдырығында оқушы жастарға берілетін білім мен тәрбие мемлекет азаматының тұлғасын қалыптастырып, дамытушы құрал болып табылады. Есейген адамға қарағанда санасы мен мінез-құлқы жаңадан қалыптаса бастаған жасөспірім – тәрбиенің қолайлы объектісі болып табылады. Осыдан келе тұлғаның патриоттық санасы мектептегі патриоттық білім беру мен тәрбиелеу жүйесі арқылы қалыптасатындығына көзіміз жетеді. Осы мақсатта жеке тұлғаға сапалы құқықтық тәрбие берудің негізгі дәлелі – тұлғаның жоғары деңгейде дамыған құқықтық санасы мен патриоттық мәдениеті. Мектеп табалдырығынан басталатын патриоттық тәрбие оқушының патриоттық ұғымын қалау арқылы, құқықтық санасын қалыптастырып, жетілдіреді.

Кілт сөздер: Құқықтық тәрбие, патриоттық тәрбие, мектеп, модель, жеке тұлға.

Патриоттық тәрбие тұлғаның құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру ғана емес, сондай-ақ барлық құқықтық қызметінің негізгі бағыттарын анықтай отырып, патриоттық сананың сапалылығын арттыру, отанға деген махаббаттың жүзеге асуына негіз болады.

Түркі елі деп аталған мемлекет өзінің 1500 жыл өмір сүруі барысында әдептілік тәлім-тәрбиеге ерекше мән берген. Олар:

- Еділ-Жайық өңірін жайлаған Қазан татарлары, башқұрттар, шуаштар, қырым татарлары;
- Кавказды жайлаған әзірбайжан, дағыстандық, ноғай, қарашай-балқар;

- Батыс Түркістанды жайлаған қазақтар, өзбектер, түрікмендер, қырғыздар, қарақалпақтар;
- Шығыс Түркістанды мекендеген саһа, шор, саян, хақас, алтайлықтар еді.

Қазақ хандығы дәуіріндегі заң жүйесін оқыту арқылы оқушыларды құқықтық тәрбиелеу мәселесі ұлттық, патриоттық тәрбиемен тығыз байланыстылығы айтпай-ақ белгілі. Бала дүниеге келгеннен отбасында көрген ұлттық тәрбие арқылы оның санасы мен мәдениеті, тәртібі қалыптасып, мектеп табалдырығында жетіле бастайды. Жастарды өз Отанын сүйетін, адамгершілігі мол, қоғамдық және құқықтық санасы мен мәдениетін, белсенділігін, білімін дамыту үшін мектептегі ұйымдастырылып, өтілетін тәрбие түрлерінің бірі құқықтық тәрбие. Оқушыларға қазақ даласындағы заң жүйесін оқыту арқылы құқықтық білім мен тәрбие беру ұлттық тәрбиенің бір саласы десек те болады.

Н.Рысбайұлы баланы ұлттық тәрбиелеудің мынадай жүйесін қолдануды ұсынады:

1) Балаңыз дүниеге келгенде, оны бесікке бөлеп, бесік жырымен тербетіңіз.

2) Балаңыз 2-3 жасқа келіп, тілі шыққан кезде тілашар, санамақ, жаңылтпаш жаттатып, оның дүние танымын арттыру үшін, үнемі ертегі айтып беріңіз.

3) 4-5 жасында жұмбақ шешкізіп, ой-өрісін өсіру керек.

4) 6-7 жасқа келіп, қаріп таныған уағынан бастап, батырлық жырлар мен қисса-дастандар жаттатыңыз. Бұл жырлар мен қисса-дастандар өскелең ұрпақ санасында елдік, патриоттық сананы нығайтып, халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының мол қайнарынан сусындатады.

5) Өз үйіңізде тек қана қазақша сөйлесіп, күнделікті тұрмысыңызды салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тұтыныңыз. Нәтижесінде, оны көріп өскен балаңыз – сол нәрселерді өзі де өмірде тұтына бастайды [1].

Қазақ халқы ар, намыс, адамгершілік, имандылық идеяларын терең түсініп, оларды тәрбиеге топтастырған. Тәрбие мәні адамдық қасиеттерді сақтау, тәртіп бұзбау, біреудің құқығына қол салмау сипатында өрілген.

Кең ауқымды территориядағы көші-қон процестерін қамтамасыз етудің күрделілігі мемлекет тарапынан жер қатынастарын реттеуде жаңа әдістерге көшу қажеттігін тудырды. Оның үстіне терең этникалық процестердің орын алуы, қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасу процестерінің әлі де болса кең қанат жаюы, жаңа рулар мен тайпалардың пайда болуы бұл процестерді реттеуге деген қажеттілікті туындатты. Бұл тұрғыдан жаңа нормативті құжаттардың, оның ішінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысының» пайда болуы Қазақ хандығының дамуындағы терең эволюциялық процестерді айқындайды. Бұл процестердің орын алуын Елбасымыз Н.Назарбаев былай түсіндіреді: «Қазақ құқығының тарихында сол заманнан жеткен үш заң ескерткіші бар, олар аңыз бойынша Қасым мен Есім хандардың есімдеріне байланысты айтылатын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және «Тәуке ханның жеті жарғысы». «Жеті жарғыға» XVII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік өмір қажеттерінен туған қаулылар енді. Осынау құқықтық ескерткіштер қазақ халқының дербес мемлекеттік алып, бірлесуге құлшынған сан ғасырлық арманын айқын көрсетті».

Қазақ халқының құқықтық әлемін терең білетін заңғар ғалым С.З. Зиманов адамгершілік пен құндылықтарға толы ұлы дала демократиясының институттары негізінен әділ сот пен шешендік ділмарлықтан тұрып, өзін-өзі басқару еркіндігін сақтағанын айта отырып, оны үш фактормен түсіндіреді [2].

Бірінші фактор – Орталық Азияны мекендеген тұрғындардың басым бөлігі үшін ортағасырлық тарихи жағдайда өмір сүрудің бірден-бір негізін құраған мал шаруашылығын дамытуға барлық жағынан қолайлы болып келген, халқы сирек қоныстанған ірі табиғи кеңістіктің болуы...

Екінші фактор – осы ұлан-ғайыр жерде еркін психологияға ие көшпелілер бірлестіктерінің өмір сүруі. Оның қайнар көзі мен негізін мыналар құрады:

а) көшпелі өмір үрдісі еркіндігі мен оның дәстүрлі мәдениетін қызу қолдаушылар;

ә) ғұн, қыпшақ, монғол және темуридтер империясы қол астындағылардан түрлі себептермен бөлінген қоныс аударушылар...;

б) жайылымдық – көшпелі жерлерді және өзін-өзі басқару еркіндігін іздеушілер...

Үшінші фактор – қыпшақ даласы деп аталатын кең байтақ аймақ көшпелі өркениет пен еркін көшпелілердің көп жағдайларда жалпы адам құндылықтарымен үндес мәдениетін бойына сіңірді. Қоғамда Сөз құдіреті мен Әділ Сот құдіреті өмірлік күшке ие болды. Міне, осылайша кең байтақ қазақ жері еркіндік пен бостандық аясында өзара теңдік, өзін-өзі басқару, әділдік, адамгершілік, имандылық негізінде қалыптасып, дамыды. Қоғамды реттеуші нормалар басты тұтқаға айналып, өмір болмысының барлық тармақ-

тарын реттеді. Бұл еркін, азат өмір сүрушілерге қолайлы да ыңғайлы болды. Даланың заңдары халықты тек достық пен бауырластыққа негіздеді.

Қазақ құқық жүйесінің принциптерін заңгер-ғалым З.Кенжалиев былайша топтайды: бас принцип, ара (ортақ) принциптер және дербес (жеке) принциптер. Құқықтық нормалар мен құқықтық принциптер өзара тығыз байланыста болады. Нормалар мен принциптердің бірлігі құқықтық нормалар жүйесінің мәдени-рухани деңгейінің жоғары болуына ықпал ететін. Құқықтық көзқарастар мен идеялар реттеуші күштер арқылы соларға сай принциптерін тудырады, ал олар өз кезегінде әр түрлі тұрмыстық жағдайларды, қарама-қайшылықты шешуге бастама болады. Нәтижеде, жалпыға ортақ үлгіге бағындырып, логикалық мән беру себепті, өзара тұрақты және өзара үйлесімді логикалық принциптер мен құқықтық идеялар шығуына әсер етеді. Сөйтіп, олар құқықтық жүйені қалыптастырады. Әдеттік-құқықтық институттар мен олардың салалары, бірлестіктері осындай міндетті жүзеге асырады. Институттар нормативтік-заңнамалық құқық жүйесінің негізгі құрылымдық бөлегі болып табылып, олардың қызмет етуінде де маңызды рөл ойнайды. Өйткені, олар бір жағынан, әлеуметтік өмірдің сәйкес салаларын тиімді реттеу қажеттілігіне орай әр түрлі нормаларды айрықша мүдделерге біріктірсе, екіншіден, құқық саласын қалыптастырады.

«Қазақ көшпелі өркениеттің көрсетілген қоғамдық даму сатысында өкіметке билік жүргізудің негізгі қағидасы: көшпелі қазақ өркениеті жүздеген жылдар бойы этикалық-нормативтік тәртіптерді қалыптастырып, оларды сақтау күш қолдану және жаза қолдану мен қорқыту арқылы емес, керісінше саналы түрде орындаумен қамтамасыз етіліп отырды, неге десек, жеке адам-көшпенділердің мүдделері жас кезден ұжымдық, қауымдық психологияны қалыптастырып отырды» деген С.Өзбекұлының тұжырымы арқылы қазақ халқы мемлекеттілігінің дамуына бірінші орынға адам құқықтары мен бостандықтарын, тәртібін қойғандығына көзіміз жетеді. Нақтырақ айтатын болсақ, қазақ хандығында азаматтық қоғамның болғандығын жоққа шығаруға болмайды.

Осы мәселе жөнінде О.А. Сегізбаев: «Қазақстанның мемлекеттік құрылымы хандық қалыпта қалыптасуында оның билік формасы мен басқарушылық қызметтерін күшейту мақсатында әдет-ғұрып нормаларын мемлекет өміріне енгізу халық алдында беделді, әрі танымал ақындардың, жазушылардың, жыраулардың қолдауымен жүзеге асырылды» – дейді [4]. Себебі қазақ жадысында өмір сүрген ұлы ойшылдар, ғұламалар, ақын-жыраулар, қоғам қайраткерлерінің негізгі арманы – Қазақстанда құқықтық мемлекет орнатып, азаматтық қоғам құру еді.

Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып құқық жүйесі өте ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі этностардың өркениетті мәдени-рухани құндылықтары болып табылады. Өзге аумақтарда жасаған этностар өркениет, құқықтық мәдениет, адамгершілік, бостандық, әділдік жайлы толғанып-ойлана қоймаған замандарда біздің ата-бабаларымыз Ұлы Даланың өшпес мәдениетін, демократиялық сипатқа толы қағида-ережелерін жасады. Оны жүзеге асырушы билер өз мүдделерінен, руластары мүдделерінен гөрі көптің, елдің мүддесін жоғары қойып, адамгершілік идеологиясын дәріптеді. Билер де, ел басшылары да, ақсақал көсемдері де сөзге шешен, ойға терең, әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағида-ережелерін жетік білетін данышпан, ел басқарушысы болды. Бұларды үздіксіз, үнемі қоғамдық пікір таразылап бақылап отырды. Әбден жетілген, тәжірибеден өткен қағида-ережелер халықтың тұрмыс-тіршілігімен өзектес, мәні қисындас болып, өмір сүруін ұзартты.

Билер соты қылмыскерге жаза тағайындағанда, қылмыскерге құн төлеуге руластары көмек беріп отырған. Сонымен бірге, қазақ даласындағы заңдарда міндеттемелік құқыққа асар, сауын, жылу сынды институттар кіріктірілген. Міндеттемелік құқық нормаларының реттелінуі арқылы адамның санасына өз міндеттері мен құқықтарын ұғындырып отырған. Мысалы: жылу (апат немесе т.б. табиғи құбылыстардан зардап шеккендерге берілетін көмек); асар (егін егу немесе үй салу барысында ауыл болып көмек беру); аманат (жеке тұлғаға белгілі бір мерзімге берілетін мүлік, мал) және т.б. Осы тұжырымдамаларды негізге ала отырып, мектеп оқушыларына қазақ хандығы дәуіріндегі заң жүйесін оқыту негізінде құқықтық тәрбие беру үдерісін жүзеге асыру үшін оның моделін құру қажеттілігі туындады (сурет 1). Қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде оқушыларға құқықтық тәрбие беру моделі *мотивациялық, когнитивтік, мазмұндық және процессуалдық* компоненттерден тұрады. Мотивациялық компонент тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттері, білімділігі, тәртібі, эстетикалық ұстамдылығы және т.б. ішкі дүниесінің элементтерін сипаттайды. Сонымен бірге олардың құқықтық санасын, мәдениетін және белсенділігін арттырады. Ол оқушылардың қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесінің мәні мен мазмұнын түсініп, оған қызығушылығының артуын сипаттаушы компонент болып табылады. Бұл компонент көрсеткіштері оқушының өз мемлекетінің құқық тарихын біліп, сол арқылы оқушының патриоттық

сезімін ояту, заңға деген сауаттылығын ашу, қызығушылығын арттыру, қоғамға заңның қажеттілігін ұғындырумен сипатталады.

Қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде оқушыларды құқықтық тәрбиелеу моделінің екінші компоненті – *когнитивтік* компонент. Бұл компонент оқушылардың қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесімен танысуы, сол дәуірдегі адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін білуі олардың мінез-құлқын қалыптастырып, дамытуына зор ықпал етеді. Сондай-ақ, ол оқушыларға қазақ даласындағы әдет-ғұрып нормалары, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» заңдарын оқу арқылы сол замандағы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін біліп, оны қазіргі заман заңдарымен салыстыру мүмкіндігін береді. Онымен қоса, когнитивті компонент құрамына оқушылардың құқықтық білімін, мәдениеті мен санасын, белсенділігін ұлы дала заңдарын оқыту арқылы қалыптастыру мәселелері кіреді [5].

Мазмұндық компонент өлшемі қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесін оқыту арқылы оқушының құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастырып, дамытумен сипатталса, оның көрсеткіші оқушылардың қазақ хандығы тұсындағы халықтың құқықтық білімділігі, тәртібі, санасы мен мәдениеттілігін ұғынуы арқылы, өз құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін жақсы меңгеруі, заңды және заңсыз әрекеттер мен әрекетсіздіктерді ажырата білуі арқылы берілген. Сонымен бірге мұнда мектеп оқушыларына берілетін құқықтық тәрбиенің сапалылығын қолдау мақсатында қазақ даласындағы заң нормаларының институттарын тереңірек қарастыру мақсатында жүргізетін зерттеу жұмыстары мен тәжірибелерін сипаттайды.

Процессуалдық компонент оқушылардың мектепте алған теориялық білімдерін сыныптан тыс уақыттарда (факультатив сабақтарында, тәрбие сағаттарында, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында) бекіту. Процессуалдық компонент өлшемі қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесін оқыту арқылы оқушының құқықтық санасы мен мәдениетін жетілдірумен сипатталады. Бұл компонент көрсеткішіне оқушылардың қазақ даласындағы әдет-ғұрып нормалары, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» заңдарын білуі, оларды позитивті жағдайда пайдалана білу, өз құқықтары мен бостандықтарын заңды түрде қорғау қабілетін дамыту, заңсыз әрекеттердің болуына жол бермеу қасиеттерін қалыптастыру институттары жатады.

Қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде оқушыларды құқықтық тәрбиелеудің жоғарыда келтірілген өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері біртұтас жүйеге келтірілген. Бұл жүйеде мотивациялық компоненті негізгі орын алғанымен когнитивтік, мазмұндық және процесуалдық компоненттерсіз дами алмайды. Қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде оқушыларды патриоттық тәрбиелеудің 3 деңгейін негіздеуге болады. Олар: жоғары, орта және төмен.

таблица

Жоғары деңгей: оқушылардың қазақ даласындағы құқық тарихына қызығушылығы жоғары; өз мамандығы бойынша білімдері өте жақсы; жоғары дәрежеде заманауи технологиялардың жетістіктерін талдап, қазіргі заманғы коммуникациялық құралдарды қолданып, еркін байланыс жасап жұмыс істей алады; кәсіби және құқықтық білімдерін жоғары дәрежеде көрсеткен; патриоттық санасы мен мәдениеті, белсенділігі сапалы қалыптасқан; құқықтық білімді, саналы азаматтың құқық бұзушылыққа бармауына сенімді; өзінің құқықтық білімділігіне өзіндік баға бере алатын; құқықтық білім мен тәрбие беру жұмыстарына белсенді қатынасатын; ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын және оны әдетке айналдырған оқушылар.

Орта деңгей: оқушылардың қазақ даласындағы құқық тарихына қызығушылығы байқалмайды; осы сала бойынша білімдері жеткіліксіз; заманауи технологиялар бойынша білімі жеткіліксіз; патриоттық білімдері, құқықтық санасы, мәдениеті мен белсенділігі орта дәрежеде қалыптасқан; құқық қорғау үдерісіне жеке адамның әсер ету мүмкіндіктерін түсінген; патриоттық тәрбиеге байланысты кездесетін кейбір мәселелерді ұғынған; құқықтық ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда кейбір дағдыларға иеленген оқушылар; заманауи технологияларды игеруде қажеттіліктерін барлық уақытта бірдей түсіне бермейді.

Төмен деңгей: қазақ даласындағы құқық тарихына қызығушылығы жоқ, яғни ондай шараларға қиындық танытады; патриоттық білімі төмен; заманауи технологиялар көмегімен мәліметтер өңдеуді нашар меңгереді; заманауи технологияларды педагогикалық іс-әрекетке қажеттілігін нақты түсіне алмайды; өз білімін компьютер арқылы оқудың мүмкіндігін және оның қажеттілігін білмейді; өз бетінше патриоттық білімін арттыруға талпынбайды; патриоттық санасы мен мәдениеті, белсенділігі төмен; құқық қорғау әрекеттеріне белсенділікпен қатыспайтын, қызығушылықтығын білдірмейді; құқықтық сана мен мәдениетті өз бойына қалыптастыруды міндеттемейді; өз білімін өмірде пайдалана алмайды.

Жалпы қазақ даласындағы заң жүйесін, сондай-ақ құқықтық тәрбие мәселелерін зерттеген орта ғасыр ойшылдарының, қоғам қайраткерлерінің, қазақ ағартушы-педагогтардың, қазіргі заман ғалымдарының еңбектерін зерттей келе, сондай-ақ мектептердегі құқықтану бағытында білім алушы оқушылардың бағдарламаларын негізге ала отырып, құрылған қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде оқушыларды патриоттық тәрбиелеу моделі құрылды.

Кез-келген тұлғаның патриоттық санасы оның құқықтық білім деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. Жалпы құқықтық тәрбиенің жеке тұлғаның құқықтық санасын дамыту арқылы әсер ету негізін мынадай белгілермен ұғындыруға болады:

- заң жүйесін сыйлау;
- заң нормаларына бағыну, заңда белгіленген міндеттерін орындау;
- заң күшіне сену;
- адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сыйлап, оларға қол сұқпау;
- мемлекетке, қоғамға, жеке тұлғаға зияны тиетін әрекеттерді болдырмау немесе ондай әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) жол бермеу және т.б.

Осы аталынған белгілер қазақ хандығы дәуірінде де болған. Бұл замандағы құқықтық нормалардың беделі басымдығы оның алдында қара халықтан бастап ханға дейін тең болғандығында. Қазақ даласындағы құқық тарихы негізінде оқушыларды патриоттық тұрғыда тәрбиелеу жүйесі орта мектептердегі оқу-тәрбие үдерісінде ұйымдастырылады.

Мұнда мектептегі оқушыларды құқық тарихы негізінде тәрбиелеу үдерісі қарастырылған. Бұл үдеріс мектепте сабақ барысында және сыныптан тыс уақытта жүргізіледі. Сабақ барысындағы жүргізілетін құқықтық тәрбие суретте көрсетілген негізгі «Қазақстан тарихы», «Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы», «Мемлекет және құқық теориясы» және «Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық негіздері» пәндерін қамту арқылы жүзеге асырылады. Ал сыныптан тыс уақыттағы құқықтық тәрбие іс-шараларына мектепте өткізілетін тәрбие сағаттары, факультатив сабақтар, әртүрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары кіріктірілген. Сонымен бірге сыныптан тыс уақыттағы тәрбиеге ықпалын тигізуші бірден-бір институт – бұл оқушының қоршаған ортасы. Нақтырақ айтатын болсақ, оқушының отбасы, достары, араласатын жолдастары және т.б. жатқызуға болады.

Қорытындылайтын болсақ, мақалада аталған механизмді жүзеге асыру арқылы оқушының құқықтық білімі, тәртібі, санасы мен мәдениеті, белсенділігі қалыптасып, дамиды. Осы жүйені негізге ала отырып, оқушыларды патриот тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырып, оқушылардың патриоттық білімін, санасы мен мәдениетін, белсенділігін, тәртібін қалыптастырып, дамыту мүмкіндігі туады.

1. *Рысбайұлы Н. Жастар тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар // «Қазақ» газеті. – 2006, маусым – 23. – №14-15 (279-280).*
2. *Зиманов С.З. Қазақ даласында әділ соттың «Алтын гасыры» болды ма? // Қазақтың Ата Заңдары: 10 т. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. –Т. 3. – 616 б.*
3. *Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі мәдениеті. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.*
4. *Сегизбаев О.А. Казахская философия XI-начала XX века. – Алматы: Ғылым, 1996. – 472 б.*
5. *Нөкетаева Д. Оқу-тәрбие үдерісінде құқықтық тәрбие беру негіздері. – Алматы, 2015. – 106 б.*

Резюме

Нукетаева Д. – *к.п.н., и.о. ассоциированного профессора,*
Казахский государственный женский педагогический университет

Модель патриотического воспитания школьников на основе законодательства Казахского Ханства

В современном мире фактором развития государства и общества является образовательная сфера, которая активно влияет на политическую, экономическую, социальную составляющие деятельности государств, определяет процессы глобализации экономики и общественных отношений. Школьноеобразование и патриотическое воспитание формирует и развивает личность учащейся молодежи. Подросток является благоприятным объектом для воспитания, чем взрослый человек. Это значит что правовое сознание формируется со школьного патриотического воспитания и правового знания.

Ключевые слова: Правовое воспитание, патриотическое воспитание, школа, модель, личность

Summary

Nuketaeva D. – c.p.s., *associate professor, Kazakh State Women's Teacher Training University*

Model of patriotic education of school students on the basis of the legislation of the Kazakh Khanate

In the modern world a factor of development of the state and society is the educational sphere which actively influences to the political, economical and social components of the state activity, defines processes of globalization of economy and the public relations. School education and patriotic education form and develop the identity of the youth. The teenager is favorable object for education, than the adult. It means that the legal consciousness forming through school patriotic education and legal knowledge.

Keywords: Legal education, patriotic education, school, model, identity, of knowledge.

ӘОЖ:37.01:39

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ-ЕРЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жанабаева Р.А. – *Абай атындағы ҚазҰПУ,*
жалпы университеттік педагогика кафедрасының п.ғ.д.,профессоры

Қазіргі уақытта қазақстандық патриотизмді жастарға қалыптастыру – келелі мәселелердің бірі. Осыны ұстанған бағыт-бағдар да баршылық. Айталық, бұрынғы қазақ батырларының ерлік жолдары қазіргі жастарға қазақстандық патриотизмнің әріден алар бастауы болып табылмақ.

Халқымызда батыр деген атақ бар. Батыр дегеніміз – ел-жұрты, халқы сыйлап, сүйіспеншілік танытып, қадір тұтатын тұлға. Қазақ жуан білекті күш иесін батыр деп есептемеген, ұлт мүддесіне өмірін арналған жандар – батырлар.

Егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасының ұсынысымен өзіміздің «Ұлттық энциклопедиямыз» дүниеге келді. Осы аталмыш сөздікте, батыр деген ұғымға жан-жақты анықтама берген: онда парсы тілінен аударғанда, ержүрек, баһадүр, батыл, батыр дегенді білдіреді, әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, жау түсірер, қаһарман, адамға берілетінатақ деп берілген.

Қазтуған жырау өзі туралы: «Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт, Кіндігімді кескен жұрт, Кірқонымды жуған жұрт, Қарағайдан садақ будырып, қылшанымды сары жан оққа толтырып, жаңға сақтау болған жұрт, десе, Шалкиіз «Күлікке тастай болып тимесе, үстіме көбе сайлап кименді, Дулығамның төбесі туған айдай болмаса, батыршылық сүрменді» деп., халқымызды ерлік, батырлық істерге шақырған.

А.Байтұрсыновтың пікірінше, «батырлар турасындағы әңгіме – халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме. Батырлары қандай болса, халықтың рухы да сондай болған» десе, Асқақ Темір: «Қаптаған қара бұлттай торлап, түрлі пәле халық басына орнап, не қыларын білмей, ақылынан адасып, жұрт алақтап

іздеген шақта, бар шырағын жақпай, бар қайратын сарп қылмай, өз басының амандығын ойлап, ұрандап шаппаған азамат, ол халық алдында жоқ азамат, не оның жаны бар болғанымен жануарлықтан шықпаған мүддесіне сатқан азамат болды» деп нағыз батырдың қандай болатындығына,оның ел басына күн туғанда көрінетіндігіне тоқталған.

Батырлық дегеніміз еліне, жеріне деген жанашырлықтан патриоттық ұмтылыстардан туындаған азаматтық іс.

Ежелгі батырлар жыры болсын, басқа да халық ауыз әдебиетінен халық тағдыры, оның өмірден көрген қайғы-қасіреттері мен мұң-зары, келешекте күткен арман-тілектері көрініс тапқан. Мысалы, ұсақ салт-жырларында, ертегілерді көбіне тұрмыс-салтқа арналса, эпостық жырларда, соның ішінде батырлар жырларында халық патриотизмі мен ерлікті дәріптеп, ел қорғау мәселелеріне арналған.

Батырлар жырларындағы образдар, Баян, Қозы, Қобыланды, Құртқа, Алпамыстар – жалпы халықтық образдар болып саналады. Себебі олардың арман-тілегі, мақсаты халық санасымен бірге.

Батырлар жырының негізгі тақырыбы – адам тәрбиесі, халықты, адамды сүйе біл, еңбек пен ерлікті қастерле, дұшпанға берік бол, өнерге ұмтыл дейді. Мұның бәрі болашақ жас ұрпақты тәрбиелеу үшін қажет.

Эпостық жырлар батырлық, тарихи, ғашықтық болып үшке бөлінеді.

Аңыз ертігілердің тәрбиелік мәнін ғалымдардың пайымдауынша, олардың тарихта болған адамдардың тірліктегі іс-әрекеті, мінезі, моральдық ұстамдығы, мойымайтын, талмайтын төзімділігінде, алға қойған қандай мақсат болса да жете білуінде деп біледі. Ал қайсыбір адам бойындағы біліктілікті, тапқырлықты, шешендікті, сұлулықты дәріптеумен де жастардың мінезін түзеп, жеке тұлға болып қалыптасуына зор әсер етеді. Мәселен, аңыз ертегілердің Қорқыттың өлмес-өшпестігі, өнерімен халқына қызмет етумен, Асанқайғының даңқы халқына бақытты ел, шұрайлы жер іздеумен, Алдаркөсенің ащы күлкісі арқылы халыққа қиянат жасаушыларды сынаумен, Жиренше – жезтаңдай тапқыр, шешендігімен, терең ақылмен танылған тұлғалар. Мұндай тұлғалардың жас жеткіншіктерге әсер етпеуі, оларды сондай болсам деп, еліктірмеуі, бойларына өнерді, ақылды, білімді сіңірсем деп армандатпауы мүмкін емес. Бұл – тәрбиеге, білімге бара бірден-бір тура жол.

М.Әуезовтің батырлар жырын зерттеуінің де үлкен мәні бар. Өйткені батырлар жырында ерлік, өжеттік, бірсөзділік басым болады. Қазақтың батырлық дастандары әр алуан тақырыпта құрылғанымен барлығында да халық мүддесі жолындағы патриоттыққа, отансүйгіштікке, ел қамын ойлауға, бірлікке, тәлім-тәрбие беруде өте зор рөл атқарады.

Ғашықтық дастандардың өзекті тақырыптарының бірі екі жастың бақытқа жету жолындағы тартысы, қасірет-зары, махаббаты. Оларда махаббат ештеңеге тәуелсіз, азат сезім екендігі жырланады, қатыгездігі әшкереленеді, жастар өз бақыты жолында күресе білуге шақырылады. Дастанның халықтық қасиеті де сонда.

Ерте кездегі туған ертегі, эпостық жырлардың өмірге еніп, елдік, халықтық мәселелерді қозғайды. Оның басты тақырыбы – әлеуметтік теңсіздігі, ел қорғау, махаббат еркіндігін жырлау, қоғам, ел жағдайын жақсарту мәселелері. Эпостық жырлар басқа елдер де болған. Мысалы, гректерде «Эллиада», «Одиссея», қырғыздарда «Манас», бізде «Қобыланды», «Алпамыс» жырлары. Гректер «эпос», қырғыздар «ыр», қазақтар «жыр» деп атаған.

«Көне дүние қандай жағдайда болмасын, келешек ұрпақтар үшін аса қызықты дәуір болып қала береді, өйткені ол кейінгі жетістіктердің негізін жасаған» - деген Ф.Энгельс.

Қазақ эпосын академик Ә.Марғұлан былай топтастырып, мынадай дәуірлерге бөледі:

1. Көне дәуірлерде туған эпос (V-XII)
2. Тарихи дәуірдегі туған эпос (XIII-XIV)
3. Ноғайлы эпосы (XV-XVI)
4. Жоңғар шапқыншылығына байланысты туған эпос (XVIII)
5. Ішкі қанаушылар мен хандарға қарсы күресті суреттейтін эпос.
6. Совет заманында туған эпос.

Сонымен бұрынғы эпостық жырларға арқау болған қазақ батырлары тек қана ұрыс майданының батырлары болып қоймай, олар қазіргі жастар тәлім аларлық, сегіз қырлы, бір сырлы болған. Атақты Бұқар жырау жырлағандай:

«Ер жігітке жарасар, қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар, халқына тиген пайдасы.
Ақсақалға жарасар, тілеу, қорлық алғысы.

Абайдың патриотизм туралы бар халықтың пікірі бір жерден келіп шығады. Мысалы, қытайлықтар: «Шет жердің күні де қыздырмайды», француздар: «Өз үйінің түтіні шетелдің отынан артық» - дейді, ағылшындар: «Шығыс па, Батыс па, өз үйің жұмақ» десе, қазақ халқы: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол», «Ит тойған жеріне қайтады, ер туған жеріне» дейді.

Сөз соңында айтарымыз, «құлаш бойымыз құласа да, тіккен туымыз құламасын!», осы тәуелсіз елімізді қорғайтын бойында патриоттық сезімі бар елін, халқын сүйген, ата мекенін қорғайтын азаматтар тәрбиелеп, тәуелсіздігіміз баянды болсын демекпіз.

1. *Тойжанов Алтай, философ-ғалым. М.Әуезов халық педагогикасы мен ұлттық тәрбие туралы. – Ақиқат, 1994 – 8б.*
2. *Қоңыратбаев Ә.Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.*
3. *«Қазақстан» Ұлттық энциклопедия. Бас.ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы:Қазақстан энциклопедия,1999. – 720 б.*

Резюме

Жанабаева Р.А. – *д.п.н.,проф. Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

Особенности героического воспитание в казахской народной педагогике

В статье рассматриваются актуальные вопросы формирования казахстанского патриотизма среди молодежи. В казахской этнопедагогике разносторонне исследуются казахские батыры, герои этнических поэм и дастанов о любви, посвятившие жизнь борьбе за нацию. Автором изучены проблемы воспитания современной казахской молодежи с высоким патриотическим самосознанием.

Ключевые слова: героизм, патриотизм, подвиг, решительность, храбрость, чувство достоинства, одухотворенность.

Summary

Zhanabaeva R.A. – *d.p.n.,prof,Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

Kazakh education pedagogy population patriotic and heroic features

The article considers the topical issues of formation of Kazakhstani patriotism among youth. In Kazakhstan ethnopedagogies diversify investigated Kazakh batyrs, ethnic heroes poems and epos about love, devoted life to struggle for natsiyu.Avtorom studied the problem of education of modern Kazakh youth with hign patriotic consciousness.

Key words: heroism, patriotism, feat, determination, bravery, feeling, dignity, spirituality.

УДК [371.14:811(07)] (09)

ИНОЯЗЫЧНАЯ ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В ВЫСШИХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ УКРАИНЫ (1948-1970 гг. XX века)

Безлюдная В.В. – *канд. пед. наук, доцент,*
PhD докторант Уманского государственного педагогического университета
имени Павла Тычины (Украина, г. Умань).
e-mail: vitabz@ ukr.net

В статье рассматривается процесс становлениия иноязычного образования в высших педагогических учебных заведениях Украины с 1948-1979 года XX века. Автор акцинтирует внимание на том, что исследуемый период отмечается созданием и реорганизацией сети учебных заведений, что способствовало подготовке будущих учителей иностранного языка.

Ключевые слова: иноязычная подготовка учителей, иностранный язык, высшее педагогические учебные заведения, педагогический институт, учебные планы.

В данный период в отечественной истории педагогических знаний одной из малоисследованных тем является изучение вопроса иноязычного образования в педагогических вузах УССР, в наиболее сложный и одновременно продуктивный период ее развития, а именно 1948-1970-е гг. XX века, когда, со всей очевидностью, высшему образованию было отведено ведущее место в подготовке будущих учителей. Поэтому на современном этапе рассмотрение этой проблемы требует детального изучения, поскольку даст возможность заполнить информационный пробел этого периода.

Пятидесятые - шестидесятые годы XX века вошли в жизнь страны свежим дыханием хрущевской «оттепели», многочисленными реформами во всех сферах жизни общества, стремительным технологи-

ческим прорывом, надеждами на будущее, не омраченное репрессиями и «культом личности». Именно на период 1948-1970 гг. XX века приходится рост сети педагогических институтов Украины и их частичная реорганизация. В СССР педагогический вуз был практически в каждом областном городе [12, с. 95]. Такая организация способствовала расширению учебных возможностей, следовательно в отличие от учительских институтов, где обучение длилось два года, педагогические институты имели четырехлетний срок обучения. Учебные планы в учительских и педагогических институтах были унифицированы к едиными образовательным требованиям.

Деякі аспекти іншомовної підготовки майбутніх учителів іноземних мов розглядалися у працях А.Марчишиной, С.Олейник (Факультет иностранной филологии Каменец-Подольского национального университета: прошлое и настоящее), Н.Процишин (Кадрове забезпечення педагогічних інститутів України (50 – 60-і рр.), О.Околович (Підготовка вчителів іноземної мови у Дрогобицькому державному педагогічному інституті (1962 – 1978 рр.). Однак цілісного дослідження про іншомовну підготовку майбутніх учителів іноземних мов у вищих педагогічних навчальних закладах України досліджуваного періоду ще не проводилося.

Некоторые аспекты иноязычной подготовки будущих учителей иностранных языков рассматриваются в работах А.Марчишиной, С.Олейник (факультет иностранной филологии Каменец-Подольского национального университета: прошлое и настоящее), Н.Процишин (кадровое обеспечение педагогических институтов Украины (50–60-е гг.), О. Околович (Подготовка учителей иностранного языка в Дрогобычском государственном педагогическом институте (1962-1978 гг.). Однако целостного исследования иноязычной подготовки будущих учителей иностранных языков в высших педагогических учебных заведениях Украины исследуемого периода еще не проводилось.

Итак, с позиции совершенствования иноязычной подготовки будущих учителей важно обращение к истории работы высших педагогических учебных заведений (ВПУЗ) второй половины XX века - периода масштатабних количественных преобразований учительских институтов в педагогические.

Во второй половине XX века учительские институты, которые имели уровень незаконченного высшего образования, потеряли свое значение. Происходило их укрупнение или сокращения в отдельных областях Украины. Учитывая потребность улучшения подготовки учителей, с 1948-1970 гг. Педагогическими стали Житомирский, Осипенковский, Ровенский, Измаильский, Белоцерковский, Кременчугский, Станиславский, Тернопольский учительские институты Луцкий и Дрогобычский институты. В 1954 г. закрыты пять учительских институтов: Киевский, Одесский, Артемовский, Конотопский и Харьковский.

Следует отметить, что в 50-е гг. в Харьковском государственном педагогическом институте иностранных языков (ХГПИИЯ) было семь языковых кафедр. В 1957 г. штат института состоял из 85 предподавателей иностранных языков, 14 преподавателей имели ученую степень. В 1959-1960 гг. в институте обучалось 567 студентов на дневном отделении и 898 - на заочном.

Впоследствии реорганизовано в педагогические институты Каменец-Подольский, Глуховский, Бердичевский, Славянский, Уманский учительские институты. В 1955 г. прием студентов в учительские институты был полностью прекращен.

В 1949 г. при Винницком, Ворошиловградскому, Львовском, Кировоградском, Нежинском, Сталинском педагогических институтах планировалось организовать подготовку учителей по специальности «иностранный язык». Обеспечение научно-педагогическими работниками и научно-методической литературой было крайне неудовлетворительным. Особую тревогу вызвало состояние научно-педагогических работников испанского языка в педагогическом институте, где он преподавался специалистами якобы родственной иностранного языка - французского. Подготовка этих преподавателей должна быть осуществлена за 20 недель (по 24 часов в неделю) [3, с. 12]. Министерство финансов СССР высказал мнение о нецелесообразности таких затрат, поэтому вопрос был решен через Министерство высшего образования СССР путем приглашения преподавателей испанского языка из других городов СССР. Свой первый учебный год институт начал с собственной кафедрой и кабинетом английского языка [11, с. 12].

В 1950/51 у. г. в результате ликвидации факультета французского языка в Житомирском институте весь контингент преподавателей и студентов перевели в Белоцерковский институт, а в Житомирском институте остался факультет немецкого языка [3, с. 62].

Факультет иностранных языков открылся и в Киевском педагогическом институте. Иностранные языки также начали изучать и в Винницком, Ворошиловградскому (Луганском), Кировоградской, Львовском, Нежинском и Сталинском учительских институтах. Срок обучения для всех студентов составлял 4 года. На начало 1960-х гг. ВПУЗ такого профиля образования открылись в Днепропетровске,

Киеве, Одессе и Харькове. Действовали также факультеты иностранных языков при пединститутах в Виннице, Киеве и Нежине; 2 учительские институты иностранных языков трехлетнего срока обучения в Белой Церкви и Житомире и 4 учительские институты в Ворошиловграде, Кировограде, Львове и Сталинском. Рост приема студентов в то время наблюдалось через основания дополнительных факультетов и институтов изучения иностранных языков.

Итак, после всевозможных реформ и реорганизаций, направленных на "улучшение", "укрепление", "расширение" системы высшего педагогического образования в 1950-51 у. г., учительские кадры в Украине выпускали 25 педагогических, 22 учительских института и 13 отделений при них [9, с. 310], а в 1961г. учителей готовили 7 университетов и 33 педагогические институты.

На основании постановления Совета Министров СССР от 31 августа 1954 и в соответствии с приказом Министерства образования УССР, Белоцерковский педагогический институт иностранных языков был переведен в г.Горловка Сталинской обл. для быстрого и производительного усвоения иностранного языка, кроме практики языка и изучения различных теоретических особенностей ее применения студенты изучали историю, быт, обычаи народа - ее носителя в пределах страноведения и истории языка.

Иноязычная подготовка учителя того времени тесно связывалось с патриотическим и интернациональным воспитанием, а также привитием художественного вкуса. Количество преподавателей и студентов пединститутов года в год росла, появлялись кандидаты наук.

Следует отметить, что создание отделений и факультетов при некоторых ВПУЗ (Винницкий пед.институт - факультет иностранных языков, Нежинский - отделение английского языка при историко-филологическом факультете) сначала не давали желаемого результата из-за недостаточного учебно-технического обеспечения. Планы конспектов и программ для некоторых предметов не были раз работаны, поэтому их заимствовали из других ВПУЗ и адаптировали к своим учебным потребностям [10].

Целесообразно одновременно подчеркнуть, что педагогический институт, как и другие ВПУЗ СССР того времени, планировал свою работу, руководствуясь постановлениями ЦККПСС, решениями по соответствующим съездов ЦК КПСС, постановлениями Совета Министров СССР и ЦК КПСС, в частности «Об улучшении подготовки, распределения, и использования специалистов с высшим и средним специальным образованием», приказами Министра высшего образования СССР и Министра образования СССР, выполняя Закон «Об укреплении связи школы с жизнью и о дальнейшем развитии системы народного образования в стране» преподавательский коллектив института вел работу по преодолению отрыва обучения от жизни, по улучшению теоретической и профессиональной подготовки студентов.

Типовые учебные планы для педагогических институтов, готовили будущих учителей по специальности «Иностранные языки», квалификации «Учитель иностранного языка/языков средней школы», были утверждены Министерством высшего образования СССР, Министерством Образования РСФСР (1946-1959 гг.).

В целом период 1950-х-1970-х гг. для вузов Украины был связан с двумя противопоставленными тенденциями между 4-летним и 5-летним планам обучения. Как первая, так и вторая тенденция, при их реализации конкретными вузами, неизбежно были связаны с созданием новых учебных планов и программ, что негативно сказывалось на подготовке будущих специалистов. 4-летние планы составили специфику первой половины 1960-х гг.

Согласно учебного плана специальности № 2130 - иностранный язык, Министерство высшего и среднего специального образования СССР, по приказу зам. Министра высшего и среднего образования СССР М.Прокофьева от 14 мая 1963 № 399 ТП/Д, предлагает в высших педагогических институтах внедрить отдельные дисциплины, усовершенствующих подготовку учителей. В частности, для квалификации учителя иностранного языка для средней школы со сроком обучения 4 года, было предусмотрено изучение таких курсов: "Введение в языкознание", "Методика преподавания иностранного языка" (с коррекцией курса фонетики), "История языка", "Теоретическая и нормативная грамматика", "Лексикология","Теоретическая фонетика", " Латинский язык", "Литература стран, язык которой изучают "," География, история и культура стран изучаемого ". На лекционные дисциплины выделялось от 20 до 50-ти часов, а на практические курсы, например, "Практический курс иностранного языка" 2000 часов. При этом на изучение украинского языка - 46 часов в год. Для факультативных занятий на изучение второго иностранного языка отводилось в 6, 8 семестрам по 240 часов [5].

Увеличеный срок обучения способствовал качественной подготовке будущих учителей иностранных языков. Первые два года студенты изучали языковую практику, а потом, на базе достигнутых знаний, вводили курс лингвистических дисциплин [7, с. 78].

В начале 1950-х гг. уделялось внимание как педагогическим, так и учительским институтам. В это время еще оставалась проблема нехватки учителей в школах. Этот вопрос частично решался путем привлечения к выполнению учебной нагрузки в школах учителей-совместителей по другим предметам.

По сравнению с учительским институтом в педагогическом большее внимание удилялось подготовкуе специалиста со знаниями иностранных языков, это проявлялось и в количестве учебных часов и в самом содержании обучения, второй иностранный язык не изучали на таком уровне, чтобы студенты могли им свободно владеть. Это связано с уменьшенным количеством учебных часов и соответственно - сокращенным объемом учебного материала.

Необходимо отметить, что начиная с 1960/61 у. г. специальность «украинский язык и литература, иностранный язык» была основана в Нежинском пединституте, а специальность «русский язык и литература, иностранный язык» в 1961/62 у. гг. - в Дрогобычском пединституте.

Подготовка учителей иностранного языка в Дрогобычском педагогическом институте началась с 1962 года, когда на филологическом факультете было осуществлено набор двух академических групп на специальность "Английский язык" 50 человек и "Немецкий язык" 25 человек. В этом же году было открыто заочное отделение по обеим специальностям. С 1963 года факультет иностранных языков функционирует как отдельная структурная единица педагогического института. В 1966 году открыта специальность "Французский язык" с дневной и заочной форме обучения в Дрогобычском государственном педагогическом институте в 1963/64 учебном году на факультете иностранных языков учебным планом предусматривалось изучение педагогики и истории педагогики (140 ч.), методики преподавания иностранного языка (74 ч.), латинского языка (74 ч.) [6, с. 274].

Постепенное возрождение иностранного языка как учебной дисциплины начинается и в Каменец-Подольском учительском институте, который в 1948 году был реорганизован педагогический где изучение английского языка было обязательного предметом.

Следующим шагом вперед стало создание кафедр русского языка и литературы и иностранного филологии в 1949 году не избежали Каменец-Подольский педагогический институт и такое явление середины 50-х годов, как "сокращение штатов". Так, в 1955 году было ликвидировано кафедру иностранной филологии. Однако после принятого постановления в 1961 году «Об улучшении состояния преподавания иностранных языков в стране», в институте создается кафедра иностранных языков.

Постепенно была создана мощная материальная база - пять фонолабораторий, достаточное количество магнитофонов, проигрывателей, диапроекторов тому подобное. Библиотека и кабинет имели не обходимые комплекты учебников и справочной литературы, периодичних изданий, зарубежных профессиональных журналов по всем спеціальностям [4].

На основании приказа Министерства образования УССР за № 92 от 8 мая 1965 года в педагогическом институте в структуре факультетов появляется новый факультет подготовки учителей английского языка. С 1 сентября учебный процесс начали 50 студентов этого факультета [1].

На протяжении 50-х гг. XX века иностранный язык в Винницком, Житомирском, Запорожском, Кировоградском, Сумском и Черкасском педагогических институтах считалась как дополнительная специальность при филологических факультетах (украинского языка и литературы и русского языка и литературы). Однако, впоследствии специальность «иностранный язык» стала основной в этих учебных заведениях.

В начале 1960-х гг. с целью рационализации области подготовки учителей в УССР были проведены объединения учебных заведений: Харьковский пединститут иностранных языков был объединен с Харьковским государственным университетом, а Одесский пединститут иностранных языков - с Одесским государственным университетом с образованием факультетов иностранных языков. Поэтому рассматривая процессы, происходившие в течение 50-х-60-х гг.XX века ощутимой становится педагогизация высшего образования, усиление профессионального уровня знания иностранных языков и педагогической подготовки.

Большой вклад в расширение иностранных знаний студентов провели Горловский педагогический институт иностранных языков и Нежинский педагогический институт, разработав методику применения технических средств. Применяя технические средства при изучении иностранного языка, студенты демонстрировали повышение речевого уровня, улучшения фонетических навыков.

В сентябре 1960 году Нежинский педагогический институт наладил подготовку учителей иностранного языка, украинского языка, литературы. Подготовка учителей широкого профиля была рационализированным воплощением педагогического образования и обеспечивала учительскими кадрами восьмилетние школы сельской местности с низкой наполняемостью классов. По состоянию на 1960/61 у. г. специалистов широкого профиля готовили 33 педагогические институты по 20 специальностям.

Анализ учебного плана, разработанного и утвержденного Министерством образования УССР на 1959 год для подготовки будущих учителей по специальности «учитель иностранного языка средней школы, воспитатель школы - интерната» свидетельствует, что к образовательному курсу; было введено много дисциплин, которые способствовали улучшению речевой деятельности будущих специалистов:

Литература страны изучаемого (96 ч.), Новейшая история страны изучаемого (36 ч.), Иностранный язык (60 час.), Практика по иностранному языку (1384 год.), Фонетика (462 ч.), Грамматика (414 ч.), перевод (70 ч.), Спецкурсы по иностранному языку (122 ч.), Лексикология (56 ч). Кроме профессиональных дисциплин увеличилось количество часов в педагогическую и психологическую подготовку.

Педагогические институты осуществляли подготовку учителей для школы и для вузов. Так, среди первых выпускников Харьковского государственного педагогического института иностранных языков были: к.ф.н., доцент Б.Хаймович, автор "Сокращенного курса истории английского языка", и Б.Роговская, его соавтор в первой "Теоретической грамматике английского языка" (Москва, 1967), получила всесоюзное признанне. Институт сыграл немалую роль в укомплектировании кадрами других педагогических институтов иностранных языков, которые появились в Одессе, Днепропетровске, Ворошиловоград (Луганске), Кременчуге.

После 1955/56 учебного года прекратил существование Днепропетровский педагогический институт иностранных языков, а контингент студентов переведен в Одесский педагогический институт иностранных языков. К Житомирскому педагогическому институту присоединили ликвидирован Житомирский учительский институт где был создано два отделения английского и немецкого языков.

В конце 50-х гг. XX века три ведущие педагогические институты (Киевский, Харьковский и Одесский) начали работу над совершенствованием учебных планов по иностранным языкам для школы. Это позволило достичь одинакового высокого уровня образовательной концепции и стандартизации требований. В 1958/59 учебном году Харьковский пединститут иностранных языков обращал внимание на подготовку учителей, которые могли бы проводить обучение в школе на иностранных языках [7].

Следует отметить, что в то время подготовку учителей иностранного языка (как дополнительную специальность на филологических факультетах украинского языка и литературы и русского языка и литературы) осуществляли Винницкой, Житомирской, Запорожской, Кировоградской, Сумской и Черкасский педагогические институты. Несколько ранее (1960/61 у. г.) Специальность «Украинский язык и литература, иностранный язык» была основана в Нежинском пединституте [2, с. 2 - 9].

В 60-х гг. в центре внимания исследователей методистов находилась устная речь. В этот период велась разработка новой методической системы, направленной на индивидуализацию и интенсификацию учебного процесса, активизацию самостоятельной работы студентов. С целью изучения и внедрения этой системы в 1963 году при Киевском университете был создан на общественных началах научно-исследовательский институт программированного обучения, который имел отделения иностранных языков. В лексикографических работах факультета были англо-украинский словарь Н.Калачевськой, немецко-украинский словарь Е.Верисоцькой и В.Лещинськой, французско-украинский и украинско-французский словари А.Андриевской, немецко-украинский фразеологический словарь Л.Осовецкой.

Таким образом, период 1948-1970-х гг. XX века является определяющим в развитии иноязычного образования в Украине, когда подготовка учителей иностранных языков в высших педагогических учебных заведениях становится одной из основных государственных проблем, состояние решения которой определяется рядом принятых постановлений, направленных на улучшение подготовки учительских кадров, в том числе учителей иностранных языков. Исследуемый период отмечается созданием и реорганизацией сети лингвистических учебных заведений (педагогические и учительские институты).

1. Архив ЧНПУ, ф. Г.- 608, оп. 1-о, д. 241, 479 л.

2. Отчеты педагогических институтов на начало 1961/62 н. г.. // ЦДАВОВ Украины. – Ф. 166. – Оп. 15. – Спр. 3324. – 79 л.

3. Отчет о работе педагогических и учительских институтов РСФСР по 1950/51 н. г. // ЦДАВОВ Украины. - Ф. 166. – Оп. 15. – Спр. 957. – 179 л.

4. Марчишина А.А., Олейник С.В. Факультет иностранной филологии Каменец-Подольского национального университета: прошлое и настоящее. – Каменец-Подольский: Аксиома, 2008. – 52 с.

5. Учебные планы педагогических институтов. – М.: Типография КГПИ, 1954. – 18 с.

6. Околович А. В. Подготовка учителей иностранного языка в Дрогобычском государственном педагогическом институте (1962 - 1978 ГГ.) / Александр Владимирович Околович // Педагогический альманах: сб. наук.праць / редкол .: В.В. Кузьменко (председатель) и др. – Херсон: КВУЗ «Херсонская академия непрерывного образования», 2013. – Вып. 18. – С. 272 - 277.

7. Отчет о работе педагогических и учительский институтов по 1953-1954 у. г. // ЦДАВОВ Украины. – Ф. 166. – Оп. 15. – Спр. 1481. – 184 л.

8. Отчет о работе ХПИИЯ за 1958/59 уч. г. // ГАХО. – Ф. 1780. – Оп. 3. –Спр. 554.- 35 л.

9. Основы педагогики высшей школы: Учебник по модульнорейтинговою системой обучения для студентов магистратуры. – Киев: Центр учебной литературы, 2006. – 384 с.

10. План исследований учебных программ общеобразовательной средней школы на 1956 (Проект) // ЦДАВОВ Украины. – Ф. 166. – Оп. 15. – Спр. 1856. – Л. 190-193.

11. План подготовки учителей для семилетних и средних школ УССР на 1949-1950 рр. // ЦДАВОВ Украины. – Ф. 166. – Оп. 15. – Спр. 575. - 12 л.

12. Процишин Н.А. Кадровое обеспечение педагогических институтов Украины (50 - шестидесятых годов.) / Н.А. Процишин // Вестник Черкасского университета. Серия Педагогические науки. – 2013. – № 34 (287). – С. 94 - 98.

Summary

Bezlyudnaya V.V. – *Associate Professor, PhD students of Pavlo Tychyna Uman State Pedagogical University, UKRAINE*

Foreign language education in higher pedagogical educational institutions of Ukraine (1948-1979 years of XX-th century)

The article deals with the formation process of foreign language education in higher educational institutions of Ukraine from 1948-1979 years of the twentieth century. The author draws attention to the fact that this period is marked by the creation and reorganization of the network of educational institutions, which made the contributions in training future foreign language teachers.

Keywords: foreign language teachers training, foreign language, higher educational institutions, pedagogical institut, curricula.

ӘОЖ:37.01:39

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

Жанабаева Р.А. – *Абай атындағы ҚазҰПУ,*
жалпы университеттік педагогика кафедрасының п.ғ.д.,профессоры

Балалар мен жеткіншектерде ұлттық патриотизмді қалыптастыру мәселесі ұлы Абай шығармаларында жақсы көрініс тапқан. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ол халық ауызекі шығармаларының рөлін өте жоғары бағалаған. Оның тәрбиелік мүмкіндіктерін бала жастан меңгерген, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде өте ұтымды пайдаланған.

Тірек сөздер: адалдық, әділдік, еңбекшілдік, талапкерлік, татулық.

Абай *біріншіден*, «қазақ ертегілері мен аңыздарын, өлеңдері мен жырларын, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын бала кезден естіп, бойына сіңіріп өсті және ұдайы қалың елдің ішінде, өмір бойы фольклорлық дәстүр арасында болды. Небір әдемі айтыстардың, шешендер мен билер дауының куәгері болды, жез таңдай әншілер мен бал бармақ күйшілерді тыңдады, яғни халық творчествосын өле-өлгенше көзімен көріп, фольклор шығармаларын соңғы демі біткенше естіді. *Екіншіден,* сол кезде әр түрлі мақсаттармен һәм түрлі себептермен жарық көрген фольклорлық жинақтар мен ауыз әдебиеті үлгілерін оқыды, оларға айтарлықтай көңіл аударып отырды. *Үшіншіден,* араб, парсы, түркі қисса-хикаяттарды, дастандарды, тәмсіл-мысалдарды оқыды, ал олардың дені фольклорлық екені аян. *Төртіншіден*, орыс және европа халықтарының классикалық әдебиетімен қатар фольклорлық үлгілермен де жақсы таныс болды, тіпті олардың кейбіреулерін қазақшаға аударды.

Бесіншіден, Абай өз бетінше орысша білім алып, ғылымның пайдалы екенін түсінгендігінің арқасында ел ішінен қолөнер бұйымдарын жасатып, Семей музейіне тапсыртады, маңайындағы ақын-жазушыларға халық арасына кең тараған жырларды қайта жырлауды, олардың хатқа түсіруді жүктейді» деген С.Қасқабасовтың ой тұжырымы Абайдың ата мұра дәстүрін жоғары бағалағанын, өз Отанына, туған еліне деген сүйіспеншіліктің, патриоттық интернационалистік сана-сезімнің жоғары болғанын дәлелдейді.

Абай өзінің еңбегінде халықтың ауызекі шығармаларын көркем өнердің шебері, эстетика өкілі ойшыл ақын ретінде пайдаланады.

Ол өзінің қарасөздерінде (отыз тоғызыншы т.б.) және «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты еңбегінде мақалға талдау береді. Мақалдарды халықтың өмірімен және тарихымен тығыз байланыста алып қарайды және қоғамдық мәні тұрғысынан бағалайды. Мақал-мәтелдерді талдау барысында адамгершілік, ұлтжандылық, ынтымақтастық, татулық, әділдік, еңбекшілдік, адалдық, талапкерлік, талаптанушылық, ел тарихы мәселелеріне аса назар аударады, оларды зұлымдық, сұрқиялық, екіжүзділік, барымташылық тәрізді жағымсыз мінез-құлықтармен салыстырмалы түрде қарастырады.

Мысалы, «Үшінші сөзінде» «Қасымханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы», «Күл төбенің басында күнде кеңес», «Би екеу болса, дау төртеу болады» деген мақалдарды негізге ала отырып сол кездегі сайлау мен сот, билік тәртіптерін сынға алады, ертеден келе жатқан бұл сөздерді ескеру қажеттігін ескертеді және биліктің әділ еместігін әшкерелейді.

«Он үшінші», «Отыз алтыншы» сөздерінде жастарды имандылыққа шақырады. Қазақтың «Құдайтағаланың кешпес күнәсі жоқ», «Ұят кімде болса, иман сонда» деген мақалдарын келтіре отырып, олардың мазмұнын дұрыс түсіндіруге талпынады.

«Бесінші», «Жиырма тоғызыншы», «Отыз тоғызыншы» сөздерде мақалдарды тірек ете отырып, сол кездегі қоғамның көлеңкелі жақтарын, адамдардың жағымсыз қылықтар мен мінездерін сынға алады. Біраз мақалдардың өмірге сай емес екендігін, кейбірінің (мысалы, «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Малдының беті – жарық, малсыздың беті - шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елді, еріккенде қолда», «Берген жерде бұзар», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ») қара халықты еңбекке баулудың орнына енжарлыққа, жалқаулыққа шақырылатынын ескертеді.

«Жиырма тоғызыншы сөзде» Абай қазақ мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтыны да бар» - деп мақал-мәтелдердің адам өміріндегі міндетін көрсетеді, адамға, қоғамға, өмірге практикалық тұрғыдан пайдасы бар, кісілерді жоғары адамгершілікке баулитын мақалдарды ғана пайдалану қажеттігін ескертеді. Пайдасыз мақалдардың әлеуметтік және гуманистік көзқарасты қалыптастырудағы тиімсіз екендігін дәлелдеуге талпынады.

«Әуелі «Жарлы болсаң арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, - ол ар кететұғын, іс емес, тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі».

Осы мақалды талдау арқылы Абай әлеуметтік мәселені көтереді. Арлы болу – адал еңбек ету, еңбектің еш түрінен қашпау, тіленбей, өз еңбегіңмен күнелту деп түсіндіреді.

«Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ» деген ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп қорлықпен өмір өткізгенше малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой» деп Абай біреуден сұрағанша, аянбай еңбек ету керек, мал бағып, жер жыртып, егіншілік кәсіп жасауға шақырады.

Абай сондай-ақ «Атың шықпаса, жер өрте», «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол», «Алтын көрсе періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» деген мақалдарда ешқандай адамгершілік сипат жоқ екенін, дүниеқұмарлық, зұлымдық әрекеттердің ешқашанда да абырой әкелмейтінін ескертеді.

Абайдың «Отыз тоғызыншы сөзіндегі» («Аз араздықты қуған көп пайдасын кетірер», «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған бәлеге жолығар») мақалдары арқылы халықты гуманистік көзқарасқа шақырады, елдегі тыныштық, ынтымаққа, татулыққа, отан-сүйгіштікке, елжан-дылыққа байланысты дегенді айтады.

Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген зерттеу еңбегінде Абай балаларды құнды тарихи деректермен таныстыра келіп: «...қазақтарды арабтан шыққан дейтін ел арасындағы қате шежірелерді ғылыми негізді жоққа шығарып, қазақтардың көне моңғол тайпаларымен туыс екенін дәлелдеу үшін тарихи еңбектерді қараумен қатар қазақтың тілін, әдет ғұрпын, тарихи аңыздары мен мақал-мәтелдерін пайдаланған. Сонымен бірге Шыңғыс тауы туралы тарихи аңызды, үш жүздің пайда болуы мен Алаша хан туралы шежірені, Шыңғыс хан мен Жошының билеген кезеңдерін баян ете отырып, «Ондағы «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы - Майқы би», «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды», «Қой жылы зеңгер тоғыс болды», «Самарқанның сар жолы, Бұлайдың тар жолы» деген мақалдарға түсініктермені Шыңғыс ханмен, оның жорық-сапарымен байланыстырады. Абайдың бұл арадағы мақсаты – жастарға қазақтың арғы тегін, қайдан шыққанын түсіндіру, «Жеті атасын білмеген ұл - жетесіз» дегізбей, оларды өз руын, шыққан тегін білуге баулу.

Балалар мен жастардың ұлттық патриотизмін қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. Оның «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұрым», «Желсіз түнде жарық-ай» т.б. өлеңдеріндегі туған жер табиғатының әсем көріністері, адамдардың күнделікті тыныс-тіршілігі, іс-әрекеттер, балалардың Отанға, елге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырады, патриоттық сана-сезімінің оянуына әсер етеді.

Абай адамдардың сыртқы сұлулығының ішкі жан дүниесімен үйлесімділікте болуын қалайды.

Өзінің өлеңдерінде қазақ қыздарының нәзік жанын, ибалы қасиеттерін, мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, сұлу мүсінін, адамгершілік ар-ождан тазалығын, бүкіл болмысын тамаша бір теңеулермен:

Қақталған ақ күмістей кей маңдайлы,
Аласы аз қара көзден нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал-қызыл бет тіл байлайды
. . . . . .

Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды.

. . . . . .

Қолаң қара шашы бар жібек талды,

Торғындай толқындырып көз таңдайды ... - деп әсерлі жырлап, олардың мәртебесін көтеріп, жүрек сезімін өлеңге қосты. Осылайша әдемі кейіптеумен бірге:

Бұлардың кейбірінің мінездері
Ешнәрсе көрмегенсіп, бұлтақтаған.
Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,

Орынсыз адамдармен жыртақтаған! - деп қыз-келіншектерге мұндай одағай мінездің әркімге ұнай бермейтінін де ескертуді ұмытпайды.

Өлең - сөздің патшасы, сөз – сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол – ақынның білімсіз бейшарасы – деп Абай жастарға жыршылық, ақындық табиғи дарын, таланттың ісі, тапқырлықтың белгісі деп, өлеңге талап, талғам қажет екенін ескертеді.

Абайдың араб пен парсы батырлық жырларын, Шығыстың атағы жер жүзіне мәшһүр классик ақындарын, ат-Табари, Рабғузи, Рашид-әд-Дин, Захиреддин Бабыр, Әбілғазы Баһадур ханның тарихи еңбектерін жетік меңгеруі, оның гуманистік, интернационалистік көзқараста болғанын дәлелдейді.

Исламныңараб, парсы,түрік тілдеріндегі білім көздеріне Абай ерекше көңіл аударады. Өзінің табиғи қабілетінің арқасында, өздігінен араб, парсы тілдерін меңгереді.

Абай Шығыстың ұлы ақындары Фирдауси, Низами, Хафиз, Жами, Сағди, Науаи, Сәйхали поэзиясын жақсы меңгерді, оларды үлгі тұтты. Олардың «адамның табиғатын тереңнен ұғатын ерекше қасиеттері, яки адамның адамшылыққа деген сүйспеншілік қасиеттері күллі Абай поэзиясынан көрініс тапқан. Барлық Шығыс ойшылдары секілді ақынның «Адам бол» дейтін үндеуі өріс алатын, оның бүкіл творчествосының өзегіне айналған, адамды адамгершілік тұрғысынан жетілдіруге, сол арқылы қоғамды сындарлы кейіпке жеткізуге ниет ететін ақындық негізгі мұрат бұл тұрғыда оның ежелгі алып ой өкілдерімен рухани туыстығына куәлік береді. Сонымен бірге ақынның небір шұрайлы философиялық көреген ойлары да негізінен Шығыс ойшылдары мен ақындарының кемел кемеңгер пікірлерін творчестволық айрықша шеберлікпен игергендігіне байланысты екендігі де даусыз».

Абайдың гумандық дүниетанымына орыс мәдениеті мен қоғамдық-философиялық ой жүйесінің әсері мол болды.

Абайдың Семейге жер аударылған саяси тұтқындармен достығы Н.П. Михаэлис, С.С. Гросс, оның ақындық, философиялық шығармашылығына, дүниетанымына ерекше әсер етті.

Абай Сократ, Платон, Аристотель еңбектерімен жақсы таныс бола білді. Оны ақынның туындылары дәлелдейді. Сонымен қатар ол Спенсердің «тәжірибелерін», Льюистің «Позитивтік философиясын», Дрепердің «Еуропа ақыл-ойының даум тарихы» атты туындылары мен Милльдің Бекльдің және тағы басқа көптеген авторлардың да шығармаларын оқыған. Ақынның Байрон, Гете, Шиллер, Мицкевич және орыс ақын жазушыларының (Пушкин, Лермонтов, Тургенев т.б.) шығармаларын да қазақшаға аударғаны белгілі.

Батыстың өркениеті мен философиясы, тарихы, ғылымы мен мәдениеті Абайдың рухани тұрғыдан жетілуіне елеулі рөл атқарды.

Сонымен, ағартушылар қазақ халқының тарихы мен тіршілігінде ең күрделі мәселелеріне көңіл бөлген, елдің өткендегі өмірін тарихи тұрғыдан түсінуге тырысқан, сол дәуірдегі құбылыстар мен оқиға-

ларды әлеуметтік тұрғыдан қарастырған, халықты елін, жерін, Отанын сақтауға, мәдениетін аялай білуге, жоғары адамгершілікке шақырған.

Бұның бәрі олардың идеясын, ой-пікірі мен ақыл-өсиетіннің өміршеңдігін, жаңашылдығын көрсетеді. Олар әсіресе бүгінгі қоғамның жаңаруы, демократияланyы процесінде еліміздің егемендік алып, тарих қайта құрылып жатқан кезде жеткіншек ұрпақтың адамгершілік-патриоттық санасын, рухани қасиеттерін, талғамын қалыптастыруда маңызды рөл атқара түсетіні сөзсіз.

1.Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық жинағы, 2 т. – Алматы, 1977. – 177 б.
2.Қазақ фолклористикасының тарихы: (революцияға дейінгі кезең). – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.

Резюме

Жанабаева Р.А. - *д.п.н., проф. Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

Произведение Абая патриотические влияние

С данной статье исследуется отражение идеи национального патриотизма в творчестве великого поэта Абая Кунанбаева. Путем побробного анализа конкретных произведении поэта(слова назидания, стихи)выявлены такие национальные особенности как национальный дух, доброта, храбрость, смелость, любовь к своему народу, и тем самым дана оценка вкладу поэта в формирование и развитие национального патриотизма

Ключевые слова: честность, справедливость, патриотизм, трудолюбивость, настройчевость, мирный.

Summary

Zhanabaeva R.A. – *d.p.n.,prof,Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

Patriotic readings of works by careful

With this article we investigate the reflection of the idea of national patriotism in the poet Abay. By pobrobnogo analysis of specific work of the poet (the words of edification. Verses revealed such national features as the national spirit, kindness, bravery, courage, love for his people. And thus assessed the contribution of the poet s formation and development of national patriotism.

Key words:honesty, justice, patriotism, industrious, perseverance, peaceful.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА

УДК 620.2 (075.8)

ҚҰЗЫРЕТТІ ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Байзакова Е.М. – *п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ,*
Теориялық және тәжірбиелік физика кафедрасының доценті. e-mail: bayzakova.63@mail.ru
Өміржанова Ж.М. – *т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*
механика кафедрасының доценті. e-mail: jadraom77@mail.ru
Саудабаева Д.Е. – *Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар Академиясы, магистр.*
e-mail: madam.shayn@mail.ru

Мақалада әлемдік білім беру жүйесіне негізделген басым бағыттары қарастырылған. Шетелдегі бейіндік мектеп білім беру мекемесінің жеке түрі ретінде қарастырылған. Болашақ 12 жылдық мектеп қандай болу керек және оның ерекшеліктері көрсетілген. 12 жылдық оқу мерзіміне ауысу қажеттіліктерін айқындайтын факторлардар сипатталған. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру арқылы өмірлік құзыреттілігімен өзін-өзі бағалау жолдары көрсетілген. Педагогтардың жұмыс жүйесі арқылы оқушыларды азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеудің басқарушылық әрекет құру жолдары анықталған.

Сондай-ақ, білім сапасын арттыру жолдары қарастырылған. Мектептік білім беру жүйесінде жасау мүмкін емес болып келетін, оқушының әлеуметтік бағдарланған қасиеттерін қалыптастыру үшін қажетті жаңа, және өзінің мәні бойынша инновациялық шарттар көрсетілген. Білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың жоғары деңгейін көрсете отырып оның жаңа парадигмасы жасалған.

Тірек сөздер: бейіндік оқыту; тұлғаны қалыптастыру, қолданбалы және бейіндік пәндер, таңдау курстары, кәсіби қабілеті, парадигма.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесіне қойылатын талаптар оның мүлде жаңа парадигмасын жасауды қажет етеді. Өйткені, өмір сүріп келген жүйе үнемі даму үстінде болып отырған қоғамның сұраныстарына жауап бере алмайды. Жалпы білім беретін орта мектептің білім беру мазмұны оқушылар мен ата-аналардың сұраныстарын қанағаттандыра алмады. Білім деңгейлері арасындағы сабақтастық үзіліп, жалпы орта білім беру мен жоғары білім жеке құрылымдар ретінде өмір сүрді, бұл жағдай өз кезегінде мектеп бітірушілерді жоғары оқу орнында білім алу үшін қосымша даярлау тәрізді артық жүйенің ресми емес түрде пайда болуына алып келді. Кәсіби бағдарлау жұмыстары өз мәнінде нәтижесін бере алмай отыр. Мұның бәрі мектеп бітірушілерде өзінің болашағын жоспарлауда таңдауының бұлдырлығын тудырды. Сондықтан, осы мәселеге мемлекеттік деңгейде үлкен мән беріліп, білім саласын жүйелі реформалау, түбегейлі өзгерістер енгізу қолға алынды. Қалыптасқан жағдайдан шығудың бір шешімі - білім берудің 12 жылдық моделіне көшу.

2012-2014 жылдарына қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математика және технологиялық бағыттар бойынша "Бейіндік мектеп" бейіндік оқыту бағдарламасы дайындалып және сынақтан өткізу жоспарланып, оқытудың 12 жылдық үлгісі бойынша эксперименттік алаң үшін оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдар сараптамадан өтіп, 2014 жылы 1, 5, 11-сыныптардың, 2015 жылы 2, 6, 12-сыныптардың, 2016 жылы 3, 4, 7-сыныптардың, 2017 жылы 8, 9, 10-сыныптардың оқушылары үшін оқытудың 12 жылдық моделінің бағдарламасы бойынша балама оқулықтармен оқытудың 12 жылдық моделіне дәйекті көшу көзделген. [1, 72 б.]

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу- әлемдік білім кеңістігіне еркін енуді көздейтін заман талабынан туындап отырған мәселе. Қазіргі кездегі 12 жылдық мектепке есептелінген белгілі бір халықтардың білім беру стандарты қалыптасқан. Осыған байланысты, Еуропалық кеңестің 1992 жылғы декларациясына сәйкес 12 жылдық білім беру кеңістігіндегі 169 елде жүзеге асырылуда.

Мектеп бітірушінің әлеуметтік және қоғамдық өмірдегі өзгерістерге икемделе отырып, еркін енуіне дайындығын мазмұнды жаңа мектеп қамтамасыз ететін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Мәселен алдың-

ғы қатарлы дамыған елдердің Финляндия, Қытай, АҚШ 12 жылдық білім беруге көшуіндегі нақты қадамдары еліміздің білім беру жүйесіне едәуір өзгеріс енгізу қажеттілігін дәйектейді. Біз бүгінгі күні осындай әлемдік білім беру жүйесіне негізделген басым бағыттарды қарастырып отырмыз.

Финляндия, Швеция, Норвегия, Дания және т.б. елдерде 7 сыныпқа дейін барлық оқушылар бірдей білім алады, содан кейін оқушы ары карайғы жолын таңдайды. Әрбір оқушыға негізгі мектепте білімін жалғастыруға екі нұсқа ұсынылады: академиялық - болашақта жоғары оқу орындарында оқуға жол ашады, кәсіптік - қолданбалы және бейіндік пәндерді камтитын оқу жоспарымен оқытады.

Германияда бейіндік мектеп білім беру мекемесінің жеке түрі - гимназия болып табылады. Білім беру бейіндер саны үшеу: тіл, әдебиет, өнер; әлеуметтік ғылымдар; математика-дәл ғылымдар-технология. Таңдау курстары көп болуы жоғары сынып оқу шыларының жеке оқу жоспарларымен білім алуына мүмкіндік береді. Гимназия оқушыларды тікелей жоғары оқу орындарына түсулеріне дайындайды. Германияның заманауи гимназиясы оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға, заман талаптарына сәйкес жоғары оқу орындарына мамандар даярлауға, жалпы білім беру мен кәсіби даярлау арасында координацияны жетілдіруге жұмылдырады.

Германияда оқу шылардың негізгі мектепте оқуы 9 немесе 10 жылмен аяқталады. Орта денгейде оқитын оқушылар 9 жылда негізгі мектепті аяқтаған соң ары қарай білім алуды кәсіптік мектептерде жалғастырады. Үздік оқушылар тағы да (9+1) бір жыл оқып, ары қарай білім алуын 3 жылдық гимназияларда жалғастырып университетке түсуге даярланады.

Польшадағы орта білім беруде өзінің ерекшеліктерімен дараланады. Мектептегі міндетті білім беру 8 жыл болып есептелінеді. Соңынан 4 жыл көлемінде 2 бағыт бойынша (жалпы және техникалық) оқушылар білімін лицейде жалғастырады.

Финляндияда негізгі орта білім 9 жылдың көлемімен аяқталады. Ары қарай білімді жалғастыру 3 жыл көлемінде гимназия қабырғаларында жүзеге асырылады. Бұл елде университетке оқуға түсу үшін 12 жылдық білім міндетті деп есептелінеді.

Әлемдік тәжірибе баланың 3-тен 6 жасқа дейінгі даму кезеңі мектепте оқуға дайындау үшін ең қолай-лы жас екенін көрсетіп отыр. Осылайша, Францияда мектепке дейінгі білім беру міндетті болып табыл-майды, бірақ 3-6 жасқа дейінгі балалардың барлығы дерлік балабақшаға барады. Мұндай жағдай Германияда, Канадада, Венгрияда, Англияда орын алған. Данияда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың құрылымы қазақстандық құрылымға ұқсас: бөбекжай - бір жарым жастан 3 жасқа дейінгі балалар үшін, балабақшалар - 3-тен 6-7 жасқа дейін. Әлемдік үрдістерді және білім беру жүйесінің 12 жылдық оқытуға көшуін ескере отырып, балаларды мектепте оқытуға 3 жастан 6 жасқа дейін дайындауды қамтамасыз ету қажет.

Бүгінгі күннің басты талабы еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруда кәсіптік білім берудің беделі артып отыр. Осы мақсатта 2008 жылы Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Оның мақсаты - техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін қайта ұйымдастыру, бәсекеге қабілетті дағдылары бар және білім алуды жалғастыру үшін жеткілікті әлеуеті бар экономика салалары мен жұмыс берушілерді техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарымен қамтамасыз ету болып табылады [2, 16 б.].

Ғылыми еңбектерге талдау жасай келе, 12 жылдық оқу мерзіміне ауысу қажеттіліктерін айқындайтын факторлар анықталды.

1-фактор. Білім беру парадигмасының өзгеруі. Қазіргі мектеп білім берудің тұлғалық-бағдарланған стратегиясын іске асыруға бағытталған. Оның негізгі оқушыларға механикалық түрде білім беру емес, олардың табиғи қабілеттері мен әлеуметтік мүдделеріне, құзыреттіліктерінің қалыптасуына баса назар аудара отырып, өмірлік жоспарларын жүзеге асыруына кең мүмкіндіктер жасайтын білім кеңістігін құру. Оқушыларды жоғары мектеп жүйесінде білім алуға даярлау, не белгілі бір кәсіптік анықтау арқылы, жалпы орта білім алу формаларын таңдау мақсатында жоғары буынды оқытуды бағдарландыру мен бүкіләлемдік беталыстарды ескере отырып, арнайы ұйымдастырушылық, әдістемелік жағынан жағдай туғызу қажет.

2-фактор. Оқушылардың денсаулығын сақтау. Бірінші сыныпта оқушылар аптасына белгіленген 20 сағаттың орнына 22 сағат, жоғарғы сынып оқушылары 38 сағаттың орнына 40-42 сағат оқу жүктемесін орындайды. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау агентігінің деректері бойынша, республикада 2 миллионнан астам бала (66%) әр түрлі аурулармен диспансерлік есепте тұрады. Мектепке оқыту кезеңінде балалар арасында тыныс алу мүшелерінің, көз (алыстан жақсы көрмеу), ас қорыту, жүйке-психикалық, тірек-қозғалыс аппаратарының зақымдануы сияқты тағы басқа аурулары ондаған есеге дейін артып отыр. 12 жылдық оқу мерзіміне көшу жағдайында белгіленген күнделікті оқу жүктемесінің

нормаларын қатаң сақтау және оқу жоспары жүктемесін азайту, оқушылардың әр түрлі үйірмелерге қатысуларына, бос уақыттарын өз мүдделеріне сай өткізулеріне мүмкіндік жасайды.

3-фактор. Оқушыларды әлеуметтендіру, әлеуметтік шиеленісті төмендету. Дәстүрлі 11 жылдық жалпы орта білім беру еңбек нарығының қажеттіліктеріне, оқытудың практикалық бағытына, еңбек етуге дағдыландыруға сәйкес кәсіптік бағдарды қамтамасыз ете алмайды. Тек 2000-2001 оқу жылының басына дейін ғана жалпы білім беретін мектептердің 58182 (барлық санының 28%) түлектері еңбекпен қамтамасыз етілмей қалды. 12 жылдық мектептің негізгі буынында оқушылар арасында кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізілді. Негізгі мектептен кейін көпшілік оқушылар кәсіптік мектептерде оқитын болады. Кәсіптік мектеп (11-12 сыныптар) оқушылардың еңбек нарығына, кәсіптеріне бейімделулеріне жағдай туғызады. Жоғары сынып оқушыларын пәндерді кәсіби тұрғыда тереңдете оқыту олардың жрғары оқу орнына түсіп, оқуларына сапалы даярлау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік жасайды. Сонымен, 12 жылдық мектеп оқушылардың әлеуметтік дамуына, болашақ мамандықтары бойынша қажетті дағдыларды жинақтауына, еңбек нарығына бейімделуіне, өз бетінше өмір сүруге дайындықтарының артуы септеседі.

4-фактор. Оқу сапасын арттыру. 12 жылдық білім беруге көшу ең алдымен оқушылардың күнделікті оқу жүктемесін төмендету есебінен жалпы орта білім берудің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Білім сапасын арттыру оқу материалдарын мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының талаптары деңгейіне сай меңгеруге, сырттай және іштей саралаудың тиімді тепе-теңдігін құруға кепілдік беретін педагогикалық жаңашыл оқыту технологияларын жетілдіру нәтижесінде жүзеге асырылады. Деңгейлеп, саралап оқытуды жүзеге асыру арқылы оқушылардың қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, жеке ерекшеліктерін ескеру негізінде қалыпта-сатын дәлелді оқыту сапасын арттыру мүмкіндік туғызады.

5-фактор. Отандық аттестаттардың шетелдерде танылуы жөніндегі әлемдік іс-тәжірибелер. Қазақстан Республикасының өтуі бәсекелесе алатындай түлектерді дайындауды, шетелдерде біздің аттестаттарымыздың танылуын қамтамасыз етеді. Отандық аттестаттардың шетелдерде танылуы халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюіне, қазақстандық мектеп түлектерінің мемлекетаралық білім жобаларына белсенді қатысуларына мүмкіндік туғызады.

Қазақстандық 12 жылдық орта мектептің мақсаты оқу мерзімін ұзарта отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар аясында, оқушылардың білімділігін, біліктілігін, өзгермелі, бәсекелік ортада табысты қызмет жасау қабілеттігін, өзін-өзі дамытуға және жүзеге асыруға бейімділігін қалыптастыру, білім мазмұнын ізгілендіру, білім беру мен ьасқару тәсілдерін жетілдіру, білім сапасын бағалаудың халықаралық стандарттары мен нормаларына көшу, әлемдік білім кеңістігіне біртіндеп ықпалдастыру көзделуде.

Қазақ елінде мектеп ашу, сауаттандыру ісіне талдау жасасақ, бізде, жаңа XXI ғасырдың басынан бастап жас ұрпаққа білім беруді одан әрі жетілдіруді немесе 12 жылдық оқуды ұйымдастыру қажеттілігін өткен тарих белестері дәлелдейтін сияқты.

Мукатаев А.А. Қазақстан инновациялық мектептерінде қосымша білім бағдарламалары негізінде оқытуды бейіндік саралаудың дамуы - зерттеу жұмысында инновациялық мектептерде оқытуды бейіндік саралаудағы тәжірибесі қарастырылды. Осы кезеңде инновациялық мектептерде оқытуды бейіндік саралаудың дамуының бірнеше тенденциясын бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, аталмыш кезеңде әлитарлық білім түсінігі қалыптасып, қабілетті және дарынды балаларға жоғары деңгейдегі білім беру бағдарламалары арқылы тереңдетілген білім беруге жаппай әрекет жасалды.

Екіншіден, білім, іскерлік, дағдылар қалыптастыруға бағытталған білім беруден оқытуды саралау арқылы құзырлылықтар қалыптастыруға мән беріле бастады.

Үшіншіден, оқу жоспарларының вариативті бөлігі біртіндеп ұлғайып, оқушылардың өз таңдауы бойынша білім алуына мүмкіндік беріле бастады [3, 58 б.].

Бейіндік оқытудың оқу жоспарын құрудың алгоритмінің әр кезеңіне тоқталып өтейік:

1-кезең – мектеп бейінін анықтау. Оны анықтау оқушылардың қабілеттері мен бейімдеріне орай өздерінің және ата-аналарының сұраныстарына және оқу орнының мүмкіндіктеріне байланысты жүреді. Бірінші кезекте нақ оқушының өзінің қызығушылығы қойылады, ал мектеп басшысының және мұғалімдердің міндеті – оны мектеп мүмкіндігімен сәйкестендіру болып табылады. Оқушылардың бейімі мен қабілеті, сұраныстары мен қызығушылықтары бейіналды даярлық барысында түрлі әдістемелер арқылы анықталуы тиіс.

2-кезеңде мектеп тиісті бейіннің мазмұнын айқындайтын білім беру бағдарламаларын ұсынады, әрі ол бағдарламалардың баламалылығын қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде алдымен Базистік оқу жоспарына

сәйкес міндетті және бейіндік пәндер анықталып, мектеп ұсына алатын білім бағдарламаларының тізбесі жасалады. Ол тізбе оқушылардың қызығушылықтарына орай толықтырылып, бағдарламалардың баламалы болуы ойластырылады. Ұсынылатын бағдарламалар тек бейін бағытына ғана емес, сонымен бірге жалпы дамытуға бағдарланған болуы керек.

Үшінші кезеңде әр оқушы ұсынылған бағдарламалар ішінен өзінің сұранысына жауап беретіндерін таңдап, өзінің жеке оқу жоспарын жасайды. Одан кейінгі кезеңде оқушылардың жеке жұмыс жоспарлары сыныптар бойынша оқу жоспарларына біріктіріледі. Тиісінше сыныптардың оқу жоспарынан мектептің жұмыстық оқу жоспары құралады. Осылай еткенде ғана әр оқушының жеке даму траекториясы қамтамасыз етіледі.

Бейіндік оқытуды ұйымдастыру мақсаты:

1. Оқушылардың әлеуметтену мүмкіндігін кеңейтіп, Қазақстан азаматтарының сындарлы рөлі ретінде базалық құзыреттер түріндегі білім беру жүйесінің ұлттық мақсаттарына жетуге мүмкіндік туғызу.

2. Жалпы орта білім беру жеке оқу жоспарларын жобалау мен іске асыру мүмкіндігін, 11-12 сынып оқушыларының білім беру мазмұнын саралап жіктеу үшін нормативттік және ұйымдастырушылық педагогикалық жағдай жасау.

3. Оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуін, олардың қабілеті мен қызығушылығын, танымдық және өмірлік қажеттіліктеріне, бейімділіктеріне сәйкес қамтамасыз ету.

4. Жоғары кәсіби және орта білім деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ету.

12 жылдық білім беру мазмұнының негізгі мақсаты дамып келе жатқан қоғамда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

1. Мұқатаев А.А. Қазақстан инновациялық мектептерінде қосымша білім бағдарламалары негізінде оқытуды бейіндік саралаудың дамуы (1992-2005 жж.); пед.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Қарағанды, 2007 ж.

2. Қыпшақов С.А. Болашақ педагогтарды бейіндік мектепте кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлау; пед.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Қарағанды, 2010.

3. Профильное обучение в школе: опыт, проблемы, перспективы. Материалы республиканского семинара-совещания. /Под ред. М.Жадриной. – Алматы: КАО, 2005 г.

Резюме

Байзакова Е.М. – *к.п.н. доцент кафедры теоритической и экспериментальной физики КазНПУ имени Абая,* bayzakova.63@mail.ru

Омиржанова Ж.М. – *к. т. н., доцент кафедры механики КазНУ имени аль-Фараби,* jadraom77@mail.ru

Саудабаева Д.Е. – *Казахская Академия труда и социальных отношений, магистр,* madam.shayn@mail.ru

Возможности системы 12-летнего образования в формировании конкурентоспособности и компетентной личности

В статье рассматривается основные направления системы образования в мировом контексте. Охарактеризованы профильные школы за рубежом как основной тип образовательных учреждений. Какой должна быть школа будущего 12-летнего образования и его особенности. Определена относительная степень сформированности личностных качеств у учащихся через самооценку своей жизненной компетентности. Охарактеризованы факторы перехода на 12-ти летний срок обучения. Определены управленческие действия педагога по созданию среды развития, которые можно представить как систему работы педагога по воспитанию у школьников гражданственности и патриотизма.

А также, рассмотрены пути повышения качества образования. Для формирования социально ориентированных качеств личности показаны необходимые новые, инновационные по своей сущности условия, которые в традиционно функционирующей системе школьного образования создать не удается. С учетом современного уровня требований к системе создана новая парадигма высшего образования.

Ключевые слова: профильное обучение, формирование личности, профессионально-прикладные и профильные дисциплины, курсы по выбору, профессиональные способности, парадигма.

Summary

Bayzakova E.M. – *candidate of pedagogical sciences, associate professor of department of theoretical and experimental*

physics of KazNPU of the name of Abai, bayzakova.63@mail.ru
Omyrzhanova ZH.M. – *candidate of engineering sciences, associate professor of department of mechanics Treasury of the name al-Farabi, jadraom77@mail.ru*
Caudabaeva D.E. – *Kazakh Academy of labour and social relations, master's degree, madam.shayn@mail.ru*

Possibilities of the system of 12-years-old education are in forming to the competitiveness and competent personality

In the article examined basic directions of the system of education in a world context. Profile schools are described abroad as a basic type of educational establishments. The relative degree of formed of personality qualities is certain at students through the self-appraisal of the vital competence. What school of future 12-years-old education and his feature must be. Described factors of passing to 12-ти summer term of educating. The administrative operating of teacher is certain under creation environments of development, that can be presented as a system of work of teacher on education for the schoolchildren of patriotism.

And also, the ways of upgrading of education are considered. For forming of the socially oriented qualities of personality necessary new, innovative on the essence terms that in the traditionally functioning system of school education creating is not succeeded are shown. Created a new paradigm of modern higher education based on the level of system requirements.

Keywords: specialized education, personality development, professional - applied and specialized discipline, elective courses, professional ability, paradigm.

ӘОЖ: 78:371.38

ХАЛЫҚТЫҚ МУЗЫКА ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Алиева А.Қ. – *оқытушы,*
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
e-mail: arai_79@mail.ru

Мақалада қазіргі замандағы қазақ халық педагогикасы халықтың ежелден қалыптасып, заман өзгерістеріне қарай дамып келе жатқан ұжымдық шығармашылығы мен педагогикалық мәдениеті көрініс алады. Онда халықтық жасампаз шығармашылық тәжірибесі, азды-көпті орнықты қағидалары, мұрат-мүддесі, қоғамдық мінез-құлық ережелері, ұрпақ тәрбиесі туралы көзқарастар бейнеленеді. Күні бүгінге дейін атадан балаға мирас болып беріліп отырған көркем туындыларда, ауыз әдебиеті үлгілерінде, музыкалық шығармаларда, сәндік қолөнерлерде, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда халықтың педагогикалық мәдениетінің аса маңызды құндылықтары қарастырылған. Соның ішінде халықтық музыкаға ерекше сипаттама берілген.

Тірек сөздер: музыка, ұлттық, халықтық музыка, шығармашылық, педагогика, сабақ, үрдіс.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «... Бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп көрсеткен [1]. Сонымен қатар, «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқынның тарихи тәжірибесіне жүгіну – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс» екенін де айтып өтті. Сол білім беруді дамытуды жас мамандарға мәдени-тарихи құндылықтарды, нормалар мен дәстүрлерді, білім берудің арнайы таңдап алынған мазмұны мен нысандарын беру болып табылады. Нәтижелі білім алудың мәнісі сол, мұнда оқушының іс-әрекеті оның жеке басының қабілетін іске асыруға негізделген және оның оқытылатын пәндер мен салаларға сәйкес келетін білім алуын талап етеді.

Сондықтан өмірге жан-жақты дайындалған, еңбек сүйгіш, ынталы, шығарамашылықпен ойлайтын, интеллектуалдық және адамгершілік тұрғысынан бай, жоғары білімді студентті оқытып-тәрбиелеу қажеттігін дамыту мәселесі тұр.

Жалпы музыкалық білім беру жүйесі жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты болып өсуі үшін, ең жоғары мүмкіндіктерді қолдануды мақсат тұта-

ды. Еліміз егемендік алып, өз шаңырағымызды тіктеген тұста ұлттық өнерімізді, мәдениетімізді, білімізді жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу міндеті қойылды [2].

Қазіргі заманда қазақ халық педагогикасы халықтың ежелден қалыптасып, заман өзгерістеріне қарай дамып келе жатқан ұжымдық шығармашылығы мен педагогикалық мәдениетінде көрініс алады. Онда халықтық жасампаз шығармашылық тәжірибесі, азды-көпті орнықты қағидалары, мұрат-мүддесі, қоғамдық мінез-құлық ережелері, ұрпақ тәрбиесі туралы көзқарастар бейнеленеді. Күні бүгінге дейін атадан балаға мирас болып беріліп отырған көркем туындыларда, ауыз әдебиеті үлгілерінде, музыкалық шығармаларда, сәндік қолөнерлерде, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда халықтың педагогикалық мәдениетінің аса маңызды құндылықтары көрініс тапқан. Соның ішінде халықтық музыканың орны ерекше.

Қазақ халқының музыкалық мәдениетінің ертеден келе жатқан аса бай тарихы бар. Қазба барысында табылған ескерткіштер, балбал тастағы таңбалар, музыкалық аспаптар музыканың сонау көне заманнан халық өмірінің ажырамас бөлігі болып саналғанын дәлелдейді.

Қазақ халқының ән шығармашылығының жанрлары сан алуан. Бұл – музыкалық сабақтастыққа берілген отбасылық – тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбек, лирикалық, тарихи әндер, әлеуметтік наразылық әндері, эпикалық дастандар мен аңыз әңгімелер.

Халық педагогикасында музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету әдістерінің алуан түрлі болғанын, әйтсе де соның ішінде «естігенін еліктеп қайталау» әдісіне аса мән берілгенін, халық оны ән үйретуде де тиімді пайдаланғанын дәлелдейді. Бұл әдіс бүгінгі күнде де ең қолайлы, қажетті әдіс. Өйткені көп жағдайда музыканын нотамен ойнап үйренген адам біреудің естіген әуенін нотасыз бірден аспапқа түсіріп ойнап кете алмайды. Есту қабілетіне сүйене отырып ойнау дағдысы онда шектеулі болады. Ал халықтың дәстүрлі әдісін меңгерген адам болса, естіген әуенін қай жерде, қай мерзімде болмасын қолма-қол аспапқа салып орындай береді. Қазан төңкерісіне дейін қазақ музыкасын зерттеген орыс ғалымдарының «қазақтар домбырада асқақ шеберлікпен ойнайды» (Г.Н. Потанин), «шағын күйлерді, ән әуендерін үлкені де, жасы да домбырада ойнай береді, ... жалпы қазақтар жаксы музыканттар» (А.Эйхгорн), «қазақтарда әншілік, күйшілік кәсіби мұра болып беріледі» (А.Янушкевич), «қазақтарда суырып салып айту мен шығармашылық жақсы өркендеген» (А.Харузин), «қырғыз балалары қаз-қаз баса бастасымен-ақ оларды балалар әндерін жаттауға үйретеді» (П.Тихов) деуінің сыры да міне осында болса керек [3].

Сонымен, түрлі жанрдағы әндер халықтың рухани дүние танымын, эмоционалдық сезімін, эстетика-лық көзқарастары мен әсемдік жөніндегі түсінігін білдіре отырып, жастардың музыкалық-эстетикалық қабілеттерін дамытады. Өзінің қарапайымдылығымен, әуезділігімен, сюжеттерінің мазмұндылығымен, өмірдің, табиғаттың, тұрмыстың алуан түрлі құбылысына сан қилы музыкалық үн қосумен, терең мағыналы поэтикалық бейнесімен қоршаған ортаға шығармашылық көзқарасын қалыптастырады. Күні бүгін де көптеген халық әндері кәсіпқой әншілер мен көркемөнерпаздардың, жастардың репертуарынан берік орын алып, көпшілік игілігіне айналып отырғаны, шығармашылық әрекетінің қалыптасуы соның бірден бір айғағы.

Шығармашылық – ең алдымен адам әрекеті. Шығармашылықты әрекет түрінде қарастыру адам дамуының мүмкіндігінің шексіздігін көрсетеді және оның өзін белсенді етуге бастайды.

Шығармашылық әрекет – тұлғаның шығармашылық міндеттерді өз бетінше шешуі: білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай алуы, белгіліден жаңа мәселені көре білуі, объектінің жаңа қызметін байқай алуы, жаңа соны шешімдер қабылдауы. Субъектінің өзінің осы еңбегіне қанағаттануы, жағымды мотивация арқылы даралыққа ұмтылуы. Сол үшін шығармашылық әрекет өз кезегінде шығармашыл тұлға дамытудың, оның шығармашылық қабілетін өзінің дамытуының маңызды шарты әрі нәтижесі болып табылады.

Шығармашылық – еркін әрекет ретінде сипаталады. Өйткені адам өз таңдауында еркін. Шығармашылық әрекет интуицияның орын алып, қиялдың қанат қағуы, сезімнің жоғарылауы мен үздіксіз ізденіспен сипатталады. Бұл жолда ол жеңістің қуанышын, түңілудің кермек дәмін сезу, тоқтаусыз толғаныс пен жалындау, интеллектуалдық, эмоционалдық дарындылықтың қуанышына бөлену сияқты сезімдерді басынан кешеді.

Шығармашылық әрекет оқушының өз еңбегіне қайта бір ойша оралуы (қанағат табуы, оны орындаудағы дербестігі, жағымды мотивацияның қалыптасуы, т.б.). Шығармашылық оқушының төмендегідей психологиялық сапалары дамиды: жалпы білімнің тереңдігі, сараланған арнайы білімдер, дамыған ақыл-ой қабілеттері мен оның икемділігі, өнертапқыштыққа және еңбектегі жаңалыққа қуана білу, мәселені терең түсіне білу және оны шешудің ең тиімді жолын таңдай білу, эмоциядағы қалыптылық, шыдамдылық, бастаған істі аяғына дейін жеткізе алу, тәуекелге бел буа білу, саналылық, белсенді өмірлік позиция [4].

Оқушының өз білімін көтеру жұмыстарын ұйымдастыруды әрекеттік негізде жүргізу – олардың өз өмірін өзгертуге бағытталған әлеуметтік белсенділігін қалыптастырудың, кәсіби құзырлылығын арттырудың басты кепілі. Әрекеттің бұл түрінде студент жаңалыққа жақын келіп, өзінің дамуының диалектикасын түсінеді, «өткен тәжірибені иемденіп», «оның құрылысын жаңартады» сол арқылы айналаны, қоғамдық өмірді өзгерте алатын белсенді субъектілік жағдайға енеді. Нәтижеде тұлғаны сапалық өзгерістерге жеткізетін оның білімдері, қабілеттері, сенімдері, ішкі мүмкіншіліктері басқаша айтсақ шығармашылық қабілеттің дамуы орын алады.

Жоғарыда талданып кеткен философиялық ой-тұжырымдар уақыт тексерісінен өткен, бүгінгі күнге дейін өзінің көкейтестілігін жоғалтпаған идеялар болып табылады. Бұл идеялар қазіргі білім философиясының негізгі ұстанымдары мен амалдарында да айқын көрініс тауып отыр.

Зерттеу барысында теориялық-әдіснамалық әдебиеттерді талдау арқылы шығармашылық қабілеттің байқалуы мен сапалық өзгерістерге жетуі индивидтегі биологиялық фактортлар (нышандар, қабілеттер), психикалық факторлар (сана, оның құрамына енетін танымдық, аффектілік), әлеуметтік факторлар (қоғам, адамдардың мақсатты әрекеті) арқылы анықталатындығы, адамның шығырамашылық қабілетінің көріну дәрежесі оның өз белсенділігін туғызатын әлеуметтік жағдайларға байланысты екендігі негізделеді.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту көпқырлы мәселе. Сондықтан зерттеу барысында алынған нәтижелер оны шешудің бір ғана жолы деп есептеп, бұл бағыттағы ізденістер болашақта толығырақ орнын жалғастырып, шығармашылық қабілетті диагностикалау құралдары мен көрсеткіштерін жасау тұрғысында өзінің жалғасын табуы тиіс деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, қазақ халық музыкасы ғасырлар бойы балалар мен жастар тәрбиесін кешенді жүзеге асыруда елеулі рөл атқарған. Оларды өз халқының басынан кешкен тарихи оқиғаларын, елін, жерін жаудан қорғаған батырларының ерлік істерін, халқының күнделікті тыныс-тіршілігін, өзіндік дүниетанымын танып білуге бағдарлаған, жалпыадами, ұлттық құндылық, ұлттық патриотизм туралы түсінігін реттеген, көркемдік-эстетикалық талғамын, қабілетін жетілдіріп, моральдық-этикалық мәдениетінің негізін қалаған.

1 *Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. – 2015 ж.*
2 *Сүлейменова Р.Ә., Жұмалиева Г.Ғ. Музыка пәнін оқыту әдістемесі. – Астана, 2008 ж.*
3 *Ұзақбаев С. Қазақ халық педагогикасы. – Алматы, 2013 ж.*
4 *Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахского народа. – Алматы, 1966 г.*

Резюме

Алиева А.К. – *преподаватель, Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова*

Формирование творческих способностей учащихся на уроках казахской народной музыки

В статье рассматривается вопросы формирования творческих способностей учащихся на уроках казахской народной музыки. Казахская народная музыка уходя своими корнями в глубь веков. Далекие предки казахов, многочисленные простые племена, обитавшие на степных просторах создали богатый инструментарий, музыку, песни, самобытные музыкально-поэтические традиции, которые и были унаследованы современным казахским народом.

Ключевые слова: музыка, национальный, народная музыка, творчество, педагогика, урок, процесс.

Summary

Alieva A.K. – *teacher, Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov*

The formation of pupils' creative abilities through Kazakh folk music

This article considers the issues of pupils creative abilities by means of Kazakh folk music. Kazakh folk music rooted deep into centuries. Distant ancestors of Kazakhs, numerous pastoral tribes, inhabited on the steppes of Central Asia created a reach tools, music, songs, original poetic traditions, which were inherited by the modern Kazakh people.

Keywords: music, national, folk music, creative, creativity, pedagogics, lesson, process.

ӘОЖ 159.922.8: 159.923

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА КӨРІНІС БЕРЕТІН ТЕМПЕРАМЕНТ ТИПТЕРІ

Әліпбек А.З. – *п.ғ.к., доцент м.а.,*
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты
e-mail: alipbek_ardak@mail.ru
Қойшиев Қ.Е. – *п.ғ.к., аға оқытушы,*
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты
Ташкенбаева С.М. – *аға оқытушы, Сырдария университеті*

Бұл мақалада жеткіншектердің психикалық дамуында көрініс беретін темперамент типтері жайындағы мәселелер қарастырылған. Жеткіншектік кезеңде көрініс беретін жүйке жүйесінің қасиеттері бойынша типтерді анықтауға тырысқан. Психологиялық әдебиеттерді талдау нәтижесінде жеткіншектердің психикалық дамуында көрініс беретін сангвиникалық, флегматикалық, меланхоликалық, холерикалық темпераментіндегі жеткіншек деп бөліп көрсеткен.

Тірек сөздер: жеткіншек; психикалық даму; темперамент; жүйке жүйесінің қасиеттері; сангвиник; флегматик; меланхолик; холерик.

Елбасымыздың сөзімен айтқанда: «Жастар – ертеңгі жарқын болашақты армандап қана қоймай, оны өз қолдарымен жасауға да белсене қатысулары тиіс». Себебі, қазіргі таңда бүкіл адамзат алдында бұрын болмаған ауқымды, бүкіл әлемдік мәселелер қойылуда. Олардың ішінде бейбітшілік пен қарусыздану, қоғамдық және әлеуметтік даму, халық ағарту және мәдениет мәселелері, денсаулық сақтау және т.б. Адамзат болашағы аталған ауқымды мәселелермен тікелей байланысты екені сөзсіз [1]. Сондықтан, жеткіншек-оқушылардың жеке қасиеттерін есепке ала отырып, оларды жан-жақты қалыптастыру – қазіргі таңда өзекті мәселеге айналып отыр. Осы мәселені кеңінен қарастыруға баланың бойындағы туа берілетін қасиеттердің бірі – темперамент ерекше орын алады.

Жеткіншектік кезең – жеке тұлғаның қалыптасу кезеңі болып табылатын, бала жасындағы ең қиын және күрделі кезең.

Э.Эриксонның эпигенетикалық концепциясына сүйенетін болсақ, адам өмірінде сегіз түрлі психоәлеуметтік дағдарысты басынан өткізеді, оның сәтті немесе сәтсіз өтуі жеке тұлғаның әрі қарай дамуына әсер етеді. Дағдарыстың бесінші түрі – жеткіншектік кезеңге сәйкес келеді. Өзін-өзі идентификациялау мақсатында жеткіншектердің барлығы басынан өткізеді (басқа адамдарға еліктеу, олармен өздерін салыстыру). Өзін-өзі идентификациялай алмау және осыған байланысты барлық қиындықтары жеткіншектің эмоционалдық, әлеуметтік және кәсіби саладағы өзінің орнын таба алмауына алып келеді [2].

Жеткіншектік кезеңнің негізгі жаңадан қалыптасқан қасиеттері ретінде: «Меннің» ашылуы, рефлексияның пайда болуы, өзінің жеке тұлғалығын ұғынуы, идентификациялау.

Жеткіншектік кезеңнің ерекше белгілері: іштей мазасыздану, ашушаңдық, агрессивтілік, мінез акцентуациясы, дербестікке ұмтылу, девиациялық және деликвенті мінез-құлық [3].

Табиғатта екі бірдей адамды, жеке тұлғаны кездестіру қиын. Әрбір адамның жеке тұлға ретінде даралық ерекшеліктері қайталанбайды. Адамдар бір-біріне ұқсас болып келуі мүмкін. Адамдардың даралық-психологиялық ерекшеліктері әртүрлі болады. Осындай тұрақты және адамға туғаннан берілетін психологиялық қасиеттер темпераменттің қасиеті болып табылады. Демек, темпераменттің қасиеттеріне ең алдымен туа біткен және даралық-өзіндік психикалық қасиеттер жатады.

Темперамент туралы мәселелер – антикалық дәуірден бері ғалым-зерттеушілерді қызықтырып келе жатқан мәселе. Бұл жайында ертедегі грек медицинасының көрнекті өкілдері Гиппократ, рим дәрігерлері, Гален және т.б. ғалымдар.

Темперамент туралы ілім ерте кезде пайда болған. Ертедегі грек медицинасының көрнекті өкілі Гиппократ (б.з.д. V ғ.) және оның шәкірттерінің айтуынша, адам ағзасының жағдайы негізінен адам ағзасында болатын шырындардың немесе сұйық заттардың сандық арақатынасына байланысты (қан, шырын, өт). Осы сұйық заттардың араласу пропорциясы грекше «красис» деп аталады.

Рим дәрігерлері жүздеген жылдар кейін жұмыс істеген бұл ұғымды латынша temperamentum деп атады, кейін келіп «темперамент» термині шықты. Римнің белгілі дәрігері б.з.д. II ғ. өмір сүрген Гален алғаш рет темпераментті жан-жақты жіктей отырып, сипаттама берді. Ол темпераменттің санын 13-ке дейін жеткізді. Кейіннен бұл темпераменттің саны төртеуге дейін жинақталды. Олардың әрқайсысы белгілі бір сұйық заттың басымдығына қарай сипатталды.

Темпераменттің төрт типі жайлы теорияларды тарихи тұрғыдан қарастыратын болсақ, олар мыналар: гуморалды, конституционалды, нейрофизиологиялық теориялар деп бөлінеді.

Мәселен, гуморалды теория – темпераментті адам бойындағы сұйықтармен байланыстырған (лат. Humor – сұйық). Бұл теорияның негізін қалаған ежелгі грек дәрігері – Гиппократ. Гуморалды теорияның өкілдері: Гиппократ, Гален, И.Кант, П.Ф. Лесгафт және т.б. Осы психологиялық тағылымды арқау ете отырып, алғашқы рет темперамент түрлеріне сипаттама берді.

Гуморалды теорияның негізгі өкілі Гиппократтың классификациясы бойынша, ағзада сұйық заттардың пропорциясының басым болуына байланысты бірнеше темперамент типтерін бөліп қарастырған:

Біріншіден, қанның пропорциясы басым болса, сангвиникалық темперамент деп аталды (латын сөзі «сангвиус» - қан);

Екіншіден, шырынның пропорциясы басым болса, флегматикалык темперамент деп аталады (грек сөзі «флегма» – сөл);

Үшіншіден, сары өттің пропорциясы басым болса, холерикалық темперамент деп аталады (грек сөзі «холэ» – сары өт);

Төртіншіден, қара өттің пропорциясы басым болса, меланхоликалық темперамент деп аталады (грек сөзі «мелайна холэ» – қара өт).

И.Кант гуморалды теорияны негізге ала отырып темпераментті адамның сезімімен және әрекетімен байланыстырады. Сангвиник – көңілі көтеріңкі адам; меланхолик – тұйық; холерик – әрекетшіл, белсенді, ұстамсыз; флегматик – ұстамды, мізбақбас.

Ал отандас ғалым П.Ф.Лесгафт темпераментті қан айналым жүйесінің ерекшелігімен және зат алмасу процесінің жылдамдығымен байланыстырып қарастырады.

Конституционалды теория – темпераменттің биологиялық негізі ретінде дене құрылымын, дене мүшелерінің пішінін және өлшемдерін қарастыра отырып, әр адам өз дене құрылымына қарай өзіндік психикалық ерекшелікке ие деп санаған.

Конституционалды теорияның өкілдері: Э.Кречмер, У.Шелдон.

Э.Кречмердің типологиясы. Ол адам денесінің бөліктеріне көптеген зерттеулер жүргізіп, осының нәтижесінде 4 дене бітімінің типін бөліп көрсетуге мүмкіншілік берді.

1. Лептосоматик – нәзік дене құрылысымен, биік бойымен, тегіс келген омырауымен сипатталады (тар иықты, қол-аяқтары ұзын және жүдеу келеді).

2. Пикник – өте толық келген, орта және шағын бойымен, үлкен ішімен және қысқа мойынды дөңгелек басымен сипатталады.

3. Атлетик – күшті дамыған бұлшық етімен, мықты дене бітімімен, ұзын немесе орта бойлы, кең иықты, тар жамбасымен ерекшеленетін адамдар.

4. Диспластик – дене бітімі ешқандай түрсіз, дұрыс емес дене құрылымымен ерекшеленетін адамдар. Бұл типтегі адамдар дене бітімінің әртүрлі түрін өзгерту арқылы сипатталады (Мысалы, шамадан тыс бойы ұзын немесе қысқа, пропорционал емес дене бітімі).

Жоғарыда аталған дене құрылысының типтерімен катар Кречмер 3 темпераменттің түрін ерекше атады, оларды ол шизотимик, иксотимик және циклотимик.

Шизотимик – астеникалық дене бітімі бар, ол тұйық, сезімнің өзгеруіне бейім келетін қасарыспа, ұстанымы мен көзқарасын өзгертуге бейім емес, қоршаған ортаға өте қиын бейімделетін тип.

Иксотимик – атлетикалық дене бітімімен ерекшеленеді. Бұл салмақты, көңіл-күйі аз өзгеретін, бет пішіні, дене қозғалысы ұстамды, ойлаудың икемділігімен ерекшеленетін адам.

Циклотомик – пикникалық дене бітімі бар, оның эмоциясы қуаныш пен қайғының арасында, ол адамдармен жақсы қарым-қатынас жасайды және көзқарасында реалистік бағыт басым [4].

Кеңестік психологияда темперамент теорияларының дамуына үлкен үлес қосқан Б.М.Теплов еңбектері болып табылады. Теплов бойынша, темпераменттің қасиеттеріне психикалық іс-әрекет динамикасын сипаттайтын тұрақты психикалық қасиеттер жатады.

Темпераменттің индивидуальды ерекшелігін темпераменттің қандай да бір қасиеттерінің даму деңгейімен түсіндірді.

Темпераменттің мәнді қасиеттеріне келесілерді жатқызды: эмоционалды қозу, зейіннің қозуы, эмоцияның күші, мазасыздық, ырықсыз қозғалыстардың реактивтілігі, ерікті мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің белсенділігі, майыспалылық – регидтілік, резистенттілік, субъективтілік,

Темпераменттің табиғатын және физиологиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан И.П. Павлов жүйке жүйесінің негізгі қасиеттері туралы ілімінде түсіндіріп берді. И.П. Павловтың ілімі бойынша, мінез-

құлықтың дара ерекшеліктері, психикалық іс-әрекеттің жүру қарқыны жүйке жүйесінің қызметінің даралық айырмашылықтарына байланысты.

И.П. Павлов жүйке жүйесінің үш түрлі негізгі қасиеттерін бөліп көрсетті:

1) қозу және тежелу үрдісінің күші. Ол жүйке клеткаларының жұмыс істеу қабілетіне байланысты;

2) жүйке жүйесінің тепе-теңдігі, демек, қозудың күшінің тежелудің күшіне сәйкес келу дәрежесі (немесе оның тепе-теңдігі);

3) жүйке жүйелерінің қозғалғыштығы, демек, қозудың тежелуге ауысу жылдамдығы және керісінше.

Барлық бұл қасиеттер, жалпы жүйке жүйесі ретінде, бір ғана биологиялық қызметті атқарады, өз уақытында ағзаны қоршаған ортамен тепе-теңдікте ұстайды.

И.П. Павлов жүйке жүйесінің төрт негізгі түрін ажыратты:

1) күшті, ұстамсыз (қозудың күші басым болуы);

2) күшті, ұстамды, қозғалғыш;

3) күшті, ұстамды, сылбыр;

4) әлсіз.

И.П. Павлов жүйке процесінің күшіне орай және күшті типпен әлсіз типті ажыратып, дәстүрлі Гиппократ типологиясына жақын жүйке жүйесінің төрт негізгі типін ажыратты.

1-тип: күшті, қозу мен тежелуі теңдей, қозғалмалы – сангвиник;

2-тип: күшті, қозу мен тежелуі теңдей, салғырт – флегматик;

3-тип: күшті, қозуы басым – холерик;

4-тип: әлсіз тип – меланхолик.

И.П. Павлов барлық адамдарды төрт темпераментке, яғни мінез-құлық топтарына бөлген. Мәселен,

Холерик-албырт. Мінезі өте шапшаң, қызба, белсенді, қайратты көңілді адамдар жатады. Олар өте іскер, жылдам қимылдап, шаруаның бұлқан-талқанын шығарып істеп тастайды.

Сангвиник-ширақ. Пысық, ұстамды, іскер, жайдарлы, көпшіл, көңілшек адамдар тобы. Олар мақсатына жетуге жігерленіп, қайраттанып, аянбай еңбек етеді.

Флегматик-салмақты. Байсалды, сбырлы, аздап енжарлы, самарқау, іс-әрекеті баяу жандар тобы. Істеген жұмыстары көпке созылады, бірақ нәтижелі болады. Мақсатына жету үшін табандылық, төзімділік көрсете алады, бірақ жайбарақаттылық байқатады.

Меланхолик-ынжық. Бұған жұмсақ мінезді, әлсіз, өкпешіл, дәрменсіз, мұңшыл, жасқаншақ, жуас, сескеншек адамдар жатады. Өмір өзгерістеріне өте баяу, қиналып бейімделеді. Сезімталдығы өте төмен, тұйық мінезді көңілсіз жандар [5].

Психологиялық әдебиеттерді талдау бізге жеткіншектердің психикалық дамуында көрініс беретін темперамент типтерін анықтауға мүмкіндік берді. Мәселен,

Сангвиник темпераментіндегі жеткіншек – қозғалғыш, сергек, қызыққыш келеді. Сангвинниктер негізінен көңілді тип. Эмоциялық көңіл-күйі тұрақсыз, өзгеріп отырады, сезімге тез беріледі. Олардың сезімдері күшті, терең емес. Шапшаң ашуланып, тез арада күйіп-пісіп қалады. Ашуы тез басылады, кек сақтамайды, тез ұмытып кетеді, сәтсіздіктерді тез жеңе біледі, ұжымда беделді. Ұжым мүшелерімен жақсы қарым-қатынаста болады, адамдармен тез арада тіл табыса біледі. Сангвиникалық типтегі жеткіншектер тез пайда болатын күшті, бірақ тұрақсыз эмоциялық қозуымен ерешеленеді. Сангвиниктердің көңіл-күйі тез өзгеріп отырады. Бұл типтегі балалар қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Ондай балалар әртүрлі іске тез кіріседі, бірақ әр нәрсенің басын бастап, аяқсыз қаддырады, істі аяғына дейін жеткізе алмайды, тез арада суып қалады, олар бір бағыттағы ұзақ, табандылықты қажет ететін іс-әрекетке бейім емес. Олардың ренжуі де, жылауы да тез, күлуі оңай. Сезімі тез өзгеріп отырады.

Флегматик темпераментіндегі жеткіншек – жай пайда болатын, әлсіз және қысқа мерзімді эмоциялық қозуымен ерекшеленеді. Флегматиктің сезімі сырттай әлсіз аңғарылады. Бұл типтегі жеткіншектердің қуануы да, қайғыруы да қиын. Флегматикалық типтегі балалар сабырлы, салмақты, мінез-құлқы әруақытта да бір күйде тұрады. Флегматиктердің психикалық үрдістері жай, бір сарынды жүреді. Бұлар өте ұстамды, салмақты, іс-әрекетте баяу. Істеген ісін сапалы, тындырымды орындайды. Бұл типтегі балалар сабақты жаксы оқиды, іс-әрекетте орнықты, табандылық анғартады. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик әр уақытта орнықты, салмақты, ретімен адамдармен араласады, көңіл-күйі тұрақты. Олар әр кез жанжалдан басын ала қашады. Кейбір қолайсыз жағдайларда флегматиктерде тән сылбырлық, енжарлық, жалқаулық сияқты жағымсыз қасиеттер қалыптасуы мүмкін. Қиын тапсырмаларды орындауда белсенділігін арттырып, оларды орындауға тырысады.

Холерик темпераментіндегі жеткіншек – тез пайда болатын күшті және тұрақты эмоциялық қозуымен ерекшеленеді. Холериктердің сезімі бет-пішінінен, дене қимылынан, сөйлеген сөзінен анық байқалады.

Холериктер күйіп-пісу, тез қозғалғыштық, әруақытта да іс-әрекетке бейім келеді. Оларда психикалық үрдістер тез, жылдам жүріп жатады. Холериктер іс-әрекетке жылдам, қызыға, құлшына кіріседі. Бұл типтегі балалар өте белсенді. Холерикалық типтегі қозу, тежелуден басым келеді. Олар жігерлі, қызу қанды, кейде артық кетіп қалады, кейде ашуға, сезімге тез беріледі. Ұжымда эмоциялық ұстамсыздық аңғартады және осының негізінде ұжымда кейбір жайсыз ахуал қалыптасады. Холериктердің жағымды жақтары – белсенділігі, іскерлігі, іс-әрекетке тез енетіндігі. Жағымсыз тұстары – ұстамсыздығы, дөрекілігі, ұшқалақтығы, ашуға тез берілгіштігі. Бұл типтегі балалар белсенді. Олар іске тез кіріседі және оны аяғына дейін жеткізеді. Олардың біреуге ренжіп қалуы да тез. Ашуланған адамына кекті ұзақ сақтайды, көпке дейін ұмытпайды.

Меланхолик темпераментіндегі жеткіншек – жай, бірақ күшті және тұрақты эмоциялық қозумен ерекшеленеді. Меланхоликтер тұрақты, ұзақ көңіл-күйге бейім тұрады, бірақ олардың сезімі сырттай әлсіз аңғарылады. Меланхоликалық типтегі балалар қозғалыста, іс-әрекетте баяу. Меланхолик іс-әрекетке бірден кірісе алмайды, ырғалып-жырғалып барып кіріседі, егер іске кірісе қалса, аяғына дейін жеткізеді. Бұл типтегі балалар тез шаршайды, эмоциялық көңіл-күйі жай пайда болады, бірақ тереңдігімен, ерекше күшімен және ұзақтығымен ерекшеленеді. Меланхоликтердің жаны тез жараланғыш, көңіліне ауыр алғандарын ешуақытта ұмытпайды, кекті ұзақ сақтайды. Бұл типтегі балалар көбіне тұйық келеді, ұжыммен және адамдармен, әсіресе таныс емес, жаңа адамдармен карым-қатынас жасауы қиын. Олар қоғамдық жұмыстарға қатыспайды, ондай балалар өзімен-өзі болғанды жақсы көреді. Сондықтан да белгілі қолайлы жағдайларда, дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысында меланхоликтерге ерекше назар аударған жен. Оларға мұғалімдердің тарапынан ерекше көңіл бөлініп, жағдай жасалса, олардың бойындағы құнды қасиеттерді дамытуға болады.

Сонымен, жеткіншектік кезеңде оқушылардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуында темпераменттің алатын орны зор деуге болады. Оқу мен тәрбиені оңтайластыру, олардың тиімділігін көтеру жолында әрбір педагог өз оқушысының темперамент типін мүмкіндігінше нақты анықтап алғаны жөн. Өйткені, жеткіншектердің жетекші іс-әрекеті – қоғамдық пайдалы іс-әрекет, яғни өзі қызығып, сүйіп орындайтын іс-әрекеттер болып табылады. Содан кейін оларды қызықтыратын қоғамдық жұмыстар мен тапсырмалар беру керек.

Осыған орай, болашақ педагог-психолог ретінде мектеп мұғалімдеріне жеткіншектердің психикалық дамуында көрініс беретін темперамент типтерін дамытуға байланысты мынадай кеңес беруге болады:

1. Холериктің оқу істерін мейлінше жиі бақылауға алған дұрыс. Бұл типті оқушымен қатты сөзбен, жекіріп қатынас жасауға тіпті болмайды. Сонымен бірге оның қай қылығы болмасын орынды талаппен, әділ бағалануы тиіс. Холерик типіндегі балалардың арасында «Кім ұзақ уақыт сөйлемей отырады» деген ойын өткізуге болады. Бұл ойында балаларды дөңгелектетіп отырғызып, мұғалім өзіне уақыт белгілейді, бірақ онысын балаларға айтпау керек, ал уақыт неғұрлым ұзақ болса балалар жеңуге тырысып соғұрлым тыныш отырады. Алғашқыда уақытты 10-15 минуттан асырмау керек. Уақыт өте ойынның уақытын ұзартуға болады.

2. Сангвиниктерді үздіксіз жаңа қызғылықты, зейін тоқтатып, белгілі күш жұмсауды талап ететін істерге қосып отыру керек. Сонымен қатар, оны ұдайы белсенді іс-әрекетке араластырып, мақтауын үзбей жеткізіп тұру да өте қажет. Ал, сангвиник типіндегі балалардың жағымсыз жақтары, олардың берілген тапсырманы аяғына дейін жеткізбеуі және тұрақсыз болып келуі. Оларды тұрақтандыру барысында оларға әртүрлі тапсырмаларды жиі беріп және уақытын белгілеп тұру керек. Басында тапсырмалар оңайырақ болса, біртіндеп тапсырмаларды қиындату керек.

3. Флегматик болса қызғылықты, белсенді әрекетке келіп, жұрт назарында болғанды ұнатады. Оны бір ісінен екінші ісіне ауыстыра бермеген жөн. Флегматик типіндегі балаларды көбірек қоғамдық жұмыстарға шақыру керек. Сонымен қатар, оларды көптеген қызықтыратын әдеби, музыкалық кештерге қатыстыру керек.

4. Ал меланхоликпен жұмыс істеуде дөрекі сөз, тұрпайы қатынас қана емес, тіпті жай дауыс көтеру, әзіл-оспақтың өзі орынсыз. Онымен жіберген қате-кемшіліктері жөнінде оңаша әңгімелескен жөн. Оған ерекше назар бөліп, әрқандай іс-әрекетте көрсеткен белсенділік ұшқыны үшін де мезетінде мақтап, қошеметтеп отыру керек. Сонымен қатар, «Қой аузынан шөп алмайтын» момын, меланхолик типіндегі балалардың арасында «Кім жүйрік?», «Кім тапқыр?» деген атпен көптеген ойындар өткізуге болады. Бұл ойындар меланхолик баланың қызығушылығын оятады. Меланхолик типіндегі балаларға сабақ үстінде кітапты дауыстап оқыту керек, өйткені олар көбінесе мәнерсіз, жай сөйлейтін болып келеді [6].

Оқу-тәрбие процесінде жеткіншектердің психикалық дамуындағы темперамент типтерін анықтауда зерттеу мақсатын жүзеге асыру үшін психологияның қолданбалы саласында кеңінен қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерді іріктеп алуды жөн көрдік. Мәселен, жеткіншектердің психикалық дамуында темперамент типтерін анықтаудың әдіс-тәсілдері мыналар:

1. Темпераментті зерттеуге арналған Айзенк тесті.
2. Темпераментті анықтауға арналған Я.Стреляу тесті.
3. Хейманс, Е.Вирсма сауалнамалары.
4. Спилбергердің әдістемесі бойынша мазасыздықтың дәрежесін анықтау.
5. Темпераменттің ерекшеліктерін анықтауға арналғаи жоспар бойынша байқау әдісі және т.б.

1. Темпераментті зерттеуге арналған Айзенк тесті. Бұл тестті орта сынып оқушыларынан бастап ересек адамдарға дейін қолдануға болады. Мақсаты – баланың темпераментін және эмоционалдық тұрақтылығын (нейротизмнің көрінісін) анықтау.

2. Темпераментті анықтауға арналған Я.Стреляу тесті. Мақсаты – темперамент типін және жүйке процестерінің тепе-теңдігін анықтау. Тестте берілген 134 сұрақтарға жауапты талдау арқылы темперамент көрсеткіштері мен жүйке процестерінің жүру ерекшеліктерін анықтауға болады.

3. Хейманс, Е.Вирсма сауалнамалары. Голланд психологтары Хейманс, Е.Вирсма және екі мың балаға сауалнама көмегімен зерттеу жүргізіп, өздерінің типологиялық негізіне 3 психологиялық сипаттаманы, мінездің негізгі элементтері ретінде жатқызды. Мысалы, белсенділік – енжарлық іс-әрекеті, эмоционалдылық – эмоционалсыздық, темпераль ды – энергетикалық реакциясы.

Сонымен, қорыта айтқанда, шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» деген екен. Бүгінгі жеткіншек – ертеңгі егеменді еліміздің азаматы. Біздің болашағымыз бүгінгі жас жеткіншектерімізге байланысты. Олай болса, болашақ педагог-психологтардың психологиялық қызмет көрсетудегі басты міндеті – жеткіншектердің темперамент типтерін анықтау үшін психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды тиімді ұйымдастыра білу деп баса айтуға болады.

1. *ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2007.*
2. *Кон И.С.Психология ранней юности. – М., 1989.*
3. *Әліпбек А.З. Жеткіншектер психологиясы. – Шымкент, 2016*
4. *Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы: Білім, 2005.*
5. *Жақыпов С. Жалпы психология. – Алматы, 1998.*
6. *Сейтәлиев Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2012.*

Резюме

Алипбек А.З. – *к.п.н., и.о. доцент, Южно-Казахстанский государственный педагогический институт*
Койшиев К.Е. – *к.п.н., старший преподаватель,*
Южно-Казахстанский государственный педагогический институт
Ташкенбаева С.М. – *старший преподаватель, Университет Сырдария*

Типы темперамента проявляющиеся в психическом развитии подростков

В этой статье рассматриваются проблемы типов темперамента в психическом развитии подростков. Имеются попытки выявления типовых качеств нервной системы, проявляющиеся в подростковом возрасте. В результате анализа психологической литературы в психическом развитии подростков наблюдаются и показаны отдельно подростки с темпераментом сангвиника, флегматика, меланхолика и холерика.

Ключевые слова: подросток; психическое развитие; темперамент; свойства нервной системы; сангвиник; флегматик; меланхолик; холерик.

Summary

Alipbek A.Z. – *Ph.D., associate professor, South Kazakhstan State Pedagogical institute*
Koyshiyev K.E. – *Ph.D., Senior Lecturer, South Kazakhstan State Pedagogical institute*
Tashkenbayeva S.M. – *Senior Lecturer, University Syrdariya*

The temperament types which are shown in mental development of teenagers

In this article problems of types of temperament in mental development of teenagers are considered. There are attempts of detection of sample qualities of a nervous system which are shown at teenage age. As a result of the analysis of psychological literature in mental development of teenagers are observed and teenagers with temperament of the sanguine person, phlegmatic person, melancholiac and choleric person are shown separately.

Key words: teenager; mental development; temperament; properties of a nervous system; sanguine person; phlegmatic person; melancholiac; choleric person.

ӘОЖ 38.17

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ӨЛКЕТАНУ ОЛИМПИАДАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Текесбаева А.М. – *п.ғ.к., доцент,*
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық
университеті. Алматы қаласы,e-mail:tekesbaeva_anar@mail.ru

Бастауыш сынып оқушыларының дүниетану сабақтарына қызығушылықтарын оятудың бір жолы – бұл олимпиадаларды ұйымдастыру. Олимпиада оқушылардың туған өлке, қоршаған орта туралы білімдерін тереңдетуге, дамытуға көмектеседі. Олимпиада сыныптан тыс жұмыстардың ерекше формасы болып табылады. Дүниетану бойынша сыныптан тыс жұмыстар бастауыш мектеп оқушыларына танымдық әрекеттерін дамытуға үлкен мүмкіншілік береді. Ол оқушылардың қоршаған ортаны тануда көптеген қажеттілік пен мүдделерді қанағаттандыруына жағдай туғызып, бағдарлама көздеген білімдерді тереңдетіп және оларды практикада қолдануға мүмкіндік береді, еңбексүйгіштікке, төзімділікке, жауапкершілікке, табиғатты қорғауға тәрбиелейді. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстары өзінің педагогикалық мәні жағынан мектеп пен өмірді байланыстыратын буын болып табылады.

Тірек сөздер: олимпиада, бастауыш мектеп, дүниетаным, өлкетану, білім, сыныптан тыс жұмыстар

Бүгінгі таңда бастауыш білім беру жүйесінде олимпиадалар ерекше орынға ие болып келеді. Олимпиада бастауыш сынып оқушыларының белгілі бір пән бойынша білім деңгейлерін анықтауға, сол пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Олимпиадалар бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруға септігін тигізіп, елінің рухы биік патриоты болуға тәрбиелейді. Бастауыш мектепте жеке пәндердің ішінен кең тараған өлкетану олимпиадалары десек, дүниетану пәні бастауыш сынып оқушыларының қоршаған орта, туған өлке туралы білім алуға көмектеседі.

Олимпиада сыныптан тыс жұмыстардың ерекше формасы болып табылады.

Оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын, сезімін дамыту, дүниетанымын қалыптастыру сияқты білім мен тәрбие берудің басты-басты мәселелері сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, бос уақыттарын пайдалы, тиімді өткізуде, адамгершіліктің ең биік гуманистік қасиеттерін тәрбиелеуде, ұлттық өнерді қастерлеу, қорғауға да сыныптан тыс жұмыстың өсіп келе жатқан жас ұрпаққа берері, үйретері көп.

Мектептегі сыныптан тыс өлкетану жұмыстары оқу процесімен тығыз байланыста жүргізіледі. Сондықтан сыныптан тыс өлкетану жұмыстары оқу-тәрбие міндеттерін шешуге, оның сапасын арттыруға бағытталуы тиіс. Сыныптан тыс өлкетану жұмыстары оқушылардың білімін тереңдетіп, шыңдай түсіреді. Бастауыш сынып оқушылары жаңа әдеби, табиғи-ғылыми және де басқа құбылыстар, олардың себепсалдар байланыстары туралы біліп, кейбір жалпы ұғымдарды меңгереді, жаратылыс тізбегін түсінеді [1].

Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі ерекшеліктері: 1) оның еріктілік принципінің негізінде құрылуында; 2) оқушылардың бейімділігі мен танымдық мүддесінің дамуында; 3) оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге, зерттеп бақылауға іскерлік пен дағдымен қарулануында; 4) оқушылардың өздерінің еңбекке деген қабілетін сынай алуында; 5) оқыту мен тәрбиенің жалпы қоғамдық еңбек және кәсіптік бағдармен байланысына көмектесуінде; 6) мұғалімнің негізгі материалдарды дүниетану курсын оқып білуге толықтырушы материалдар ретінде пайдалануында; 7) сыныптан тыс жұмыстарда әртүрлі жастағы оқушылардың қатысуында т.б.[2]

Сыныптан тыс өлкетану жұмыстарының жаппай көпшілік ұйымдасқан, жоспарлы формалардың бірі - өлкетану олимпиадалары болып табылады. Олимпиада - мектептің өлкетану жұмысындағы жетістіктердің байқауы. Олимпиада оқушылардың өз өлкесі туралы білімдері бойынша жарыс болып табылады.

Олимпиадалар жергілікті жерді зерттеу бойынша ең жақсы озат тәжірибені таратуға, өлкетану материалдарын жинауға, өлкетану мұражайларын, бұрыштарын құруға көмектеседі.

Олимпиадалар бастауыш сынып оқушыларының далалық зерттеу жұмысына практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастырады, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың денесін жетілдіреді, дүниетану сабақтарында алған білімдерін өмірімен тығыз байланыстырады. Олимпиадалар - тақырыптық немесе өлкенің барлық жақтарын қамтуы мүмкін. Олимпиадалар сыныптың, мектептің өлкетану жұмысын қорытындылау мақсатымен жүргізіледі. Олимпиада алдында оқушылардың өзіндік жұмыстары жүреді.

Олимпиадалар жеке үлескілерді де, мектептегі өлкетану жұмысының барлық комплексін де қамтиды. Оларға дайындық барысында ең алдымен оқушылардың өлкетану туралы білім деңгейлерін және мектептегі өлкетану жұмыстарының түрлі формаларына қатысу дәрежесіне көңіл аударылады.

Олимпиадаларды өткізбестен бұрын қойылатын сұрақтар, әдебиет тізімі құрастырылады, жауаптар мен оларды бағалаудың талаптары жасалып бекітіледі. Олимпиадалардың өту мерзімі анықталады, әділқазы алқасы жұмыстары белгіленіп, бекітіледі. Олимпиада оқушылардың дүниетанымының қалыптасуына, олардың көзқарасының дамуына әсер етіп, өлкетану әрекетінің артуына көмектесуі үшін оқушыларды әдебиетпен алдын-ала таныстыру қажет. Сұрақтар мағыналы, мазмұнды өлке өмірінің негізгі жақтарын бейнелеуі керек. Олимпиадалар үш турда өтеді: 1) мектептік, 2) аудандық немесе қалалық, 3) облыстық. Турдан турға қарай берілетін сұрақтар мен тапсырмалар күрделене түседі. Жеңімпаздар түрлі сыйлықтармен марапатталады.

Олимпиадаға дайындық барысында мектептер туған өлке туралы ең жақсы шығармашылық жұмыстарға конкурс өткізеді: реферат, шығарма жазу, макет, гербарий жасау, таблица құру, сурет салу, өлке туралы материалдар жинастыруды, өлкетану кештерін, конференциялар мен топсаяхаттар, атақты адамдармен кездесуді ұйымдастырады.

Олимпиада қатысушыларына көмек ретінде мектептерге: олимпиаданы өткізудің шарттары, әдебиет көрсеткіштері, барлық турларға ауызша және жазбаша жауаптардың сұрақтары жарияланып жіберіледі, кеңестер ұйымдастырылады.

Өлкетану олимпиадаларының міндеттері:

1. Мектептегі өлкетану жұмыстарының жылдық қорытындысын жасау.
2. Ауыл, аудан, қала мектептерінің ең жақсы өлкетану бұрыштарының, мұражайларының үйірмелерін көрсету.
3. Туған өлке бойынша топсаяхат өткізу және оларды ұйымдастырудың қиыншылықтарын айқындау.
4. Мәдени ескерткіштер және табиғатты қорғау бойынша нақты іс-шараларды өткізуге көмектесу. Мәдени ескерткіштер, табиғатты қорғау жағдайы туралы мағлұмат жинау.
5. Өлкетану жұмыстарын өткізу туралы ең мықты мектеп, аудан, қалаларды анықтау.
6. Оқушылардың туған өлкені білуге деген қызығушылығын күшейту, Отанына, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін ояту.

Бұл міндеттерді шешу барысында олимпиаданы өткізу әдістері және оларды ұйымдастыру мәселесі елеулі орын алады.

Олимпиада тақырыптарын таңдауда мына принциптерді басшылыққа алу қажет.

1. Туған өлкені зерттеу бойынша оқу және сыныптан тыс жұмыстардың жағдайымен, оқушылардың қызығушылығының даму деңгейімен, дайындығымен сәйкес түрлі сынып оқушыларының әдістері мен тақырыптар мазмұны жағынан түсінікті, қолайлы болуы керек.
2. Барлық жұмыс оқушылардың шығармашылық қабілетінің дамуына, дүниетанымын қалыптасуына көмектесуі тиіс.
3. Тақырыптарды таңдау барысында табиғат объектілері мен құбылыстарының арасында себепті байланыстарды ашатын сұрақтардың дайындығына көңіл аудару қажет.

Оқушыларға тапсырма түрліше берілуі мүмкін. Мысалы, шығарма жазу, өсімдіктер тобын жинастыру, өлкедегі жануарлар әлемін сипаттап беру, туған жер ерекшелігін әңгімелеу, көрнекі құралдарды дайындау, (сурет, макет, таблица, схема), тарихи ескерткіштерді көрсету, олардың орналасуын айту (қорған, үңір, архитектуралық ескерткіш).

Олимпиада көп жағдайда жетекшінің кіріспе сөзімен басталып, қорытынды шығарумен аяқталады. Олимпиада жеңімпаздарын жалпы жоғары балдар саны бойынша, ал ең жақсы сыныптарды дұрыс жауаптар саны бойынша және оқушылар санының көптігімен анықтайды. Олимпиадаға өлкетану материалдарынан көрме ұйымдастырылады.

1. *О научном краеведении - вопросы краеведения. – М., 2006. – 181 с.*
2. *Бабанский Ю.К. избранные педагогические труды. – М., 2012. – 380 с.*

Резюме

Текесбаева А.М. *–п.г.к., доцент, ЖенПУ*
tekesbaeva_anar@mail.ru

Значение краеведческих олимпиад в начальной школе

В статье говорится о значении и роли олимпиады в начальной школе. Правильно организованная олимпиада способствует развитию знаний учащихся по кокретному предмету. Олимпиада является особенной формой внеклассных работ. Огромная роль в формировании мировоззрения учащихся начальных классов принадлежит урокам познания мира. Именно познание мира способствует развитию знаний об окружающем мире. Уроки познания мира также способствуют использованию краеведческих материалов.

Ключевые слова: олимпиада, начальная школа, мировоззрение, краеведение, знание, внеклассная работа.

Summary

Tekesbaeva A.M. – *candidate of pedagogical sciences,*
Associate Professor of the Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty

The value of local history competitions in elementary school

The article says about the importance and role of the Olympic Games in elementary school. Properly organized Olympiad promotes the development of students' knowledge of the subject kokretno. The Olympics is a special form of extracurricular work. A huge role in shaping the world view of primary school pupils learning lessons belongs to the world. That knowledge of the world contributes to the development of knowledge about the world. Lessons from the world of knowledge and promote the use of local history materials

Keywords*:* Competition, elementary school, world, local history, knowledge, class work.

УДК 373 (37)

ВОСПРИИМЧИВОСТЬ ДОШКОЛЬНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ К НОВШЕСТВАМ КАК ХАРАКТЕРИСТИКАСПОСОБНОСТИ К РАЗВИТИЮ

Додуева С.Ж. – *ФГБНУ «Институт стратегии развития образования Российской академии образования» Министерство образования и науки РФ, г. Москва, кандидат филологических наук, старший научный сотрудник Центра исследований инновационной деятельности в образовании ИСРО РАО*
e-mail:saihat@mail.ru

В статье обоснована необходимость повышения восприимчивости дошкольных образовательных организации к новшествам, место и роль анализа внешней среды дошкольной образовательной организации (далее – ДОО) при разработке программы ее развития. Определены его основные задачи, включающие анализ изменений характеристик социального заказа.

Характеристики восприимчивости ДОО к новшествам охватывает стадии инновационного процесса от поиска новшеств до принятия решения об их внедрении или отказе от них. Она связана с чувствительностью ДОО к возможностям развития, а также с чувствительностью к собственным проблемам.

Ключевые слова: восприимчивость к инновационной деятельности, готовность к внедрению инновационной деятельности ДОО, анализ образовательной деятельности, внешняя среда, дошкольное образование, дошкольная образовательная организация, социальный заказ.

Последние десятилетия социально-экономические преобразования в России обусловили необходимость интенсивного обновления системы образования, модернизации технологии учебно-воспитательного процесса в образовательных организациях всех уровней. Очевидный факт, что качественная система образования является основой безопасности и катализатором развития общества и государства.

Необходимость повышения качества образования во все времена была актуальна. Инновационная деятельность является средством повышения качества образования. Изменения, происходящие в системе дошкольного образования, продиктованы объективной потребностью в качественных преобразованиях, адекватных модернизации общественных процессов и образовательных систем в целом. Если изменения имеют качественный характер, то в результате решения проблемы происходит развитие системы.

Интеграция дошкольных образовательных учреждений в рыночные отношения, создание новых типов и видов ДОУ, направленность на соответствие требованиям ФГОС современному дошкольному образованию, а также на удовлетворение образовательных потребностей различных социальных слоев общества, создание конкурентной среды среди учреждений одного типа и потребность выживания в ней ставят дошкольныеобразовательные учреждения перед необходимостью работать в режиме развития.

Качественным показателемдеятельности развивающегося дошкольного учреждения является поиск, анализ и освоение инноваций, способствующих качественным изменениям в работе дошкольной образовательной организации.

К сожалению, как показывает практика, уже некоторое время происходит лишь формальный переход большинства дошкольных образовательных учреждений в режим поиска способов изменения педагогической системы ДОО. Предпринимаемые в последние годы педагогами попытки обновления и совершенствования содержания деятельности дошкольных образовательных учреждений с помощью внесения в

нее локальных или модульных изменений зачастую не приносят желаемого результата, что делает актуальным реализацию системных изменений. Кроме того, существующий опыт инновационной деятельности в ДОО позволил выдвинуть на передний план вопрос о том, насколько внедряемые инновации соответствуют насущным потребностям, а также возможностям дошкольных образовательных учреждений, насколько они удовлетворяют родителей, детей, педагогов и способствуют достижению устойчивых высоких результатов образования. Выбор лучшего из возможных вариантов развития системы дошкольного образования возможна лишь при освоении инноваций, способствующих качественным изменениям деятельности дошкольных образовательных учреждений. Поэтому, последовательное исследование и оценка инновационной деятельности ДОО приобретают в настоящее время важное значение для определения перспектив развития системы дошкольного образования в рамках социального заказа государства и общества.

Основныемеханизмы применяемые к развитию дошкольных образовательных организации зависит от действия целого ряда факторов, перечень которых определяется выбором подхода к пониманию проблем развития образовательных учреждений. Непосредственно по отношению к проблемам развития ДОО такие подходы еще не оформились. В этой связи представляется возможным опираться на основные методологические положения исследования проблем развития образовательных учреждений, разработанные применительно к системе общего образования.

На сегодняшний день сформировалось несколько подходов к пониманию проблем развития учреждений общего образования. Наиболее востребованные из них – это подход к развитию школы с позиций рационализации труда учителей Ю.К. Бабанского, подход к развитию школы как освоению новой образовательной модели Л.деКлуве, Э.Маркса, М.Петри, подход с позиций проектирования педагогической системы В.П. Беспалько, подход с позиций концепции «организационного развития» П.Далина и В.Руста, (Мартиросян Б.П. 2003). Каждый из этих подходов обладает своими достоинствами и недостатками.

Однако, в настоящее время наиболее продуктивно рассматривать инновационную деятельность ДОО с позиций системно-деятельностного подхода В.С.Лазарева [4,5] к развитию образовательных учреждений, поскольку в нем разработана модель инновационной деятельности, обладающая целым рядом преимуществ:

- наличие теоретического обоснования;
- высокий уровень обобщенности, выражающейся в отсутствии жесткой связи с какой-либо одной педагогической системой;
- обеспечение возможности определять требования к способам выполнения всех основных функций инновационной деятельности, позволяющих выявлять проблемы образовательного учреждения, искать и оценивать возможности их решения, планировать изменения и их осуществление (внедрение новшеств);
- обеспечивать возможность определять требования к результатам выполнения функций инновационной деятельности.

Инновационная деятельность с позиций системно-деятельностного подхода [4,5] понимается как особый вид деятельности, который ориентирован на изменение в способах и содержании функционирования организаций с целью повышения их эффективности. Инновационная деятельность образовательного учреждения определяется как целенаправленное преобразование ее педагогическим коллективом педагогической системы с целью улучшения способности достигать качественно более высоких результатов образования.

Субъектом инновационной деятельности является педагогический коллектив образовательного учреждения. Объектом инновационной деятельности оказывается его педагогическая система. Содержанием инновационной деятельности становится преобразование педагогической системы образовательного учреждения посредством внедрения (освоения) новшеств.

Внедрение новшеств понимается как процесс осуществления управляемых изменений. Предметом таких изменений в образовательном учреждении могут быть цели, условия, содержание, средства, методы, формы организации учебно-воспитательного, управленческого и др. процессов. Управляемое изменение содержания и структуры педагогической и управленческой систем образовательного учреждения составляет содержание инновационного процесса.

Под *инновационным процессом* в рамках системно-деятельностного подходапонимаются такие изменения в целях, условиях, содержании, средствах, методах, формах деятельности, которые:

во-первых, обладают новизной;

во-вторых, обладают потенциалом повышения эффективности этих процессов в целом или каких-то их частей;

в-третьих, способны дать долговременный полезный эффект, оправдывающий затраты усилий и средств на внедрение новшества;

в-четвертых, согласованы с другими осуществляемыми нововведениями [6].

Необходимость внедрения инновационного процесса происходит при осознании потребности в изменениях. Такое осознание происходит либо врезультате выявления несоответствия в реализации каких-то функций в организации тому, что должно быть (это называют "разрывом в исполнении"), либо обнаруживается какое-то новшество (разработанное внутри или вне организации), внедрение которого обещает быть полезным.

Следующимэтапом производится анализ ситуации, содержание которого зависит от пути возникновения проблемы. В случае обнаружения "разрыва в исполнении" осуществляется анализ среды с точки зрения существования новшеств, внедрение которых потенциально может привести к решению проблемы. Если таких новшеств вовне не обнаруживается, то возникает необходимость самостоятельной разработки решения проблемы. В случае, когда потребность в изменениях возникла в результате информации о возможности улучшений за счет внедрения уже существующего новшества, производится сбор информации, необходимой для его оценки.

Если в следствии выше перечисленного анализа необходимое новшество найдено или разработано, производится его экспертиза и принимается решение о внедрении или отказе от внедрения. Положительное решение о внедрении новшества запускает сам процесс внедрения.

Эффективность инновационных процессов в организациях зависит от множества факторов. Успех инновационного процесса обусловливается правильно выбранной стратегией, умелым сотрудничеством с партнерами и работниками, а также восприимчивостью самой организации к новшествам. В литературе по инноватике все факторы интенсивности и эффективности инновационных процессов разделяют на две группы [6]. Первая группа факторов определяет *восприимчивость* организации к новшествам, а вторая — *способность организации их внедрять.*

Наиболее часто восприимчивость понимается как готовность и способность организаций к поиску и освоению новшеств. Согласно мнению А.И. Субетто, инновационная восприимчивость образовательной системы - это готовность к любым потенциальным эффективным нововведениям (инновациям), включая организационные, управленческие, социальные, экономические и т.д. [7]. Инновационная восприимчивость системы, в свою очередь, взаимосвязана с восприимчивостью субъектов педагогического процесса к инновациям.

С точки зрения системно-деятельностного подхода к развитию образовательных учреждений [4,5] *восприимчивостьк новшествам* дошкольных образовательных учреждений может быть представлена как характеристика их способности находить потенциально полезные для себя новшества, адекватно их оценивать и рационально выбирать, исходя из потребностей и возможностей своего развития. Таким образом, восприимчивость к новшествам охватывает стадии инновационного процесса от поиска новшеств до принятия решения об их внедрении или отказе от них. Она связана с чувствительностью ДОО к возможностям развития, а также с чувствительностью к собственным проблемам [6].

1. Афанасьева Т.П. Ключевые факторы успешности модернизации механизмов инновационной деятельности дошкольных образовательных организаций / Т.П. Афанасьева //Педагогическое образование и наука. – 2015. – № 5. – С. 32-37.

2. Додуева С.Ж. Восприимчивость дошкольных образовательных учреждений к новшествам: факторы, препятствующие освоению /С.Ж. Додуева // Культурная жизнь Юга России. - № 3. – Краснодар, 2011. – С.46-51.

3. Додуева С.Ж., Берцфай Л.В. Роль диагностики восприимчивости учреждения дошкольного образования к новшествам в ее повышении // Электронный научно-практический журнал «Инноватика в образовании». –№ 2. – 2013(http://invobr.ru).

4. Лазарев В.С. Системное развитие школы. – М.: Педагогическое общество России. – 2002. – 304 с.

5. Лазарев В.С., Мартиросян Б.П. Оценка инновационной деятельности школы. – М.: СпортАкадемПресс. – 2003. – 276 с.

6. Лазарев В.С. Управление инновациями в школе. – М.: Центр педагогического образования, 2008. – 352 с.

7. Субетто А.И. Социогенетика: общественный интеллект, образовательная генетика и мировое развитие. СПб.; М.,1994. – С.169.

8. Новикова Г.П., Афанасьева Т.П., Елисеева И.А. Проблемы готовности организаций дошкольного образования к реализации ФГОС //Педагогическое образование и наука. – 2013. – № 5. – С. 33-38.

9. Afanaseva, Tatyana Factors Governing the Differences in the Degree to Which Preschool Learning Institutions are Prepared to Adopt the Federal State Educational Standard / Tatyana Afanaseva //European Journal of Contemporary Education – 2015 – Vol.(11),Is.1, pp. 4-15.

10. Khomeriki, O.G. Information support of innovative processes in education: organization`s experience and tendencies of development / O.G. Khomeriki // European Journal of Contemporary Education, 2015, Vol. (11), Is.1, pp. 38-51.

Түйіндеме

Додуева С.Ж. – *ФГБНУ Институты "білім беруді дамыту стратегиясы Ресей білім академиясының" білім және ғылым Министрлігінің, РФ, Мәскеу қ., филология ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкері, зерттеу Орталығының инновациялық қызмет білім ИСРО РАК*

Қабілеттілік мектепке дейінгі білім беру ұйымының жаңалығы ретінде сипаттамасы қабілетін дамыту

Бұл мақалада қажеттілігін негіздеген арттыру жетіспей мектепке дейінгі білім беру ұйымының новшествам, орны мен рөлі талдау сыртқы ортаның мектепке дейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ББМДҰ) бағдарламаны әзірлеу кезінде. Анықталды оның негізгі міндеттері мыналар талдау өзгерістер сипаттамаларын әлеуметтік тапсырыс.

Сипаттамалары жетіспей ББМДҰ – новшествам қамтиды инновациялық процестің іздеу жаңалықтарын туралы шешім қабылданғанға дейін оларды енгізу немесе олардан бас тартылғандығы. Ол байланысты сезімталдығы ББМДҰ-ның қарай дамыту мүмкіндіктері, сондай-ақ сезімталдығы жеке проблемалары.

Түйінсөздер:қабілеттілік инновациялық қызметті енгізуге дайын инновациялық қызметтің ББМДҰ-талдау, білім беру қызметінің, сыртқы орта, мектепке дейінгі білім беру, мектепке дейінгі білім беретін ұйым, әлеуметтік тапсырыс.

Summary

Dodueva S.ZH. – *FEDERAL state scientific institution "Institute of education development strategy of the Russian Academy of education" of the Ministry of education and science of the Russian Federation, Moscow, candidate of philological Sciences, senior researcher of the research Center for innovation in education, ISRO, RAO*

The susceptibility of pre-school educational institution for innovation as a characteristic ability to develop

In the article the necessity of increasing the susceptibility of pre-school educational organizations for innovations, the place and role of the analysis of the external environment of preschool educational organizations (hereinafter – Doo) when developing programs of development. Identifies its main tasks, including the analysis of changes in the characteristics of the social order.

Characteristics of susceptibility to the innovations of the Doo covers the stages of the innovation process from the search of innovations before deciding on their implementation or cancel them. It is associated with the sensitivity of the Doo to the possibilities of development, as well as sensitivity to their own problems.

Key words: receptivity to innovation, a willingness to implement innovative activities of the Doo, the analysis of educational activities, external environment, primary education, preschool education organization, social order.

ӘОЖ 159.922:159.923

ДЕВИАНТТЫ ЖЕТКІНШЕКТЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ДАМУЫНДА ӨЗІНДІК САНА-СЕЗІМДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Әліпбек А.З. – *п.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты*
e-mail: alipbek_ardak@mail.ru
Ташкенбаева С.М. – *аға оқытушы, Сырдария университеті*

Мақалада девиантты жеткіншектер тұлғасының дамуында өзіндік сана-сезімдердің маңызы жайында қарастырылған. Сонымен қатар, жеткіншектік кезеңде көрініс беретін девиантты мінез-құлықтың типтері мен факторлары анықталады. Девиантты жеткіншектердің тұлғалық дамуы өзіндік сана-сезімдердің өзгерісімен байланысты болады, яғни баланың басқаларға деген қатынасы, қызығушылықтары, идеалдары өзгеріске ұшырайтыны айқындалған.

Тірек сөздер: девиация; девиантты мінез-құлық; жеткіншек; тұлға; даму; өзіндік сана-сезім; делинквентті мінез-құлық; криминалды мінез-құлық.

Мемлекетіміздің 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарындағы басымдықтардың бірі – адами ресурстарды дамытуда ең алдымен оның әлеуметтік капиталының қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік функцияларды жүзеге асыратын факторларды белгілеген:

- девиантты және деликвентті балалармен жұмысты күшейтуді жоспарлау;
- отбасы, мектеп, бос уақыттағы орта және тұтас қоғам құру;
- Арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім ұйымдарына баса назар аудару;
- кәмелетке толмағандарды дағдарыс жағдайынан шығуға және өмірін орнықтыруға, баланы отбасымен қосуға көмек көрсету мен отбасын әрі қарай сүйемелдеу [1].

Қазіргі уақытта қоғамда өзекті де және күрделі мәселелердің бірі – «қиын, девиантты мінез-құлықты балалар» мәселесі. Соңғы уақытта оқушылар арасындағы нашақорлық, алкогольді пайдалану, құрбыларына зорлық-зомбылық көрсету, ұрлық сияқты аморалды іс-әрекеттер өте жиі кездеседі. «Бүгінгі Қазақстан» статистика ақпараттық агенттігінің деректері бойынша, 2012 жылы Қазақстанда кәмелет жасына толмағандар 1612 ауыр және 91 аса ауыр қылмыстар жасаған, оның ішінде 61 адам өлтіру, 167 қарақшылық шабуыл, 754 тонау оқиғалары бар. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық істері жылына 12-15%-ға өсуде. Осы жағдайдың бәрі мектеп жүйесінде псмәселеге байланысты тәрбие жұмысын нығайтуды талап етеді.

Девиантты мінез-құлық – әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол – ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Девиация бірнеше типтен тұрады:

- девиантты мінез-құлық;
- делинквентті мінез-құлық;
- криминалды мінез-құлық.

1. Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады.

2. Делинквентті мінез-құлық. Ол заң бұзушылықпен ерекшеленеді. Оның мынадай типтері бар: Агрессивті-зорлаушылық мінез-құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дөрекілік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерден көрініс береді. Ашкөздік мінез-құлық: ұсақ ұрлықтар, қорқытып-үркіту, автокөлік ұрлау т.б. жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық. Наша сату және тарату.

3. Криминалды мінез-құлық – заң бұзушылық болып табылады. Балалар сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады.

Девиантты жеткіншектер тұлғасының өзіндік сана-сезімдерін дамыту бойынша бірқатар Қазақстандық ғалым-педагогтар зерттеген: А.Жұмабаев, Қ.А. Жүкенов, А.М. Қарабаева, А.Қ. Каримов, А.В. Лысенко, И.Ф. Казаров, В.А. Парфенов, В.А. Трифонов, В.П. Шевченко, Г.А. Уманов. Бұл зерттеушілер девиантты жеткіншектер тұлғасының өзіндік сана-сезімдерін дамытуда әлеуметтік педагогикалық факторлардың әсер ететіндігін зерттеді.

Девиацияның негізгі бес факторы белгіленеді:

1. Биологиялық факторлар – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын физиологиялық және анатомиялық жағымсыз ерекшеліктер. Оларға мыналар жатады:

- ұрпақтан-ұрпаққа берілетін немесе ананың жүкті болғанда дұрыс тамақтанбауы, арақ-шарап, нашақорлық заттарды пайдалануы, темекі тартуы, ананың физикалық, психикалық т.б. сырқаттары себеп болатын генетикалық факторлар: ақыл-ой дамуының бұзылуы, есту, көру кемшіліктері, жүйке жүйесінің зақымдауынан пайда болған денедегі кемшіліктер.

2. Психофизиологиялық факторлар: психофизиологиялық күш, дау-жанжал, келіспеушілік жағдайлар, адам организмдеріне кері әсер ететін, қоршаған ортаның химиялық құрамы, соматикалық, аллергиялық, токсикалық ауруларға душар ететін энергетикалық технологияның жаңа түрлері;

3. Физиологиялық факторлар: сөйлеу дефектілері, адам бойындағы соматикалық кемшіліктер.

4. Психологиялық факторлар. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек.

5. Әлеуметтік-педагогикалық факторлар. Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар [2].

Психология-педагогика саласында «Девиантты мінез-құлық» терминін жастық категориямен, оның ішінде жеткіншектік кезеңмен байланыстырады. Жеткіншектік кезеңдегі жас ерекшеліктерінің сипаттамаларын ескерсек, осы кезеңдегі жеткіншектер дербес өмірге кірудің алғашқы кезеңдерін басынан өткізе бастайды.

Девиантты мінез-құлықтың пайда болуы мен салдары оның тұлға ретінде дамуына қатты әсер етуі мүмкін.

Девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын түсіндіреді:

- жанұяда берекенің болмауы;
- ата-ананың «ерекше» қамқорлығы;
- тәрбие берудегі кемшіліктер;
- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
- өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;
- сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау;
- психоактивті заттарды жиі пайдалануы;
- агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы;
- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы;
- жеткіншектердің бос уақытының проблемалары [3].

Жас ұрпақтың жаңа психологиялық мүмкіндіктерін қалыптастыруға бағыттау, баланың психикалық дамуы, оны ілгері дамыту, мақсатқа бағдарлай ұйымдастыру, өзіндік санасы және өзін-өзі тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруға кең өрісті жағдай туғызады. Сондықтан біздің зерттеуімізде жеткіншектердің өзіндік сана-сезімдері мәселесінің ерекшеліктерін қарастыру мақсат етілген.

Жеткіншектердің өзіндік сана-сезімдері механизмдерінің ерекшеліктерін қойылған міндеттерге сәйкес реттей білу психологиялық-педагогикалық зерттеулерді жүйелі қатынас бағытымен жүргізуді талап етеді.

Баланың жеткіншектік кезеңге аяқ басуы – оның тұлғалық дамуында өзіндік сана-сезімдердің айрықша орын алуымен мәнді. Жеткіншекте ересек адамның позициясы қалыптаса бастайды оған ересектік сезімнің дамуы және жеткіншектің ересектігін басқа адамдардың тануы негіз болады. Бұл позиция – жеткіншектің өміріндегі объективтік жағдайына әлі сай келмесе де, оның пайда болуы жеткіншектің өз айналасындағы ересектер дүниесімен, олардың игіліктері дүниесімен жаңа қатынастарға субъективті тұрғыдан аяқ басқанын білдіреді.

Девиантты жеткіншектер тұлғасының дамуындағы маңызды сәттердің бірі – оның өзіндік сана-сезімнің, өзін тұлға ретінде тану қажеттілігінің қалыптасуы. Жеткіншектік кезеңде балада өзіне, өзінің ішкі жан-дүниесіне, дербес тұлғалық сапаларына және басқа құрбыларымен өзін салыстыруға деген қажеттілік туындайды. Ол өзіне мән беріп, өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға тырысады. Өзіндік санаға деген қажеттілік өмірден, тәжірибелік іс-әрекеттен туындап, ересектер тобының талаптарымен анықталады. Жеткіншектің өз мүмкіндіктерін бағалау қажеттілігі оның ұжымда өз орнын табуға деген әрекеттің негізінде туындайды.

Өзіндік сана – күрделі психологиялық құрылым, ол ерекше компоненттер ретінде қарастырылады. В.С. Мерлиннің анықтауы бойынша, өзіндік сана:

Біріншіден, өзінің теңдестігін ұғынуды;

Екіншіден, белсенді, іс-әрекетшіл негіз ретінде өз «Менін» ұғынуды;

Үшіншіден, өзінің психикалық қасиеттері мен сапаларын ұғынуды;

Төртіншіден, өзін-өзі әлеуметтік-адамгершілік бағалаулардың белгілі бір жүйесін қамтиды [4].

Жеткіншектің өзіндік санасының ең бастапқы негізін үлкендер (ата-анасы, мұғалімдері) тарапынан берілетін ой-пікірлер құрайды. Жеткіншек алғашында өзіне басқа адамдар тарапынан қарауға бейім келеді. Біртіндеп ол өзіндік тұлғасын дербес талдауға және бағалауға ұмтылады. Алайда, жеткіншек өзіндік тұлғалық ерекшеліктерін дұрыс талдауға жеткілікті түрде қабілетті болмағандықтан, өзі туралы өз пікірі мен басқа адамдар тарапынан берілетін бағалаудың арасында туындайтын қарама-қайшылықтың негізінде кикілжің пайда болуы мүмкін.

Жеткіншектердің тұлғалық дамуы өзіндік сана-сезімдердің өзгерісімен байланысты болады, яғни баланың басқаларға деген қатынасы, қызығушылықтары, идеалдары өзгеріске ұшырайды. Ерте жеткін-шектік кезеңде (10-11 жас) мінез-құлықтың жағымсыз сапаларын бағалау жүзеге асады. Екінші кезеңде (12-13 жас) өзіне және басқаларға деген теріс қатынас сақталады, сыртқы орта бағалауына тәуелді болады. Осы жастың соңғы кезеңінде (14-15) «оперативтік өзін-өзі бағалау» жүзеге асады.

Оқу-тәрбие жұмысында мінез-құлқында ауытқушылығы бар балаларды қайта тәрбиелеу кезеңінде аса маңызды болып табылады.

Біріншіден, мектеп жоспарында мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалардың барлығы үшін жүргізілетін іс-шаралар белгіленген болуы керек.

Екіншіден, әрбір мінез-құлқында ауытқушылығы бар оқушымен жүргізілетін жеке жұмыс жоспарының болуы.

Жеткіншек жастағы оқушылардың арасында мінез-құлқында қиындықтары бар оқушылар көптеп кездесіп жүр. Мектеп тәжірибесінде мұндай оқушыларды «Мінез-құлқында ауықулары бар оқушылар», «Қиын тәрбиеленуші», «Қиын балалар» деп атайды. «Мұндай оқушыларға қандай балаларды жатқызамыз?» деген сұрақ туындайды. Білім деңгейі төмен, тәртібі нашар, сабақтан көп қалатын, мұғалім талабын орындамайтын, адамгершілік деңгейі төмен, құрбыларымен тіл табыса алмайтын, сынып мәселелері қызықтырмайтын, ал кейде психикалық дамуы, ойлау қабілеті кейін қалған, ашуланшақ (әр түрлі жүйке ауруларына шалдыққан, тәрбиеге әрең көнетін) оқушыларды қиын балалар қатарына жатқызуға болады.

Девиантты жеткіншек-оқушыларды әдетте екі топқа бөліп қарастырады:

Біріншісі – тән кемтарлығы және жан-жарақаты бар оқушылар;

Екіншісі – отбасында, мектепте тәрбиеленуден шет қалған, жеке басын қалыптастыруда сыртқы кері факторлардың, әлеуметтік жағдайдың әсері болған және өтпелі кезеңнің күрделілігінен мінезі дұрыс қалыптаспаған оқушылар.

Жеткіншек жастағы оқушылардың девиантты мінез-құлқының пайда болу себептерін психологтар отбасында дұрыс тәрбие бермеудің салдарынан болатындығын анықтап, оларды бірнеше түрге бөліп қарастырады:

- отбасының әлеуметтік, экономикалық жағдайы;
- баланың рухани дамуына ата-ананың немқұрайлы қарауы;
- қараусыз бала, қамқорлықтың жеткіліксіздігі; шектен тыс қамқорлық т.б.

Мадақтау мен шектен тыс мәпелеуде өскен оқушы ешқандай күш жұмсамай көзга түскісі келіп тұрады. Олар өздігінен ешнәрсеге қол жеткізе алмайды (отбасының еркесі). Үлкендердің эмоциялық қақпайлауы («золушка» – «өгей қыз»). Адамгершілік, жауапкершіліктің шектен тыс жоғары болуы баланы балалық қуанышпен айырып, бойында уайымшылдықтың тууына әкеледі.

Девиантты жеткіншек-оқушылардың дара ерекшеліктерін жан-жақты қарастыруымыз керек. Мысалы, белгілі психолог К.К. Платоновтың көқарасы бойынша «жеке адамның психологиялық құрылымы» төрт бліктен тұрады:

Біріншіден, оның темперамент, жыныс, жас ерекшеліктері, яғни биологиялық қасиеттері;

Екіншіден, оның даму барысында дербес ерекшеліктері, яғни ес, ерлік, түйсіну, қабылдау, эмоция және ойлау т.б.қасиеттері жатады;

Үшіншіден, баланың әлеуметтік тәжірибесі, білімі, әдет-дағдысы, іскерлігі мен ептілігі;

Төртіншіден, оның жалпы адамгершілік қасиеттері – жеке адамның бағыттылығы [5].

Б.С. Волков, Н.В. Волкова мінез-құлқында ауытқуы бар балаларды мынадай топтарға бөледі:

а) сезім әрекетіне бой алдырғыш (эмоционалды) оқушылар (жылауық, кекшіл, т.б.);

б) агрессивті;

в) қыңыр, қырсық;

г) ұялшақ;

д) тынымсыз, белсенді бала [6].

Қорыта айтқанда, девиантты жеткіншектер тұлғасының дамуында өзіндік сана-сезімдердің маңызы туралы мәселе – қазіргі қоғам талабы тұрғысында өзінің көкейкестілігімен құнды. Олай болса, бұл мәселе күрделі болғандықтан, оның көптеген салаларын қамтып шығу мүмкін емес және оны оқу-тәрбие үрдісінде одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы. –Астана: Ақорда, 2010 ж. – 1 ақпан.

2. Г.О.Берекполова. Девиантты мінез-құлықты оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру: Әдістемелік құрал. – Өскемен, 2014. – 68 б.

3. Акажанова А.Т. Девиантология: Оқу құралы. – Алматы: Нұр-пресс, 2009. – 126 б.

4. Мерлин В.С. Очерк интегрального исследования индивидуальности. – М.: Педагогика, 1986. – 254 с.

5. Платонов К.К. Избранные психологические труды: В 2 т. – М., 1996.

6. Волков Б.С., Волкова Н.В. Психология подростков. – М., 2004.

Резюме

Алипбек А.З. – *к.п.н., и.о. доцент, Южно-Казахстанский государственный педагогический институт.*
Ташкенбаева С.М. – *старший преподаватель, Университет Сырдария*

Важность самосознания личностного развития девиантных подростков

В этой статье рассматриваются вопросы развития самосознания личности подростков. А также определяются типы и факторы девиантного поведения проявляющиеся в подростковом возрасте. В связи с изменением самосознания в личностном развитии девиантных подростков, то есть в общении детей с другими, наблюдается изменение интересов, идеалов.

Ключевые слова: девиация; девиантное поведение; подросток; личность; развитие; самосознания; делинквентное поведение; криминальное поведение.

Summary

Alipbek A.Z. – *Ph.D., associate professor, South Kazakhstan State Pedagogical institute*
Tashkenbayeva S.M. – *Senior Lecturer, University Syrdariya*

Importance of consciousness of personal development of deviant teenagers

In this article questions of development of consciousness of the identity of teenagers are considered. And also the types and factors of deviant behavior which are shown at teenage age are defined. Due to the change of consciousness in personal development of deviant teenagers, that is in communication of children with others, change of interests, ideals is observed.

Key words: deviation; deviant behavior; teenager; personality; development; consciousness; delinkventny behavior; criminal behavior.

ӘОЖ.372.87

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН МУЗЫКА САБАҒЫНДА ДАМЫТУ

Бакирова З.Ә. – *магистр-оқытушы*
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, zakira.bakirova@mail.ru
Беркинбаева Г.О. – *магистр-оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: g u l n a z k e n@mail.ru*

Музыка – адамзаттың рухани азығы, жан серігі. Баланың бойында музыкалық қабілет жас кезінен басталады. Мектеп жасына жеткен бала психологиялық түйсіну мен музыканы көз алдына елестетуді біршама меңгеріп шығады. Баланы музыка тыңдауға, тыңдай отырып оны сапалы түрде қабылдауға баулу - музыкалық тәрбие беру жұмысындағы міндеттердің бірі. Баланың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың алғы шарты – музыканы қабылдай білуге қалыптастыру болып табылады. Музыканы дұрыс қабылдай білуге тәрбиелей отырып, бірте–бірте музыканы тыңдай білу мәдениетін қалыптастыруға болады. Музыканы қабылдау тек оны тыңдау барысында емес, сабақтың барлық кезеңінде жүзеге асырылады.

Музыка адам өмірінің жан серігі, музыканы сүймейтін адамды кездестіру мүмкін емес, өйткені ол баршаға қажет, оның тілі кім-кімге де түсінікті. Міне, сондықтан музыка пәні мұғалімдерінің міндеті – шәкірттерін музыка өнерінің сарқылмас қазынасының ең асылдарын ала білуге тәрбиелеу. Оқушылардың музыка өнеріне дүниетанымын қалыптастыруда, халық қазынасын, халық тағылымын халық музыкасын тыңдатудың үлкен маңызы бар.

Тірек сөздер: музыка, оқушы, ырғақ, қарым-қатынас, әуен, саз, музыкалық мәдениет, эстетикалық талғам, ұлттық музыка, музыка мұғалімі.

Музыканы қабылдау – музыка сабағында қолданылатын іс-әрекеттердің кез-келген түрінің іргетасы, бастапқы нүктесі ретінде қарастырылады, яғни музыка тыңдау, ән айту. Баланың бойында музыкалық қабілет жас кезінен басталады [1]. Мектеп жасына жеткен бала психологиялық түйсіну мен музыканы көз алдына елестетуді біршама меңгеріп шығады. Оның бойында музыкаға деген өзіндік ой саналық және сезімдік тұрғыдағы қарым-қатынас қалыптасады. Сонымен бірге әуен – саз, өлшем – ырғақ жүйесін есту тәжірибесі қалыптасып, есте сақтап қалу қабілеті де жинақталады. Баланы музыка тыңдауға, тыңдай отырып оны сапалы түрде қабылдауға баулу музыкалық тәрбие беру жұмысындағы міндеттердің бірі. Өйткені, ол оқушының музыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың алғы шарты болып табылады. Музыканы дұрыс қабылдай білуге тәрбиелей отырып, бірте-бірте музыканы тыңдай білу мәдениетін қалыптастырған жөн. Музыканы қабылдау тек оны тыңдау барысында емес, сабақтың барлық кезеңінде жүзеге асырылады. Ән үйрену үшін алдымен тыңдау, сонан соң орындау керек, сондықтан орындау барысында интонация тазалығына, мәнерлігіне назар аударған жөн. Оқушылардың музыкаға деген тиянақты ынтасы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу, ән айту олардың музыкалық қабілетін (есту, ырғақ, есте сақтау) қалыптастырумен қатар, ортақ табысқа қуана білу, эстетикалық талғам – сезімдерін дамытуға тәрбиелейді. Арнайы зерттеулер мен іс-тәжірибелердің көрсетуі бойынша төменгі сынып оқушыларының музыкаға деген қызығушылығы бар ынтасымен дамып жетіледі. Оқушының эмоциялық әсерін, музыкалық есту қабілетін, есте сақтау шығармашылық қабілеттерін дамыту қажет. Музыка адам өмірінің жан серігі, музыканы сүймейтін адамды кездестіру мүмкін емес, өйткені ол баршаға қажет, оның тілі кім-кімге де түсінікті. Міне, сондықтан музыка пәні мұғалімдерінің міндеті – шәкірттерін музыка өнерінің сарқылмас қазынасының ең асылдарын ала білуге тәрбиелеу. Осы негізде айтылған «Гимнастика денені қалай түзесе, музыка да адам жанын солай түзейді» деген қанатты сөз оқушылардың эстетикалық, рухани байлығын кеңейтіп, қанаттандыру керек екенін дәлелдейді.

Сонымен қандай бағдарламамен жұмыс істеп жүрміз, не үйретіп жатырмыз, қандай әндер айтып жүр деген ой келеді. Сонымен «Елімай» бағдарламасы көптеген мәселелер өнер танымдық зерттеу деңгейінде шешілмегендіктен дәстүрлі, көркем мәдениетті, оның ішінде музыкалық мәдениетті де оқыту күрделене түседі [2].

Мұның өзі сайып келгенде метадологиялық тұрғыдан объективті қиындықтар туғызады. Осы мәселені зерттеу мақсатымен бұрынғы өткен ойшылдарымыз әл-Фарабидің, Абайдың, Шоқанның, Ыбырайдың, зерттеушілер Марғұланның, Ақышевтың, Қоңырбаевтың, Ерзаковичтің, Сарыбаевтың, Бердібаевтың музыка танымдылық еңбектерімен Жарықбаевтың педагогикалық ізденістеріне ден қойдық. Тұтастай алғандағы музыка мәдениетінің негізіне көз жүгірте отырып қазақтың халықтық және кәсіби музыка өнерінің мән – маңызын табиғаттың даму заңдылықтарын жан-жақты зерттеу нәтижесі Қазақстан жағдайында музыка мұғалімін кәсіби даярлау барысындағы бастапқы теориялық пайымдауларды қайтадан ой елегінен өткізуге итермеледі.

1. Ұлттық музыка шығармалары өздерін қоршап тұрған этно-мәдени контексттен тысқары талданады, оның шешімін табу өнердің педагогика саласының ғана емес сонымен бірге этнография, фольклор, музыкалық психология және тағы басқа салаларында білімдар болуды талап етеді.
2. Музыкалық терминалогияны зерттеу музыка мұғалімінің кәсіби даярлығын арттырудың қажетті бөлімі. Қазақтың музыкалық терминалогиясы ықпалдық қуаты зор құрал. Ол поэтикалық образдар мен суреттерді қалыптастыруға қатысады. Образдық – эмоциялық әлеміне неғұрлым терең бойлауға ықпал етеді. Онсыз музыкалық төзімдік, қиындық компоненттерін және оның дамуының тарихи процесін түйсіну мүмкін емес.
3. Музыканы көркем мәдениеттің ажырамас бір бөлігі ретінде яки оның өнердің күллі салаларымен жүйелі байланысын үзбей оқып үйрену қажет.

Халық тағылымы арқылы музыкалық өнер – балаларды тәрбиелеу құралы. Халық музыкасы сезімді, көңіл-күйді оятады, ал көңіл-күй психологиялық күйді тұрақтатады. Психологиялық күй адам санасында өмірге деген белгілі дәрежелі қатынасты бекітеді. Музыка өмір қозғалысында даму динамикасында шындықты бейнелейді. Музыканың мазмұны сезім, эмоциялық көңіл-күй болып табылады. Бүкіл өмірінде сақталып қалатындай музыканың адамдарға әсері ерте жастан қалыптасуы тиіс. Музыкалық іс-әрекеттердің барлық нысандары ол балалардың музыкалық тәжірибесі белсенді түрде музыканы қабылдауы, олардың шығармашылық қабілеттерін білімдері мен дағдылары – осылардың барлығы да оқушының

музыкалық мәдениетінің баюындағы алғы шарттар. Кең мағынада халықтық педагогика, халықтық тәрбие, халықтық музыка арқылы музыкалық қабілетті дамыту, бұл адамның бойында рухани қажеттіліктерді, оның адамгершілік түсініктерін, зерделілігін, идеялық – эмоцианалдық тәрбиені дамыту және тіршілік құбылыстарының эстетикалық бағасын қалыптастыру. Осы тұрғыдағы халық музыкасын дамыту ол – адамды тәрбиелеу дегенмен парапар. Тар мағынада музыкалық тәрбие беру – бұл музыканы қабылдауда қабілеттілікті дамыту, ол әр түрлі формадағы музыкалық іс-әрекет арқылы жүзеге асады, осыдан адам бойында музыкалық мәдениеттілік қалыптасады. Рухани дүниетанымын дамыту және пән әдістемесін үйрету дегеніміз ол балалармен музыкалық тұрғыдан жұмыс жасайтын, мақсат-міндеттерін, мазмұны, нысандары мен әдіс-тәсілдерді үйрететін пән. Ол музыканың өмірмен байланысын ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін, әдебиет пен халық ауыз әдебиетін, бейнелеу өнері мен тарихтың байланысын сол аймақтың, халықтың тұрмысы мен салт-дәстүрінің байланысын оқып үйрететін пән [3].

Қорыта айтқанда, мектептегі барлық пәндер сияқты, музыка сабағы да оқушыларды азаматтық рухта тәрбиелеп, олардың дүниетанымын дамытып, ой-өрісін кеңейтеді, сонымен қатар музыка саласында білімін жетілдіруді қажет етеді. Алайда музыка жай сабақ емес, өнер сабағы болғандықтан, оның өзіндік ерекшеліктері және атқаратын міндеттері бар. Атап айтқанда, оқушылардың дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы музыкалық шығармаларды тыңдау немесе орындау кезінде алған әсерлену сезімі арқылы тәрбиеленеді. Сондықтан музыка және өмір деген ұғым әр сабақтың ең өзекті мәселесі болып отыруы шарт. Олай болса, оқушының сабақта қолданған барлық әдістері осы түйінді мәселені ашуға бағытталуы тиіс. Ал ән айту, музыка тыңдау дағдыларын үйрену музыканың сұлулығын, әсем сазын терең түсініп, одан эстетикалық әсер, нәр алу жолдарын жеңілдетеді. Демек, музыка сабағында сезім мен саналылық, көркемдік пен шеберлік шыңдау бірігіп, тұтасып кетуі тиіс. Сонымен қатар оқытушы сабақта жұмыстың ұжымдық, топтық, әрі жеке түрлерін алмастыра білуі тиіс.

Тыңдалатын музыкалық шығармалар және үйретілетін әндер негізінде бірінші сынып оқушыларына музыка саласындағы ең қарапайым, әрі жалпылама түсініктер беріледі. Мысалы, музыкадағы төрт алып (ән, би, күй, марш) өмірмен тығыз байланысты, сондықтан ол адамның көңіл-күйін, ойлаған ойын бейнелейді, бізді қоршаған табиғат көріністері мен құбылыстарын суреттейді. Осыған байланысты музыка көңілді, қайғылы, ойнақы, баяу, жылдам, ойлы, салтанатты болып келеді.

Музыкалық шығарма әртүрлі дыбыстардан құралып жазылады. Ал дыбыстардың түрі өте көп: жоғары, төмен, жуан, жіңішке, ұзақ, қысқа, жылдам, баяу, біртіндеп бәсеңдейтін немесе біртіндеп күшейетін, т.б. Сонымен қатар музыкада ырғақ, саз, әуен, жылдамдық деген болады. Міне, осылардың бәрі музыка тіліне жатады. Бірінші сыныпта оқушылар оларды ажырата білуі тиіс. Музыка сабағының барлық жүйелері бір-бірімен тақырыптық желі бойынша тығыз байланыста болып келетіні белгілі. Осыған байланысты оқытушы әрбір жаңа әнді үйреткен кезде, сабақтың негізгі тақырыбынан ауытқымай, қайта оны тереңдете, өрбіте түсуді мақсат еткені жөн. Түрлі ой салу, бағыт беру, іздендіру, көрнекі құралдарды пайдалану сияқты, балалардың ынтасын арттырып, қызықтыратын тиімді әдістерді көптеп қолданса, ол оқушылардың санасы мен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Сонда олар зерек, ойшыл, аңғарымпаз болады. Бұл олардың басқа сабақтарды да жақсы үлгеруіне себін тигізеді. Қазақ музыкасы – ислам дүниесіне жақын болғандықтан, оның концептуалдық жанры – күй, жыр және айтыс. Жалпы қорыта келе айтқанда, оқушылардың музыка өнеріне дүниетанымын қалыптастыруда, халық қазынасын, халық тағылымын халық музыкасын тыңдатудың үлкен маңызы бар. Ал балалардың қаншалықты музыканы қабылдай алу дәрежесі мұғалімнің шеберлігіне және сабақта әдістемелерді дұрыс қолдана білуіне байланысты. Оқушылар музыканы қоршаған ортаны, өмір мен адамның сезімін бейнелейтін құралы ретінде түсінеді [4].

1. *Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. – Алматы, 1995. – 120 б*
2. *Әбенбаев С. Ш. Сынып жетекші. – Алматы: Дарын, 2004. – 44-66 бб.*
3. *Сейташев К. Б. Тәрбие теориясы. – Алматы: Мектеп, 1986. -130-136 бб.*

Резюме

Бакирова З. А. – *магистр-преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссави, e-mail: zakira.bakirova@mail.ru*

Беркинбаева Г.О. – *магистр-преподаватель, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, e-mail: g_u_l_n_a_z_k_e_n@mail.ru*

Развитие творческих навыков учащихся начальных классов на уроке музыки

Музыка связывает воедино личность и духовный опыт человечества, в музыке заложены широчайшие возможности общения, передача опыта от поколения к поколению.Цель музыкально-эстетического развития в общеобразовательной школе – сформировать художественную культуру учащихся в контексте различных видов творческого познания действительности и оптимизировать созидательные качества личности.

Тенденция в современной педагогике – активизировать процесс музыкально-эстетического воспитания через творчество школьника обусловлена объективными факторами: высокой ролью творчества в познании мира; необходимостью всестороннего развития личности; природной активностью ребенка, требующей творческой деятельности, близкой и хорошо знакомой ему с детства.

Детское творчество на уроках музыки представляет собой познавательно-поисковую музыкальную практику, связанную с самостоятельными действиями, с умениями оперировать знаниями, навыками, применять их в ранее неизвестных условиях, в новых видах практики. Оно предполагает непременное условие – отказ от стереотипных представлений. Творчество учащихся тем и ценно, что они сами открывают что-то новое, ранее неизвестное им в мире музыки.

Ключевые слова: музыка, студенческие, ритм, связи, музыка, музыка, музыка культура, эстетический вкус, музыка, музыкальный педагог.

Summary

Bakirova Z.A. – *Lecturer M.A., Kh.Yasavi International Kazakh-Turkish University, e-mail: zakira.bakirova@mail.ru*
Berkinbaeva G.O. – *Lecturer M.A., Kazakh National Pedagogical University named after Abai, e-mail: g u l n a z k e n@mail.ru*

The development of creative skills of primary school pupils in the music lesson

Music binds together the individual and spiritual experience of mankind in the music laid the broadest possible communication, knowledge transfer from generation to generation.

The purpose of the musical and aesthetic development in secondary school - to form the artistic culture of students in the context of different types of creative cognition of reality and to optimize the quality of the creative personality.

The trend in modern pedagogy - intensify the process of musical-aesthetic education through the work of student due to objective factors: the high role of creativity in the knowledge of the world; the need to develop their personalities; natural activity of the child, requiring creativity, which is close and familiar to him since childhood.

Children's creativity at music lessons is informative retrieval musical practices related to the independent actions, with the ability to operate knowledge, skills, and apply them to previously unknown conditions in the new practices. It implies a precondition - the rejection of stereotypes. The creativity of pupils and valuable that they discover something new, previously unknown to them in the world of music.

Key words: music, student, rhythm, communication, culture, aesthetic taste.

ӘОЖ 372.65 943

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІНДЕ ОҚЫТУ

Қожагелдиева С.С. – *педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.*
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, e-mail: saule_611@mail.ru
Абдиева Ж.Қ. – *магистрант, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.*
e-mail: juzya10@mail.ru

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: « Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде елімізді «Қазақ мемлекеті» деп атайтын боламыз. Тағы да қайталап айтайын, қазақ қазақпен қазақша сөйлессін! Қазақстанның болашағы – тек қана қазақ тілінде екендігі ақиқат» - деп шегелеп тұрып айтқан болса, Жолдаудағы бір тарауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» - деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Ал, қазақ тілі – республикадағы барлық ұлттар мен ұлыстарды бір мақсатқа жұмылдыратын негізгі тірек болмақ. Қазақ тілі – бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды.

Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев: «Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ» десе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі» деп тамсана жазған еді. Сол ананың ақ сүтіндей қадірлі тіліміздің қадіріне әлі де болса жете алмай жүрген қандастарымыздың ортамызда жиі ұшырасатындығы бәрімізді алаңдатады. Ана тілін білмеу – бұл ата-бабаларының ақ жолынан безіну деген сөз. Ана тілін қадірлемеген жан Отанын да, туған жерін де кез келген уақытта сатып кете береді.

Тірек сөздер: Түсіну деңгейі, принцип, бастауыш сынып.

«Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» – деп атап көрсеткен-ді [1].

Қазақ тілін оқыту әдістемесі еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріндегі елеулі өзгерістерді сезініп, оның әрбір өтпелі кезеңіне өзінің даму дәрежесін қалайда сәйкестендіріп отырғаны – дәлелді қажет етпейтін аксиома. Олай болса, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру мәселесі де әр кезеңде өз дәрежесіне сай сұраныста болды және бола береді [2].

ХХ ғасырдың басында ана тілін оқытуды жетілдіру, оның сапасын арттыру мәселелері бойынша А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов, Т.Шонанұлы сияқты т.б. ғалымдардың осы мәселе төңірегіндегі пайымдаулары мен тұжырымдары күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ. Қазіргі уақытта аталған ғалымдардың іргелі еңбектері қазақ тілінің ұлтаралық қатысымдық қызметін көтеру бағытында оны сапалы оқытып үйретудің ұтымды жолдарын іздеп, оқытудың жаңа технологиясымен айналысып жүрген ғалым-әдіскерлерге таптырмайтын «жол басшы» екені сөзсіз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттелуінде құнды пікірлер айтып, ғылыми және әдістемелік тұрғыдан сапалы еңбектер жазған Қ.Басымов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Ш.Х.Сарыбаев, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ы.Маманов, С.Рахметова, Ф.Ш.Оразбаева т.б. ғалым-әдіскерлердің де есімдерін ерекше атауға болады.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында білім беруді интеграциялау мен дифференциялау үдерістері дамуда, жаңа қарқын алуда, әдістемелік басқарушы идея тұрғысында берілген жүйесінің дара жақтарын тереңдей меңгеру мен білімнің өзара байланысының бүтіндей жүйесінің қалыптасуы анықталуда. Мысалы, С.Рахметова, Ә.Исабаев, Н.Құрманова, А.Жапбаров, К.Жақсылықова, Қ.Қадашева, А.С. Қыдыршаев, З.Бейсенбаева, М.Ж. Жадрина, Р.Г. Лемберг, Т.С. Сабиров, А.Н. Нысанбаев, Г.М. Храпченков, В.К. Павленко, С.Қ. Қалиев, Қ.Сейталиев, Р.Қ. Дүйсенбінова, Қ.Оразбекова, О.Сарыбатырұлы т.б. көптеген зерттеу еңбектерін атауға болады. Бұл тілші-әдіскерлер тіл дамыту жұмысын жан-жақты зерттеп, құнды пікірлер айтты.

Соңғы жылдары қазақ тілін оқытып үйрету мәселесі жаңа бір белеске көтерілді. Атап айтқанда, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері жазылуда. Осыған орай педагогтардың, әдіскерлердің, психологтардың, ғылыми-педагогикалық зерттеу орталықтары қызметтерінің басты бағыттарының негізгі өзегі бастауыш сыныптарда тілді оқыту әдістемесі мәселелерімен тығыз байланысты жүргізілуде [3].

Қазіргі таңда мектептерде қазақ тілі пәні жүргізіледі. Бұл пән қазақ мектептің негізгі деңгейінде міндетті түрде оқытылатын пән. «Қазақ тілі» пәнінің маңыздылығы қазақ тілінің Мемлекеттік тіл мәртебесімен дәйектеледі. Сондықтан бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілін түсіну деңгейінде меңгерту көзделуде**.**

Бастауыш сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты оқушыны өз ойын айқын, түсінікті жеткізуге үйрету, тілдік қабілеті дамыған субъектінің дамуына мүмкіндік жасау. Бастауыш сынып оқушылары өз ойын айқын, түсінікті жеткізу үшін қазақ тіліндегі әрбір сөздің мағынасын және қолдану аясын түсіне білуі шарт.

Бастауыш сынып оқушысы әріпті танып, дыбысты дұрыс дыбыстап, сауатты жаза алғанымен кейбір сөздердің мән-мағынасын түсінбей және сөздің құрамын талдай алмауы мүмкін. Сол себепті қазақ тіліндегі сөздердің шұбарлануына алып келеді.

Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды (әріп, дыбыс , буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес,тек оның негізгі, қажеттілерін (анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, үнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

А.Әлімов бойынша түсіну деңгейі дегеніміз мәліметті таныс, анық күйге (формаға) ауыстыру арқылы өзіндік түсінік қалыптастыру. Бұл деңгейде үйренушілер мағлұматты тек есте сақтамайды, олар оның ауқымы мен көлемін ұлғайтпаса да, сол берілген мөлшерде басқаша қылып көрсетеді. Олар мәліметтерді басқа таныс жүйеге түрлендіреді, есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындайды, ұқсастықтар пен айырмашылықтарды анықтайды, салыстырады, нәтижелерді суреттейді. Мәселен, мектепте жиі қолданатын «Шығарманы (анықтаманы, ережені) өз сөздеріңізбен айтып (түсіндіріп) беріңіздер» тапсырмасы түсінік деңгейін көрсетеді.

Бұл деңгейдегі тапсырмалар «Білім» деңгейімен салыстырғанда, үйренушілерден белсенділікті талап етеді. Олар ақпаратты өздеріне таныс жүйеге көшіріп, түрлендіреді де, сол арқылы оны есте сақтауды едәуір жақсартады. Ал түсінік бірінші мезетте бірлескен әрекеттер негізінде (талқылау, пікірлесу, алмасу, ортаға салу) құралады.Түсіну категориясын төрт топқа бөлуге болады:

1. Түсіндірме (интерпретация) – үйренушілердің қарым-қатынас барысында негізгі идеяларды анықтауы және олардың өзара байланыстарын келтіруі. Әдетте екі объектінің ерекшеліктерін салыстырғанда, ұқсастырғанда немесе бір-біріне қарсы қойғанда, үйренушілер оларға белгілі бір мағына беру арқылы өздерінің түсінігін көрсетеді. Түсіндірме әдетте «Қалай?» «Неліктен?» сұрақтарына жауап беру мен «Салыстырыңыздар», «Айырмашылығын көрсетіңіздер» тапсырмалары арқылы жүзеге асырылады.

Бастауыш сынып оқушылары кейбір сөздердің мағынасын дұрыс түсінбегендіктен, жаттығу жұмыстарын орындау барысында сөздік жұмыстарын жасауы керек. «Қалай?», «Неліктен?» деген сұрақтарға жауап іздеу арқылы сөздің мағынасын ашады.

2. Аударма (трансформация) – мағынасын сақтай отырып, үйренушілердің идеяларды қандай да бір белгілеу жүйесінен өздеріне таныс жүйеге немесе формаға ауыстыру.

Мұнда келесідей тапсырмаларды келтіруге болады: график немесе функцияны оқып беру, математикалық формуланы сөзбен келтіру, теореманы формуламен көрсету, суретті немесе схеманы түсіндіру, мәліметті өз сөзімен мазмұндау немесе қысқаша келтіру, сөзбен берілген мәліметті кесте (таблица), график, диаграмма түрінде көрсету.

Я.А. Коменский "Алтын ережесінде": "...бала сезімі қабылдай алатын нәрселердің барлығын сезім әсерлерін туғыза білдірген жөн: көруге болатынды көзге көрсет, естуге болатын нәрсені құлақ қойып тыңдасын, иісін иіскеп білсін, дәмін татып көрсін, қолына ұстап нәрсенің қатты, жұмсақтығын, т.б. байқасын..." - деген болатын /Я.А. Коменский. "Ұлы дидактика"/. Оқушы казақ тілінен берілген білімді /схема, таблица, плакат, сурет т.б./ көріп қана қоймайды, арнаулы сұрақтарға жауап іздеп, ең маңызды қасиеттерін білуге ұмтылады. [4].

3. Мысалдар - мәліметті, ойды дұрыс түсінгендікті көрсету үшін практикадан алынған фактілерге жүгіну, соларды келтіру. Әрине, үйренушілер мысалдар келтіргенде, лекция мен оқулықтарда көрсетілгендерден басқаларын айтқаны дұрыс, өйтпеген жағдайда олар қайтадан «Білім» деңгейіне оралады.

4. Анықтамалар – атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу, таныс және түсінікті сөздермен анықтама түрінде тұжырымдау. Мұнда да үйренушілер оқулықта немесе сөздікте берілген анықтаманы жатқа айтпай, өзіндік тұрғыдан ұғым немесе құбылыстың анықтамасын өздеріне таныс әрі түсінікті сөздермен құрастырады. [5]

Түсіну – таным деңгейінің орта деңгейі.

Оқушының ойлау қабілетін, дүниетанымын, ой-өрісін, сөздік қорын, түсіну деңгейін дамытуға арналған тапсырмалар танымдық құзіреттілікті дамытады. Түсіну арқылы баланың танымдары кеңейеді. Танымдық құзіреттілікті сызба бойынша жұмыс, сурет бойынша жұмыс, сөйлем құрастыру т.б. арқылы меңгертуге, қалыптастыруға болады.

Қазақ балаларын оқытуда Ы.Алтынсарин мұғалімдерге өте жоғары талап қоя білген: «...әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру, өз оқулығында /"Қырғыз хрестоматиясы"/ тақырыптарға сәйкес суреттеу, сурет арқылы беру сияқты, көркем жазуды, әріптердің формасын дұрыс түсінуге, дағдыландыруды үйрету ...шәкірттердің барлық сезім мүшелерінің - көз, қол, есту қабілетін, тілді, зейінді дағдыландыру, баланың барлық қабілеттерін жаттықтыру арқылы және оған өз бетімен жұмыс істеу керек», - дейді.

Ы.Алтынсарин оқыту принциптеріне: түсініктілік принципі, көрнекілік принципі, жаттығу принципі, өз бетінше оқыту, саналылық принципін ұсынған.

Қазақ тілін оқыту әдістемелерінде оқытудың 4 және 7 түрлеріне талдаужасалынған.Сонымен қазақ тілін оқыту принциптері былайша топтастырылады: қазақ тілін оқытудың ғылымилық принципі, жүйелілік принципі, көрнекілік принципі, саналылық пен белсенділік принципі, теорияны практикамен байла-

ныстыру принципі, түсінуге жеңіл қолайлылық принципі, оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру принципі. Заман талабына сай оқыту принциптері іздеуді, зерттеуді қажет ете береді.

Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәнін түсіну деңгейінде оқытуда дидактиканың түсінуге жеңіл қолайлылық принципінің маңызы зор. Бұл сабақтың алғашқы күнінен бастап үнемі сақталуға тиісті. Мысалы, алғашқы үйретілетін сөзді таңдауда бір буынды сөзді үйрету мен көп буынды сөзді үйретуді салыстырып, оқушы оның қайсысын тез үйренеді деген сұраққа тәжірибелі мұғалімдер бір буынды сөзді оқушы тез үйренеді деп жауап береді. Бұл алғашқы сабақтарда қолданылса, сол қалыпта қалуы мүмкін емес. Себебі барған сайын оны күрделендіру принципін ұстану керек.

Бұл – бір сыныптағы әр сабақта, әр сыныпқа көшкен сайын тілдік материалды оқыту процесінде қолданылатын принцип. Бұл принцип оқушылардың жас ерекшеліктерін, білім дәрежесі мен сынып түрлерін ескере отырып, мұғалімнің түсіндіруі, оқулық тілі және оның баяндау желісі сияқты үш түрлі ерекшеліктерді басшылыққа алады. Қазақ тілінен берілетін теориялық білімнің анықтамалары мен ережелері, терминдері мен өзіндік белгілері, жасалу жолдары мектеп оқушыларының қабылдау, ойлау сияқты психикалық қасиеттеріне лайықты түсіндіріледі. Түсінуге жеңіл қолайлылық принципін іске асыруда мұғалім мынадай әдістемелік жүйені пайдаланады: алдымен қазақ тілінен тақырыптарды дәл таңдап алып, оны жеңіл мысалдармен түсіндіреді; тілдік тақырыптардың өзіндік белгілерін анықтайтын мысалдар көрсетіп, оларды талдайды; тақырыптың өзіндік ерекшеліктерін оқушыларға айтқызып, ауызша мысалдар келтіртеді; бұл мысалдарына талдау жасатады; талдау үстінде тақырыптың өзіндік белгілерін саралап айтқызып, қорытынды пікір шығаруға төселдіреді [6].

Қорыта келе бастауыш сыныпта қазақ тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту оқу материалдарын түсінікті меңгеруге, білім сапасының артуына сеп болады. Оқушының таным дүниесі дамып, пәнге деген қызығушылығы артады.

Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәнін түсіну деңгейінде оқыту үшін мұғалім оқу материалдарын зерделеп, түрлі әдістерді қолданып отыруы шарт.

Оқушылардың оқу материалдарын түсіну үшін мұғалім мына шарттарды орындауы қажет:

- Мұғалім оқу материалдарын оқушының қабылдай алатын тіліменен түсіндіруі керек (ана тілінде, күнделікті өмірден мысал келтіру).
- Оқуға деген мотивациясын арттыру (түсінуге деген ынта).

1. *Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы // Егемен Қазақстан, 26 желтоқсан 2003 ж. – 83 б.*
2. *http://www.akorda.kz/. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2007.*
3. *Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. – Алматы, 2001.*
4. *Коменский Я.А. «Великая дидактика» ,1875*
5. *Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орнында қолдану. – Алматы,2009.*
6. *Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1991.*

Резюме

Кожагелдиева С.С. – *кандидат педагогических наук,*
Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссави, e-mail: saule_611@mail.ru
Абдиева Ж.Қ. – *магистрант, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссави,*
e-mail: juzya10@mail.ru

Обучение казахскому языку на уровне понимания в начальных классах

Задания, предназначенные для повышения способности по мышлению, мировозрения, кругозора, словапного запаса и уровня понимания учащихся, способствуют развитию познавательной компетенций. Посредством понимания расширяются познания ребёнка. Познавательную компетенцию можно формировать с помощью работ по схеме, рисованию и составлению предложений.

Важную роль при обучении казахскому языку на уровне понимания в начальных классах для легкого понимания дидактики играет принцип доступности. Этот принцип должен применяться постоянно с первых дней учёбы.Для обучения казахскому языку на уровне понимания в начальных классах учитель должен осмыслить учебный материал использовать разные методы.

Определения – объяснение значения названия или понятия своими словами, формулировать в виде определения знакомых или понятных слов. И здесь обучающиеся не заучивают определения, данное в учебнике или словаре, а наоборот самостоятельно дают определение понятием или явлениям знакомыми и понятными для себя словами.

Чтобы научить своих казахских детей Ы.Алтынсарин поставил очень высокие требование для учителей,: "... каждый элемент тщательно объяснить в простых терминах, в своем учебнике /"Қырғыз хрестоматиясы"/ темы, такие как описание изображения в соответствии с правильного понимания художественной формы написания букв, ... учить учеников навыкам, что все органы чувств, слуха, языка, внимательность к способностям ребенка путем обучения и навыков работать самостоятельно, сказал он.

Ключевые слова: Уровень понимания, принцип, начальный класс.

Summary

Kozhageldieva S.S. – *Candidate of Pedagogical Sciences,* ***Kh.Yasavi International Kazakh-Turkish University,***
e-mail: saule_611@mail.ru
Abdieva Zh.K. – *Master student,* ***Kh.Yasavi International Kazakh-Turkish University,***
e-mail: juzya10@mail.ru

Learning of Kazakh language at the level of understanding in primary schools

The student's thinking, outlook, vocabulary and understanding of the tasks for the development of cognitive competence.Understanding expands knowledge of the child. Cognitive competence scheme, drawing on sentence construction, etc. mastering the language can be developed.

Kazakh language primary school teaching at the level of understanding of the subject didactics, easy to understand the importance of the principle of convenience. This should always be observed from the first day of classes. The level of understanding of the subject matter of the Kazakh language teaching primary school teachers should be using a variety of methods to study the training materials. References to the meaning of the name or leave delivery, the formulation in the form of words that are familiar and understandable information.

Here, the students recite the definition in the dictionary or textbook definition of self-concept or phenomenon, not to mention make them understand the words.

Y.Altynsaryn said teachers children: Kazakh who claim a very high to teach their "... each item carefully, explain in simple terms, the textbook /" Kyrgyz reader "/ topics such as a description of the image in accordance with a correct understanding of the art form of writing letters,... to teach students skills that all of the senses, hearing, language, attentive to the child's abilities through training and skills to work on their own".

Keywords: The level of understanding, principle, primary school.

ӘОЖ. 372.65.943

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

Бакирова З.Ә. – *магистр-оқытушы*
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, zakira.bakirova@mail.ru
Беркинбаева Г.О. – *магистр-оқытушы,*
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, guzi86@mail.ru

Болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлаудағы маңызды саланың бірі - тіл дамыту теориясы мен әдістемесі курсы. Оның жоғары оқу орындарында басты мақсаты - студенттерге ана тілінің лингводидактикалық және психофизиологиялық негіздерді терең ұғындыру. Балалармен ұйымдастырылатын жұмыстың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана білуге даярлау. Курсты оқу процесінде әдістемелік ойларды, шынайы педогогикалық ситуацияны дұрыс бағалай білу қабілеті, теориялық білімдерін түрлі жағдайларда қолдана алу қабілеттері қалыптасады.

Мектепте тілді оқыту ісінде ана тілі пәнінің үлесі орасан зор. Ана тілі пәні бойынша оқушыларды өмірге баулу жөніндегі міндеттер тілдің негізгі қоғамдық қызметіне, коммуникативтік (байланыс, қатынас құралы ретінде) және экспрессивтік (әсер, ықпал етуге дәнекер болу) қызметіне қарай жүзеге асырылады. Олай болса, ана тілі пәні балаларды ауызша да, жазбаша да толық сауатты, тілді еркін пайдалана білетіндей етіп шығаруды түпкілікті нысана етіп ұстанады.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту граммактика мен оқу сабақтарындағы жұмыстармен шектелмейді. Бұл барлық пәндерді оқыту барысында, тіпті мектептегі оқу тәрбие жұмысының өн бойында үздіксіз жүргізіліп отыратын жұмыс.

Тірек сөздер: мектеп, мұғалім, ана тілі, тіл дамыту, тіл дамыту теориясы, сөздік қор, сөйлеу, әдеби тіл, тіл мәдениеті, қабілет, тексеру, түзету.

Бастауыш сынып мамандарын даярлаудағы маңызды саланың бірі тіл дамыту теориясы мен әдістемесі курсы болып табылады. Оның жоғары оқу орындарында басты мақсат студенттерге ана тілінің лингводидактикалық және психофизиологиялық негіздерді терең ұғындыру және балалармен ұйымдастырыла-

тын жұмысты тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білуге даярлау. Курсты оқу процесінде әдістемелік ойларды, шынайы педогогикалық ситуацияныдұрыс бағалай білу қабілеті, теориялық білімдерін түрлі жағдайларда қолдануы қалыптасады.

Мектепте тілді оқыту ісінде ана тілі пәнінің үлесі орасан зор. Ана тілі пәні бойынша оқушыларды өмірге баулу жөніндегі міндеттер тілдің негізгі қоғамдық қызметіне, комунакативтік (байланыс, қатынас құралы ретінде) және экспрессивтік (әсер, ықпал етуге дәнекер болу) қызметіне қарай жүзеге асырылады. Олай болса, ана тілі пәні балаларды ауызша да, жазбаша да толық сауатты, тілді еркін пайдалана білетіндей етіп шығаруды түпкілікті нысана етіп ұстанады. Тіл дамыту жұмыстары деп баланың тілді қарым-қатынас құралы ретінде өз тәжірибесінде пайдалана білуге, үйретуге бағытталған жалпы іс-әрекет деп ұғынамыз да, ал тіл ұстарту деп белгілі бір тілдік заңдылықтар мен ережелердің немесе лингвистикалық, стилистикалық сөз өнері теорисының өз тәжірибесінде қолдана білуге үйрету жұмыстары деп түсінеміз. Сондықтан тіл дамыту кешені мынадай жүйе мен салалардан тұрады:

- сөздік қорын молайту, сөздік жұмысы ;
- тілдің грамматикалық құрылысын игеріп, оны өз практикасында қолдана білуге баулу;
- стиль, стилистикалық ұғым мен дағды беру, стилистикалық тілдік құралдарды үйрету;
- тіл синонимдерімен жұмыс;
- тілдің көркемдегіш және бейнелегіш құралдарын үйрету;
- сөйлеу, айту дағдыларын жетілдіру;
- жазбаша тілін дамыту;
- әдеби тіл нормасынан мәлімет беру;
- тіл мәдениетін қалыптастыру
- тіл ұстарту.

Бүлдіршіндер алғаш мектеп табалдырығын аттаған кезде басталатын сауат ашу және тіл дамыту - қазақ тілі бағдарламасы салаларының негізгі құрамның бөлігі. Сауат ашу және тіл дамыту кезеңіндегі оқу жұмысының мақсаты - оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту, оларды оқу мен жазуға үйрету, ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту.

Бұл кезеңде жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың тілін байытып, жалпы білімін кеңейту мақсатына ұштастырылады.

Сауат ашу және тіл дамыту жұмыстары бірнеше кезеңнен тұрады. Әр кезеңнің өз мақсаты, соған сәйкес жүргізілетін жұмыс түрлері болады. Сауат ашу әуелі дайындық кезеңнен басталады. Дайындық кезеңінде мұғалім жеке баланы танып, білу мақсатында жұмыс түрін ойластыру керек. Осы кезеңде дыбыстар мен әріптерді меңгертуге байланысты орындалатын жұмыс түрлеріне жаттықтыру, даярлау, үйрету жұмыстары да жүргізіледі. Сауат ашудан кейін ғана оқушылар жазуға дағдыланады. Балалардың мектепке келіп түскен кездегі психологияның дене ерекшеліктері жөнінде мағлұматтарға сүйене отырып, мазмұндама мен шығарманы бірінші сыныптан бастауға мүмкіндік бар. Бастауыш сынып оқушылары мазмұндама мен шығарма жазу барысында мынадай дағдыларға бейімделеді:

1. Оқушылар оқылған мәтінді қабылдап, сол қабылдағандарын өз сөздерімен жазып, белгілеуге дағдыланады.

Бұл дағдыны меңгермей, шығарма жазуға көше алмайды. Осы жұмыстың барысында бірқатар сөз тіркесі мен сөйлемдер, бейнелі сөздер автоматты түрде оқушылардың есінде қалады. Шығарма жазбас бұрын мазмұндама арқылы бірқатар процестерге жаттығу қажет.

2. Шығармада ұсынылатын тақырыпты түсініп, оның жігін ажырата алу дағдысы. Мысалы: "Біз ағашты қалай отырғыздық?" тақырыбы бойынша өздерінің ағаш отырғызғанда не істегендерін әңгімелеу керектігін ажырататындай болу керек;

3. Шығарма жазу үшін материал жинау дағдысы, яғни материал жинау барысында балалардың кей біреуі үй ішінен сұрауы мүмкін. Бастауыш сынып балалары бақылай білуге, кітаппен жұмыс жасауға, суреттерді қарап, қабылдай білуге жаттықтырылып, бұл жаттығулар бірте-бірте дағдыға айналдырылуы қажет.

4. Жинаған материалдарын жүйелей алу дағдысы. Бұл дағдыға бастауыш сынып оқушылары алғашқы кезде мазмұндама арқылы үйретіледі. Қиындықты жеңу үшін балалар алдымен дайын мәтіннің жүйесін байқап дағдыланады яғни қандайда бір мәтіннің белгілі бір жүйемен құрастырылатынын ұғады, білгенкөргендерін әңгіме етіп құрастырғанда оны жүйелеп алуға дағдыланады. Егер бұған дағдыланбаса, жинаған материалдарын қалай жазуды білмей,еш нәрсе жазбай отырып қалады, шығарма жазуға қызықтырудың орнына керісінше әсер етеді. Олардың шығармаға деген ынтасын кемітеді.

5. Оқушылардың өз ойын дұрыс білдіру деген - шығарма яки мазмұндама жазғанда белгілі тілдік норманы сақтау, әдеби тілдің ең керек элементін пайдалана білу, сөйлемдерінің бір-бірімен байланысып, тілі жатып келуі. Ал, ойын түсінікті білдіру дегеніміз - оқушының ойы дәл анық, көкейге қонымды болуы.

Шығарма мен мазмұндама жазу барысында балалар көптеген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйренеді. Олар арқылы балалардың лексикалық қоры байып, тілдері ұстарады. Дайындық жұмыстар көбіне грамматикадан өтіледі, материалға сай оқу сабақтары да жүргізіледі.

6. Оқушының жазғандарын тексеру, түзету, жақсарту дағдысы. Бұл дағдыға үйретуде де көптеген қиындықтар кездеседі. Оқушылар шығарма мазмұндама жазғанда көбінесе мұғалімге бірінші болып тапсыруға асығады да, жазғандарын қайта оқымайды, сөйтіп, жазған жұмыстарының бірде-бір сөзін, не тыныс белгісін, не әріп қатесін түзетпестен тапсырады. Бұл жөнінде мұғалімнің ескерткен сөзі де әсер етпейді.

Бұл дағдыға балаларды үйрету қанша қиын болғанымен, олар жазғандарына сын көзімен қарап, түрлі себептермен жіберган қателерін батыл түзету дағдысын бастауыш сыныптарда үйренуге тиіс.

7. Оқушының әңгімесін белгілі бір тұлғада (бастауыш пен баяндауыштың бір шақтың тұлғада келуі) баяндай білу дағдысы.

Міне, шығарма, мазмұндама жұмыстарында берілетін дағдылардың бастылары осылар.

Бастауыш мектептерде жүргізілетін тіл дамыту жұмысы негізінен мынандай мақсаттарды көздейді.

1. Оқушылардың байқағыштық, ойлау қабілеттері мен тілін, дүниетанымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, салыстыру негізінде өз беттерімен қорытынды шығара білуге үйрету.

2. Оқушыларға қазақ әдеби тіл нормасына сай өз сезімін, ойын дұрыс жазып бере алатындай дағдылар беру.

3 Оқушыларды ана тілін сүюге, оның алтын қорын білуге және оны сезініп, құрметтей білуге тәрбиелеу.

4. Оқушылардың жазу тілін дамытуға септігі тиетін мазмұндама мен шығарма жұмыстарының оңай да тиімді түрлерін іріктеп алып ұсыну.

5. Оқушылардың іскерлік кабілетін арттыру. Осындай мақсаттарды жүзеге асыру барысында мұғалім белгілі бір әдістемелік талаптарға сүйенеді. Ол талаптар мынандай:

- Берілген тақырыпты ашып көрсете білу, оқушы өзінің жинаған материалын берілген тақырыптағы негізгі ойды көрсететіндей етіп іріктеуі қажет.
- Жазылған жұмыстың мазмұнды болуы.
- Оқушы материалды ешбір қайшылықсыз, белгілі бір ретпен жүйелі түрде баяндауға тиіс.
- Оқушылар сөзді, айтатын ойын дәлме-дәл, анық білдіретіндей етіп іріктеп, тандап қолданғаны дұрыс.
- Басында артық сөз, қыстырма сөз қолдану, бір сөздің бірнеше рет қайталануы сияқты кемшіліктерге жол бермеу шарасы жасалуы тиіс.
- Оқушы жазба жұмысында сөйлемдерді белгілі бір формада қарастыратын болсын, яғни бір сөйлем өткен шақта екінші сөйлем келер шақта тұрмау керек.
- Оқушылардың жазба жұмыстарында кейде жергілікті ауызекі сөйлеуде қолданылатын сөздер орын алады. Мұндай қателерден сақ болу жағы есте болуы керек.
- Жазба жұмыстарын жетілдіре білу дағдысын оқушылар міндетті түрде меңгеруі керек.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармалары мен мазмұндамаларында бұл көрсетілгендердің бірден түгел орындалуын талап етуге болмайды. Бірақ жазба жұмыстарын жүргізген кезден бастап-ақ бірте-бірте оқушылар жоғарыда көрсетілген талаптарды орындау жолына бағытталады.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту граммактика мен оқу сабақтарындағы жұмыстармен шектелмейді. Бұл барлық пәндерді оқыту барысында, тіпті мектептегі оқу тәрбие жұмысының өн бойында үздіксіз жүргізіліп отыратын жұмыс. Сондықтан мұндай күрделі мәселелердің барлық проблемаларын бір жолғы зерттеу жұмысында жан жақты талдап шығу мүмкін де емес.

Қорыта айтқанда, жеке пәннің әр сабақтарында тіл дамыту жұмыстары жүйелі түрде дұрыс ұйымдастырылған жағдайда балалардың сөздік қоры молайып, тіл орамдылығы артып, оқушылардың тұлғалық ерекшелігі дамиды.

1. Құлмағамбетова Б., Исанова А., Исинғарина М., Көккөзова М., Құрманғалиева Р., Айтжанова П. / Қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы:"Білім", 2000. – 78 б.

2. Ысқақов Б. Тіл дамытудың психолингвистикалық негіздері. – Алматы, 1997.
3. Рахметова С. Кіші жастағы оқушылардың жазбаша тілін дамыту. – Алматы, 1978.
4. Сүлейменова Э.Д. т.б. Тіл ұстарту. – Алматы, 1996.
5. Жапбаров А. Оқушылардың ауызекі сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы, 2002.
6. Тұрдалиева Г.Ж. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Астана, 2007.
7. Жапбаров А. Мектеп оқушыларының тілін дамыту әдістемесі. – Алматы, 1997.

Резюме

Бакирова З. А. – *магистр-преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссави, e-mail: zakira.bakirova@mail.ru*
Беркинбаева Г.О. – *магистр-преподаватель, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, e-mail: guzi86@mail.ru*

Развитие языка обучающихся начальных классов

Обучение в начальной школе является одним из наиболее важней промышленности в процессе развития теории языка и методики. Основная цель высших учебных заведений - освоениелингводидактические и физиологические основы родного языка. Организация обучения - научиться использовать эффективные методы работы с детьми. Идея обучении является умение правильно оценить ситуацию, способность применять теоретические знания в различных формах.

Знание родного языка играет важную роль в начальнойшколе. Развития языка в общественной жизни, ее коммуникативный (как средства связи) и выразительный (как соединительная основа) функций осуществляют главную задачу преподавания предмета родной речи. Таким образом, предмет родная речьреализуетразвития устной и письменной грамотностью детей.

Учащиеся начальной школы на уроках чтенияне ограничиваютсяработой над грамматикой и развитиемречи. Воспитательная работа осуществляется непрерывно по всем предметом вначальной школе.

Ключевые слова: школа, учитель, родной язык, развитие языка, развитие теории языка, лексики, языка, литературного языка, культуры, язык и способности, проверка и коррекция.

Summary

Bakirova Z.A. – *Lecturer M.A.,* ***Kh.Yasavi International Kazakh-Turkish University,*** *e-mail: zakira.bakirova@mail.ru*
Berkinbaeva G.O. – *Lecturer M.A., Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, e-mail: guzi86@mail.ru*

The development of primary school children language

Education in primary school is one of the most important industry in the development of the theory and methodologyof language. The main goal of higher education institutions islinguadidactic development and physiological basis of the native language. Organization of training is to learn the usage effective methods of working with children. The idea of learning is the ability to properly assess the situation, the ability to apply theoretical knowledge in various forms.

Knowledge of the mother tongue plays an important role in primary school. The development of language in public life, its communicative (as a means of communication) and expressive (as connecting base) functions perform the main task of teaching the subject of native speech. Thus, the object implements the native speech of oral and written literacy in children.

Elementary school students in the reading lessons are not limited to work on grammar and language development. Educational work is carried out continuously in all subjects in elementary school.

Keywords: school, teacher, mother tongue, language development, the development of the theory of language, vocabulary, language, literary language, culture, language and the ability of checking and correction.

ӘОЖ 370.72.

ОТБАСЫЛЫҚ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ

Жумадуллаева А.А. – *педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, e-mail: juma033@mail.ru*
Мейрбекова Г.П. – *Phd доктор Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,*

e-mail: guma0711@mail.ru
Беркинбаева Г.О. – *магистр-оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: g_u_l_n_a_z_k_e_n@mail.ru*

Қазақ халқында балаға отбасылық ұлттық тәрбие беру ана құрсағынан басталады. Адамды дүниеге келуінен бастап ол дүниеге шығарып салумен аяқталатын өмірі барысында, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде іс-әрекет пен қарым-қатынас жасау арқылы тұрақты және үздіксіз жүзеге асырылып отырады. Ол дегеніміз бесікке салу, шілдехана тойы, тұсау кесу, ұлдың мұсылман болуы секілді баланың дүниеге келген алғашқы жылдарында және өмірінің соңғы күндеріне дейінгі жасалатын ұлттық тәрбиелік мәні бар салт-дәстүрлерді бала бойына дарыту. Осы іс-әрекеттердің мәнін балаға түсіндіре отырып оның қатысуымен орындалуы оған үлкен әсер беріп, бойына берік және нық сіңеді.

Қазақтың отбасылық тәрбиесінің мақсаты – «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат пен «абыройлы» қыз тәрбиелеу.

Әрбір келер ұрпақ өзіне дейінгі ағаларының жасаған қателіктерін түгел ескеріп, соның төңірегінде мүлдем қателік жасамай, сүрген өміріне өзі де, өзгені де өкіндірмей өсіп-өнсе, қанеки!

Тірек сөздер: отбасы, білім, ұлттық білім, әдеп-ғұрып, мақалдар, ұлағатты сөздер, өзін-өзі ұстау және мәдениет.

Өзгені тұрмақ, күніге құлағына құйып отырған ата-анасының айтқанына көнбей, айдауына жүрмейтін баланың қатары қаншама. Тіпті, соңғы бес-он жылда ержеткен жастарымыз өзіне қатыссыз, қызықтырмайтын нәрсеге құлақ аспай, елемеуге дейін жеткен жоқ па!? Ар мен ұятты, абырой және иманды деген сөздер мен қасиеттерді ұстану түгілі оның түсінігін жетік меңгермеген «болашақ ұрпағымыздың» болашағы неде? Кейбір жастарымыз жүгенсіздік пен жігіттіктің, мейірімсіздік пен мәрттіктің, озбырлық пен батырлық секілді қасиеттердің орындарын ауыстырып алып, бір-бірінің баламасындай қабылдап алған. Осының нәтижесі - көпшіліктің арасында ауызын жимай, арсыздығын көрсетіп, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқан ұрпақ. Оны көрген ата-әжелеріміздің «төбе шаштары тік тұрып», «дүние не болып бара жатыр?» деген сұрақ қоюда. Осындай теріс қылықтарды көрсетіп, адамшылдыққа жатпайтын қасиетті бойына сіңдіріп өскен ұрпақтың ертең отау құрып, үй болып, бала тәрбиелейтінін ойланғанда, мынау індеттен халқымыздың жуық арада арыла қоймайтынын, яғни көргенсіз ұрпақтан халқымыздың әлі талай қасірет шегетінін сезіп, оны көз алдымызға елестеткенде шошынасын [1].

Ата-ана тәрбиесін алмаған немесе алғысы келмеген, өзінің бойын өзі қалыптастырған, керегін алып қажетсіз деп санағанын ысырып тастаған, бойына адамшылдық қасиеттерді дарытудан алшақ болған, ата-анасының жақсылығын білмеген, үйреткенін өзінің өмір тәжірибесінде іске асырмаған және осылардың нәтижесінде әлеуметтік өмірде қалыптасқан баршаға ортақ ақылақ (мораль) талаптарын бұзып өмір сүретін адамдарды «көргенсіз» деп атайды. «Атасын көріп, қызыңды бер, анасын көріп, қызын ал», - деген мақалды меңзеп тұрғаны: - «Атасы жақсы болса, ұлы көргенді, анасы жақсы болса, қызы көргенді» деген ой. Біздің қазақ халқымызда адам баласына, оның ішінде жастарға берген бағасында «көргенсіз» деген ең ауыр айып, ең жаман баға болып саналады. Ол адамшылдық оң сипат пен қасиеттерден, әдептілік пен ізеттен жұрдай дегенді білдіреді. Бұл сөз әлгі жетесіз, әдепсіз, ізеттен жұрдай жанның жеке басына ғана емес, оның ата-анасына, яғни әдептілік пен инабат үлгісін көрсетуге тиісті адамдарға да қатысты тағылатын кінә. Осыны әр отбасының ата-анасы, тәрбие берушісі ескеріп, жауапкершілікпен қарағаны болашағымыздың жақсы болуының басты кепілі. Қазақтың «Ата-бабаңа, ата-анаңа, еліңе сөз келтірме» деген тілегінде «көргенсіз болма», «көргенсіздің баласы» деген сөзді айтқызба деген талап жатыр. Осы талапты ата-аналар өз балалары алдына қойып тәрбие берсе, жоғарыда айтылған жағдайлар басымызға тумайтыны сөзсіз [2].

Көргенділік - күнделікті іс-әрекет жасауда, адамдар арасындағы қарым-қатынаста әдеп шеңберінен шықпауды, адамның көңіліне келетін сөздер айтпауды немесе қолайсыз, теріс іс-әрекет жасап, тұрпайы мінез көрсетпеуді, абайсыз немесе білместіктен жасаған басқаның кемшілігін бетіне баспауды, басқаның бойындағы табиғи мініне назар аудармауды білдіреді. Егер сен құрбы немесе жолдасының қателігін көріп, көпшілік ортасында оны көрсетуге не бағалауға жол берсең, сен мұны оған көмектесуді ойлап, жақсы ниетпен істеген күннің өзінде, адамға сенің жасаған бұл іс-әрекетің қолайсыз әсер етеді де жанын жаралайтындай ауыр тиеді. Өзің де ыңғайсыз жағдайға түсесің.

Көргенділік – тәрбиеліктің көрсеткіші. Сол себепті көргенді ата-ана басқалармен жасаған қарым-қатынасында оларды сыйлайды, құрметпен қарайды, кішіпейіл, сыпайы, кешірімді болады. Ұсақ-түйекке бола керілдесіп, керісіп жатқанды бойына мін, теріс қылық санайды. Көргенді ата-ананың өзіне де,

қоғамға да, ел-жұртқа да тигізетін зор пайдасы. Мұндай ата-ана балаларын әдептілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Көргенді адам ұрпағын да көргенділікке үйретеді. «Ұяда не көрсе, ұшқанда, соны алады», - деп, тәрбие мәселесін бетімен жібермейді. Көргенді ата-ананың барлық іс-қимылы көргенді ұрпақ тәрбиелеуге арналған үлгілі болуы, ол үшін ұдайы және өте мол күш-қайрат жұмсауы міндеттілік деп қабылданып түсіндіріледі. Үлгілі ата-ананың балаға көрсетер тәртібі де үлгілі, берер тәрбиесіде үлгіліліктің негізінде жасалады. Ата-ана өз баласының болашағын ойлауда оған тәрбие берумен қатар оның тәртібіне де қатты назар аударғаны жөн [3].

Тәртіп – адамдардың қоғамдағы келісімді іс-қимылын реттейтін тетік, соны іске қосу ережелерінің сөзсіз орындалуы мен барысын қадағалайтын қоғамдық құрал. Тәртіп – әдептіліктің бір түрі. Ол адамның жеке және қоғамдық өмірінде, күнделікті тұрмыс пен рухани тіршілігінде, ұжымдық, қоғамдық істерінде ерекше маңызды. Адам баласының басына туындайтын пәлекеттің көбісі тәртіпсіздіктен туындайды. Алғашында тәртіпті босаңсытып алып, қайтіп оны қолға алып, жолға қоя алмай жатқанның негізінде туындаған тәртіпсіздіктен қандай бейберекет істер мен қайғылы оқиғалар туындағаны баршамызға аян.

Тәртіптің жүзеге асыру тәсілдері: салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қоғамдық талаптар мен мемлекеттік талаптар.

Қандай қоғам болса да, ол тәртіпті қажет етеді және оған мүдделі болады. Сондықтан қалай болғанда да қоғамда тәртіп орнату баршамызға тиісті дүние. Отбасыны, қоғамды, мемлекет арасын құраушы бөлшектерді тұтастыру арқылы ұстап тұратын нәрсе – тәртіп. Ал тәртіп болмаған жағдайда, олар бір-бірінен ыдырап кетіп, шырқы бұзылады.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Тәрбиелі – тәртіптің құлы,
Тәртіпті – елдің ұлы.

Тәртіп көрген адам бала күнінен
Өнерімен қуандырар түбінде.

Ашу – дұшпан, ақыл – дос,
Ақылыңа ақыл қос.

Таяқтау оңай – тәрбиелеу қиын.

Балақан өсіру – балапан ұшыру емес.

Көрінген таудың алыстығы жоқ.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы [4].

ҰЛАҒАТТЫ СӨЗДЕР

«Ей, перзентім, тамақтан аш қалсаң да, ақыл-парасатқа тоқ бол. Адамдарға дөрекілік жасама. Ойпыл-тойпыл сөйлеуден сақтанып, тіліңді тыйып ұста. Сонда ғана сен әр қилы қырсықтардан аулақ боласың. Адамдар бойында жоқ және болып та көрмеген қасиеттерді сенде бар деп мақтаса, ондай мақтауға сеніп, мардымсыма.

Ей, перзентім, шынайы ілімге ынтық бол. Өз айтқаныңнан қайтпайтын бір мойын болмай, өзгелердің де айтқанына мән беріп, құлақ сал.

Ей, перзентім, сырын біліп алмай тұрып, бір көрген кісіге көңіліңді жайып салма. Өз-қадір қасиетін білмейтін кісілерден жақсылық күтпе. Күн шыққанша ұйықтап жатып алма. Орынсыз күле берме. Әйелі жаман кісілермен сұхбаттас болма. Жасы үлкен және егде кісілердің алдына түсіп жүрме. Сөйлесіп отырғандардың сөзіне орта жолдан килігіп, бөлме. Қонақтың алдында бәзбіреуге кіжініп, ренішіңді айтпа. Басыңды салбыратып отырма» *(Қабуснамадан).*

«Бірі түзу болса – түзу бәрі де,
Бәрі түзу болса – түзу мәні де.
Бір қыңырдан – бәрі қисық шығады,
Бір қисықтан – әмән, қырсық туады» *(Ж.Баласағұн).*

«... Елік айтты: Ізгілік екі түрлі ұқсаңдар,
Бірі – ізгілік жолын шыңдап тұтқандар.
Бірі – анадан ізгі болып туғандар,

Сүтпен сіңіп, сай-сүйегін буғандар.
Енді бірі – өткінші ісі, тұрағы,
Ессізге ерсе – ессіз болып шығады...» *(Ж.Баласағұн).*
«Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдыңда,
Үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма.
Тәрбиеші ал ізгілікті, көшелі,
Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі.
Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер,
Қос жалғанды бірдей көріп, күлімдер». *(Ж.Баласағұн).*

«Әуелі баланды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, мұны берем» деп. Баста баланды алдағаныңа мәз боласың. Соңы ... ... балаң алдамшыл болса кімнен көресің? «Боқта» деп біреуді боқтатып: «көпірқияңқы, осыған тимеңдер» деп, оны масаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, «хат таныса болады» деп, «қу, сұм бол» деп, «пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп тірі жанға сендірмей, жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?!» *(Абайдың оныншы қара сөзі).*

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, hәм өзі өспейді. Екіншісі – білсем деген, не көрсе соған талпынып... көзі көргеннің, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Ал мұның бәрі жан құмары.» *(Абайдың қара сөздері).*

«Іштегі жан қуатымен жиған нәрсенің аты ақыл, ғылым еді ғой»
(Абай)

«Сезім арқылы қабылдай алмайтын адамдар білімнен де құралақан»
(Абай)

«Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» *(Абай)*

«Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек» *(Ж.Аймауытов).*

«Тәрбиедегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» *(М.Жұмабаев).*

«.... Ал қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымың мен бесігіңді түзе...» *(М.Әуезов).*

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» *(М.Әуезов).*

«Жақсы тәртіп әдетке айналса – ырыс, жаман тәртіп әдетке айналса - қырсық» *(Ғ.Мұстафин).*

«Жас ұрпақты тәрбиелеуде отбасы маңызды орын алады. Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. Ата-ана күнделікті өмір тіршілігінде еңбегі, адамдық бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы арқылы балаға үлгі. Сондықтан отбасы мен бала тәрбиесіне бірлескен жан жылулық, рухани жылылықты дарытатын мезгіл жетті». *(Сара Алпысқызы).*

Сонымен қатар тәртіп – әр адамның өзін-өзі қадағалауының, өзін-өзі басқаруының көрінісі мен оған қол жеткізер құралы. Бұл адамның өз қалауымен, саналы түрде жасалмаса, сырттан жүктеліп таңылған, күштеу немесе зорлау ретінде қабылданса, адам бойындағы жағымсыз ауыртпалыққа немесе іс жүзіндік мәні жоқ бос сөзге айналуы ықтимал. Тәртіпті адам - барлық жерде, үйде, мектепте, қоғамдық орындарда, жұмыс үстінде, демалыста, адамдар арасында немесе жеке өзі жүргенде, өзінің басқа адамдардың алдындағы жауапкершілігі мен міндетін ұмытпайтын тұлға. Ондай адам сыпайы әрі талапшыл болады. Оның сөзі мен ісінде алшақтық болмайды. Адамның тәртіптілігі оның мәдениеттілігінің де белгісі. Өйткені жұмыста немесе отбасыдағы қарым-қатынас мәдениеттілігі қалыптасқан ол үшін тәртіптілік – амалсыз атқаратын міндет емес, іштей мойындап, қажет саналған талап. Осы себепті барлық ата-аналарға айтылатын және оған шақырылатын үндеу – отбасыдағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мен әдепті, көрегенді де өнегелі ұрпақ тәрбиелеу – болашағымызды ойлау.

1. *«Әдеп және жантану» хрестоматия. –Алматы: «Атамұра», 1996 ж.*
2. *Асылов Ұ., Ж.Нұсқабайұлы «Әдеп. Инабаттылық дәрістері». –Алматы: «Нұрлы әлем», 2005 ж.*
3. *Ғаббасов С. «Халық педагогикасының негіздері». – Алматы: «әл-Фараби», 1995 ж.*
4. *«Қазақтың мақал-мәтелдері». – Алматы: «Раритет», 2004 ж.*

Резюме

Жумадуллаева А.А. – *кандидат педагогических наук, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссави, e-mail: juma033@mail.ru*
Мейрбекова Г.П. – *Phd доктор, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссави, e-mail: guma0711@mail.ru*
Беркинбаева Г.О. – *магистр-преподаватель, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, e-mail: g_u_l_n_a_z_k_e_n@mail.ru*

Философия национального воспитания в семье

Семья – наиболее распространенный вид социальной группы, основная ячейка общества, в которой рождается, формируется, развивается и большую часть времени в течение жизни находится человек. Семейные отношения обычно определяют психологию и поведение человека, поэтому семья представляет особый интерес для социально-психологического исследования. Человечество развивается неравномерно. В периоды затишья, относительной стабильности общественной жизни подростки не столь резко выбивались из ее колеи и без особого напряжения включались в нее. И совсем иначе ведут себя подростки в периоды бурного развития общества, ломки привычного образа жизни.

Все большее значение социологи придавали и придают коммуникативной функции семьи. Можно назвать следующие компоненты этой функции: посредничество семьи в контакте своих членов со средствами массовой информации (телевидение, радио, периодическая печать), литературой и искусством; влияние семьи на многообразные связи своих членов с окружающей природной средой и на характер ее восприятия; организация внутрисемейного общения.

Какое бы общество не было, оно требует дисциплины и будет заинтересовано в этом. Поэтому для всего мира актуальная обязанность - это навести порядок в обществе. Воспитание поддерживает сплоченность в порядке семьи, общества и составных частей государства. Основная цель семейного воспитания казахского народа - это воспитание «талантливого сына» и «достойную» дочку

Ключевые слова: семья, образование, национальное образование, традиции, пословицы, большие слова, поведение, и культура.

Summary

Zhumadullaeva A.A. – *Candidate of Pedagogical Sciences, Kh.Yasavi International Kazakh-Turkish University, e-mail: juma033@mail.ru*
Meirbekova G.P. – *Phd Doctor, Kh.Yasavi International Kazakh-Turkish University, e-mail: guma0711@mail.ru*
Berkinbaeva G.O. – *Lecturer M.A., Kazakh National Pedagogical University named after Abai, e-mail: g_u_l_n_a_z_k_e_n@mail.ru*

The philosophy of national education in the family

Family is the most common type of social group, the main unit of society, which is born, formed, developed and most of the time during the life of a person is. Family relationships are usually defined psychology and human behavior, so the family is of particular interest for socio-psychological research. Humanity has developed unevenly. In periods of calm, the relative stability of social life of teenagers not as dramatically knocked out of its rut and without strain included in it. And very different teenagers behave during periods of rapid development of society, breaking traditional way of life.

The increasing importance of social scientists gave and give the communicative function of the family. You can call this function, the following components: family mediation in contact with its members, the media (television, radio, printed media), literature and art; influence of the family on multiple communications of its members with the natural environment and the nature of its perception; intra-organization communication.

What society would not be, it demands discipline and will be interested in it. Therefore, for the whole world the actual duty is to keep piece in society. Education maintains unity as a family, society and components of the state. The main objective of family education of the Kazakh people is an education of "the talented son" and “the worthy" daughter

Key words: family, education, national education, traditions, proverbs, behavior and culture.

УДК: 371.013.770

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ФОЛЬКЛОР АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК-ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кошкимбаева Р.Х. – *Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Педагогикалық психология кафедрасының аға оқытушысы baykulov85@mail.ru*
Райымбек Л. – *Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Жалпы педагогика және психология кафедрасының оқытушысы*

Мақала мектеп жасына дейінгі балалардың фольклор арқылы коммуникативтік-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырады. Мұнда балабақшадағы тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты айтылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік құзыреттілігін дамытудың жолдары қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы оның кез-келген әлеуметтік ортаға бейімделуінің кепілі екені сөз етіледі. Қозғалып отырған мәселеге қатысты ғалымдар еңбектеріне шолу жасалынады. «Коммуникативтік құзіреттілік», «құзыреттілік», «құзырет», «компетенция» ұғымына қысқаша мәлімет беріліп, талданады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің, ақыл-ойының дамуына тікелей әсер ететін балалар фольклоры: санамақ, ертегі, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер туралы қысқаша мәлімет беріліп, қорытылады.

Тірек сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, «құзыреттілік», «құзырет», балалар фольклоры, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, ертегі.

Қазіргі таңда бала тілін сәби кезінен бастап дамыту, ойын өрбіту, сол арқылы жеке басының қалыптасуына жағдай жасау – оқу-тәрбие мәселесіндегі негізгі мақсаттардың бірі. Бала өз ойын тіл арқылы жеткізеді. Ал бала тілінің дамуы, оның сөйлеу мүмкіндігінің қалыптасуы бірден пайда болмайтын күрделі үрдіс. Ол жүйелі жүргізілетін жұмыс түрлерінің негізінде жүзеге асатыны мәлім.

Олай болса, балабақшадағы тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты – баланың тілін ұстартып, байланыстырып сөйлей білуге үйрете отырып, оның ой-өрісін дамыту. Яғни, білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгермелі әлемде талапқа сай бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Демек балабақшада тәрбиеленіп жүрген баланың тілі мен ой-өрісі отбасында тәрбиеленген баладан анағұрлым жақсы дамитыны сөзсіз. Себебі балабақшада баланың тілін жаттықтырып, ойын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Әсіресе баланың жас ерекшелігіне қарай айтылатын қызық та тартымды өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар бала ұғымын кеңейтумен бірге, дыбыстарды дұрыс айтып үйретуге баулиды, сөздік қорын байытады [1; 230 б.].

Бұл дегеніміз, адам әлеуметтік ортаның мүшесі болғандықтан, өмірінің алғашқы айынан бастап айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа түсудің қажеттілігін бастан өткеретіндігін байқауымызға болады. Ал қарым-қатынас күрделі де көп қырлы әрекет, сондықтан адам баласына алдыңғы аға буын жинақтап жеткізген әлеуметтік тәжірибені игеру үдерісінде қажетті білім мен білікті қажет етеді.

Сол себепті қазіргі уақытта өскелең ұрпақты тәрбиелеуде М.Әуезовтың «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген өсиетті сөзін естен шығармауымыз керек. Егеменді еліміздің жастарын өмірге келген сәтінен бастап, елін, жерін, Отанын, өз Ата Заңын сүйіп, құрметтеп, қадір тұтып, мақтан тұтатындай етіп тәрбиелеуіміз керек. Сондықтан да, мектеп жасына дейінгі балаларға білім беруде балалар фольклорымен таныстыру арқылы қарапайым ұғымды қалыптастыра отырып, балалардың коммуникативтік-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудан бастағанымыз жөн деп санаймыз.

Себебі, Н.Ә. Назарбаев «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасында қазіргі заманғы білім берудің болашақтағы міндеттерін атай келе, жас қазақстандықтар бастапқы интеллектуалдық әлеуетпен және терең ақылмен, шексіз қызығушылықпен және өмірлік күш-қуатпен ерекшеленуге тиіс деген. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда жаңа білім беру жүйесінің балабақша сатысында оқыту үдерісін ұйымдастыру базалық білім, білік, дағдылар, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде балалардың түйінді құзыреттілігін қалыптастыруды қажет етеді. Осыған сәйкес балалар бақшасынан бастап, балалардың бойында коммуникативтік-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру басым бағыттардың бірі болып табылады [2; 3].

Олай дейтініміз, мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы оның кез-келген әлеуметтік ортаға бейімделуінің кепілі болып табылады.

Осы тұста *«құзыреттілік», «құзырет»* ұғымдарына берілген анықтамаларға және олардың теориялық негіздеріне тоқталуды жөн көрдік. Кеңестік энциклопедиялық сөздікте *құзырет (лат. Тіл compete - қол жеткіземін, сәйкес келемін)* - 1. Заң, жарғы немесе нақты орган немесе лауазымдық тұлғаға берген өкілеттілік шеңбері. 2. Белгілі бір саладағы білім, тәжірибе деп анықталса, Ғ.Ғ. Мұсабаевтың орысша-қазақша сөздігінде *«компетенция»* ұғымын *«хабардарлық»* және *«заң»* саласының термині ретінде «*міндет, қызмет бабы*» деген. Демек, ***құзырет ұғымы өткен ғасырдың ортасынан бастап белгілі бір салада білімі бар, өзінің білімімен немесе өкілеттілігімен бірдеңе істеуге, шешуге құқығы бар*** деген түсінікке ие болған. ***Құзыреттілік ұғымы тұлғаның сапалы көрсеткіші ретінде алдына қойған***

міндетін нәтижелі шешуге, сауатты түрде пікірін, ойын, бағасын бере білуге мүмкіндік беретін білім мен біліктілікті меңгеруі. Құзырет құзыреттіліктің одан әрі дамуы мен қалыптасуына негіз болатын сапа түрінде қарастырылады [4; 5; 6].

Сондай-ақ коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктің қалыптасу маңыздылығының баланың мектепте білім алу кезеңіне өту барысында аса ерекше орын алатындығын М.И. Лисина, Е.Е. Кравцова, Г.Г. Кравцов, В.А. Петровский, А.Г. Рузская сынды ғалымдар өз еңбектерінде анықтағанын да айта кетуімізге болады [7; 8; 9; 10].

Ал балалардың өзгелермен қарым-қатынасқа түсуінің қарапайым түрінің тапшылық етуі оның құрдастарымен және үлкен адамдармен өзара іс-әрекетінде үлкен қиындықтар туғызатынын естен шығармауымыз қажет. Себебі олардың қорқыныш сезімдері артып, білім алу үдерісіне үлкен нұқсан келтіретіні сөзсіз. Міне, сондықтан коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерінің қалыптастыру мектепке дейінгі кезең мен бастауыш мектепте білім беру кезеңінің сабақтастығын қамтамасыз етудің басымдылығы, оқу әрекетінің табыстылығын қамтамасыз етудің қажетті шарттары әлеуметтік жеке тұлға дамуының маңызды бағыттары болып табылады.

Сонымен қатар тіл – ойдың жемісі екенін ескерсек, бала тілінің жоғары деңгейде жетілуі оның жеке басының интеллектуалды дамуына, балалар фольклоры туралы берілетін білімнің орны ерекше.

Яғни мектеп жасына дейінгі балалардың тіл мәдениетін қалыптастырудың жолы болып – тілдің халықтық қасиетін ауыз әдебиет үлгілері, көркем әдебиет арқылы бала бойына сіңіруде. Оқыған шығармасы бойынша ойын көркем етіп жеткізе білу де – тіл мәдениетін меңгерудің бірден-бір шарты.

Ол үшін ата-бабадан бүгінгі күнге жеткен тарихи мұраларды таныту, халық қазынасы ауыз әдебиеті, балаларға арналған көркем әдеби шығармаларды кеңінен пайдалану арқылы жүзеге аспақ. Осы тұрғыда мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің, ақыл-ойының дамуына тікелей әсер ететін балалар фольклоры болып табылады деп толықтай айта аламыз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас және жеке-дара ерекшеліктеріне байланысты тілінің дамуына көркем әдебиет шығармаларының, ауыз әдебиет туындыларының ықпалы зор екенін жоғарыда айтып өттік. Олай дейтініміз, балалар нақ осы жаста санамақ, ертегі, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді және т.б. өте қызыға айтады.

Әсіресе халықтық шығармалар ішінде балалар үшін жұмбақтар үлкен рөл атқарады. Жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой-қиялын ұштастыруға көп әсер етеді. Ал келесі жанр – жаңылтпаш. Ол да баланы дұрыс та, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр. Балалар жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйренеді. Сондай-ақ халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал-мәтелдер арқылы да беріледі. Қышқаша айтар болсақ қазақтың мақал-мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды.

Сол себепті де халық ауыз әдебиетін балабақшадан бастап пайдаланудың маңызына тоқталар болсақ, ол баланың тілін дамыту үшін, ой-өрісін кеңейтуге білімдік – тәрбиелік маңызы зор екеніне көзіміз жетеді [11].

Демек, күнделікті оқу үрдісінде мақал-мәтел, аңыз әңгімелер, жұмбақ жасыру, ертегілер, жаңылтпаштар кеңінен пайдаланылуы қажет. Осылардың қай-қайсысы болса да баланың сезімін селт еткізіп, ойына оралып, тіліне үйіріліп, сөзге әсерлендіреді.

Қорыта айтар болсақ мектеп жасына дейінгі сәбилерді өз ана тілін жақсы меңгеруге үйрету, тәрбиешінің кәсіби даярлығына, әдіскерлік шеберлігіне байланысты. Сол себептен де қазақтың фольклорлық шығармаларын мектепке дейінгі балалардың ой-өрісін, дүниетанымын дамытатын, қиял сезіміне әсер етерлік, табиғаттың таңғажайып сырын ұғындыратын, өздігінен әрекет жасауға, еңбек ете білуге баулитын негізгі құрал ретінде жас ерекшеліктеріне сай кеңінен қолдануға тиіспіз.

Сондай-ақ ақыл-ойды жетілдірудің негізі болып табылатын баланың тілін, сөз қорын молайту, еркін, дұрыс сөйлей білуге үйрету де негізгі нысана болуы керек. Яғни құзыретті тұлғаны қалыптастыру мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталуы тиіс деп тұжырымдаймыз. Демек, әрбір күн өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалмай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу тәрбиешілерге көп жауапкершілікті жүктейді. Ол тәрбиешіден үздіксіз ізденуді, өз білімін жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені, еліміздің ертеңі - бүгінгі жас ұрпақтың қолында екенін естен шығармауымыз керек.

1. Ананьев Б.Г. Познавательные потребности и интересы, Ученые записки ЛГУ, Психология. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1959. – 230 с.

2. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы //Егемен Қазақстан 30 қаңтар 2010 ж.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің стандарты. – Астана,2009. – 30 б.

4. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. Республикалық баспа кабинеті. – Алматы, 1995. – 185 б.

5. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған А.Ы. Ысқақов. Қазақ ССР-інің «Ғылым баспасы». – Алматы, 1982. – 623 б.

6. Российская педагогическая энциклопедия. В 2-х томах. – Москва: Научное издательство «Большая Российская энциклопедия», 1993. – Т.1. – 607 с.

7. Ожегов СИ. Словарь русского языка / Под ред. Н.Ю.Шведовой. – Москва: Русский язык, 1986. – 795 с.

8. Петровский В.А., Виноградова А.М., Кларина Л.М. Учимся общаться с ребенком: руководство для воспитателей детского сада. –М.: Просвещение, 1993.

9. Лисина М.И. Общение и речь: развитие речи у детей в общении со взрослыми. –М.:Педагогика, 1995.

10. Лисина М.И., Силвестру А.И. Психология самосознания у дошкольников. – Кишинев: Щтиинце, 1983.

11. Жұмағожина Р. Ауыз әдебиеті үлгелерін балалар бақшасында пайдалану. –Алматы: Мектеп, 1981. – 42 б.

Резюме

Кошкимбаева Р.Х. – *Государственный университет имени Шакарима города Семей, старший преподаватель кафедры педогогической психологии*

Райымбек Л. – *Южно-Казахстанский государственный педагогический институт, преподаватель кафедры общей педагогики и психологии*

Формирование коммуникативно-языковой компетентности детей дошкольного возраста через фольклор

В статье рассматриваются вопросы формирования коммуникативно-языковой компетентности детей дошкольного возраста. Говорится об основных целях воспитательной работы в детском саду. Рассматриваются пути развития коммуникативно-языковой компетентности детей дошкольного возраста. Отмечается коммуникационно – языковой интерес детей дошкольного возраста, формирование его компетенций в социальной среде. Дается обзор трудов ученых, на основе которых говорится в данной работе. Дана информация о понятиях «коммуникативные компетенции», «компетентность», «компетенции», «интерес». Также дана полная информация о влияющих факторах на развитие языка, интеллекта детей дошкольного возраста: сказки, стихи, загадки, пословицы, поговорки.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, "компетентность", "компетенция", детский фольклор, загадка, пословицы и поговорки, сказки.

Summary

Koshkimbayeva R.H. – *Shakarim state university of Semey, the Departament of Pedagogical psychology*

Rayimbek L. – *South Kazakhstan state pedagogical institute, lecturer of the Department Basic pedagogy and psychology*

Formation of communicative and linguistic competence of children of preschool age through folklore

The article speaks of formation of linguistic-communicative competence of preschool children. Speaking about the main purpose of the educational work in kindergarten. We consider the development of linguistic-communicative competence of preschool children. There communicatively - linguistic interest of children of preschool age, the formation of its competences in the social environment. A review of the works of scholars, on the basis set out in this paper. The information on the concepts of «communicative competence», «competence», «competence», «interest». Also given complete information about the influencing factors on the development of language and intelligence of preschool children: fairy tales, poems, riddles, proverbs, sayings.

Key-words: preschool children, "competence", "competence", a children's folklore, riddles, proverbs and sayings , fairy tales.

ӘОЖ: 371.321.4

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӘСІПКЕ БАУЛУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҚ НЕГІЗІ

Ашикбаева Г.Д. – *аға оқытушы, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, e-mail:gumi69@list.ru*

Еркінбекова Қ.М. – *бөлім меңгерушісі,*

Мақтаарал гуманитарлық экономикалық және агробизнес колледжі, e-mail:karligach@list.ru

Мақалада жалпы білім беретін мектептегі жоғары сынып оқушыларын оқу-тәрбие жұмыстары барысында кәсіпке баулу мен өндірістік еңбекпен байланыстыру керек екендігін және оларды еңбекке үйрету жолдарын зерттеуде жасөспірімдерді өндірістік-бағдарлауға дайындау жолдарының өзгеруіне байланысты кезеңдермен ерекшеленетіні қарастырылған.

Атап айтқанда мектеп бағдарламаларының тақырыптары оқушыларға түсінікті және іс-әрекетте қолайлы болу мақсатында, оны практикалық сабақтармен байланыстыру ұсынылды және оларды еңбекке үйрету мақсатында материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілуімен, мектептердің өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындарға бекітілуімен жүзеге асырылатыны аталды.

Мұнда политехнизм принципі барлық нәрсеге оқыту емес, жалпы өндіріс негіздеріне оқыту деп түсіндірілді. Ол арнайы пәндер түрінде, сонымен қатар, барлық пәндерді өндіріспен байланыстыра оқытуды бағдарлауда, бірыңғай білім саясаты негізінде іске асырылды. Яғни еңбекке дайындау кешенінде жалпы білім жүзеге асырылды және одан үлкен үміт күтілді. Атап айтқанда оқу шеберханалары құрылды және өнеркәсіптік өндіріс орындарымен байланыстар нығайды. Сонымен бірге жоғары сынып оқушыларын пайдалы өндіріске қатысулары кеңейтілді және оларды кәсіпкерлікке үйретілді, күшейтілді.

Жоғарыда аталған еңбекке оқыту мақсаттары қазіргі заманда педагогикалық маңыздылығын жоғалтпағандығын тәжірибе көрсетеді және оларды оқу-тәрбие жұмысындағы жүйе ретінде қолдануға болатыны туралы ғалымдардың еңбектерінде көруге болады.

Атап айтқанда, жұмыс күшін мамандандыру дайындығын білім жүйесінің маңызды қызметтерінің бірі болып табылды. Оқушыларды еңбекке дайындаудағы мақсатымыз – олардың материалдық өндіріс саласында практикалық қызметке дайындығын қалыптастыру, жасөспірімдерді еңбек жолына, тәрбиелі болуына, белсенді жұмысшыны еңбекқорлыққа бағдарлауды қамтамасыз етуге бағытталатыны нақтыланған.

Тірек сөздер: еңбекке оқыту, политехникалық білім беру, кәсіби бейімделу, политехнизм.

Жыл сайынғы Жолдауында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның білім саласына ерекше назар аударып келеді. Жаңа Жолдаудың жанымызғы жақын қуантатын жаңалығы бесінші бағытында көрсетілген 2017 жылдан бастап жаңа жоба – «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы бойынша, техникалық және кәсіби білім беру жүйесін жетілдіруге көңіл бөлінуі. Қазақстанның одан әрі қарыштап дамуына техникалық және кәсіби білім сапасын арттыру үлкен үлес қосады. Сонымен бірге «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдістәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетіледі [1]. Бұл міндеттерді іс жүзіне асыру мұғалімнің шеберлігіне, ізденісіне байланысты. Оны жүзеге асыру педагогика ғылымының жүргізген зерттеу бағыттарының нәтижелеріне, мектеп практикасына озық тәжірибелерді енгізуге қатысты.

Оқушыларды еңбекке үйрету жолдарын зерттеуде жасөспірімдерді өндірістік-бағдарлауға дайындау жолдарының өзгеруіне байланысты төмендегі кезеңдермен ерекшеленеді.

Әлеуметтік-экономикалық үдерістерді тарихи-педагогикалық зерттеу XIX–XX ғасырлар кезеңінде жергілікті өнеркәсіптік өндірістің қарқынды өсуі еңбек және кәсіптік мектептердің белсенді қалыптасуы күрт өсе бастағанын көрсетеді. Педагогиканың өндірістік-бағдарлауының жүйелі дамуы алдыңғы қатарлы ғалымдардың әдістерді өңдеу салаларында және кәсіптік оқыту жүйелерінде жоғары нәтижелерге жетуіне ықпал етеді.

Жастарды еңбекке баулу қай кезде де азаматтық тәрбиенің елеулі шарттарының бірі ретінде қарастырған. Сонымен қатар, XIX ғасырда орыс әдебиетінде еңбек мәселесін де көп қарастырылғаны белгілі.

Атап айтқанда, Ы.Алтынсариннің әңгімелері төменгі сынып оқу үдерісі арқылы іске асса, кейбір сыныптарда тәрбие сағаты, сыныптан тыс оқу, конференцияларды, еңбек тәрбиесіне байланысты диспуттар т.б. басқа арқылы жүзеге асады. Яғни, педагогтың осындай прогрессивті идеялары мектептің оқу-тәрбие жұмысы арқылы іске асып отыр.

Ы.Алтынсарин қазақ жастарына кәсіптік мамандық беру мәселесін қалаған және ол қазақ халқының экономикалық дамуына қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән берді. Сонымен қатар қолөнер, ауылшаруашылығы училищелерін ашуға күш жұмсады.

Сонымен бірге Ы.Алтынсариннің еңбек туралы пікірлері, идеялары қазіргі біздің экономикалық жағдайға және қойылатын талаптармен сәйкес келеді.

Қоғамымыздағы өзгерістерге байланысты қазіргі пайда болған әлеуметтік жағдайларға еңбек етпеген адам өмір сүре алмайды, қайыршылыққа, өлімге дейін барады. Яғни оқушыларды еңбекке тәрбиелеуде және оның шығармалары негізгі идеяларды қамтиды.

Ы.Алтынсарин адал еңбек етуді, қанағат қыла білуді адамгершілік қасиет деп санады. Оның «Біз өзіміздің адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам – шын бақытты адам» - дегені соның нақты айғағы.

Ресей және Қазақ жерінде XX ғасырдың басында мектептерде еңбекке оқыту тенденциясы кеңейе бастады. Онда қолданбалы даярлықтың, еңбекте өзін-өзі басқарудың, өндірістік еңбектің, техникалық және ауылшаруашылық бағыттардағы үйірме жұмыстарының элементтері жүзеге асырылады. Тап осы кезеңде теоретик және еңбек мектебінің тәжірибешісі С.Т. Шацкийдің «адам өзіндік зерделі және дене

еңбегіне белсенді қатысуы арқылы тәрбиеленеді» деп есептеген тәжірибесі шығармашылық жолдардың басы болып табылады. С.Т. Шацкийдің пікірі бойынша, адам тәрбиесінің дамуы шығармашылық практикалық іс-әрекет негізінде орын алады. Өмірге дайындау және өзіндік өмір сүруге дамыту, оқушылардың бекітілген пәндер тізімі бойынша емтихан тапсыруға бағытталған білім жүйесіндегі сәйкес құрамды оқу жұмыстары ретінде анықталады [2].

Мектеп бағдарламаларының тақырыптары оқушыларға түсінікті және іс-әрекетте қолайлы болу мақсатында, оны практикалық сабақтармен байланыстыру ұсынылды. Практикалық оқыту жүйесінде С.Т. Шацкий оқушыны материалға және құралға берілген мақсатты орындау үдерісінде «лайықтау» деп білді. С.Т. Шацкийдің басшылығымен 1906 жылы «Сетлемент» клубында балаларға слесарлық, ағаш өңдеу, түптеу ісіне, сонымен қатар, тарих, химия, өнерді үйретті және «даусыз, әрбір оқушының шығармашылығына жол беру» ұйымдастырылды.

С.Т. Шацкий және т.б. ғалымдардың бірлестігімен құрылған «Сергек өмір» колониясындағы жұмыста практикалық оқыту және жастарды еңбекке тәрбиелеу қызметі 1911 жылы дами бастады. Педагогикалық ұжым қызметі қамқорлыққа алынғандардың қызығушылықтарына сәйкес тәрбиеленушілердің шығармашылық жасауға бағытталған болатын. Олардың жұмысында қоғамға пайдалы және өндірістік еңбектің оқу бөлімдері, сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыс элементтері көрсетілген. Сонымен бірге С.Т. Шацкийдің пікірі бойынша еңбек адам мен табиғатты байланыстыратын буын болып табылады, сондықтан тек еңбек мектебі гуманитарлық синтезді және табиғи-ғылыми білімді қамсыздандыруға қабілетті, яғни, ойлауды дамытып қоймай, ерік, мінез-құлық, еңбек іскерлігі мен дағдыларын қалыптастырады.

Оқыту және оқу әдістерінің жасалуы ресей орталық еңбек институтында зерттеу нәтижесінде дамытуға XX ғасырда қолдау тапты. Оның қызметкерлерінің ұйымдастыруымен еңбекті қабылдаудың ұсақ элементтерін игеру негізінде, қызметкерлерді тез арада дайындау және оларды күрделі қызметке қатыстыруға өндірістік оқыту жүйесі жасалынды. Орталық еңбек институтының жүйесі моторлы–жаттығу деп аталды және өнеркәсіптік өндірістің дамуының төмендегі ескерілмей, мамандардың төмен дәрежедегі дайындықтарына сын айтылды.

Политехникалық білім беру идеялары марксизм-ленинизм классиктерімен тұлғаны дамыту негізі сол кезеңдегі заманауи экономика талаптарымен жән еңбек заңының өзгерістеріне сәйкес дәлелденген. Мұнда политехнизм принципі барлық нәрсеге оқыту емес, жалпы өндіріс негіздеріне оқыту деп түсіндірілді. Ол арнайы пәндер түрінде, сонымен қатар, барлық пәндерді өндіріспен байланыстыра оқытуды бағдарлауда, бірыңғай білім саясаты негізінде іске асырылды.

Ал С.М. Шапаловтың пікірі бойынша оқытуда политехникалық принципті ерекше іске асыру ғылыми негізінің өндірістік тәжірибемен біріктірілуі және оқу үдерісін құрайтын теориялық, практикалық бірлікті қамтуы болып табылады.

Сонымен қатар оқушыларды еңбекке үйрету материалдық-техникалық базаның қамтамасыз етілуімен және мектептердің өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындарға бекітілуімен жүзеге асырылады.

Уақыт өте мектептің оқу-тәрбие жұмысын өндірістік еңбекке ұштастыру ғана емес, сонымен қатар, тұлғаны өндірістік және еңбек іс-әрекетін теориялық оқыту негізін мақсат етуге әрекет жасалды. Жалпы білім еңбекке дайындау кешенінде жүзеге асырылды және одан үлкен үміт күтілді. Жоғары сынып оқушыларын еңбекке дайындау жағдайларын дамыту мақсатында шешімдер қабылданды және 1927 жылдан бастап еңбекке оқыту оқу пәні ретінде қарастырылды. Сонымен бірге индустриаландыру және ұжымдастыру кезеңі мектеп оқушыларының саяси-техникалық дайындықтарын нығайтуда, өндіріспен жақындастыруды қажет етті және мектептің оқу жоспарына өндіріс негіздері қосылды. Атап айтқанда оқу шеберханалары құрылды және өнеркәсіптік өндіріс орындарымен байланыстар нығайды. Яғни оқушылардың қоғамдық пайдалы өндірісте қатысулары кеңейтілді, жоғары сынып оқушыларын кәсіпкерлікке үйретілді және күшейтілді.

Политехникалық оқытудың теориялық негізін жасау жұмыстарымен XX ғасырдың 20-30 жылдарында атақты ғалымдар мен ұстаздар П.П. Блонский, С.М. Шабалов, С.Т. Шацкий және т.б. айналысты.

Бұл уақытта еңбекке оқытудың педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік-экономикалық негіздерін, кәсіпке бағдарлауды, оқытуды өндірістік еңбекпен ұштастыруды П.П. Блонский, А.П. Болтунов, П.Н. Груздев, С.Г. Геллерштейн, В.И. Шульгин және т.б. ғалымдар үлкен теориялық жұмыстар атқарды. Мұнда оқушылардың әлеуметтік маңызды еңбек іс-әрекеттері мен нақты өндірістік мамандық алуға бейімделуі, өндіріс орындарымен таныстырудан бастап, оқушылардың еңбек дағдыларын үйрену қажеттілігіне дейін политехникалық білім мақсаттары кеңейтіледі. Жоғарыда аталған еңбекке оқыту мақсаттары қазіргі заманда педагогикалық маңыздылығын жоғалтпағандығын тәжірибе көрсетеді. Оларды К.А. Ивановичтің оқу-тәрбие жұмысындағы жүйе арқылы келісу әрекеттерінің қажеттілігі, жалпы білім беретін пәндерді қосқанда еңбекке оқыту, қоғамдық пайдалы еңбек, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс ережелері толықтырады [3].

Атап айтқанда еңбекке үйретуді ұйымдастыру түрлері, оның кәсіптік бағдар беруді мектептің өндіріс орындарымен байланысуы үйлестірілді. Жасөспірімдер мекемелерінде жас техниктер және жас натуралистер станцияларында, сыныптан тыс жұмыстардың жаңа түрлері жүргізілді.

Политехникалық білім беру бағыттарына көңіл бөлген Н.К. Крупская еңбек мектебінің құрылуына жан-жақты үлес қосты. Әлеуметтік-техникалық үдеріс М.И. Скаткиннің, П.И. Ставскийдің, В.Г. Зубовтың және т.б. ғалымдардың жұмыстарында оқушыны обьект тұрғыда емес, сонымен қатар, еңбекке оқыту субъектісі ретінде дамыта білді. Бұл көзқарастар оқу үдерісіне қатысушылардың әрекеттерін құрайтын және оқу үдерісінің тұжырымдық жүйе негіздеріндегі өзгерістерін байқаулары жаңа талаптармен сәйкес болды.

Еңбекке баулу пәні орта мектептің оқу жоспары тізімінен 1936-1937 жылдары алынды. Сол кезде оқушылардың академиялық дайындықтарына кәсіпке оқыту және жастарды қазіргі заман талаптарына сай дайындау үшін сұраныстар күшейді.

Сонымен жалпы білім жүйесінен еңбекке дайындау пәнін алып тастау, жас жеткіншіктердің дамуына және тәрбиеленуіне, гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімнің байланысуына, қоғамның әлеуметтік-экономикасын дамытуды қамтамасыз етуге кері әсерін тигізді. Одан кейін жалпы білім беретін мектеп бітірушілерін практикалық іс-әрекетке дайындауды жақсарту мәселелерін шешуге зейін аударған.

Сайып келгенде, жұмыс күшін мамандандыру дайындығын білім жүйесінің маңызды қызметтерінің бірі болып табылды. Оқушыларды еңбекке дайындау мақсаты – олардың материалдық өндіріс саласында практикалық қызметке дайындығын қалыптастыру, жасөспірімдерді еңбек жолына, тәрбиелі болуына, белсенді жұмысшыны еңбекқорлыққа бағдарлауды қамтамасыз етуге бағытталады.

Оқушыларды еңбекке дайындау барысында қазіргі қоғам үдерісінің тұжырымдамасын жасауды және еңбекке үйретудің баламалы жүйесін құруды, жалпы және арнайы оқытудың мәселерінің нақты ұқсас нәтижесі жалпы білім беру мәртебесін сақтайды.

Яғни мектептегі еңбекке дайындау мақсатының орындалуы жалпы білімді дамыту тәжірибесін, материалдық қаржының, кадрлық сәйкестігіне байланысты.

Жалпы білім беру саласындағы басқарушылардан бастап, олардың қоғамдық үдерістерге сәйкес келмейтін мақсаттарын толық жоққа шығу деңгейлеріне байланысты оқушыларды еңбеке дайындау қажет. Сонымен қатар, жалпы білімнің барлық жүйесінің дамуы келер ұрпақты еңбекке оқытудың сәйкес жүйесінің мақсаттарының шешілуімен байланысты.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. – 27 шілде.
2. Шацкий С.Т. Педагогические сочинения: В 2 т. – М.: Педагогика, 1980. Т.2. – 30 ст.
3. Ушинский К.Д. Педагогика. –М.: 1988–1990. Т 2.

Резюме

Ашикбаева Г.Д. – *старший преподаватель, МКТУ им. К.А.Ясави*
Еркинбекова К.М. – *заведующей отдела, Мактааральский гуманитарно-экономический и агробизнес колледж*

Основы технологической подготовки старшеклассников к профессиональному труду

В данной статье рассматривается вопрос о приручении старшеклассников к профессиональному труду и соответствия содержания учебно-воспитательного процесса с будущей производственной деятельностью учащихся, и найти эффективные пути продуктивного направления подготовки.

В частности с целью обеспечения ясности школьной программы и для упрощения в применении теоретических знаний предложены пути связывания с практическими занятиями, также для эффективного результата учитывается важность обеспечения учебного процесса с материально-технической базой, затем оценивается возможность прикрепления практики школьной программы к работам в производственных и хозяйственных предприятиях.

Приведен анализ принципа политехнизма, и оно было определено как направление обучения на основе производства. Описана возможность его реализации путем создания специальной комплексной образовательной политики, охватывающий процесс обучения всех специализированных предметов в соответствий с практическими работами на производственных объектах. В свою очередь учтены всякие нюансы и возможности в подготовительном процессе будущих специалистов. Приведены результаты создания учебных мастерских объектов на основе реального производственных деятельностей. В ходе данного исследования возросла активность учащихся в производственной деятельности и повышения уровня их квалифицированности в определенной сфере, что подтверждает эффективность предлагаемой методики.

На основе анализа трудов ученых о трудовой деятельности будущих специалистов, установлено что рассматриваемый процесс подготовки остается актуальным и на сегодняшний день, и на основе обзора выявлены возможности системного применения специальных технологий трудовой деятельности для профессионального развития навыков учащихся. Выделяются и описываются характерные особенности специализаций старшеклассников в современном мире.

Статья раскрывает содержание необходимости приручения учащихся к трудовой деятельности, и показаны этапы достижения поставленной цели данного исследования. Сначала нужно систематизировать процесс подготовки в

производственной сфере, дать шанс подросткам совершенствоваться и развивать их профессиональных навыков в определенной деятельности, приучить молодых к труду и уважать труд других, при этом показывая перспективы профессионального роста, который станет залогом их духовного развития и материального обеспечения.

Ключевые слова: приручить к труду, политехническое обучение, профессиональное приспособление, политехнизм.

Summary

Ashikbaeva G.D. – *senior lecturer, KH.A.Yassawi international kazakh-turkish University*
Erkinbekova K.M. – *lecturer, Maktaaral humanitarian-economic and agro-business college*

Fundamentals of technological preparation of high school students to professional work

This article discusses the question of accustom high school students to professional work and conformity of the content of the educational process to the future operations of students, and to find effective ways of productive areas of training.

In particular to ensure that the curriculum of clarity and simplification in the application of theoretical knowledge of the ways of linking with practical exercises, and for effective result is taken into account the importance of the educational process with the material and technical base, and then assessed the ability to attach the curriculum of practice to work in the industrial and commercial enterprises.

The analysis of the principle of polytechnical, and it was defined as a field of study on the basis of production. Described the possibility of its implementation through the creation of a special comprehensive education policy, which covering the process of learning all specialized subjects in accordance with the practical work on production facilities. In turn, takes into account all sorts of nuances and possibilities in the preparatory process of future specialists. The results educational workshops based on real objects of industrial activity. In this study, increased activity of pupils in productive activities and increase their level of qualification in a particular field, which confirms the effectiveness of the proposed method.

Based on the analysis of works of scientists about the work of future professionals, was found that the process in training remains relevant today, and based on a review of the system revealed the possibility of the use of special employment of technologies for professional development of student's professional skills. Are allocated and described characteristics of senior majors in the modern world.

The article reveals the contents of the need of taming the students to work, and shows the steps to achieve the goal of this study. First, you need to systematize the process of training in the industrial sector, give a chance to young people to improve and develop their skills in a particular activity, to teach the young to work and respect the work of others, thus showing the professional growth prospects, which will ensure their spiritual development and material security.

Keywords: tame to work, polytechnic education, professionals adaptation, polytechnical.

УДК: 373.29:37.018.1

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мазтаева Л.С. – *Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Педагогикалық психология кафедрасының оқытушысы maztaeva.l@mail.ru*
Стамғалиева Б. – *Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің психологиясы мен педагогикасы кафедрасының оқытушысы*

Мақала мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру мәселесін қарастырады. Авторлар мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылық қабілетін дамытудың қаншалықты маңызды екенін түсіндіреді. Баланың жас және жеке дара даму ерекшеліктеріне сай, айрықша қабілетін ескере отырып, оқыту үрдісінде танымдық қызығушылығы мен белсенділігінің дамуы сөз етіледі. 5–6 жас аралығында субъектінің даралық қасиеттерін қалыптастырудың негізі саналатын мотивтердің бірі ретінде танымдық қызығушылыққа түсінік береді. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың жас және жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық қабілеттерін, белсенділігін жетілдіру үшін танымдық қызығушылықты жан-жақты ашып қарастырады. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі кезеңде балалар тікелей көрген, сезген обьектісін ғана қабылдайтындығы айтылады. Оқу іс-әрекетінің бағыты, оқу-танымдық формада ұйымдастырылып, балаға берілетін білім элементтері тікелей көрсету, ұстату, сипап-сездіру, таныту арқылы жүзеге асатындығына назар аударады. Мақала барысында мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылық қабілеті жақсы, бірақ тұрақсыз болатынын да назардан тыс қалдыр-майды. Қозғалып отырған мәселеге қатысты ғалымдар еңбектерінде берілген танымдық қызығушылық туралы түсінікке талдау беріледі. Сонымен бірге, танымдық әрекет құрылымы жөнінде айтылады. «Қызығушылық» ұғымына қысқаша мәлімет беріліп, қорытылады.

Тірек сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, танымдық қызығушылық, танымдық белсенділік, танымдық дербестілік, шығармашылық әрекет.

Қазіргі таңда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер білім саласын жетілдіруді талап етеді. Әсіресе, қоғамдағы оқу-ағарту, білім беру салаларындағы білім мазмұнын жаңартуды қазіргі заман талаптарына сәйкес болуын қажет етіп отыр. Осыған сәйкес, білім берудің түрлі деңгейіне қарай жаңа әлеуметтік сұраныстарының пайда болуы шығармашылық қабілеті бар, саналы, өзбетті іс-әрекетін анықтайтын және осы мақсатқа жету үшін өзін басқара алатын белсенді жеке тұлғаны қалыптастыруды қажет етіп отыр. Бұл талаптарды орындау үшін мектепалды даярлықтағы педагогикалық үрдістердің ең дұрыс бағыты танымдық қызығушылықты іс-әрекеттік тұрғыдан дамыту болып табылады.

Сондай-ақ ҚР-ның «Білім беру туралы» Заңында «Балаларды міндетті мектепалды даярлау мәселелері» туралы қаулысына сәйкес тәуелсіз қоғам азаматын тәрбиелеп өсіру міндеттері, білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптері, білім беру жүйелерінің құрылымы нақты айқындалып көрсетілген.

Аталған міндетті жүзеге асыру мақсатында, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің стандарты», «Мектепалды даярлау тұжырымдамасы», «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы жасалғаны [1;2;3] мәлім.

Мұнда көзделген басты мәселелердің бірі – баланың жас және жеке дара даму ерекшеліктеріне сай, айрықша қабілетін ескере отырып, оқыту үрдісіне танымдық қызығушылығын арттыру, мектепке даярлау міндетін жүзеге асыру болып табылады. Сондықтан да біз мектепалды даярлық топ балаларының білім, білік дағдыларының қалыптасуында олардың танымдық қызығушылығын арттыру қажет [3] деп білеміз.

Дейтұрғанмен балалардың жеке тұлғасында танымдық қызығушылығы мен белсенділігінің дамуы 5–6 жас аралығында қарқынды келетіні мәлім. Бұл әсіресе баланың логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

Сондықтан да субъектінің даралық қасиеттерін қалыптастырудың негізі саналатын мотивтердің бірі – ***танымдық қызығушылық*** болып табылатынын әркез естен шығармауымыз керек. Демек, мектеп жасына дейінгі балалардың жас және жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық қабілеттерін, белсенділігін жетілдіру үшін танымдық қызығушылықты жан-жақты қарастыру маңызды екені күмән келтірмейді. Өйткені бұл шақта балалар заттар мен құбылыстар туралы, жалпы болмыс туралы білімді, әсіресе көргісі келгенін, білгісі келгенін тез, дұрыс және толық қабылдайды. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі кезеңде оқу іс-әрекетінің бағыты, оқу-танымдық формада ұйымдастырылады, себебі балаға берілетін білім элементтері тікелей көрсету, ұстату, сипап-сездіру, таныту арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ бала тікелей көрген, сезген объектісін ғана қабылдайды. Демек, біз бұл тұста мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылық қабілеті жақсы, бірақ тұрақсыз болатынын да ескеруміз қажет. Олай дейтініміз қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның құндылық қасиеттерін дамытып, қалыптастыруға аса мән беріліп отырады.

Дейтұрғанмен, егер баланың қызығушылығы жайында жүйелі мәлімдемелер түсіп отырса, баланың даму үрдісі шапшандайды.

Біз бұл жерде Л.В. Занковтың идеясын негізге алдық. Ол баланың қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарымен еркін араластыру керек, әртүрлі баланың дамуы үшін туындайтын шегіністерден қашпауымыз керек, керісінше, баланың дамуына қандай дәрежеде ықпал еткенін айқындай отырып, жүргізу қажет деген ұсынысын келісеміз.

Себебі жалпы жеке тұлғаның танымдық қызығушылығын қалыптастыруға байланысты арналған ғылыми-зерттеу еңбектерді қарастыру барысында балалардың қалыптасуы, олардың психологиялық дамуына байланысты арналған еңбектер сараланып, жүйеленгенін байқадық.

Мәселен, С.Төрениязова өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында балаларды дамытуда білім мен тәрбие негізгі орын алатынын атап көрсете келе, дамудың бес жағдайын нақтылай:

- психикалық дамуға – балалардың мінез-құлқының, ерік-жігерінің, қабілетінің дамуы;
- денелік дамуға – дене бітімінің өз жасына сай болуы;
- рухани дамуға - балалардың ішкі жан дүниесінің сырттан әсер ететін күшпен өзара бірлігі;
- әлеументтік дамуға – өздері өмір сүріп отырған қоғамдық ортаға үйлесе дамуы;
- жалпы дамуға – балалардың жан-жақты үйлесімді дамуын жатқызады.

Сондай-ақ осы тұста айта кетуіміз керек, балалардың *танымдық әрекет құрылымы:* танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділік, танымдық дербестік пен шығармашылық әрекеттен тұрады. [4]. Оларға қышқаша тоқтала кеткеніміз жөн болар. ***Олар:***

Танымдық қызығушылық

- жаңа фактілермен құбылыстарға қызығушылық;

- белгілі бір бағытты таңдау;
- даму сатылары;
- білуге құмарлық;
- білімпаздық;
- ізденімпаздық.

Танымдық белсенділік

- білуге құмарлық;
- зеректілік, саналылық;
- бағдарланушылық;
- шешімпаздық;

Танымдық дербестілік

- объектімен, құбылыспен тереңірек танысуға ұмтылу;
- дербес іс-әрекет жасауға және өз беттік жұмысты ұйымдастыру іс-әрекет нәтижесін болжау;
- болжамды бақылаулармен, жаттығулармен, эксперименттермен тексеру.

Шығармашылық әрекет

- шығармашылық ойлау біліктілігі;
- жаңаны ойлап табу;
- іс-әрекет нәтижесін түйіндеу;
- ұжымдық оқыту арқылы балалардың танымын қалыптастыруды жатқызамыз.

Осы тұста қызығушылық ұғымына тоқталар болсақ, **қызығушылық** *(лат. Interest – мәні бар, маңызды)* – адамның аса маңызды деп сезінген әрекетінің шынайы көрінісі [5] дегенді білдіреді. Сондықтан да қызығушылықты субъектінің өз әрекетіне оң, сыни қарым-қатынасы деп анықтауға болады.

Сонымен қатар психологтар қызығушылыққа түрлі анықтамалар береді. Олардың кейбіреуіне тоқталсақ, С.Л. Рубинштейн оны ақыл-ой және эмоционалдық белсенділігінің көрінісі десе, Д.Фрейер әр түрлі сезімдер қозғағышы дейді, ал Н.Г. Морозова адамның әлемге деген белсенді эмоционалдық-танымдық қарым-қатынасы [6] деген пікір айтады.

Ал, Л.Г.Выготский [7] «Қызығушылық – бұл бала мінез-құлқының табиғи қозғағышы, ол баланың әрекетінің органикалық қажеттілігіне сәйкес инстиктивті әлпетінің шынайы ұмтылысын көрсетеді. Міне, сондықтан негізгі ережелер барлық тәрбие жүйесін бала қызығушылығын ескере отырып құруды талап етеді. Баланы белгілі бір әрекетке жұмылдыру үшін оның қызығушылығын оят, оның осы әрекетке дайын болуына жағдай жаса, бала барлығын өзі жасайтындай болсын, сонда мұғалім тек бағыт беруші, басқарушы ғана болады» - деген жақсы пікір айтады.

Сонымен бірге К.Д. Ушинский [8] қызығушылық сапалы оқытудың негізгі жолы деп қараса, неміс психологы, әрі педагогы Гербарт мұғалім жан-жақты болып, баланы қызықтырып отыру керектігін айтқан. Ал педагог Г.И. Шукина [9] өз еңбектерінде танымдық қызығушылық баланың жеке адам болып қалыптасу процесінде жетіліп, маңызданып, байитынын дәлелдейді. Жоғарыдағы аталмыш ғалымдардың еңбектеріндегі ой-пікірлерінен қызығушылықтың ең негізгі фактор екендігін көреміз. Яғни ғалымдардың аталмыш ұғымға берген анықтамалары бірін-бірі жоққа шығармайды, керісінше бірін-бірі толықтыра түседі деп айта аламыз.

Сол себепті де қазіргі кезеңде қоғамда болып жатқан өзгерістер білім беруді ізгілендіру, баланың шығармашыл болуын талап ететіні сөзсіз. Бала дүниетанымының кеңеюі танымдық қызығушылықтың артуына өзгерістер енгізеді.

Сондықтан оқу үрдісінде жеке тұлғаның өз бетінше әрекет етуге деген құлшынысын оятуға, білімнің өзі үшін қажет екенін сездіруге, шығармашылық жұмыстарға баулуға, интеллектісінің дамып жетілуіне түрткі болатын танымдық қызығушылық пен белсенділікті арттырудың маңызы ерекше. Адамның танымдық қызығушылығы мен белсенділігіне бір нәрсе түрткі болады, бір нәрсемен дәлелденеді, адам ұнамды дәлелдердің арқасында, әсіресе көргісі келгенін, білгісі келгенін тез, дұрыс және толық қабылдайды. Бұл қабылдағанын есінде ұзақ сақтайды.

Сол себепті де ол баланың дамуындағы қажетті фактор болып табылады. Сондықтан танымдық қызығушылықтың элементарлы деңгейі болып жаңа фактілерге, атаулы құбылыстарға қызығушылық, ақпарат алуға деген құлшыныс жатады.

Ал жоғары деңгей болып заттар мен құбылыстарға тереңірек үңілуге қызығушылық жатады. Бұл деңгей ізденісті, болжауды, білімін жүзеге асыруды талап етеді. Танымдық қызығушылық бұл деңгейде

қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешуге байланысты болады. Бұл әсіресе теориялық білім қоры аз жас балаларға тән.

Демек, қорыта айтқанда бала өмірінде қызығушылықтың әр түрі (эстетикалық, көркемдік, музыкалық, т.б.) көрініс табады. Өскелең ұрпақ үшін танымдық қызығушылықтың маңызы өте жоғары. Нақтырақ айтсақ, қызығушылықтың қай түрінде болмасын (эстетикалық, музыкалық, т.б.) танымдық компонент бар. Әйтсе де танымдық деп қызығушылықтың ерекше түрін – оқуға, ғылымға, білімді жинақтауға қызығушылықты айтады. Ол адамның әр нәрсеге әуестенуінен байқалады. Болмыстың қандай да бір саласын терең меңгеру үшін, оған танымдық қызығушылықты көрсету қажет болады.

Баланы қоршаған ортадағының бәрі қызықтырады, ол бойындағы бар мүмкіндікті пайдалана отырып, қолынан келетін іс-әрекет түрлеріне белсене араласады, өзінің әрі қарай дамуына жол ашады. Сөйтіп, қоршаған орта және іс-әрекет түрлерімен белсенділікпен жан-жақты танысу тек қана дамыған қызығушылықтың негізінде ғана мүмкін болады. Оның үстіне, психологтар мен педагогтардың пікірлеріне сүйене отырып, қызығушылық баланың ой-өрісінің кеңейіп, тәжірибесінің молаюына әсер етеді, білімінің жетіліп, ақылының толысуына мүмкіндік туғызатынына шек келтірмейміз.

Сондықтан қорыта айтқанда, танымдық қызығушылық оқу-тәрбие процесінің барлық саласында көрініс табады деп айта аламыз. Олай болса, қазіргі тәрбиелеп оқытудың ең көкейкесті түйіні танымдық қызығушылық мәселелерін қарастырады. Оқу процесін белсендендіру жолдары балалардың қызығушылығын дамытуды ұсынады, оқытудың белсенді әдістері танымдық қызығушылықты дамытуды көздеп, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің қай түрі болмасын қызығушылық пен мотивацияға бағытталады деп тұжырымдаймыз.

1 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің стандарты. – Астана,2009. – 30 б.

2 «Біз мектепке барамыз» 5-6 жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеуге арналған бағдарлама. – Астана,2010. – 114 б.

3 Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбиелеу тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 1995 ж. – № 1.

4 Абуханова А. Танымдық белсенділікті қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктері // Қазақстан мектебі, 2007. – №2.

5 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология. – Алматы: Мектеп баспасы, 2002. – 254 б.

6 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Санкт-Петербург, 1999. – 704 с.

7 Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. – Москва: Изд-во АПН, 1960. – 500 с.

8 Ушинский К.Д. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1949. – V том.

9 Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. Учебное пособие для студентов педагогических институтов. – Москва: Просвещение, 1979. – 160 с.

Резюме

Мазтаева Л.С. – *Государственный университет имени Шакарима города Семей, преподаватель кафедры педогогической психологии maztaeva.l@mail.ru*

Стамгалиева Б.К. – *Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова, преподаватель кафедры психологии и педагогики дошкольного и начального образования*

Формирование познавательного интереса у детей дошкольного возраста

В статье рассматриваются познавательные интересы детей дошкольного возраста. Авторы в своей работе отмечают значимость познавательных интересов у детей дошкольного возраста. Отмечается развитие и индивидуальные особенности ребенка, с учетом особых способностей, развитие познавательных интересов и активности в процессе обучения. Понятие индивидуальность в 5-6 лет выступает в качестве одного из мотивов, являющейся основой формирования познавательного свойства субъекта. В статье раскрываются индивидуальные особенности детей дошкольного возраста с учетом возрастных и индивидуальных, познавательных способностей, познавательной активности для совершенствования. Основное направление учебно – познавательной деятельности обратить внимание на то чтобы напрямую оказать ребенку помощь при получении элементарного образования. В статье дан полный анализ понимания познавательного интереса через труды ученых, занимающихся данной проблемой. Также говорится о структуре познавательной деятельности. Обобщается и дается полная информация о понятии «Интерес».

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, познавательный интерес, познавательная активность, познавательная самостоятельность, творческая деятельность.

Summary
Maztayeva L.S. – *Shakarim state university of Semey, lecturer of the Department Pedagogical psychology*
maztaeva.l@mail.ru
Stamgaliyeva B.K. – *Atyrau state university Halel Dosmukhamedov, the Departament of psychology and pedagogy of preschool and primary education*

Formation of informative interest in preschool children

The article speaks with the cognitive interests of children of preschool age. The authors note in their work the importance of cognitive interests in preschool children. Noted the development and individual characteristics of the child, taking into account the special abilities, the development of cognitive interests and activities in the learning process. The concept of individuality in 5-6 years stands as one of the reasons being the basis for the formation of the cognitive properties of the subject. In the article the individual characteristics of preschool age children, taking into account age and individual, cognitive abilities, cognitive activity for improvement. The main direction of educational - cognitive activity to pay attention to the child directly provide assistance in obtaining elementary education. The article presents a complete analysis of the understanding of cognitive interest through the works of scientists engaged in this issue. Also it refers to the structure of cognitive activity. Summarizes and provides complete information about the concept of «Interest».
Keywords: children of preschool age, educational interest, cognitive activity, cognitive independence, creative activity.

ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ ЖАСӨСПІРІМ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Шағырбаева М.Д. – *п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы*
e-mail:mentay77@mail.ru
Кеңесова М.Ж. – *магистрант*
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
e-mail:malika_kenesova@mail.ru

Мақала отбасындадағы қарым-қатынас мәдениетінің жасөспірімнің мінез-құлығының қалыптасуына, баланың ортаға әлеметтену процесіне ықпалын зерттеуге арналған. Теория мен практикада жиі кездесетін ата-ана мен бала қарым-қатынасын педагогикалық-психологиялық қолдау мәселесінің негізі отбасылық қарым-қатынас мәдениетін дамыту болып табылады. Ата-ананың қарым-қатынас мәдениетінің жеткіліксіз деңгейі балалармен қарым-қатынаста, әсіресе жасөспірім жаста, қиыншылықтардың туындауына алып келеді. Мақалада ата-ананың қарым-қатынас мәдениеті отбасылық қатынасты реттеуші және оның сипатын анықтаушы фактор ретінде қарастырылған. «Қарым-қатынас мәдениеті» түсінігінің мәні ашылып, қарым-қатынас мәдениетінің құрылымдық компоненттеріне, отбасылық қарым-қатынас мәдениеті стильдеріне талдау жасалынған. Жасөспірім тұлғасының қалыптасуына ықпал етуші факторларға, сонымен бірге, жасөспірімдік дағдарыс кезеңіндегі негізгі ерекшеліктерге сипаттама берілген. Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетіне қойылатын басты талаптар айқындалып, тиімді ата-аналық қарым-қатынас ұстанымдары ұсынылған.
Тірек сөздер:отбасы, қарым-қатынас мәдениеті, тәрбие стилі, ата-ана мен бала арақатынасы.

Отбасы мәселесі үнемі әлеуметтік сала мамандарының назарындағы өзекті тақырыптардың бірі. Отбасылық қарым-қатынас сапасының түрліпедагогикалық-психологиялық аспектілерін зерттеуге, соның ішінде отбасының тәрбиелік қызметін, белгілі бір отбасылық факторлардың балалардың тұлғалық сапаларының қалыптасуына әсерін анықтауғаарналған зерттеу тақырыптары өте көп. Барлық адам балалық шақты бастан өткереді. Біздің барлығымыз, алдымен, отбасылық тәрбиенің өніміміз, сондықтан бүгінгі заманауи жастардың басты мәселелері – бұл, бірінші кезекте, отбасындағы тәрбиенің жетіспеушілігі мен қателіктерінің нәтижесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бап, 2-тармағында[1] «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» делінсе. Елбасы – Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан–2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мен ажырасуға қарсымын, жастарды отбасы құндылығы, ажырасудың қасірет екендігі рухында тәрбиелеу керек, өйткені, оның салдарынан, ең алдымен, балалар зардап шегеді. «Әкесі қой баға

білмегеннің баласы қозы баға білмейді». Бала тәрбиесі - тек ананың емес, ата-ананың екеуінің де міндеті», «Бала тәрбиелеу - болашаққа ең үлкен инвестиция» делініп, ұрпақ тағдыры айтылады [2].

Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі Чехтың ұлы педагогы Ян Амос Коменский еңбектерінің төрінен орын алған. Ол тәрбие негізі ретінде отбасын бөліп қарастырып, оны білім беру жүйесінің алғашқы сатысы «Ана мектебі» деп көрсетеді. Өйткені, бала адамгершіліктің негізгі түсініктерін отбасында алып, алғашқы адамдық қасиеттерін отбасында қалыптастырады [3].

Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес. Ол үлкен шеберлік пен төзімді талап етеді. Сондықтан өмір есігін енді ғана ашқан бөбек тәрбиесін халық бесіктен бастаған.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да отбасындағы баланы тәрбиелеуде ата-аналар тарапынан жол берілетін кемшіліктерді ескерте отырып, отбасы тәрбиесін ұйымдастыруда кеңестер береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Абай өзінің 10-сөзінде: «Әуелі баланды өзің алдайсың: әне, оны берем, міне, мұны берем деп, баста баланды алдағаныңа мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деп балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды сынайды [4].

Қазақ ағартушыларының ішінде С.Көбеев те отбасы тәрбиесі мәселелеріне аса үлкен мән берген. Ол өзінің «Баланы отбасында тәрбиелеу» [5] атты еңбегінде ата-аналардың балалары алдындағы беделі отбасындағы тәрбие нәтижесі екендігін атап көрсетеді.

Бүгінде өскелең ұрпақты толыққанды тәрбиелеу, балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін дамыту, өзінің және қоршаған орта алдындағы жауапкершілігін қалыптастыру турасындағы сұрақтар үлкен маңызға ие болып отыр. Осы орайда, теория мен практикада жиі кездесетін ата-ана мен бала қарым-қатынасын педагогикалық-психологиялық қолдау мәселесінің негізінде отбасылық қарым-қатынас мәдениетін дамыту жатыр. Ата-ананың қарым-қатынас мәдениетінің жеткіліксіз деңгейі балалармен қарым-қатынаста, әсіресе жасөспірім жаста, қиыншылықтардың туындауына алып келеді.

Адамның қарым-қатынас мәдениеті ұғымы белгілі бір ерекшеліктер қатарын есепке ала отырып, түрлі өмірлік іс-әрекет жағдайына қатысты қолданыла береді. М.Коулдың айтуынша, «тек мәдениетте өмір сүретін адами жаратылыс қана өткен мәдениетке «еніп», оны болашаққа жобалап, содан кейін әлеуметтік-мәдени орта құру үшін, сол болашақ туралы ойды «кері» осы шаққа «көшіре» алады». [6]

Мәдениет дегеніміз –бүкіл өмір жолында адамды қалыптастыратын және оның көмегімен адамдар әлеуметтік белсенділікке, кәсіби құзыреттілікке және мақсаткерлікке ие болатын сапа. *Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз* - адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табу.

Тұлғаның қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқандығы төмендегі критерийлер тобымен айқындалады:

- сөйлеу мәдениеті;
- қарым-қатынас іскерліктері;
- қарым-қатынастық ойлау;
- құндылық бағдарлар;
- бос уақыттағы қызығушылықтар [6].

Н.Н. Обозов ата-аналардың қарым-қатынас мәдениеті құрылымына келесі компоненттерді кіргізеді:

• когнитивті (балалардың даму ерекшеліктері туралы білімдер жүйесі, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты құру тәсілдері және т.б.);

• рефлексивті-перцептивті (өз баласын және отбасы ішілік қарым-қатынасты қалыпты қабылдай білу және т.б. біліктілігі);

• аффективті (эмпатия, өз баласын сол қалпында бағалаусыз қабылдау, т.б.);

• коммуникативтік (өз балаларымен олардың қажеттіліктерін және жастық ерекшеліктерін, т.б. есепке ала отырып, қарым-қатынас жасай білу біліктілігі);

• регулятивтік (өзінің психикалық жағдайын басқара білу қабілеті, отбасындағы қарым-қатынас үйлесімділігін қамтамасыз ететін өзін-өзі қадағалау біліктілігі және т.б.);

• әлеуметтік әсер ету тәжірибесі жүйесі (отбасындағы дамыған біліктілік пен өзара әсер ету дағдылары және т.б.);

• құндылық-мәндік (бала мен ата-ана қарым-қатынастың үйлесімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік нормалар мен құндылықтар және т.б.)[7].

Ата-аналардың қарым-қатынас мәдениетінің даму деңгейі бала мен ата-ана қарым-қатынасында олардың балаларға мейірімді қатынасы арқылы, оларды сол күйінде қабылдай білулері арқылы, тәрбие барысында баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы байқалады. Қарым-қатынас мәдениетінің

деңгейі жоғары ата-аналарда эмпатия деңгейі де жоғары дәрежеде болады, сондықтан олар үнемі балаларын түсінуге тырысады. Қарым-қатынас мәдениеті жоғары ата-аналар өз балаларымен серіктестік қатынас ұстауға ұмтылады, олардың тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайды, әсіресе, баланың жасөспірімдік жасында маңыздылығы артатын отбасылық сенімділік қатынасын қалыптастыруға қабілетті келеді, сонымен қатар, отбасындағы кикілжіндерге рационалдылық тұрғысынан қарай алады.

Жасөспірімдік жас 10-11 жастан 13-14 жас аралығын қамтиды және баланың және оның ата-анасының өміріндегі ең қиын да жауапты кезеңдердің бірі болып табылады. Жасөспірім бала дамуында шұғыл сапалық өзгерістер орын алатындықтан бұл жас кезеңі дағдарысты кезең деп саналады. Жасөспірімдік дағдарыс дамудың әлеуметтік жағдайы мен жетекші іс-әрекет түрінің өзгерумен байланысты.

Дамудың әлеуметтік жағдайы – бұл қоғамдық қатынаста қабылданған жүйедегі баланың ерекше орны. Жасөспірімдік жаста ол тәуелді балалық шақтан өзбеттілікке ауысуды және жауапты ересектікті көрсетеді. *Жетекші іс-әрекет* – бұл баланың психикалық дамуының әрбір жеке кезеңіндегі негізгі өзгерістердің туындауын анықтайтын іс-әрекет түрі. Егер кіші мектеп жасында мұндай іс-әрекет оқу болса, жасөспірімдік жаста бұл жеке-тұлғалық қарым-қатынасқа ауысады.

Жасөспірім мінез-құлқынның көптеген ерекшеліктері тек психологиялық өзгерістермен ғана емес, сонымен бірге бала ағзасында жүріп жатқан физиологиялық өзгерістерге де тәуелді. Жасөспірімнің жыныстық жетілуі және физиологиялық дамуы бұл кезеңде оның көптеген мінез-құлықтық реакцияларын шарттайды. Жасөспірімдік жас эмоционалдық тұрақсыздықпен және құбылмалы көңіл-күймен (экзальтациядан депрессияға дейін) сипатталады.

Сонымен, жасөспірімдік кезеңге тән келесі ерекшеліктерді атап көрсетуге болады:

- эмоциялық тұрақсыздықпен және құбылмалы көңіл-күймен шартталатын жыныстық жетілу және бірқалыпты физиологиялық даму;
- дамудың әлеуметтік жағдайының өзгеруі: тәуелді балалық шақтан өзбетті және жауапты ересектікке өту;
- жетекші іс-әрекеттің өзгеруі: оқу іс-әрекетін қатарластарымен жеке-тұлғалық қарым-қатынас ығыстырып шығарады;
- өз «Менін» ашып, нақтылау, адамзаттық өзара қарым-қатынас жүйесінде өз орнын іздеу;
- ересектер әлеміне қарсы тұру және қатарластарының әлеміне тәуелділік сезімі арқылы өзін тану;
- «Ересектік сезімінің» көрінуі, жасөспірімнің өз «ересектігін» мойындатуға деген ниеті. Бұл жаста жасөспірімдер ата-анасына эмоциялық тәуелділіктен арылуға тырысады. Бұл жасөпірім кезеңінде болатын өзгерістердің барлығы емес. Алайда, дәл осы өзгерістер, «бала – ата-ана» қарым-қатынасында айрықша анық байқалады [8].

Жасөспірімдер өзара қарым-қатынас кезінде олардың дамуларына азды-көпті әсер ететін түрлі жағдайлардан өтеді. Көптеген зерттеулерде адам тұлғасының қалыптасуына әсер ететін түрлі жағдайлар мен қозғаушы күштерін төрт топқа біріктіреді.

- Бірінші - мегафакторлар («мега»-өте үлкен) – ғарыш, ноосфера, планета, әлем, бұлар басқа қозғаушы күштер арқылы барлық жер бетінің тұрғындары.
- Екінші – макрофакторлар («макро» -үлкен): ел, мемлекет, этнос, қоғам бұлар белгілі бір елді мекеде өмір сүретін тұрғындар.
- Үшінші – мезофакторлар («мезо» - орташа): тұрғылықты жерде халықтың болмыс түрі, әртүрлі субмәдениетке қатысы бойынша сараланатын адамдардың үлкен тобы.
- Төртінші - микрофакторларға – белгілі нақты адамдар ықпал ететін қозғаушы күштер жатады: отбасы, көрші, құрдастар тобы, тәрбие орындары, әртүрлі қоғамдық, діни, мемлекеттік, микросоциум, жеке ұйымдар.

Осы аталған факторлардың ішінде бала «Менінің» қалыптасуына ең жақын және көбірек әсер ететіні, микрофакторлар, әсіресе, отбасы және қарым-қатынас жасайтын ортасы (1-сурет).



1-сурет. Жасөспірім тұлғасына әсер етуші факторлар

Ата-ана өз баласының жеке қасиеттері мен іс-әрекеттерін қалыпты бағалауы және оның кемшіліктерін уақытында ескеріп, түзетіп отыруы тиіс. Бұл балада қалыпты өзіндік бағалаудың қалыптасуына маңызды алғышарттың бірі болып табылатын өзін түрлі жағынан: түрлі іс-әрекет аумағындағы өз мүмкіндіктері тұрғысын, белгілі бір саладағы өзінің білімі мен біліктілігінің деңгейін, өзінің рухани және сырт кейіпін дұрыс бағалауына көмектеседі.

ХХ ғасырдың 60-жылдары тәрбиенің түрлі стильдерін зерттеген К.С. Бергер оларды төрт белгісі бойынша ажыратты, ара қашықтықты сақтау, ата-ана жылуының пайда болуы, эмоциялық қатынас тәсілі және балаға артылған үміт. Осы шамаларға сәйкес ол ата-ананың баламен қарым-қатынас жасауының 5 түрлі стилін ұсынды [9].

1-кесте. Ата-ана мен бала өзара қарым-қатынасындағы стиль түрлері (К.С. Бергер)

Стиль түрлері	**Сипаттамасы**
1. Демократиялық стиль	Міндеттерді орындауда құқықты таптамау және талаптың себебін түсіндірумен сипатталады. Ол келесі түрде көрініс береді. Ата-ана мен бала белгілі бір ережелерді сақтауға келіседі. Міндеттер нақтыланып, келісім бұзылған жағдайдағы «жаза» түрі анықталады. Мұндай отбасыларда қарым-қатынас сенім мен әр отбасы мүшесінің пікіріне құрметпен қарауға негізделеді. Бұл өзара қарым-қатынас стилі күрделі, көп төзімді талап етеді. Алайда осындай қарым-қатынас түрі болашақта баланы ата-анадан шеттетпейді.
2. Авторитарлық стиль	Қатаң қадағалау, талаптың себебін ата-ана түсіндірмейді («мен солай айттым, солай болуы керек!»). Жасөспірім мұндай қарым-қатынас түріне жиі қарсы шығады. Ол екі түрлі мінез-құлқы арқылы көрінеді: - Бағынбау және күресу (егер жасөспірім күшті типке жатса). Бұл жағдайда бала өз дегенін жасау үшін түрлі әрекеттерге баруы мүмкін және бұл стилде баланың ата-анамен қарым-қатынасының бұзылуы да жиі кездеседі. - Өз-өзіне деген сенімсіздік, өз беттіліктің болмауы (егер бала әлсіз типке жатса); Мұндай отбасында, көбінесе, инфантильді балалар өседі.
3.Эмоцияның жеткіліксіздігі жағдайындағы қатаң қадағалау	Кейбір ата-аналар тәрбиедегі басты нәрсе – баланың үлгерімі мен ортамен қарым-қатынасын қадағалау деп санайды. Осылайша, қарым-қатынасты «Сабағын-ды орындадынба? Жарайсың. Енді маған кедергі болмай бірдеңемен айналыс» деген әңгіме төңірегінде ғана шектейді. Бала өзін тастанды, керексіз сезінеді. Жылудың жеткіліксіздігі балада сенімсіздікті, шектен тыс қаталдықты дамытады. Ата-ана махаббатына деген қажеттілікті ол қатарластарымен қарым-қатынас жасау арқылы толықтырады. Мәселені «ұмыту» құралы ретінде нашамен әуестене бастауы мүмкін. Көбінесе, мұндай балалар құқықбұзушылыққа барып, ұсақ ұрлықтар жасайды. Солай олар бейсаналы түрде өзіне және өзінің мәселелеріне назар аудартуға тырысады.
4.Күшті эмоционалдық қатынас жағдайындағы гиперқамқорлық	Мұндай ата-аналар баланың өзбетті дамуына мүмкіндік бермейді. Олар бала үшін ойлап, нені қалай жасау керектігін шешіп қояды. Бірде бір минутты қалт жібермейді. Кейін мұндай тәрбие стилінде өскен балада қарым-қатынас жасау қиындығы туындайды. Бала өсе келе балада инфантильді мінез қалыптасып, «анасының» баласы/қызы болып қала береді.

5.Ата-ананың жоғары үміті.	Мұндай қарым-қатынас стилінде ата-ана балаға үлкен талаптар қояды, баланы көптеген үйірмелерге жаздырады. Сол арқылы баланы шектен тыс жан-жақты дамытуға ұмтылады. Алайда, баланың өз қалауы ескерілмейді. Сонымен бірге, жақсы оқу, үй шаруасына көмектесу сияқты талаптарды да ескерусіз қалдырмайды. Бала ата-анасының өмірлік жоспарын «жүзеге асырушыға» айналады. Баланың жетістігіне мақтанып, жеңілісіне «Әдеттегідей, осыны да жасай алмадың. Мен сендей кезімде...» деп өз ерліктерімен баланың ұмтылысын сөндіреді. Тәрбиенің мұндай түрінде жасөспірім бойында үрей, қорқыныш қалыптасып, сәтсіздіктен қорқу мен қашу өмірлік мотивіне айналады.

Жоғарыда келтірілген ата-ананың мінез-құлық стильдерін ата-ананың қарым-қатынас мәдениеті тұрғысынан қарастыруға болады.

Жасөспірімдік жастың басты ерекшеліктерінің бірі – маңызды тараптардың ауысуы мен ересектермен өзара қарым-қатынастың қайта құрылуы болып табылады. Әлеуметтенудің жеке қаралған факторларының ішіндегі ең маңыздысы ата-ана, отбасы болды және солай болып қала береді. Әлеуметтік шарттар, яғни әлеуметтік жағдай, шығу тегі, материалдық деңгей және ата-ананың білім деңгейі, белгілі бір шамада, баланың өмірлік жолын алдын ала анықтайды.

Ата-ана беретін саналы, мақсатты түрде беретін тәрбиеден бөлек балаға отбасы ішілік атмосфера әсер етеді, оның үстіне бұл әсер жылдар бойы жинақталып, тұлғалық жүйеде өзінше түсініледі. Отбасышілік атмосфераға отбасындағы барлық мүшелердің, әсіресе, ата-аналардың, қарым-қатынас мәдениеті үлкен әсер етеді. Бұл әсердің сипаты болып, бірінші кезекте, қарым-қатынас мәдениетінің эмпатия, психологиялық өткірлік, өзге адамдарды және өзін қалыпты қабылдай білу қабілеті, қоршаған ортаға деген шыдамдылық, сонымен қатар өзін, өзінің жай-күйін, ақыл-ойын басқара білу біліктілігі саналады.

Сонымен, тиімді ата-аналық қарым-қатынас ұстанымы үш негізгі талапқа жауап беруі тиіс:

- қалыптылық;
- икемділік;
- болжамдылық.

Ересек ұстанымының *қалыптылығы* шынайы негізде өз баласының ерекшеліктерін бағалауға, баладан не күтетіндігіне бағытталуы тиіс; баланың мүмкіндіктері мен бейімділіктерін есепке алу – дамудың сәтті болуының басты шарты; Ата-ана ұстанымының *икемділігі* қарым-қатынас стилін өзгертуге дайындық пен қабілеттілігі, яғни балаға оның ересектену шамасы бойынша әсер ету тәсілі ретінде қарастырылады. «Қатып қалған», бейқамдылық ұстанымдар қарым-қатынастағы кедергілерге алып келеді. *Болжамдылық* ұстанымы баланың жақын даму аймағы мен ертеңгі күннің міндеттеріне бағытталады.

Орыс педагогы В.А. Сухомлинский айтқандай: «Өз балаларыңызды сүйе отырып, оларды сізді де сүюге үйретіңіз, үйретпесеңіз – қартайған шағыңызда көз жасыңызды төгесіз» . Осыны есте сақтай отырып ұрпақты дұрыс тәрбиелеу біздің басты міндетіміз.

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы 27-бап, 2-тармағы // 1995 жылы 30 тамыз.*
2. *«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті –Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы //. 2012 жылғы 14 желтоқсан.*
3. *Я.А.Коменский Избранные педагогические сочинения. /В 2-х томах под ред. Пискунова. – М.: Педагогика,1982.*
4. *Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы,1995. – 355 б.*
5. *Көбеев Спандияр. Баланы семьяда тәрбиелеу. – Алматы:Мектеп, 1965. – 100 б.*
6. *Коул М., Скрибер С. Культура и мышление. – М.: Издательство "Прогресс", 2001. – 262 с.*
7. *Обозов Н.Н. Психологическая культура взаимных отношений. – М.: Знание, 1986. – 48 с.*
8. *Тұрдалиева Ш. Т. Қарым – қатынас психологиясы. – Алматы, 2013.*
9. *Berger K.S. The Developing Person throughout the Lifespan. 5-th ed. – New York, 2001.*

Резюме

Шағырбаева М.Д. – *к.п.н., исполнитель обязанности доцента*

Кеңесова М.Ж. – *магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

Культура общения в семье как фактор формирования личности подростка

Статья посвящена исследованию влияния культуры отношения в семье на формирование характера подростка, а также на процесс социализации ребенка к среде. Основой задачи педагогической и психологической поддержки вопроса отношений родителя и ребенка, часто встречающихся на теории и практике, является развитие культуры

семейных отношений. Недостаточный уровень развития культуры отношения родителей приводят к трудностям в формировании отношения с детьми, в особенности в подростковом возрасте.

В данной статье культуры отношения родителей рассматривается, как способ урегулирования семейных отношений, и как фактор, определяющий его свойства. Были разобраны структурные компоненты культуры отношений и стили культуры семейных отношений, раскрыт смысл понятия «Культура отношений». Данная работа описывает основные особенности подросткового периода кризиса, кроме того, были описаны факторы, влияющие на формирования личности подростка, как отдельного индивида. Изложены основные требования к культуре семейных отношений и принципы эффективных родительских отношений с ребенком.

Ключевые слова: семья, культура отношения, стиль воспитания, детско-родительское отношения.

Summary

Shagyrbayeva M.D. – *candidate of pedagogical sciences, performer of the duty of the associate professor*
Kengessova M.Zh. –*undergraduate, Kazakh National University named after al-Farabi*

Culture of communication within the family as a factor in the formation of the adolescent's personality

The article investigates the impact of cultural relations in the family on the formation of the character of a teenager, and on the process of socialization of the child to the environment. Task-based teaching and psychological support to the issue of parent and child relationships, often encountered on the theory and practice, is to develop a culture of family relations. Underdevelopment cultural attitudes of parents lead to difficulties in forming relationships with children, especially during adolescence.

In this article the culture of parents is seen as a way of settling family relations, and as a factor in determining its properties. Were dismantled structural components of cultural relations and cultural styles of family relations, revealed the meaning of the concept of "culture of relations." This paper describes the main features of the crisis of adolescence; moreover, they described the factors affecting the formation of adolescent's personality as an individual. The basic requirements for the culture of family relations and the principles of effective parental relationship with the child.

Key words: family, communication culture, parenting style, parent-child relationship.

ӘОЖ 373.3.016.026. 52(574)

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Шатырбаева Г.Ж. – *оқытушы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті*
e-mail: gulnar.shatyrbaeva@mail.ru

Мақалада бастауыш мектепте оқыту процесінде халықтық педагогика элементтерін қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамыту проблемасы қарастырылған. «Танымдық қызығушылық» ұғымының мәні ашылған. Оқыту процесінде қолдануға мүмкін болатын халықтық педагогика элементтерінің түрлері, оларды пайдаланудың маңызы баяндалған, әдістемелік ұсыныстар берілген.

Тірек сөздер: бастауыш мектеп, оқу процесі,халықтық педагогика элементтері, танымдық қызығушылық.

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты - білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз - жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Заманауи ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу - қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Оқушылардың *танымдық қызығушылығын* дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою болып саналады. *Танымдық белсенділік* - оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі.

Таным теориясы оқу әрекетіне тікелей қатысты. Білім игеру әрқашан танымнен байланысты. Оқудың міндеті - табиғат, қоғам және оқушының психикалық процестерінің даму заңдылықтарын оқушы санасына ендіру. Таным мен оқу арасында жалпы ортақтастық көп.

Мектеп - оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезең. Осыған сәйкес оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік-дағдыларды меңгерту, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту - бүгінгі күннің басты талабы. Ана тіліміздің, мемлекеттік мәртебе алып, оны өркендету кезеңінде жас бүлдіршіндерді халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары арқылы оқытып-тәрбиелеу өте тиімді жұмыс. Себебі жастайынан халықтық тәлім-тәрбие негізінде тәрбиеленген жеткіншек болашақта өз халқын, өз жерін ардақтайтын адал да парасатты азамат болып өсетіні сөзсіз. Сондықтан да мектепте балаларға білім беруде ұлттық тәрбие дәстүрлерін басшылыққа алу басты талап бұл міндетті шешудегі шаралардың қайнар бұлағы сарқылмас көзі – *халықтық педагогика.* Әл-Фараби «тәрбиесіз білім – адамзаттың қас-жауы» болады деп ескерткен. Білім беру мен тәрбиелеу – біртұтас әрекет екендігі дәлелденген ғұламалар соған байланысты өз шығармаларын да сол екі негізге байланысты құра білді [1, 194 б.].

Қазіргі кезеңде оқушыларға әрбір пән бойынша берілетін білімнің тарихи жағы мейлінше тереңдетіліп, сапасы және оларға қойылатын талаптар арта түседі. Бұл үшін мұғалімдер оқушылардын өз беттерімен ізденуін; ойлау қабілеттерін, пәнге қызығушылығын тәрбиелеу жолында жұмыс істеулері қажет. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бастауыш мектеп мұғалімдеріне оқушыларға оқулықтағы материалды берумен ғана шектелмей, қосымша әдебиеттер пайдаланып, оларға тарихи есептерді шығартуы, оқулықта жоқ кейбір теориялық мәселелерді қарастыруы, сондай-ақ сабақтан тыс жұмыстарды (әр түрлі кештер, викториналық сұрақтар, қызықты ойындар, олимпиада есептері т.б.) ұйымдастыруы қажет болады.

Оқыту процесінде этнопедагогика элементтерін пайдаланудың маңызы зор. Өйткені бүгінгі мектеп оқушылары ертеңгі өндіріс жаңашылдары, болашақ мамандар. Сондықтан оларға ғылым негіздерін игертіп, әртүрлі құбылыстарды бақылауда дұрыс қорытынды жасап, қарапайым заңдылықтарды анықтай білуді үйрету керек. Білімге, еңбек сүйгіштікке берілетін тапсырманы шығармашылықпен орындап, ынтасын өрістетуге, қабілетін дамытуға назар аудару пән мұғалімдеріне жүктелетін негізгі міндет. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін пән бойынша тарихи материалдарды қолданудың әдістемелік жүйесін жасап, ол мектеп бағдарламасымен тығыз байланыстыру қажет болады.

Этнопедагогика элементтерімен жұмыс оқушылардың дүниетанымын қалыптастырады.

Әр халықтың дәстүрі де әр түрлі. Оған себеп: сол халықтың ежелден келе жатқан тұрмысы, мен тіршілік еткен географиялық ортасы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, өмірге көз қарасы, шаруашылық тіршілігі жіне т.б. Сондықтан да халық дәстүрінің қай-қайсысы болсын ортақ ой, ортақ өмірден туған ортақ қазынаға жатады.

Қазақ халқының ұлттық дәстүрлері көп салалы «Өнер алды қызыл тіл» деп, әуелі аталы сөзді құрметтеген. Мұнысы даналықты, ақыл-парасатты, тапқырлықты құрметтегені. Не бір асыл ой, ардақты сезім тілмен айтылған.

Халық педагогикасының бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерін ұлы ағартушыларымыз Абай, Шоқан, Ыбырай негіздеген. Педагогикада қайта жаңғырту, реформалау барысында «этнопедагогика», «халықтық педагогика», «тәрбиенің ұлттық жайы» және т.б. ұғымдар қалыптасты.

Халық педагогикасы-ежелден халықпен бірге жасасып келе жатқан тәлім-тәрбие мектебі.

Математика пәні жаратылыстану ғылымдарының негізі және математикасыз олардың бірде-біреуін терең меңгеруге болмайды десек, математика пәніне берілген диалектикалық анықтамадағы «математика-адамдардың табиғатпен және техникамен қарым-қатынас құралы»-на қабілетімізді бастан-ақ дамыту міндеті қойылады.

XXI ғасырдың ұрпағы жаппай компьютерден сауатты, интернет, мобильді телефондар, смартфондар мен айфондарды толығынан бала жасынан меңгерген. Бұл өз кезегінде балалардың терең ойлау, логикалық талдау мүмкіндіктеріне ықпал етері хақ. Демек, бастауыш сыныптарда математикалық білімді оқып-үйренудің, игерудің қиындығын оқушыларға түсінікті, қызықты бейнелі түрде халық «тілінің» көмегімен игерту қажеттілігі туындайды.

Мектеп оқушыларының математика пәніне қызығушылығын қалыптастыру үшін қазақ халық педагогикасы идеяларын өз кезегінде тиімді қолданудың маңызы зор. Олардың түрлері:

- қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыз әңгімелер;
- санамақ, жаңылтпаш, жұмбақтар;
- ұлттық ойындар;
- ауызша есептер;
- төрт түлік туралы жырлар, тақпақтар.

Қазақ педагогикасының математикалық астарларына үңілер болсақ, олар біресе жұмбақ, біресе өлең, біресе ұйқас табу, ертегі, ойын, біресе мақалдап сөйлеу, біресе ертегі, біресе даналы ой түрінде беріледі.

Халық педагогикасының негізіне халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халық ойындары, үйелмен тәжірибелері т.б. жатады. Демек, халық педагогикасы – ғасырлар бойы өмір тәжірибесіне негізделген ұрпақ тәрбиесіндегі дәстүрлер мен әдет-ғұрыптың, мәдени ой-пікірлердің жиынтығы [2, 316-322 б.].

Демек, оқушылардың өн бойында білім, білік, дағды әрекеттерін қалыптастыру негізінде саналы, сапалы ұрпақ тәрбиелеу, оның бойындағы адами қасиеттер мен тұрақтылықты қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болады. Мысалы, мектеп оқушыларының белгілі бір арнаулы пәнге, атап айтсақ математикаға қызығушылығы мен ынтасын қалыптастыру бала тәрбиесінің жауапкершілігі мен бала бойына руханилықты дарытудың негізі болып табылады.

Математика сабақтарында халқымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі өмір тәжірибесінен, салт-дәстүрлерінен, шаруашылық жүргізу тәсілдерінен, ұлттық табиғи, экономикалық, экологиялық ерекшеліктерді тиімді қамтып отыру, математикалық білімнің өзіне тән: ақыл алғырлығы, зерттеу ынталылығы, заңдылықтарды табуға қызығушылығы, дәлелдеуді логикалық ой тұжырымы арқылы іске асыруы, дедуктивтік ой қорытындылауы, жалпылама және ықшамды пікір айтуға ұмтылуы сияқты сапалы сипаттамаларының басымдылығына ықпал етуімен қатар дамытуға қозғаушы күш береді. Осы арқылы математикалық ілім-білімге тән ынталылық, қызығушылық, логикалық ойлай білу, ықшамдылық, сапалылық қалыптасады.

Халық педагогикасының тарихында өткен ұрпақтың ғасырлар бойғы жинақталған терең рухани тәжірибесінің үлкен маңызы бар. Ол мұраның ішіндегі ең үздіктерін қазіргі заманғы жас ұрпақтың тәрбие ісіне, көзқарасының қалыптасуына, ойлау қабілетіне және мінез-құлқын қалыптастыруға пайдалануға болады.

Халық ойындарын математика сабағында пайдалану оқушының алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыра түсуге қолайлы мүмкіндік жасайды. Математика сабағында халық ойындарын қолданудың түрлі жолдары бар.

Ұлттық ойынның қасиеттерін халық ерте танып, өмірлік мәні зор ойындардың алуан түрлерін ойлап шығарған. Қазақ халқы – халық ойындарына өте бай және оның түрлері де алуан салалы болып келеді. Солардың бір парасы логикалық ойлау мен математикалық сызбаларға негізделсе, енді бір тобы тез ойлап, жедел шешуді талап ететін ауызша есептер, сондай-ақ философиялық ой түйіндерін жасауға арналған ойындар болып келеді. Бұл ойындарды жүйелі, тиімді пайдалана білсе, жастардың ой-өрісін дамытып, дүниені танып, білу қабілеттерін кеңейте берері сөзсіз.

Логикалық есептер – кеңірек ойлануды қажет етеді. Есептің жауабы бір немесе бірнеше болуы мүмкін. Есептің бұл түрі мұғалімнен де, оқушыдан да аңғарымпаз болуды талап етеді. Логикалық есепті шешу қатаң дәлелге сүйеніледі. Сондықтан мұнда қысқа есептей салу, көрнекілікпен астарластыру болуы ықтимал. Мұндай есептер логикалық ойлауға, қиялдауға, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді.

Математика сабағында шешілетін есептер мына бағытта болғаны жөн: математикадан бастауыш сыныпта өтілетін, бірақ қиын шығарылатын есептер мен тапқырлықты талап ететін логикалық есептер астарласып келуі тиіс. Берілетін есептер оқушылардың жас шамасына шақталып, оқушыны жасытпай, қайта жігерлендіретін, математикалық инициативасын арттыратындай түсіндіруі жеңіл, тұжырымдалуы қысқа болғаны жөн. Есеп зерделілікке, қиялдауға, логикалық ойлауға, тапқырлыққа, байқампаздыққа, есепті шешу тәсілдерін меңгеруге тәрбиелейтіндей болғыаны дұрыс. Сондай-ақ, есеп мазмұны нақты өмірден алынған болуы тиіс.

Қызықты есептер өлең, әзіл, викторина түрінде де болуы мүмкін.

Ұлттық дәстүрдің аясын тарылтпай, оны оқу процесінде қолданудың жаңа әдістерімен толықтыра отырып, жас ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі мұғалімнің міндеті болып саналады. Мұғалімдердің математика сабақтарында жоғарыда келтірілген халықтық тәсілдерді қолданулары өз пәндеріне деген қызығушылықты да арттырады, сабақтарын да қызғылықты өткізуге мүмкіндік алады, әрі бастауыш сынып оқушыларына халықтық салт-дәстүрден мол мағлұмат береді. Мұндай сабақтардан кейін балаларда халықтық педагогикаға деген қызығушылық туындап, өз бетінше де іздену жолдарына түсуге тырысады [3, 11 б.].

Қарастырылып отырған проблема бойынша ойымызды қорыта келе мынадай тұжырым жасағанды жөн санадық:

1. Қазақ халқының ұлттық педагогика идеяларын мектеп мұғалімдерінің өз сабақтарында қолдануы оқушылардың бойындағы пәнге деген қызығушылығын арттырады.

2. Бастауыш сынып оқушыларына қазақ халқының салт-дәстүрлерімен тереңірек танысуға мүмкіндік жасайды.

3. Балалардың мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ түрлерінде берілген ойындарды жаттап алулары, өз бойларындағы танымдық және логикалық қабілеттерін кеңейте түсулеріне ықпал етеді.

4. Бастауыш мектепте оқыту процесінде халықтық педагогика элементтерін пайдалану арқылы ***оқушылардың танымдық қызығушылығы дамиды***, яғни:

- халықтық педагогика элементтерін оқыту оқушыларды ұлтын, халқын, Отанын сүюге тәрбиелейді;
- халықтық педагогиканың құрамды бөліктері: қазақтың ұлттық ойындары, мақал-мәтелдері, жұмбақтар, ертегі есептер, санамақтар және т.б. жас буынның ой-өрісін кеңейтеді;
- халықтық педагогика элементтерін оқыту оқушыларды ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, талғамы жоғары, ар-ожданы мол, еңбекқор етіп тәрбиелейді;
- мектепте оқыту процесінде халықтық педагогика элементтерін пайдалану әдептілік, сыпайылық, қайрымдылық, еңбек сүйгіштік, ілтипаттыққа тәрбиелейді.

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973.

2.Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Астана. 1998.

3. Нұғысова А., Алпысбаева Н.С. Студенттерді дидактикалық құралдар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға даярлау: Оқу-әдістемелік құрал. – Талдықорған. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2014. – 134 б.

Резюме

Шатырбаева Г.Ж. – *преподаватель, Жетысуский государственныйуниверситет им. И.Жансугурова*

Развитие познавательного интереса учащихся начальных классов путем применения элементов народной педагогики

В статье рассмотрены проблемы развитие познавательного ннтереса учащихся начальных классов путем применения элементов народной педагогики. Раскрыта сущность понятия «познавательный интерес». Изложены виды элементов народной педагогики, используемые в учебном процессе, их зачение и методические рекомендации к их использованию.

Ключевые слова:начальная школа, учебный процесс, элементы народной педагогики, «познавательный интерес».

Summary

Shatyrbayeva G. – *teacher,Zhetysu state universitynamed after IlyasZhansugurov*

Development of informative interest of pupils of primary school through the use of elements of folk pedagogy

The article considers the problem of development of informative interest of students through the use of elements of folk pedagogy in teaching in elementary school. The essence of the concept of "educational interest". Stated kinds of items to of folk pedagogy used in the learning process, their importance methodical recommendations to their application.

Keywords: primary school, learning process, elements of folk pedagogy, "educational interest."

ӘОЖ 371.927

МЕКТЕПАЛДЫ БАЛАЛАРЫН ЭКСПЕРИМЕНТ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ

Сәдуақас А.С. *– магистрант 1 курс-ҚазМемҚызПУ*
Жетекші: **Аймағамбетова Қ. -** *профессор*

Мақалада мектепалды балалары үшін эксперимент әдісінің орны мен маңызы, ғалымдардың эксперимент ұғымына берген анықтамалары мен аспектілері қарастырылған.

Мектеп алды балаларының табиғатқа бейімделе келе, түсініктері өзгеретін туралы мәселелері бойынша жазылған ғылыми еңбектер талданған. Эксперимент ұғымына түйінді сипаттамалар берілген. Мектепке дейінгі тәрбиеде эксперимент жүргізудің алдына нақты мақсаттар қойылған, олар: балаға түсіндіру, тәжірибесін дамыту, танымдық әрекетін дамыту, өзіндік дербестігін қолдау. Мектепалды тобындағы балалардың сөзді есте сақтауы айқын көрсетілген. Эксперименті ұйымдастыруда педагог міндеттері айқындалған.

Тірек сөздер: қоршаған орта; эксперимент; практикалық іс-әрекет; физиологиялық-психологиялық мүмкіндіктер; іс-әрекеттік мінез-құлық; қарым-қатынас ; интеллектуалдық көрінісі; өзін-өзі реттеу; өзін-өзі бағалау.

Қазіргі кезеңнің басты міндеттерінің бірі - жаңа ұғымды, жаңаша білім алған, жаңа типтегі азамат қалыптастыру. Бұл адам табиғатпен үндестікте, бірлестікте және үйлесімділікте тіршілік етуге тиісті. Яғни өзін қоршаған ортаның тиімді жақтарын қорғап, тиімсіздерін қорғанудың жолдарын біліп, онымен ғылыми негізде күрес жүргізуге дайын болады. Мұндай жаңа типтегі жаңа адамның түпкілікті негізі мектепке дейін қаланатыны белгілі.

Мектепке дейінгі ересек топтағы балалардың педагогикалық-психологиялық еркшеліктерін зерттеген ғалымдардың қатарына: З.Икунина, Н.Поддьякова, Л.Венгер, А.Леонтьева және басқа орыс ғалымдары жатса, сонымен қатар, Қазақстандық ғылымдар: Х.Т. Шерияздановa, М.Мұқановтың еңбектерін де атауымызға болады. [1]

Мектепалды балаларының психикасында біраз өзгерістер пайда болады. Олардың есте сақтауы, қабылдауы, зейіні сияқты психикалық үрдістері нығая түседі. Осының арқасында оларда өздерінің іс-әрекеттерін басқаруы, өзі туралы түсініктерінің өзгеруі, өзіндік ұғымы мен өзін-өзі бағалаудың күшеюі байқалады. Сол сияқты олардың өздерін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы да түсініктері де өзгеріске ұшырайды.

Сонымен қатар, бұл жастағы балардың физиологиялық-психологиялық мүмкіндіктері де күшейе түседі. Физикалық және ақыл-ой үдерісінде де жақсы жақтары пайда болады. Олардың эстетикалық, адамгершілік талғамдары да жалпы әлеуметтік тұрғыдан жоғары деңгейге көтеріледі.

Балар өмірінің осы кезеңінде олардың сөз байлығы да жан-жақты дами бастайды. Олар ана тілінің барлық әріптерін дұрыс қолданып, сөзерді анық айқын қайталап айта алады. Өз ойларын еркін жеткізетіндей сөз қорлары да молайып, сөз байлықтары дамиды. Сөздерінің тартымдылығы, мәнері өзгереді. Қарым-қатыста да, іскерлік, тұрақтылық, таңдампаздық пайда болады.

Мектепалды балаларының дамуы олардың жаңа білім мазмұнына, жаңаша қажеттілігімен ерекшеленеді. Жалпы алғанда, баланың жекебастық барлық ерекшелігі: интелектуальдық, адамгершілік, көңілкүйлік, қайрат-жігерлілік, практикалық іс-әрекеттері көрініс табады.

Кеңес психологтары Л.С. Выготский мен А.В. Запорожец баланың осы кезеңін ерекше атап көрсетіп, бала жағдаяттық мінез құлықтан іс-әрекеттік мінез құлыққа көшетінін сол арқылы оларда адам арасындағы қарым-қатысқа баса мән беру жағы басым болатынын айтады.

Олар үлкендерге өзінің бойындағы ненің ұнайтынын, ненің ұнамайтынын аңғарады. Сол бойынша өзінің тәртібін, қарым-қатысын өзгертуге тырысады. Өзін-өзі бағалайды. Өзін-өзі ұстауға да дағдыланады. [2]

Егер осыған дейін сурет салу, құрастыру, жабыстыру іс-әрекеттері басым болса, енді оларда еңбек әрекеттері, басқаларға керекті, пайдалы іспен айналысу, табиғатта жұмыс істеу талаптары басым болып, үлкендердің ісіне араласуды ұнатады. Олар жеке дара тапсырмаларды орындаудан гөрі тұрақты түрде еңбек етуге ұмтылады. Бұл еңбек нәтижесі оларға қуаныш әкеледі.

Олар енді біртіндеп, ойын әрекетінен гөрі оқу әрекетіне көше бастайды. Оқу әрекетімен айналысу барысында баланың өзі де өзгереді. Олар жаңа білім мен білікке ие болады. Оқу әрекетінідегі ең бастысы-жаңа білім алу.

Бұл кезде олардың ойындарында мазмұнды рөлді ойындар басым болады. Олар алдына айқын мақсат қоя алады. Олар өздерін қоршаған ортаға қызыға қарап, білгісі келетін жайлары көбейеді. Олардың таным үдерісі, білгісі келуі «Бәрін білгім келеді!» деген пікірі күшейеді.

Бірақ олардың бұл талабына соншама көп ақпарат ағымынан таңдап керегіне қарай ықшамдау тәрбиешінің жұмысы болуға тиісті. Баланың білігісі келген талабы мен оның бүкіл ақпаратты өңдеу мүмкіндігінің төмендігінің арасында қайшылықтар туады.

Осы қайшылықтарды жеңілтуге, баланың жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігіне лайықтай отырып, өзін қоршаған ортадан ғылыми ұғым беруге эксперименттік жұмыс ұйымдастыру арқылы қол жеткізуге болады. Эксперимент - бұл іс-тәжірибелік тұрғыда балаларға нақты деректерді көрсету, оны ұғындыру, түсіндіру. Өздері орындаған іс-әрекеттері нәтижесінде **б**аланың қортынды шығаруына мүмкіндік туғызу. [3]

Мектепалды тобындағы балалардың әсіресе сөзді есте сақтауы басым болады. Олар сөз арқылы жеткізген білімді көрнекіліктен кем есте тұтпайды. Тәрбиешінің берген түсінігін жақсы есте сақтайды. Енді біртіндеп оларда жүйелі ой туындайды. Сондықтан олар тек көрген заттарынан басқа да құбылыстарды білгісі, олар туралы көргендерін жинақтағысы келеді.

Балаларды қоршаған орта бұл - табиғаттың бүкіл шындығын көрсететін нақты дүние. Оның қайқайсысын алсаң да, нақты нәрсе ғана емес, ол ғылыми шындықты көрсететін көрініс, құбылыс, заттар. Бірақ мұны ғылыми негізде ересек жастағы балаларға түсіндіру тек қана олардың өз қолымен жасаған эксперименттері арқылы жүзеге асуға тиісті. Қоршаған ортадан беретін білімді тек сөзбен жеткізу жеткіліксіз. Сонымен қатар ғылыми ұғым әр уақытта шындықты, нақтыны, деректі тануға негізделеді. Ал, ондай ұғым беру ол эксперименттік жұмысқа негізделуі керек.

Баларды күнделікті қоршаған ортада түрлі нысандар бар. Оның бастылары: өсімдіктер, жануарлар, табиғаттың күнделікті құбылысы.

Біздің эрамыз жаңа адамды қалыптастыру эрасы болмақ. Ал жаңа адамның бүкіл болмысы өзін қоршаған ортаны жете түсініп, оның пайдалылыларын дамытып, зияндыларымен күресетін, экологиялық көзқарастағы жеке тұлға болуға тиісті.

Жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі мектепке дейінгі кезеңде басталатыны белгілі. Балаларды қоршаған табиғи орта бір жағынан экологиялық тәрбие берудің құралы болса, екінші жағынан балалардың экономдық-экологиялық білімдерінің көзі деп қарауымызға болады.

Сондықтан да, мектеп алды дайындығының балаларына қоршаған ортадан білім беруді экспериментке негіздеп жүргізу жағына айырықша көңіл бөлінуге тиісті.

Қазіргі жағдайда білім беру жүйесінің дамуына орай балаларға қоршаған ортадан білім беру жаңа технологияларды қолдануды керек етеді. Балаларды дамыту берілетін білімнің экспериментке құрылуына негізделеді.

Мектепке дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін айта келіп белгілі ғалым М. Монтессори олардың әртүрлі заттармен ойын үстінде онымен түрлі іс-әрекеттер жасау арқылы өзін адам ретінде сезінетінін айтқан болатын. Өз қолымен өзінің жасаған еңбегі негізінде ақылды адамға айналады деген болатын. Балалар өзінің табиғатында ерекше зерттеушілер. Олар зерттеп байқағандары бойынша қуанышпен, таңырқау арқылы өзін қоршаған ортаның сырын ашады. Олар үшін көргендерінің бәрі қызық. [4]

Бұл кезең баланың моральдық негізінің қалануымен ерекшеленеді. Олардың физикалық-психологиялық мүмкіндіктері дами түседі. Өздерінің құрдастарымен және үлкендермен қарым-қатыстары да мазмұндық жағынан күрделенеді. Олар өз ойын еркін жеткізетін сөздік қорға ие болады. Ақыл-ой, адамгершілік, көңіл-күй, еркі, іс-әрекеттік сияқты жекебастық сапалары дамиды. Еңбек іс-әрекеттері де қалыптаса бастайды. Енді оларда ойын әрекетінен гөрі оқу әрекеті басым орын алады.Ойын кезінде олар тек ойыншықпен байланысты әрекет етіп қана қоймай, адамдар арасындағы қарым-қатынасты көрсете алады. Олар өз іс-әрекеттерін өзінің тәртібін, қабылдау мен зейінін басқара алады.

Өзінің «Менінің» мазмұны үлкен өзгеріске ұшырайды. Олар бір нәрсені зерттегісі, ізденгісі келеді. Балалар өз табиғатында зерттеуші. Әрбір затты сындырып, қиратып, ішін ашып, қайта құрып, оны суға салып т.б. әрекеттер арқылы шын мәніндегі қасиетін білуге тырысатыны анық.

Сондықтан да осы кезеңде балаларға қоршаған ортадан берілетін білім эксперименттік жұмыстар ұйымдастырылу арқылы жүзеге асуға тиісті.

Тіпті кіші жастағы балалардың өзі бір затты білгісі келсе оны ұстап көріп, айналдырып қарап, жалап, иіскеп байқайды. Осының өзі баланың зерттеушілігінің алғашқы көрінісі деп қарауға болады. Ал, ересек топтағы балалардың ойына неше түрлі сұрақтар оралады. Мәселен, оларды Су неге қатады? Бу қайдан пайда болады? - деген сұрақтар ойландырмай қоймайды. Бұл жаста суды сұйық екенін, оның пайдасын білмейтін бала жоқ. Бірақ оның басты қасиеттерін олар тек эксперимент арқылы ғана талдай алады. Мәселен, судың қыздырғанда буға айналтыны; олай болса, өзен суларының буланатынын, будың ауаға тарайтынын; жауын-шашынның содан пайда болатынын эксперимент жүргізу арқылы ғана ғылыми негізде ұғындыруға болады. Сол сияқты судың таза күйінде кездеспейтінін, оның бойында ауа, тұздар барын да эксперимент нәтижесінде біледі. Мұндай құбылыстарды өздерінің іс-әрекеттерінің нәтижесінде түсінген бала енді оны ешқашан ұмытпайды. Сонымен қатар, ол білімін кез келген жағдайда қолдана алады.

Эксперименттік жұмыс балалардың қызығушылығын арттырады. Олардың алдына мақсат қойып, соның шешімін өздері іздестіруіне жағдай жасайды. Кейде сабақ барысында эксперименттің нәтижесіне жете қоймауы да мүмкін. Мұндай жағдайда оның жалғасын үйден бос кездерінде жүргізуге тапсырады.

Мектепке дейінгі тәрбиеде эксперимент жүргізудің алдына мына мақсаттар қойылады:

• Өздерін қоршаған дүниенің көптүрлілігі мен олардың бір-бірімен байланысын түсіндіру.

• Түрлі көрнекіліктер мен керекті материалдармен қамтамасыз ете отырып, балалардың өзіндік танымдық тәжірибесін дамыту.

• Балалардың қайта құрушылық, ізденушілік әрекеттеріне негіздей отырып, іздемпаздық-танымдық әрекеттерін дамыту.

• Балалардың ынталылығын, зеректігі мен зейінділігін, талаптылық, сыншылдық, дербестігін қолдау.

Эксперимент ұйымдастырудағы негізгі мақсат - қоршаған орта заттарының біртұтастығымен, олардың қасиеттерін меңгерту. Қоршаған ортамен таныстыру балалардың сезімдік тәжірибелерінің: ұқыптылыққа, қоршаған ортаны көруге, есітуге, бақылауға, ұстауға, сипауға, иіскеуге сол арқылы олардың нақты қасиеттерін ашуға үйрету. Бұл балалардың сезіну, қабылдау, елестету сияқты сезімдік қасиеттерін дамытады. [5]

Балалар өз ойын еркін жеткізе алатын сөз қорына да ие болады. Эксперименттік жұмыс олардың іс-әрекетінде өзіндік белсенділігін, іздемпаздығын, жауапкершілігін, ынталылығын, табандылығын, мақсаттылығын дамытады.

Тәжірибе мен эксперимент жүргізу кезінде бала затқа яғни нысанға оның қасиетін білу үшін әрекет жасайды. Бұл баланың ізденушілігінің ерекше формасы. Осыған байланысты оның көрнекі - бейнелі ойы дамиды. Эксперимент жасау барысында бала ол құбылысқа басшылық ете алады, сол арқылы ақыл-ой операциясы яғни салыстыру, топтау, ажырату, қорытындылау сияқты әрекеттер жасау үстінде ақыл-ойы дамиды.

Сондықтан да педагог балалар жүргізілетін эксперименттік жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуі керек. «Эксперимент» деген атау - белгісіз нәрсені табу үшін іздену. Белгілі бір құбылыстың не заттың көзге бірден түсе қоймайтын қасиетін іздену арқылы табу. Бұл шындықты меңгерудің ерекше формасы. Дүниені тануда эксперименттің құндылығын атап айтпаған бірде-бір педагог не психолог болған емес. Өз кезінде Я.А. Каменский, Н.Н. Поддъяков, К.Д. Ушинский, И.Г. Песталоцци, Ж.Ж. Руссоларда мұны атап көрсеткен болатын.

Қазіргі таңда бастауыш буында және мектепке дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыруда ғылыми еңбектер жазып, оны жүзеге асырудың жолын көрсеткен зерттеушілер қатарында Қ.Аймағамбетова, К.Жүнісова, Ә.Бірмағамбетов т.б. Қазақстан әдіскерлерін айта аламыз.

Эксперимент барысында балалар өздеріне тән қызығушылығын қанағаттандырады «Неліктен? Неге? Қалай? Егер бұлай болса, қайтеді?», деген сұрақтарына жауап таба отырып, өздерін зерттеуші, ғалым, жаңалық ашушы ретінде қабылдайды. Мектепке дейінгі балалардың эксперимент қоюының ерекшелігі – олар мақсат қойып, оның шешімін өздері іздену арқылы нәтижеге жетеді. Өздерінің іс-әрекеті нәтижесінде құбылыстар мен заттар туралы жаңа білім алады. [6]

Балалардың өзіндік әрекетінің нәтижесінде ұйымдастырылған эксперимент оларға жаратылыстану ғылымынан моделдеуге, салыстыруға, нәтижесін қорытындылауға мүмкіндік тудырады. Сол арқылы бұл құбылыстың адамға, өзіне пайда зиянын бағалайды. Баланың бойындағы басты қасиеттердің бірі өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың сырын белгісі келетіндігі. Үнемі ізденіс үстінде болатындығы. Сондықтан да оларда туындайтын сұрақтардың молдығы.

Ал, осы эксперименті ұйымдастыруда педагогтің рөлі қандай болмақ?

Педагог эксперименттi жүргізудің әдіс-тәсілдері жайында бағыт беретіні анық. Сонымен қатар, ол балалардың қызығушылығын тудыратын жағдаяттар жасауға тиісті. Эксперименті ұйымдастыруда педагог мына төмендегі мәселелерді естен шығармауға тиісті:

• Балалардың қатесін бетке баспай, олардың ізденушілігінің тиімді тұстарын атауға тырысу.

• Баланың ізденісіндегі өзіне-өзінің сенімін нығайту.

• Эксперимент жүргізуде табандылыққа тәрбиелеу, істеген ісінің нәтижесіне жетуге бағыттау.

• Эксперименттің нәтижесін қорыту үшін балаларға жетекші сұрақтар беріп, олардың өз жұмыстарын талдауына қойған мақсаттарын, жеткен нәтижесін өздерінің талдауына мүмкіндік жасау.

• Қортынды жасалып болған соң педагог - «Осы қорытындының дұрыстығын қалай білеміз?» деген сұрақ арқылы балалардың өз ісіне сенімділігін арттырады.

Мектепалды балаларын эксперименттік жұмысқа үйретудің тиімділігі - осы арқылы тәрбиенің барлық түрін біріктіре отырып жүргізуге мүмкіндік туады. Бұл ең алдымен білімқұмарлыққа, адамгершілікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, экологиялық тұрғыдан тәрбиеге мүмкіндік туғызады. [7]

1.Аймағамбетова Қ.Мектепке дейінгі балаларды айналамен таныстыру. – Алматы.

2. «Мир природы и ребенок» /Л.М. Маневцова, П.Г. Саморукова. – Санкт-Петербург, 1998 г.

3. Куликовская И. Э.,Совгир Н. Н.Детское экспериментирование. Старший дошкольный возраст. – М.: Педагогическое общество России,2003.

4. Организация экспериментальной деятельности дошкольников: Методические рекомендации /Под ред. Л.Н. Прохоровой. – М.:АРКТИ, 2008.

5. Тугушева Г. П.,Чистякова А. Е.Экспериментальная деятельность детей среднего и старшего дошкольного возраста: Методическое пособие. – СПб.:ДЕТСТВО- ПРЕСС,2007.

6. Менщикова Л. Н.Экспериментальная деятельность детей 4-6 лет: из опыта работы.—Волгоград: Учитель,2009.

Резюме

Садуакас А.С. – *магистрант. КазГосЖенПУ*

Экспериментальным путем ознакомить детей дошкольного возраста с окружающей средой.

В статье рассматриваются роль и значение эксперимента в изучении обновленного содержания знания, а также определения и аспекты, данные учеными.

В научных статьях написано что дети дошкольного возраста адаптируя себя, быстро меняют понятия о природе. К эксперименту дано ключевое понятие. В дошкольном образованииставится твердые цели к эксперименту: объяснить ребенку, развивать практику, развитие познавательной активности, поддержать их независимость. Явно показен дети дошкольного возраста быстро запоминает слова. В обязанности педагогов входит проведения эксперимента

Ключевые слова: кружающая среда; эксперимент; практические действия; физиологические и психологические возможности; поведение деятельности; отношения; интеллектуальный вид; саморегулирование; самооценки.

Summary

Saduakas A.S. – *graduate student. KazGosZhenPU*

Experimentally introduce preschoolers to the environment.

The article discusses the role and importance of the experiment in the study of the updated content knowledge as well as definitions and aspects of data scientists.

The scientific articles written that preschool children adapt ourselves rapidly changing notions of nature. For the experiment given the key concept. In pre-school education is put solid goal for the experiment: explain to your child develop the practice, the development of cognitive activity, to maintain their independence. Clearly Showing preschool children quickly memorize words. It is the responsibility of teachers is part of the experiment

Tags: swirling Wednesday; experiment; practical actions; physiological and psychological capabilities; conduct operations; relations; smart appearance; self-regulation; self-esteem.

ӘОЖ 373.016: 811.512.122' 36

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Текесбаева Г.М. – *PhD докторант*

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: guljantal@mail.ru

Мақалада сөз тіркесін меңгерту барысында орындалатын жаттығу жұмыстарының оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызы туралы айтылады. Құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік ұғымдарының мәні ашылады. Коммуникативтік құзыреттіліктің міндеттері айқындалады. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда қатысымдық әдістің маңызы баяндалады. Теориялық материалдарды берік меңгерту жаттығу жұмыстарының тиімді де жүйелі құрылуымен байланыстылығы сөз болады. Жаттығуларды орындау негізінде оқушылардың ақыл-ой әрекеттері, ақыл-ой қызметінің белсенділігі қалыптасып, дамытылады. Жаттығулар – бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығын көрсетеді. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне байланысты бірінен соң бірі орындалады. Жаттығулар белгілі бір іс-әрекеттің негізін қалайтындықтан, оқушының білімді меңгеру үдерісінде маңызды орын алады. Жаттығуларды орындау барысында оқушылар үнемі ізденіс үстінде болып, алдына қойылған міндеттер мен

мәселелерді шешудің өзіне таныс жолдарына сүйене отырып, жаңа жолдар табуға ұмтылыс жасайды. Қазақ тілі сабағында орындалатын жұмыстар негізінде оқушылар синтаксисті, оның ішінде сөз тіркестерін игере отырып, оны сөйлеуде, әр түрлі сөйлеу жағдаяттарында колдана білуге дағдыланады. Мақалада автор әдіскер ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып жаттығу жұмыстарын жіктейді.

Тірек сөздер: сөз тіркесі, құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, жаттығу, ауызша, жазбаша, әдістеме, оқыту

Қазіргі таңдағы білім берудің түпкі нәтижесі жай ғана білім, білік, дағды қалыптастыру емес, оқушылардың өміріндегі кездесетін түрлі жағдаяттарды дұрыс шеше білуін талап ететін құзыреттіліктер түрінде қалыптастыру болып отыр.

Құзыреттілік – оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрініс табатын білім нәтижесі. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік», «дағды» және «тәжірибе» сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік - оқушының алған білім, білік, дағдыларын іс жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық немесе теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.

Коммуникативтік құзыреттілік – оқушылардың күнделікті өмірде қатысымдық міндеттерді тіл арқылы шеше білу қабілеті, қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл құралдарын пайдалана алуы.

Коммуникативтік құзыреттіліктің міндеті:

- Ауызша және жазбаша қарым-қатынасты меңгеру.
- Сөйлеу дағдыларын меңгеру.
- Жеке тұлғаның құзыреттілік қатысымдылығын жүзеге асыру.

Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда қатысымдық әдістің маңызы зор.

Сөз тіркесінің ерекшеліктерін анықтап, оны дұрыс тани біліп, сөз тіркесін ұқсас тілдік құбылыстардан ажыратып, оның басты қасиеттерін нақтылай түсу қазақ тілі оқыту үдерісінде жүргізілетін жұмыстардың түрлеріне, мазмұнына, тиімділігіне байланысты. Аталған тілдік құбылысты игерту оқушының логикалық ойлау қабілетін, олардың ауызша және жазбаша тілін дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазақ тілі сабағында орындалатын жұмыстар негізінде оқушылар синтаксисті, оның ішінде сөз тіркестерін игере отырып, оны сөйлеуде, әр түрлі сөйлеу жағдаяттарында колдана білуге дағдыланады. Оқушы жаттығу жұмыстарын орындау арқылы синтаксистік ұғымдар мен ережелерді, олардың тілде дұрыс қолдану ерекшеліктерін меңгере отырып, коммуникативтік, яғни адамдардың қарым-қатынас тілінде қолдануға машықтанады. Осы тұрғыда ғалым Ф.Ш. Оразбаева «Сөйлеу ерекшеліктерін меңгерген оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады. Бұл - тілді қолданудың тәжірбиелік көрінісі. Сол себепті оқушы тілі адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренгені дұрыс» [1, 151], - дейді.

Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда жаттығу жұмыстарының алатын орны ерекше. Жалпы әдістеме ілімінде жаттығулар жүйесін жасау мәселесі – оқыту жүйесіндегі күрделі мәселелердің бірі. Оқулықтар мен оқу құралдарына талдау жұмыстарын зерделесек, ХХ ғасырдың 60-жылдарына дейінгі тілдік, яғни, грамматикалық жаттығуларға көп мән беріліп, оқыту үдерісінде оның үлес салмағының басым болғанын байқаймыз. Бұны сөйлеу әрекеті грамматиканы игеру негізінде ғана жүзеге асады деген пікірдің басым болғанымен түсіндіруімізге болады.

Жаттығу арқылы оқылып жатқан материалмен жүргізілетін оқу әрекеті жүзеге асырылады. Жаттығуларды орындау негізінде оқушылардың ақыл-ой әрекеттері, ақыл-ой қызметінің белсенділігі қалыптасып, дамытылады. Жаттығулар – белгілі бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығын көрсетеді. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне байланысты бірінен соң екіншісі орындалады. Жаттығу оқушының белгілі бір қызметі мен іс-әрекетінің негізін қалайтындықтан білім меңгеру үдерісінде маңызды орын алады. Жаттығулар жүйесі қазақ тілін оқыту барысында оқушының теориялық білімін тиянақтап, ойлау қабілеті мен жазбаша және ауызша сөйлеу тілін дамытуға үлес қосады.

Жаттығулар әдісінің негізгі қызметі – оқушының алған білімі мен іскерлегінің дағдыға айналуы және практикалық жағдайда орындай алуға мүмкіндік жасау. Жаттығу жұмысын жүргізу – әр пәннің міндетті бөлігі. Теориялық материалдарды берік меңгерту жаттығужұмыстарының тиімді де жүйелі құрылуымен байланысты. Жаттығу жұмыстары жеңілден басталып, бірте-бірте күрделене түсіп, оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін арттыратын шығармашылық деңгейдегі жаттығуға дейін көтерілуі тиіс.

Әдістемелік еңбектерде жаттығу жұмыстарын әртүрлі топтайды. Әдіскер ғалым Ә.Әбілқаев: «Жаттығу тілді оқыту процесінің қажетті құрамды бөлігі болып табылады. Жаттығуларсыз қазақ тілі сабағын өткізу мүмкін емес», - дей келе, қазақ тілін оқытумен байланысты жаттығуларды орындай түріне қарай ауызша, жазбаша, қиындық дәрежесіне қарай оңайдан қиынға қарай деп бөлінеді де, жаттығулардың түрін көрсетеді [2,87].

Хасен Арғынов сөз тіркестерін меңгертуге байланысты төмендегідей жұмыстарды атап көрсетеді:

- берілген сөйлемдердегі сөз тіркестерін тапқызу, олардың бағыныңқы, басыңқы компоненттерін атату, қай сөз табынан болғанын дәлелдету;
- сөздер беріледі, солардан сөз тіркестерін жасату, олардың қайсысы есімді сөз тіркесі, қайсысы етістік сөз тіркесі деп аталатынын айтқызу;
- есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы компоненттерінің қай сөз табынан жасалғанын сұрау;
- етістікті тіркестерінің бағыныңқы компоненттерінің қайдай тұлғада, қай сөз табынан жасалғанын сұрау;
- өлеңді сөйлемдердегі сөз тіркестерін атау, олардың сөз тіркесінің қай түрі болып тұрғанын айтқызу және дәлелдету [3,54].

Профессор С.Рахметова: «Грамматикалық жаттығулар оқушылардың қандай тілдік материалдармен жұмыс жасауына қарай, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық болып бөлінеді» [4,63], - дейді.

З.Бейсембаева: «Сабақтың дидактикалық мақсатына қарай жаттығулардың түрі де (дайындық жаттығу, байқау-сынау жаттығулары, машықтану жаттығулары, т.б), өткізу формасы да (ауызша, жазбаша) әр түрлі» [5, 47], - дейді.

Н.Құрманова өз еңбектерінде жаттығуларды аналитикалық (теориялық материалдарды игеруде оны дағдыға айналдыру мақсатында), синтетикалық (грамматикалық ішкі заңдылықтарын тілде қолдана білуге), аналитика-синтетикалық (стильді ажырата білу, редакциялау, шығармашылығын арттыру мақсатында жаттығулар) деп бөлінеді [6, 76].

Грамматикалық жаттығу жұмысын орындау сипатына қарай ауызша және жазбаша орындалатын жаттығулар деп екі топқа жіктеуге болады.

Жалпы, әдістемелік еңбектерге сүйенсек, тілдік және сөйлеу жаттығуларының қазіргі кезде отыз шақтысы белгілі. Олар түріне, тәсіліне, мақсатына қарай жіктеледі. Жаттығулар жүйесін төмендегідей жіктеуімізге болады:

- **мақсатына қарай:** тілдік, сөйлеу, рецептивтік, репродуктивтік, аспектілік, кешенді оқу, жаттықтыру, табиғи коммуникативтік, бақылау жаттығулары;
- **орындалу тәсіліне қарай:** ауызша, жазбаша, бір тілдік, екі тілдік, механикалық, шығармашылық, сыныптық, үйде орындайтын, индивидуалдық, жұптық және топтық жаттығулар;
- **оқу материалы табиғатына қарай:** диалогтік тілдегі, монологтік тілдегі жаттығулар;
- **сөйлеу әрекетінің түріне қарай:** айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым
- **сөйлеу формасына қарай:** ауызекі сөйлеу тілі, жазбаша тіл жаттығулары
- **тілдің аспектілеріне қарай:** фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік.

Жаттығулар түрін схема түрінде былай көрсетуімізге бола

Біз ғалымдар пікірін ескере отырып, жаттығулардың ішкі мақсаты мен мазмұнына қарай ішінара талдау сипаты басым–**аналитикалық жаттығулар** және жинақтау, біріктіру сипаты басым – **синтетикалық жаттығулар**, сөз тіркестерінен сөйлем құрау, оны мәтінде пайдалана білу, мәтіндегі ойды білдіруге тірек болып тұрған сөз тіркестерін таба білуге бағытталатын – **шығармашылықсипаттағы жаттығулар** деп бөліп қарастырдық.

Аналитикалық жаттығуларды орындаудың негізгі мақсаты – оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамыту, тілдің грамматикалық құбылыстарын анықтау, грамматикалық талдау жасату. Аналитикалық жаттығулар сөйлем ішіндегі сөз тіркестерін таба білу, сөз тіркестерін салыстыру, сыңарларына сұрақ қою, басыңқы, бағыныңқы сыңарларын табу, олардың морфологиялық белгілерін анықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл жаттығулар сөз тіркестерінің негізгі ерекшеліктерін тани білуге дағдыландырады. Жаттығулар бірте-бірте күрделене түседі.

Синтетикалық жаттығулардың аналитикалық жаттығулардан мазмұны, орындау шамасы күрделірек. Мұнда орындалатын жаттығулар, негізінде, сөз тіркестерін құрау, бір-бірімен салыстыру, ұқсас тілдік тұлғалардан ажырату бағытын көздейді. Синтетикалық жаттығулардың мақсаты – сөз тіркесіне тән басты қасиеттерді үйрету, осы қасиеттер арқылы оларды өзіне ұқсас тұлғалардан ажырата білуге дағдаландыру, оқушылардың логикалық қабілетін дамыту. Кез келген тіркестің сөз тіркесі бола алмайтынын саналы түрде меңгертуді көздейді.

Шығармашылық сипаттағы жаттығулар негізінен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Мұндағы жаттығулардағы тапсырмалар белгілі тұлғада тұрған сөз тіркестерін құрау, сөз тіркестерінің сөйлем, мәтін құрауда алатын орнын көрсетуге арналады. Шығармашылық сипаттағы жаттығулардың мақсаты – оқушының логикалық ойлауын арттырып, шығармашылық қабілетін дамыту, кез келген толық мағыналы сөздер сөз тіркесі бола алмайтынын дәлелдеп көрсету, сөз тіркесі болу үшін мағыналық тіркесімділік болуы шарт екендігіне көздерін жеткізу, тұрақты тіркестердің сөз тіркесі бола алмайтындығын мысалдар арқылы үйрету, сөйлем құрату арқылы коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.

Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда жаттығу жұмыстарының да орны ерекше. Жаттығу жұмыстары арқылы сөз тіркесінің ерекшеліктерін анықтап, оларды ұқсас тілдік құбылыстардан ажыратып, басты қасиеттерін нақтылай түсеміз.

1. *Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатысым: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 1999.*
2. *Әбілқаев Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы,1998 ж.*
3. *Арғынов Х. Жай сөйлем синтаксисін оқытудың методикасы. – Алматы, 1987.*
4. *Рахметова С. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері (Ауызшы және жазбаша тіл амыту әдістемесі): п.ғ.д. автореф. – Алматы, 1994.*
5. *Бейсембаева З.Қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесін модульдік технология негізінде оқыту. – Алматы, 2006*
6. *Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. .. автореф. – Алматы, 2004*

Резюме

Текесбаева Г.М. – *докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы*

Формирование коммуникативной компетенции учащихся на основе упражнений

В статье говорится о роли упраженений в формировании коммуникативной компетенции учащихся в изучении словосочетаний. Дается определение понятиям «компетентность», «коммуникативная компетентность». Выявляются задачи коммуникативной компетентности. А также говорится о значении коммуникативного метода в формировании коммуникативной компетенции учащихся при изучении словосочетаний.

Прочное освоение теоретических материалов зависит от правильного, эффективного и системного построения упражнений. На основе выполнения упражнений формируются и развиваютсямыслительная деятельность учащихся. Упражнения – целенаправленная совокупность взаимосвязанных действий. Эти действия выполняются последовательно, в зависимости от сложности языковой и мыслительной операций. Так как упражнения закладывают основу определенной деятельности они занимают существенную роль в учебном процессе. При выполнении упражнений учащиеся находятся в постоянном поисковой деятельности, устанавляют причинно-следственные связи.

На основе упражнений, выполняемых на уроках казахского языка изучая синтаксис, в том числе словосочения учащиеся учатся использовать их в своей речи и разных речевых ситуациях.

В статье автор классифицирует упражнения основываясь на различные труды ученых.

Ключевые слова: словосочетание, компетентность, коммуникативная компетенция, упражнение, устно, письмено, методика, обучение

Summary

Tekesbayeva G.M. – *Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty*

Formation of pupils communicative competence on the basis of the exercises

During the development of the phrase in the article focuses on the formation communicative competence of exercises students'. Communicative competence will be the concepts of value. It determined by the objectives of the communicative competence. The formation of the communicative competence of students in teaching communicative phrasing sets out the importance of the method. Development of a strong theoretical material will be dependent on the establishment of an effective system of exercise. Actions of the students on the basis of mental exercise, mental activity were formed and developed. Exercises aimed at the same goal, the integrity of the related actions. The idea of the language and the actions carried out one after the other depending on the complexity of the operation. Desire of the exercise of certain activities, students will be able to play an important role in the process of acquisition of knowledge. During the exercise, students are constantly on the search, tasks and familiar with the ways of solving the problems based on a desire to find new ways. Kazakh language lesson, the students on the basis of the work performed by the syntax, including the phrases spoken with the development of various skills of speech watch status. In the article, the author classifies the methods of training, based on the work of scientists.

Keywords: word combination, competence, communicative competence, exercise, oral, written, method, teaching.

ӘОЖ: 378.1.147

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Габдуллин Р.С. – *PhD докторант, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті*
e-mail: Rustem_GS_79@mail.ru
Кожабаев К.Г. – *п.ғ.д., профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті*
e-mail: Labdid_2008@mail.ru

Бұл мақала математикалық есептер арқылы оқушыларды тәрбиелеу мәселесін зерттеуге арналған. Көпшілігін оқушыларды тәрбиелеу құралы ретінде қолдануға болады. Тек осы математикалық есептерді оқушының өзі оқығысы және есептеп шығару ынтасының болуына ықпал жасау керек. Есепті шығару үрдісі барысында қиыншылықты өз бетінше шешу, өзіне сыни тұрғыдан ойлау және т.б. ғана қалыптастырылмайды, сонымен қатар тәрбиелік әлеует есептің желісінде жатыр. Авторлардың ұсынып отырған әдіснамасы есепті шығару үрдісі барысында қойылған тәрбиелік мақсатты шешуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: оқыту, тәрбиелеу, есептің желісі (фабуласы), мектеп математикалық есептерінің тәрбиелік мүмкіндіктері

Оқушыларды тәрбиелеудің тиімді құралдарының бірі математикалық есептерді шығару болып табылады. Математикалық есептер өмірді жан-жағынан суреттейді, көптеген пайдалы ақпарат әкеледі, сондықтан ол есептерді шешу өскелең ұрпақты тәрбиелеудің маңызды буыны болып табылады.

Дұрыс таңдалған және әдістемелік тұрғыдан дұрыс орналастырылған есептер оқушыға теориялық материалды игеруге көмектеседі, математика курсын қызықты, жаңа білім алуға және оны өз бетінше алу дағдысын қалыптастырады. Бірақ тікелей әсер етуден басқа есептің мазмұнында жасырын «мәтіннен тыс» әсер ету бар.

Есепті шығармас бұрын оқушы алдымен есептің формулировкасымен танысу керек, есепті шығару оның қызметінен тыс қалады. Сондықтан есептің мазмұнына қызығушылық таныту өте маңызды. Есеп мәтінінің оқушының ойына ғана емес, оның эмоциясына, қоғам алдында тұрған өзекті мәселені шешуге деген қызығушылығын танытуы керек. Сонымен қатар есеп мазмұнының тәрбиелі әсер етуі тек есеп

шарты арқылы ғана емес, «мәтіннен тыс қыры» мәні арқылы жүзеге асырылады. Есептің «мәтіннен тыс» тәрбиенің маңызды бағыттары мен мынадай қасиеттерінің дамуына ықпал етеді: қоғам алдындағы жауапкершілік; әлеуметтік белсенділік; азаматтылық, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, өмірге, оқуға деген шығармашылықты тәрбиелеуде көрінетін адамгершілік құндылық; салауатты өмір сүруге қатысты құндылықтардың қалыптастырылуы, қоршаған орта, табиғатқа деген құндылықтар. Яғни кез келген ақпараттың шарты осыны қалыптастырумен байланысты. Осыдан шешілетін есептің мазмұнының маңыздылығын түсінуге болады.

Оқыту тәжірибесінде математикалық есептердің тәрбиелік мүмкіндіктері жеткілікті түрде қолданылмайды. «Есеп ойлауға ғана материал бермеу керек, сонымен қатар ол қиындықты шешуге деген ұмтылыс, ағымдағы жағдайға деген оқушының қатысуын шақыру керек», - деп атап өткен профессор К.Г. Кожабаев [1, 45 б.]. Мектепте математика пәні бойынша қолданылатын оқулықтар оқыту үдерісі барысында тәрбиелік мақсатына жетуге ықпал ететін дәстүрлі шағын есептер санынан тұрады. Педагогтан да, оқулық немесе есептер жинағы авторынан да оларды пайдаланудың тиімділігі көрінеді.

Кейбір есептерді сол есептің мазмұнының жалғасы болып табылатын қосымша материалдармен толықтыру керек. Бірақ есеп мазмұнынын өзгертуге аса сақтық керек. Оны өзгерту барысында есептің математикалық құндылығын жоғалтпауы керек, сонымен қатар есептің мазмұны тиісті тәрбиелік деңгейде болуы ескерілуі керек.

Егер оқушы шешілетін есептің желісінде (фабуласында) берілген жағдайды терең сезінген жағдайда оқу үдерісі нәтижелі болады. Есептің желісіне (фабуласына) көлемі жағынан әртүрлі нақты ақпарат енеді. Бұл өндірістің, ауыл шаруашылығының, туған жерінің георграфиялық сипаттамалары, экологиямен байланысты мәселелер, қоғамдық-құқықтық, адам осы немесе басқа жағдайларда қатысу мүмкін кейбір жағдайды толық суреттейтін мәліметтер де болуы мүмкін.

Еңбекке деген әдет адаммен бірге тумайтыны белгілі, оны тәрбиелейді. Оқушыны жүйелі жұмыс істеуге дағдыландыру керек, үй жұмысының орындалуын үнемі бақылау арқылы, оқушының санасына оқу еңбегінің маңыздылығын ар және парыз екендігін түсіндіру қажет.

Есеп шығару барысында сендіререлік дәлелдің қажеттілігі мынадай ерік қасиеттерін: табандылық, өз бетінше қиындықты жеңу, өзіне және қоршаған ортаға сыни тұрғыдан қарау сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал етеді. Өз бетінше есеп шығарудың және теореманы дәлелдеудің жолдарын іздеу барысында орындалатын жұмысқа шығармашылық тұрғыдан жаңашылдықпен қарауға мүмкіндік туғызады. Сондықтан оқушылар сабақ үстінде пассивті тыңдаушы ғана болмау керек. Сабақта адам өмірінің мәні еңбекте және кім болсаң да ғалымсың ба, оқушысың ба оған байланысты емес сені тек қана шығармашылық еңбек қанағаттандыратын әртүрлі қызметтің түрлері қолданылуы тиіс.

Оқушыларды жүйелі түрде есеп шығаруды және есепті тексеруге дағдыландыру өз жұмысының нәтижесін бақылау әдетін қалыптастыруға жағдай жасайды, сапасы мен орындалған жұмыс нәтижесі үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелейді, еңбекке деген саналы қатынасқа баулиды. Осымен аяқталған еңбек соңғы нәтижесіне деген жауапкершілік пен саналықты тәрбиелейді.

Есепті саналы шығару оқушының белсенді ойлау қызметінің маңызды шарты болып табылады. Оқушы ұсынған есептің шартын ғана түсініп қоймай, сонымен қатар осы есепті шығаруда сүйенетін теорема, заң, түсініктерді де саналы түрде игеруі тиіс. Мысалы, тепе-теңдікті түрлендіруді саналы түрде орындау төмендегі есептерді шешеудің бөлінбес бөлшегі болып табылатын түрлендіруге деген арифметикалық әрекеттер заңын қолданбай орындау мүмкін емес.

Біз жүргізген зерттеулер мұғалімдердің жұмыс тәжірибесінде қарастырылатын есептер арасында әлі күнге дейін ақыл «орамдылығы» мен оқушылардың креативтілігін дамытатын шығармашылық сипаттағы есептерге аз орын берілген. Шығармашылық тапсырмалар жаппай жұмыс талап етілген жағдайда да: өзекті мәселелерге жауаптар; оқығаны бойынша сұрақ құрастыру; теориялық мәселені суреттейтін мысалдар келтіру; есеп пен жаттығулар құрастыру жағдайларында қолданылуға болады.

Мұғалімнің қоржыныда оқушы соның негізінде есеп шешудің өнерін игере алатын қиын, қызықты есептер мол болуы керек. Ерекше шешімді, дәлелдемелерді іздестіруде өз бетінше шығармашылық, дәлелді бірақ қате пікірден логикалық қателерді табуды талап ететін ерекше есептер – осының бәрі оқушыға үлкен ләззат беретін және өз-өзіне одан әрі жұмыс жасаудың теңдессіз ынталандыратын шығармашылықтың элементтері.

Сонымен қатар оқушылардың өздеріне есеп құрастыруды ұсыну да маңызды. Өз түре бетінше есеп құрастыру – оқушының танымдық қызығушылығының тереңдігі, білім алушылардың шығармашылық қызметке ұмытылуын танытудың дәлелді айғағы. Бұл жерде ол әрі есеп құрастыратын мұғалім, әрі сол есепті шығаратын оқушы болады. Өз күшін бағалай келе, ол есепті шешілетіндей етіп, сонымен қатар

оны ынта қойып және тиісті шешімді іздеуді талап ететін есеп құрастыруға тырысады. Қателеспеу үшін есеп құрастыру барысында әрбір әрекетіне жан-жақты бақылау жасайды. Оған есеп шығару керек, бірнеше рет оны талдап және оны жинақтау қажет, бірнеше рет есептің шартына қайтып келуі керек. Бұл сыни тұрғыдан өз әрекетін өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі бақылау қажеттілігін, сонымен қатар ойлау қабілетін дамытуға төселдіреді.

Күнделікті өмірде сыни тұрғыдан ойлау қабілетінсіз өмір сүру мүмкін емес. Ақпараттың мол ағынында дұрыс бағыт тауып, қажетін таба білуі керек. Математиканың оқушылар бойында осы маңызды қабілетті дамыту үшін барлық қажетті құралдар бар. Оған бүркелген қате мәліметтері бар, геометриялық және оптикалық иллюзиялы есептер бар, есеп-софизмдер келеді.

«Әзіл» және «жұмбақ» есептер өз кезегінде оқушылар бойында есеп шартына сыни тұрғыдан келу дағдысын дамытады, әруақытта бірінші көргенде дұрыс болатын осындай болуы мүмкін екендігін көрсетеді. Мұндай есептер зейінді шиелендістіреді және ойлау барысында сыншылдыққа үйретеді.

Біздің мектептегі тәжірибеміз маңызды қасеттерді қалыптастыруға ықпал ететін есепті таңдаудың негізгі тәсілі келесі:

- жинақтардағы кейбір есептердің берілуін өзгерту;
- есептің тақырыбын дамытуға жағдай жасайтын кейбір есептерді сұрақтармен толықтыру;
- тиісті желіге сәйкес келетін есептер құрастыру екендігін көрсетті.

Осы мәселені тереңірек талдап көрейік.

Есептердің тәрбиелік маңызын күшейту үшін кейбірінің желісін өзгерту жеткілікті. Математика тұрғысынан дәл сол есеп оқушыға басқа практикалық мағынада алдына келеді.

Мысалы, «Бір түзу және осы түзуден бір жақта жатқан А және В нүктелері берілген. Осы нүктелерден 1 түзуге дейінгі ең қысқа қашықтықыты табыңыз» есебін келесі тапсырмамен ұсынуға болады «Бір жағада орналасқан А және В елді мекен пунктеріне жол салу үшін, өзен арқылы көпір салуға аз құрылыс материалын қажет ететін және шығыны аз кететін құрылысты қай жерде ұйымдастыруға болады?»

Сабақта шешілетін есептің бір бөлігі одан әрі әңгімелесу үшін қызмет етеді. Есептің тақырыбы бойынша әңгімені жалғастыру үшін ең маңызыды элементі сұрақтар жүйесі болып табылады. Мысалы, есеп желісіне ауыл шаруашылық мәліметтері енген, Ақмола облысының «Труд» ЖШС механизаторларына 32000 гектар егін алқабын алуы керек, оның 9726 га арпа алынған. Бидай биыл 18000 га егілген, оның шығымдылығы гектарына 17 ц. Ал арпаның орташа шығымдылығы гектарына 20 ц құрайды. Мың тоннадан арпа тұқымға алынған. ЖШС қанша арпа септі? Жиналған жерден неше тонна жинады?» келесі сұрақтар ұсынылуы мүмкін:

1) Қанша арпа сатылымға шығарылады? Қанша бидай жиналды?
2) 2015 жылы бидайдың орташа бағасы 38000 тг., арпа 22000 тг., ал статистикалық мәліметтер бойынша дәнді дақылдардың орташа өзіндік құны бір тоннасы 13900 тг. болса сонда ЖШС дәнді дақылдарды өткізгеннен кейін табыс ала ма немесе шығынға батады ма?
3) Біздің республикада неге «қауіпті егін шаруашылығы аймақтары» бар?

Осы типтегі есептер оқушылардың еңбек өнімділігіне тартуға және ауыл шаруашылығына қызығушылығын дамытуға ықпал етеді.

Кеелесі есептер желісі қауіпті адам қызметімен байланысты мәліметтерді құрайды «Халықаралық табиғатты қорғау одағының мәлеметтері бойынша 1600 жылдан бастап Жер бетінде құстың 94 түрі жойылып кетті. Оның ішінде құс өлімінің 86% пайызы адам қызметімен байланысты. Адам кінәсінен құстың қанша түрі жоғалып кетті?»

«Адамның қандай қызметі табиғатқа зиян келтіреді?» деген сұрақты қойғанда, мұғалім оқушыларға осы мәселе бойынша өз бетінше баяндама жазуды ұсынады.

Жоғарыда ұсынылғандар тиісті мазмұндағы тәрбиелік сипаттағы есептер мына талаптармен байланысты болуы керек:

- математика бойынша бағдарламамен;
- оқушыларға қолжетімді және математикалық мәнін жасыратын үлкен түсініктерді талап етпейтін;
- оқушының болашақ еңбек қызметінің уәжін қалыптастыруға бағытталған;
- шарты бойынша нақты және салыстырмалы мәліметтері бар.

Кезінде А.Я. Хинчин: «оқушылар әртүрлі есептер шығаратын математика сабақтарын адамгершілікті, оқушының тұлғасын қалыптастыру ісінен алып тастамау керек. Себебі, математика ғылымын игеру жұмыстары сөзсіз ақырындап және біртіндеп жас адамның бойында оның толық әлпетін тәрбиелеуі, оның маңызды сәттері адамгершілік ажарында болуы мүмкін» - деген [2, 50-51б.].

Сонымен, математика сабақтарында шешілетін есептер теориялық материал мен тәжірибе арасындағы байланыстырушы буын, өскелең ұрпақты тәрбиелейтін құрал болып табылатыны анық.

1. Қожабаев К.Г. О воспитательной направленности обучения математике в школе. – М.: Просвещение,1988. – 80 с.

2. Математика как профессия (О воспитательном эффекте уроков математики): Сборник статей. – М.: Знание, 1980. – 64 с.

Резюме

Габдуллин Р.С. – *PhD докторант, Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова*
Кожабаев К.Г. – *п.г.д., профессор, Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова*

Математические задачи как средство воспитания

Данная статья посвящена исследованию вопросов воспитания учеников посредством школьных математических задач. Многие из них можно использовать как средство для воспитания учащихся. Только надо сделать так, чтобы математические задачи учащимся хотелось читать и решать. Большой воспитательный потенциал заключается не только в процессе ее решения, где вырабатываются настойчивость, самостоятельное преодоление трудностей, критическое отношение к себе и т.п., но и в фабуле задачи. Предлагаемая методология по утверждению авторов, дает возможность реализовать поставленные воспитательные цели в процессе решения задач.

Ключевые слова: обучение, воспитание, фабула задачи, воспитательные возможности школьных математических задач

Summary

Gabdullin R.S. – *PhD students, Sh. Ualikhanov Kokshetau State University*
Kozhabaev K.G. – *Doctor of Education, Sh. Ualikhanov Kokshetau State University*

Mathematical Tasks as a means of Education

The given article studies the questions of upbringing schoolchildren with the help of school mathematical tasks. Many of them can be used as a means of educating schoolchildren. It is only essential to increase students' interest in reading and solving such mathematical problems. Great educational potential is contained not only in the process of solving such tasks which are aimed at developing persistence, independent overcoming the obstacles, critical attitude towards oneself, but in the principle of the task as well. According to the authors the suggested methodology gives an opportunity to implement all the envisaged educational objectives in the process of solving these mathematical tasks.

Key words: teaching, upbringing, principle of the task, educational potential of school mathematical tasks.

УДК: 316.752

ИССЛЕДОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ В СТРУКТУРЕ ЛИЧНОСТИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ОСУЖДЕННЫХ К ЛИШЕНИЮ СВОБОДЫ

Абдрахманова Р.Б. – *к.психол. н., доцент кафедры общей и прикладной психологии*
e-mail:abdraxmanova50@mail.ru
Беличенко Л.П. – *старший инспектор-психолог,*
РГУ ЛА-155/6 ДУИС по г. Алматы КУИС, МВД РК, капитан юстиции
Назханова Г.А. – *магистрант II курса специальности психология*
Казахского национального педагогического университета имени Абая

В настоящей статье рассматривается специфика ценностных ориентаций несовершеннолетних, осужденных к лишению свободы, как категория наиболее тесно связанная с поведением субъекта. Важность и актуальность рассматриваемой в статье проблемы состоит в том, что знание причин и условий формирования личностных особенностей несовершеннолетних, способствующих противоправному поведению позволяет определить доминирующую тенденцию развития личности несовершеннолетнего правонарушителя. Также в статье дается обоснование выбора комплекса методов, позволяющих определить исходное состояние сформированности выделенных компонентов личности и место в их структуре, ценностных ориентаций несовершеннолетних осужденных к лишению свободы.

Ключевые слова: специфика ценностных ориентаций, несовершеннолетние, осужденные к лишению свободы, структура личности, факторы формирования личности, преступник, поведение антисоциальное, деформация ценностных ориентаций, комплекс методов исследования.

Как известно, система ценностных ориентаций, являясь психологической характеристикой зрелой личности, одним из центральных личностных образований, выражает содержательное отношение человека к социальной действительности и в этом качестве определяет мотивацию его поведения,

оказывает существенное влияние на все стороны его деятельности. Как элемент структуры личности ценностные ориентации характеризуют внутреннюю готовность к совершению определенной деятельности по удовлетворению потребностей и интересов, указывают на направленность ее поведения.

Специфика ценностных ориентации состоит в том, что эта категория наиболее тесно связана с поведением субъекта, управляет этим процессом как осознанным действием. Ценностные ориентации представляют собой особым образом структурированную и иерархизированную систему ценностных представлений, выражающих субъективное отношение личности к объективным условиям жизни, реально детерминируют поступки и действия человека, проявляют и обнаруживают себя в практическом поведении. Ценностные ориентации являются стержневой, базисной характеристикой личности, социальным свойством личности [1, с. 23].

В подростковом и юношеском возрасте формирование системы ценностных ориентации осуществляется в процессе становления личности.

Отмечая важность и актуальность проблемы, хотелось бы подчеркнуть, что знание причин и условий формирования личностных особенностей несовершеннолетних, способствующих противоправному поведению, очень важно, поскольку позволяет определить доминирующую тенденцию развития его личности. А это в свою очередь помогает найти ту внутреннюю основу психического склада личности, которая позволит правильно понимать его поступки, несмотря на их явное противоречие, установить с этим несовершеннолетним психологический, внутренний контакт, который обеспечит взаимопонимание и позволит целенаправленно влиять на него в процессе организации деятельности [2, с. 36-38].

Теоретический анализ структурных особенностей личности несовершеннолетних осужденных к лишению свободы, проведенный нами, показал, что наиболее сильно искажены подструктуры социального уровня и чем ближе к биологическому, тем реже и слабее перечисленные отклонения. Искажения в социальных подструктурах у несовершеннолетних осужденных, связаны с влиянием ряда негативных факторов социализации. Иначе говоря, отклонения в структуре личности несовершеннолетнего осужденного к лишению свободы, происходит в процессе взаимодействии с социальной средой, при определенных условиях воспитания и т.п.

В социализации личности А.В. Мудрик выделил ряд факторов: макро-, мезо- и микрофакторы [3, с. 53-58].

Влияние макрофактора (страны государства), проявляется в экономической и политической нестабильности. Очевидно влияние средств массовой информации, а также этнокультурных условий, типа поселения (мезафакторы). Но основное воздействие на формирование криминальной личности оказывают семья, сверстники, школа и т.д. (микрофакторы).

Таким образом, на наш взгляд, основными факторами формирования личности преступника являются следующие: асоциальный и аморальный образ жизни в семье (пьянство, грубость, жестокость, скандалы, материальная нестабильность, неполные семьи, криминальное прошлое родителей и др.); отрицательное влияние ближайшего окружения (сверстники, одноклассники, близлежащий социум); проникновение в молодежную среду стереотипов поведения, несовместимых с общественными ценностями (пропаганда наркотиков, культа силы, половой распущенности); распад системы трудоустройства подростков и молодежи и воспитания их в трудовом коллективе, вследствие этого отсутствие определенных занятий у части молодежи; негативное влияние средств массовой информации. Эти обстоятельства формируют криминогенную личность.

При построении модели, мы исходили из того, что личность несовершеннолетнего осужденного к лишению свободы, необходимо рассматривать, как лицо от 14 до 18 лет, совершившие преступление и осужденное к лишению свободы по соответствующей статье УК РК, у которого проявляются отклонения в физиологической и психической сферах, а также деформации в развитии социально-обусловленных свойств и социальной идентичности.

Психофизиологическая сфера у несовершеннолетнего осужденного имеет отклонения, но не яркие, социальная сфера, наоборот, сильно искажена. Это дает основание представить несовершеннолетнего осужденного к лишению свободы как социально несформированную личность с антиобщественными ценностями.

Проведенный теоретический анализ позволил нам упорядочить диагностический инструментарий, направленный на исследование ценностных ориентаций несовершеннолетних осужденных к лишению свободы, в соответствии с компонентами в структуре их личности.

Диагностический этап исследования основан на использовании совокупности методов, позволяющих определить исходное состояние сформированности выделенных нами компонентов личности и место в их структуре, ценностных ориентаций несовершеннолетних осужденных к лишению свободы. Диагностическая процедура предполагает использование совокупности эмпирических исследовательских методов.

Нами был подобран и использован комплекс методов, в которые вошли наблюдение, беседа, анкетирование, тестирование. Наблюдение как основной эмпирический метод позволил нам собрать большой фактический материал, анализируя который, мы смогли отследить общую тенденцию проявления потребностей, мотивов и ценностных ориентаций в поведении осужденных, выявить общие признаки и особенности мотивационной и ценностной сфер личности несовершеннолетних осужденных к лишению свободы.

Информация, полученная, при помощи наблюдения расширилась благодаря проведению бесед с осужденными несовершеннолетними. Это позволило нам условно распределить всех опрошенных несовершеннолетних на группы. При распределении несовершеннолетних, мы опирались на классификацию, предложенную Е.В. Змановской. Итак, несовершеннолетних осужденных мы условно разделили на следующие группы:

- группа с антисоциальным поведением - включает хулиганство, кражи, грабежи, вандализм, разрушение имущества, поджоги, физическое насилие, торговля наркотиками;
- несовершеннолетние, проявляющие асоциальное поведение - уходы их дома, бродяжничество, школьные прогулы или отказ от обучения, ложь, граффити, субкультуральные девиации (сленг, шрамирование, татуировки), агрессивное поведение, сексуальные девиации (беспорядочные половые связи, проституция, совращение, вуайеризм, гомосексуализм, эксгибиционизм), вовлеченность в азартные игры на деньги, бродяжничество, иждивенчество;
- осужденные несовершеннолетние, у которых наблюдается аутодеструктивное - суицидальное поведение, виктимное поведение.

Наблюдение и беседа с осужденными несовершеннолетними, которые осуществлялись на базе Исправительного учреждения ЛА - 155/6 ДУИС по городу Алматы КУИС МВД РК позволили заключить, что у большинства осужденных несовершеннолетних доминируют отрицательные качества: лень, безволие, безответственность, конформизм, нечуткость, агрессивность, возбудимость, неумение предвидеть последствия своих действий.

Многие из них характеризуются различными искажениями в области эмоциональной сферы, связанными с органическим поражением нервной системы, явлениями интеллектуальной неполноценности, патохарактерологическими и психопатическими чертами личности.

Жизненные ценности несовершеннолетних правонарушителей характеризуются незрелостью суждений, неспособностью отвечать за свои дела и поступки, неумением мыслить логически. Многие из них крайне эгоистичны, сконцентрированы на самих себе, не осуждают обман и эгоистические действия других людей, направленные на достижение материальных выгод любой ценой. Главные ценности их жизни - это деньги, обман и лицемерие ради денег.

На будущую жизнь несовершеннолетние осужденные смотрят без оптимизма, причем 85% считают, что жизнь в ближайшем будущем будет ухудшаться. У многих ярко выражены симптомы дефектного чувства «Я», выражающегося в отрицании, отчуждении, укоренившемся чувстве враждебности к другим, низкой самооценке, комплексе неполноценности, повышенных страхах и тревожности, мнительности, эмоциональной неустойчивости. Лень и недостаток силы воли являются скрытым протестом против взрослых, социального отвержения и неуспехов в жизни. Уже к 15-16 годам такие лица демонстрируют прочно сложившиеся асоциальные установки и извращенные потребности, направленные на формирование криминального поведения.

Эгоистическое и безответственное поведение, приводящее к деформации ценностных ориентаций несовершеннолетних осужденных, как правило, находит объяснение в низком социально-экономическом статусе их семей, недостаточной заботе родителей, распаде семьи, социальном сиротстве, проблемах школьного и общественного воспитания.

Благодаря тестированию, анкетированию и опросу, мы предполагаем получить более конкретную информацию об особенностях формирования ценностных ориентаций несовершеннолетних осужденных. Итак, исходя из специфики нашего исследования диагностическая процедура, включая наблюдение, беседу и изучение документации строится следующим образом:

- отклонения в физиологической сфере позволят определить тест Леонгарда-Шмишека и тест на определение типа темперамента Г. Айзенка;

- отклонения в психической сфере выявляют: Hand-test и метод цветовых выборов Люшера;
- нарушения социальной идентичности позволят определить беседы с педагогическим коллективом, психологом исправительного учреждения и анкетирование;
- деформации социально-обусловленных свойств, куда входит ценностно-смысловая сфера несовершеннолетних осужденных выявляют методика «Ценностные ориентации» М.Рокича и тест «Социальная установка» О.Ф. Потемкиной.

Таким образом, комплекс указанных методик, в нашем исследовании, позволит получить общую информацию об особенностях личностного развития несовершеннолетних осужденных к лишению свободы и конкретную – о специфике ценностных ориентаций несовершеннолетних, а также определить эффективность апробации программы по развитию их ценностно-смысловой сферы.

1. Здравомыслов А.Г. Потребность. Интересы. Ценности. – М., 198. – 215 с.

2. Шестопалова Л.Ф. Ценностно-смысловая сфера личности со специфическими расстройствами и склонностью к противоправному поведению / Л.Ф. Шестопалова, Т.А. Перевозная // Психологический журнал. - 2003. – № 3. – С. 36-43.

3. Мудрик А.В. Личностный подход в воспитании / А. В. Мудрик «Магистр». – 1991. – 144 с.

Түйіндеме

Абдрахманова Р.Б. – *психол.ғ.к., Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доценті*
Беличенко Л.П. – *Алматы қ. РГУ ЛА-155/6 ДУИС аға инспектор-психолог, юстиция капитаны*
Назханова Г.А. – *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің II курс магистарнты*

Бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандардың тұлғалық құрылымындағы құндылық бағыттануын зерттеу

Мақалада бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандардың құндылық бағыттанулары өзгешелігі субъектінің мінез-құлқымен тығыз байланысты санат ретінде қаралады. Осы мақалада қаралатын проблеманың маңыздылығы мен өзектілігі кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы мінез-құлқына жағдай жасайтын тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасу себептері мен шарттарын білу кәмелетке толмаған құқық бұзушы тұлғасының дамуындағы басымды тенденциясын анықтауға мүмкіндік беретіндігінде. Сондай-ақ мақалада тұлғаның белгіленген компоненттері мен олардың құрылымындағы орнын, бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандардың құндылық бағдарлануының қалыптасуының бастапқы күй-жағдайы мен анықтауға мүмкіндік беретін әдістер кешенін таңдау негізі беріледі.

Түйін сөздер: құндылық бағыт-бағдардың құрлымы, жасөспірім, бостандықтан айырылған сотталушылар, тұлға құрылымы, тұлға қалыптасуының факторлары, қылымыскер, қоғамға қарсы мінез-құлық, құндылық бағыт-бағдардың бұзылуы, зерттеу әдістерінің жиынтығы.

Summary

Abdrahmanova R.B. – *Abai KazNPU,*
candidate of psychological sciences., associate professor of the general and applied psychology
Belichenko P. – *senior inspector-psychologist RSU LA 155/6 Duisi CCES in Almaty,*
Kazakh Interior Ministry, Captain of Justice
Nazhanova G.A. – *Master II course psychology specialty of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

Research of valuable orientations in structure of the identity of the minors condemned to imprisonment

This article dwells on the specific nature of the value system of juveniles sentenced to imprisonment as a category, most closely connected with a subject's behavior. The issue discussed in this article is important and urgent, since the understanding of reasons and conditions of formation of personality traits, promoting unlawful behavior in juveniles, allows to determine the dominant trend of a juvenile offenders personality development. The article also gives grounds for the choice of a complex of methods allowing to determine the initial state of formedness of selected personality components and their place in the value system of juveniles sentenced to imprisonment.

Keywords: the specificity of value orientations, minors sentenced to deprivation of liberty, the structure of personality, factors of personality, criminal, antisocial behavior, deformation value orientations, complex research methods.

ӘӨЖ 373.1.013:37.033/.035

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Избасарова Р.Ш. – *Абай атындағы ҚазҰПУ, п.ғ.к., профессор,* aseri11@mail.ru
Аликеева А.Е. – *Абай атындағы ҚазҰПУ, Биология 2 курс магистранті*

Мақалада қазіргі таңда жас ұрпақты қыр-сырынан тани білу, халқымыздың мәдениетін, тарихын, халықтық тағылымдарын бойларына сіңіру ізгі істерді бастар жолда аса мән беріледі. Оқушыларды өзінің Отанын, ұлтын, халқын қастерлеп, оған қалтықсыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу – тәрбие жүйесіне халықтық педагогиканы енгізу кең өріс алып келеді. Этнопедагогика – балаларды, этникалық топтарды тәрбиелеу мен білім берудің отбасы, ру, тайпа, ұлт пен ұлыстардың моральдық-этникалық және эстетикалық құндылықтарының ежелден жинақталуы – эмпирикалық тәжірибесі жайлы ғылым.

Бұл салада басқа пәндер сияқты, биология сабағының да мол мүмкіндіктері бар. Біз қай сабақ болмасын, оның үш бірдей дидактикалық мақсатқа сай жүргізілетінін білеміз.

Биология сабағынада белсенділігін, қызығушылығын, сүйіспеншілік мәні бар білім беру үшін этнопедогогикалық элементтерін қолдану керек. Өсімдіктер әлемін балдырдан оқу басталады (құрылыс ерекшеліктері, көбеюі, даму т.б.) яғни көп жасушалы балдырлар, одан ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктер, дара және қос жарнақты өсімдіктер, одан төменгі сатыдағы өсімдіктер және жоғары сатыдағы өсімдіктер оқушыларға тәрбиелік мәні бар білім береміз. Биология сабағында тірі табиғат бұрышындағы жинақтамалар бөлімінде әртүрлі табиғи мекен орталарына өсімдіктердің бейімделуі (орман, шалғындық, дала, өзен, көл, таулар және т.б.).

Түйін сөздер: этнопедагогика, ұлттық тәрбие, биология сабақтар, қазақтардың мәдениеті.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердегі оқушыларға халық педагогикасының үлгі өнегелерін оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдана білуі керек. Қазіргі таңда ғалымдар әр балаға жеке бағытталған тәсіл керек екендігін, бала жеке тұлға, онымен әрқашан санасу керектігін айтады. Ал біздің ата-бабамыз ерте бастан-ақ балаға ерекше көңіл бөліп, өмірлік тәжірибеде ешбір тыйым салусыз-ақ өз қалауынан адамгершілік мақсат-мүддеге сәйкес әдептілікті, мысалдар арқылы дана түрде жеткізіп отырған. Оқушыларды өзінің Отанын, ұлтын, халқын қастерлеп, оған қалтықсыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесіне халықтық педагогиканы енгізу кең өріс алып келеді.

Этнопедагогика – балаларды, этникалық топтарды тәрбиелеу мен білім берудің отбасы, ру, тайпа, ұлт пен ұлыстардың моральдық-этникалық және эстетикалық құндылықтарының ежелден жинақталуы – эмпирикалық тәжірибесі жайлы ғылым. Ұлттар мен ұлыстардың өмір сүру дәстүрлері мен салт, әдет-ғұрып, ырым-жоралғыларының қазақ халқында бәріне бірдей санасында тұрақталып қалған тәлім-тәрбиесі. Этнопедагогика – тұлғаны заңдылық сипаты бар әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге, әртүрлі әлеуметтік бірлестіктердің қарым-қатынасының құндылықтарынан үйренуге, ұлттық тәрбие ісіндегі жетістіктерді нақты жағдайда пайдалануға бейімдейтін көп салалы білімдердің ғылыми негізі [1, 46 б.].

